


«ҰЛЫ ТҮЖЕАЛИАР»



ӘРІСТАН

ҚАЛЫПШЫ

ҚАЛЫПШЫ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

ОРТАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА

**Қ. И. СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**"А. Машани мен Шығыс ғұламаларының ғылыми-
техникалық және руханияттық құндылықтары" оқу-
әдістемелік және тәрбие-танымдық орталық**

*"Ұлы тұлғалар" ғылыми-ғұмырнамалық
жинақ сериясы*

**ФАРАБИ ҒИБРАТТЫ
ҒАЛЫМ**

*Фарабитанушы ғалым
А.Ж. әл-Машаниге арналады*

**АЛМАТЫ
2006**

ББК 72

Ф 23

Ф 23 Фараби ғибратты ғалым: Фарабитанушы ғалым А.Ж. әл-Машаниге арналады / Құраст. Ш. Абдраман. - Алматы, 2006. - 340 б., суретті. - "Ұлы тұлғалар" ғылыми-ғұмырнамалық сериясы.

ISBN 9965-473-90-0

ББК 72

Бас редактор

профессор Ш. Абдраман

Жауапты редактор

Орталық ғылыми кітапхана директоры

К.К. Әбугалиева

Редакция алқасы:

Д. Қ. Сүлеев, Ш.А. Абдраман,

Ұ.Е. Сыдықов, А.Ж. Машанов,

Д.Ж. Омарбекова, Е.К. Төреқұлов, Т.В. Вдовухина

Құрастырушы

Ш. Абдраман

Ф $\frac{1401000000}{00(05)-06}$

© Абдраман Ш.
құрастырушы, 2006

ISBN 9965-473-90-0

Құрметті оқырман!

Кіндік Азияда фарабитанудың атасы аталған Ақжан әл-Машани Жақсыбекұлының ғұламалығы – ұлы баба әл-Фарабиді он бір ғасырды араға салып, оның Отырарда кіндік қаны тамған Қыпшақ перзенті екендігін дәлелдеумен шектелмейді. Ал, әл-Машанидің энциклопедиялық білім ерекшелігі - әл-Фараби қағидаларын бүгінгі ғылым жетістігімен сабақтастырып, ұлттық дүниетаныммен ұштастырар ұлы баба ұстанған ғылыми-ислами ұғымын тұңғыш рет болмыстық нышанда қазақ ғылымына енгізілуінде. Антидүниенің ұстазын Аристотель десек, жаңа заманның ұстазы әл-Фарабиді әл-мұғалім әл-сани атандырған баба мұрасының қыры мен сыры әзірге әл-Машани зерттеулерінде ғана жан-жақты көрініс тапқан. Осы ретте жинақтың бірінші тарауы Ақжан әл-Машанидің ғұмырнамалық очеркіне арналып, II бөлімі оның фарабитанудағы таңдамалы мақалалары мен зерттеулерінен оқушысын жан-жақты хабардар етуге бағышталған. Келесі тарауда фарабитанудың кезеңін қамтитын А. әл-Машани туралы замандастарының естеліктері, ғұламаның қызметі мен еңбектерінен берілген мағлұматтар жалғастырылған.

"Ұлы ғұламалар" сериясының кезекті "Әл-Фараби ғибратты ғалым" жинағына бұрын ғалымдар қауымына кеңінен таныс әл-Машанидің Жер ғылымының жаңа саласы – геомеханикаға негіз болған зерттеулері енгізілген жоқ.

А. ӘЛ-МАШАНИДІҢ ҒҰМЫРНАМАЛЫҚ ҚЫСҚАША ДЕРЕКТЕРІ

XX ғасырдағы қазақтың біртуар азаматы – Кіндік Азияда фарабитанудың атасы саналатын Ақжан әл-Машани Жақсыбекұлы 1906 жылы 2 қарашада Қарқаралы дересінің солтүстік шығысындағы "Жамантайдың Қарақуысы" делініп кеткен, бүгінгі Нұркен ауылына қарасты Кішіқарақуыста – І.Есенберлиннің "Қаһар" романында Масан деп бір ғана әрпі өзгертіліп зор ілтипатпен аталатын Машан бидің бел баласы Жақсыбек отбасында дүниеге келген. Дәулеті шағын, сауатты әрі салауатты Жақсыбек жиырмамыншы жылдары старшын, болыстық қызметте ел билігіне араласады.

Зерек Ақжан ауыл молдасынан сауатын ашып, 1924 жылы қазақтың тұңғыш профессор математигі Әлімхан Ермеков ұйымдастырған Қарқаралы педагогикалық техникумына оқуға түседі. Техникумда жүріп-ақ Ақжан "Саужой" (сауатсыздықты жою) қозғалысының шақыруымен жиі-жиі ауылдарға шығып, балалармен қоса ересектердің де сауатын ашуға ат салысады. Оқу бітірісімен ауылдық мұғалім қызметін, мектеп меңгерушісі бола жүріп атқарады. Ал, Абралыдағы атқарған ағартушылық қызметі кезінде ол тарихта "Абралы көтерілісі" делінген Қазақстандағы кеңес билігіне қарсы алғаш көтерілісін көріп куәгер болады, халық мемлекеті делінетін большевиктердің сұрқия саясатының жалған екендігіне көз жеткізеді.

1931-1933 жылы Семейде облыстық оқу бөлімінде жетім балаларға көмектесу бөлімінде ата-аналары Абралы көтерілісіне қатысып, қуғынға ұшыраған және әдейілеп жасалған аштықтан әке-шешеден айрылған панасыз сәбилер мен балдырғандарды көшеден жинап, балалар үйіне орналастырумен айналысады.

Ақжан 1933 жылы Семейдің геология барлау техникумында ашылған Қазақтың тұңғыш техникалық жоғарғы оқу орны – Қазақ кен-металлургия (қазіргі ҚазҰТУ) институтының даярлық курсына түсіп, 1934 жылы оған қабылданған отызға тарта студенттердің бірі болады. А. әл-Машани 1939 жылы осы институттың тұңғыш түлегі қатарында алғашқы қызыл дипломды инженер-геологі болады. Оқып жүріп ол Қарағанды кен техникумында сабақ береді.

Жас маман өзі бітірген институттың тұңғыш аспирантурасына қалдырылды. КСРО ҒА-ның Қазақстандағы Қ.И. Сәтбаев басқаратын филиалында кіші, кейін аға ғылыми қызмет атқарады. Академиядағы "Тау механикасы" секторын басқару кезі осынау қызметі негізінде атқарылған-ды.

Ақжан әл-Машани жер ғылымының жаңа саласы геомеханиканың негізін салушы және 30-ға тарта ғалымдар тәрбиелеген оның Қазақстандағы мектебін қалыптастырушысы. Оның қаламынан туындаған ғылыми-көпшілік және фантастикалық туындылар қазақ әдебиетінде сол жанрдың негізін салушы классигі іспетінде танылады.

А. әл-Машани 300-ден астам ғылыми, әдеби еңбектер жазды. Әсіресе фарабитану еңбектерінің дені әлі баспа жүзін көрмеген мұрасын құрайды.

БАБА ҒИБРАТЫНЫҢ ШАПАҒАТЫ

*Шамшиден Абдраман
профессор, машанитанушы*

"... Бұл кісіден бұрын да, кейін де даналар болды. Бірақ олардың ішінде... дәл Фарабидей геометрия, музыка, астрономия сияқты үш ғылым саласына бірдей ұлы үлес қосқан..., аса ірі жаңалық ашқан ғалымдарды табу қиын... Платон, Аристотель, Птоломей сияқты ғұламалар музыканы жөнді меңгере алмағанын өздері жазып кеткен..." (Әл-Фараби және Абай. Қазақстан, 1994). Бұл - жарты ғасырдай уақыт бойы үзбей әл-Фараби мұрасын зерттеумен ғұмыр кешкен ғұлама ғалым Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машанидің тұжырымы.

Осынау жолдарды оқи отырып: егер Ақанның жазушылық таланты геологтік, маркшейдерлік мамандықтарымен ұштаспаған болса, егер ол замана ағымын күйттеп, ислам ғылымынан іргесін аулақ салған болса, қаншама тер төккенімен баба мұрасын өзі көтерген деңгейге жеткізе зерттей алмаған болар еді-ау деген ойға келесің. Рас, әл-Фарабидің математикалық, әсіресе философиялық трактаттарына зер салушылар жоқ емес. Бірақ ұлы бабаның музыка теориясына арнаған еңбегін математикасымен өрнектеп, геометриясын аспан әлемімен астастыра қазақтың ежелгі аспантаным түсініктері тұрғысында тұжырымдап, бәрін-бәрін ғылыми ислами негізінде табиғат болмысымен байланыстыра әл-Фараби тұлғасын сомдап, ұрпағына зерделеп берген Машановтан басқа зерттеуші әзірге арамыздан шыға қойған жоқ.

Рас, әл-Фараби заманында бүгінгі біздің – математика ұғымымен берілетін арифметика мен геометрия дара-дара қарастырылатын-ды. Және сол заманда осы екі ғылым саласында олардың бүгінгі даму негізіне айналған қағидаларын қалдырған ғұламалар да жоқ емес-тін. Тіптен бүгінгі зерделі дейтін оқушыларымыздың арасынан геометрия атауын грек ғалымы Евклидтен басқаға еншілеу мүмкін еместей көрінуі де заңды. Себебі, біздің жыл санауымыздан 300 жылдай бұрын грек ғалымы Евклид геометрия саласындағы өзіне дейінгі түйінделген ғылыми қағидаларды жүйелеп ғылым тарихында "Мабади ғылым" ("Бастамалар") деп аталған он үш кітап жазған-ды. Евклид постулаты-аксиомасы - қағидасы деп аталып кеткен негізгі бес тақырыбы бүгінгі геометрия ілімінде сақталып келгендігі мәлім. Соның бірі - екі нүкте бір ғана түзумен қосылуы, әрбір нүктеден шеңбер сызуға болатындығы. Немесе бір бетке бір нүктеден бір параллель жүргізіледі. Бірақ сол параллель түзу қайда барып тоқтайды, шексіздікке кететін түзудің адами қажеттілігі қанша? немесе таудың арғы және бергі жағынан екі ноқатты алдық, бірақ оларды түзу сызықпен қосу мүмкін бе?! Сол сияқты орталықтың (ноқаттың маңы тегіс болмаса, нүктені айналдыра дұрыс шеңбер сызу да мүмкін емес қой...).

Егер "геометрия" атауының өлшемдік ұғымда екендігін ескерсек, дүниедегі

табиғи заттың бәрінің де өлшемі, көлемі болуға тиісті емес пе?! Оларды өлшеу, мөлшерлеу үшін шексіздікке кететін түзулерді қалай пайдалануға болады деген сауал бой көрсетері талассыз. Осыларды болдырмас үшін әл-Фараби геометриялық түсінікті табиғи заттан бастау қажет деген жемісті қағида қолданған-ды. Демек, мәселе ноқаттан емес, табиғи заттардың болмысын беретін сыртқы беттерінен бастау алуға тиісті. Бұл аудан өлшемі. Ал ноқат екі сызықтың қиылысқан жері, онда өлшем жоқ, ол геометрия жүгін арқалай алмайды. Жазық беттер өзара шектеле келе көлемдік өлшем береді емес пе? Міне бабамыздың табиғи қағидасы осындай. Бұл қағиданың мәні атом құрылысы ашылып, техникаға атомдық еміле енгізілгеннен бастап баба теориясы жаңа сатыға көтеріліп еді.

Жер геометриясы – ғылымның бір саласы маркшейдерлік іс мамандығы бойынша инженерлер тәрбиелеумен айналыса жүріп, Ақан әл-Фараби мұрасын зерттеу барысында баба геометриясының қағидасы өзі айналысып жүрген білім саласының түбегейлі теориясы екендігіне бірден көзі жетеді. Геологтар айналысатын минералдық дүниелердің-кристалдардың геометриялық құрылымының ерекшеліктері ғалым әл-Машани назарын геометриялық фигуралардың *төбе, қыр және жақтар* арасындағы қатынасындағы Эйлер теориясының табиғаттың *жұптық заңдылық* негізінде екендігін аңғартпай қала алмады. Қазақ ұғымындағы "Жалғыздық Құдайға ғана жарасқан" деп келетін Жаратушы иенің жалғыздығын даралай айтыла тұра сол Құран Кәрімде айтылатын барлық ғалами егіздік негізі табиғи болмыстың жұптығы екендігі Ақжан ғазыретті күмәндандырмаған-ды. Бұл барлық ілімнің Құран негізінде қарастыратын ұлы бабаның ғылыми ислами ұғымын қазақ топырағына алғаш әкелген Ақжан әл-Машаниге қонған баба ғибраты болып еді.

"Құдайдың өзі де рас, сөзі де рас" деп келетін дана Абай өлеңдерін жаттап өскен Ақжан ғазыреттің баба ғылымының діни негізін игерудегі ожданлық өзегін де аңғару қиын емес. Ақанның "... Абайды оқып, тағылым тәрбие алмаған болсақ әл-Фарабиді сөз етер ме едік... өзіме шындық жолды іздеуге бағыт берген Абай шығармалары деп білемін" деуі осыдан (Әл-Фараби және Абай. Өркен. 17.06.1989).

Әл-Фарабидің математикалық ілімінде сандар талданады, геометриялық тұрпаттар (фигура) қарастырылады. Сөйтіп болмыстағы сиқырлы сегіз санының қасиеті көрсетілді. Ал, Абай болса дүниенің сегіз сипатын адам бойынан тауып "Сегіз аяғын" жазды. Өстіп баба ашқан табиғаттың сегіздік заңдылығын Абай дана парасаттылық уағызына қолданғанын, Абайды жаттап өсіп, әл-Фараби мұрасын игеруді өміріне өзек еткен Ақжан сынды ғалым ғана байқауға тиіс сияқты. Мұны Ақанның Қазақтың бас ақыны саналатын ұлы Абайдың 150 жылдық мерейтойы қарсаңында оқушыларына ұсынған "Әл-Фараби және Абай" (Қазақстан, 1994) еңбегінен байқау қиын емес. Осы

зерттеуімен қазақтың мың жылдық мәдени тарихының жемісін тартқан Ақжан ғазырет, екі ұлы перзентін рухани жалғастырып қана қойған жоқ, абайтанудың жаңа бағытын да ашып беріп еді. Аталмыш монографияны жазуға түрткі болған ойды оқушысына таныстыру мақсатымен Ақанның бұрын еш жерде жарияланбаған "Әл-Фараби мен Абай" деген мақаласы беріліп отыр.

Бір қарағанда А. әл-Машанидің фарабитану зерттеулерінің үлкен, кішісіне ортақ жәйт - сиқырлы сандар санатын тіптен ғылыми болжамдарды сандық түрде қарастыратындығы. Мұндайда айтылар ойдың, көтерілген мәселенің сонылығы оқушысын әдепкіде тосырқатуы да, тіптен кітап тақырыбынан тысқары кеткендей көрсетуі де ықтимал. Себебі автор айтар ойын АБЖД есебін қолданып, сандарды сөйлете отырып беретіндігі. Оқушысын бірден үйіріп әкетпегенімен үркітпейді бірақ ол. Егер әр кітаптан оқушы өз қажетін ғана алатындығын, оқылған кітаптарынан бейтаныс дүние есігін ашатынын, үйрене жүріп ізденетінін ескерсек Ақанның өз оқырманына тың ой салып, ізденіс сапарының жолазығына айналары анық. Екіншіден әл-Фараби – мұрасын игерер болсақ АБЖД есебін айналып өту мүмкін де емес. Түрлі "измдермен" мәңгүрттенген бұрынғы Кеңес империясы елдері болмаса АБЖД есебі басқа халыққа тосын дүние емес.

Сөздердің, оны құраушы әріптердің сандық мәнін қолдануда АБЖД (Абжәд) есебі барлық есеп ғылымының, сол арқылы барлық табиғат ғылымының бастауы екендігі тек біздер үшін ғана беймәлім жай. Абжәд есебі бастауын Адам пайғамбардан алады. Тәңір тарапынан келген Жебірейіл періште Адамға: "АБЖД есебін үйренбесең тағат-ғибараттарың қабыл болмайды" дейтіндігі және мұны әрі дамытқан Шиш, Ыдырыс пайғамбарлар делінеді ислам ғалымдары еңбектерінде.

Осыған байланысты ертедегі алфавиттің бәрінде де әріптердің таңбасымен қатар сандық мәні де берілетіндігі 28 әріптік араб алфавиті АБЖД тәпсірі деп аталатын сегіздік топқа жіктеу арқылы сандық мәнге ие болады. Осының негізінде араб әріптерінің сандық мәндерін есептеу арқылы ғылымда ірі-ірі жаңалықтар да ашылған-ды. Мысалы, Мұхаммед әл-Хорезмидің алгебрасы сонан шыққан, әл-Фараби геометриясы мен тригонометриясы сонан шыққан. Және бабаның аспантану, музыка ілімдерінде осы әдіс қолданылады. Химиялық тектерді белгілегенде де абжәд есебі қолданылғаны белгілі. Әбу Райхан Берунидің тамаша еңбегі "Ал-Асар ал-Бахиясы" ("Өткен өмір ескерткіші") да осы мәселеге арналған-ды.

Егер қазақтың зат есім, сан есім ұғымы төңірегінде толғанар болсақ, есімнің негізгі екі түрін көрер едік: оның бірі заттың атауы, екіншісі сандық санаты. Тәңірім адамға болмыс атауын үйреткенде осы екеуінің бірінсіз бірінің болмайтындай етіп байланыстырса керек. Бұған Ақан көптеген дәлелдері мен қағидалық түйіндеуін келтіреді: Пайғамбар саны, Мұхаммед саны, Нұқ саны, әл-Фараби саны, Абай саны, қазақ саны, Отырар саны... Бұның бәрі Ақжан әл-

Машанидің абжад есебін қолданып, қазақ ұғымында зат атауы мен сандық санатын ашатын өзі есептеп шыққан жаңа тұжырымдары.

Бір мысал: "Құран Кәрімнің" 114 сүресінің дәл ортасындағы 57-сүре "Ал-хадид" ("темір – арабша "хадид") тұр. Абжад есебі бойынша әріптердің сан мәні: х-8, д-4, и-10, д-4 – жиынтығы болады 26. Бұл 26-темірдің (электрондарының) саны. Екіншіден ол: 6 беті, 12 қабырғасы, 8 төбесі бар текше яғни Қағба (арабша - текше) саны. Үшіншіден – ежелден белгілі заттарды топтастыру әдісіне жүгінсек темір – жертектес зат. Демек адамның топырақтан жаратылғандығын растайды да. Себебі адам қанының қызыл түйіршіктерінде гемоглобин – темір тотығы бар емес пе. Төртіншіден – қазіргі ғылым темір – жұлдыздардың затынан – плазмадан атом түзгендігін және ол ең ақырғы зат екендігін де дәлелдеді. Бесіншіден – дүниеде ең көп тараған әрі мықты металл – темір. Біздің заман темір ғасыры. Осыған қоса түркі елдерінің, соның қара шаңырағын ұстап қалған қазақтың жұлдыз ғаламы – Галактикамыздың айналыс орталық жұлдызын Темірқазық деп атауын басқаша қалай түсіндіруге болар еді. Дәл осындай пікірді Ақсақ Темір – Отырар арасындағы сандық байланыспен де жалғастыруға болады. Қожа Ахмет Иассаuidің ғимаратын салдыруды бастаған Ақсақ Темір екендігі, оның Отырарда дүние салғандығы тарихтан мәлім. Бірақ оның дүниеден қайтқан жылы (Хижра есебі бойынша) мен Отырар саны бірдей екендігін бұрынғылар да айтқан. Соны Ақаң есептеп анықтады. Осындай ой түйіндеу нәтижесінде ол қазақ топырағында ғылыми ислами бастауын жазып, темірдің жаңа тұрақтылығын да ашқан-ды.

Ақжан әл-Машани Жер ғылымының жас саласы – геомеханиканың негізін салып, қазақ топырағында мектебін құрған ғалым. 1943 жылы қорғаған кандидаттық диссертациясы кейін 1946 жылы қорғалған докторлық дәрежесіне арналған зерттеуі осы жаңа ғылымның іргетасына айналған жаңалығы еді... Бұл кезде баба мұрасымен әлі таныса қоймаған зерттеулерінің әл-Фарабидің табиғат үндестік заңдылығының бір факторы болуы құдыреттің әл-Машаниға тартқан сыйы деуге болар еді. Жинақта беріліп отырған Ақаңның "Әл-Фараби және бүгінгі ғылым" еңбегінде кеңінен көрсетілген осы жағдай автордың айтуынша тау жынысының кристалдық құрылымы Әл-Фараби қағидаларын растайтын болмыстық құбылыс екендігі кеңінен көрініс табуы осыдан деп білеміз. Бұл да Ақаң Фарабиден ғибрат алудағы Тәңірінің тартуы деуге әбден болады.

Осының нәтижесі болар Ақаң әл-Машани зерттеуші ретінде әл-Фараби мұрасының өзекті жемісін тап басып, тереңін, тұнығын ғұламалық тұрғыда ашуға мүмкіндік берген. Оның алғашқы фарабитануға бағышталған мақалаларынан бастап ғұмырының соңғы күндеріне дейін қаламынан туған еңбектерінің өн бойынан үнемі өрбіп, тізбектеле, ортақ желіге тартылған ғылыми ойының сонылығынан аңғаруға болар еді.

Кітаптағы әл-Машанидің "Тандамалы еңбектері" бөлімінің де әл-Фарабиді

алғаш қыпшақ-қазақ тумасы екендігін дәлелдеген мақаладан бастап, оның ғұламалық қырларына арналған ХХ ғасырдың 60 жылдарынан басталатын зерттеулерімен қоса, Ақанның қаламынан туған әңгімелер мен "Әл-Фараби" романынан берілген үзінді Ақжан ғазыреттің оқушысына ұлы баба ғибраты шапағатын сездіріп отыратындығын аңғару қиын емес.

Ақжан әл-Машанидің азаматтық өмір жолынан берілген мағлұматтар мен замандастарының пікірі фарабитануға апарар машанитану ілімінің бастауы деп ой түюге толық негіз болады демекпіз. Осы жәйді оқушының өздері сезсін деген ниетпен жинаққа Ақанның ХХ ғасырдың 60 жылдары жазған Фарабиді танытуға арналған мақалалары енгізілді. Егер, "Фараби еңбектері туралы" алғаш жазылған мақаласы 1961 жылы жарық көргендігін ескерсек, ұлы бабаның жан-жақты ғалымдық қырларын ашатын мақалалардың не бәрі бес-алты жылда жазылуы Ақжан әл-Машанидің баба мұрасының өзекті бағыттарын игеру кезеңін де аңғару қиын емес.

Саналы ғұмырының жарты ғасырындай бөлігін ұлы бабаның мұрасын үзіліссіз зерделеген ғұлама Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машанидің сөз басында келтірілген тұжырымы әл-Фарабидің әлемдегі екінші ұстаз - әл-мұғалим әл-сани болмысының хақында айтылған баба ұлылығының аксиомасындай әсер қалдыратынына таласу қиын.

Дей тұрғанымен бабамыздың астрономиядағы, музыкадағы, геометриядағы жаңалығы, тіптен оның ғалами екінші ұстаздығы неде деген сауал қойылар болса, бұған нақты жауапты қатардағы оқушы түгіл, бүгінгі фарабитанумен айналыстым дейтін оқымыстылардың өздері де жіліктеп беруі екі талай. Әсіресе, баба еншісіндегі ашқан ғылыми заңдылықтары мынау еді деп, мысалы химиялық элементтердің периодтық жүйесін ашқан Менделеев екендігін, механиканың үш заңын берген Ньютон екендігін, салыстырмалылық теориясының атасы Эйнштейн екендігін нақтылайтындай дара дәлеліміз қандай. Осыдан келіп бүгінгі 20-30 жас арасындағы қауымға ұлы бабамыз әл-Фараби бейнесі тек теңгеміз үшін ғана ма дегендей әсер беруі ғажап емес. Осыдан келіп әл-Фараби мұрасын насихаттау әлі кезегін күтіп жатқан мәселе деп білеміз.

Тағдыр менің пешенеме Ақжандай өз ағаның мұрағатындағы қолжазба күйінде қалған 150,0 баспа табақтай қолжазбаның денін оқып танысуға жазып еді. Оның дені ұлы баба мұрасын зерделеуге арналған-ды. Соларды оқи отырып баба қағидаларының бүгінгі ғылыммен сабақтастығын жиі байқайтын едім. Мұндай кезде "Аға, сіз ғалымсыз, әл-Фарабиге неге сілтеме жасап отырмасқа" деп ғылымның бәрін батыстан бастайтын *еуропацентристік* идеологияның жалғандығын *әшкерелейтін* айғақтарды оқушыға айту керектігін аға есіне салатынымын.

Аға келісетіндей сыңай таныта тұрса да, келесі еңбегінде бұл әл-Фараби қағидасы дей тұра, оның нақтылы еңбегіне сілтеме жасалмайтындығы таңдандырушы еді. Сөйтсем, мұның өзіндік сыры бар екен-ау! Оны соңғы

жылы Республикалық мұрағаттан ұстазым "Өгізханның қол таңбасы" мен "Әл-Фараби және музыка" еңбектерінің қолжазбаларын іздестіріп барған жолы білдім, оған түрткі болған "Жеке мұрағаттар" бөлімінің меңгерушісі Гүлмира Ауғанбаева қарындасымның: "Аға мына қолжазбамен таныссыз ба?" деп қомақты қағаз бумасын алдыма әкеп қойған дүниемен танысқанда ғана көзім жетіп еді. Бірден айтайын, рухани ұстазымның бұл қолжазбасын бірінші көруім. Оның бір себебі бұл еңбектің менің Алматыға келуімнен бұрын жазылғандығы болса керек, әрі...

"Әл-Фараби және бүгінгі ғылым" деп тақырып тағылған, көлемі 14-15 баспа табақтай кітаптың машинкаға басылған және қаламұшпен жазылған түпнұсқасы және оған арналған 60 суреті түйілген буманы қалдырғаным жоқ, қолтықтап үйге әкеліп, сол күні-ақ беттерін аударып шықтым.

Қолжазбаның соңғы бетіне жеткенімде А. әл-Машанидің баба мұрасын зерделеудегі ноян еңбегінің ауқымына енді ғана көз жеткізгендей болдым, тіпті ғұламаның жаңа бір қырын танығандай күй кештім. Кітаптың өн бойында сілтеме жасалынған дүниежүзілік ғалымдардың еңбегі аталынған әдебиет көзінің 81 тізімі келтірілген. Бұл еңбекті жазу барысында автор айтқанын нақтылайтын бұлтартпас айғақтар келтіріп отырыпты.

Қолжазба орыс тілінде жазылған, бірінші титулдық беттің (мәшинкамен басылған) төменінде 1973 ж. деп автор қолымен (сиямен) жазыпты. Бұл, әл-Фараби бабамызды ешкімге ортақтастырмай, қазақ тумасы екендігін әлемге танытқан, 1975 жылғы қыркүйектің 8-13 аралығында Мәскеуде басталып Алматыда аяқталған ұлы бабаның 1100 жылдық мерейтойы қарсаңында жазылғандығын білдірумен қатар, монографияның тілін де анықтаған екен. Себебі сол ЮНЕСКО тарапынан өткізілген халықаралық конференцияға қатынасушыларға орыс тілі ортақ екендігін ескерсек, әл-Фарабиді зерттеуде тілін, дінін, ділін тірегім дейтін ғұламаның бұл жолы өз принципін ұстанбады деп кінәлау қиын. Бірақ кітап шықпай қалған. Дәл осындай ұлы оқиғаға тікелей арналған зерттеуді шығартпай тастатқан шешімнің "маңыздылығы" сол ұлы мерейтойды өткізу мәнінен де асып түссе керек! Бір сөзбен айтсақ бірінші себеп: қазақ ғылым мен мәдениеттен жүрдай, өйткені олар кешегі көшпенділер делінетін идеология ұстанған заманда, әл-Фарабидей перзентін тауып, оған соққы берген әл-Машаниді аяқтан шалу ғана емес, сол себептің бастысы - кітапта дүние құрылымының Алланың құдыретінен екендігін айтқан әл-Фараби тұжырымының бүгінгі ғылымының даму негізінде айнытпай айта білген Ақжан түсіндірмесі атеистерге берілген соққы еді. Әл-Фарабидің ауызға жаңа ала басталған - сол 1960 жылдардың басында-ақ зиялы дейтін қазақ қауымының "Ақжан, мына сәлде ораған молланы қазақ деймісің" деп үрке қараушылары көптеп кездесетін-ді, оны осы жолдың авторы да талай рет көрген еді. Ендеше сол ұлттық "зиялыларымыздың" қай-қайсы болса да мұндай зерттеудің зияндылығын бастықтарға дәлелдеу қиынға соқпайтын-ды...

Солай болды да. Кітап шықпай қалды. Бірақ бұл Ақжан әл-Машаниге ғана жасалынған қысым емес-ті, оның себебі басқада еді. Ол – Абу Насыр әл-Фараби есімімен тікелей байланысты, онымен сабақтас болатын. Баба мерейтойы өтісімен фарабитану ісінің салмағын Ташкентке бағыттау, яғни Қазақ жерінде басталған істің кеңейтіліп, дамытылмауы осының дәлелі. Сол халықаралық конференция қабылдаған қаулының бірде-бірінің орындалмауы, оны орындауды ойластырмауы – мұның бәрі коммунистік биліктің Қазақ жерінен фарабитануды аластату саясатының түбегейлі мақсаты болғандығынан еді. Бүгін, тәуелсіздік алғанымызға мүшел толса да Қазақстанда фарабитанудың өз дәрежесіне жетпей жатуын соның салқыны деу керек.

Әл-Фарабидің ғылыми ұстаздығына лайық даналығы монографияда толық қамтылған. Дей келіп бабамыздың ғылыми ұстаздығының нышанындай Ақжан хазыреттің зерттеуінен шағын үзінді беруді жөн көрдік.

Әл-Фараби әлем дүниесінің кеңістігі мен уақыттың эволюциялық даму кезеңдерінің бастауы бар, ол біртұтас деп қарастырды (Бүгінде Нобель сыйлықтарының иегерлері физик ғалымдар арасынан ғаламның жаратылуы атылыстан, бастауында ақыл шет болды деген ұғымды қолдаушылардың көптеп кездесетіндігін жақша ішінде айта кету ләзім). Сөйтіп, ол *әлемнің даму ретін Күмбездік он сатыға жіктейді*. Төменен бастағанда: *Басқы себеп, Жұлдызсыз (жұлдызға дейінгі) Күмбез, қозғалмайтын Жұлдызды Күмбез, жетінші аспан Санжар (Сатурн) Күмбезі, Шоңай (Юпитер) Күмбезі, Арай (Марс) Күмбезі, Күн Күмбезі, Шолпан (Венера) Күмбезі және Болпан (Меркурий) Күмбезі*, одан әрі *Айасты ғаламы* кетеді. Егер жіктелуді жоғарыдан бастасак онда Ай аспанынан Санжарға шейін одан кейін аспан қозғалмайтын Жұлдыздар Күмбезі және одан әрі екі Күмбез болып шығар еді.

Баба түсіндірмесінде *жұлдызсыз күмбез ұғымы жарық аналогі* санатында қарастырылып, бұл күйде анықталғандай жарық табиғат бірлігінің негізгі және оның тура таралатындығын айқындайды. Барлық табиғаттанудың негізгі әдістемесі – оптикалық геометрия осылай баба ілімінде бастау алып еді. Бұл деген бүгінгі телескоп, дүрбі, микроскоп теориясы. Сөйтіп әл-Фараби ілімі жарықтың таралуы, шағылысуы, сінуі, сынуы тәрізді оптикалық құбылыстарды зерттеуге мүмкіндік берді. Осылайша ұлы бабамыз оптика мен механиканың, дыбыс пен жарықтың арасындағы және олардың динамикалық ұқсастықтарын алғаш анықтаған ғалым болып қалады. Осылайша, әл-Фараби оптикалық әмбебаптық қағидасы болмыстық жаралымның бірінші актісіне *Нұрды (жарықты) қоюға мүмкіндік берді*. Яғни *нұр-жарық* кең мағынада: бастапқы мәннің қорытындысы, яғни бесінші мәні - квинтэссенция – *жауһари* ұғымында алынды. Бабамыз бұл түсінікті сана рухының өзегі, кіндігі, жүрегі, қаймағы мағынасында қолданған.

*"Сан берген, сана берген, санат берген
Инсан деп саналыға ол ат берген.*

Жаратып жалғыз нұрдан барша әлемді

Жауһари нұр сәулесін тарат деген" - Әл-Машани аудармасында бабамыздың поэзияға айналған осынау идеясы Құран Кәрімнің 2 -Бақари сүресінің 31-33 аяттарының мән-мазмұнынан туындайтын ұлы дананың ғалами ілімінің лейтмотивті тәрізді.

Ойымызды тұжырымдар болсақ, осы кітаптың "таңдамалы еңбектері" бөлімінде беріліп отырған әл-Машани шығармаларына артар үміт, Ақанның ұлы бабасын игеруде ұстанған басты қағидасы: тілі, діні және бүгінгі ғылым жетістігі арқылы қазақтың аспантанымын-дүниетанымын, Әл-Фараби қағидасын ғылыми ислами негізінде сабақтастыра отырып, әлемнің екінші ұстазының қазақ топырағында кіндік қанының тамуын кездейсоқтық емес, тәңірдің түрікке берген несібесі екендігін аңғартады демекпіз.

АТАНЫҢ АҚ ЖОЛЫ

**Шығыс пенен Батысқа
Ұстаздық еткен данасы
Есімінді паш етсем
Оянар халық санасы
Рухымыздың дәруі
Аруақты бабасы**

(А. әл-Машани)

ОРТАНЫҢ ӨРКЕН ӨСІРЕР ӨРКЕШТЕРІ

Әлі тал бесікке бөлене қоймаған нәрестеден күтер ізгі ісін, кешер қызығын әуелден оның есіміне арқалатып, үкілі үміт артар қазағымның қашанғы әдеті емес пе? 1906 жылдың 2 қарашысында Қарқаралының оңтүстік шығысында орналасқан, бұрын "Жамантайдың Қарақуысы" деген жерде ел күзем алуды аяқтап, енді қыстау қамына кіріскелі жатқан Машан бидің кенжесі - Жақсыбектің отбасында дүниеге келген нәрестені ауыл ақсақал-қарасақалдары азан шақырып Ақжан деп атап еді.

I. Есенберлиннің "Қаһар" романында есімі Масан би деп, бір әрпі ғана өзгертіліп, ерекше ілтипатпен аталатын Машан би - Құнанбай қажымен үзеңгілес, сыйласып өткен замандасы, бұған қоса құдандал-жекжаттығы және бар-тын. Кіші келіні - Жақсыбек отауының қазан асары ғайшаның төркіні Тобықты болатын. Қарқаралыда мешіт салдырған жылы Құнанбай қажы Машан би үйінде ерулеп жатар еді. Қарқаралы дуанының игі жақсылары - аға сұлтан Құсбек пен Жамантай төреге дейін әділ де, белді би Машанды ішке тарта өзімсініп, ілтипатпен Машекем деп, өсер ұрпағына үлгі-өнеге етіп, қадір тұтатын. Машан би дүние салғанын естігенде сол Жамантай төренің: "Машан, Машандай ұл туғанша қашан деп күңіренгені де, үзеңгілесін еске алған кездерде де осы сөзін әркез жиі қайталағандығынан болар, бүгінде ол ел аузындағы қанатты нақылға айналып кеткен-ді.

Сөйтіп, күні кеше ғана бір ауыл түгіл бүгін елге қамқор болған Мәшекендей дана да, абыз қарт көз жұмғалы одан қалған әр сөзді өнеге-үлгі етіп, атын әулиеге балап, рухына сиынар аруаққа балап, көңілге медеу тұтар ағайындары Машан әулетіндегі туманы асылдың сынығына, тұлпардың тұяғына балауы осыдан еді.

Кіндік қан тамған топырақ қасиеті, өскен ортаның өркен жаюдағы ықпалы - ұрпақ ұлағаттылығына қандай әсер беретіндігін кесіп-пішіп айта қою қиын. Әйтсе де бұның сана-санатында өркенділік өрбітер өрлікті, танымдық туындатар талғампаздық талабына тигізер әсерін ешкім де бекерге шығармақ емес. Тектілік, көргенділік, кісілік, уызына жарығандық - бәрі бәрі өскен орта өнегесіне айналып, ел салтының озықтығына ғана тәнті тағлимаатты тәрбие тамырының бастауына айналып, ана сүтімен бойға қоса сіңер адами болмысты қалыптастырар қасиетті нышандары ғой. Осы ретте біріміз өнебойы араласа жүріп ғұмырлық ғибрат алған, біріміз кездесе жүріп тұлғаға тәнті тағлиматын таныған Ақжан ағаның азаматтық болмасының қалыптасуына, қайталанбас қасиеттердің қайнар көзін құрайтын өскен ортаның өркен өрістетер ерекшелігі жәйлі мағлұмат бере кетуді жөн көрдік. Дей тұрсақ та, бұл бір атыраптың, бір елдің тарихи шежіресі емес, Ақжан аға жанында жүріп, өз аузынан естіген тарихтың тағылымдық тұстары ғана. Әрине, Ақжан аға тарихшы емес, бірақ

ол өзі білетін, өзі өскен ортаның өткенін айтса, бұл оның азамат болып қалыптасуына ықпал жасаған ортаның әр дәрежедегі рухани дүниені құрайтын болмыстық белгілер мен тарихи деректердің ізі деп баладық. Сондықтан да ауылдастары тарапынан - қайсы бір тарихи оқиғалар ашылмапты, анау анандай еді, неге ол кісі аталмай қалды деген тәрізді сұрақтар туындауы да ықтимал. Біз тек Ақжан ағадан естігенімізді, яғни ол кісінің рухани дамуына мысқалдай болса да өз әсерін тигізген тарихи жәйттар мен тұлғаларды атаумен шектелдік. Бұл Ақжан Машанидің ат жалын тартып азаматтық сапарға аттандырған ортаның балаң жігіттің танымына қатысты мәліметтері ғана. Біздің осы қысқа хикаятымызда Қарқаралыдан шыққан тума талант-өнерпаздар жайында сөз қозғамауымыздың себебі де осында. Олар туралы кітаптар баршылық, әрі өнерге бей-жәй қарамайтын сауықшыл әр қазақтың өнерпаздар жәйлі бір кісідей мағлұматы болатындығын да ескердік. Оның бер жағында Ақжан ағаның таңдағаны өнер емес, өмір жолының басқа саласы ғой. Бір кісідей домбыраны шебер тартатын әке өнері, егер қуса ұлына да қонар ма еді. өлең жырға үйірсек бала Ақжан қасиетті қара домбыраны да шертіп көрген-ді. Жасамыс жасқа толғанда - шығармаларында өзімдікі деп ұсынбағанымен қара сөздің нәрін қазақтың қара өлеңіне аударған шығармасындағы жұмбақ жолдардың образдық күдіретін аңғармай да тұра алмайсың! Бірақ өлеңге өз үлесін танытқан сері мінезді немере ағасы Нөгербектің ақын жанды болуы, әулеттегі өнерпаздыққа қанағат тұтқызарлықтай, балаң Ақжанға өмірдің басқа тармағын таңдауға ишара еткендей болды. Сол кездегі "Молда бол, оқулы бол, мұғалім бол, деген баталардың қазақ үшін қастерлі кәсіптің бастауы болған заманның ықпалы Ақжан ағаға мұғалімдік-ұстаздық жолды меңзегендей еді... Жә, бұл туралы айтпас бұрын, алдымен Ақанның өскен ортасы Қарқаралыға ат басын бұрып, өз аға дүниетанымының бастауына айналған сол өлкенің кейбір мирастарына кезек берейік.

* * *

Салынғанына 190 жыл шамасы болған Қарқаралы қаласы XIX ғасыр бойы және XX ғасырдың басқы кезеңінде талай мәдени мұраларға ие болды.

Арқаның кең даласында қолмен қойғандай орналасқан сәулетті тау, қарағайлы орманға бөленген осы аймақтың табиғи байлығы, адам баласын ерте замандардан-ақ өзіне еріксіз тартатындай еді. Археологиялық қазбалардан табылған тас-қола аспап, қаруларын қолданған дәуірлердің мәдени қалдықтары соны айқындайтын нышандар.

Оның бәрін бұл арада қозғамай қоя тұрып, алдымен Қарқаралы қаласының әлеуметтік, қоғамдық маңызын ашатын кейбір ескерткіштерін еске салайық.

Атақты хан Абылайдың бас ордасы Көкшетауда болса, оның екінші тірек ететін қонысы осы Қарқаралы болған. Абылай ханның заманында ең беделді Ораз Мұхамбет сұлтанның ордасы осы Қарқаралы-Кент тауларында болып еді.

Хан Абылай қайтыс болғаннан кейін оның үлкен ұлын Уәлиді (Шоқанның

әкесін) ел хан көтереді. Бірақ Қарқаралы маңы Уәлиді хан деп тани қоймайды, өздерінің сұлтаны Ораз Мұхамедтің ұлы Бөкейді хан сайлайды.

Сонымен Абылайдан кейін Арқада іс жүзінде екі хандық құрылды деуге болады: Көкшетауда Абылай нәсілдес хандық, Қарқаралыда Бөкей нәсілдес хандық. Бұл екеуі де Ресейге бағынатын болып шарт жасасты.

Сонымен қатар бұл төрелер өзара тығыз байланыста болып, құда жекжаттықты жалғастыра араласып келді. Осы ретте бірер дерек.

Бөкей бес ата болып таралады. Солардың ішінде Қарқаралы дересіндегі атақтылары - Жамантай (Тұрсын) - Қарқаралы төресі, ағасұлтан (хан), Сұлтанғазы - Ақтоғай (Балхаш) төресі, Құсбек-Кент төресі.

Бөкейлік Жамантай - Абылай төрелеріне жиен. Жамантайдың анасы Жал атты ханым Кенесарының туған апасы екен. Жамантай зираты қазіргі Жарлы өзені бойында бұрынғы Нүркен атындағы колхоз орталығында (Қарқаралыдан 30 км). Сол өзеннің бойында, жақын жерде Болат зираты бар. Ол Кенесарының інісі екен. Апа-жездесіне келіп жатқанда қайтыс болса керек.

Сұлтанғазының үлкен ұлы Құдайменде Кенесары жорығына қатысқан. Айтылған Құсбек төре де соған қатыспақ болып көтерілген. Бірақ оны Жамантай, Сұлтанғазы болып екі жақтап тоқтатқан.

Бөкейліктердің билеген елі негізінде Қаракесек рулары – 22 болыс болған. Оған Шыңғыс-Шаған бойындағы Тобықтылар қосылған.

Қаракесектің атақты биі Қаздауысты Қазыбек нәсілінен шыққан Алшынбай мен Тобықтының басшысы Құнанбай Өскенбайұлы - Абайдың әкесі құдандас жекжат, замандас сыйлас болған.

Осы айтылған адамдардың кеңесшісі-ақылшысы, ақындары, молдасы-хожасы, қолбасшысы болған бір сыпыра адамдардың аттары тарихтан, мұрахаттардан белгілі. Мысалы, Ағыбай батыр, ақын Шортанбай хожа, Жанғұтты би, Машан би, Дербісал би, Салық молда тағы басқалар.

Осы адамдардың бәрі де өз замандарында Қарқаралының мәдениетіне, елдік істеріне үлес қосқан адамдар. Осылардың мазарларын есепке алып, жөндеп, сақтау керек - деп түйіндеуші еді ойын Ақжан аға. Осы адамдардың бірсыпырасының есімдері тарихта, әдебиетте бар. Мысалы, белгілі жазушы Ілияс Есенберлиннің "Қаһар" атты романында бір сыпыра деректер тарихтан алынған, тарихи шындыққа сүйенген. Соның бірі Масан-Машан би дедік.

Құнанбайдың Қарқаралыға салдырған мешіті қазір жөнделіп, имандылық үйіне айналды. Сол мешіттің тарихымен байланысты талай оқиғалар жатыр - деп отырушы еді әз-аға. Дәл сондай мешітті Құнекең Семейде салдырған. Ол кісі өзі Хажыға барғанда (1884 ж.) Меккеде Хажылар түсетін қонақ үй (тақия) салдырған. Әсіресе Ақжан аға жиі қайталайтын есімдер - Қарқаралыдағы Құнанбай мешітінің алғашқы имамдары Қазаннан-Уфадан келген татар-башқұр ғалымдары болғандығы: Хаан Ақун Хайролла мен Сопыжан хазреттер. Олар Қазанда медресе салдырған атақты Шахабутдин Маржани шәкірттері. Семейде

де сол кісінің шәкірттері ұстаздық еткен. Абай өзінің әкесі салдырған мешіттерде болған. Сөйтіп Абайдың сырттай болса да Шахабутдин Маржаниден тәрбие алғандығына ешқандай күмәнданбаушы еді Ақжан аға.

Ш. Маржани дүние жүзіне белгілі ғалым, ол ислам дінінің, мәдениетінің ғылыми гумандық негіздерін жоғары көтерген адам, бүкіл түркі тілдес халықтардың тарихын жазған адам. Сол еңбектерінде ол қазақ хандарының тарихынан көп мағлұмат қалдырған. Оның пайымдаулары Шоқан Уәлиханұлының еңбектерінде кеңінен қарастырылған.

Әп дегенде Ақжан аға Абай әл-Фарабиді білді ме деген дүдәмал сауалға "білдің дегізгендей нық сенім арқалатқан да, әрі әл-Фараби - Абай арасында рухани байланыс желісінің ұшын ұстатып, үміт отын жаққандай болған нышандар Құнанбай мешітінің имамдарының Уфа-Қазаннан келуі еді...

Жамантай-Алшымбай-Құнанбай заманында Қарқаралы мәдениетінің ірге тасы қаланған болса, онан кейінгі дәуірде, ХІХ ғасырдың аяғында, ХХ ғасырдың бас кезінде Қарқаралы мәдениеті жоғары сатыға көтерілген заман болды. Бұл кезде Қарқаралы дересіне батыс пен шығыстан келген мәдени әсерлер мол жайыла бастады, медреселер ашылды, Россияның әр жерінен шыққан оқыған адамдар (дені жер аударылғандар) келе бастады, жергілікті кәсіпорындармен қолөнер салалары және сауда-саттық көбейді, дамыды.

Мысалы, Қарқаралыда желдиірмен, судиірмен, тері-былғары заводы, тас шабу өнері, ағаш өнері сияқты кәсіби шаруа істері көбейді. Екінші жағынан дүние жүзіне әйгілі Қоянды жәрмеңкесі ашылды (Қарқаралының солтүстігінде 50 шақырым жерде).

Қарқаралының өзінде және Қоянды базарында жыл сайын көптеген өнерпаздар, оқымыстылар, сауықшылар, сәудегерлер бас қосатын болды. Сол кездегі Қарқаралы дересінде бас қосқан адамдардың тарихта есімі аталатындардың тізіміне кіретін тұлғалардың өзі жүздеген, бәлкім мыңға жетер еді. Солардың ішінен кейбіреулерінің есімдерін еске алайық.

Бұл ретте ауызға алатын ірі тұлғаның бірі (1870 жылы Қарқаралы уезінде туған) Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов. Бұл кісінің алғашқы сауатын ашқан жері Қарқаралы маңындағы қазақша-орысша Ақтерек мектебі-интернаты.

Сол кезде Әлиханмен бірге сол интернатта оқыған, солармен қатар шыққан бірнеше белгілі адамдар болған. Мысалы: Жакып Ақпаев, Нөгербек Машанов (Жақсыбектен үлкен жедел ағасы) Әлімхан Ермеков, Әубәкір Құрманов, Түлік Титаков, Жақай Байров, Рақымбай Сапаков, Мұстафа Шантин, Иманбек Тарабаев, Имам Әлімбеков, Камал Жайсақов, Әбіжан Ноғаев, Манан Тұрғамбаев, Смақан Мұханов тағы басқалары. Кейініректе, сол Ақтерек интернатында көп жылдар Ахмет Байтұрсынов сабақ берген.

Осы адамдардың бірнешеуі ілгері оқуын жалғастырып, үлкен дәрежеге көтерілгені мәлім.

Солардың бірі Әлихан Бөкейханов Омбы гимназиясын бітіреді. Сонан кейін

ол Санкт-Петербуртта орман институтын тәмамдайды. Ол Омбыда көп уақыт әртүрлі қызметтер атқарады. Көп қырлы талантының арқасында бұл кісі бірнеше салада мирас қалдырды. Алдымен бұл кісінің агрономиялық еңбектері болды. Сонымен байланысты ол кісі көптеген табиғаттану ғылымдары саласында еңбектер жазды. Мысалы, ол кісінің қазақ тілінде шыққан географиялық, геологиялық, астрономиялық еңбектері бар. Сонымен қатар бұл кісіде жазушылық, ақындық, журналшы қабілеті де болған. Осы ретте бір ғана нәрсені еске ала кетелік. Әлихан Бөкейханов Абай еңбектерін жоғары бағалаған, жинаған, зерттеген адам. 1904 жылы Абай қайтыс болғанда терең мазмұнды қаралы мақала (некролог) жазған. Сонымен қатар ол Абай еңбегін орыс оқымыстыларына алғаш рет таныстырушы болып тарихта қалды.

Әлиханның азаматтық ісінің басты бағыты саяси мәселелер болды. Ол сол кездегі өзінің туған халқының басын қосып, оны сауаттандырып, ел қатарына жеткізу мақсатын алға қойды. Сол кездегі қазақ халқының қамын ойлаған ардагер азамат болды. Ол өзінің адамгершілік адал еңбегімен, жанжақты терең білімімен өзін елге таныта білді. Соның арқасында ол бүкіл қазақ халқы атынан мемлекеттік Думаға басынан аяғына дейін қатысып, ұлтының мүддесімен айналысты. Сонымен байланысты қазақтың халық партиясына (Алашорда) басшылық етті.

Әлиханмен қатар шыққан Қарқаралының бір азаматы Жақып Ақпаев. Ол Петербуртта заң факультетін өте үздік бағамен - алтын медальмен бітірді. Ол қазақ халқының елдік қамын ойлаған азаматтардың алдыңғы қатарында тұрған азамат болып қала бермекші.

1905 жылдың оқиғасына байланысты, патшаның манифесіне байланысты қазақ халқының арасында, соның ішінде әсіресе Қарқаралыда үлкен саяси қозғалыстар болған. Соның мұрындығы болған адам осы Ж. Ақпаев. Мәселен, Қарқаралыда "бостандық күндеріне арналған шарада Ж. Ақпаев халық арасында Патша жалаңбұт қалды!" - деп ұран көтереді. Ол кісінің екінші бір ұраны: "біз патшаға қарсымыз, орыс халқына доспыз!" - делінгендігі.

Осы ұранын халық алдында көрсетіп, дәлелдеу үшін ол қаладағы попты үгіттеп, атының артына мінгізіп алып, көшеге шығады, жиналған халықтың алдында ерсілі-қарсылы шауып өтеді. Жақыптың артына мінгескен поптың шапан етегі аттың сауырсынын жауып кеткен болса керек. Көрген ел соған мәз болып, көп замандар бұл оқиға ел арасына аңызға айналып кетті, айтылып жүрді... Осы оқиғадан кейін Жақыптан бастап көптеген Қарқаралы азаматтары жер аударылған-ды.

Әлихан Бөкейхановтың қасында жақын серігі болып ерген Қарқаралы тумасы, ұлтымыздың белгілі азаматы Әлімхан Ермеков. Бұл кісі гимназияны Семейде бітіріп, Омбының институтын кен инженері мамандығы бойынша тәмамдайды. Кейінде математика саласына ауысып, институттарға сабақ береді, қазақтардан бірінші профессорлық атақ алған осы кісі. Революцияның

алғашқы кезінде Қазақстан жерінің шегін айыру комиссиясын басқарған, В.И. Ленин алдында бірнеше рет болған адам. Атақты ғалым Потанинды ел арасына таныстырған. Бұл кісі Қарқаралыда техникум ашып, ағарту ісіне зор үлес қосқан адам.

Осы техникумнан тәлім алғандардың алғашқылары қатарында балаң жігіт Ақжан да бар еді. Тағдыр оны Ә.Ермеков тәрізді қазақ азаматынан тәлім алуға жазған екен...

Сөз реті келгенде айта кетейік, егеменді ел болған жерде, осы оқиғалармен байланысты ескерткіштерді тауып, түзетіп, белгілеп, қамқорлыққа алу, мұражайларды жарақтау, көрмелер ұйымдастыру өте қажет. Мұның өзі зор тәрбиелік мағынасы бар халықтық істер.

Ендігі сөз ата көрген оқ жонар дегендей Ақжан ағаның ата-тегі жәйлі.

Тоты-Машан туралы

Ақжан шыққан әулетін ел ішінде - қалың Қарақасектен тараған ағайындардың жиен, жиеншар, нағашы болып ілік-жекжаттар саналатын тобы "қалмақ" деп қағытып отырады. Бұған себеп болған мынандай әңгіме-аңыздар да жоқ емес.

Қарқаралы сұлтаны Ораз Мұхаммед Оңдан - қарттардың айтуы бойынша Сырдария бойын билеген Барақ Ханның (Наурыз Ахмедтың) нәсілінен болса керек.

Оны Қаракесек елінің билері мен батырлары хан сайлаймыз деп Арқаға әкеліпті. Осыдан туындайтын бір аңызға құлақ түрсек, сол кісінің нөкелерінің (төленгіттерінің) арасында ағайындас үш жігіт болады: Шибек, Бұлбұл, Тоты атты. Бұлардың ата-тегі Сыр бойының қыпшағынан да, анасы шапқыншылықтан қолға түскен қалмақ қызы болса керек. Сонымен байланысты бұларды "қалмақ" деп атаған деседі.

Басқа бір түсінік бойынша Барақ ханның бір үлкен жорығында әлгі балалар қолға түскен тұтқындардың арасында болған. Кейін олар өз еркімен Ораз Мұхаммедтің қолында қалмақшы болған. Сөйтіп қалып қойғандары үшін еліне кетпей қалғандықтан *қалмақ* аталып кеткен. Бұлардың әкесінің аты Бүркітбай екен. Оның әкесі Бекболат, ол тегі Қаздауысты Қазыбек бидің баласы болар деседі ел аузындағы аңыздың бірі.

Бөкейдің ел иесі болған кезінде Шибек пен Бұлбұл екеуі Сыр бойындағы туыстарына барып, сонда қалып қояды.

Ең кішісі Тоты Бөкейге қол бала болып кетсе керек, ол еліне оралмай қалып қояды. Сөйтіп тағы да ол *қалмақ* (бармақ, келмек тәрізді) ниетін көрсеткенді үшін *қалмақ* аталатын болған.

Қай жағынан келсек те: мейлі Ақжан ағаның аталары Қарқаралы өңірінде қалып қалмақ аталса да, мейлі қалмақ қызынан туғандығынан қалмақ атанған

Сыр бойындағы төре ұрпағы болса да сол кезде оларға кірме дегізетін көзқарас болған емес. Соның дәлелі Бөкейдің Тотыны үйлендіріп, енші беруі. Сол күннен бастап Төре-Тоты болып бір ауыл ретінде санатқа енген.

Тотының үш әйелі болған, біреуі арғын қызы, біреуі үйсін қызы, біреуі түркпен қызы. Түркпен қызынан туған Еділден Байтемір, онан Машан туады деп Ақжан аға "біз Ғабит Мүсіреповқа жиенбіз деп күліп алушы еді.

Бөкейдің ордасы ол кезде Кент тауында Қызыл-Кеніште болған. Қала Қарқаралы тауына салынатын болған соң Бөкейліктер қонысты соған қарай бейімдеген. Болашақ хан Жамантай жас кезінде осы жерде қоныстанады. Қасында ақылшы ақсақалы Тоты болады. Сондағы ұнатқан қонысы: Қарақуыс - қыстауы, Жырлы-Нұра - жайлауы, Қаласы-базары -Қарқаралы.

Келесі жазда солай қарай көшеміз деп отырғанда қыс қатты болады. Сол қыста Тоты ақсақал қайтыс болады. Ол кісінің сүйегін болашақ мекенге қою керек. Ол үшін Тотының денесін ақ киізге, кілемге орап, қарағай басына *аманат* қояды да, жаз шығысымен Қарқаралы мен Қарақұс тауларының ортасынан ағатын Тайшық өзенінің бойына әкеліп жерлейді. Ол зират кейінде барлық Тоты нәсілдерінің зиратына айналды. Тотының барлық ұлдары, немерелері, шөберелері көбісі сонда. Байтемір, Машан да сонда қойылған. Бұрынғы ресми карталарда болатын сол зират қазір жер болып жоғалуға айналған-ды.

Бір заманда, осы алқаптағы биіктеу шоқыға шығып төңіректі шолып тұрған екі аттылының бірі: "Мәшеке, қыстауыңызды ана қуысқа салғайсыз деп нұсқаған бедегелі беткейге ұласатын жерде енді бірер ғасырдан соң бүтін рулы елдің үлкені мен кішісін түгендейтін қорым орын тебетіндігі сол жолы топшыланбағанымен, тау дарасында салынар қыстақ бүгінде тек орны ғана жатқан жерге сол екеудің бірі Мәшекенің қос қарашығы қадалмай кетпегені анық. 1990 жылдың жазына салым осы жолдың авторы Ақжан ағаның 85 жылдық мерейтойының қарсаңында түсірілген "Әл-Фараби ұрпағының ұланы» телефильмі сценариінің авторы ретінде, фильм режиссері Балтабай, операторы Киммен және сол елдің азаматтарымен бірге бір кезде Машан бидің үйі, қорақопсысының нобайын меңзейтін үйінді арасында кісі бойындай алабота, ешкітал өсіп кеткен жұртқа қарап тұрып, осындай ой кешіп еді. Сол жолы алдымдағы жота жонынан Машан би мен Жамантай төренің қатарласа жүріп, өткенді еске алып толғана айтқан әңгімелерінің куәгері болған соқпақты да іздегендей ауқым-ауқым көрінген белеске де жаутандап қарағаным бар-тын.

Жамантай қорасы Қарақуыстың бір дарасында, Машанның қорасы соның екінші дарасында. Екеуінің арасы 3-4 шақырым жер, ортасында Талқы атты аласа белес бар.

Жамантай мен Машан арасында айырылмастай адал достық, шынайы силастық пен қадыр тұтар қимастық болған. Төре таңертеңгі шайын Машансыз ішпейді деседі көненің көзі қарттар.

Әсіресе, ел басына күн туған қиындық кездерде Жамантайдың бірінші ақылшысы Машан би болса керек.

Мысалы, төрелердің өзара дуанбасылыққа (аға сұлтандыққа) таласуы және Құспек пен Құнанбайдың аға сұлтандыққа таластары, алым-салық жинау мәселесі, барымта мәселесі, қоныс ауған елдерді орналастыру мәселесі, көшіп-қону мәселесі, дау-шар мәселесі - осылардың бәрі төренің алдынан тараған ғой. Солардың шешуін табатын ақылшы Машан би екен.

Әсіресе бір қысылтаң жағдай Кенесары жорығының тұсында туады. Қарқаралыға екі жағынан бірдей елшілер келіп жатады: Кенесары жағынан келген елші елді сол жорыққа қосылуға шақырады. Патша әкімдері жағынан келген елшілер Кенесарыға қарсы қол жинауға шақырады. Бұл екі оттың арасында халықты қансыратпай сақтап қалу оңай емес. Төрелердің Кенесары жағына шығып кеткендері бар. Ағыбай бастаған бір топ батырлар Кенеге қосылып кеткен. Осы кездегі Машанның ұстамдылық, даналық парасаты ерекше көзге түседі. Осы жөнінде архивта бар мәліметтерге сүйеніп И. Есенберлин "Қаһар" романында жағдайды тура суреттеген - дейтін Ақжан аға.

Кенесары туы жығылған соң да сол жорықтың зардабы көпке дейін басылмады. Мысалы Ағыбай сынды батырды патша ұлықтармен жарастырып, Жамантаймен табыстыру оңай емес-тін. Ол тек Машан би сынды сенімді тұлғалардың қолынан келетін іс еді.

Машан би негізінде ақыл иесі, табанды, адал, халық қамын ойлаған дана адам болған. Өнер жағына, шешендікке көп бара қоймаған. Бірақ өз басында шешендік, тапқырлық қабілеттер молынан болған. Осы жөнінде ел ішінде жеткілікті деректер бар.

Дау-жанжал айтысында Машан би көп тындап, аз сөйлеген. Бірақ сол айтқаны тура әділетті билік ретінде қабылданады екен. Сол себептен ол кісіні "дуалы ауыз" дейді екен жұрт.

Жас кезінде Машан талай ірі тойларда, астарда бас балуанға түсіп, бәйге алса керек. Бір аста Балхаш жағынан келген Түйе балуанмен күресіп, жыққаны көп уақыт ел есінде сақталып қалады.

Ән-күй, сауыққа ол кісі әрине салынған жан емес. Бірақ ондай өнерді жақсы сүйеді екен. Өзі өлеңді қоңырлатып жақсы айтса керек. Сол кездегі бір ел ағасы ақсақал оның әуенін естігенде: "Машанның дауысы марқа қозының дауысындай екен. Бұл ұзаққа баратын дауыс" - деген сөз сақталған. Сондықтан болар сол кездегі Шортанбай, Шөже сияқты замандас ақындар Машан ауылдарында ұзақ қонақтап, сауық өткізіп отыратын болған. Осы екі ақынмен Машанның ара қатынасын куәландырап халық есінде қалған мынадай дерек бар.

Шортанбай ақын көп замандар бойында Жамантай қасында болып, Машанмен бірге ел аралаған, дос болған адам. Бір сайлауда дуанбасылық (ағасұлтандық-хандық) Жамантайдан кетіп, Құспек төреге ауысады. Құспектің қасына ерген жігіт ағасы Жандерке Құдабайұлы деген кісі оның ұлы Ақпай, (жоғарыда айтылған Жақыптың әкесі) Шортанбай осы Жандеркеге еріп, Құспек ауылын сағалап, оны мақтап өлең айтады. Сол өлеңдерінің ішінде Жамантайға

жағымсыздары болса керек. Сонан кейін біраз жылдан соң ағасұлтандық-хандық Жамантай ауылына ауысады, ағасұлтан Жамантайұлы Түлік болады.

Бұл Түлік жас пері қызу, тентек адам. Құнанбай ауылына барғанда оның сабасын жарып, жанжал шығарған. Осы жанжал жөнінде Құнанбай Машанмен ақылдасады. Кейінде Жамантаймен Құнанбай арасына жүріп, екеуін жарастырушы Машан би болған.

Түлік енді Шортанбайға қырланып екі жүздінің сазасы беріледі, деп қалса керек. Осыдан қаймыққан Шортанбай Машанға келіп ақыл салады. Оны Машан ерітіп, үлкен төренің өз алдына апарады. Машанға еріп алдына келген Шортанбайға Жамантай аса қырлана қоймайды. Ол өзі сөз бастап: "Сөйле Шортанбай, дейді". Сонда Шортанбай қолма-қол:

"Сөйле десен сөйлейін мен Шортанбай.

Әрбір ханның тұсында бір сұрқылтай.

Кешегі Құспек ханның заманында

Мен түгіл өзін қайттың хан Жамантай", - деп бастаған екен. Тентек төреге әкесінің де кезінде Құспектен қорыққанын сездіргені ғой. Осы сөз ел арасында тарап мақал болған.

Бір күні ел жайлауда отырғанда Машан ауылына соқыр ақын Шөже келеді. Оны көрген қарттың айтуынша: Машан үйіне кірісімен Шөже кебісін босағаға тастай салып, төрге қарай еңбектеп шықса керек. Оның себебі көз көрмеген соң жолдағы сырмақ, кілемге сүрініп қалмау үшін жасаған әрекеті солай болса керек.

Төрге отыра сала бата істейді. Сол кезде қымыз да келіп қалады, ел де жинала бастайды. Шөже өзінің амандасуын былай бастайды:

"Ассалау-мағалайкум би, Машан!

Мен сені көрмегелі алда-қашан,

Алдажұман, Байжұман екі інің,

Алты ұлын айналанда қызыл гүлің.

Құдайым мал мен басты қатар берген,

Иә Машан, бұл жалғанда барма мінің!"

Шөже айтып отырған Алдажұман, Байжұман деген Машанның екі інісі екеуі де тентек, батыр болса керек. Өздері бай, сауықшыл, Түлік төрені бетке ұстайтын адамдар. Машанның кеңже інісі Бошан (Тұқы) бұйығы момын болған. Машан оны өз қасына қоныстандырған.

Тәкәппарлық, мен-мендік, мақтаннан аулақ Машанға Шөженің бұл сәлемі ұнай қоймаса керек.

- Дүниені жалған дегенің дұрыс, ақыным. Бұл фәнидегі мінсіздіктің бақидағы бағасы қалай болмақ... Осы жағын ойлау керек емес пе? - дейді Машан Шөжеге.

Сонда Шөже Машанның осы ойын өлеңге қосып, бір кешті осы тақырыпты жырлаумен алса керек. Шөже Машан ауылында бірнеше күн болады. Кетерінде Машан Шөжеге ара көк бесті ат мінгізеді.

Осы сияқтанған: "Машан айтқан екен" деген сөз ел арасында көп болатын. Оны білетін адамдар бұл күнде некен саяқ.

"Ұлың өссе ұлықтымен ауыл бол,
"Қызың өссе қылықтымен ауыл бол..."

деген мақалдарды жиі айтып, өнегелі тәлімін ұстанған екен Машан би. Айту ғана емес, сол тәрбиелік тәлім-тәртіп істерін алдымен жүргізуші, жүзеге асырушы Машанның өзі болған. Осыған байланысты бірер мысал: "Төрелі жердің тізесі сынық" - дейді екен ол кісі. Бұл өзін сайлап қойған адамыңның алдында өзінді-өзін әдеппен ұста деген мағынада. Яғни ұлық малдас құрып отырса, сен оның алдында жүгініп (тізенді бүгіп) отыр деген сөз. Жорыққа шықсаң, ел қорғамақ болсаң белді бекем байлап, қару асын. Елдің елдігі кеткенде алдымен осы әдеттер жоғалмақ. Бұл күнде бозбалалар: "бос белбеу, бота тірсею» болып барады:

"Оқшантай жоқ, кісе жоқ белбеу шықты,
Жүгініс жоқ, малдас жоқ көлбеу шықты", -

дейді екен ол кісі.

Бір күні Машан ауылына оның әкесімен туысқан Өстемір қарт келіп: - Сөйлесетін кім бар! - дейді. Сонда бір жігіт: - Немене! - деп өзеуреп алдынан шыға келеді. Өстемір ол жігітті қамшымен тартып жібереді. Ол жүгіріп Машанға келіп, болған жағдайды айтып шағынады.

Сонда Машан ол жігітке: Адамға алдымен әдеп керек. Сырттан келген үлкен адамды "Неменен - деп қарсы алу әдепсіздік. "Әу" деп, немесе "Лаббай", "Салам" деп немесе "хош келдіңіз" деп қабылдау керек деп түсіндіреді. Өстемірді Машан өзі шығып қарсы алып, атынан түсіреді.

Адал еңбек байлық көзі екенін білетін Машан былай депті: "Кедейлік керліктен, байлық ерліктен. Тағы бір сөзінде Машан былай деген: "Жомарттың көзі Бұхараның ғажайып ақ нарындай, бабын тауып сауған сайын күніне қырық неді. Ол мәңгілік азығың. Сойсаң ол бір қыстық қана соғымың»).

Осы сөзде өмір жұмбағының аса терең сыры жатыр. Өмір көзі табиғат ананың ақ сүтінде. Оны жойсаң өзінді-өзін жоясың дегені ғой Ақжан ағаның атасы. Бәлкім Ақаңның *табиғат математика* деген әл-Фараби ғибратын қадыр тұту сыры осында болар...

Сол кездегі Алматы маңының атақты төресі Әлі болған. Ол өзі Кенесары жорығына қатысқан адам. Кененің туы жығылған соң төрелер ел арасын тыныштандыру мақсатымен алыс-беріс жасаудың қамында болған. Сол мақсатпен Жамантай Әлімен құда болып, оның қызын өзінің ұлына айттырады.

Сол келінді алып қайту үшін Қарқаралыдан шыққан құдалар Әлінің ауылына күз түскенде келіп жетеді. Қызды жабдықтап ұзату қамы бір айға созылады. Сөйтіп жүргенде сол жылы қыс кенет ерте түсіп, ел малға күрек аршу қамына кірісіп кетеді. Қарқаралыдан келген құдалар отыздан астам адам болса керек. Олардың ішінде бас ақсақалы Машан би болады, оның жәрдемшісі Ералы

деген кісі екен. Қарқаралылық құдаларға бір ауылдан бірнеше үйді босатып беріп, соғымын сойып беріп, қыстатады.

Жаз шығысымен құдалар тез қайтуға асығып, Балхаштың мұзы түсіп кетпей өту керек дегенді айтады. Тағы да ырғалып-жырғалып жүргенде өзен таси бастайды.

Балхаш мұзының үстінен қызыл су жүре бастаған, мұздың жарылған жерлері байқалады. Ол жарық барған сайын үлкейе береді. Ералы тағы да елдің зәресін алып, менің тілімді алмадыңдар, бәріміз қырылды деп, шапанын айқара жамылып мұздың үстіне жатып алады. Жолаушылар жанталасып, мұздың жарығына керегеден көпір салып өтіп жатады. Ералыны кілемге салып өзер дегенде алып шығады.

Ел есін жиған кезде Машан Ералымен кеңеседі. Сонда Ералының айтқаны:

- Осы төрелердің соңына ереміз деп ажалымыздан бұрын өлетін болдық. "Осынша алыстан құда түскенше өзінің Көшектерінің қызын неге алмайды бұлар" - деп кейіді.

Сонда Машан оған:

- "Сабыр ет, Ереке! Ақырының қайырын сұра. Ел арасын жақындату ісіне еткен еңбек далаға кетпес", - дейді.

Машан бидің сол айтқаны дәл келді. Жамантайдың жақсы нәсілдері сол жолы алып қайтқан келінінен тарады. Соның бірі Махмуд Жөкішұлы, шешесінің аты Зылыяха ханым. Махмуд ел адамы болды. Жоғарыда айтылған Әлихан, Әлімхан, Жақып сынды адамдармен қатар атқа мінді (1916 жылы жастай қайтыс болды).

Махмуд өзінің бабасы Жамантай жатқан зиратқа қойылды. Оның басына көктас қойылды. Оның жазуын қашап жазған атақты шебер Мажид Кари еді. Сол тас сол қалпында әлі де сақталған. Махмудтың тұқымдары оқыған, ұлдары бар: Әлімхан, Мұхамедхан деген. Мұхамедхан Қарқаралы қаласында ғұмыр кешті... Тарихты көп білетін қария еді.

Айтылған Түлік нәсілінен Хасен деген ақсақал Нүркен колхозында тұрғанды. Қарқаралы мұражайында сол Түліктің ағасұлтан болған кезіндегі мөрі бар.

Ал, Жамантай нәсілдерінің қолында патша үкіметімен жасалған шарттың негізгі нұсқасы бар., басқа заттары қалған. Тарихтың мұндай дүниелері жоғалмауы керек - деп жиі айтушы еді Ақжан аға.

Машанның үлкен ұлы Нөгербек интернатта Әлихан Бөкейхановпен бірге оқыған еді. Ол кісі әрі қарай оқи алмай қалған. Өте зерек, шешен, ақын адам болған, өз бетімен көп оқыған. Әлихан ол кісімен кейін кездескенде: "Ай Нөгербек -ай, оқымай қалғаның-ай, сен бәрімізден зерек едің ғой" - деп тағдырға назаланғандай кейіп көрсетсе керек.

Нөгербек Абай өлеңдерін көп оқитын, оны халық арасына тарататын адамның бірі. Кейінгі кезде ол кісі Шәкәрім өлеңдерін көп оқитын, тарататын еді. Өзі де соған еліктеп өлеңдер жазатын. Сол кісінің арқасында біздер ауылда Шәкәрім өлеңдерін жыл сайын, баспаға шыққанын да, шықпағанын оқитын

болдық - деп еске алатын Ақжан аға: - Оның себебі ол кісі Шәкәріммен таныс құрдас болған. Қоянды Жәрменкесінде ол кісі Шәкәріммен жылда кездесіп, өлеңдерін көшіріп алып отыратын. Ол кісінің қолжазба сол жинақтары бір том Академияның кітапхана қорына тапсырылған. Кейін, Шәкәрім ұлы Ақаттың маған жазған хаты сол ертеден келе жатқан рухани байланысты еске алудан болса керек. Ахат осы Алматы маңында мұғалім болған, мектеп директоры болған Шәкәрім Мұхтарұлы - Нөгербектің немересі еді. Демек Нөгербек өзінің 1919 жылы туған немересіне Шәкәрімнің атын қойған ғой - деп отыратын Ақжан аға өскен ортасының берген тәліміне тәңтілігін танытқандай күй кешіп.

Сол Машан би мен Құнанбай арасындағы достық-сүйектік байланыс осы күнге дейін үзілмей келеді. Оған Машан би немересі Ақжанның зерттеуі дәлел. Ғұламаның Әл-Фараби мен Абай арасындағы рухани байланысына арналған монографиясы куә оған.

Осылардың бәрін еске ала отырып, Машан би жәйлі ойымызды түйіндегенде Жамантайдың: "Машан! Машандай ұл туғанша қашан!" - деген Қарқаралы еліне кеңінен тараған мақалды тағы бір еске алуды жөн көрдік. Өйткені, асылдың сынығындай делінетін Ақжан есімді Машан би ұрпағының азаматтық ісі сол сөздің болмыстық дәлеліне жатады демекпіз.

Машан би 85 жасында дүние салады. Ол кісіге 1888 жылы Қараби (Жекежал) деген жерде ас берілген. Астың жерошағы сегіз шарбақты болған дейді.

Сол аста ол кісіні еске алған тұстас ақсақалдар аузынан мынадай сөз қалыпты: "Машанның жоқтауын жеткізе алмайсындар... Жігіт сегіз қырлы болсын, дейді ғой..., ал Машан он екі қырлы еді. Осы сөзді құлағымен естіген Жақсыбек - Ақжан ағаның әкесі Машанның кенже ұлы сол кезде ол 17-18 жаста екен. Бұл кісі домбыраны жақсы тартатын, күйші еді. Сабырлы, ақылды адам еді - деп әке құрдастарынан естігенін айтқанда тебіреністен Ақжан ағаның даусы дірілдеп кететін. Міне, көзі тірісінде-ақ заманымыздың Фарабиі атанған А. Машанидің өскен ортасының өркенді өркештері осындай еді.

Ат биеден туса, аруақты әулетті ұл анадан туды. Енді Ақжан ағамыздың аналық тармағына бірер сөз арнайық. Машанның анасы Желкілдек бәйбіше ақылды адам болған. Күйеуі ерте өлген. Машанды сол кісі өзі тәрбиелеген. Ол кісі 97 жасында қайтыс болғанда 80 жастағы Машан: "Енді мені кім қарағым дейді" - деп жылады деседі жұрт.

Жақсыбектің шешесі - Машанның екінші әйелі Білмес деген кісі тобықты қызы. Ер мінезді қайратты адам екен. Машанның асын өзі басқарып өткереді. Ақжан ағаның анасы Ғайша сол енесінен тәрбие алған, момын, бірақ қолы ашық, берекелі кісі екен.

Дағдырдың таймас тағасы

Адам бойындағы адалдық пен әділеттілікті, шымыр-шындық пен шынайылықты рухани дүниенің арқауына балайтын қазақ емеспіз бе, әйтеуір

1906 жылдың 2 қарашасында фәни дүниенің есігін ашқан сәбиге - тәубе, тәубе! - бата шапағаты дарыды деп нық айтуға болады. Бүгін, бата шапағатының нышаны деп бір ауыз сөзбен түйінделер Ақжан ағаның ұлт үшін тындырған - ұрпаққа үлгі етілер істерін таратар болсақ: кесепатты кереғар оқиғаларымен, зұлматты соғыстарымен ерекшеленетін ХХ ғасырдың басқы алты, аяғының төрт жылдары аралығындағы тоқсан жылдың айы емес аптасы, тәулігі емес сағаты сайын тар жол тайғақ кештірер кезеңдерінде ұлттың құндылық қазынасын көркейтер, қазақтың жадау тартқан рухани дүниесін жаңғырту мақсатында арына дақ түсірмеу үшін жанын шүберекке түйіп, бүгінгі азаматтық болмысын сомдайтын өз ағаның тындырған істері жатыр. Бұл фәниден тоқсан бір жасына қараған шағында, 1997 жылы дүние салған Ақжан Жақсыбекұлы Машанидің (Машанов) тындырған азаматтық ісін тізер болсақ, оған Ақанның өзі қуған геология, маркшейдерлік ғылым салаларымен сабақтас жаңа сала - Жер механикасы (геомеханика) ғылымының іргетасын профессор П.К.Соболевский, әйгілі ғалым А.П. Рыжковтармен бірге қаласқаны; осы ілімнің негізінде Ақбастау-Құсмұрын секілді кен орындарын ашудың абыройын өз қанжығасына байлағаны; жарты ғасырдан астам үздіксіз кен инженерлерін даярлаумен қатар отыздан астам ғылым кандидатын тәрбиелеп, Қазақстанда геомеханика мектебін құрғаны; одан бұрынырақ Мағжанның: "Қозғал, қазақ, білім іздер кез келді!" ұранына жауапты нақтылы ісімен беріп, техника, табиғат ғылымдарын қалың оқушыға таратуы; қазақ көркем әдебиетінің ғылыми-фантастика жанры бойынша тұңғыш туындыларға авторлығы; геология пәнінен қазақ тілінде алғаш оқулық жазып, кен-геология-металлургия терминдік сөздік тізіп, ана тілімізді ғылым тіліне айналдыруда тыңнан торап тартқандығы; ал Ақанның азаматтық Темірқазығы - мың жылдан астам уақыт бойына өз ұлты үшін тарих топырағында жабулы қалған ұлы баба әл-Фарабиді өз ұрпағымен қауыштыруы дей келіп, соңғы он жылдың ауқымында - тоқсанның асқарына шығар жолда қаламының қарымдылығын танытар елеулі шығармалар бергенін айрықша айту ләзім. Соның бірі - ұлттық мәдениетіміздің мың жылдық мұрасын танытудың һәм қазақ топырағында ғылыми-ислами жолдың бастамасы саналатын "Әл-Фараби және Абай" зерттеу кітабы. Бұл қазақтың екі ұлы алыбы, сұңғыла данасы әл-Фараби мен Абай сияқты даналардың өзара рухани байланысын анықтау бағытындағы бірден-бір төл туынды, абайтанудағы соны бағыт.

Бір қарағанда мазмұндық мәні де, әлеуметтік бағыты да бірін-бірі тудыратын тақырып деп топтастыруға келмейтін осынау істің қайсысы болса да бір азаматтың пешенесіне жазылғанымен оны Ақжан Жақсыбекұлы жасауға күн ілгері арнайы тапсырмамен жүктелмеген іс екені анық. Тіптен, бұлардың дені бүтін қауым болып қолға алғанда ғана тындырылар іс еді. Дей тұрсақта, ат жалын тартып мінген шақтан басталатын осы - аталған ісіне кірісіп, Ақжан сынды азаматтың ес жиып, етек жапқан балалық шағынан көргеніне көңіл

қойып, зерделік түйінін түйе білгендігінен, ата тәрбиесінің санада ұрықты ұяға айналып, өз ұлтының ожданы үшін, кеудеде сокқан жұдырықтай жүректің ұлт мәдениетінің ұлылығын талғай білетін лүпілін, табиғат берген дарынның талғампаз талабынан екендігін аңғару қиын емес.

Заты зерек бала Ақжан тиіп қашып жүріп, ауыл молдасынан алғашқы алған сауатын апайының үйінде жатқан кезінде жалғастырып баққан-ды.

Бозбала Ақжан 1924 жылы Қарқаралыдағы Әлімхан Ермеков ұйымдастырған педучилищеге келіп түскенде оның небәрі аты-жөнін ежелеп жазғандай ғана сауаты бартын. Десек те мұрты тебіндеп қалған бозбала Ақжан өмірінде сол техникумдағы жылдарының университет біліміне бергісіз оқшау орны болды.

Жаман айтпай жақсы жоқ деген, дәл сол кезде Ақжандай жастардың бағына қарай түрлі саяси көзқарастардағы: ақпан төңкерісі мен уақытша үкіметті тілеушілер, колчактың жақтастары және басқа да саяси ағымдардағы Ресейден жер аударылып келген зиялы қауымның жиналған жері осы педтехникум болатын. Солардың ішінде әдеби зерттеушісі, философ, әрі математикадан да сабақ берген профессор Вячеслав Павлович Колпынин оқушы Ақжанның Европа мәдениеті тұрғысынан дүние танымына ерекше әсерін тигізген еді. Әсіресе профессордың "Ояну" ("Пробуждение") тақырыбына жасалатын дәрісі қазақ топырағында туа бітетін имандылық болмысы адам бойында бола тұра өмірде бірдей көрініс бермейтіндігі: күйкілі, теке-тірес тіршілік көлеңкесінде қалып қоятындығы, не болмаса нәпсі қуып кеткенде қалтарыста қағалжу қалатындығы, әйтсе де бір жағдайда оянып, бой көрсететіндігі. Мұның бәрі профессор дәрісінде Пушкин, Лермонтов, Тургенев шығармаларынан алынатын айғақты образдар дәлелдемесіне құрылатын. Ұшар ұясы қазақ ауылының өсер ұрпақты ана сүтімен қоса ауыздандыратын имандылық пен адалдық тәлімінің, басқа ұлт ұғымындағы өзіндік болмысының орыс әдебиетіндегі көрінісі Ақжанға ерекше әсер етті. Ақжанның осынау ғұмырында не бір тәкаппар қатыгез деген адамдармен кездесе жүре, ашу тізгінін тежеуге тырысып, рахым көзін сабырмен күтуге әдеттенгендігі осыдан да болар. Мұндайда ағаның қарсыласымен тіл таппай кеткен кездері сирек.

Ал, сол жылдары Ақаңа қазақ әдебиеті әлемінде үркердей көрінген жарқын жұлдыздарының шығармаларымен ауыздандырып, ұлт мәдениеті ерекшелігін зердеде ұрығын еккен ұстазы Мәннан Тұрғанбаев болатын. Жүсіпбек, Мыржақып, Мағжан, Ахметтермен Уфадағы ғалия медресесінде бірге оқыған Мәннен өз шәкірттеріне олардың шығармаларының көздеген көкейкесті мәселесін жеткізе білді. Мәннан аузынан бірінші естіген Мыржақыптың:

"Мен біткен ойпаң жерде аласа ағаш,
Емеспін жемісі көп тамаша ағаш.
Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі,
Пайдалан, шаруаңа ал жараса Алаш"

- деген ниетті тілеуі балаң Ақжанның өне бойы қоғамның кетігін ізденіп, қауым үшін қажетті жерге қалануын қалыптастырғандай.

Техникумның бірінші жылынан соң-ақ бала Ақжан "Саужой" ("Сауатсыздықты жою") қоғамының мүшесі іспетінде Абыралы барып, бір жыл бала оқытып қайтты. Мұндай іске жақсы оқитын шәкірттер тартылатынды. 1928 жылы Бүкілодақтық санақ науқанын да өткерісті, ал колхоздастыру науқанынан қалып көрген жоқ-ты - оны есепші, не болмаса жаңадан алған шөп машинасы тәрізді техниканы басқару ережелерін сауатсыз колхозшыларға үйретуге пайдаланды. Оқи жүре сол ел аралады, ел аралай жүре елдің жәй-күйіне қанықты. 1929 жылы техникумды тәмамдап ағартушы атанып, Абыралыға аттанған-ды.

Табиғатынан өнерге толы ұлтының білімге деген ұмтылысын, ел ішін аралай жүріп шәкірт-жігіт жарлы-жақыбай дейтін қазақтың қалың ортасында ұрпақтан-ұрпаққа ұрықтанып жалғасын тапқан, халқының өркенді рухани қазынасына қаныға түседі. Шолақ белсенділердің сойқанды ісінің әділетсіздігін де аңғармай қалмайды, қазақ даласында мұны түбегейлі туындатқан қоғамдық, әлеуметтік ақуалдың себеп-салдарын да сезеді, халық үшін қасірет әкелер заманның қасаң да қара түнегінің ызғарын да жан дүниесінде табиғат берген сергектікпен тым ерте байқағандай болды. Бұған оқу бітіріп Абыралыға жолдамамен оқытушы болған аз уақытта Ақжан аға өзі көрген жүгенсіздікті, қатыгез қаталдықты, әпербақандардың лаңынан зардап шеккен ел жұтқан ащы запыраннан өзі де татқандай күй кешеді. Ол "тарихта Абыралы көтерілісі" деп айтылып жүрген зұлмат дауылына ұшыраған ауылдардың жәй-күйіне жас мұғалім кезінде кезігіп еді. Бұл ел есінде қара таңбасын қалдырған, өксігі ғұмырбойы басылмайтындай ұлт рухын жаралаған, аштығын жәйлатқан, тарихта "тас мешін" аталып кететін 32-інің қасіретіне киліктіретін оқиғаның бірі болатын...

Сол, ел сүлдесін сүліктей сорып, діңкелететін қасіреттің басы-қасында болған адамдардан емес, техникумді тәмамдап 1929 жылы мұғалімдік қызметке Абыралыға келген Ақжан өз басынан өткерген-ді. Өзінің қызыға қуған кәсібі - бала оқытуды енді бастаған жас мұғалімнің ұстаздығы 28-жылдан басталып, енді "қыза" бастаған конфескілеу-тәркілеу науқанының қазақтың орта шаруасын да шарпыған кезі еді ғой ол кез. Кезінде, кеңестік дәстүрдің келенсіз жәйттарын халықтан жасырып, барлық жақсылықты "халық үкіметіне" тағып, жамайтындығы - "белдеуде бұзау қалдырмаған" асыра сілтеу кезеңінде жер-жерден елдің ереуілдеп қарсылық көрсетуі некен саяқ емес-тін. Кезінде жабулы қазанды қымтай жауып, естігендердің құлағын бітегендей, айтушылардың ауызына қорғасын құятын жазамен қымтап, сол оқиғаларды ел есінен шығармақшы да болған еді ғой кеңес өкіметі. Абыралы атырабындағы сондай наразылықты Ақаң өз көзімен көрген-ді. Бірақ үлкендер айтып Абыралы дүмпуін насырға шаптырған жоқ, көтерілген азаматтарды ақылға келтіріп, ашуға басалқы жасалған-ды. Бірақ көп ұзамай ауылға ГПУ отряды келіп,

ереуілге шыққандарды шетінен шытырлатып ұстап, 600-ден астам адам қамауға алынып, абақтыға жабылады. Тілмаштыққа жас мұғалім Ақжанды шақыртады. "Малдың бәрін сыпырып алды, бәрібір өлім" - олардың қолына сойыл алдырған тәуекел осы еді. Ақжан осы сөзді ГПУ тексерушілеріне қазақтың шаруа күйін тілі жеткенше тігісін жазып түсіндіріп бақты. Бірақ ГПУ хаттамасында оларды тап жаулары - байлар, не солардың сойылып соғатын "құйыршақтары" кейпінде сипатталып жатқандығын Ақжан білген жоқ. Сөйтіп тұтқындалғандардың бәрі де Кеңес үкіметінің жаулары - "контрлар" делініп, "тергеу" нәтижесінде оларды сотқа тапсырады. Сот та аяқ астынан құрылып, үкім қысқа қайырылып, ел азаматтары этап-этап айдалып жатты.... Одан әрі А. Машановтай адамның бұл жерде қалдырылуы - керексіз куәгер болуы ГПУ-ге қажетсіз еді. Жас мұғалімге алдымен Қарқаралыдан, кейін Семейден қызмет іздеуге мәжбүр еткен оқиғаның ұзын сарыны осындай болатын...

Жігіт Ақжан отыз екінші зұлматына Семейдің облыстық оқу бөлімінде, панасыз балалар бөлімінің нұсқаушысы қызметінде жүріп киліккен еді. Аштықтан өзегі үзіліп кеткен ананың бауырында суалған шандырды аймалап жатқан нәрестелерді көшеден теріп алатын ол. Әсіресе, Абыралы көтерілісінен соң әке-шешесі айдалып кеткен тұлдыр жетім сәбилерді жинап әкелген жолда жуындырып, түннің бір уағында Жана Семейдегі бұрынғы Алаш өкіметі орналасқан үйге кіргізіп, бір үзім қара нан ұстатқанда аштықтан жағы қарысып қалған сәбилердің аузын аша алмай еңіреген күйі әлі күнге дейін көз алдынан кеткен емес. Сондай қиян қыстау күндердің бірінде: "Миллатыңа қызмет жасаған екенсің, Алладан қайтсын" дейді мән-жайды сұрап білген бұрынғы ұстазы Тұрсынбаев Маннан. Өзінің қазір Қазақтың кен-металлургия институтының (қазіргі Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті) Семейдегі даярлық курсында сабақ беретінін айта келіп Ақжанға инженерлік оқуға түсуге ақыл қосады. Бұл 1933 жылдың бас кезі болатын. Шәкәрім қажының да атылғанын Ақжан осы жолы естіді. Бұл жаманат хабар жас жігіттің жаралы жанын қатты күйзелтеді...

Сол, тұрымтай тұсында, бозторғай басына дейтіндей қазақтың ұлттығына сын болған 32-33-ші жылдары Ақжан атты жігіт саналы ғұмырының өзегіне айналып, азаматтығын танытар іске бастайтын жол айырығында тұрғанын сезді деймісің! Тәңірдің қалауы болар, Маннан ұстазын кезіктіруі де, оқу өнердің сұңғыласы мен шырқау шыңын мұғалімдікке балайтын қазақ психологиясының шеті шетінемеген сонау отызыншы жылдары ауылдан шыққан орысшасы нан сұраудан әрі аса алмайтын Ақжан сынды азаматтың қазақ даласына енді ғана келген тұңғыш жоғары техникалық оқу орны кен-металлургия институтының алғашқы студенттерін даярлайтын курсына барып жазылуы. Бұл, енді 65 жыл бойы, қашан жүрегі тоқтағанша Ақжан ағаның шығармашылық екпінін бәсеңсітпеген тұлпардың шабысынан тайдырмайтын дағдыр таққан тағаның шегесі болды!

Ұлы бабаға барар жолда

Абай, Шәкәрім өлеңдерін жаттап өскен Ақжанда азаматтық тәлімнің бір көрінісі, өзі геология-маркшейдерлік іс ғылым салаларының маманы бола тұра, абайтануға өз үлесін қосуға негіз де болса керек. Кешегі сұрапыл соғыс кезінде - 1944 жылы қазақ қауымы Абайдың 100 жылдығын өз дәрежесінде атап өтуге пәтуаласқанда ұлы ақын шығармаларындағы табиғат пен ғылымның қай дәрежеде көрініс тапқандығын баяндау, Қ.Сәтбаевтың ұсынысы бойынша, А. Машановқа жүктелгені бар. Мұхтар бастаған абайтанушы ғалымдар, жазушылар және зиялы қауым алдында дана ақын хақында, оның шығармаларын ғылыми танымдық тұрғыда техника саласы ғалымының өкілі үшін айтар ойы қаншама мағыналы да терең болуын тілер еді. Баяндама сәтті шығып, Ақаң артқан үміт ақталды да. Өкініші сол, соғыс қыспағынан жариялануы кейінге қалдырылған осынау рухани қазына күні бүгінге дейін ұмыт қалып, архив сөресінде әлі жатыр. Әйтсе де абайтанудағы бұл ізденіс әл-Фарабиді танудағы Ақжан асқан бір бел болатынды. Мұны Ақаң былай деп түйіндейді: "...Абайды оқып, тағылым-тәрбие алмаған болсақ, әл-Фарабиді сөз етер ме едік... Өзіме шындық жолды іздеуге бағыт берген Абай шығармалары деп білемін" ("Әл-Фараби және Абай". Алматы. 1994). Айтты-айтпады, егер жігіт Ақжан 1934 жылы институттың студенті болмаса ғой, 1943 жылдан өмірлік, азаматтық биік мақсатына, рухани азығына айналатын әл-Фараби есімін есту-естімеуі неғайбыл еді. Бұл кезде А. Машановта институттың қызыл дипломды түлегі деген абырой, өзі бітірген институт аспирантурасын 1942 жылы ғылым кандидаты дәрежесін қорғаумен аяқтағандығы туралы ғылымдық лауазым бартын-ды.

Кешегі сұрапыл соғыста нәсілдік саясат ұстаған Гитлер еврейлерге бүйідей тиіскенде елдің батысынан шығысына үдере көшкен мәдениет, өнер, ғылым қайраткерлерінің дені осы ұлттан болатын. Осындай қауымның біразы Алматыға келгені белгілі. Ғалымдар Қ.Сәтбаев басқаратын филиалда шоғырланып, жиі-жиі бас қосып тұратын. Сондай бір салиқалы мәжілісте Ақжан Машанов өміріне өзек болған істің жаңа беті ашылып, әл-Фарабиге барар жол бастау алып еді. Бұл 1943 жыл болатын.

Шығыстың ғылыми мұрасын зерттеуші, бұрынғы Чехословакия президенті, білікті ғалым Кольман "Орта ғасыр ғылымы туралы" баяндамасында, Еуропа ғылымы Орта ғасырда Шығыс, Араб елдерінен бастау алғанын айта келіп, әл-Беруни, әл-Хорезми, Ат-Туси, Ұлықбектерді ауызға алғанда, олардан бұрын осылар ұстаз тұтатын әл-Фараби есіміне ерекше ілтипат көрсеткен-ді. Ақжан елең етті. Бұрын-сонды Орта Азия ғұламалары қатарында кезіктірмеген соны есім ғой бұл. Рас, бұл есімді бұрын да естігені бар-ды. Мағжан Жұмабаевтың "Түркістан" поэмасынан оқыған. Бірақ "тоғыз шекті домбыраның" екі шекті домбырасы еместігіне қазақ шүбәланбаған Ақаң Фараби атына немкеттілеу қараған болатын. Енді мынау, сол музыкашы енді Шығыс ғұламасына, тіптен

Тұран ғұламасына айналып отыр. Егер ол Орта Азиядан шығып, өзі орта ғасыр ғалымы болса, тәжік, әсіресе өзбек ағайындар әлдеқашан-ақ иемденіп алар еді-ау. Қазақ болмасын? Мағжан оны жырына тектен-текке кіргізбеген шығар-ау... Жаңылыс кетті дейін десе, Кольманның атақ-абыройы, зерттеушілік ерендігі сенімсіздік тудырмайды. Сонда бұл кім, қай жерден шыққан, ғалымдығы неде? Ғылымды жасағанда мысқалдап жиналатын мәліметтер іздестіруге түрткі болатын осындай сұрақтар жас ғалым-геолог Ақжан Машановты күнделікті істен қолы қалт еткенде мазалай беретін-ді. Ол түрлі анықтамалық, әмбебаптық кітаптар бетін парақтап көрді, бірақ әл-Фараби есімі аталатын жолдарды кезіктіре алмады. Ал арнайы мақсатпен әл-Фарабиді іздестіруге Машановта қауқар жоқ-тын ол кезде. Бұл кезде кандидаттық жұмысында басталған ғылыми өзек докторлық диссертацияға айналып, енді соны тәмәмдау қажет болды. Ақжан Машанов 1946 жылы докторлық жұмысын қорғаған бетте жаңа шаңырақ көтерген Республика ғылым академиясының Жер ғылымы бөлімшесінің тұңғыш корреспондент мүшесі болып сайланып, үш академиктің қатарында аталымыш бөлімше шаңырағын көтерісіп, қажет төрт қанат керегенің бірі іспетіндегі ғалым санатында Қанышын президент етіп сайлаған ғылым ордасының құрлытайшысы болып А. Машани есімі тарихта осылай қалды.

Академияның аталмыш бөлімше мүшелері академиктер Сәтбаев, Русаков, Кассиндерге докторлық ғылым дәрежесі олардың еңбектерінің жиынтығы бойынша берілген. Бәлкім Ақан жұмысының хабарсыз кетуіне оппоненті болған Л.С. Либензеннің халық жауы болып ұсталып кетуі кесірін тигізуі де ықтимал, әлде Машановтай ұлтына деген жүрек соғысын қызылдың қырандарының қиядан тануынан ба - әйтеуір докторлық диссертация ізім-қайым жоғалып кетіп еді. Өзінің кандидаттық жұмысының одан әрі дамытылып жалғасын тапқан осынау жұмыстың Жер ғылымындағы жаңа сала геомеханиканың бастауы екендігіне авторы да, жаңа идеяны игерудегі әріптестері Соболевский мен Рыжовтар да күмәнданған жоқ-ты. Ғылымның жаңа саласы түгіл, жаңалық ашудың өзі мындаған ғалым ағайындардың ілуде біреуіне болмаса жалынан ұстата бермейтін тарпаң асау екендігі белгілі аксема. Кешегі XX ғасырдың 70 жылына дейін техника саласынан кандидаттық дәрежеге диссертация қорғаудың өзі айтулы оқиға саналып келгенде, егер докторлығына 10-20 жылдың зерттеуімен шаршап-шалдықтырып барып бой алдыратын жәйді ескерсек бұл жұмысты үш жылға жетпейтін мерзімде тәмамдап, қорғауға шығуы Ақжан Машанидің ғалым-феномендік қырын танытса керек. Десек те жасаған жұмыстың не бар, не жоқ деген жауабы болмай жоғалып кетуі адамның адамы ғана арқалайтын жүк, ал бұдан соң танытар іс тындыру ерекше азаматтық қайсарлықты қажет етер еді. Кейін "ол кандидат қой" деп өзіне талай кедергілер қойылып, өз сыбағасын басқалардың алып кеткендігін көре жүріп Ақанның жүнжіп кетпей жігерленуі ақиқаттың ақ жолына сенуінде еді. Осы сенім Ақжан ағаны алғашқы ауыр соққыдан сағын сындырмай сақтап та қалды.

Әйтпесе докторлықсыз-ақ Жер ғылымында Ақжан Машанов есімі өшірмейтін із қалдырар ма еді!? Ғылыми зерттеу нәтижесі ғылымның жаңа саласы болып танылуы ғалымдардың бәрінің пешенесіне жазыла бермейтін бақыт. Шынтуайтында бұл бақыт құсы Ақжан Жақсыбекұлына ғылым ордасының құрлытайшысы болудан кейін кеп қонғанымен сол саланың Қазақстанда мектебін құрып, оның практикалық қолданысының дәлеліне айналған Ақбастау, Құсмұрын тәрізді бірнеше полиметалды кен орнын ашу иегері атағын алуы да оның ғұламалығының дәлелі. А. Машанидің "Механика массива горных пород" (1961); "Основы горной механики" (1971) монографиялары дүниежүзі бойынша осы саладағы іргелі зерттеулер бірегейі. 1966 жылы неміс тілінде А. Машанидің "О закономерностях развития систем трещин в горных породах" ("Берг академии". №8. (ГДР)) мақаласының жариялануы Жер қойнауы геометриясы (Маркшейдерлік іс) ілімінің отаны Германия ғалымдарының Қазақ ғалымының геомеханикадағы табысын мойындауының дәлелі демекпіз.

Егер Ақжанның мамандығы бойынша атқарған қызметіне қоса жарты ғасырға жуық жетекшілік еткен "Маркшейдерлік іс" кафедра жұмысы мен ұстаздығын ескерсек, бір адамға жетіп артылар азаматтық міндет қой бұл! Ал, әл-Фарабиді ашуға, баба мұрасын зерттеуге қажет уақыт пен күш-жігердің көзін табу үшін тек Ақжан Машани болып жаратылу керек еді!

Баба жәйінде деректерді шетел кітапханаларынан табуға күмәнданбаған Ақаң тілек хатын Берлин, Лиссабон, Париж, Каир, Мадрид қалаларына жолдады. Әл-Фараби еңбегі табылар деген елдің бәріне баруға қаражат та, уақыт та көтермейтіндігі белгілі. Мұның алдында Москва, Ленинград кітапханаларынан табылған баба жәйлі аздаған деректердің ішінде: неміс тіліндегі екі, ағылшын және түрік тілдеріндегі бір-бірден табылған әл-Фараби еңбектерінің төрт библиографиялық тізімі шетел кітапханаларынан баба мұрасының көшірмесін сұратып алуға түрткі болады. Сөйтіп Ақжан ағаның қолында 1958-60 жылдары әл-Фарабидің оншақты шығармасы және оның еңбегін зерттеушілердің дүниелері болып еді. Осы деректер Ақжан аға Қаныш атына жазған анықтама-өтініште әл-Фараби мұрасын зерттеу қажеттігінің дәлеліне айналып, президент Қ.Сәтбаевтың "орындалсын" деген бұрыштамасымен Машани мейманасын тасытқан алғашқы қолдау алған тарихи оқиға болып еді. Сөйтіп, 1942 жылдан соң 1960 жылдың қарашаның 15-де ғылым ордасы ғимаратын жаңғыртқан әл-Фараби есімі екінші аталған-ды. А.Машанидің ХХ ғасырдың 61 жылдың басында-ақ әл-Фарабидің Отырардан шыққан қазақ перзенті екендігін бұлтартпас дәлелдерін ҚР ҰҒА Хабаршысында жариялады. Сөйтіп әлемдегі екінші ұстаздың қазақ перзенті екендігін дүниежүзіне Ресми мойындатқан құжат осылайша туды (Изв. АН КазССР. Общ. наук. 1961. № 5. С.38; Қазақ ССР ҒА-ның хабаршысы. 1961. № 5. 105-106 б.). Бұған қоса 1962 жылы А. Машани тұңғыш рет әл-Фарабидің философия үйренушілерге бағышталған 9 трактатын

аударып және суретімен (Білім және еңбек. 1962. № 1. 4 б., қазіргі "Зерде") ұрпағын ұшырастырды. Бұл, ұлы бабаның қазақ тілінде тұңғыш сөйлеуі еді. Бұған місе тұтпаған А. Машани өз қаржысымен әл-Фарабидің ғұмыр кешкен Таяу Шығыс елдерін аралады. Осы сапарында Дамаскідегі Баб-ас-Сағир зиратынан бабасының қабырын тауып, бір уыс топырағын әкеп Отырар орнына қосты. Сол жолы ол Сирия үкіметінен әл-Фараби басына белгі қоюға өтініш жасап, кейін баба басына орнатылған құлпытасқа мұрындық болды. Бұл 1968 жылдың еншісіндегі Ақжан атқарған іс еді. Мұның алдында әл-Фарабиді ашу жолында А. Машанидің Ташкенттен басталып, одан әрі жалғасып жатқан сапарлардың қуанышы мен қарбалас ренжісін қосарлай әкелген жылдар оқиғасы өткерілген еді.

Ақжан ағаның ұлы бабасының кіндік қаны тамған Фараби-Отырар қаласының бұл күндегі орны Отырар үйіндісіне бара жүріп, аржағында Ташкент шаһарына соқпай кетуі себепсіз еместін. Түркі тарихын өзіне меншіктеп алуда алдына жан салмайтын өзбек ағайындарының әдеті Ақаң таныс. Әл-Фарабиді қазақ етер қазықты қағып алған соң да Ташкенттік әріптестерінің әрекетінен қорғану А.Машаниға оңайға түскен жоқ-ты...

Ақаң Ташкентте - Бируни атындағы Шығыстану институтында Әл-Фараби туралы ешқандай деректің жоқ екендігіне көзі жетті әрі өзбек ағайындары әл-Фараби есімін мүлде естімеген болып шықты. Институт директорының орынбасары Мұзафар Хайруллаевтың Ақаң жинаған әл-Фараби тұрғысындағы азды-көпті мәліметтеріне таңырқауында шек болмады. Оның болашақ докторлық диссертация тақырыбының тағдырын да сол жолы анықтауға Ақаң себепкер болды, баба хақындағы қолындағы материалмен бөлісті, "әл-Фарабиге көз алартпандар" дегендей жоғарыда келтірілген Академия хабаршысы мен "Білім және еңбек" журналдарын сыйға тартты.

Әйтсе де Ақжан ағаның бұлтартпас дәлелді құжаттарын көре тұрса да өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының басында: "Мына сәлде киген молда кім өзі, қазақ болса руы кім екен, еңбегін неге арабша жазған?" деп қазақ ғалымдарымен ит-тартыспен өткерілген 3-4 жыл ішінде әл-Фарабидің өзбек тілінде бірнеше мұрасы жарық көріп, бұл кезде Хайруллаев ана жолы Ақаң ақыл берген тақырыпты игеріп әл-Фараби философиясынан докторлық диссертация қорғап алып енді қазақтың ұлы перзентін өздеріне еншілей бастаған-ды. Осындай әңгімені Ақжан әл-Берунидің 1000 жылдық мерейтойына барған жолы естиді: "Ақжан-ака, әл-Фараби заманында қазақ-өзбек еншісі бөлінбеген ел еді ғой, енді оны қазақ тумасы деп бөле тартпай, өзбек халқына да ортақтастыра бермейміз бе?" - дегенде Машанов: "Түрік тумаларын бөліп-жару қазақтан басталған жоқ еді ғой, ағайын. Науаи, әл-Беруни, әл-Хорезми туған кездерде де қазақ пен өзбек еншісі ортақ емес пе еді? Қазақ жері - Отырарда туған әл-Фарабиді ортақ еткілеріңіз келсе, онда өздеріңіз жеріне қарай еншілеп алған өзге даналарды да ортақтастырайық" - деген-ді... Сол кезде Қазақстандағы

фарабитанудан ауыз толтырарлық Машанов бастамасынан хабардар Мұзафар: "Хүп, Фараби қазақ болсын, Ақжан-ака. Бірақ сіз Ташкенге келіңіз, Бабанды тануға сізге барлық мүмкіншілік тудырылады", - деп қазақ ғалымдарының арасындағы баба мұрасына атүсті көзқарастан хабардар Мұзафар Фарабиді өзбек етудің енді басқа бір айласын ұсынған болатын. М. Хайруллаевтың әл-Фарабиді ташкенттік еткісі келген пиғылы 1971 жылы Мәскеуде өткен халықаралық конгрестің 13-інші мәжілісінде, яки ұлы бабаның ЮНЕСКО тарапынан 1100 жылдық мерейтойын өткізу мәселесі сөз болғанда тағы бір бой көрсеткен болатын. Осының кесірінен ұлы бабаның мерейтойын өткізу мәселесі қыл үстінде қалып еді. Оқиға былай болды: М. Хайруллаев сөз алып: "әл-Фарабидің мерейтойына арналған халықаралық ғылыми конференция тек Ташкентте өткізілуге тиісті, әрі баба мұрасы марксизм тұрғысынан әділ бағаланды", - дегенде, мәжілісті басқарушы Египет ғалымы столды қойып-қойып қалып, орнынан атып тұрған-ды: "Ислам ғылымының алыбы әл-Фарабиді марксизмге жүндетуге бере алмаймыз. Ғұламаның мерейтойы өзі ғұмыр кешкен араб елінде өтеді" дейді.

Осындай қысылтаянда Алланың құдыретін мойындатар бірер сөзді араб тілінде айтып, А. Машанов төрағадан сөз сұрайды. Өз тілінде тілек еткендігінен бе, төраға сабасына түскендей болды, Ақаң сөз береді. "әл-Фарабидің туған қаласы Фараб-Отырар, елі Қазақстан", - дей келіп, қазақ ғалымдарының баба мұрасын игерудегі игі істерін атап шығады да, Ақаң - төрағаны және басқа ғалымдарды - бүтін Араб, Шығыс елдерінің Орта ғасырдағы ислами ғылымының жұлдызының кіндік қаны тамған Отаны - Қазақстанға шақырды. "әл-Фараби ұлы ғалымдар қатарында халықаралық тізімге кіргізілсін, оның 1100 жылдық мерейтойы КСРО-да, Қазақстанда тойлансын" дейтін қаулы қабылданар мәслихатта Ақаң куә болған оқиғаның бір көрінісі әлгіндей еді... Жә, сөзімізді жалғайық.

Сол жолы Ташкенттен ештеңе таппаған Ақжан Азия және Қазақстан мұсылман қауымдастығын басқаратын муфти, араб тіліне жетік Зиалидин Бабаханмен танысып, "Фараби жайлы мәліметті Уфа, Қазан медресе-мешіттер архивінен іздестір" деген пікірін медеу тұтып, ат басын сол жаққа бұрған еді.

Әл-Фараби - Абай көпірі

Кезінде қазақ зиялылары білім алған ғалия медресесінің кітапханасы Уфа мешітінің қарамағында бәз-баяғы қалпында сақталған екен. Ақаң содан әл-Фарабидің үш кітабын бірден тапты. Оның бірі неміс аудармасы, ол өзінде бар-тұғын. Ал 1907 жылы Каирде шыққан екі кітапта ұлы бабаның он екі еңбегі және өмірбаяны жинақталып, мешіттің имамы Камал Башари қазі әл-Фарабидің қазақ-қыпшақ тумасы екендігін естіп қуанып, сол кітаптың бірін Ақаңа сыйға тартып, Қазандағы Маржани медресесінде, кезінде әл-Фараби

логикасы (мантих) жеке дәріс ретінде оқытылғандығы туралы айтады. Шынында да Шоқанның замандасы әрі досы Шағабутдин әл-Маржани әл-Фараби ғылымын жоғары бағалап, медреседе оның мұрасынан арнаулы дәріс оқытқан-ды. Соның арқасында әл-Фараби есімі Қазан-Уфа медреселерінде мәлім болған. Ендеше Ш. Маржани арқылы Абай мен Шәкәрім әл-Фарабиді білген.

Сол жолы Қазаннан іздегенін тауып, ең бастысы кезінде Құнанбай салдырған Қарқаралы-Семейдегі мешіттерде Қазан, Уфа медресесін бітірген имамдар ұстаздық еткендігін білетін Ақан сол молдалардан тәлім алған Абайдың әл-Фараби есіміне де, еңбегіне де қанық деген ой ұштығын ұстап қайтып еді. Соған дәлел ретінде Шәкәрім қажының ұлы Ахаттың Ақжан ағаға арнаған мына хатын еске алайықшы:

Ақжан!"

"Әл-Фарабиді еңбек етіп, ол діншіл еді деп жармасқан адамдардан оның ғалымдығы күшті деп ақтап шығып, түріктің, оның ішінде қазақтың әл-Фарабиін тірілттің. Сол әл-Фарабиді оқыған, тағлым алған Абай мен Шәкәрім туралы үн қатпай кеттің. Бұл қалай? 8/VI-1976".

Ахат Шәкәрімұлы Құдайбердиев ақсақал бұл тілдей хатты Ақжан ағаға Алматыда өткен "Мәдени мұраларды қорғау" мәжілісі кезінде берген еді. Ол кезде ол кісі Абай музейінің директоры болатын еді. Әл-Фараби есімін ол кісі шамасы әкесінен есіткен болу керек.

Әл-Фараби есімінен тағы өлеңіне қосқан ақын Мағжан Жұмабайұлы. Ол кісінің "Түркістан" поэмасындағы мынадай шумақты еске алайықшы:

"Тұранның кім кеміткен музыкасын,
Фараби тоғыз шекті домбырасын
Күңіrentіп тоқсан тоғыз күй тартқанда,
Тебіреніп кім төкпеген көздің жасын"

Мағжанның Уфадағы медресе Ғалияда оқығаны мәлім. Онда әл-Фараби еңбектері де және баба туралы Ш. Маржани еңбектері де болған.

Ақанның пайымдауынша, Абайдың даналық дәрия бастауы - қазақ халқының және шығыстың көне мәдениеті мен өнерінде. Бұның тек Абайға емес, әл-Фарабиге де қатысты екендігіне Ақан күмән келтірмейді. Себебі, Фараби заманында бүкіл өнер университеті - музыка саналып ғылымның ғылымы "философия" ретінде танылған тұсы орта ғасыр болатын. Осы түсінікті Абай заманына дейін қаймағы бұзылмай келді емес пе?! Ал ұлы бабаның Арабстанда ғұмыр кешуін, оның ғұламалығын қалыптастыру қажеттілігінен дегенді мойындай тұра, Абайдың даналық дариясына орыс мәдениеті бастау болды деген пікірге Ақан үзілді-кесілді қарсы болып келді. Болмысындағы даналық үшін Абайды орыс мәдениетіне қарыздар ететін пікірдің қалыптасуы Мұхтар есіміне тікелей байланысты. Ақжан мұны қасаң

заманның кіріптарлығы деп түсінеді. Әуезовтей көркем сөздің хас шеберіне Ақжан кезінде өз ойын жасырмай айтқаны бар-ды. Мұхтар: "Ақжан, сен осы менің "Абай жолымды оқыдың ба?", - деп сұраған бірде. "Мұқа, "Абайдың" бірінші томын оқып шықтым, ал екінші кітапты бастадым да, жауып тастадым". "Неге?" деген жазушы сауалына "Мұқа, сіз Абайға қазақ даласына айдалып келген орыстарды ұстаз етіпсіз, сондықтан әрі қарай оқуға зауқым соқпады" дегенімде, - "Абайды мен бір тұстан қарастырдым, кейінгі ұрпақ басқа қырынан келер", - деп Мұқан ойланып қалып еді, - деп Ақан сол кездесуді жиі еске алып отыратын...

Батыс ғылымының, әсіресе мәдениетінің бастауы орта ғасырдағы араб елдерінде жатқандығын, ал Шығыстың даму ерекшелігін қарастырғанда араб елдерін айналып өтуге болмайтындығын зерттеп, көз жеткізген А. Машани араб мәдениетін екі данаға да ортақтастыра отырып, Абай дүниетанымындағы араб ғылымының ықпалына шүбәланбайды. Сол, орта ғасыр ғұламаларының көшін бастаушылардың бірі де, бірегейі де Әбу Насыр әл-Фараби болғандығын білетін Ақжан, екі дана арасын жалғастырар желінің ұшы уысында екендігіне ешқашан күмәнданбап еді.

Әл-Фарабидің ұлылығын тек ғалымдығымен ғана емес, көп қырлы ғұлама, ерен өнершіл, әрі ақылдылығымен ұштастыратын Ақан: "...Бұл кісіден бұрында, кейін де даналар болған. Бірақ олардың ішінде дәл Фарабидей геометрия, музыка, астрономия сияқты үш салаға бірдей ұлы үлес қосқан... аса ірі жаңалық ашқан ғалымдарды табу қиын... Платон, Аристотель, Птоломей... музыканы жөнді меңгере алмағандығын өздері жазып кеткен". Ал "әр халықтың музыкасы сол ұлттың болмысын аңғартады" деген баба қағидасына қанық Ақжан, қазақ топырағында ұлы бабаға жақын, рухани сабақтас адамды іздестіргенде Абайды айналып өте алмады.

Ғалым ағайындардың осы екі тұлғаның даналық сипатын, рухани сабақтастығын зерттеуде әжептеуір іс тындырғанымен бұл екі дананың азаматтық болмысын байланыстырып, үлгі-өнеге етерліктей істі ұрпақ жетесіне жеткізе алмай келемін-ау деген күдік студент-жастар арасында жүрген ұстаз Ақжан А. Машаниді ылғи да алаңдатушы еді. Дана Абайды тек ақын ретінде танып, әл-Фарабиді тек ғалым деуге бейім тұрамыз. Абай даналығын зерделеу күні бүгінге дейін әдеби шеңбермен шектелуде деп топшылайтын Ақанды: "Абайдың ғылыми, табиғи пәлсапалық мирастарын өз деңгейінде зерттесем" деген ой өріле берді. Айтты-айтпады, осы екеуінің даналығын айта білгенде, олардың рухани сабақтастығын неге қоса зерттемеске?! Мұның көкейкестілік мәнінің өзі - қазақтың екі ұлы перзентінің арасын жақындастыру, үндестіру нәтижесінде халқымыздың мың жылдық рухани, мәдени болмысын тірілту емес пе?! Демек, бұл - бір адамға артар жүк емес, тәуелсіз елдің игі мақсаты болғандықтан қауым болып қолға алар қастерлі іс. Бірақ оны бастау керек ғой. Міне, елу жылдай саналы ғұмырын бабасы әл-Фараби болмысын

сомдауға, мұрасын ұрпағына зерделеп жеткізуге бағыштаған Ақжан А. Машанидің тоқсанға аяқ басқан шағында Абай тақырыбына қалам кезенткен осындай ой-толғам болатын. Нәтижесінде "әл-Фараби және Абай" зерттеу еңбегі туып, 1994 жылы Абайдың 150 жылдық мерейтойы қарсаңында оқырман қолына тиіп еді. Екі дана қағидаларының мәнін тарқата таратып, ұрпаққа қажет ұғымдар мен ұлттық ұлағаттылықты аңғартқан, ел болуды ескертіп, ата салған ынтымақ бірліктен таймауды танытар "Әл-Фараби және Абай" - Ақжан сынды азаматтың ғана алар асқары екендігін дәлелдеп еді. Абайтануда тыңнан соқпақ салып, соны бастамаға мұрындық болған, әл-Фараби болмысын елестетер ғұламалыққа жеткен Ақжанның - А. Машани атануына даярлық курсы тәмамдап, сонау 1934 жылы Қазақтың кен-металлургия институтының геология факультетіне тұңғыш қабылданған студентінің бірі болған бала жігіт Ақжанның алдында саналы ғұмырының елу жылдық тайғақты тар жолды жүріп өтуі керек болды.

Уақыттан оздырған дағдыр

Қазақ халқы үшін шын мәнінде өз тәуелсіздігінен қымбат құндылық болмақ емес! Сол құндылықты ардақтаудың басты шартының бірі - бүгін өркениеттің ұлы көшіне ерген тәуелсіз Қазақстан мемлекеті атын тағынған ұлттың болмыс бітімін сақтап қалуда ары үшін жанын пида етуден де тайынбай, тар жол тайғақ кешкен азаматтар есімін ұрпақ тәрбиесінің шамшырағына айналдырумен тікелей байланысты деп білеміз. Осындай азаматтың бірі де, бірігейі де - фарабитанудың Кіндік Азия бойынша атасы саналатын ғұлама Ақжан Жақсыбекұлы Машани (Машанов). Міне, кешегі қызыл империя қыспағында жүріп-ақ, тілі тұрмыстық деңгейге дейін құлдыраған, дінінен аласталып азып, діні титықтай бастаған елінің ұлттық рухын жаңғыртуда қауым болып арқалауға 30-40 жыл бұрын дағдыр сыбағасын дара еншілетін жағдай осындай еді. Сөйтіп, әлемдегі екі ұстаздың бірі - "әл-мұғалім әл-сани" атанған әл-Фарабидің қазақ перзенті екендігі дәлелденді. Бұл - "көшпенділердің өркениетке қолы Кеңес дәуірінде ғана жетті" делінетін коммунистік идеологияның көбесін сөккен соққының алғашқысы болатын.

1968 жылы А. Машани өз қаржысымен әл-Фарабидің ғұмыр кешкен Таяу Шығыс елдерін аралады. Осы сапарында Дамаскідегі Баб-ас-Сағир зиратынан бабасының қабырын тауып, бір уыс топырағын әкеп Отырар орнына қосты. Сол жолы ол Сирия үкіметінен әл-Фараби басына белгі қоюға өтініш жасап, кейін баба басына құлпытас орнатуға мұрындық болды. Кім біліпті, егер сол жылы Ақаң Дамаскі бармаса ғой, бәлкім күні бүгінге дейін баба басына белгі де қойылар қойылмасы екі талай еді.

1971 жылы Москвада өткен ғылым тарихына арналған ЮНЕСКО-ның 13-конгресінде әл-Фарабиге арналған симпозиумда А. Машани бастаған Қазақстан ғалымдарының зерттеулері әл-Фарабидің 1100 жылдық мерейтойына

арналған халықаралық ғылыми конференцияны СССР-де, Қазақстанда өткізуге шешім алуына негіз болды. Сөйтіп, ұзақ жылдар бойы дүниежүзілік "екінші Аристотель" аталған әл-Фарабиге арналған ғылыми форум 1975 жылы қыркүйектің 8-13-де Москвада басталып, ұлы бабаның өз отаны Қазақстанда - Алматыда аяқталған болатын. Осы кезеңде А. Машани әл-Фараби мұраларын игеруге арналған 32 ғылыми еңбектер жариялап үлгерді. Оның 5-еуі жеке кітап, монография болатын. Мұның ішінде "Фараби" (1970) тарихи роман да бар еді.

Бұл қазақ әдебиетінде әлемдік екінші ұстаздың көркем бейнесін сомдаған тұңғыш, әрі соңғы (әзірге) шығарма болып қалып келеді.

А. Машани соңғы демі таусылғанша саналы ғұмырының жарты ғасырлық уақытын әл-Фараби мұрасын зерттеуге арнады. Қазақстан ғалымдарының ішінде ұлы Бабаның ғылыми өміртарихын жасауда теңдесі жоқ мұра қалдырды және әл-Фараби қағидаларының бүгінгі ғылымдағы көріністері мен қазақтың дүниетанымдық пайымдауларын зерделеуде фарабитану методологиясының ғылыми ислами негізінің концепциясын жасады. "Ғажайып от ошағында" (1973), "Космология Аль-Фараби и ее влияние на Западе" (Историко-астрономические исследования. М., 1975), "Табу" (1982), "Ай арысы - ғылыми жаңалықтар" (1996), "Қазақстанның Тас-Қола дәуір мирастары" (1996) "Космос және Космология" (1999) тәрізді басылымдары мен "әл-Фараби және музыка", "Тұран қақпасы", "Тұран аспаны", әл-Фарабидің "Табиғат мәтфуғат" трактатына арналған "17 дәптері", "ғылым және дін" тәрізді мұралары А. Машаниді фарабитануда даралайтын және Қазақстанда исламның ғылыми негізін тұңғыш зерделеген зерттеулер. Осы ретте, қазақтың екі ұлы перзентінің рухани байланысы пайымдалған А. Машанидің "әл-Фараби және Абай" (1994) монографиясы абайтанудағы ресенанстық жаңа бағыттағы зерттеу ғана емес, қазақ халқының мыңжылдық мәдени тарихын танудағы тыңнан тартылған желісі деп те бағалауға әбден лайықты дүние. 1984 жылы Кувейттің "әл-ғараб" (№308) мерзімдік басылымында "Әл-Машани" бүркеншек атпен жарияланған мақала, әл-Фарабиді "Аплатон" деп мақтан етіп, өз ғұламасы санайтын араб жұртшылығының қазақ ғалымы Ақжанның баба мұрасын игерудегі ерен ісіне берілген әділ бағасы деп қабылдауымыз керек.

А. Машани ұлттық құндылықтарды қалыптастырудағы жастарды ғылым мен техникаға баулудың мәнін де 30-40 жылдай бұрын болжай білді. Мәселен, А. Машани институтты жаңа бітіре сала 1940 жылы И. В. Мушкетовтың "Краткий курс общей геологии" мен Н. Потемкин бастаған авторлардың "Геология и минералогия", академик В. П. Обручевтің "Основы геологии" оқулықтарын қазақ тіліне аударуы және ол даярлаған геология, кен ісі, металлургия салаларынан алғаш терминдік сөздігі, оның 1948 жылы - "Жердегі тіршіліктің пайда болуы және дамуы", "Таулар қалай пайда болды", академик Қ. И. Сәтбаев "Алғы сөз" жазған "Жер сыры", ал 1949 жылы шығарған - "Жердің құрылысы" мен "Жерсілкіну" тәрізді ғылыми-көпшілік жанрындағы

кітаптарды туындатқан шығармашылығының бастауы болды. Ал, А.Машанидің "Жер астына саяхат" (1957) романы қазақ әдебиетіндегі ғылыми-фантастика жанрының тұңғыш туындысы болып саналады. Сөйтіп, А. Машани қазақ әдебиетінің ғылыми-көпшілік, фантастика тәрізді балауса жанрларын дамытты, оның тұңғыш қазығын қаққан классигі болып төл тарихымызға енді.

А. Машани алпыс жылдай үзіліссіз ұстаздық етіп, он мыңдаған кен инженерлерін даярлады. Оның қаламынан туған 300-ден астам ғылыми еңбектер мен ұлттық құндылықтарды дамытар зерттеулердің қатарында тұңғыш рет қазақ тілінде жазылған "Кристаллография, минералогия және петрография" (1969), "Геомеханика" (1995) оқулықтары тұр. Демек, алғаш студенті, тұңғыш түлегі болып аспирантурасын алғаш тәмамдаған оқу орны Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ҰТУ-інде 63 жыл бойы табан аудармай инженердің үш ұрпағын даярлауға атсалысқан А. Машанидің ұстаздық ісінің өзі бір төбе.

Міне, қазақтың ұлттық құндылықтарын мансұқ ету арқылы оны жою саясатын ұстанған кешегі қызыл империя кезінде А. Машанидің өз халқының рухын күйзелтпей дамытуға қосқан азаматтық істерінің басты бағыттары осылар. Ендеше оны марапаттаған Еңбек Қызыл Ту, Ленин ордендері Ақжан тындырған ұланғайыр азаматтық ісінің толық бағасы дей алмаймыз. Әйтпесе, бүкіл әлем ардақтаған "екінші Аристотель" - Әбу Наср Әл-Фарабидің 1100 жылдығын тойлау қарсаңында баба мұрасын түп нұсқадан танысу үшін елу жасында, мешіт имамдарынан араб тілін үйреніп жүрген А. Машаниді "коммунист профессор мешітке барады, намаз оқиды" деп қудалауы көп нәрсені аңғартса керек. Егер ХХ ғасырда Қазақстан ғылымының басты жетістігінің бірі әл-Фараби мұрасын игеру десек және бұған қоса Жер ғылымының жаңа саласының негізін салған А. Машаниді өзі құрылтайшы болған ҰҒА-ның толық мүшесіне өткізбей "ғылым мен техникаға еңбек сіңірген қайраткері" атағымен шектеуі оған жасаған моральдық репрессия деп қарау керек және 1946 жылы қорғаған докторлық диссертациясының Мәскеуде хабар-ошарсыз кетуі де ұлтжанды азаматтың тартқан жазасы деп білеміз.

Дей тұрсақта 1997 жылы мамырдың 2-не қараған түнінде фәниден 91 жасқа қараған шағында өтіп, ғұмырының соңғы жұмасына дейін қаламын тастамай әл-Фараби мұрасын зерттеумен айналысқан, жоғарыда айтылған асыл мұраларын ауыр науқаспен арпыласа отырып жазған А. Машанидің рухын қызылдың қыспағы да күйрете алмаған-ды.

Бір ғана мысал 1975 жылы қыркүйектің 8-13 аралығында Мәскеуден бастау алып, Алматыда аяқталған әл-Фарабидің 1100 жылдығына арналған халықаралық конференция қазақты көшпелі тайпаға теліп, тарихын құрдымға санап, мәдениеті мен ғылымын қазан төңкерісінен басталады деп орысқа қосақтауды саясат тұтқан идеологияға берілген алғашқы, соңғы да өз аға Ақжан Машани есімді қазақтың біртуар азаматы мұрындық болған іспен тікелей байланысты болды деп енді нық айта аламыз. Бірақ Қазақстанда фарабитану

одан әрі дамып кетті деп айта аламыз ба, кәне бұл туралы алдымен саналы ғұмырының жарты ғасырлық мерзімін баба мұрасын игеруге арнаған Ақжан аға пікіріне құлақ түрейікші алдымен: енді өткенге ой жіберсем коммунистерге әл-Фарабиді туған халқынан аластатудағы мақсаты "жуас түйе жүндеуге жақсы" дегендей қазақты бұйдалап, орыс жетегіне біржола алу екен, туысқан өзбек-қазақ арасына жік салу екен... Бізге "Әл-Фарабиды зерттеме" деп ашық тиым салынбағаны да рас, жұмыла бастаған істі тоқтатып тастады деп те айта аламыз ба?! Жоқ. Өйткені ондай іс Қазақстанда басталған жоқ қой. Бастық аузына қарап емеурінің ернінен тануға даяр тұратын "тіл алғыштығымыз" шаш ал десе бас алуға даяр тұратын принципсіздігімізді кімнен көреміз? 32-інің зұлматына да, 37-нің қара түнегіне де белсене кірісіп жасасқан өзіміз емес пе едік, ағайын!... (Адами және ғалыми парыз. Ана тілі. 21.07.1996).

... Жә, қызыл империя саясаты солай болды делік. Енді егемен алған 5-6 жылдан бері әл-Фараби заманы туғанда баба мұрасын игеруді ойластық па? Көшені атау, университетті атау - баба мұрасын игеру емес. Егер әл-Фараби сынды алыпты жастарды тәрбиелеуде тағылым етсе, ұрпағы оның мұрасы төңірегінде топтасса, қазақ ел болар еді-ау! Ендігі жалтақтығымызға жол болсын?!

Осы тұста өзім куә болған мына бір жәйді айта кетейінші. 1960 жылы жаңадан құрылған қазақ тіліндегі ғылыми-көпшілік "Білім және еңбек" журналы 5-курс студенті кезімде техника саласында "жазуға ыңғайы бар маман" ретінде мені жұмысқа шақырған-ды. Осы журналда ғылым мен техника бөлімінің меңгерушісі болып істеген жылдары бұрынғы ұстазым А. Машановты әл-Фараби зерттеушісі санатында қайта ашып едім. 1962 жылғы журналдың № 1 санында жарияланған ұлы бабаның бейнесі және оның алғашқы рет қазақ тіліне аударылған мұрасы "Философияны үйрену шарттарының (Рисалаб)" қолжазбасын Ақаннан алып, редакцияға әкелгенім бар. Мақалада дүние жүзі жұртшылығы (біздің советтік елден басқасы) әл-Фарабиді "әл-мұғалим әс-сани" - екінші ұстаз, яғни "Шығыстың Аристотелі" деп атайтындығы жазылған-ды. Коммунистік идеология ықпалымен орыстың Ломоносовынан басқа ұлы ғалым жоқ деп өскен қазақ оқырманы әл-Фарабиді күмәндана қабылдап, әрі ұлтшыл болып кетермін деп оның есімін сыбырлап қана айтатын. Тек 1963 жылы "Юный техник" журналының №8 санында аталмыш материал жарық көргеннен соң ғана "панисламизм", "пантүркизм" қаупінен айыққан оқырман бабасының ұлы ойшылдығын айтуға қысылып-қымтырылмайтын жағдайға жетіп еді.

Ақжан ағаның Фарабитану жолында өзіміз куәлік ететін меңнатының бір түрі мынандай болатын.

Ұлы бабаның мерейтойына даярлықтың қызған кезі еді. Сол кезде араб тілін жетік білетін Алматы орталық мешітінің имамдары Ғаббас молда мен Сәдуақас қазига Ақан баба мұрасын аудартуға және өзі де арабша үйрену үшін ат құрғатпай жиі барушы еді. Бұл жәйт "қызыл қырандар" назарына

ілінбей қалмады. Домалақ арыздар Орталық Комитетке дейін жетті. Бәрінен де сол кездегі Алматы облыстық атқару комитетінің дін жөніндегі бөлім меңгерушісі К. Шәймерденовтың "Советтік жоғарғы мектептің профессоры, коммунист Машановтың мешітке барып, намаз оқитындығы" жөнінде ерекше ыждаһаттықпен бес бетке сірестіре жазылған құнды "ақпараты" Ақанды талай-талай аудандық, қалалық, облыстық партия комитеттерінің есігі алдында мүсәпір күй кештіріп еді. Тек Д. Қонаевтың "Қартты мазаламандар" деген нұсқауынан соң "дана" партия Ақанды жайына қалдырды.

Обалы не керек, құдайға сенетіндерді күстаналап, нан тауып жүрген Шәймерденовтың "Машанов мешітке намаз оқиды" деуі бекер емес-ті. Алайда әл-Фарабидің ғұламалық болмысын, мұрасын зерттеу үшін А. Машаниға бабасы тәрізді ислам жолын тандаудың қажет екендігін Шәймерденов тәрізді топастар қайдан түсінсін...

Әл-Фараби мұрасын зерттеу үшін Ақжан ағаның сөзімен айтсақ ең қажеттіліктің бірі: *"әл-Фараби барлық ғұмырын шындық жолына, халықтың ісіне жұмсаған, ол - әулие. Онымен айналысам деген адам соның өзіне ұқсап бағу керек. Олай болмаған күнде ісінің ешбір қайыры болмайтындығы"* (А. Машанов. "Әл-Фараби және Абай". 1994. 14 б.). Егер Ақжан зерттеуінен ұлы баба болмысын танитындығымыз рас болса (Рас!), бұл А. Машанидің баба ғибратты ғалымдығының дәлелі деп білетіндігіміз.

Бұл ретте 2001 жылдың аяқ тоқсанында ұлы бабаның 1130 жылдығына арналған халықаралық конференцияның оның кіндік қаны тамған жерде өткізіліп, Ақанның зайыбына Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің арнаулы ақшалай сыйлығымен қоса әл-Фарабиді ұрпағымен алғаш қауыштырушы Ақжан Жақсыбекұлы Машаниға №1 куәлігінің табыс етілуі сол үрдістің бастамасы деуге әбден болады. Ал, барша саналы ғұмырының тыныс-тіршілігіне куә болған ұжым Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің ғалыми кеңесінің 2002 жылдың 22 қарашадағы *"А. Машани мен Шығыс ғұламаларының ғылыми-техникалық және руханияттық құндылықтары"* оқу-тәрбиелік орталығын құру туралы қабылдаған шешімі машанитанудың бастауы деу керек. Саналы ғұмырының төрттен үш бөлігін арамызда жүріп ұлтымыздың рухани дүниесін жаңғыртуда өшпес мұра қалдырған әл-Фараби бабасынан ғибраттанған ғұлама тәлімін инженерлер тәрбиесінің қолданысына айналдыру бізге парыз.

ФАРАБИДІ ТАНЫТУ

Әл-Фарабиді танытудағы

А. әл-Машанидің

таңдамалы еңбектері

**"Өмір қысқа. Ол – қас-қағым сәт..
өмірде тек адам тындырған
жақсылық қана қалады,
өмір сонысымен де құнды"**

(Жан-Жак Руссо)

АДАМИ ЖӘНЕ ҒАЛЫМИ ПАРЫЗ (толғау-үндеу)

Ақжан Жақсыбекұлы Әл-Машани:

*Академик әріптестеріме айтарым және
Ел басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы
Назарбаев інімнің назарына*

Халқымыздың үміт артып, бетке ұстар қадірлі қауым, академик бауырларым!

"Елу жылда ел жаңа" дегендей мінекей, Академияның шаңырақ көтергеніне елу жылың толып қалыпты-ау! Ғылым ордасының құрылтайшы құрамына кірушілердің бірлі-жарымы қалыппыз. Біздер бастаған істердің дұрысын дамытып, бұрысын дұрыстап, терісін жөндеу, кейінгі толқын сіздердің істеріңіз енді. Осы тұрғыда сіздерге ескертер-жадыгер, ойласар тақырып, тапсырма-мирас ретінде бірнеше мәселелерге тоқталғым бар.

Менің тоқсан жасымда көз жеткізген шындығымның бірі тек адам қаншама қиындық көрседе рухани нәрі таусылғанша күйремейтіндігі, сондықтан болар дүниеде не бір сойқан соғыс өткенімен, ол ешқашан адамның рухани дүниесін өшіре алмайтындығының айқын көрінісі - кешегі сұрапыл соғыс аяқталысымен сонау жанталас жылдары ауызға алынған - Қазақтың ұлттық ғылым академиясын құрудың бірден қолға алынуы.

Ғасырлар бойы отарлық бұғауда болған, одан соң қилы қырғындарға ұшыраған қазақ халқы үшін Академияның құрылуы рухымыздың шамшырағы жанғандай әсер етті. Сондықтан біздер, алғашқы құрылтайшылары миллатқа адал еңбек етуді өзімізге зор парыз тұттық. Мұның аты халқымыздың елдік, адами қасиетін сақтау, дамыту, қазақтың тарихи орнын анықтау, ғылыми, рухани, діни-мәдени мұраларын сақтау, дамыту, әлемге таныту. Бірақ та біздің осынау ізгі ісіміз сол кездегі үстемдік еткен отаршыл, атеист-топас билеуші топтар мақсатына қайшы келді. Олардың ойлағаны халқымыздың келешегі емес-тін, қайта бар мұрамызды жоққа шығару еді. Олар қазақ халқының тарихи ізі де жоқ, тарихы да жоқ, ғылыми тілі тұл, тек тұрмыстық, ал діні жартылай ислам ғана, белгілі қонысы болмаған шұбырынды тайпа, яғни өзінен өзі құрып бара жатқан ел еді деп, ал қазақты ұлт етіп сақтап қалған орыс мәдениеті деген жалған идеология ұстанды. Осы сөздерді естіп те жүрдік, сан қилы сұрқия әрекеттерін көрдік те. Іш қазандай қайнайды, қолдан келер айла болмады... Осы сарындас баяндамадан кейін сол кездегі Академия президенті Қаныш Сәтбаевқа кірдім. "Осындай жалғандықты айтуға сіздің аузыңыз қалайша барды. Масқаралық қой" бұл дедім. Сонда ол кісі: "сол сөздерді маған Орталық Комитеттен (ЦК) жазып берді. Менің кінәм соны оқыған" деп мұнайа отырып шынын айтты.

Осы тұста Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Димаш Қонаевпен осы тақырыпта арада болған мына бір сөздер еске оралады.

Бірде Мұхтар марқұм "Абай жолы" романы туралы пікірімді сұрады. Мұқа, "Абай жолының" бірінші кітабы қазақ өмірін көрсетуде толық мағыналы жақсы дүние. Ал, екіншісін аяқтай алмай жауып тастадым. Өйткені сіз онда Абай даналығының көзін ашқан орыс мәдениеті деген ой тастағансыз. Бұған қосылу қиын. Сондықтан оқымадым әрі дедім. Мұқан сәл ойланып барып: "Сенің сыныңда да шындық бар болар. Мен Абайдың бір саладағы істерін көрсетуге мәжбүр болдым. Басқа жағын басқалар жаза жатар" деді. Бірде Сәбит: "Әй Машанов, сен осы "Аққан жұлдызды" оқыдың ба" деп пікірімді білгісі келді. Менің Сәбеңе берген жауабым мына тұрғыда шықты: Шоқан сынды тарихи тұлға өмірін жазуда, менің ойыма Солонның мына бір сөзі есіме оралады: Гректің атақты философы Солон Мидия патшасы Крезге: "Адамның бақыттылығы өлер шағында ғана белгілі болады" деген. Оның шындық деп сенгені, істері алдамшы екендігін Шоқан көзі өлер шағында жетіп: патша берген шен-шекпенінен безіп, халқының ғұрпына келіп, көз жұмды емес пе? Осы шындықтың бетін қалай ашпақпыз, Сәбе? – деп қарсы сұрақ қойдым, Сіз осыны шығармаңызда көрсетсеңіз деген тілек білдірдім. Жазушы келісетін сыңай танытты. Бірақ роман аяқтаусыз қалды... үлкен өкініші осынау тарихи ащы шындықты біле тұра Академия ғимаратының алдында шындықтан адастырар Шоқанның патша берген шен-шекпенін кигізіп шілтитіп қойғызған идеология қанжығасындағы мүсінді тұрғызуымыз, орыс мәдениетінсіз қазақтың ұлттық болмысы жоқ деген идеологияны әлі де қолдайтындығымыз-ау деймін.

Менің әл-Фараби мирасын зерттеу жөнінде Қаныш Имантайұлына алғашқы жазған хатымда ол кісінің "келісемін, зерттеу керек" деген қолы бар. Бұл 1961 жылы болатын. Зерттеу ол кісі науқасымен, өлімімен бірнеше жыл кешуілдеп қалды. Тек Шаһмардан Есенұлы кезінде (1968) айтылған тақырып күн тәртібіне қойылды.

Сол қарсаңда ЦК-дағы Димаш Ахметұлы Қонаевқа кірдім. Ол кісімен шақтыда бірге істеген таныстығым да болатын. Мәселені ашық айттым. Ислам мәдениеті мың жыл бойы дүниежүзілік ғылымды дамытқан, ғаламда ғылыми жол ашқан. Атап айтсақ бүгін дамып кеткен Батыс Европаның ғылымға көзін ашқан да сол ислам ғалымдары. Бұл іс ғұлама-ғалым хәкім Абу Наср әл-Фараби атымен тығыз байланысты. Яғни ол дүниежүзі ғылымының көзін ашқан болса және оны жаңа заманда дамытқан адам "Екінші ұстаз" ал-муғаллим ал-Сани Абу-Наср әл-Фараби болып танылған. Сол кісі біздің бабамыз. Отырарда (Фарибта) туған. Осы зерттеуді мен қолыма алдым, дедім.

Бір қиындық ол кісінің еңбектерін араб тілінде оқитын, иманды болғыр, Ғаббас молда мен Сәдуақас қазі екі қарт мешітте істейтіндігін, мен солардан арабша үйреніп, ислами мәдениетті алдымен өзім білуге тырысып жүргенімді, бәз біреулер мен намаз оқу үшін мешітке барды деп үстімнен арыз түсіріпті.

Қонаевқа барған жолы солардан мені қорғап қалуға сенің шамаң келе ме? – дедім. Мәселені ашығынан қойып болмаса мен, партбилетті осы арада өз қолына тапсыратынымды айттым. Ол кісі иманды болсын сондағы маған айтқаны: "Саған ешкім де тимейді әл-Фарабиді зерттей бер, билетің өзінде болсын!" - деді.

Осы сөздің өзі сол бір қысылшаң кезде едәуір медеу болды. Бұл біздің ішкі пікіріміз секілді нәрсе екен, өйткені Москвада отырған басшылардың ұстанған бағыты бұған қарама-қайшы екендігін, әр қилы айла-тәсілдерді баба мұрасын зерттеу барысында көріп те, сезіп те көзім жетті.

Он бес жылдай тынбай еңбек етудің арқасында, Алланың берген абыройы, біздер әл-Фараби мирасының біразын қолға түсіріп, аз да болса жариялап үлгердік. Соның нәтижесінде көптеген айтыс-тартыстарда мәселе біздің пайдамызға шешіліп жүрді. Оған бір мысал:

Әбу Насыр әл-Фараби жөнінде ЮНЕСКО қаулысы 1971 жылы тамыз айының 18-24 күндерінде Мәскеуде ғылым тарихы жөніндегі халықаралық ХШ – конгресте қабылданып еді. Кеңес одағының, оның ұйымдастыру комитетінің төрағасы академик Б. М. Кедров, ал орынбасары А. П. Юшкевич: сол кездегі ислам мәдениеті көзін ашқан да, "Екінші ұстаз" болып та танылған. Сол кісі Отырарда (Фарибта) туған сіздердің бабаларыңыз... Осы зерттеуді мен қолыма алдым, - деді.

Мәселенің көбісін шешетін сол кісі еді. Оның қаламдас достары Б.А.Розенфельд және Э. Кольман екі ғалымдар еді. Олар әл-Фараби еңбектерін білетін, бізбен тілектес еді. Соғыс жылдары Алматыда болған Кольманның Әл-Фараби есімін тұңғыш естіп, баба мұрасын зерттеуге бел бұғаны және бар..

Осы ғалымдармен ақылдаса келіп, біздер Әл-Фарабиді ЮНЕСКО тізіміне кіргізіп, оның 1100 жылдығын өткізу мәселесін көтердік. Симпозиумда (Труд. Наука. 1974) баяндамалар жасадық. Осы мәжілісте күтпеген жерден өзбекстан ғалымы М. М. Хайруллаев мінбеге шығып: Әл-Фараби мирасын зерттеу орталығы Ташкентте болсын. Ол кісінің мұрасын марксизм негізінде, диалектикалық материалистік тұрғыда біздер ғана өз дәрежесінде өткізе аламыз. Қазақстанда оны зерттейтін маман жоқ, әл-Фараби болса бәрімізге ортақ тума дегені бар емес пе.

Симпозиумда төраға болып отырған Мысыр (Египет) ғалымы (есімі жадымда жоқ) еді. Ол кісі ашуланып столды қойып-қойып қалып, айқай көтерді. Залдағы шетел ғалымдары да ысқырып, шулап тұрып кетті. М.М. Хайруллаев мінбеден түсіп жоқ болды. Мысыр ғалымының ызасына тигені әл-Фараби ілімін марксизмге апарамыз деген түсінік болды. Ол: "Бізге әл-Фарабидің кім екені жақсы аян. Сендер оның марксизмге бағындырмақшысыздар. Бұған жол беруге болмайды. әл-Фараби мерекесі оның еңбек еткен жерінде, Бағдатта өту керек" - деді.

Осылайша қауіпті жағдай туғанда мен де орнымнан тұрып төрағаға арнайы

сәлем беріп бас иіп, сөз сұрадым. Бір ауыз мұсылмандық сәлемге ол кісінің іші жылыды білем, жылышырай танытып маған сөз берді. Зал тынышталды. Мен өз сөзімде алдымен М. Хайруллаевты ақтау қажет болды да: оны мен толық тындадым деп бастап, шешеннің сөзінен әл-Фарабиды материалист-марксист ету деген пиғыл туындамайды, басқа философиялық мағынада, яғни салыстыру мағнасында айтылған еді. Бәлкім тілмаштан кеткен ағаттық болар, деп жуып-шәйдім да ойымды былайша қорыттым: Расында біздер, Алхамдулла, әл-Фараби мұсылман екендігіне шек келтірмейміз. Оны ешкім басқа жаққа бұра алмайды. Ал мен болсам, әл-Фарабидің нағыз туған жеріненмін. Хайруллаев біздегі басқа республика адамы. Әл-Фараби тойына дайындалушылар біздер. Біздер Қазақстан ғалымдары осы отырған баршаларыңызды әл-Фарабидің туған жеріне қонаққа шақырамыз. Сіздер басқа ел ғалымдарысыз, біз сіздерсіз әл-Фарабидің мирастарын таба алмаған болар едік. Соны сақтап, зерттеп келген ғалымдарға зор рақымет айтамын, деп бір сыпыра шетел ғалымдарын атап шықтым. Залдағы ғалымдар біздің зерттеу істерімізге разы болды. Келесі мәжілісті жүргізген Германия ғалымы Булл: "Мен Әл-Фарабидың бір ғана еңбегімен таныстым. Ол французша аударылған, оның музыкаға арналған кітабы. Соның өзі ол кісіні ЮНЕСКО тізіміне кіргізуге боларлық дүние. Оның үстіне Қазақстан ғалымдары талай жаңалық қосып отыр. Ол үшін оларға зор рахмет айтамыз. Және Әл-Фарабидің 1100 жылдық мерейтойын оның туған жерінде, Қазақстанда өтетін болсын" деп ұсыныс енгізді.

Осы шешімнен кейін біздердің тасымыз өрге домалағандай болып еді. М. М. Хайруллаев сол мәжіліс аяқталысымен маған жүгіріп келіп, құшақтап: "Сізге бекхұрсан болдым" деп рахметін айтып жатыр. Сіз болмасаңыз мен өте қолайсыз жайға қалатын едім. Бірімізді-біріміз осылай қорғамасақ бола ма. өзбекте де, қазақта да әл-Фарабиді танытқан сіз ғой деп жалпақтап, өзінің солай сөйлеуіне жол берген басшылар екендігін де мойындады. Демек біреуді біреуге айдап салу партияның белгілі әдісі бұл жерде де бой көрсетіп еді.

Шынтуайтын айтсақ, ең алғаш рет әл-Фараби есімін М. Хайруллаев менен естіген болатын. Алпысыншы жылдардың басында мен әл-Фараби мирасын жинап жүрген кезде ол, әл-Беруни атындағы шығыстану институтында істейтін, философия ілімінің кандидаты болатын. Әл-Фараби мирасынан докторлық жазуға материалмен қоса кеңес берген де мен едім. Сол арқылы ол өзбек академиясына кейін корреспондент мүше болды, ЦК-ға ғылыми қызметкер болды. Ал, ісі анау ...

Қысқасынан алғанда ЮНЕСКО қаулы алған соң Мәскеу басшылары еріксіз әл-Фараби тойын Қазақстанда өткізуге мәжбүр болды.

Бірақ мерейтой өткізілісімен әл-Фарабиды зерттеу ісі Қазақстанда қайта тоқырап қалды деуге әбден болады. Бұл да сол солақай саясаттың ызғары еді... Өйткені 1100 жылдық мерейтойда қабылданған қаулы қағаз жүзінде қалдырылды.

Ислам мәдениеті жөнінде КСРО-да бір орын жетеді. Ол Қазақстанда ислам

мәдениетіне негіз жоқ деген Мәскеу бұйрығы ақыры орындалды. Мұның аты біздің халқымыздың 1200 жылдық тарихын жоққа шығару еді. Бұл маскара қиянат атеистердің дәлелдемек мақсаты еді. Өйткені олардың Қазақстанның көзін ашқан орыстар деген идеологиясының жалғандығын жәйдің оғындай тас талқан еткен әл-Фарабидің өз еліне оралуы болатын. Сөйтіп олар өзбектерді тағы қоздырды. Осындай таластың кезінде өзбек ғалымдары мынандай мәселе қойды: әл-Фараби заманында Қазақ мемлекеті болған жоқ. Ол түркі халықтарға ортақ тұлға. Оны сендер неге меншіктенесіңдер? Біз оларға: Бұл тарихи шындық, жеке мемлекет атану ол кезде тек біздер үшін емес, қазіргі Орта Азияға ортақ шындық емес пе. Олай болғанда әл-Хорезми, әл-Беруни, Авиценна, Ат-Туси, Низами, Науаи, Ұлықбек бәрін ортақ тізбеге енгізейік, ал осы ғұламаларды сіздер өзбек етіп алдыңыздар. Кәне оларды да қазақ етейік. Әйтпесе қазақ жерінде кіндік қаны тамған әл-Фарабиге ортақтасамыз дегендеріңіз әділдік болмас дедік. Өзбек ағайындардың бұған айтар уәжі болмаса да әл-Фарабиді өзбек етуден әлі үмітін үзбеген-ді. Енді олар маған Ташкентке келуге ұсыныс жасады. Оған мен көнгенім жоқ. Міне, енді өткенге ой жіберсем, коммунистерге әл-Фарабиды туған халқынан аластаудағы мақсаты жуас түйе жүндеуге жақсы дегендей, қазақты бұйдалап алып орыс жетегіне біржола алу екен, туысқан өзбек ағайын арасына жік салу екен. Мені мешітке бардың, намаз оқыдың деп партком мен ОК арасында әуре сарасанға салуы, әл-Фараби мерейтойы өткен соң да оның мұрасын игеруге қырын қарауы сол саясат көрінісі демекпін. Бірақ та ғылым ғимараты алдында ғалым Шоқанға шелтитіп патша шен-шекпенін кигізіп мүсін тұрғыз деп, әл-Фарабиды зерттеме деп ашық тиым салынбағаны да талассыз, жұмыла басталған істі тоқтатып тастады деп те айта аламыз ба? Жоқ, жоқ! Бастық аузына қарап емеурінің ернінен тануға даяр тұратын "тіл алғыштығымыз", шаш ал десе бас алуға даяр тұратын принципсіздігімізді кімнен көреміз? Кешегі 32-нің зұлматын, 37-нің қара түнегін белсене кірісіп жасасқан өзіміз емес пе едік, ағайын...

Жә, мұның бәрі тарих делік. Енді егемендік алдық: шындыққа, ғылымға, рухани дүниеміздің шамшырағы саналатын дінге жол ашылды, ғалым қауымы, ағайын, қауқарынды көрсетер күн туды ғой енді!

Жаңғырған заманда данышпан Хакім-ұлы бабамыз өз елінде шектеу көрмей, рухани өмірімізге бүтіндей қолданса өркендеуі қажет. Ендігі жерде ғалым ағайындар, сендердің міндетің осынау мол қазынаның қақпасын ашу, нұр сәуле көзін ашу. Бұл адами парыз. Ал ғылыми парыздың бірі де бірегейі де әл-Фарабиды *кемеңгер ғалым еткен*, ұлы ғұламалыққа жеткізген бабаның өзі тәлім алған ортасы - *ғылыми ислами жолы*. Осы тұрғыда пікір айтуды өзіме парыз санадым. Бұл менің ғалыми паразым.

Адам баласына жаралған күннен қоса біткен басты қасиетін білу десек, бұл адами борыш, ғылым фарызы Тәңірім, адамзатқа періштелер де білмейтін заттарын да білдірді. Сол, алғашқы бас мағлұматты барлық адам баласына

тарату, оны дамыту үшін көптеген заманалар қажет болды. Сол көп заманада әр елге, әр жерге, әр кезде өздеріне жол көрсетіліп, лайықты пайғамбарлар, әулиелер, басшылар жіберіліп отырды. Яғни ғылыми мен діни негізі бір ғана, Тәңірін тануға бағышталғанымен, заманына қарай оның жолы әртүрлі болды.

Ту баста Тәңірі тарапынан шыққан білім, ғылым, өнер келе-келе кеңейіп кемелденіп, сол арқылы жаратқан Иесін тану дәрежесіне көтерілу қажет болды. Ол үшін Тәңір бүкіл ғаламды ғажайып шеберлікпен жасап, адам баласының мәдени-адами өмір сүруіне ылайықты түрге келтірді.

Бұған өлшеуге шама келместей уақыт қажет болды. Сол ұзақ өмірдің ақыры қорытынды заманы біздің пайғамбарымызға тура келді. Ол ақырзаман пайғамбары, ақырғы пайғамбар атанды. Ислам діні өзінен бұрынғы барлық діндердің ең қажет, асылдарын өзіне алды. Барлық ғылыми, тарихи, діни қағидалар, ғаламның ғажайып сыры Құранға кірді.

Ғылым үйрену исламның зор парызы болғаны осыдан. Бұған Пайғамбарымыздың: "Кімде-кім ғылымды сүйсе және оны жасаушы ғалымдарды сүйсе, ол жаннаты менің көршім болды", - деген хадисы куә. Абайдың "құдайдың өзі де рас, сөзі де рас" деп Құранды қағида тұтып, пайғамбар ғалымдарына әлгіндей құрмет тұтатын елде ғылымның өріс алмауы мүмкін де емес деуі осыдан. Орта ғасырда Араб ғылымының бүкіл дүниежүзілік ғылымға айналуы осының дәлелі еді. Десекте әл-Фараби заманында шырқау биікке көтеріліп, Батыс Еуропа елінің көзін ашқан ислами ғылымның бүгін Еуропа ғылымынан, көп төмен деңгейде мешеу қалу себебі неде деген сауал туындайды. Мұның мәнісін қысқаша еске алайық.

Ислам ғылымы шыққан кезде Еуропа сауатсыз қараңғы ел болған. Сегізінші ғасырдан бастап Арабтар Еуропада /Испанияда Кордова/ екінші араб халифатты құрды.

Алғашқы үш-төрт ғасырда Еуропалықтар арабтарды өзіне ұстаз тұтып, олардан үйренді. Бертін мәдениеті көтеріле келе, Еуропалықтар арабтарға қарсы ұйымдаса бастады. Оларға рухани жағынан шіркеу діндарлары басшылық етті. Олар ислам дініне өршілене қарсы шықты. Солардың басшылығымен неше рет кресшілер жорығы болғаны тарихта мәлім. Бірақ ислам дініне қарсы шығу араб ғылымынан бас тарту емес-тін. Не істеу керек?

Олар мынадай қорытындыға келді. Ислам ғылымының негізі – грек-рум ғылымы жариялады. Ендеше арабтар ілімі грек-рум елінен алынған, тек аударма. Сондықтан барлық ғылыми негізді тек грек-рум мирасы деп қарау керек десті. Сөйтіп мың жылдық исламның ғылыми мирасын Еуропалықтар жоққа шығаруды мақсат етті. Күні бүгінге дейін осынау жалған, ислами ғылымға жасалынған қиянат үстемдік алып отыр. Ал кресшілер жорығы араб елдерінің экономикасын күйзелтіп кетті, кейінгі отарлау бәрі, араб елдерінде ғылымын дамытарлықтай мүмкіншіліктен айырды.

Енді грек-рум мәдениетінің өзі қайдан шыққан? - деген сұрақ туады. Осы мәселені анықтап алу қажет.

Егер бүкіл адам баласының дүние жүзілік мәдени тарихын қарастырсақ грек-рум мәдениетінің алатын орны да, уақыты да, тараған аймағы да өте тар, шағын деуге боларлық.

Көне мәдениеттің өркен алған өрісіне қарасақ, ол осыдан кемінде 40 мың жыл бұрын жер бетін мұз басу заманында басталғанынан аңғарар едік. Мұның негізгі бір тармағы біздің ертедегі Тұран мекенінен басталған. Сол мәдениет Азияға жайылып, бертін келе Шумер мәдениетін тудырған. Африкаға - Мысырға тараған да сол Шумер мәдениеті. Екінші жағынан ол Америка құрлығына өтіп, сондағы елге - *майя* мәдениетіне негіз болған.

Кәзір осыны дәлелдейтін айқын мирастар ашылуда. Оның бәрін талдауға орын тар, тек өзімізге аян мына ескерткіштерге тоқталайық.

Ол "Арыстан бап"- аспан қақпасы - Тұран қақпасы, оның аты кеме қалған - Қазығұрт. Бұл топан тасқынынан бұрын, біздің жеріміздегі ірі мәдениет болған деген сөз. Ислам тарихи мұрасын қарағанда, ол Ыдырыс пайғамбар заманы. Ыдырыс барлық ғылым саласына негіз салған. Онан кейінгі заманда Ибраһим пайғамбарды алып қарайықшы. Ол сол кездегі ғылым орталығы болған Шумер мен Бабыл /Вавилондан/ шықты. Қағба мешітін салды.

Грек ғалымдары бертінде сол екі Шумер-Бабыл мәдени орталықтарынан үйренген. Атақты патша Александр /Ескендір/ Македонский сол айтылған екі мәдениет орнын жаулап алып, орталық жасады. Сол елдердің ғұрпы бойынша мүйізді таж киіп, Зұлқарнайын (мүйізді патша) атанды.

Ол осыдан 2300 жылдай бұрын болған оқиға. Сонан кейін гректер айтылмыш мәдени мұраларын өз тіліне аударып, дамытып көп еңбек мирас қалдырды.

Кейінгі кезде зерттеулерге қарағанда бұрынғы грек-рум ғалымдарының деп жүрген көптеген ілімдер Шумер-Мысыр мирастарынан табылуда.

Батыс Еуропа елдері үшін ғылымның үлгісі гректерден ғана, ел билеу үлгісі тек әулие Александр Македонский болып шыға келді. Бірақ оны Заулқарнайын /Ескендір/ атап мадақтау Батыста ғана емес, Шығыстың өзінде орын алады. Оның бір себебі Құранда да Зұлқарнайын атты әділетті әулие бар. Александр Македонскийді сол Зұлқарнайын деп қате түсіну осыдан. Шындығында Құрандағы Ғабдолла Заулқарнайын мүлдем басқа, грек патшасы Александр емес. Осының түсінігі әл-Фарабиде бар. Мұны ашық айтқан Абай.

Сонымен Батыс пен Шығыстың ара жігін айырар айғақ екі Зұлқарнайынды ажырата білу демекпін. Еуропалықтар үшін ол, яғни Александр Македонский – гректің Олимпия дінімен астасар қолбасшы. Оның өмірі Гомердің "Одиссея" жырларында сипатталады. Еуропаның мақтанш үлгісі осы шекте.

Ал, Шығыс елі үшін, әсіресе ислам елдері үшін Ғабдолла Зұлқарнайын Құрандағы қасиетті, ғидалатты әулие. Ислам елінің ғылым негізгі осы айтылған пайғамбарлардан басталды. Сонымен қатар олар грек-рум ғалымдарына да зор құрмет көрсетеді. Бірақ Македонскийді, Гомерді пайғамбарларымыз деп әулие тұтпайды.

Біздің пайымдауымызша, аңыздың мазмұнына және пайғамбар хадистарына қарап Құрандағы Зұлқарнайын Тұранның "Өгізхан" бейнесіне жақын келетін сияқты. Әрине мұны зерттеу ләзім.

Енді Еуропаның атеизм деп жүргені исламның белгілі қағидасы екенін еске алайық.

Христиандардың діни кітабында жер - ғаламның қозғалмайтын орталығы деген ұғым соңғы кезге дейін үстем болып келді. Коперниктің, Кеплердің және Г. Галилейдің араб ғылымынан алған еңбектерінде жердің айналатыны айтылған. Мұны Еуропа атеистері де өзіне көзір етіп көтеретіні мәлім. Осы жөнінде халықаралық ғылыми мәжілістерде, мен, ислам үшін Н. Коперник тәрізді Еуропа ғалымдарының пікірі жаңалық емес, Құранда барлық аспан денесі өз өрісінде айналады делінгендігін дәлелдедім де. Осының өзі ислами ғылымды мансұқ етушілердің төбесінен жай түскендей әсер етті. Олардың әл-Фарабиден қашатын бір себебі осы. Өйткені аталмыш ғалымдар әл-Фараби еңбектерін пайдаланған-ды. Ендеше исламды өз қағидасымен ұстанушыларға не деуге болады. Қазір Құранның шындығы ғылымның әр саласынан дәлелін таба бастады. Дүние жүзі ғалымдары арасынан Құран ақиқатын мойындағаны дәлел іспетінде исламды қабылдаған ғалымдар көбейе бастады.

Біздің елде жаңа шындықты мойындап соған мойын бұратын күн туды деп санаймын. Осыған байланысты Академияның елу жылдық мерекесіне қарай қайта құру мәселесі мына бағытта қаралса деген үміттемін.

Алдымен Академияда ислам дінінің өзі бастаушы екендігін танытар зерттеу Орталығын құру керек сияқты.

Екіншіден, исламның негізгі қағидаларын халықтың тәрбие құралына айналдырып таратар ғылыми орталық және қажет.

Үшіншіден, атеизм кезіндегі атаулар, белгілер, ғылыми ұғымдар, идеологиялық бағыт қайта қаралуы керек. Мысалы Шоқанды шенді шекпенімен Академия алдында селтитіп қою ғылыми, тәуелсіздік тұрғысынан қайшы келеді. Ол әл-Фарабидың орны.

Төртіншіден, ғалымдар тарихты шындық жолымен қайта қарау керек.

Осы жөнінде алдымен ғалымдарымыздың өз мұсылмандық жолын шатастырмай көрсетуі қажет және жіберілген қатені жөндеу абзал. Мысалы әл-Фараби еңбектері кезінде аударуда, талдағанда атеистік ықпалмен бұрмаланған еді. Оның Құранға сүйеніп жазған діни еңбектерін, мысалы: "Космологиясын" шығарттырмай тастаған-ды.

Ыбырай Алтынсариннің еңбектері де осындай күйге ұшыраған еді /мысалы исламға арналған "Шарифат исламия" кітабы./

Шоқан Уәлихановтың жалған жолға түсу себебін, кейін шындықты білгенде, шенді шекпеннен безіп исламға бой ұрғандығын жасырмай айту парыз.

Кешегі 150 жылдық мерейтойын өткізу қарсаңында Абайдың исламдық ойшыл екенін академия атынан сөйлеушілердің ауызға алғаны болған жоқ.

Коммунистік идеологиядан құтылғанына 5-6 жыл өтсе де, бәз баяғы тоқырау, қарның ашиды екен. Бұларды дереу түзету керек, ағайын академиктер.

Бесіншіден, Академияны ұлттық рухани басшы орталығына айналдыру үшін оның еңбектерінің дені ана тілінде, қазақша жазылуын жолға қою керек.

Алтыншыдан, Академия ғалымдары мектептер және әр түрлі ғылыми ұжымдармен тікелей байланысын жолға қою қажет.

Жетіншіден, Академия ғалымдары мешітке қамқорлық жасауда мұрындық болған абзал.

Осындай сенімді істер атқарылар болса біздер, Академия ғалымдары, ғылымның фарызын атқарған болар едік және бұл біздің міндетіміз.

Осы қозғап отырған күрделі мәселелер жөнінде жарты ғасыр бойы жинаған мағлұматтарым көп. Соларды пайдалану, зерттеу, сақтау керек. Осыған не ақыл бересіздер? Себебі ғылыми ислами жолын тану тарих үшін емес, тәуелсіз Қазақ елінің ұлттық ғылымын дамыту жолындағы іс деп білемін. Әл-Фараби болмысын тану жолында елу жылдай зерттеу кезінде көз жеткізген шындық бұл. Ал, әл-Фараби ғылымын тарих деп түсінетіндер қатты қателеспеді. Өйткені оның ғалами құрылым, геометриялық симметриялық, сәулет, музыка тұрғысында айтқан қағидалары бүгінгі көкейкесті мәселе дәрежесінде танылады.

Мәселен ұлы бабаның геометрия тұрғысында қалдырған өшпес мұрасы - ислам ғылымы бүгін ғаламның құрылымдық, өлшемдік-симметриялық заңдылығына бастау береді.

Құрметті бауырларым! Сол көп еңбек ішінен алдарыңыздағы "Әл-Фараби және Абай" кітабынан бір мысал келтірейін.

Құранда айтылған жеті хат көк пен жер және олардағы заттар Аллатағаланы мақтайды, мадақтайды делінген.

Сол жеті хат көктің ежелден белгіленген жеті түрлі металын алып, солардың рет сандарын, яғни атомдарындағы электрон сандарын қостық. Ол болды – 393. Оны Жер мен Көк бейнесін – екі еселедік, болды: $393 \cdot 2 = 786$. Бұл сан: бисми Аллаһ ал-рахман ал-рахим – бас батаның әріптерінің сандық мәнінің қосындысын (АБЖӘД бойынша – Ш.А.) береді. Ойлап қараңыз!

Тағы сол атомдардың электрондық құрылысын Абайдың "Сегіз аяқ" мақамымен салыстырдық. Оның арғы жағында толық дәлел бар.

Абай санына (678) хақ ($=108$) санын яғни Қос [ай] санын ($54 \cdot 2 = 108$) қоссақ айтылған Бас бата саны шығады ($678 + 108 = 786$). Тұран Қақпасы, Темірқазық түсінігі ғалами – Космологиялық негізде екенін көрсетеді бұл... Осы айтылғандардың өзінде терең, дүниежүзілік ғылыми арқау жатыр емес пе? Өгізхан мен Зұлқарнайын да осындай ірі мәселе. Осы сынды жүздеген мысалдар бар, мыңдаған мағлұматтар жинақтадым. Соларды ортаға салуым керек емес пе?! Оларды талдап – не қарсы болмай, не қабыл алмай ескерусіз қалдыруды не дейміз, ғалым ағайындар?! Мұның аяғы неге соқтырмақ, ойландаршы кәне!

Қазақта: "Дос жылата айтады, дұшпан күлдіре айтады" деген мәтел бар. Мен сіздерді жылата айтамын. Басымыздан өткен апат қайта келмеуіне кім кепіл! Осы кезден бастап хақ жолына бой ұсыну керек...

Ойлаңыздар... өкініп қалмайық... Алланың әміріне қарсы болмаңыздар...

Менің айтып отырғандарым және қолданған ғылыми әдістерім ойымнан шығарған нәрсе емес. Олар ислам ғылымынан алынған. Олар хақтық ғылым жолы. Ол ғылымның құрылымдық, өлшемдік-симметриялық заңдылығынан шыққан пайымдаулар.

Арабша Һандас аль Қиас - ғылымының ең сенімді /ақиқат/ жолы дегенді білдіреді. Егер сол сенімді өлшемді симметрия /геометрия/ жол болмаса ойжота айтыстан дүние бұзылады делінген Құранда.

Ғылымның дәлдік негізін салған Ыдырыс пайғамбардың бір ныспысы Маслас-үшкіл болуы тегін емес. Барлық құрылымдық-геометриялық заңдардың бас өлшеуіші бұл. Осы ақиқатты Мысырдан гректерге апарған Пифагор, ал оның ізін қуған Аплотон /Платон/ өзінің "Академиясының" қақпасына: "Геометрияны білмейтіндер кірмесін" деп жазғаны мәлім. Осы қағиданы дамытып, барлық ғылым-өнер саласына қолданған әл-Фараби. Баба ғұламалығының қайнар көзі осындай.

Ал, кешегі басшы атеистер керісінше дәлдік ғылыммен бас қатырмай, ойжота сөз таластан жалған жол салып, оны диалектика деп атап, бір қазақ халқын емес, бүгін дүниені апат етер ядролық соғыстың аз-ақ алдында қалдырды емес пе. Исламның бос талас, ойжота-мантықтан дүние бұзылады деген шындығының бұл дәлелі еместігіне кім күмәнданады?! Осы тұста: өлшеуішті Қиас-Исламның хақтық жолы, ал ойжотамен бос талас апатқа бастар, біл соны дегім келеді.

Өйткені ойжотаны қолдау Академиядағы надандарға жол ашты. Надандар арақ ішумен болды. Арақ жүрген жерде шындық, ынтымақ, берекеге орын жоқ. Ғұмырында халқына, не ғылымға, не дінге пайдасы тимей жіліктің майлы басын кемірген қанша академиктер өтті. Олар өзіндік ойы бар патриот ғалымдарға қандай залалын тигізді. Ойланайықшы осы туралы. Өз басымнан мысал: арабша үйреніп әл-Фараби мұрасын игеру ниетімді "коммунист Машанов мешіт барады, намаз оқиды" деп соңыма түсті, бүгін Фарабишы бола қалған кейбір әріптестерімнің: "Мына сәлде ораған кім, өзі молда емес пе?" - деп келемеждегендерді де көп кездестірдім. Бірақ әл-Фарабидың туған топырағына оралуын ғылымдағы ядролық физика жаңалығына балап шын қуаныш білдірген Зиманов Салық сынды академик те жоқ емес! Тіптен, әл-Фарабиді зерттеуді қолдаған, бірақ оны көруге жазбаған Қаныш, кейін ұлы баба мұрасын қолға алуды әрі қолдап, әрі басшылық еткен марқұм Шаһмардан сынды азаматтар да болды. Әл-Фараби ұстанған ислами ғылымына еліктеп фантастика жанрында жазылған "Табу" кітапшаға жасырын пікір жазып, мені пан-исламдық, пан-түріктік пікірді қолданушы деп баға берген тарихшы

академик Манаш Қозыбаевпен де қазір кездесіп жүремін. Сондай тарихшының бірі кезінде коммунистік идеологияны дамытуда жыл сайын том-том рухани "азық" берген, ал бүгін қазақ тарихын танытуда нәтижелі еңбек шығарып жатқан Манаш тәрізді ғалымдарымыздың іштей өсу үстінде болғанына шүкіршілік те етеміз. Әйтпесе тәуелсіздік жолын бастау кезінде қазақ мемлекеті болмады деп көкіген Академия қоғамдық ғылымының мүйізі қарағайдай корреспондент мүшесінің жазғанын да оқыдық.

Енді менің өз басыма келетін болсаң, жоғарыда айтылған ұсыныстарды орындауға аз-азды көпті іс тындырған сияқтымын: "Тұран қақпасы", "Шаңырақ", "Ай арасы", "Ислам және ғылым" зерттеулерім жеке-жеке кітап қолжазбасы күйінде даяр, халық игілігіне айналдырамын деушілер болса қуана-қуана құттықтаймын. Ғылыми ислам жолы туралы зерттеулерінің ұштығын 1994 жылы шыққан "Әл-Фараби және Абай" кітабында бердім. Болдым, бітті деуден аулақпын, қазір томардай етер тоқсанның тегеурініне қарамай ойымды хатқа түсіруден танғаным жоқ, тек Алла қолдасын ниетімді.

Кенжеғали інім! Академияға (сол кездегі ҰҒА президенті, Қ. Сағадиев – Ш.А.) келгелі, оны ғылым ордасы ету ниетінді, енгізіп жатқан жаңалығыңды қоштаймын. Бірақ жылдар бойы тамыр жайып алған надандық қалыпты өзгерту ұлы Абай айтқандай: "Ермен шықты-ау ит қылып, егіп кеткен жеріме" дегеннің кері келмесе екен демекпін кейінгі болып жатқан өзгерістеріңе.

Бүгінгі академия басшысына, әсіресе Нұрсұлтан Әбішұлы - ел басшысы әрі Академияның мүшесі ретінде достың жылата айтатындығына салып сөзімді Сізге арнай айтарым: Шындыққа бет бұрмай осы күйінде бара берсе Академиядан пайда жоқ, кесепаты көп болмақ. Осыған тәңір алдында, тарих алдында, ұрпақ алдында, миллат алдында бүгінгі ғалым қауымы, біздер, жауаптымыз.

Сол себептен мен Сіздің алдыңызда шындықтың бетін ашып отырмын. Ол менің міндетім. Арғы жағы Сізден болмақ.

Нұрсұлтан-шырақ! Сіз хазірет Мұхаммед мүрдесін көрдіңіз. Енді істің дұрыс жолға түсуі сізге байланысты. Осы жолда іс көрсет, қызмет жаса, ниет етіңіз. Тәңір сізді екі дүниеде зор бақытқа жеткізеді. Әмин!

8.12.1995 жыл.

**ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ,
АКАДЕМИК Қ.И. СӘТБАЕВҚА**

Отырар-Фараб (Түркістан мен Арыс арасындағы) қалада руы Қыпшақ түркі отбасында дүниеге келген ұлы ғалым әл-Фарабидің қазақ тумасы екендігі өзіңізге мәлім. Орта ғасырдың басында-ақ әл-Фараби - Платон, Аристотель және басқа да Антикалық ғалымдарға ("бірінші ұстаздарға") түсінік берген энциклопедиялық ғұлама. Сол себепті де оны екінші ұстаз - әл-мұғалім әл-сани деп атаған. әл-Беруни, Авиценна және басқа ғұламалар оны өздеріне ұстаз тұтқан-ды.

Әл-Фарабидің математика, астрономия, химия, география, геология, философия, медицина, музыка тәрізді ғылым мен өнер салаларына арнаған еңбектері 100-ден асады.

Бірақ, өкінішімізге қарай ССРО-дан оның бірде-бір еңбегін таба алмадық.

Көптен бергі ізденісіміздің барысында біз жуырда кітапханааралық абоненті бойынша Лейденнен (Голландия) үш кітап алдық. Оның ішінде екеуі араб тіліндегі әл-Фарабидің өз еңбегі.

1) "Рисала фисус аль-Хаким" ("Ғылым маржаны")

2) "Рисала . . . аль-Мадина . . . аль-Фабила" ("Қала үлгісі").

Осы кітаптар (1890-1895жж.) проф. Джетерецтің неміс тіліндегі алғы сөзімен шыққан.

Ал, үшіншісі проф. Брунеллдің неміс тіліндегі 200 беттік "Әл-Фараби бойынша мемлекетті басқару" (1904ж.) кітабы.

Осы үш кітаптың да ғылыми мәні өте жоғары. Сондықтан да оларды фотосуретке және микрофильмге түсірдік. Және оларды қазақ, орыс тіліне аудару қажет. Сізден осы жұмысты кітапхана арқылы қаржыландыруға нұсқау беруіңізді өтінеміз.

Қазақ ССРҒА корр. мүшесі
Қазақ ССР ҒА ОҒК директоры

А.Ж. Машанов
Н.Б. Ахмедова

15/XI. 1960 ж.

Сол күні Қаныш аға "Келісемін. Іске асырылсын" деп өз қолымен хатқа бұрыштама қойыпты.

ӘЛ-ФАРАБИ ЕҢБЕКТЕРІ ТУРАЛЫ

Ерте замандағы Орта Азия ғалымдарының ең көрнектілерінің бірі – Әбу Насыр әл-Фараби. Ол 870 жылы Сыр-Дәрия бойындағы Отырар қаласында туған. Кейбір мәліметтерге қарағанда қыпшақ руынан болса керек. Отырар қаласын арабтар Фараб деп атаған. Сол бойынша Әбу Насыр де Фараби аталған.

Отырар қаласы өз заманында ірі мәдениет орталығы болса керек. Атақты Александриядан кейінгі кітапқа ең бай қала осы Отырар деп аңыз қылады екен.

Әбу Насыр бастауыш мектепті өзі туған қалада оқып бітіреді. Сонан кейін Иранда, Хорасанда болып, өзінің ана тілі – түркі тілімен қатар парсы, хорасан тілдерін үйренеді. Мұнан соң сол кездегі дүниежүзлік ғылыми орталық болған Бағдатқа келіп, арабша, латынша, грекше жақсы білетін болады. Ол 70 түрлі тіл білген деседі. Бұл, әрине әсерлеу болар, дегенмен мұның өзі оның көп тіл білгенін аңғартады. Бірақ, сол кездегі ғылыми ортақ тіл араб тілі болғандықтан, оның еңбектері арабша жазылған. әл-Фараби 80 жасында 339 (950) қайтыс болады, сөйтіп Дамаскіде жерленеді.

Фараби ғылымның бірнеше саласымен, атап айтқанда, астрономия, математика, медицина, ботаника, химия-минералогия, география, философия, лингвистика, логика, тарих, музыкамен шұғылданған. Ол ежелгі грек ғалымдарының, әсіресе Аристотельдің Категория, Гермавтика, Аналитика, Софистика, Риторика, Поэтика, Логика, Метафизика, Этика деген еңбектеріне талдау жасап, оларға түсіндірме жазған.

Фараби өзінің көзі тірісінде-ақ "бірінші ұстаз" Аристотельден кейінгі "екінші ұстаз" деген құрметті атқа ие болады.

Әртүрлі мәліметтерге қарағанда Фараби еңбектерінің жалпы саны жүзден асады. Зерттеушілердің айтуынша Фараби еңбектерін бөлек-бөлек қағаздарға жазып, көрінген шәкірттеріне бере салады екен. Соның салдарынан оның еңбектерінің арабша көп нұсқасы жоғалып кеткен. Бірақта арабша нұсқасы жоғалып кеткен еңбектерінің біразы латынша, еврейше аудармаларда сақталған. Оның бұл еңбектерін Европа ғалымдары кең түрде пайдаланған. Ал араб ғалымдары Фараби тірі кезінде де, өлгеннен кейін де оны өздерінің ұстазы деп білген. әсіресе, оның еңбектерін Орта Азия ғалымдары жоғары бағалаған.

Фараби еңбектерінің кейбіреулері кейінгі кездерде неміс, ағылшын, француз тілдеріне аударылған. Мысалы, Б.Дерлангер өзінің "Араб музыкасы" атты француз тілінде шыққан еңбегінде Фарабидың "Қитаби музыка ал-кабир" деген еңбегін толық келтірген. Фарабидың бұл еңбегі дүние жүзінде музыка жөнінде жазылған еңбектердің ең ірісі болып табылады. Немістің белгілі ориенталисы Диатерци 1890-1895 жылдары Лейденде Фараби жөнінде еңбектер

шығарған және Фараби кітаптарының бірнешеуін арабша бастырған. Европа тілдерінде шыққан "Ислам энциклопедиясы" атты жинақтарда да әл-Фараби туралы үлкен мақалалар басылған.

Шығыс елдерінде Фараби туралы жазылған еңбектер көп. Солардың ішінде араб тілінде шыққан "Салсалати Таржим алғалам" жинағында, Шамсутдин Сахидың "Хамус алғалам" атты түрік тіліндегі еңбегінде, тағы басқаларында Фараби туралы бірсыпыра мәліметтер келтірілген. Бұл еңбектерде Фарабидың суреттері де бар. "Айкап", "Шора" журналдарында да Фараби жөнінде аздаған тиіп-қашпа мәліметтер айтылады.

Кейінгі кезді алатын болсақ. Фараби туралы біраз сөз Ә. Кольманның еңбегінде (Алматы, 1942). С. Н. Григориянның еңбектерінде (Москва, 1958, 1960). М. Ысқақовтың 1960 жылы Алматыда шыққан "Қазақтың байырғы календары" атты еңбегінде едәуір мәліметтер келтірілген. Фараби жөнінде 1958 жылы ағылшын тілінде шығатын "Мұсылман дүниесі" ("Muslim Word") атты журналда материал жарияланған. Онда Каирдағы Американ университетінің жанындағы Шығыстану мектебінде оқылған лекция талданады. Ал, ол лекцияда Аристотель, әл-Фараби және Ибн-Сина – үшеуінің дүниенің жаралуы жөніндегі көзқарастары және аль-Газалидің оларға қарсы пікірлері айтылады.

Фараби жөніндегі қазіргі бізге белгілі болып отырған мәліметтер осындай. Жоғарыда айтылған Фараби туралы шет тілде шыққан материалдардың бірсыпырасын Қазақ ССР ғылым академиясының кітапханасы кейінгі екі жыл ішінде жинастырып отыр. Олардың ішінде шет мемлекеттерден алдырылған Фарабидың аса құнды еңбектерінен жасалған фотосурет кітаптары мен микрофильмдер, "Ғылым меруерті", "Ғылымдардың шығуы", "Қайырлы қаланың адамдары" деген сияқты еңбектер бар. Жалпы алғанда қазір біздің қолымызда Фараби еңбектері мен ол туралы жазылған еңбектердің екі томдық материалы бар. Көп еңбекпен жиналған осындай құнды материалдарды тездетіп іске асыру қажет. Біз қазір олардың кейбіреулерін шама келгенше қазақша және орысша тілге аударып бастадық. Бірақ бұл іс жеке-жарым адамның қолынан келе бермейді. Кітапхана мұнан былайда Фараби еңбектерін жинай беруі керек. Ал біздің ғалымдарымыз бұл іске ат салысулары қажет. Қолда бар еңбектерді баспаға дайындау істерін де ұйымдастырған жөн.

Жоғарыда айтылғандарға қосымша еске сала кететін мынандай бір жайлар бар. Біріншіден, Фарабидің ізімен іс қылған Абу Али Сина, Беруни сияқты ғалымдардың еңбегі көптеген том болып шығып отыр. Олар туралы өзбек, тәжік, ғалымдары көптеген еңбектер жазды. Фараби жөнінде ондай ешнәрсе жоқ. Екінші жағынан Фарабидің туған жері Отырар қаласы Шыңғыстың жорығында қиратылған болса, әлі сол қалпында жатыр. Үстіміздегі жылдан бастап соны қазу, ескі мұраны зерттеу істері басталмақ. үшіншіден, дүние жүзіне аты әйгілі ғалым Фарабидың мұрасын

зерттеу біздің зор міндетіміз. Енді бірнеше жылдан кейін ұлы ұстаздың туғанына 1100 жыл толады. Соған қарсы осы істер жедел қолға алынғаны жөн.

ҚР ҰҒА Хабаршысы. 1961. №5.

ӘБУ НӘСІР ӘЛ-ФАРАБИ ЕҢБЕГІ АЛҒАШҚЫ РЕТ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ

Түркістан, Арыс арасында Арыс өзенінің Сырдарияға құйған жерінде тізбектелген көп шағын төбелер мен төмпейлер анадайдан көзге түседі. Дәл осы жерде ерте замандарда ірі мәдениет орталығы болған. Мынау көрінген төбелер сол мәдени орындардың, қала мен қыстақтардың, бекініс пен қарауыл мұнараларының, мавзолей-мазарлардың орындары. Шыңғысхан жорығында қиратылған-ды. Алайда, ол туралы халық күні бүгінге шейін біраз жайды ұмытпаған: "Анау Отырар төбе, мынау Қарауыл мен Қорған төбе, ал анау Арыстанбап мазары, мынау Гауһар ана мазары..." – деп қолма-қол айтып көрсетіп береді көптеген тарихи белгілерді.

Отырар Түркістаннан бұрын ірі мәдениет орны, дүние жүзінде кітапқа ең бай қаланың бірі болғаны тарихта белгілі. Сол Отырардан ерте заманда көптеген ірі ғалымдар шыққан. Солардың бірі және ең көрнектісі Абунасыр Фараби (Әл-Фараби) 870-950 жылдары өмір сүрген.

Отырарды арабтар Фараб деп атаған. Сосын да Отырарлық ғалым Фараби болып аталыпты. Фараби түркі рулардан шыққан. Сол маңдағы рулар кейінде түгелімен қазіргі қазақ халқының құрамына кірді. Демек біз Фарабиді жерлес бабаларымыздың бірі, яғни аға деп мақтан етеміз. Фараби барлық ғылымдарды жақсы біліп, энциклопедист ғалым болған. Дүние жүзіндегі барлық ғалымдардың бірінші ұстазы (мұғаллим ауал) Аристотель болса, екінші ұстаз (мұғаллим сани) Абунасыр Фараби болған (оның ерте замандағы суретін және ондағы ескі жазуды қараңыз).

Фараби туралы, оның еңбектері мен өмірбаяны жөнінде қысқа мақалалар мен хабарлар бірнеше жерде жарияланып келді. Бірақ та, осы ұлы данышпанның нағыз өзінің ғылыми еңбегі қолға түспей келген болатын. Кейінгі 2-3 жыл ішінде Қазақ ССР ғылым академиясы шетелдерден және СССР кітапханаларынан осы кісінің едәуір еңбектерін қолға түсірді. Фараби еңбектері жүзден асады екен. Сол еңбегінің тізімінен басы мен аяғынан үзінді беріп отырмыз.

Фараби еңбектерін жинау жөніндегі істеліп жатқан шараларды біз академия "Хабаршысында" жариялаған едік (Хабаршы. 1961 ж., №5, 105 бет), оған қосымша айтарымыз өткен жазда өзбек ғылым академиясына барып, олардың

Фараби жөніндегі істерімен танысып, бірсыпыра мәлімет алып қайттық. Фарабидың бірнеше еңбегін қазақ тілінде аударып та жатырмыз. Солардың ішінен бір қағидасын яғни мақаласын (рисаласын) журналға ұсынып отырмыз.

Фарабидың арабша жазылған еңбектерінің тілі ескірген. Түсініктері жат, ғылыми мағынасын талдау қиын. Сол себептен оны қазақша аударып, қазіргі ғылыми түсінік тұрғысында аудару едәуір қиынға соқтыратын түрі бар сияқты. Сондықтан да аударманы біз тағы да қайта қарастырып түзетпекпіз.

Бұл мақаланы жариялаудағы мақсат ұлы данышпанды алғаш рет қазақ тілінде сөйлетіп көру, сонымен қатар аударманы көпшіліктің талқысына салып түзету.

Аудармасы беріліп отырған мақала Фарабидің философияға (фалсафаға) кіріспе ретіндегі мақаласы (рисаласы). (Мақаланың бірінші бетінің арабша нұсқасының фотосы беріліп отыр). Мұндағы кездесетін қиыншылықтар мынандай. Алдымен Фараби заманындағы философиялық системалар мен түсініктер мазмұн жағынан да, тіл жағынан да қазіргіге дәл келмейді. Философиялық ағымдар мен олардың аттары және бастауыш адамдардың аттары арабшаланып өзгеріліп, артикль (аль немесе А) қойылып жазылған. Соның салдарынан біраз атаулардың қазіргі түрін табу көп қиындықтар келтірді. Мысалы, Аристотель – Арстулаиз болып жазылыпты, Платон – Аплатон, Пифагор – Фупағұрс, Гиппократ – Бократ т.б. Әсіресе 3-4 философтың дұрыс атын табу қиын болды. Олар мыналар: Кросифс, Диужас, Фурн, Әфиғұрс.

Бұлардың біріншісі риуақи (стонк) философ ретінде айтылады. Ондағы белгілі адамдар Зенон Китайский мен Хризип. Дыбыс ұйқастығына қарай біз Кросифсты Хризип деп алдық. Диужас – мәдениеттен безіп, жабайы өмір сүру жолындағы философ ретінде айтылады. Біз оны Диоген болар деп жобаладық. Идеясы соған жуық дүниеден безген философ ретінде Фурн айтылады. Дыбыс үндестігіне қарағанда мұны Эпикур деуге болар еді. Бірақ мазмұн жағынан мұны біз Феодор Атеист болар деп білеміз. Артикл А әрпін (Платонды Аплатон дегендегі сияқты) алып тастасақ Фиғұрс пен Феодор үндес келеді. Осы сияқтанған қиындықтар көп кездеседі. Сондықтан біздің ұсынып отырған аудармада әлі де жаңсақ жерлері болуы мүмкін. Бұл жөнінде оқушыларымыздан алдын-ала кешірім сұраймыз. Аудармада шама келгенше Фараби стилін сақтауға тырыстық. Мақала сәл ғана қысқартылды. Ал, ендігі сөзді Фарабиге береміз.

Тыңдаңыздар, бабаларыңның осыдан кемінде 1050 жыл бұрын жазғанын.

Білім және еңбек. 1962. №1.

ФӘЛСАФА (ФИЛОСОФИЯ) ҮЙРЕНУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ШАРТТАР ТУРАЛЫ ҚАҒИДА (РИСАЛА)

Аристотель философиясын үйренудің тоғыз шарты.

Бірінші – философиялық ағымдардың аты-жөнін білу.

Екінші – олардың философиялық еңбектеріндегі негізгі мақсаттарын тану.

Үшінші – философ болу үшін қажетті ғылымдарды тани білу.

Төртінші – философия ғылымын үйренудегі мақсатты түсіну.

Бесінші – философия ғылымына кірісудің тәте жолын тану.

Алтыншы – Аристотель еңбектеріндегі қолданылған ғылыми түсініктерді талдай білу.

Жетінші – Аристотель өзінің еңбектерін оқыған адамнан терең жұмбақ сырларды шешуді талап еткен себебін білу.

Сегізінші – философ адамның міндетімен тіршілік ережесін – қалпын түсіну.

Тоғызыншы – Аристотель ілімін үйрену үшін нендей нәрселер мұқтаж екенін білу.

* * *

1. Философиялық ағымдарды тану (аты-жөнін білу) жеті нәрседен тұрады: 1-философиялық бағытқа (ағымға) бас болған ұстаздың аты-жөні; 2-оның шыққан қаласы; 3-философияға мекен (медресі) болған орынның аты; 4-философиялық ағымды тудырған басты себебі; 5-философиялық талдауға түскен мәселелер; 6-философияның алға қойған мақсаты туралы түсінік; 7-философияның практикалық мәні, нәтижесі.

Философиялық бағыттың негізін салушы ұстаздың есімі бойынша аталған философиялық ағымға "Фупағұрс" (пифагористер) тобы жатады.

Философиялық ағынның шыққан жері бойынша аталатындарға "Куринарлықтар" (ликейліктер) жатады, олар Аристотель философиясына қосылатындар.

Философия үйретілген орынның атымен аталатын философиялық ағымға Хризипп (кросиғыс) философиясын жақтаушылар жатады; оларды руақшылар (стоиктар) деп атайды. Себебі олар философияны Афина қаласының храмдары алдындағы руақта Қайванда – қалқанда стоикта үйренген.

Философ Фурн (Филон) мен оны жақтаушы топты маниғлар, яғни тиушлар тобы деп атайды. Оның себебі бұлар адамдарды ғылымнан тиюды дұрыс деп білген. Олардың пікірі бойынша, ғылым дүниесі философияның ісі емес.

Философиялық мақсатты көңілдің қошына қарай бейімдеп үйренушілерді ләззат көңіл қалауы (гедонизм) тобы деп атайды. Бұған жататындар философ Әфиғұрс (Феодор) және оны жақтаушылар.

Философия ғылымын үйренудегі әдістеріне қарай аталған ағымға Машаун (серуеншілер перипатетиктер) тобы жатады. Бұған жататындар Аристотель

мен Платон топтары. Машаун (перипатетик) аталатын себебі олар философия ғылымын үйреткенде ылғи серуенде, жүріс үстінде үйрететін болған.

* * *

2. Философиялық еңбектер (кітаптар) арасында жеке мәселелерге ғана арналған бөлшек (жузие) түрлері бар және мәселенің күллісін жалпы қамтыған толық (куллие) түрлері бар. Бұл екеуінің аралығына жататын мұта – уассита аталатын кітаптар бар. Бөлшек (жузие) жазулар кейде үлкен еңбектердің ішінде философиялық еңбектерге талдау жасаған, ескертпе еңбектер болуы мүмкін. Кейбір жалпы еңбек философия ғылымының оқулығы болады; екіншілері философия ғылымының практикалық жағына арналады, керекті тәжірибе істері үйретіледі. Қайсы бір еңбектерде табиғат дүниесінің философиясы талданады. Оларды түсіну үшін табиғат ғылымдарын үйрену қажет. Табиғат тану кітаптарының өзі де жалпы табиғат заңына арналған барлық әлемді тұтас қамтитын болады, немесе табиғаттың жеке салаларына арналған болады.

Ал енді табиғаттың арнаулы бір жүйесін зерттейтін еңбектерге келетін болсақ, олардың кейбіреулері табиғи болмысы жоқ (дерексіз) нәрселерді зерттеуге арналған. Дерексіз нәрселерді зерттеу ғылымы тағы екіге бөлінеді: барлық нәрселерді тегіс қамтитын жалпылық және арнаулы бір ғана нәрсені қамтитын жалқылық болады.

Философияда қолданылатын дәлелдер (Бурһан) ғылымы жөніндегі еңбектер үшке бөлінеді. Оның біріншісі дәлелдеу ғылымынан бұрын оқылатын еңбектер: екіншілері дәлелдеу негізін үйрететін еңбектер; үшіншілері дәлелдеуді білгеннен кейін оқылуға керекті кітаптар.

Дәлелдеу ғылымынан бұрын оқылуға тиісті кітаптар екі түрлі болады: оның біреулері дәлелдеудің дұрыс нәтиже беретін жолын үйретеді, екіншілері дәлелдеуге жататын кіріспелердің (мұқадималердің) қалай қолданылуын, қалай айтылуын үйрететін еңбектер.

Дәлелдеудің дұрыс нәтиже беретін жолын үйрететін "Бариминияс" кітабы болып табылады. Мұқадималердің қалай қолданылуын үйрететін "Фи-ал-хадди" деген кітап оны "Катигориас" (категория) деп атайды.

Ал, енді дәлел (бұһран) үйрету кітабы "Фи-ал-бұһран" деп аталады. Оның өзі екіге бөлінеді. Оның бірінде дәлелдеудің формасын (құрылысын), екіншісінде дәлелдің құрамын зерттейді.

Формальдық дәлел (логика) өлшеу – салыстыру (силлогизм) кітабында ("Фи-ал-Қиас") айтылады, оны анулитика (анилитика) деп атайды. Дәлелдің құрамын зерттеу "ғұнсари ал бұһран" (табиғи дәлел) деген кітапта жазылған. Оны "Бафузуктика" (метафизика) деп атап кеткен.

Дәлел ғылымын үйренгеннен кейін сол ғылымның дұрыс дәлелі мен терісінің арасын айыратын кітаптарды оқу керек. Демек, дәлелдің өтірігі де бар, расы да бар. Өтірік дәлел қисындар көбінесе поэзияда, өлеңдерде –

(шығырларда) болады. Өтірік қисын кітаптардың ішінде тегіс өтірігі болады, өтірігі мен шындығы аралас тең түрлері болады.

Өтірігі мен шындығы тең болған еңбектер туралы "Санағату ал-Хұтаба" атты кітаптан көруге болады (яғни хұтбалық шешендік өнерінен табуға болады). Өтірігінен шындығы көбірек еңбектің мысалдарын "мауасиғу ал жадал" кітабынан көруге болады. Ал, шындығынан өтірігі көп еңбектерді "Санағату ал-мұғалитин" (софистика өнері) кітаптарынан көруге болады.

* * *

3. Философия ғылымын үйрену үшін алдымен тани білуге қажетті болған ғылым. Ол ғылым - Платонның және оны жақтаушылардың (оның мектебінің) мақұлдаған ғылымы. Ол ғылым "ғылымал-һандаста" яғни геометрия. Алдымен соны оқу керек. Философияны үйрену үшін алдымен геометрияны білу керек екенін дәлелдеген Платон өзінің академия сарайының (һайклінің) есігіне "кімде-кім геометр (муһандиса) болмаса біздерге келіп кірмесін" деп жазып қойған. Неге десеніз, геометрияда қолданылатын дәлелдер барлық дәлелдер атауларының ең дұрысы деген.

Ал Феофраст (Алуфарстс) бағытындағы философтар мінез-құлықты түзету ғылымдарын үйренуді дұрыс көрген. Себебі, өз мінезі, құлқы түзу болмаған адамнан дұрыс ғылым табылуы мүмкін емес деген. Соған дәлел етіп Платон: "кімде-кім құлқы таза зерек болмаса, ол ізгі зерек адамның сөзіне де, ойына да жақын келе алмайды. Таза болмаған денеге қанша азық берсең де жауыздық арттырудан басқа ешнәрсе тумас"- деген.

Ал, Сайда қаласынан шыққан Бозций (Буатис) деген философтың пікірі бойынша философия ғылымынан бұрын жаратылыс тану ғылымын үйрену керек деген. Оның себебі табиғат тану ғылымы ең жақын, ең таныс нәрселерді үйрететін ғылым. Ал, оның Аристотельдің шәкірті Андроник (Анруникс) мантик (логика) ғылымы бұрын оқылу керек деген. Себебі мантик ғылымы анық пен танықтың арасын айыра білудің құралы деп білген.

Осы айтылған пікірлердің қай-қайсысын болса да кемітуге болмайды. Әрине, философияны үйренбестен бұрын сезім шаһуа ниетті құлықтарын түзеткен дұрыс. Қасиетті хақиқаттың айғағы болуға арналған философия ғылымына сезімнің тілегіне құл болған адам қалай үйлесе алсын. Сондықтан, халықты түзету құр сөзбен болмай, іс жүзінде мінез құлықты адам екені белгілі болсын. Мұнан соң адам өзінің рухани (жан) тілектерін түзетсін. Рухани дүниесі түзу болмаса бұзықтық жолға түсу, жаңылыс кету сияқты нәрселерден аман болмас, хақтық жолды аңдай алмас. Бұл жолды аңдау, әрине, дәлелдет ғылымдарына еңбек сіңіріп, қиналудан табылмақ. Дәлелдет ғылымы да екі түрлі. Оның бірі геометриялық (һандасию), екіншісі логикалық (мантиқы). Сондықтан алдымен геометриядан білім алып, сонан кейін логика ғылымына тиісті үлес қосу керек.

* * *

4. Философия ғылымын үйренуде онан күтілетін мақсатты түсіну. Ол мақсат жаратқан иені табу. Ол өзі ауыспайтын, өзгермейтін, жалғыз зат. Бүкіл дүниені, барлық нәрселердің бәрін барлыққа шығарған жаратушы. Жомарттығымен, хикметімен, әділетімен осы әлемге тәртіп беруші Аллатағаланы тану. Барлық философ ғалымдардың істеген еңбектері - өздерінің шамасынша сол жаратқанға ұқсап бағу.

* * *

5. Философия ғылымына кірісудегі басты жолды тану. Ол жол еңбек етуді, ғылымның жүйесіне (шегіне) жетуді мақсат ету. Еңбек ету деген нәрсе ғылымсыз, білімсіз болмайды. Сондықтан, ғылымды-білімді еңбек керек. Ғылым-білімнің толық түгел болуы сол білгенді іс жүзіне асырумен табылады. ғылымды шегіне жеткізу, жүйелеу деген нәрсе жаратылыс дүниесін танумен табылады. Жаратылыс ғылымы біздің бақылау жүргізуімізге ең жақын нәрсе. Онан кейін табиғатты бейнелейтін геометрия ғылымын үйрену керек. Еңбекті (ғамалды) шегіне жеткізу, жүйелеу дегені осы - адам алдымен өзінен бастап түзеу, сонан кейін басқаларды түзеу, өз үйіндегі адамдарын, немесе қаласының адамдарын түзеу.

* * *

6. Аристотель еңбектерінде қолданылатын ғылыми түсініктерді талдай білу. Ол түсініктер үш түрге бөлінеді. Арнаулы кітаптарында түсініктерді талдап жеке тақырыптарға бөлмей, тек өте қысқа түрде атап өтеді. Талдау жасалған кітаптарда түсініктерді терең жұмбақтап, бүкпелеп, екінші мағынада айту бар. Жеке қағидаларға арналған дәптерлерінде түсініктерді ереже принциптерімен канон түрінде келтірілген. Мұнда түсінік сөздерде ақырғы қорытынды анықтамалар берілген.

* * *

7. Аристотель еңбектерінде жұмбақ түрінде айтылған түсініктердің сырын ашу. Оның кейбір ғылыми түсініктерді терең жұмбақ түрінде келтіруінің үш түрлі себебі бар. Бірінші – оқушының табиғи қабілетін сынап, үйретуге тұратынын, тұрмайтынын айыру. Екінші – философия ғылымын көрінген адамның бәріне бірдей расуа қылмай, оны алып жүре алатындарға ғана пайдаландыру. Үшінші – ғылым іздеу жолында адам бейнеттеніп, ой-пікірін шынықтыру керек. Осы үш себептен Аристотель еңбектерінде жұмбақ (аллегория) қолданылады.

* * *

8. Аристотель ғылымын меңгеремін деген адамның міндеті мен ережесі, қалпы. Ол ереже алдымен жоғарыда айтылған қағидаларды біліп, сонымен

қатар өзінің құлық-мінезін түзетуден басталады. Яғни сезім тілегі қақтық шындық үшін ғана болу керек. Рухани негізді түзеу керек. Рухани негіз түзу болса оның тілегі – қалауы арасы дұрыс болады.

Аристотельдің өлшеу (салыстыру) әдісі қиас турасында. Ол өлшеу хақиқатты табуға жәрдемші. Өлшеу қорытындысына бақылаушының қалауы қосылады. Көңіл қалауы махаббат арқылы болмақ. Демек махаббат ету шындыққа жету мақсатында болсын. Егерде жек көрушілік араласса, онда сыналып отырған адамның сөзін өтірікке шығару болмақ. Мұғалімдік (ұстаздық) еткен адамның өлшеуі (әдісі) тым өктем (қатаң) болмасын. Және тым асыра босаңсытқан төмендікпен болмасын. Егерде тым қатты үнемі ызғармен болса, онда оқушылар мұғалімін жек көретін халге жетеді. Егерде өте босатып жіберген кішіпейілдік болса, онда оқушылар жағынан мұғалімді кем санау, оның ғылымына жалқау қарау қаупі туады. Ғылымды болу үшін үнемі сол ғылымның жолында болу қажет. Айтылған ғой: "Тамшы үнемі тама берсе тасты да теседі" деп. Және ғылымнан басқамен шұғылдануды азайту керек болады. Әрбір нәрселермен шұғылдана беруден істе тәртіпсіздік пайда болады. Ұзын өмірлі болу да қажет. Ұзын өмірлі болу үшін өзінің денсаулығын сақтау керек, соған шара қолданып отыру керек. Бақраттың (Гипократтың) айтқаны бар: өзіне ұзын өмір тілеген адам денсаулығын сақтау шарасын істесін деп.

* * *

9. Философия ғылымында мұқтаж болатын еңбектерді тану. Ең алдымен мантик (логика) кітаптары қажет. Екінші сол ғылымның пайдасын түсіну. Үшінші сол кітаптардың аталу себебін білу. Төртінші сол кітаптардың жаңсақсыз дұрыс болуы. Бесінші ғылымның мәртебелерін (дәрежелерін), тәртібін тану. Алтыншы ол кітаптардағы қолданылған түсінік сөздерді тану. Жетінші кітаптардың әрқайсысындағы бөлімдерін (тақырыптарын) тану.

Логикалық салыстыру, өлшеу екі нәрседен құралады. Бірінші өлшеудің мазмұны – теоремасы (мұқадамат); екінші өлшеудің формасы (түрі). Бұларға жататын ғылыми мәліметтер "Аналитика" кітабынан алынады. Теореманың анықтамасы мен формасы сол еңбектің соңғы бөлімдерінде. Жабайы заттардың тараулары категория (мақұлат) кітабының тиісті бабтарында талданады. Теореманың формалары Бариминиас кітабынан алынады.

Өлшеудің теоремалары "Дәлел" кітабынан алынады. Осы кітаптардың барлығы мантик (логика) ғылымын оқудан бұрын оқылатын ғылымдар. Себебі бұл кітаптар аталған пәндерді танып білуге қызықтырады. Бұлардан қалғандары кітаптардың әрқайсысының бөлінетін бабтарын тануға қызықтырады. Қай кітабын болса да оқымақ болғанда қажет болатын ғылымдар осылай болады.

Редақциядан:

Біз бірінші рет қазақ тілінде Фарабиді сөйлетіп отырмыз. Егер

ғасырлар бұрын жазылған бұл мақаладағы философияны үйрету тәсілдері қазіргі қағиданының негізі десек артық болмас еді. Әл-Фараби дүниені бір құдай жаратты, айналадағы барлық құбылыс Алланың әмірімен болады деген діни пікірді айтқан адам. Бірақ сол кездегі атақты философтар да, тіпті Аристотельдің өзі де осындай діни көзқараста болған еді.

Ал, классикалық механиканың атасы, бүкіл әлемдік тартылыс заңын ашқан ғалым Ньютон да барлық құбылыс бір ғана күшке байланысты деген қате ұғымда болғанын жасыруға болмайды. Ендеше 1000 жылдай бұрын нағыз дін қоршауында өсіп, өмір сүрген Фарабиді құдайшыл болды деп айыптаудың өзі артық емес пе? Әйтпесе бұл мақаланың терең мағыналы, әрбір сөзі қорғасындай ауыр, әрбір сөйлемі бүтін бір еңбекке өзек болғандай.

Білім және еңбек. 1962ж. №1.

ЖАҢА ЖЫЛ ТҮНІНДЕГІ ТҮС

"Үлкен Арық" бойымен шығып келе жатқан күн шапағымен шырайланып, жас балаң жігіт келе жатты. Аты Досым еді. Алдынан ақ сақалы кеудесіне түскен ашаң бойлы кәрия кезікті. Досым оған екі қолын ұсынып, ишарат көрсетіп, сәлем берді. Ақсақал кісі оған: "Шырағым, осы жерде Мекке-Мадина бар дейді, соған жол сілтеп жіберші", - дейді. Балаң жігіт түсінбей, бірақ шырамыта-шамалап, Академия наук па?, - деп сұрауға сұрау арқылы жауап қайырады. Бірақ бұған кәрия түсінбеді. Сөйтіп, бірін-бірі түсінісе алмай тұрғанда, ақсақал кісі: "Шырағым, менің сұрап тұрғаным, зиялы-ғұламалар отыратын жер" - депті. Сонда барып, әлгі жігіт: "Ата, енді түсіндім, мен сол жерге бара жатырмын, сонда жұмыс істеймін, онда жүріңіз, ертіп барайын" - деп, үлкен кісіні Академияға қарай ерте жүреді. Жолда келе жатып, өзін әл-Фарабимін деп таныстырған ақсақал кісі: Академия дедің бе, ия, онда қандай ғұламалар бар, аты-жөндерін айта жүр, мүмкін болса солармен жолықтыр, - дейді. Досым дереу: "Құп болады, Ата", - деп өзі білетін академиктердің аты-жөнін атай бастайды.

"Солардың ішінде тарих мамандары кім, тіл мамандары кім, пәлсафада мамандар кімдер, солармен мүмкін болса мені жолықтырсаң" - деп өтініш білдіреді.

Досым салған күйде тарих, археология және этнография институтындағы (ол кезде институт солай аталатын) академик Әлкей Марғұланның кабинетіне алып келеді. Ұрықсат сұрап, есік ашса стол басында академик Әлкей Хаханұлы өзі отыр екен. Жөн сұрасып болғаннан кейін, әл-Фараби академиктен: "Қандай тарихпен шұғылданып жүрсіз", - деп сұрайды.

- Қазақ халқы тарихын, этнографиясы, археологиясын зерттеп жүрмін,- деп жауап береді академик. Бұған көңілі толмаған әл-Фараби тағы қандай тарих

зерттеп жүрсіз, мәселен Шам шаһарі, Мысыр шаһарі тарихтарынан не білесіз деп сұрағанда, академик басқа тарих зерттеп жүргенін айтады. Бұдан әрі қарай әңгіме өрбімейтінін байқаған әл-Фараби, жігітке жүр кетейік, басқа да шаруаларымыз, жолығатын кісілеріміз бар деп, бөлмеден жедел шығады. Енді қайда барсақ екен деп тұрғанда, әлгі жігіт, "Осы ғимараттың ішінде тіл институты бар, сонда академик С. К. Кеңесбаев жұмыс істейді, сізді сол кісімен жолықтырайын", - деп ақсақалды ертіп сонда барады.

Әл-Фараби Смет Кеңесбайұлынан оның қандай тілдермен айналысып жүргенін білгісі келіп сұрайды. Сметке ол сұрауға қазақ тілімен, оның сөз құрылымымен айналысамын деп жауап қайтарады. Сонда әл-Фараби: "Тағы қандай тілдер білесіз?" деп сауал қояды. Оған академик орыс тілін білетіндігін айтады. Бірақ, ақсақал кісі орыс тілі дегенді өмірі естімегендігін, ал қазақ тілі дегенің біз білетін түркі тілі емес пе? деп анықтай түскісі келеді. Бұдан кейін академиктен ертедегі грек тілін, латын, қытай тілдерін білесіз бе деп сұрайды. Бірақ, академик жауабына көңілі толмай, ренжіген әл-Фараби бұл бөлмеден де шығып кетеді, өзімен ере шыққан бала жігіт Досымға: "Пәлсафадан ғұламаларың кім, енді соған апар!" - деп өтінеді.

- Ата, құп болады, ол ғылымның күшті уәкілі Нұрымбек Жәнділдин, мен сол кісіге апарайын, - деп Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіне ертіп келеді. Қабылдау бөлмесіне келіп, хатшы қабылдай алар ма екен деп, жағдайын айтқан көрінеді. Сонда хатшы көмекші арқылы: "институтқа бала түсірмек болып, немесе пәтер сұрағалы келсе, қабылдамаймын", - деп бір-ақ кесіп айтады. Мұндай үзілді-кесілді талапқа әл-Фараби: "Оқуға түсір деп сұрайтын, менің балам жоқ, пәтердің маған тағы керегі жоқ, өйткені, мен ерте замандарда дүние салғанмын, келіп тұрған мен емес, менің сұлдем, рухым", - депті.

Бұл сөздерден соң Орталық Комитеті хатшысы ат шаптырым үлкен, кең бөлме төрінде стол басында отырған күйінде әлгі кісілерді қабылдайды.

Бірінші болып сөз бастаған әл-Фараби: "Сізді үлкен ғұлама, пәлсафа ілімінің уәкілі деген соң келіп отырмын, қандай философиямен шұғылданасың?", - деп сұрайды. - "Сізге пәлсафаның қайсысы керек" - деп сұрауға сұрау қойған хатшы, өзінің маркстік-лениндік философия уәкілі екенін айтады. Бұған таң қалған әл-Фараби: "Маркстік дедің бе, лениндік дедің бе? Ол дегендерің не, біз білетін пәлсафада ондай дегендер жоқ болатын", - деп, "бұл қашан, қайдан шыққан ілімдер" деп сұрайды. Әңгіме желісін мүлдем ұнатпаған хатшы: "Марксті, Ленинді білмейтін өзіңіз қандай адамсыз", - деп жекіреді. Енді әңгіме бітті, шығып тұрыңыз деген ыңғай білдіріп, орнынан тұруға ыңғайлана бастайды.

- Сіз ренжіменіз, мен шынында да білмейді екенмін, ол ілімнің негізін салған кімдер, олар қашан өмір сүрген, - деп сұрайды. Хатшы оған: Бірі - ХІХ ғасырдың орта кезі, екіншісі - ХХ ғасырдың бірінші ширегінде, - дейді.

- Ия, солай деңіз, ал мен болсам Х ғасырда өмір сүрдім, менен соң мың

жылдан кейін, олар өмірге келетінін қайдан білейін - дей келіп, ал енді "Птолемей, Пифагор, Аристотель, Платондар философиясынан нақты не білесіз", - дейді. Бұл сұрауға хатшы: "Біз олардан тікелей болмаса да хабардармыз, оларға К. Маркс пен Ленин кезінде баға берген, біз сол тұрғыдан оларды білеміз", - дейді.

Ақырында, бұл әңгімеге де келіспеген ырай көрсеткен соң, әл-Фараби бұл ғимараттан да сыртқа шығып, біраз үнсіз тұрып, қасындағы Досымға: - ғимаратың жақсы екен, мұндай ғимараттар тек Харун Рашид замандарында ғана болған, бірақ ғұламаларың көңілден шықпады, өрісі өте тар, білімдері тайыз, онша емес екен, - деп әл-Фараби бала жігітпен қоштаса бастайды.

Сонда әлгі Досым деген жігіт: "Ата, ренжімеңіз, енді бір айналып келсеңіз бәрі де жөнделеді, басқа да ғұламалар шығады, әлі солармен танысасыз", - дейді.

- Шырағым қайдам, жол түссе көрерміз, - деп әулие атанған Ата көзден ғайып болады. Оянып кетсе, бұл Ақжан Жақсыбекұлының жаңа жыл қарсаңында, сонау 1965 жылы көрген түсі екен.

Мен мақаланы оқып шыққан соң, біраз ойланып тұрдым да: "Материалыңыз жақсы екен, бірақ мен газет бетіне шығара алмаймын, қорқамын", - дедім. "Түсініңіз, Мәскеуде докторлық диссертация қорғағаныма бір айдай ғана болды, мұны бассам аяғымды аспаннан келтіретіні сөзсіз", - деп Ахаң өтініш айтып, мақалада мен туралы да айтылғанына қарамастан материалын өзіне қайтарып бердім.

Артынша ол кісі сол мақаланы алып, "Қазақ әдебиеті" газетіне барыпты. Ондағылар да материалды рахаттанып оқып, ұнатса да, "Кешіріңіз, біз бұл мақаланы баспақ түгіл, көлеңкемізден де қорқамыз" деп шығарып салған көрінеді. Сонымен сол материал жарық көрмеді, Содан бері 31 жыл уақыт өтті. Қазір әлгі академиктер де жоқ, дүние салған. Ұдайы үрей тудырып келген тоталитарлық тәртіп те жоқ, компартия үстемдігі де қираған. Қазақстан егемендігін өз қолына алды. Міне, сөйткен Ақжан Жақсыбекұлы бүгін 90 жасқа толды. Жақында дүбірлеткен тойы өмір бойы өзі қызмет атқарған Қазақтың ұлттық техникалық университетінде кеңінен аталып өтті.

Бақсақ, Ахаңның әлгі көрген түсі - ол кісінің сол кездегі, әл-Фараби бабамызды ғылым академиясына әкеле алмай қиналып жүрген кезіндегі түске айналған арманы екен. Сол арман енді орындалды. Бабамыз бүгін қазақ еліне қайтып оралды. Ғылым академиясы ол кісінің философиялық, логикалық, әлеуметтік, математикалық, музыкалық трактаттарын том-том етіп қазақ, орыс тілдерінде жарыққа шығарды. Ал бабамыздың дүние танымы жәйлі кітаптар басылып, диссертациялар қорғалуда.

Қазақтың ұлттық университеті бабамыз әл-Фараби атын өзінің туы ретінде ұстауда. Кезінде екінші (Шығыстың Аристотелі) ұстаз атанған ғұлама бабамыз - әл-Фарабиды елімізге қайта алып келіп, терең таныстыруда, шаршамай-талмай

ұзақ жылдар күресіп еңбек еткен, бұл күндері 90 жылдық торқалы тойын дүбірлетіп өткізіп жатқан профессор Ақжан Жақсыбекұлы Машаниға зор ризашылықпен рахметімізді айтамыз, рухыңыз қазақ даласында үстем болсын дейміз.

Сол түсіңізде бабамыз әл-Фарабимен жолыққанын көрдім деген балаң жігіт Досымның прототипі Досмұхамед Кішібеков, осы мақала авторы. Ахаң жазған мақаланың түп нұсқасы сақталмағандықтан, есте қалған күйінде беріп отырмын.

1965 ж.

ФАРАБИ САНАТЫ

Бір ғажап сан. Ежелден келе жатқан "киелі" сандар бар. Олар 3,7,40 тағы басқалар. Ерте заманда Бабл (Вавилон) елінде шумер халықтары дүниедегі әрбір заттың өзіне тән аттары болады, ол аттарының арнаулы таңбалары болады. Сол таңбалар оның атын көрсетеді, әрі ол заттың дүниедегі алатын орнын, қатарын (санатын) көрсетеді деп білген. Осымен байланысты әрбір таңба әріп бір заттың белгісі немесе сонымен қатар бір санның белгісі болып алынған. Бірақ ол сан деген сөзді тек цифрлық мағынада емес, денелік, заттық, яғни фигуралық, құрылыстық сан мағынада түсінген жөн. Мысалы, әрбір дененің беті болады. Сол сыртқы беті арқылы ол дене айналасындағы басқа денелерден немесе кеңістіктен бөлініп өзіндік орын алады. Дененің сол сыртқы бетіне сызық жүргізіп, бірнеше бөлшекке бөлуге болады. Ол бөлшекке бөлудің шарты әр бөлшектің ауданы жазық жақ болсын делік. Осы шарт бойынша бірнеше белгілі формаларды алып, солардың бетіне сызықтар жүргізіп, жақтарын санап көрейік. Мысалға текшені алайық. Оның жазық жақтары 6, басқаша айтқанда, текше (куб) формалы дененің сыртқы беті 6 шаршы жақтан тұрады. Ал енді текше орнына мосы сияқтанған үш қырлы пирамиданы алатын болсақ, оның айналасын қоршаған беті 4 үшкіл жақтан тұрады. Енді осы екі форманың жазық жақтарынан басқа сол жақтардың арасын бөліп тұрған сызықтарын санап қарайық. Басқаша айтқанда қырларын санайық. Текшенің қыры 12, үшкір пирамида қыры 6. Енді сол сызықтардың түйіскен жерін, басқаша айтқанда ноқатты төбелерді санайық (*ноқат* ертедегі алтайлықтар тілінде *орын* деген сөз). Ондай төбе текшеде 8, үшкіл пирамидада 4.


Енді осында айтылған геометриялық түсініктерді сан арқылы белгілеп көрейік. Ноқатты төбені белгілеу үшін ең кемі бір ғана орын (ноқат) жетеді. Қыр сызығын көрсету үшін ең кемі екі орын (ноқат) керек. Жақ жазығын белгілеу үшін ең кемі үш орын керек. Бұл үшеуі біріне бірі тығыз байланысты екені түсінікті. Мысалы, төбенің орны мен қырдың орнын қосқанда жақтың орнына тең болады. Осында айтылып отырған орындарды (ноқаттарды) кішкене доп-шар түрінде алайық. Жазық жақ жасау үшін үш допты біріне

бірін тиістіріп қойып үшкіл жасаймыз. Сол үшеуінің ортасына 1 доп қойсақ, ол үш қырлы пирамида бейнесін береді. Демек, дене жасау үшін кемінде 4 орын доп керек. Ал текше формасын жасау үшін осындай 12 орын қажет.

Көне замандағы *сан* деген сөзді осылай денелік заттық мағынасында түсіну керек. Басқаша айтсақ ол сандар денедегі бөлшектердің құрылыс заңын, орналасу ретін көрсететін сандар еді. Осы жағын аңғарту үшін біз ертедегі философиялық мағынада айтылатын сандарды "санат" деген мағынада қолдануды дұрыс көрдік. Санат деген орынға қатарға қойылған, ретке қаланған заттың "аты" бар "сан" мағынасына дәл келеді. Басқаша айтқанда бұлар геометриялық сандар.

Геометрия ғылымын осылай денелі зат арқылы талдап, соған байланысты барлық есеп ғылымын деректі табиғат дүниесінен шығару бағыты ертеден бар нәрсе. Осы мәселеге арнаулы талдау жасап, тамаша дәлелдер берген біздің ұлы данышпан бабамыз Абу-Насыр әл-Фараби. Осы түсінікке сүйене келіп ол кісі: - барлық табиғат дүниесін зерттеудің, оны дұрыс түсінудің, ғылыми жаңалық ашудың ең сенімді әдісі геометрия деген еді. Біз өткен жазда халықаралық математиктер конгресінде Фарабидің осы қағидалары қазіргі ғылымның тұрғысынан қарағанда қандай орын алу керек екенін көтердік. Барлық табиғат дүниесінің заңдылық негізі Фараби қағидасын дәлелдейді деген сөзді айқындауға тырыстық. Бірақ дүние жүзінің барлық жағынан келген адамдар қатынасқан ол мәжілісте біз кейбір құнды табыстарымыздың сырын онда аша қойғанымыз жоқ, тек жалпылама сөзбен айтылды. Өйткені, бұл күндерде идеяны ұрлау деген бар ғой. Мен енді сол мәселенің бет пердесін аздап ашпақшымын.

Ежелгі бес бейне туралы. Айтылған текше мен пирамида сияқты формаларды көпжақтылар деп айтатынын білеміз (сыртқы беті бірнеше жақпен қоршалғаннан айтқаны ғой). Көпжақтың барлық жақтары бірдей болса, оны дұрыс көпжақ дейді. Дұрыс көпжақтың бес түрі бар: 4 жақты, 6 жақты текше, 8 жақты, 12 жақты, 20 жақты (1-сурет). Бұлардың грекше аты: тетраэдр, гексаэдр (куб), октаэдр, додекаэдр, икосаэдр. Дұрыс көпжақ форманың тек қана осы айтылған бес түрі болатыны, басқаша болмайтыны дәлелденген нәрсе. Бұлардың сыртқы бетін құрушы жақтарының формасы үшкіл, төрткүл, бескүл (3 бұрыш, 4 бұрыш, 5 бұрыш), басқаша ешқандай форма болмайды.



1-сурет

Осы айтылған бес бейне бес түрлі тектің бейнесі болып саналады. Ол бес тек ежелден белгілі, барлық әлемді құраушы тектер: от, жел, жер, су, эфир. Бұлардың алғашқы төрт тегі жердің затын құраушы төрт тұлға. Кейінгі эфир аспан заты болып саналады. Бес тұлғаның бес бейнеге бөлінуі мынандай болып саналады: от-тетраэдр, жел-октаэдр, жер-текше (гексаэдр), су – икосаэдр, эфир – додекаэдр (1-суретте көрсетілген ретте).

Бүкіл әлемнің тіршілігі, дүниенің қозғалысы, барлық сыры осы бес тектің өзара алмасуымен байланысты. Геометриялық жағынан алғанда әлем сыры бес түрлі дұрыс көпжақ форманың өзара қарым-қатысымен байланысты. Бұл формалардың біріне бірінің ауысу түрлері бар, бірінен бірін шығаруға болады. Мысалы, текшенің шаршы жақтарының диагоналы бойынша қиғаштап жарып, 8 төбесінің төртеуін алып тастасақ тетраэдр шығады. Текшенің 12 қырына бес бұрышты 12 жақ орнатсақ додекаэдр шығады. Текшенің 8 төбесін кесіп 8 үшкіл жазыққа айналдырсақ октаэдр шығады, тағы сол сияқты. Геометриялық жағынан алған уақытта жақ, қыр, төбе яғни жазық, сызық, ноқат деген түсініктер бірінің орнына бірі ауысып отыруға мүмкіндігі бар нәрселер екенін көреміз.

Осы бес форманың сандарын киелі сандармен байланыстырып көрейік. Бұл формалардың бәрінде де орталығы бар екені мәлім. Ол орталық ноқатты жақ, қыр, төбе – үшеуінің сандарына жекелеп қосуға да болады. Осыны есепке алғанда мынандай сандар шығады: 4-5, 6-7, 8-9, 12-13, 20-21, 30-31.

Мұнда ең көп кездесетін сан 12. Ол 4 жерде тұр. Онан кейін екінші орынды алатын сан 6 - ол 3 жерде, басқа қалған төрт сан - 4, 8, 20, 30 - әрқайсысы 2 жерде бар. Осылардың ішінен үшке бөлінетіндерін алайық. Кестедегі барлығы 15 сан болса, оның 9 саны үшке бөлінеді, яғни 3 саны еселеу арқылы табылады. Оның үстіне бес форманың үшеуінің жақ формасы үшбұрышты. Қысқаша айтсақ үш саны барлық кестеде бірінші орынды алушы, ең көп келетін басты сан.

Әрбір 6 жақты немесе қырлы, төбелі (форманың орталығын қоссақ) 7 саны шығады. Сонымен қатар әрбір алтыға бөлінетін санның орталығын қосып 7 санын тағы шығаруға болады. Демек, бұған да санның көпшілігі жатады. Оның үстіне жазық бетінде 7 саны тағы ерекше орын алады. Бір доптың айналасына біріне бірін тиістіріп 6 доп қоюға болады. Ортадағы доппен барлығы - 7.

Қалған сандар 4 пен 5 немесе оларға бөлінетін сандар. Бұл екі санды екіден еселеп 8 бен 10 деп қарауға болады ғой, оларды өзара көбейту арқылы 40 саны шығады... Сонымен киелі сандардың бәрін де осыдан табуға, осылай шығаруға болады. Осыдан басқа киелі сандар қатарында бұрын болмаған, егер бір кезде болса, кейін ұмытылып қалған бір тамаша санды тауып отырмыз. Ол сан 26.

Айтылған негізгі бес форманың ең негізгі тамашасы текше, басқаларын сол текшеден шығарып алуға болады. Сол текшенің жиын саны 26. Оның

қасындағы октаэдрдың жиын саны тағы 26. Онан кейінгі екі форманың жиын сандары 62. Бұл форманың жиын сандарының ең тамашасы 26. Қалған жалғыз форманың (тетраэдрдың) жиын саны 14 (екі 7). Осы 14 санының өзіне белгілі мүшел саны, яғни ең көп кездесетін 12 қоссақ тағы сол 26 санына соғамыз. Енді осы санның қасиетін анықтап қарайық.

26 – темір саны. Бұл күнде адам баласының өндіріс ісіне, ғылымына, күнделік ісіне ең керек металл қайсы десе темір дер едік. Темірдің осындай ардақты орын алуына себеп болған оның физикалық және химиялық қасиеттері. Ол қасиеттері оның алдымен ішкі құрылысындағы электрон санына байланысты. Темірдің электрон саны соған қарай химиялық элементтер кестесіндегі рет саны 26. Сол себептен де біз оны темір саны дедік.

Бұл санды біз дүниенің тұлғасын құраған бес бейненің басын қосқан сан деп тауып отырмыз. Ал енді осы санға ие болған темірдің де соған сай келерліктей тамаша қасиеттері болуы керек қой. Көп жылдар бойы мен осыны қарастырған едім. Расында темірде соған лайықты қасиеттер бар екен деген қорытындыға келдім. Осы жөнінде біраз нұсқаларды келтірейік.

Темірдің қолданылуындағы бірінші орын алатыны айтылады. Темір жер қыртыстарын құраушы, жердің өзегін құраушы ең басты заттың бірі екені тағы айқын. Темірдің адам қанында қандай орын алатынын тағы еске ала кетейік. Дем алғанда ауаның өкпеге жиналған оттегін денеге таратушы қанның қызыл түсті гемоглобины құрамындағы басты зат сол темір. Демек, адам қанында бірнеше грамм темір болмаса, тіршілік тыныс болмас еді.

Темірдің тағы бір екі ғажап қасиетін еске алайық. Темір атомының ішкі ядро өзек құрылысы өте ғажап берік нәрсе екені кейінгі кезде анықталып отыр. Барлық атомдардың ішінде ең берік ядро осы темірдікі екен. Осының арқасында аспанның алыс түкпірлерінен келетін космос сәулесінің құрамында ең көп кездесетін осы темір ядросының спектрі көрінеді.

Темірдің ерекшелік бір кереметі оның барлық заттардың ішінде айқын аса күшті магниттік қасиеті. Ал енді барлық жарық, сәуле, электр құбылыстары осы магнетизмге байланысты екені мәлім. Жерді қоршаған магниттік өрістің қандай тамаша іс атқаратыны мәлім. Бір сөзбен түйіп айтқанда Жердің магниттік қасиеті, магниттік өрісі болмаса онда, бәлкі тіршілік те болмас еді.

Ғарыш зерттеуінің кейінгі табыстарына қарағанда магниттік өріс жалғыз жерде ғана емес, басқа аспан шырақтарында бар екені айқындалып отыр. Планеталарда, Күнде басқа жұлдыздарда да магниттік қасиет бар. Сол магниттік қасиет арқылы бұлардың өзара әсер етуі де белгілі бола бастады. Мысалы, Күннің бетіндегі қара дақ – секпілдерінде магниттік қасиет едәуір күшті болатыны, сол дақтары көбейген кезде жердің магниттік өрісіне күшті әсер ететіні белгілі болып отыр. Дүниені ұстап тұрған тартылыс күштің өзі де осы магнетизмге байланысты.

Қазіргі атомдардың изотоптарын айыру істерінде, реакторлар мен түрлі

шапшаңдатушылар жасауда магнетизм қасиетін қандай тамаша қолданатыны мәлім. Магнетизм болмаса атомдық дәуір де тумаған болар еді.

Темірдің атомдық салмағы 55,847. Оның изотоптарының салмағы: 53, 54, 56, 57, 58. Ең тұрақты негізгі изотоп 56 (95-процент), одан кейінгі орында 54. Жоғарыда айтылған 26 санымен осы сандардың арасында бір тамаша байланыстар бар екен.

Темірдің текшелік сыры. Темірдің электрон (заряд) саны 26, оны біз текшенің жиын мүшесінен табамыз дедік. Басқаша айтқанда текшеде 6 жақ, 12 қыр, 8 төбе бар, осыларды қосқанда болады 26. Мұның өзі бір тамаша. Оны тамаша деп табатын болсақ оған байланысты тағы да тамашаларды білу керек қой. Темірдің кристалдық формасы және оның қосынды минерал заттарының формалары бәрі де текше формасына жатады. Бұл да тегін емес. Әсіресе бір таңдандыратын нәрсе оның ішкі атомдық құрылысына байланысты форма да текшелік болып шығатын көрінеді.

Атомдық ядросы, соның ішінде темір атом ядросы протон мен нейтроннан тұратынын білеміз. Протон саны электрон санына тең болу керек. Нейтрон санының протон санынан артықтығын шығарамыз. Ол болады: $A - Z = 55,847 - 26 = 29,847$.

Темірдің зарядты санын осы артық қалдық санына бөлейік. Ол мынандай болады: $26 : 29,847 = 0,871$.

Бұл санды әрбір қалдық (зарядсыз) бөлшекке келетін зарядты (негізгі) санның үлесі деп танымыз. Осы санды мынандай өрнекпен беруге де болады: $0,871 = e^{-1,13}$.

$E = 2,718$ (непер саны). Осындағы белгісіз: $x = 1,9105$ көрсеткішті шеңбердің доға радианы деп алсақ, оның градустық бұрышы болады: $109^{\circ}28'$. Бұл бұрыш белгілі тетраэдр бұрышы, яғни текшенің шаршы жағының диагоналы бойынша қарама-қарсы жатқан екі төбесін оның (текшенің) ортасымен қоссақ, сол екі сызықтың арасындағы бұрышы болады. Осы ғажап бұрыш тек қана темірдің атомынан шығады, басқа атомдарда кездеспейді. Енді осы тамаша бұрыштың табиғи сырын ашып қарайық.

Бір санның жорамалы. Текшенің темір атомына байланысты бұрыштары табиғат заңының бір үлкен саласы деп білеміз. Осыған байланысты кейбір физикалық тұрақты шамалардың ішінде дүниежүзіндегі ғалымдарды таңырқатып жүрген талай әдемілері, талай ғажаптары бар. Бүкіл ғылыми дүние кілтімен байланысты шамалар бар. Мысалы электр заряд шамасы, жарық сәуленің жарық шапшаңдығы, Планктың, Больцманның, Винның тағы басқалардың тұрақтылары т.б.

Ядролық физиканың бір тамаша тұрақты саны 137. Оны нәзік структурадың тұрақтысы деп атайды. Ол санның өрнегі мынандай:

$$hc/2$$

(h -Планк тұрақтысы, c -жарықтың жылдамдығы, e -электрон заряды).

Электрон энергиясының заттар ішінде ыдырау заңын шығаруға қолданылатын тұрақты бір сан осы.

Жоғарыда келтірілген темірдің бұрышын шығару әдісін осы санды шығаруға қолданып қарайық, яғни мынандай теңдеу жазамыз: $e^{6,758} = 137,2 p$; $e^x = 137$.

Ендігі мәселе көрсеткішті, яғни x табу. Тапқанда оны темір бұрышына байланысты табу керек. Біз оны былай таптық: $4p - 1,90 = 4,92$. Жақша ішінде болады: $3,14 - 1,91 = 1,23$. Сонымен 137 санының көрсеткіші бірден бастап төртке дейінгі сандарды қатар қоюдан шығады: $1,23, 4 = 4,92$. Мұндағы төрт санының жалпы бас бейнедегі қасиетін білеміз. Оның ең кіші көлемдік сан екені де айтылды. Сонымен қатар бұл 4 саны да темір санына жатқызуға болады. Біз жоғарыда темірдің қалдық нейтрон санын шығарғанда оның атомдық санын $A - 55,847$ деп алдық, сонда ол қалдық болды $55,847 - 52 = 3,847$. Енді осы қалдықты темірдің ең көп кездесетін изотопы бойынша шығарсақ ол қалдық болады: $56 - 52 = 4$. Тегінде осы төрт қалдықтың ең тұрақты түрде кездесетіні де осы темірде және оның маңындағы топта ғана болады.

Енді геометриялық жағынан алып қарайтын болсақ 4 саны текшенің (кубтың) көлемдік төрт диагоналы деп алуға болады. Ал 1,23 санын (немесе $70^{\circ}32'$ бұрышын) алатын болсақ ол сол айтылған диагональдардың көршілес араларындағы бұрышы. Демек, текшенің төрт төбесін орталығымен қосқанда төрт қырлы пирамида шығады. Сол пирамиданың төбесіндегі төрт үшкілдің бұрышы 1,23. Сонымен 137 саны "темір текше" санымен тығыз байланысты деп білеміз. Бұл айтылған тұрақты сан ядролық физиканың талай сырларымен байланысып жатыр. Айта берсек, осы күнгі резонанс бөлшектерді, кварк жорамалдарын тағы басқаларды осы нұсқаға сүйене отырып шығаруға болатын түрі бар. Бұл мәселенің бәріне бұл арада тоқтауға мүмкін емес. Ол жағын көпшілік талқысына саламыз. Біздің ендігі бір тоқтамақ болып отырған мәселеміз "темір текшеге" байланысты ертеден келе жатқан қандай әңгімелер бар, табиғатта қандай деректер бар. Осы мәселеге келеміз. Оны біз ұлы ғалымның есімі бойынша "Фараби саны" деп атадық.

Ежелгі бас бейненің ең негізгісі текше. Сол себептен де адамның ежелгі мекені жерді сол текше бейнесі деп атаған. Ол ғана емес адамның өзін сол текшеге бейнелеп 12 мүшеге бөлгені мәлім, адам топырақтан (яғни жер тегінен) жаралды дегені мәлім. Сонымен қатар "Жер текше саны" да "темір текше" сияқты 26 болатыны түсінікті. Бұл сан ерте заманда белгілі болған сан болу керек. Осыған бірнеше дәлелдер келтіру қажет.

Алдымен темірдің қасиеті жөнінде айтар болсақ, "Темірқазық" жұлдызын еске алу керек. Дүниенің айналыс орталық кіндік жұлдызына солай деп ат қою тегін болмаса керек. Ол магнит тілінің бағытын көрсетеді, ал магниттік қасиет тек темірде ғана. "Тебенге шығып жұлдыз әлемін көрдім" дейтін қырық өтіріктегі аңыз сол магниттік қасиетті "темір қазық" қасиетін біздің

бабаларымыз ерте білгендігін дәлелдейді. Ертедегі аңыз ойынша мәңгілік суын ішкен жасыл тоңды Қызыр сол суды магнит-компас қолданып іздеген — тапқан екен. Темірдің қасиеті ертедегі діни кітаптарда да айтылады. Дауыт пайғамбардың кереметі — мұғжизасы сол темірдің тілін білумен байланысты айтылады. Аспаннан түскен метеорит — темір тасты қасиеттеу барлық халықтарда бар деуге болады. Меккедегі Қағбаның кара тасы сол сияқты метеориттің бірі болса керек. Темірмен байланысты талай қызықты оқиға, аңыз, ертегілер толып жатыр. Оның бәрін бұл жерде айтып тауыса алмаспыз.

Текше жөніндегі қызықты әңгімелер көп. "Дүниенің жеті ғажабы" аталатын құрылыстардың бәрінде осы куб (текше) бейнелері кездеседі. Сандыбат данышпанның сарайы да сол текше бейнелес. Ерте замандарда құрбан шалатын алтарь формалары текше болғаны мәлім. Мысалы, атақты Делон есебіндегі текшені екі есе үлкейту дегені сол алтарьді үлкейту ғой. Қағба мешітінің формасы сондай болған (куб деген сөздің өзі сол Қағба деген сөзден шықса керек). Сол текше (куб) санының таңбалық және сандық түсінігі жөнінде бір-екі ауыз сөз.

Ерте заманда әрбір әріптің (дыбыстық) сандық мәні бар болған делік. Сол есепті алфавиттің басқы 4 әрпі бойынша *абжд* деп атайды. Сол есепті темір деген сөзге қолданып қарайық. Темірді ескі жазу таңбасы бойынша *тамр* деп оқуға болады. Осындағы әріптердің сандық мәні мынандай: $t=22$, $a=1$, $m=13$, $r=20$. Бұлардың бәрін жинасақ 56 саны шығады. Мұның өзі темірдің атомдық салмағы екенін білеміз. Екінші тамаша сан темірдің арабша атын сол есептен шығарудан табылады. Темір арабша хадид (жазылуы хдид). АБЖД есебі бойынша $x=8$, $d=4$, $i=10$, $d=4$, жиыны болады 26. Осы сандарды біз Фараби сандары деп атадық. Фараби сандары Темір сандарына дәл келетінін көреміз.

"Дүние сырын сан билейді" дейтін қағиданы осы сандар мағынасында түсінуге болады. Осымен байланысты әлемнің үндестік заңы деген түсінік шығады. Үндестік заңының ең бір басты мүшесін алайық. Қырларының ұзындығы бір өлшем екі текшені қатар қоямыз. Сол екеуінің жалғас тұрған екі шаршы (квадрат) жағына ұзын диагональ жүргізейік. Осыдан шыққан тік бұрышты үшкілдің бір қабырғасы 1, екінші қабырғасы 2, гипотенузасы болады


5. Осы үш санды мынандай түрде жазамыз: $\frac{\sqrt{5}-1}{2}$ "Алтын қимаң деген осы.

Геометриялық үндестіктің ең басты бейнесі осының өзі немесе ылғи осыған байланысты келеді. Егер де тік бұрышты үшкілдің гипотенузасын 1 деп алсақ,

оның қабырғалары болады: $\frac{\sqrt{5}-1}{2}$, $\sqrt{\frac{\sqrt{5}-1}{2}}$; бұрыштар болады: $51^{\circ}50'$, $38^{\circ}10'$.

Осы кейінгі айтылған 4 сан бойынша шаршы (немесе текше) шығаруға болады. Оны үндестік сызықтармен байланыстыруға болады. Соған арнап біз мынандай сызық ұсынамыз (2-сурет). Ортадағы шаршының бұрыштары айтылған

сандарға дәл келеді. үндестік заңы, музыка күйі, көркемдік сәулет түсінігі – бәрі осыған байланысты.



2-сурет

Жоғарыда айтылған формаларды, өлшемдерді табиғат дүниесінен өте көп кездестіруге болады. Тастардың жарықтарынан оларды құраушы кристалл формалардан, бөлшектерден, атомдардан жиі табамыз. Осы формалардағы заңдылық бұрыштардың өсімдіктер арасында, гүлдер құрылысында болатыны байқалған. Араның ұясындағы түбін құраушы ромбаларда $109^{\circ}28'$, $70^{\circ}32'$ бұрыштары болады. Тырналар, қаздар екі қатар тізбек жасап ұшқанда сол екі қатардың арасындағы бұрышы $109^{\circ}28'$ болатыны табылған. Осы сияқты мысалдарды көп келтіруге болады.

Жоғарыдағыларды қорытындылай келсек, әлемнің ғажап саны 26. Ол сан текше, темір саны, жер саны, табиғат саны. Дүниенің үндестік-гармония саны осы сан. Ерте заманда алхимиктер барлық затты асылдандыратын кереметті электр даналық (философиялық) тас іздеген болса, сол тас біздің ойымызша, осы санның иесі-*теміртас* (магнит-магнитті темір-тас) болу керек. Сиқырлы тас "*маг*" әдісі магнитпен байланысты болу керек.

Біздің көтеріп отырған мәселеміз едәуір кең көлемді мәселені қозғайтын нәрсе. Оның бәрін бір мақала көлемінде талдауға мүмкіндік жоқ. Мақсатымыз басталған мәселенің бейнесін елестетіп, ортаға салып, оқушы талаптарға ой салу.

Білім және еңбек. 1967 ж. № 2.

АЙДОСТЫҢ ИРЕМБАҒЫ

*"Ей құрбым Ирем бақтың гүліндейсің.
Зейтуннің піскен алма біріндейсің..."
(Халық өлеңінен).*

- "Әлфун лайлатұн уа лайлатұн". Сендер ғой оны "Мың бір түн" деп түсінесіңдер... Мүлде дұрыс емес – деп қарт едәуір қатуланып қойды.

Айнала отырғандар біріне бірі қарасып тым-тырыс. Әлден уақытта бір жас жігіт:

- Ақсақал-ау, мұныңызды біз түсінбедік. Мыңдаған жылдар бойында дүние жүзіне тараған қағиданы сіз қалай теріс деп білесіз. Бұл бізге тіпті қисынсыз көрініп тұр, - деді. Өнерге құмар жас талап Жаппастың осы сөзі қартты онан әрі ширатқандай.

- Мың жылмен мені қорқыта алмайсың. Мың жылың мың түн, мың түнің бір түн. Бірден шыққан мыңға тараған... Көптің қарасымен да мені тоқтата алмайсың. Мыңдық жеңбейді, шындық жеңеді. Қағазға жазып, көбейте беру, оны аударып-қопарып, бұрқыратып тарата беру қиын емес. Бүгін бар, ертең жоқ, ағаштың жапырағынша жалбыраған қағаздарына сенесіңдер ме?

- Ал сіз өзіңіздің сөзіңізді тарихи документсіз қалай дәлелдемекші боласыз?

- Сендердің ойларыңша қағазға жазылған сөз ғана тарихи документ, басқасы олай емес қой? Менімше олай емес. Тарихи деректің түп нұсқасы, тақтаға, сүйекке, тасқа жазылған. Олар өшпейді, мәңгі сақталады. Қағаз документ бергі жерде шыққан нәрсе. Қағазының тегі шөп, жазуында жаңсағы көп.

- Мен өзімнің сөзімді, ұлы Жер ананың ақ сүтімен жазылған, Аспан атаның Ай мен Күндей мөрі басылған, мынау "Лаух әл-махфуз" атты таңбалы таспен дәлелдеймін...

Алақандай тақта тас зілдей ауыр болса керек: қарт оны қос қолдап көтеріп алып жерге тастай берді. Бұлардың отырғаны бір жартастың көлеңкесі еді. Қарттың тақта тасы жартасқа соғылғанда бүкіл тау дір ете түсті, жарқ етіп от шықты. Осының әсерінен ілезде, күн жайлады білем, бұлт түнеріп жауын басталды. Отырғандар жартастың түкпіріне қарай ығыла түсті. Бірақ жауын көпке созылмай, басыла береді. Таудың белінен асып түскен кемпірқосақ аспанды көріктендіріп тұр. Кемпірқосақтың бір тармағы түскен белес қызыл-жасыл, сары-ала, күлгін-көкшіл шұғылаға бөленіп, бейне бір ғажайып сарайдың сәулетіндей елестейді.

Отырған жастар сол ғажайып сарайдың елесіне қарай ду етіп жарыса жөнеледі. Алда бір терең өзек болатын. Соның табанына түскенде жалғыз түп қурайдың түбінде бір құрай шал отыр. Бойы бір тұтам, сақалы қырық тұтам. Аты ор қоян, оны ерттеп, жүгендеп, өрмекшінің қылынан айыл, тұрман,

тізгін, шылбыр жасап, қурайға байлап қойыпты. Жастар оны айнала қоршап алып тамашалай бастады... Шал жауап қатпай тымырая қалыпты: көзі керемет өткір екен, адамның ту сыртынан өтетіндей. Бір бала тәлкек етіп, шыбықтың ұшымен түртіп қалған еді, шалып беріп, қоян атқа міне сала жөнep берді. Қуа жөнелген жастар жетер-жетпес құйрық тістеседі. Алдымен жеткен Жаппас енді ұстаймын дегенде қоянның келте құйрығы қолынан шығып кете барды. Қоян ат мінген құрай шал айдалада тұрған ақбоз үйге кіріп кетті. Жаппас та кірді. Ақбоз үйдің іші кереметтей бір кең сарай, сайын дала, өзенді өлке болып кетті. Құрай шал атымен жоқ. Қора-қора қойлар, табын-табын сиырлар мен жылқылар, өзеннің бойында көп ауыл отыр. Жаппас сиыр баққан бір қарт пен қой баққан бір жас жігітке кез болды. Жөн сұрады.

Бұл малдардың иесі Айдос бай мен Айқыз бәйбіше екен. Көктен түскен, кемпірқосақ шұғыласының бір тармағы осы Айдос-Айқыз сарайына келіп тіреліпті. Бірақ Жаппастың алғашқы тау басындағы көрген сарайы бұл емес. Не де болса деп ол Айдос сарайына қарай тартты.

Сарайға жақындап келген кезде айнадай бір күміс көлге жетті. Көлдің жағасында бір сұлу қыз гүл теріп жүр. Жаппас жақындап келгенде әлгі қыз суға сүңгіп жоқ болды. Жігіт алақтап, таң-тамаша болып тұрған кезде қойшы келді.

- Неге аңырап тұрсың, жігітім?

- Ей, замандас, дос болайық. Шыныңды айтшы мынау қыз пері ме, адам ба?

- Ол біздің патшамыз Айдостың үлкен қызы Асия сұлу. Ақылы дана, көркі сара, қолы жомарт, пейілі адал, жаны кішіпейіл нәрестедей. Қысқасын саған бір-ақ айтайық, бұл нағыз шын мәнісіндегі асыл тек адамзат.

- Құрбым-ау, бір тілдестіре аласың ба?

- Оның несі бар. Барда жолық. Мынау көлді жер бетінің басқа суы екен деп қорықпа. Оған үстің су болмайды. Бұл нұрдың суы. Қойып кет те бара бер.

Қойшының сөзіне нанар-нанбасын білмей, Жаппас суға көзін салды. Ой, Қандай тамаша ғажап... Кемпірқосақ шұғыласының бір тармағы осы көлдің түбінен шығып көкке көтеріліпті. Нәзік гауһар жіптен тізілген асыл нұрлы баспалдақ жол.... Оның арғы түкпірінде көз жетпейтін тамашалар... Асия қыз басына нұрдан сәукеле киіп, көрікті безенген қалпында Жаппасқа қарап күлімдеп қояды. Жігіт оның қасына қалай барып қалғанын өзі де аңғармады. Екеуі келе жатса алдарында бір алтын тақ. Келіп отырғаны сол-ақ еді, әлгі тақ бір тебіреніп жылжи жөнелді. Тақтың екі жағына орнатылған, бейне бір өгіздің мүйізі сияқты алтын мен күмістен жасалған дінгек бар. Қыз бен жігіт сол екі мүйіз дінгекке сүйеніп тұр.

Көкке көтеріліп бара жатқан өгіз мүйізді тақ үстіндегі Асияны көргенде өгіз бейнесінде болып келіп, Европаны алып қашқан Зевс туралы ертегі

Жаппастың есіне түсті. Қиялдан қиял туып, ұшығына жете алмай келе жатыр. Бұл қалай: Асия (Азия) мен Европа апалы- сіңілі мекен? Олай болғанда үлкені, әрине, Асия ғой... Осы ойлармен келе жатқан Жаппас кемпірқосақ арқылы көк шатырына келіп жетті, Бұлардың тақтысы келіп бір үлкен сарайдың қарсы алдына қонды.

Айналасы самсаған шынар ағаш. Жеміс ағаштарының неше алуан түрі бар екен... Жаппас пен Асия аралап келеді. Гүл бәйшешек атқан бақшаның хош иісі адамды еріксіз елітіп, маужыратқандай. Сайраған құс, жайнаған төңірек, кесілген дала, көгерген тау, мұнарған аспан, сырласқан жастар, қарқылдаған қарттар...

Ұлы табиғат ұлы мерекеге дайындалған болар ма...

- Мынау тұрған атақты Зейтүн ағашы. Тамаша сыры бар, балдан тәтті шырыны бар, дертке дауа иісі бар... Осы бақтың патшасындай Зейтүн ағашы осы.

- Бұл бақ кімнің бағы?

- Бұл менің әкем Айдостың Ирем бағы.

Жаппастың есіне еріксізден келіп бір ауыз өлең оралды:

"Ей құрбым Ирем бақтың гүліндейсің,

Зейтүннің піскен алма біріндейсің"... деп, аяқ жағын ашық айта алмай, күбірлетіп барып бітірді.

Дәл осы ағаштың түбінде бағанағы қарттың таңбалы тақта тасы жатыр екен. Жаппас оны көріп, қолына алмақ болып еңкейіп еді, көтере алмады. Қарттың қалтасына салып жүрген тасын жерден көтеріп ала алмағанына ол қатты намыстанып қалды. Әсіресе оның қысылғаны егерде бұл тасты Асия көтеріп алса не болғай. Жігіттің бағына қарай ол тасты қыз да көтере алмады. Екеуі тастың қасына отырып, ойға қалысты.

- Тасты менің рұқсатымсыз көтермек болдыңдар. Оның орындалмайтын тілек екеніне көздерің жетті ғой. – Тастың иесі қарт келіп қалған екен. Ол тағы біраз мәселені нұсқады.

- Мұның аты "жәдігертас", болғанды еске алу. Уағдаға берік болуға серт берген адам ғана мұны көтере алады. Ал мұны көтерген адам дүниеден асқан зерек, дана болады. Мұны алып жүру оңай емес. Серттен тайған жерде тас сені жерге апарып тығады. Ауырлық азабына тәуекел етіп шыдасандар мен өзімнің шартым бойынша бұл тасымды сендерге беремін.

- Шартыңыз қандай?

- Шартым, ұлы істің ұлы күні Мейрам бағында арнаулы атты жеміс татып ант етесіндер. үш күннен соң қайтып оралып, шешіп қоясындар.

Қарт кетіп қалды. Жаппастың аңқаулық, ұмытшақ мінезі бар. Сол мінезінен талай жерде таяқ жеген. Мынау жәдігер тас оған өте қажет дүние... бірақ шартын қалай орындай аламыз. Мейрам бағын қайдан табамыз. ұлы істің ұлы күні дегенін қалай табамыз. Ол сияқты тарихи күндер аз емес... Арнаулы

атты жеміс не? Осы үш шарттың бір жерге дәл келген сағатын қалай табармыз. Ренжіген пішінмен Жаппас Асияға қарады. Асия терең ойға шомып отыр екен. Бір мезгілде оның ойына бір нәрсе түсе қалғандай болды...

- Әкей айтып еді, анау үлкен сарайда бір ұлы тойға дайындалып жатыр, деп. Жүр соған барайық. Тегінде қарттың жұмбағына жауапты сонан табатын болармыз.

Сарайды айнала қоршаған қалың қол екен, олар екі жасқа әдеппен жол беріп, сарайға кіргізді. Төр алдында алтынмен аптанған, күміспен қаптанған биік тактың үстінде Хан отыр. Оның басына киген алтын тәжінің сәулесі айнала безенген гауһар тастарға шағылысып, бейне бір күн нұрындай жарқырайды. Адам көзін тоқтатып тура қарай алатын емес. Екі жақта екі уәзір, алдында бір топ нөкер билер отыр. Есіктен Айдос кіріп Ханға тағзым етіп еңкейіп:

- Әй, бұл ғаламның ұлы мәртебелі сұлтаны!

Төңіректің төрт бұрышынан, жеті ықлым жерден, он екі арыс елден келген мынау құрметті меймандарыңызды қабыл алыңыз. Дәл осы сағаттан бастап баршамыз сізді Хан көтеріп, қызметіңізді атқаруға дайынбыз.

- Бұлардың әрқайсысының айтатыны барма, болмаса сөзге ие болып көргені барма?

- Аталы сөздің атасы бір, сөз иесі Майқы би, тақсыр.

- Сөйле, Майқы! – деді Хан тізіліп отырған екі арыс билерінің алдында өзіне жақын отырған қартқа. Қарт орнынан түргелгенде Жаппас тани кетті. Бұл баяғы таңбалы тастың иесі қарт екен.

- Дәл бүгін ұлыстың ұлы күні ұлы Мейрам болсын. Мынау ақ киізге салып біз Сізді хан көтереміз. Сіз елдің қамын ойлап, бірлігін сақтап, тынышты, әділетті болғайсыз, мерекелі мейірімді, мол қол жомарт болғайсыз... Амин. Осы шарт мынау тасқа жазылған. Осыған мөріңізді басасыз.

Ханды ақ киізге отырғызып, он екі би төбелеріне көтерді. Хан өзінің үлкен мөрін таңбалы тасқа басты. Оның аяқ жағынан бас уәзір Айдос та мөрін басты. Мұнан кейін барабан қағылып, сырнай, керней тартылып, би биленіп, жыр-жырланып, ойын сауық басталды. Ирем бағының іші тамаша бір думанға айналды.

Көңілді мәжілісте топ ағасы болып отырған Майқы бидің қасына Жаппас пен Асия да келіп қалған екен.

- Бері таман келіндер, балалар! Адамдық, әділеттік Ханға да бір, қараға да бір, шалға да бір, балаға да бір. Шартымды қабыл аласындар ма?

- Аламыз, – деді екеуі бірдей жарысып.

- Олай болса мынау анар жемісін бөліп жеңдер?

Жемісті екі жас бөліп жеді. Майқы оларға:

- Ендігі сырды Абыздан сұрандар. Оған мынау анарды тапсырындар, – деді.

Асия Жаппасты қолынан жетелей жөнелді.

- Абыз менің әкемнің досы, өзің көрген сиыршы шал. Анау отыр. Жүр барайық... Абыз анарды қолына алып:

- О, бәрекедді.. Міне осылай болса керек еді. Ей, Қозы Көрпеш! Кел бері! Бұлардың қастарына қойшы бала жетіп келді.

- Шақыр, ана Баяныңды. Мынау екі жас қосылып, Майқыдан бата алыпты. Ал мынау анарды Баян екеуіңе жіберіпті. Жаппас Асияға қосылғанда Қозы Көрпешті Баянға қосамыз деген шарты бар-ды. Соны орындады. Айдостың кенже қызы сұлу Баян сол араға өзі-ақ келіп жеткен екен. Олар да анарды бөліп жеді. Абыз оларға ғажап Мейрамның сырын шертті.

- Сөзімді қысқа қайырамын. Талдауын өздерің шешіндер. Майқы би дегенің Майдың айы. Оның көктегі жұлдызы үркер. Хан дегені Күн дегені. Май айында Күн үркер жұлдызының аясында болады. Сол себепті он екі айдың отағасы Май айы –Майқы. Майқының жұлдызы үркер. Күн қасында болғандықтан түнгі аспанда ол көрінбейді. Оны халық үркер жер астына түсті, қыс кетті, қырық күн шілде басталды деседі. Ақ пен көктің бірдей толықсып жетілген кезі басталмақ. Май мерекесі осындай. Сақалы қырық тұтам, бойы бір тұтам құрай шал сол қырық күн шілде, оның ақ қоян Ай-қоян аты қысқа түн. Он екі ай – он екі жұлдыз есебіне қазақтың он екі жыл мүше қайыруы да дәл келеді. Биылғы жылы қоян ғой. Қыс кетті дегені. Айдос аталарың жер байлығын билейтін, мен сияқты бақташының досы. Ол бүгін өзінің мынау бағына елді жинап, табиғат көркіне ұлы мейрам жасады. Майдағы Ирем бағы – мейрам бағы деген сөз. Арнаулы жеміс дегені сендерге ұлы махаббаттың ұлы анарын бергені. Май айы достық айы, Айдостың ирем бағы.

Күн нұрынан көзілдірік киген Майқы би тастағы ескі жазуларды айыра біледі. Оның айтуынша "Мың бір түн", "Қозы Көрпеш-Баян" сияқты ертегі аңыздар бертіндегі қағаз жазу шыққан соң өзгеріліп кеткен. Оның түп нұсқасында аса ертеден келе жатқан табиғи-тарихи оқиғаның терең сырлары жатыр. Майқы бидің өзін де кешегі Шыңғыс ханмен байланыстыру мүлде қате болса керек. Болған күнде ол басқа, бергі бір Майқы болу керек. Ирем-бағы Шалдікі емес, Айдостікі дегенді де ол тапқан. Бұл сияқты әңгімелер онан көп табылады. Тағы бір жолыққанда сұрарсындар...

* * *

- Өй, Жаппас-ау! Тұрмайсың ба? Елдің бәрі 1 Май мейрамына шықты ғой. Сен неге мұнша көп ұйықтадың!

Жаппас басын көтеріп алып, терезеден қараса жайнаған жаздың мерекесіне шыққан екен.

"ӘЛ-ФАРАБИ" ДЕРЕКТІ РОМАНЫНАН ҮЗІНДІ
(Жазушы. 1970)

АЛҒЫ СӨЗ

Шаһмардан Есенов

*Қазақ ССР ғылым академиясының президенті,
академик.*

Соңғы жылдарда Қазақстан тарихының терең қабаттары зерттеліп, көптеген жаңалықтар жарыққа шыға бастады. Республиканың кең даласында жүргізілген археологиялық зерттеулер нәтижесінде көптеген ескі шаһарлар табылуда, тарихи көп жұмбақтар шешілуде.

Тарихымыздағы тамаша тұлғалардың бірі – Мұхаммед Абунасыр әл-Фараби. Абунасыр Фараби (870-950) Отырар қаласынан шыққан. Ол қала қазіргі Шымкент облысы, Қызықұм (Шәуілдір) ауданының жерінде. Өз заманында халқымыздың аса ірі мәдени орталығы болған осы Отырар қаласының қираған орнын қазу жұмысы қазір қолға алынып отыр. Отырардың ертедегі аты Фараби еді, ұлы данышпан ғалым сол бойынша Фараби атанған. Күллі оқымысты қауымнан оқшау озып шыққан, "Шығыстың Аристотелі" ("Екінші Аристотель") деп танылып, артына өшпес мол мұра қалдырған. Фараби ежелгі грек ғалымдарының жетістігін толық меңгеріп, өз тарапынан баға беріп отырған. Онан әрі қарай ол көптеген ғылымдар саласында тамаша жаңалықтар енгізіп, жоғары сатыға көтерген. Ұлы жерлесіміздің арабша жазған ғылыми еңбектері ғасырлар бойында әлемнің алуан тілдеріне аударылған.

Кейінгі жылдарда Қазақстанда Фарабидің өмірі мен өнерін халыққа таныстыру, насихаттау жөнінде едәуір істер істеліп жатыр. Қазақ ССР ғылым академиясында Фарабидің ғылыми мирастарын зерттейтін арнаулы топ іске қосылып отыр. Сөйтіп бүкіл Батыс пен Шығысқа мәшһүр, ғалымдар атасы Абунасыр Фараби араға мың жылды салып барып, өзінің туған отаны – Қазақстанға қайта оралды. Мұның өзі кеңестік заманында білім биігіне көтерілген қазақ халқының мәдени өсуінің, санасы артуының, өзін-өзі танудың бір жарқын белгісі іспетті.

Қазақстанда әл-Фараби еңбектерін ең алғаш рет жинау, зерттеу, таныстыру жұмысын өз тарапынан мойнына алып, көп пайдалы іс атқарған адам – Қазақ ССР ғылым академиясының корреспондент мүшесі, профессор Ақжан Жақсыбекұлы Машанов. Оның Фараби өмірі мен тарихи орны туралы мақалалары газет, журналдарда жарияланды, жинақтарда шықты. Фарабидің ғылыми мұралары жөнінде ол әлденеше рет республика, бүкілодақ көлемінде, халықаралық конгрестерде баяндамалар жасады. Фараби еңбегін алғаш рет қазақ тіліне аударғаны мәлім. Фарабидің жер жүзі елдерінің кітапханаларында шашырап жатқан еңбектерін іздестіріп тауып, бірталайының көшірмесін

алдырған. Профессор Ақжан Машанов 1968 жылы араб елдеріне саяхат жасап, араб ғалымдарымен кездесіп, Фарабидің Шам (Дамаск) шаһарындағы зиратын іздеп тауып, суретін түсіріп әкелді.

Сонымен, бүгінгі таңда Қазақстанда Фарабидің "қайта тууына" көп қайрат жұмсап жүрген еңбеккер ғалым Ақжан Машанов өзінің көп жылдық еңбегінің жемісі ретінде осы "әл-Фараби" атты кітабын ұсынып отыр. Бұл кітаптың ұлы ғалым Фарабидің туғанына 1100 жыл толуы қарсаңында жарық көруі де игілікті іс.

Бұл кітапта Фарабидің шәкірттік кезінен бастап, ғылым аспанына көтерілгеніне дейін бірсыпыра мағлұматтар бар.

Оқушыны қызықтырарлық тартымды әңгіме-аңыз, ғылыми дерек, батыл гипотезалар кездеседі. Соның бәрі қосылып келіп әл-Фараби туралы түсінікті молайта түседі. Халықтық, ілім-білімді кең қамтыған, берерлік мағлұматы мол, көп нәрселерге жаңаша қарауға шақыратын, қиялды қозғайтын қызғылықты туынды.

Бұл кітапта алдымен Фарабидің заманы сипатталады, халқымыздың сол кездегі, осыдан мың жыл бұрынғы өмір-тіршілігі, өнеркәсібі, мәдениеті, ғылым-техникасы жайлы азды-көпті баяндалады. Соның ішінде қала тұрмысы, қолөнері, жер байлығы, кен қазу, металл қорыту, құрылыстар, ғылыми-рухани тәлім-тәрбиесі, ауыл шаруасы, көпшілік, тұрмыс, мал бағу, егіншілік, шет елдермен қатынасы, сауда-саттық жайы сөз болады. Автор Фарабидің өз дәуірімен ғана шектелмей, онан арғы көне дәуірлерге де тереңдеп барып, қайта оралып отырады. Мысалы әл-Фарабидің рухани моральдық жағындағы ұстазы Абу Мәлік өз тарапынан ғылымға, шындық жолына берілген адам. Екінші ұстаз Арыстанбап – табиғаттану ғылымының уәкілі. Сонымен қатар, ғалымдар тарихын зерттеуші, халқымыздың мәдени қазнасының көзі деуге болады. Жалаңтөс батыр – Сахараның салтанаты, ерліктің бейнесі; Нысан Абыз, Қорқыт, Гауһар сияқтылар халқымыздың әдебиет, музыка, ән-күй, эстетикалық сезімдерін елестетеді. Осылардың бәрі жеке-жеке бастау бұлақ көздер сияқты. Олардың барлығы біріне бірі қосыла келіп, ақырында Фараби даналығының дариясына құймақ. Фараби – асқан астроном, математик, музыкант, табиғат зерттеуші, философ болған адам.

Әл-Фараби өзінің алғашқы сапарларында өзі туған елінің, әсіресе, жоғары мәдениетті араб елдерінің талай жерлерін аралайды. Көптеген ғылымдарды жақсы меңгереді. Сонан кейін ол еліне қайта келіп, ұстаздық етіп, халқының мәдениетін көтеруге аса зор еңбек сіңіреді.

Фарабидің Бағдад, Мысыр, Шамды екінші рет аралағаны, ғылым дүниесінің биік шыңына көтерілгені қысқа айтылса да тартымды берілген.

Фараби заманында Ислам елдерінің мәдениеті бүкіл дүниежүзілік мәдениеттің шыңы болатын. Бұл елдердің ол кездегі ғылыми ортақ тілі – араб тілі болғаны мәлім. Сонымен байланысты ғылым тарихында ол заманның мәдениетін "араб мәдениеті" деп атап кеткен. Осыған орай біздің Орта Азия

мен Қазақстаннан шыққан ғалымдарды да араб ғалымдары деп келген. Расында, Ислам мәдениетін құруда біздің халқымыздың алған орны айтарлықтай. Атақты Арун Рашид әл-Мумин, халифалар кезінен бастап бағдадта ғылыми істерді басқарған Хорезмдік-әл-Хорезми. Онымен қатар және оның артынан ілесе шыққандар – Жауһари, Фараби, Беруни, Абуғали ибн Сина т.б. Осылардың әрқайсысы өз замандарында бүкіл дүние жүзілік ғылымның туын жоғары шыңға көтерген адамдар.

Халифат мәдениетінің түрлі саласына қысқаша шолулар беріліп отырған. Соның ішінде Ислам дінінің тарихы мен тараулары (мазхабтары) жөнінде дәйектеме келтірілген. Мазхаб таласы мен мансап таласы халықты әлекке түсірген. Олардың таласынан бойын аулақ ұстап, Фараби өмір шындығын, ақиқат кілтін ғылымнан іздейді, табиғат әлемі мен адам дүниесінен іздейді. Оның дүние жимай, үй жамағатсыз болу себебі де сол деп білеміз. Кітаптың аяқ жағында Фарабидің ең ірі дүние жүзілік ғылыми табыстары еске алынған. Оның бәрін талдап жазу үшін жеке еңбек керек болар. Ең ақырында Фарабидің қайтыс болуы, жерленуі, ғылыми еңбектерінің жиналуы жайында айтылған. Бұл мағлұматтар да негізінде шындық дәйектерге сүйенген.

Фарабитану мәселесі бізде жаңада ғана қолға алынып отырған ауыр және құрметті проблеманың бірі. Сондықтан Фараби жайлы алдағы уақытта да тың зерттеулер жүргізіліп, бұл саладағы ғылым жүйесіне көп жаңалықтар қосылады деп сенеміз.

Жалпы алғанда "Әл-Фараби" қазақтың оқушы жұртшылығына аса керекті, қызғылықты кітап болып тарайтынына сеніміміз зор. Фарабидің туғанына 1100 жыл толуына лайықты тартудың бірі бола алады деп білеміз.

Медресі алдында

"Бисмиллаһи әл-рахим. Тұаклат гали әллаһи".

"ә-тұлабуа әл-ғылым мен әл-маһади әли әл-лахад".

"Мен жалда уа жада!"

Медресі қақпасын алғаш рет ашып кіре берген жас Әбудың құлағына осы сөздер естілді. Оны ертіп келе жатқан ұлы атасы Мұхаммед Тархан: "Амин-Амин" деп, қолын жайып бетін сипады. Атасының істегенін Әбу да істеп, нәп-нәзік салалы саусақтарын бірге қосып, кіп-кішкентай сүйкімді сүйрік қолдарымен бетін сипады.

- Ата, бұл сөйлеп тұрған кім?

- Ол біздің ұлы ұстазымыз, машһүр ғалым, ғұлама Әбу Мәлік, балам.

- Ол не айтты?

- Әрбір істі бастарда жарылқаушы жәрдемші Аллаһу тағаланың ұлы есімін айтады, соған тәуекел етіп сыйынады.

- Оны түсіндім ғой, онан кейінгі айтқандарын түсінбедім.

- Анадан туып бесікке түскен күннен бастап көрге кіргенінше үйрен,- дейді. Бұл сөзі ерте заманнан бері келе жатқан даналық қағида. Мұны ол кісі арабша айтып тұр. Ал біздің түркі-қыпшақ тілінде оны: "ағаш бесіктен жер бесікке жеткенше үйрен" деп келеді. Тегінде қарт ғұлама бір іске жаңадан кіріспек шығар. Қайтардым деп талабыңды қайтарма, деп өзіне өзі дем беріп отырған түрі бар-ау... "Жаңад етсең жетесің" деп отыр ғой. Дуалы ауыз ұстаздың осы сөзі жаңа талаппен келе жатқан саған да бағыштанған. Қол жайып бата істегенім сол ғой. Ал мен ұстаздан рұқсат сұрайын.

Тархан қарт аула ішіндегі хауздың кемеріне баланы отырғызды-дағы өзі жайлап басып есікке жақындады. Есіктің артынан тағы да дауыс естілді. Ол тындап тұра қалды.

"Абжад есебін үйренбегені адамға қандай зор қасірет еді. "әл-ғайну басиратун, уа әл-иаду қасиратун".

"Тағаллам уа лау білсихр".

"О Аллаһу ағлам биссауаби".

- Хазрет бір үлкен ойда отыр екен... тоса тұрмасак болмас. – Қарт баланың қасына келіп отырды. Әбу атасынан бір нәрсе сұрамақ болған еді, бірақ қарттың өзі де бір ойға кетіп, оң қолының алақанымен маңдайын сипап отыр екен. Басын шайқап:

- "АБЖД" деді. "Көзің көріп дерменде, қолың жетпей шерменде", деген сол-дағы. Шіркін-ау, бейне бір әйнектің ар жағындағы заттай, бейнесін көріп-ақ тұрасың. Ап-айқын, түсінікті дүние сияқты... Ал қолға алып, іске жаратуға мүмкіндігі тағы жоқ: бос елес, бұлдыр сағым. Бұл не? Сиқыр ма әлде? "Сиқырласаң да білу керек" дейді-ау... Я. "Шындықты білуші Аллаһи" деп тоқтады. Әлбетте шексіз ғаламның сырын адам қалай біле алсын...

Хазрет отырған үйден бір жас жігіт шықты. Тегінде ол кісінің әрі шәкірті, әрі күтушісі болу керек. Тархан қартты көріп ол әдеппен тағзым етіп сәлем берді. Қарт одан ұстаздың жайын сұрады. Жігіттің айтуына қарағанда оның ұстазы кейінгі кезде бір түрлі қиялға түсіп, кітапты көп оқитын болған, көп ізденетін болған. Әсіресе ол "АБЖД" есебін қатты қарастырып жатса керек. Жігіт үйге кіріп, қайта шықты да, отырғандарды шақырды.

- Ассалаумағалайкүм!

- Оғалайкүм о-ас-салам!

Екі қарт бірін-бірі ертеден білетін қадірлес дос адамдар. Тархан қарт өзінің сүйікті немересі кішкене әбу Насырды оқуға алып келгенін айтты. әбу Мәлік оған разылық білдіріп, қабыл етті. Балаға батасын беріп, басынан сипады.

- Баламмен бірге оқимыз. Менің өзім де бұрынғы өткен ұлы әулие ұстаздардан дәріс (сабақ) алып жатамын. Өз білгенімді, әлбетте, бұл балаға үйретермін. Тек жаңаты болсын деңіз.

Сол түннен бастап әбунасыр медресінің бір адамы болып қалған.

Медресе үйі біріне-бірі жалғас тіркесе салынған жеті үлкен зал. Оларға құймалас айнала шеңбердей салынған кішкене бөлме құжыралар, олардың жалпы саны екі қанатында он екіден жиырма төрт. Үлкен залдың біреуінде кітапхана, біреуі мәжіліс залы, басқаларында балалар оқиды. Құжыраларда шәкірттер, меймандар жатады, кейбіреулері асхана. Медресенің қарама-қарсы түстік-батыс бетінде мешіт, биік минарет...

Мешіттің шет жағында оңашалау бір кішірек мұнара бар. Оны Басита-Миқиас дейді ғұламалар, ал халық оны Күнбағар дейді. Мұнараның астына дөңгелек айнала дөңес тас төселген, оның үстіне күйдірген қыш кірпіш қалап, оның үстінен тақтайша беттелген мрамор стол орнатқан. Столдың диаметрі 12 құлаш. Төрт қырлы тіп-тік жіңішке бағана-мұнара (гномон) сол столдың ортасына орнатылған. Столдың оңтүстік жақ жартысы кішілеу және жөнді өңделмеген. Ал солтүстік жақтағы жартысы оған керісінше, ұқыпталып өңделіп, бірнеше жерден шеңбер сызықтар және сәуле-радиус сызықтар сызылған. Бағананың көлеңкесі осы бетке түседі. Күн шыққаннан батқанға дейін жылжып отырады. Көлеңкенің ең қысқарған кезі тал түсте сағат он екі. Дәл осы қалпындағы оның бағыты солтүстікті көрсетеді.

Демек бұл қаланың уақыт білдіретін күн сағаты уақытты және бағытты бірдей көрсетеді. Күнбағар дегені сол, әрі сағат әрі құбланама-компас.

Өзеннен тартылған үлкен арықтың бас жағында су диірмен бар. Бұл араға дейін су құбыр-түтікшелермен келеді. Түтіктер күйдірілген саздан жасалған. Онан шыққан су аулалардағы бау-бақшаларды суландырады. Онымен қатар аулада шығырлы құдықтар да бар. Құдықтардың түбі таспен өріліп шегенделген, ауыз жақтары ағашпен қапталған.

Ауланың ортасында су құбыры – әуіз бар. Ол өзі төрт бұрышты, айналасы екі жүз қадамдай таспен қаланған зор науа.

Минарет басының мінберінен шақырылған азаншының үні естіледі. Ұстаздар мешіт ішіне ерте жиналды. Шәкірттер де топырласып келіп жатыр. Күн шыққан кезде таң намазын аяқтап тамақ ішеді. Онан кейін іле-шала сабақ басталады, дәріс оқылады. Сол сабақ түскі намаз бесінге дейін созылады. Түстен кейін шәкірттер көбінесе кітапханада болады немесе кезектесіп медресі мен мешіт аландарында әртүрлі жұмыста болады: бау-бақша суару, арық қазу, үй сылау, қора қалау, аулаға су шашу, қора сыпыру, көшірме көшіру, кітап түптеу, мейман күту, ас пісіру тағы сол сияқты. Күн төмендеген кезде екінді намазы оқылады. Онан кейінгі кешкілікте шәкірттер өздерінің жеке жұмыстарымен айналысады... Күн бату мен ымырт жабылу арасында оқылатын ақшам намазы оқылған соң шам жағылады. Дәл осы кезде медресе іші бір тыныштанады, шәкірттердің көбі үйлеріне тарайды. Қадірлі ұстазы Әбунасырдың осы кезде қасында болғанын ұнатады. Өзінің жас кезінен бастап арман еткен нәрселерінің кейбір орындалмай қалып бара жатқандарын қарт ұстаз өзінің сүйікті шәкіртіне тапсырып, соған үміт артатын түрі бар. Әңгіме қызықты болып, уақыт кешіккен

кездерде шәкірт ұстазының қасына жата кетеді, немесе жатар алдында оқылатын яшиғы намазынан кейін үйіне қайтады.

Медресе өмірінің күнделік тіршілігі осындай. Жалпы алғанда бір күні бір күнге ұқсас, бәрі бір қалыптағы құбылыстың қайталауы сияқты. Бірақ оның ішінде, сол күнделік әдеттің түп мазмұнында қайталанбайтын, қайта оралмайтын бір құбылыс бар. Оның аты – өтіп жатқан өмір. Сол өмірдің күнделікті дамуынан, қор жинап жатқан, асылдың қазыналы көзі бар. Оның аты – білім алу, ғылымның асыл қорын жинау, табиғат сырын шешу, әлемнің жұмбағын түсіну... Сол түсінудің арқасында өмірдің мазмұны да, әсері де өзгермек, жаңадан мағына таппақ, жаңғырған үн таппақ, ескіден мін таппақ. Қарап тұрсаң өмір мектебі тек қана осы медресі дересінде, оның дәрісінде ғана емес. Тіпті әріде жатқан сияқты. Әбунасыр сол бір ғажайып сырды сезетіндей, бірақ ол сол сырдың кілті қайда екенін біле алмайды, ойланады.

Әбунасырдың түсінігінде таңғажайып сырдың өзі алдымен адамның басында сияқты. Осы медреседе бірге оқып жүрген құрбыларының өздері де дүниені әртүрлі түсінеді. Мысалы анау Жаппарды алайық. Оның есіл-дерті ойында. Асық ойнауға алданып сабағын жөнді оқымай талай рет таяқ та жеді. Ұстазы оған разы емес, әбудың оған жаны ашиды. Оны бір күні ұстазы тобылғы шыбықпен тартып жібергенде Әбу онымен қоса жылаған-ды. Ал Сәлім – өте пысық, жылпос, қу бала. Ол ұстаз алдында құрдай жорғалап, қылт еткізбейді. Сабақты да тақылдатып айтып береді. Бірақ сол айтылған сабақтардың терең мағынасына ой жібермейді. Ұстазы жоқ жерде оны аздап келемеждеуге де дайын. Өзінің мақтану жағына келгенде сабақтас құрбыларын жамандап, сатып кететін жерлері де болады. Сәлімді ұстаз жақсы көретін сияқты. Оны осы үш жыл ішінде бір де жазалаған емес.

Жомарт пен Қорқыт деген екі шәкірттің мінездері біріне-бірі қарама-қайшы сияқты. Жомарт оқуға барлық ықыласын салып тырысады, көп отырып, бас алмастан оқиды. Бірақ сабаққа үлгеруі нашар. Оның табиғатында бір кемшілік негіз жатқан сияқты. Ал Қорқыт болса ұстаздың аузынан шыққанды жеңіл қағып алады, бірақ оны қайталап оқып, пысықтау-жаттау деген онда болмайды. Сабақтан тыс уақыттың бәрін ол әртүрлі музыка аспаптарында ойнаумен, ән салып, күй шертумен өткізеді. Соның арқасында ол жас басынан-ақ қобызшы Қорқыт аталды. Отырар қаласында болып тұратын ойын-сауық тойларға Қорқыт қатыспай қоймайды. Ондай жағдайларда оның таяқ жейтін кездері көп болады. Жомарт пен Қорқыттың таяқ жейтіндері ой қабілетінің шабандығы мен ұшқырлығы. Осы екеуін теңгеріп ұстаса дұрыс болатын сияқты.

Әбунасыр өзінің бір тұйық мінезді ұстазынан ән-күй жайын сұрады. Оның айтуынша сырнай-керней, музыка деген нәрселер жын-шайтанның ісі. Ол адамды сонымен алаң қылып аздырады, ісінен қалдырып, күнәға кіріптар етеді. Бұрын музыканы жақсы сүйетін әбунасыр осыны естігеннен кейін қолына музыкалық аспап алмайтын болды. Ол енді Қорқыттың қасына жоласыншы.

Музыканы сүйіп ойнайтын, сүйіп тыңдайтын Әбудің бір қымбатты қимас заты жоғалып қалғандай. Ол бұрынғысынан әлде қайда жабырқау. Кейде ол ойға да қалады. Музыка деген адамды жадырататын, көңілді көтеріп, жүректің мейірімін түсіретін бір қасиетті өнер ғой. Мұның адам баласына пайдасы көп, зияны жоқ нәрсе емес пе? Солай болғанда ол неге сайтанның меншігі болған? Осы сауалын ол екінші бір ұстазынан сұрады. Бұл жолы оның сұрағаны ашық мінезді сауықшыл адам еді.

Мұның айтуы алғашқы ұстазға керісінше шықты. Ол айтты: музыканы алғашқы қолданушылардың өзі алдымен пайғамбарлар мен әулиелердің өздері. Ферғаунның зынданында жатқанда Жүсіп пайғамбар сыбызғы-сырнай жасап, сонымен өзінің де, қасындағы қапастағылардың да көңілін көтерген. Дәуіт пайғамбар асқан арфашы болған адам. Оның халық бастап, қамал бұзған жорықтарында жан серігі сол арфа болды емес пе? Музыка қасиетті нәрсе. Мұнда аспанның сыры бар, әлемнің үні бар. Қолыңнан келсе музыканы өміріңде тастама. Көктегі періштелеріңнің өздері де көшкен жұлдызбен қосылып күңіретіп ән салады керек болса.

Мұны естіп Әбунасыр қатты шаттанды. Алайда алғашқы кісінің айтқанында суық ызғар жатыр. Тегінде бұл өзі бір үлкен сыр бар нәрсе. Оны үлкен ұстаз Әбу Мәлік хазреттің өзінен сұрау керек.

Барлық ықыласымен, қорқынышы мен үміті аралас тебіренген жас жүректің ізі бар сияқты. Әбумәлік қарт салалы саусақтарымен сақалын бір сипап қойды да, азырақ ойға кетті. Әлден уақытта басын көтеріп алып, алыста көрінген Сырдарияға көзін салып тұрып, өзімен өзі кеңескендей, сөйлеп кетті.

- Ол да дұрыс, бұ да дұрыс. Екі айтушының екеуі де дұрыс айтады... Я, солай... Жамандық та, жақсылық та адамның өз бойындағы қасиетке сүйенеді. Азғындық пен ізгілік ежелден егіз емес пе? Ән-күйдің әуеніне еріп, басқа өнер-білімнен қол үзсең, сонымен өміріңді қапыл өткізсең өкініш емей немене. Музыканың үні алпыс екі тамырды бірдей қозғайтын кереметті, құдіретті нәрсе. Оның сені билеп әкетуі ғажап емес. Алғашқы айтушы сені сақтандырады. Құдіретті өнерді керекті жерінде өлшеумен ұстап, тізгінді ақыл-ойға беріп, ізгілік іске қоссақ, онан келер пайда көп. Көкірек кеңіп көңіл оятар, қиял қоздырып қайрат берер тағы сол... ғылымның ата тегі әр ненің өлшеуін білуде емес пе. Сен музыка үйренсең онан менің қаупім жоқ. Музыканың сиқырлы үнін тежеп отыруға сенің ақыл қабілетің мол жетеді. Музыка саған қызмет ететін болар. Ал Қорқыт болатын болса,... онан менің қаупім бар. Түбінде сол тентекті қобыз билеп кетіп жүрмесін...

Ұстаздың осы болжамы теріс кетпеді. Әбунасыр Әл-Фараби дүние жүзіне аты шыққан ұлы музыкант, тамаша ғалым, барлық ғылымдардың негізін меңгерген данышпан болды. Музыка оны билеп әкеткен жоқ. Ол музыканы қолына құрал етіп, ғаламның ғажайып сырларын ашты... Дананың даңғыл жолына біз де түсіп қарайық. Жүрген аяққа жөргем ілінер деген. Олжасыз болмаспыз! әмин!

Мұхаммед Тархан

Әбунасырдың әкесі Мұхаммед бин Тархан – Отырар уалаятына белгілі білікті адам. Әмірдің сенімді серіктерінің бірі. Қыр мұрынды, атжақты, қой көзді, қызыл күрең, шырайлы, толық адам. Балғын ірі сүйекті, балуан денелі, бойы орташадан едәуір жоғары, бірақ сиықсыз тым биік те емес. Ақылды, әділетті, сабырлы адам. Оның алдына іс көп келеді. Ол кісінің бұл күндерде жұмыстары өте көп. Үйі толған қонақ. Солардың ішінде алыс жерден, жат елден келгендері де бар. Тіпті хазреті фалифамыз Әмір-әл-Мұьмининның өз тарапынан парман алып келген меймандар жатыр. Сонымен қатар ел арасының толып жатқан даушары тағы қол босата ма.

Ертеден бері ол кісі ат үстінде. Қасында бес-алты адамы бар, қаланы аралап, базарларды жағалап келеді. Үстінде ақ шайы шапан, басына ақ шалма, аяғында мәсінің сыртынан киген кестелі сақтиян кебіс, астында боз шұбар азбан. Қасындағылар да едәуір сәнді киінген. Кейбіреулерінің мойнына асқан, беліне байланған қарулары бар: садақ-жебе-бірасар, селебе, қанжар, сапы. Бұрын көбінесе үлкен әкесі Тархан қарттың тәрбиесінде болып, үнемі сол кісінің қасында жүретін Әбу бүгін әкесінің қасына ерген. Мектепті ойдағыдай бітіргені үшін оны бүгін өзімен бірге алып жүріп серуендетпекші. Әбудің астында жуас алаяқ торы төбел құнан. Құнанның жалы күзелген, кекілі мен құйрығы келтеленіп кесілген. Басына үкі тағыпты, мойнында былғарыға қаптаған үшкіл тұмар. Баланың үстіне кигені күндегі сабаққа киетін әдеттегі жұпыны киім емес. Онан көрі сәнділеу сияқты. Шәйі көйлек, жібек шалбар, кестелі телпек, шегірен етік. Көп уақыт көлеңке үйде отырып оқуды көп оқыған шәкірттің шөлмектей аққұба ашаң бетіне күн сәулесі алқызыл рең бере бастапты. Қыр мұрынды, бота көзді, қою кара қасты, кең мандайлы, жазық бетті жас Әбу осы бір кезде адам сүйсіне қарағандай.

Жабық базардың ортасында бір үлкен күмбез бар. Ол зергерлер орны (тақи-заргарон) аталады. Оның айналасы біріне бірі тіркесе, араның ұясындай салына берген жабық базар. Іші араның ұясындай болса, үсті әр қайсысының төбесіне бір-бір дәу қазан төңкеріп қойғандай, қозы құйрық сияқты жусап жатқан балапан күмбездер тізбегі. Ортадағы үлкен күмбездің төрт жағында әшекейлі төрт қақпа. Қақпалары кең, ат-арбалы, жүкті, түйелі керуендер ерсілік-қарсылы өтіп жатады. Бұл қаладағы отыз сатылы атақты минареттен кейінгі ең биік ымрат (құрылыс) осы Зергер күмбезі болып саналады. Мұның қай уақытта салынғаны, оны кім салдырғаны есте қалмай ұмытыла да бастаған. Қарттардан қалған аңызға қарағанда мұның негізін қалаушы Шолпан-биби атты ханша болса керек. Ол қай заманда болған адам екеніне келгенде әртүрлі жорамалдарға кетеді. Негізінде бұл құрылыс осы арада ежелден мекен етіп келе жатқан Қыпшақ елінікі екеніне ешкім таласпайды. Кейбіреулер мұны салдырған Теміртас деген әулие дейді. Ол баяғы атақты ғажап сарай салдырған

Жаппас тұқымынан болса керек деп бір қояды. Бұл күмбез атақты Қасым патшаның баласы Сейпілмәліктің өзінің сүйген жары Бадиғұлжамалға арнап салдырған күмбезі деушілері бар.

Сейпілмәліктің әкесі Қасым болса, оның әкесі Екібас. Екібас пен Айбас бір туысқан. Ол Айбас Арқаның атақты ғашықтары Қозы-Көрпеш пен Баян сұлудың досы, батыры. Арқада Баян, Екібас, Қозы Көрпеш, Айбас аттарымен байланысты жер аттары, ескі сарай, мазарлар көп. Зергерлер күмбезін салдырған сол Баян сұлу болмағанын кім біледі?

Ғашықтар жырындағы аруларды қадірлеген халық сол сияқты игілік мұраларды соларға байланыстырады. Бойын күткен, жарын күткен аяулы арулармен қатар, ел басына күн туғанда қолына қару алып жауға шыққан, елге тұтқа болған аналарды да кем қадірлемейді. Отырар елінен осының мысалын келтірейік.

Ерте заманда Персияның атақты патшасы Кир (Куруш) дүние жүзін түгел қиратамын деп құлшынғандардың біреуі-ді. Тарихта Ахеменидтер деп аталатын шах нәсілді династия осы Кирден басталады. Осыдан 2500 жыл шамасы бұрын Иранда көтеріліс жасап, Мидиялықтарды тақтан құлатып, билікті өз қолына алған Кир, бірнеше жыл ішінде манайындағы талай жерді жаулап алады. Бір жағы, ертедегі мәдениет орталығы саналған, Бабылдан бастап Индияға дейін, екінші жағы Кавказ-Хорезмге дейін осы екі ортадағы елдің барлығы Ахеменидтердің дүние жүзілік империясына кірді.

Төңірегін жаулап алып дәндеген Кир екі дарияның (Амур-Сыр) ортасында еркін жатқан елге көзін тіге бастады. Бірнеше рет қосылулар болды. Бірақ ежелден еркіндік сүйген ер халық – массагеттер жеңілмес аталып келген Кир әскерлерінің бетін талай рет қайтарды. Бітім-шарттар жасалып, тыныш тұрысады. Бірақ бұл елді қайтсе де бағындырсам деген ой Кирдің көкейін тессе керек.

Ертеңгі грек тарихшысы атақты Геродоттың айтуынша осы ойын іске асыру үшін Кир ақырғы бір айласын жасап көреді. Ол сол кездегі ел билеп отырған қатын патша Томириске жаушы жіберіп, оны мадақтап, мақтап, маған тисін дейді. Томирис (Тұмарас немесе Теміртас болар) өзінің өлген күйеуінің орнына баласы ержеткенше уақытша патша болған адам. Кирге мен керек емес, оның қызығып отырғаны менің елім мен жерім ғой деп намыстанған Теміртас оның мақтағанына елікпестен, елшілерін қабылдамай қайтарады. Теміртас Кирге сәлем айтып, қан төгісті қояйық деп тыныштыққа шақырды. Тіпті соғыспай тынбас болсаң, екі әскерді де өзеннің бір жағына өткізейік. Тұрысатын жеріңді айт, не сен күндік жерге шегін, мен әрі өтейін, не мен сондай шегінейін, сен бері өт, - деп шарт қойды. Кир оған қарамастан, әскерін тез өткізіп алады да, айла жасайды. Қос қолаңын жайып тастап, аз ғана нашар әскерден күзет қояды да, көпшілік әскерін өзі бастап ілгері кетеді. Массагеттің бір топ әскері, бастығы патша Теміртастың ұлы Сапарғапис болып, Кирдің қалдырып кеткен қосқолаң иегерін басып алады. Ол қоста әдейі тастап кеткен

арақ-шарап болады. Массagetтер оны ішіп көрмеген халық. Сырын білмегендіктен тоя ішеді де, ұйықтап қалады. Кирдің аңдығаны осы еді. Ол өзінің әскерімен оралып келіп барлығын қырып салады. Кирдің мынау опасыздығына ызаланған Теміртас қан құмар патшаны қанмен тұншықтыруға ант етеді.

Екі қол айдалада біріне бірі қарсы келіп қатты соғысады. Алдымен атысады, оқтары таусылған соң шабысады. Кир әскері таусыла қырғынға ұшырап, жеңіледі. Кирдің өзі де өледі. Теміртас оның басын кестіріп алып, қан толтырған торсыққа тоғыттырады. Осы масқаралығынан кейін Ахеменид тұқымдары Массaget еліне беттей алмай қалған. (Геродоттың Массaget деп аталғаны кейінгі зерттеулерге қарағанда сол кездегі қыпшақтар немесе соған тұқымдас елдер деп біледі).

Теміртастың тарихта қандай орын алған адам екені осыдан-ақ түсінікті. Осымен байланысты ертедегі ірі құрылыстарды осы кісінің атымен байланыстыру да ғажап емес.

Кім біледі. Шолпан-биби немесе Теміртас әулие деген аттар сол Теміртас шығар?

Мұнан кейін екі ғасыр өткен кезде дүние жүзін тегіс бағындырмақ болып тағы біреу шықты. Бұл жолғы кезек гректерге тиді, демек оның аты Ескендір Зұлқарнайын (Александр Македонский). Мұнымен де және оның ізбасарларымен де Сырдың елі көп істес болған. Қыпшақ даласында оларда көп құшағын жая алған жоқ. Ескерткіш құрылыстардың сол заманмен байланысты болуы тағы мүмкін...

Қасындағы адамдарымен Мұхаммед бин Тарқан келіп базардың бас жағында мама ағашына ат байлады. Зергерлер күмбезіне қақпасынан кіре берген кезде, базар жаршысы: "О! былай тұрындар, жол беріндер, мәртебелі Тархан келе жатыр", - деп айқай салды. Көп адамдар оған жалт қарап, ығысып жол беріп жатыр, қайсы біреулер оларға қол қусырып сәлем береді: ассалаумағалейкум, армысыз мырза, хош келдіңіз, афандам, - деген саудагерлер мен зергерлер қаптап кетті.

Олардың қайсысы өздерінің ісін-пұлын мақтап барып жайып салып жатыр. "Мұхтарам бин Тархан, сізден ешбір пұл алмай, тегін беремін", - деп қояды.

Күмбездің ішкі төбесі бейне көк жиектей шеңбер шаңырақ бейнелес жабылып боялған, оның бетінде салынған бір ою-шимай суреттер бар. Шаңтозаң басқан биіктегі ескі сурет адамның көзіне айқын көріне қоймайды, көмескі. Бірақта, көз тоқтатып әдейілеп қараған адамға оның ішінде әртүрлі аңдардың бейнесі бар екені байқалатындай. Жас Әбудің жіті көзі соны шалып қалса керек:

- Ағатай, мынау Өгіздің суреті ме? Мүйізі қалай үлкен. А... ой тамаша, оның қасындағы арыстан, - деп төбедегі суреттердің бір бұрышын көрсетті. Тұрғандардың бәрі де төбеге қарасты. Баланың әкесі оған: - Көк күмбез дегені осы, - деді.

- Пәле... бұндай мажусилық өрнектер сіздерде әлі де сақталған екен-ау. Бұл өкінішті нәрсе... Тез жойдырмасаңыз жақсы болмайды, - деді бұлармен бірге жүрген араб елінен келген Ибни Басари деген бір адам.

Бұл кісі исламның шарифат ғұрпына шебер болса да, оның ғылыми-табиғи қағидаларына шорқақтау болатын. Ол жағын Ибн Тархан жақсы біледі. Бұл арада осы жағын бір ескерте кетпесе оның түбі зор жанжалға, таласқа айналуы ықтимал. Онан барып ғылыми шындыққа нұқсан келеді. Осыларды ескере келіп ол кісі былай дейді: Хазрет дұрыс айтады. Мұндай сызу, сурет-шимайға әуестене берудің қажеті жоқ. Бірақ та ертедегі ондай таңбаларда талай сырлар жатыр. Ертедегі біздің халқымыздың мәдени мұралары жатыр. Ол жағын да ұмытуға болмайды. Осы жақтарын еске алмай, жоғалта берсек, біздер кейінгі ұрпақтар алдында қиянат істеген болар едік.

Мынау Көк күмбез төбесінде, менің ойымша біздің жыл қайыру, мүшел есебінің өрнегі бар. Басқаша айтқанда Аспан жолы-Құс жолының бейнесі. Бұл сарайдың Көк күмбез аталуы осыған байланысты қойылған. Мұнда үлкен сыр жатыр деп Тархан өзінің ұлына бір қарап қойды. Айналасындағыларға қарап Тархан әңгімесін онан әрі жалғастырды:

- Біздің түркі нәсілдес халықтар Тәңірдің бірлігіне ерте замандардан мойын ұсынған халық. Біздерде көк тәңірі деген түсінік жоқ. Көрген аспаншырақтарын, адамдарды, жануарларды, заттарды, суреттерді, кресті тәңірі етіп табынатын, кейбір діндердегі жалған әдеті біздерде жоқ. Осы жағы ойларыңызда болсын. Біздер аспан шырақтарын Такаффар Ферғауынша қабылдамаймыз, ғалым-Хаким Идрысша қабылдаймыз. Онан да бергі жағын алатын болсақ...

Нұқтың кемесі Қазықұрт басына тоқтаған. Нұх деген арабша жылаған деген сөз. Оның шын аты Яшкар еді ғой, яғни Жаскер-Жастөгуші, яғни Жылаған-Нұх.

Қазықұрттың қасында Жылаған ата атты мекен тағы бар емес пе.

Сол жағынан атаның ұлы Түрік болып табылады... "Атүркуа Ал-турк ма түркукүм" деген хадис есіңізде болсын,- деп тоқтады. Мұхаммед Ибн Тархан.

Әбу Насыр әкесінің мұндай тереңге барып шешіліп сөйлегенін бірінші рет естіген еді. Ол үлкен бір ойға қалды. Басқалары осы сөзден кейін көп таласты қойып, тамсанып қалды. Сол кезде бір жігіт Ибн Тарханның алдына таман келіп, әдейілеп көпке көрсетіп омырауын ашты. Оған қарап тұрып бәрі бір күлісіп алды. Оның түсінігі мынау еді:

Сол заманда, VIII ғасырдан бастап Еділ мен Кавказ арасындағы халықтар өз алдына Хазар хандығы болып аталған. Олардың тілі қазіргі Чуваш тіліне жақын болса керек. Олардың мемлекеті Еділ бойында Бұлғарлармен шектескен, екінші жағы Дағыстанмен аралас болған: Румиядан (Византиядан) келген христиан діні, Арабстаннан келген Ислам діні және Еврейлер арқылы келген Иуда діні, сонан бертін келгенде Ислам діні басым болып, бұрын мойнына креш салып жүретіндер исламға кіргенде төсіндегі крешті алып тастап, сонымен байланысты

төсін ашып жүруді әдет еткен. "Жалаң төс" деген түсінік соған байланысты тараған. Жалаң төс батырды есіне алды. Оның мағынасы мен мұсылманмын деген ишарат...

Осыдан кейін бәрі де бір серпіліп, әрі қарай қозғалып кетісті.

Бұлар бір құжыраға келіп кіргенде зергердің қолындағы жасап отырған әдемі заты көзге түсті. Үлкендігі сыңар алақандай жездің бетіне шебердің салған нақыш өрнегі бір ғажап сырдың жұмбағы сияқты. Таңбалар, сызықтар, әріптер, цифрлар – бәрі рет-ретімен тізбектелген. Сол сияқты өрнектелген табақшалар бірінен бірі сәл үлкендеу жасалып, бірінің үстіне бірі қабаттасып бекітілген. Ортасында орнатылған айналмалы алтын тілі бар. Табақшалар да бірінің ішінен бірі айналып тұр. Бірақ ол өздігінен айналмайды, қолмен айналдырады. Демек бұл сағат емес. Айнала шетін күміс пен қола араластырып көмкерген. Заттың екі жақ бетінің өрнегі екі түрлі. Екі жағында қолдың тұтқасы бар.

Әдемі қара мұрты бар қара торы зергер алдында тұрған кірпіш үстіндегі көмірдің қызыл шоғына көрікті бір-екі басып, үрлеп қойды.

- Бұл затыңызды сатасыз ба?

- Жоқ, сатылмайды, мырза. Мұны өзіңіз сияқты бір мырзаның тапсыруы бойынша жасап отырмын. Егерде сізге керек болса екінші біреуін тағы жасармын. Мархамат етіңіз, афандам.

Тұрғандардың бәрі де бұл затты бірінен бірі қолдарына алып қарап, зергердің шеберлігін мақтасып жатты. Үлкендердің әңгімесінен әбудың түсінгені бұл заттың аты астарляб (астралябия). Аспан шырақтарын, жұлдыздарды, Айды, Күнді бақылауға арналған аспап. Аспан шырақтарының қозғалысы, шығуы, батуы, көкке көтерілу жолы, ара қашықтықтары осы аспан арқылы өлшенеді, есептеледі. Аспан шырақтарын бақылау ісі хандарға да керек, ғалымдарға да керек. Әбунасыр айналдырып қоймаған соң әкесі зергерге тапсырма беріп, бағасына келісті.

Былай бұрыла бергенде мұны көре сала тағы бір зергер жүгіріп келіп:

- О, мархабатты афандым, Астарляб бар жерде құбыланама-байту әл-ібрәтүн (компас) болу да керек. Өзіңізге мағлұм, бұл екі затты бірінен бірін айырып болмайды. Сол себептен біз екеуміз бір туысқан адамбыз, оның аты Хасен, менің атым Хұсайын. Ол астарляб жасайды, мен байту әл-ібрәтүн жасаймын. Алған адамдар екеуін қатар алады.

Мұнымен келісуге тура келді.

Асад-Шері немесе әсер Сері –Жалаңтөс

Дәл сол арада бұларға бір еңгезердей адам келіп, сәлем беріп, бин Тарханмен құшақтасып амандасты.

Аяғында саптама етік, оның ішінен киген киіз байпағының қонышы тізеден сынық сүйем жоғары, кестелі күрең барқыт. Басындағы пұшпақ бөркінің тысы

да сол түстес. Кең жейденің сыртынан кусырма жаға-жеңсіз берен киген. Шокпардай қара мұртын ширатып екі құлағына қарай тікелейткіп қойған. Мұрны домалақтау келген қошқар тұмсық. Әсірелей айтқан адамға мандайы жарты қарыс, аузы сапты аяқтай, құлағы тебінгідей, қодас мойын, арыстан кеуде, екі иініне екі кісі мінгендей бір дәу. Қас-кірпігі таяқтай, көзі өңменіннен өтеді. Белінде қылыш, иінде садақ, оң жағында қорамсақ, қолындағы сегіз таспа бұзаутис дырау қамшысының өзі басқалардыкінен ерекше сом жасалған. Қызыл-күрең жүзінен аққан тері ашық тұрған омырауына тамады. Омырауының өзіне сояудай-сояудай жал біткен, түсі суық сұсты адам.

- Отырарды көрмегеніме көп заман болды. Көрісейін деп сағынып келдім, армысыңдар, Арқаның сәлемін әкелдім, түгі, бар болғырлар...

Даусы күж-күж етеді. Күлгенде денесі жер сілкінгендей қопылдайды.

- Келіп түскенім кеше. Сені іздеп келдім. Жүр менің қасыма.

Бин Тарханды сөзге де келтірген жоқ, барлық қасындағылармен ертіп алды да жөнелді.

Бұл келген қыпшақ елінің атақты адамы Жалаңтөс батыр. Шын аты басқа, бірақ, қысы-жазы омырауы ылғи ашық жүретін болған соң ел оны Жалаңтөс деп атап кеткен. Құланды құйрығынан ұстап соғатын, барыстың бас терісін бақадай сыпыратын. Арқаның нағыз ардагер алыбының дәл өзі. Қыпшақ елінің Монғол-Қытай жақ қанатының тұтқасы осы кісінің қолында десе болғандай. Бұл кісі Қырым мен Қытай арасын тегіс шарлап, талай жорықтарда болған адам. Әмірі әл-Мұһминин халифа хазретінің өзі де бұл кісінің бір жорықтағы тамаша ерлігі үшін арабша Асад Қыпшақ немесе парсыша Шері Қыпшақ деген құрметті атақ берген. Басқаша айтқанда онысы Арыстан Қыпшақ деген сөз. Бірақ оны ел арасында сәл бұзыңқырап асад-Шері сөздерінен әсет Сері деп те айтады.

Сыр сандығы

Бірде ат жарыс, бірде балуан күрес, бірде сайыс, бірде көкпар, бірде айтыс... Бірсыпыра уақытқа дейін осы сияқты ойын-сауықтар болып жатты.

Шеткері ауылдарда жастардың өз ойындары бар. Әбунасыр қасына бір-екі жолдастарын ертіп сол ауылдағы таныстарына қонаққа барды.

Олардың бір сүйіп ойнайтындары – асық. Қорғасын құйған тайпақ сақасы бар қу балалар олардың асығын ілезде ұтып алды. Әбунасыр өзінің кездігіне айырбастап жеті кентай алып ойнады, тағы ұтылды. Қу баланың сақасының сырын ол енді түсінді де, ойнауды қойды.

Кешке алтыбақан тебу, ақсүйек ойнау. Бұлардан Әбунасыр қалыспады. Әсіресе ақсүйекке жүгіргенде ол өзінің көбінен жүйрік екенін көрсетті. Ән салу, билеу, күй тарту жағына келгенде де көбінен ілгері екенін аңғартты, өзі де аңғарды.

Әбунасыр кешке үйіне қайтып келсе онда көп қонақтар жиналып жатыр

екен. Әбунасырдың шешесі майда мінезді, өте сыпайы адам. Пішіні де жұқа, қағылез. Ол кісінің басқа балалары көп, сондықтан оқуды ең жақсы оқитын баласын көп жұмсай қоймайды. Бірақ шешесі бірнәрсе істеп жатса Әбунасыр өзі барып жәрдемдеседі.

Кілем төселген кең сәкінің үстіне таза көрпе, мамық жастықтар салып сый қонақтарға орын даярласты.

Тархан сарайының сыр-сипатында қапы жоқ. Албардың алдынан төселген мәрмәр тақтай сарай есігінің тас сатысымен жалғасқан. Үй-ішінің жабдығын тегіс аралап сипаттауға, расын айтсақ, уақыт көпке созылады. Сондықтан кейбір жаңалықтарға көз салып өтелік.

Бір қабырғада көк-жасыл тастан (малахиттан) жасалған төрт бұрышты текше сандық тұр. Оның үстінде алтын жиекті, күміс қапты хрусталь-су тастан жасалған дөңгелек күзгі, оның беті перделі. Сандық ішінде сағаттың механизмі бар. Оның жүрісімен байланысты әрбір сағат сайын айнадан бір сурет көрініп, дыбыс береді. Суреттер бір ғана түрлі емес, 12 түрлі. Ол 12 сурет жыл ішіндегі 12 айды (жұлдызды) және сонымен қатар 12 жылдық мүшелді бейнелейтін суреттер.

Бұл ғажайып ертедегі Сырдария бойының сыр сандығы еді. Оның қалай жасалғанын, кім жасағанын, есебі қалай шығарылғанын көп адамдар білмейді. Білмеушілер оны бір сиқырдың ісі деп ойлайды. Сыр сандықтың сырын білу оңай емес. Ол үшін бізге бірсыпыра ғылым тарихына саяхат жасауға тура келеді. Әзірге бір ғана мысал келтірейік. Бір кезде сандық ішінен шылдыр еткен дауыс естіліп еді, айнаның қақпағы жарқ етіп ашылды да, оның ішінен бір қодас бұқаның басы көрінді. Екі мүйізі шаңырақтай, екі көзі тостағандай бадырайып келіп, бір өкірді де жоқ болды.

Арабша жұлдыз есебі бойынша бұл Сәуір айының бейнесі. Сонымен қатар қыпшақ елінің жыл қайыру (мүшел санау) есебі бойынша ол Сиыр жылына дәл келеді. Осы сияктанып барлық 12 жыл, 12 ай-жұлдыз, 12 сағат күн, 12 сағат түн біріне бірі тамаша сәйкестеліп есептелген, жасалған.

Меймандар танданысып таңырқайды, бірінен бірі сұрасады. Бұл затты жасаған осы Отырардың өз шеберлері. Ал оның есебін шығарып, алғашқы үлгісін-моделін жасаушы басқа адам.

Қайсы бір адамдар оның басқа үлгісін жасаған Мұхаммед ибн Мұса әл-Хорезм деседі.

Екіншілер оны жасаған әл-Баттани болу керек дейді. Олармен қатар Мәнке, Машағаллах, Әбу Мағшар деген адамдар да айтылады.

Оның бәрін қойып осы Отырардың өзінде тұратын Арыстанбаптың өзі істеген деушілер де бар. Бірақ бұл кісі ешуақытта мұны мен істедім демейді. Ол кісінің өзі істегенін мойындамауы оны жақтаушылардың ойы бойынша, ондай затты жасауды кейбір адамдар дұрыс емес деп біледі.

Қалай болған күнде де ерте заманнан келе жатқан осы ғажайып есеп қазіргі күннің өзіне дейін сыры толық ашылған жоқ. Сырсандық сағаттың сырын

шешер болсақ, қазірдің өзінде, осы күнгі дүние жүзіндегі ғалымдардың таба алмай, қайран болып отырған жұмбақтарын шешуге ат салысқан болар едік.

Демек, бұл әлем жұмбағы, ұлы жұмбақ. Оған қатысу үшін осы Отырардан-Фарабтан шыққан Отырарлық-Фарабтық Мұхаммед Әбунасыр ибн Мұхаммед әл-Фарабидің соңына еріп, сол кісінің ізімен саяхат жасап көрейік.

Сапар алыс, жол ауыр, ердің ері ғана шыдайды. Талас-тартыс, алыс-жұлыс, қиян-кескі өмірдің ұзақ жолы. Соның барлық кедергісінен алып шығатын бір ғана күш бар. Ол сенім күші. Сенім нұрының шам-шырағы жүрегінде болған адамға ешқандай қиындық бөгет бола алмайды. Осы хақиқатты ұлы дананың өнерінен, ісінен көруге болады.

Зеңгібаба үңгірінде

Қаратаудың Сырдарияға қарап тұрған бір саласы, жартасты күз кең дарасы. Сайдың табанында жылап аққан көздің суы, Сайдың түбімен таудың көлеңке тал, терек, қайың, итмұрын, бүрген сияқты бұта, әртүрлі шөп өседі. Күн жақ беті жаланаштау, тас қорым, жартас арасында аздаған арша, тобылғы, жусан сияқты тырбақай өсімдіктер. Таудың басы жазық дала, кең жайлау - атақты Кесегенің көк жоны. Мыңжылқы биігі мен Түркістан-Отырар арасындағы кең алқап ежелден бергі бір белгілі асу болатын. Осы асудың ар жағында көш жолы Созақ арқылы Бетпақ далаға, Сарыарқаға шығады.

"Қаратаудың басынан көш келеді..." дейтін тарихи жырдағы асудың бірі осы. Бұл таудың басқа ертегілерін қоя тұрып, ерте замандағы адамның ізі қалған бір-екі жеріне тоқтайық. Оның бірі – Зеңгібаба үңгірі, екіншісі – Кен үңгірі.

Ел жайлауға шығып Кесегенің Көк жонына барған кезде Арыстанбап ата да сол елмен ілесіп осы Қаратауға шығады. Бірақ ол кісі көбінесе елден бөлініп, жалғыз кетеді. Қаракер қашырына қоржынын артып алады да таудағы ескі үңгірлерді аралайды. Ол кісінің сондағы көбінен тоқталатын жері Зеңгібаба үңгірі. Ол кісінің не істеп, не қойып жүргенін жұрт көп біле де қоймайды. Елдің білетіні ол кісі әйтеуір бір ғалым адам, дәруіш-білгіш, әулие адам...

Арыстанбап тауға шығарында қасына бірлі-жарымды сенімді адамды көмекшіге алатын. Осы жаз оның қасына әкесінің келісімі бойынша, Әбунасыр еріп шықты. Алдымен бұлар жайлау елінде бірнеше күн болды. Осы арада кез келіп бұларға Қорқыт қосылды, үшеу болды. Содан кейін елден бөлініп, мал баспаған соны жерлерден әртүрлі дәрі-дәрмек жасайтын шөп терді. Екі қоржын басы шөпке толған кезде Кен үңгірі-Кен-тау деген жерге келді.

Бір кішірек жалдың өзен жақ бүйірін үңгіп тескен екен. Жиырма шақты адам жұмыс істеп жатыр. Олардың мекені кішкене қос, лашықтар мен жер үйлер етегінде көрінеді. Аздаған сиыр, ешкі, қой малдары, ат, түйелері бар. Ессіз тау ішінде үрген ит пен будақтаған түтін адам барын білдіреді.

Үңгірдің іші салқын, қараңғы, тар, төбесінен су тамшылайды. Арғы түкпірінде шырағдан шам бар. Дәл қасына тақағанда болмаса адамды көре алмайсың. Үш жолаушы келіп аттарынан түскенде кеншілер жиналып қалды. Арыстанбапты бұрыннан біледі екен. Ол кісі тау аралаған уақытында жылда осында келіп жүреді. Кеншілер мәз болып қарсы алып, үйлеріне ертіп келді. Түйе қымыз – шұбат ішті. Арыстанбапқа кейбіреулер тамырын ұстатып дәрі-дәрмек алып жатыр. Басқа біреулер өздерінің таудан тапқан заттарын көрсетуде...

Жыл бойы ел көрмей иесіз тауда жатқан кеншілер Арыстанбаптан қайдағы-жайдағы әңгімелерді сұрап аузын босатар емес. Көп жасаған, көп жүрген, көп білетін қария кеншілердің көзіне ертегі-әңгіменің, ғылым мен даналықтың таусылмас қоры сияқты.

Кеш қараңғылана бастағанда далаға жағылған оттың басына жиналғандар қариядан бүкіл әлемнің сырын білгісі келді білем: "Мынау төңкерілген аспан көкті кім ұстап тұр? Анау жұлдыздар не нәрсе? Мынау тұрған Ай, күндізгі Күн жерге қалай құлап кетпей тұр? Жердің астында не бар? Жерді кім көтеріп тұр?" - осы сияқты үлкен әлемдік сұрақтармен қатар жердің өзіндік сұрақтары да қойылады: "Тау қалай шыққан? Кен қалай пайда болған? Топан су қашан тасыған?" - деген сияқты сұраулар. Жергілікті сұрақтар да толып жатыр: "Қазығұрт тауының басына Нұх пайғамбардың кемесі тоқтаған деседі. Сол рас па? Зеңгібаба, Шопан ата сияқты әулиелер кім болған?".

Бұл сұраулардың бәрінде қария асықпай отырып, бажайлап жауап береді.

Жер астының оқуы

Отырардың тағы бір байлығы оның кітап базары болатын. Төңіректің төрт бұрышынан келіп-кетіп жататын керуендер арасында кітап саудасын кәсіп ететіндері көп болады. Бір жағы Бағдад-Мысыр-Шамнан, екінші жағы Шын-Машин-Қытай-Индиядан, үшінші жағы Еділ-Бұлғардан, төртінші жағы – Римнен келетін товарлар арасынан әлде неше түрлі мазмұнда жазылған кітаптар бар... Отырардың кітап базары ежелден келе жатқан бір дәстүрлі сауда. Ерте бір замандарда осыншама мол кітапты бір жерге жинап, кітапхана жасауға бір ғалым-әмір бұйрық берсе керек. Сонан бері қарай көп ғасырлар бойында жиналған кітаптар Әбунасыр Әл-Фараби заманында үлкен қазынаға айналғанды. Бертін келе ол кітапхана тек әмірдің үй ішінің жеке меншігіне айналған, басқа адамдардың оған кіруге мүмкіндігі жоқ.

Кітапхана әмір сарайының астыңғы үйінде, бір жағы жерден қазылған, іші қышпен қаланған, төрт бөлмелі үй, ортасында тандыр пеші, оның ар жағында арықтан келіп жатқан су бар. Екінші бөлмеде орындықтар, биік сәкілер, шамдалдар.

Кітапхана есігі тек сұлтанның әмірі бойынша ғана қысқа уақытқа жылда бір рет, Наурыз күні ғана ашылады.

Басқа уақыттарда тек сұлтанның өзі кіретін болса ашады. Басқа ешкімге кіруге рұқсат жоқ. Осы кітапханадан жылына бір рет кіріп, кітаптарды қарап шығатын адамдарды "Жер астынан оқыған" деседі. Оларға кітап алып шығуға болмайды, тек керекті мәселені көшіріп алады.

Сұлтан сарайы Отырардың батыс жақ шеті, Сырдария өзенінің сол жақ қабағындағы бекініс. Оны ұзақ қорған деп атайтын. Қорған мен өзеннің арасы бір шақырымдай, ол екі ортада бір зор мешіт бар. Ел билеуші адамдар намазды осында оқитын болған соң, бұл бас мешіт болып саналады. Азан алдымен осы мешітте айтылады. Олай болғанда мұндай мешіттердің азаншысы өте ашық дауысты болу керек. Ондай адамды іздеп тандап жүріп алады. Бас мешітте айтылатын салауатқа да әдемі ашық дауысты адамдар керек. Әсіресе ондай салауатқа дауысы жақсы жас балаларды қатыстыруға тырысады. Кешкі тарауық намазының салауатына Қорқыт қатысады. Оның дауысы өте ашық, үнді. Кейде ол Фарабиді ертіп барады; екеуі жақсы қосылады. Осындай еңбегінің арқасында ол мешіттің бір жүрген еркесі. Иман оны әдейі еркелетіп ұстайды, өйткені ол көңілі келмей қалса, мешітке бармай қояды.

Бір күні кеште ол Фарабиге қарап:

- Білесің бе, маған Иман Хазрет не деді?
- Жоқ, білмеймін, не деді,- деп сұрады Фараби.
- Ол кісі мені "Жер асты оқуына" алып барады.

Фараби біраз ойланып қалды да.

- Япырай рас болса, мені де ала бармас па екен, - деп Қорқытқа қарады.
- Мен айтсам апарады,- деп ол бір маңызданып қойды.

Ұзын сөздің қысқасы Әбунасыр Фараби мен Қорқыт екеуі Иманға еріп бір ғана мәрте тамашалап шығуға рұқсат алды. Сөрелеп тастаған үйлер лық толған кітаптарды көрген жастардың көздері алабұртып, анаған да, мынаған да жүгіреді. Бұл аздан соң Әбунасыр бір үлкен қара кітапты қолына алып қалды, Қорқыт әлі айнала шабуылдап жүр. Әлден уақытта тым-тырыс жоқ болып кетті. Кітаптың қызығына алданған Әбунасыр уақыттың қалай өткенін білмей де қалды.

- Есік жабылатын мезгіл жетті, шығыңыздар,- деген күзетші дауысын естіді. Ел шығып жатыр, Қорқыт әлі жоқ. Әбунасыр оған қарайлап елдің артына таман ығыса берді. Елдің көбісі шығып болды. Сол кезде ғана алқынып-аптығып Қорқыт келді.

- Егерде мүмкіндік болса мен осы кітапханадан шықпай оқи берер едім. Қандай тамаша ғажайып қазыналар бар. Осыншама ғылым қазынасын тығып қойып, халыққа таратпай отырудың өзі дұрыс емес қой. "Жақсының ісі ортақ" дегені қайда? Егерде мен ғалым болып кітап жазатын болсам алдымен мен оны жалпы халыққа таратар едім,- деп Әбунасыр өзінің "Жер асты оқуынан" алған әсерін Қорқытқа білдіреді.

- Егерде сен оқуға құмар болсаң мен саған ол кітапханаға кіретін жолын тауып беремін.

- Қалай табасың? Шын айтасың ба?

- Кітапхананың ең арғы түпкір үйінде бір жасырын есік бар екен, мен бағана соны көрдім. Оның арғы жағында үңгіп қазған жер асты жолын көрдім. Тастай қараңғы екен. Ішіне біраз отырдым. Арғы жағы қайда барады екен, сипалап барсам қайтеді деп өте құмар болдым. Сөйтіп отырғанда, көзім үйренді, бір жерден жылтыраған жарық саңылау көрдім. Соған қарай жүре бердім, жүре бердім... Әйтеуір алыс екен. Жақындап келсем дауыс естіледі. Тыңдай қалдым. Бассам тағы бір есік тұр, оның үстіне құдық сияқты ойып шығарған терезе. Жарық сонан түседі екен. Есіктің саңылауына қарасам Дарияның суына шомылып жүрген адамдар. Біреуін танып қалдым - Сұлтанның Жаппары. Соны көрдім де қайта қайттым. Енді Жаппармен бірге сол жерге суға түсетін боламыз. Сол қабақтан жер асты жолымен кітапханаға кіруге болады.

Сол күннің ертесінде-ақ Қорқыт пен Әбунасыр Жаппарды тауып алды. Бірақ оның суға түсетін жері Сырдария жағасындағы Сұлтанның қоршаулы тұрған шарбақ ішіндегі бақша екен. Ол жердің күзетшісі бар. Басқа адамдарға кіруге болмайды. Жаппар өзінің достарын бірге алып кірді, бәрі суға шомылды. Қорқыт өзі көрген есікті байқап қарайды көрінбейді. Бақшаның бір бұрышында шегенделген шығырлы құдық сияқты бір нәрсе бар. Қорқыт соған барып қарады. Құдықтың бір қабырғасындағы шеген Қорқыттың көрген есігі екені айқын болды.

Жер асты жолының тарихы былай болса керек. Сұлтандар, хандар, әмірлер арасында қақтығыстар жиі болып тұрады. Қорған мен сарайларды қоршауға алған жаудан қашып құтылудың бір әдісі осы жасырын жер асты жолы болса керек. Жер асты жолымен келген адам жағада дайын тұрған қайықпен Сырды бойлап құтылатын болса керек.

Суға бірге барған Қорқыт бір мезгілде жоқ болып кетті. Жаппар оны білген жоқ. Әбунасыр болса, қысылып бір нәрсені бүлдіре ме деп абыржуда. әлден уақытта бір жардың астынан Қорқыт шыға келді.

Жер асты жолымен ол барып кітапханаға кірген, бір кітапты ала келген.

- Оқып көрейік, бірақ мұны қайтадан апарып орнына қою керек,- деді Әбунасыр.

- Әрине, біз оны ұрлаймыз, тек оқып қайтарамыз.

Сонымен жер асты жолы арқылы жер асты оқуына барудың алғашқы қадамы басталды. Бұлар енді шарбақтың ішіне кірмей ақ, жардың астымен Жер асты жолына баратын әдісін тауып алды.

Кітаптар алуан түрлі. Бір кісі өзгеретін тері тыстылар, жарғақ қағаздылар, ширатылған папирустар, ұсақ қол жазбалар.

Әбунасыр кітаптан басын алмастан оқиды. Кейбір кітаптарды жаны сүйіп жақсы түсінеді, ал қайсы біреулерін шала түсінеді.

Ғылымға тереңдеген сайын бір кітаптың кілті екіншіден табылатыны, оның кілті үшіншіден, оныкі - төртіншіден... сөйтіп кете беретін түрі бар. Оның бәрінің

ұшығы қайдан шығу керек? Бұл арасы әлі беймәлім. Бірақ Әбунасырдың бір түсінігі адам баласының ақыл ойы дүние ғылымын табуға құмар, онсыз өмір жоқ. Адамдық тіршіліктің мағынасының өзі осында. Олай болса өзінің барлық өмірін ғылым жолына салуға ол бел байлады. "Жер асты оқуының" Әбунасырға тигізген ең бірінші зор әдісі осы болды.

Әбунасырдың қолына бір күні тағы бір тамаша бір кітап түсті. Сыртында Ильяс Мағриби деген жазуы бар, кітаптың аты: "Адамның Аспани табиғаты" деген, жазылған жылы белгісіз. Кітаптың өте ескі нәрсе екені көрініп тұр, бірақ та қою қына сиямен жазылған жазулар өшетін емес, едәуір айқын көрінеді, түсінікті.

Кітаптың бас жағы ерте замандардан келе жатқан тәжірибе, әулие мен пайғамбарлардан қалған өнер деп басталып, әрі қарай аспан әлемінің қасиеттері айтылады. Онан кейін келіп адам табиғатына түседі. Аспан шырақтарының адамға қалай әсер ететіні айтылған.

Адамның құрсағындағы дәуірінде аспанның әсері қырық күнге созылады екен. Аспан көк жеті қабат. Демек қырықты жетіге көбейткенде болады екі жүз сексен күн. Мұны айға айналдырғанда болады тоғыз ай, қалады он күн шамасы.

Жеті хат көктің ана құрсағындағы балаға әсер ету реті жоғарыдан төмен қарай. Яғни ең алдымен алғашқы тұқымдық судан қанға айналдыру әрекетін жетінші хат көк Сатурн (Зұхал) басқарады. Бұл қырық күнге созылады. Онан кейін қырық күндей Юпитер (Мұштари) басқарады, бұл кезде қаннан етке айналады. Онан кейінгі қырық күн Марс (Маррих) күні, бұл кезде еттен сүйек пайда болады. Келесі қырық күнде Күннің әсерінен жан бітуге бейімделеді. Онан кейінгі Шолпанның (Зуьраның) әсерінен адам бейнесіне бейімді пішін, Меркурий (Ғұтарад) қарамағына алғанда сезім пайда болады. Ең ақырында бірінші аспан Ай қарамағына келгенде толған айдай толқысып өседі, жетіледі.

Бала дүниеге келген күннен бастап аспан әсерлері керісінше басталады. Яғни туған күннен төрт жасқа дейін бірінші Айдың қарамағында болады. Бұл кезде бала тез түрленіп өседі. Онан кейін төрт жастан он екі жасқа дейін бала Меркурий (Ғұтарад) қарамағында, құйындай ұйтқыған жүйрік кез. Онан кейін жиырма жаста Шолпан басқарады, бұл кәдімгі гүлденген бозбала қыздың ойын-сауық құмар кезі. Онан кейін жиырма-отыз кезінде адамның басқарушы аспаны Күн, осы кезде ғылым мен өнер жөнінде көзге түсетін талаптың кезі. Онан әрі қарай қырыққа жеткенше Марс (Маррих) қарамағында болады. Бұл қайратына мінген, толған, "қынсыз қылыштай" кез. Онан соң елу, алпыс арасы питеп (Мұштари) дәуірі. Салмақты-сабырлы, ақыл парасаты толған кез. Онан әрі қарай Сатурн (Зұхал) нектеген қарттық қазына, даналық, кәрілік, екінші балалық.

Мәселенің негізі осы айтылған түсінік бойынша өлген адамды тірілтуге болады делінген. Ол үшін не істеу керек? Алдымен өлген адамды отқа өртеп,

оның күлін алып адамның бойындағы үлкен астауға салу керек. Алғашқы ерітінді дәрі қан құрайтын заттан болсын. Оны құйған кезде астауды Сатурн (Зұхал) планетасын, яғни жетінші аспан иесін, бейнелейтін заттың астына қою керек. Ол сонда қырық күн тұрады, күн сайын бір шиша дәрі құю керек. Сонан кейін оны Юпитер планетасының бейнесі астына қойып тағы қырық күн дәрі құяды. Бұл дәрінің құрамында ет бітіретін қоспа болу керек. Мұның бәрі жылы моншада жасалады. Осы рет пен 280 күн өткенде адам тірілу мүмкіндігі бар екен.

Теңіз жағасы

Қыпшақ елінің батыр жігіттері Бағдат халифасына мықты тірек болып алған. Қаланың әр жерінде солардың тұрғын мекендері бар. Оларды Махалла Гулями атайды, оның мағынасы жігіттер мекені деген сөз болса керек. Дүние жүзіне құлаш жайған халифаттың солтүстік-шығыс жақ шетін алып жатқан қалың қыпшақ елінен келген адамдардың бәрі көбінесе осында болады. Олардың ішінде сарай күзетінде қызмет ететіндер көп. Сонымен қатар онда олардың туған-туысқандары, елден келген меймандары тағы көп. Бұлардан басқа сауда-саттықпен жүргендер бар, ғылым іздегендер де бар, жәй кәсіп істейтін қол өнерші жұмысшы адамдар да көп.

Әбунасыр кейінгі бір топ керуенмен бірге келіп, өзінің анасымен аталас нағашы туысқан бір адамның үйіне түскен. Ол кісі Әбудің оқуға зеректігін біліп, ертеден осында шақыратын еді. Кейінгі кезде әкесі қайтыс болған соң Әбу осы кісінің қолына келді. Ел-жұрттың амандығын, ұзақ жол бойында көргендерін айтып жатыр. Өзі де Бағдат жайын көбірек сұрастырады, естіп те жатыр. Қысқасы әңгіме дегеніңіз көп.

Әбунасырды Махала адамдары Отырарлық Абу деп немесе Фараби Абу деп атайтын болды. Осы арада алғаш рет айтылған "Фараби" есімі болашақ ұлы ғалымның дүние жүзіне тараған атына айналған еді. Арабша тілдің ережесі бойынша жалқы немесе белгілі есімдік сөздерді көрсететін бас жалғау қосып айтар болсақ әл-Фараби болмақ.

Өзінің ана тілі түркі-қыпшақ тілдерінен кейінгі оның жақсы білетіні парсы тілі болатын. Оның Абубакр Рази атты Рейлік досы бар. Ол екеуі Иран мен Тұран елдерінің көп жерлерін бірге аралаған-ды. Сол Абубакр Бағдатқа Фарабиден біраз уақыт бұрын кеткен. Ол досына хат жазып, шақыратын. Фарабидің ендігі бір мақсаты соны тауып алу. Екінші – оның алдында тұрған үлкен мәселе – арабша тілді жетік білу. Өзінің ана тілі өз алдына. Парсы тілі де сыпайы, жұмсақ, майда жырдың тілі немесе сауда-саттық, сый-сияпаттық тіл. Қазіргі кезде бүкіл дүние жүзінің көбіне кең тарап отырған ғылыми ортақ тіл – араб тілі.

Арабша тілді Фараби өзінің елінде көбінесе тек жаттау түрінде немесе кітаптан ғана білетін. Ол тілде еркін сөйлеп үйренді. Біраз күннен кейін Фараби

каланы өз бетімен аралап, кітапханаларға барып оқи бастады. Шаһар оған көп әсерлер қалдырды.

Көптен арман еткен Бағдатқа да Фараби келіп жетті. Дүние қақпасы болмақ даруссалам-Бағдат ерте замандағы мәдениет кіндігі болған Вавилон шаһарының төңірегіне салынған. Оның әсері дүниенің төрт бұрышына тарау керек... Қысқасынан айтқанда Бағдат жер бетінің жұмағы болу керек. Отырарлық жас жігіттің Бағдат туралы алғашқы қиялдары осылай еді. Осы қиялдардың ақталған жері де, ақталмаған жері де бар болып шықты.

Адамның мәдени қадамының әліппесі

Біз бір жыл ішінде Күннің 12 айлық жұлдыз мекені бар дедік. Сол сияқты Айдың да 28-29 немесе 30 күндік аспанда аялдайтын орындары бар, бекеттері бар, қысқаша айтсақ аялдары бар. Айдың аялдама саны мен алфавиттің әріп саны шамалас. Жоғарыда айтылған Өгізхан ордасында бас қосқан 30 ата осыған сәйкес келеді. Отырардың Отыз бабы (қақпасы) сол Айдың аялдамасы болу керек. Олардың аттары бар деседі. Бірақ ол әлі әл-Фараби қолына түскен жоқ.

Тағы бір тамашасы осы сандардың әр қайсысына арналған әр елде әртүрлі аттары және заттары бар. Аспан сандарының халықаралық аттары мен заттарын зерттеу ғылым тарихындағы ең тамаша жұмбақ деп білемін. Аспан сандарына арналып алынатын заттардың ішінде табиғат дүниесінің әртүрлі тараулары бар. Айтайық: құс, балық, аң, мал, тас, металл, өсімдік, жақсылық-жамандық тағы сол сияқты. Онымен қатар әрқайсысына арналған періште немесе пайғамбар, әулие-перілерінің аттары бар. Осыған сәйкес әрбір жылдың, айдың, күннің, сағаттың ішінде қайсылары қалай кездесіп жатыр, қайсылары тоғысып жатыр, қайсылары ауыл үй қонып жатыр, әрқайсысының ара қашықтығы қандай, соған қарай тигізетін әсерлері қандай? Осының бәрін білу керек. Ол үшін есеп керек. Мұның үстіне сол сандарға сәйкес АБЖД есебін білу керек, оның үстіне сол сандарға сәйкес адамның денесін, оның мүшелерін білу керек. Оның үстіне адамның, немесе істелетін істің туған немесе басталар уақытын білу керек. Осының бәрінің басын қоса келіп, адамның талап намысын, яғни тарихын-гороскопын жасауға болады, тағдырын айтуға болады, дертін табуға, емдеуге болады, бір істі бастаудың сәтті сағатын дәлелдеуге болады... Міне, астрология-жұлдызнама-нұжым ғылымы дегені осы. Дәл осының расы мен өтірігін айырудың өзі өте қажет нәрсе. Осымен байланысты ғылым тарихынан бір-екі мысал.

Ғайсаның туған күнінен бастап есептейтін календарь басынан 2137 жыл бұрын жазылған шежіренің бір бетін оқып көрейік: "... Олар жақсылықты ұмытты, маскүнемдікке салынып кетті, соның салдарынан өздерінің істерін шатастырды. Олар аспан шырақтары бойынша уақыт есептеуін бірінші рет бұзды. Күн мен Ай фан жұлдыздары дәрісінде кездесіп қалды, тұтылды. Бұл

оқиғаны хабарлаған дабыл соқырларға дейін белгілі болды, шаруа адамдары қатты әбігерленіп, халық босып кетті. Ал сол кезде Хи мен Хо мырзалар өздерінің қызмет орындарында бола тұра ешнәрсе хабарлаған жоқ және ешнәрсе білген де жоқ".

Хи мен Хо қытай патшасының астрономдары. Олар Күн мен Айдың тұтылуын есептеп, күні бұрын хабарлап отыруға міндетті еді. Бұл міндетті олар орындап та келген. Бірақ жетістіктің желігіне еріп, лепіріп бір жолы қате жіберген. Күннің тұтылатын уақытын ерте біліп, хабар ете алмаған. Күннің тұтылуын аспанның бір керемет қаһарлы соғысы деп білген халық зор әбігерлікке ұшыраған. Күн мен Айдың тұтылуын ол кездегі халық аспанның алып Айдаһарының ісі деп білген. Барабан дабыл соғып, айқайлап аластап Айдаһарды үркіту керек. Сонда ғана Күн мен Ай аман қалады. Олай болмаған жағдайда Айдаһар аспан шырақтарын жұтып қоюы мүмкін. Оның арты ақырзаман болды деген сөз. Сондықтан да Айдаһарға қарсы шаралар істеу үшін астрономдар халықты алдын ала хабарлап дайындау керек. Осындай дайындық жоқта, хабарсызда Күннің тұтылуын халық бір керемет деп білген. Сондықтан да, осы бір қатенің өзі-ақ екі астрономның басын жойды: олар өлім жазасына кесілді.

Осы тарихи оқиғадағы айтылған Фан атты қай жұлдыз? Бұл бір керекті нәрсе, өйткені фан деген сөз ғылым мағынасында шығыс еліне тараған нәрсе. Қытайша фан жұлдызын арабтар ғакраб-бүйі жұлдызы тобының бас жұлдызы деп біледі. Қыпшақ елінде ол Қой мүшелігіндегі бас жұлдыз... Көк Қошқар. Латынша аты Антарес. Аспанның екі Мергені: Қаус пен Кентавр біріне бірі қарсы келіп тоғысқан арасындағы ең ірі Жарық жұлдыз осы. Тоғыс ғылым басы... Осыдан әрі қарайғы ойды оқушы өзі жалғастырсын: Фан-Тоғыс жұлдызы. Екі Мергеннің бірінің (Кентаврдың) қолында Көкпар жануары бар (ертедегі суретін қараңыз). Ол жануардың аты Бөрі (Қасқыр). Сонан барып Көкпар-көкбөрі... Бұл жаңа жыл-Тоғыс-Наурыз мейрамының белгісі деп білеміз.

Астрономия қызметінің екінші бір түріне келейік. Ол үшін Хи-ХО заманынан 2900 жыл бергі болған бір оқиғаны алайық.

Ғаббас тұқымдары халифат билігін өз қолдарына алысымен астананы жаңадан салмақ болды. Сондағы тандаған орны ескі Бабыл аймағы еді. Дүние жүзін тегіс билеуге құлаш сермеген халифат ертеден келе жатқан көне мәдениеттің бір кіндігі болған Бабылды орталық етіп тандауын кездейсоқ деуге болар ма? Сондағы салынған қала Бағдадтың "Дар-ас-Салам", яғни "Жер жүзінің тоғысу қақпасы" деп атауын кездейсоқ деп айтуға тағы болмас.

Осындай ұлы істі сәтті сағатында бастау керек. Ал Мансұр халифа астана байтақты салудың сәтті уақытын табудың тағдырнама-талихнамасын (гороскопын) жасауға бұйрық берді. Ол бұйрықты орындау екі асқан шебер мұнажжимға тапсырылды. Нұжым жұлдыз қарау немесе астрономия деген

сөз екенін білеміз. Ал мұнажжим деп сол нұжыммен шұғылданушы, соның маманын, астрологты айтады. Біздің түркі-монғол тілінде ондай адамды жұлдызшы балгер немесе сұрхайшы (зұрхайшы), сұрхылтай деуге болады. Әрбір үлкен істі бастарда сол жұлдыздарға бал аштыру ежелден хандардың, патшалардың, шахтардың дәстүрі болған. Соған байланысты хандардың, шахтардың қасында ежелден арнаулы жұлдызшылары -астрологтары болған. Біздің халқымыздың: "әрбір ханның тұсында бір сұрхайшы, (немесе сұрқылтай) деген сөзі сонан қалған болар".

Абу-Жафир әл-Мансур халифаның сұрхайшалары, яғни мұнажжимдері кім еді. Олардың бірі ирандық Наубахт, екіншісі -Машағаллаһ деген адам еді. Бұлардың қолында Иран шахтарының кезінен келе жатқан "Шахтардың жұлдыз кестесі" атты кітаптары болған. Ол кітаптар, әрине, тек сол шахтар маңында ғана жасалған заттар деп қарауға болмайды. Олар да бірден бірге ауысып жүрген мәдениет жұрнағы екені мәлім. Ерте заманда астрономияға еңбек сіңірген елдер қатарында Қыпшақ, Бабыл, үнді, Қытай, Иран (парсы), Мысыр, Араб тағы басқа елдерді атай кетуге болады. Сонымен, мұнажжимдердің айтуы бойынша, Бағдад қаласының ірге тасы Хижраның 145 жылы, меләди бойынша яғни ғайсаның туғанынан бастайтын есеп бойынша 762 жылы, тамыз айының 23 күні сәтті сағатында қойылды.

Бұл оқиғаларды келтіріп отырғандағы мақсатымыз сол кездегі және онан да бұрынғы замандарда астрологияның халық өмірінде қандай зор орын алғанын аңғарту.

Тағы бір қызықты болған оқиға. Хорасан елінен, Балық қаласынан Абу Мағшар ал-Балхи деген бір адам 47 жасында Мекеге барып, хажы болып қайтуға бет алып шығады. Жолшыбай Бағдадқа соғады. Сол арада Керкер тамашасы туралы хабар естіді. Керкер Бағдад маңындағы ал-Куфс аймағының бір тамаша бай қыстағы. Онда ғали ибн Яхия ибн ал-Мұнажжим деген атақты адамның ғажап сарайы мен үлкен кітапханасы бар. Абу Мағшар кітапқұмар, едәуір сауатты адам болса керек. Жұлдызнама-Нұжым өнерінен де едәуір хабардар. Абу Мағшар келсе, расында тамаша ғажап. Ондағы кітапхананың атының өзі адамды тартатындай: "Даналық қазынасы". Барлық жақтардан келген ғылым іздеген адамдар соған барады. Барғандардың барлық шығыны ғали ибн Яхияның мойнында. Кімде-кім ғылым іздеп келсе қарсы алып күтеді, қандай кітап керек десе бөгетсіз беріп отырады. Абу Мағшар келіп бұл жағдайды көргенде сонша қызығып, беріліп кетеді, барлық дүниесін ұмытады, сонымен қатар халықты да ұмытып кетсе керек. Нұжым өнерінің адамды қызықтыратын нәрсе екенін осыдан аңғаруға болады. Бұл өнердің ғылымға пайдалы жағы да жоқ емес. Ол арқылы аспан сырын ашатын, табиғат жұмбағын шешетін мәліметтер жиналады. Бірақ оның адамға сағым қудырып, адастыратын жерлері онан да көп. Осыған сақ болу керек. Ол үлкен қауіпті нәрсе...

ФАРАБИТАНУДАҒЫ ОҚУШЫНЫҢ ҰСТАНАР БАҒЫТЫ **"Әл-Фараби және бүгінгі ғылым" кітабынан үзінді**

Адамзат үшін табиғат ұлы ұстаз, әрі тәрбиеші болып қала бермекші. Бала икеміне қарай ұнатуы бойынша және қоршаған ортаның сипатына сай өзінің табиғи "достарын" тандайды. Алайда табиғаттың тамаша, әрі тартымды сансыз нысандарының арасынан дұрысын тандап алу оңай шаруа емес. Өйткені табиғаттың өзі жануарлар, өсімдіктер, тастар, аспан денелері тәрізді ірі-ірі ғаламдардан тұрады. Негізінде әрбір ғалам өзі жеке "патшалықтарға" бөлініп кете барады.

Мұндай патшалықтарды таратқанда сыныптау принциптері талабының қатаң сақталмағанына кешірім өтіне отырып, өзімізше мысалдар келтірейін.

Жануарлар ғаламына, әдетте жеке патшалығына үй жануарлары, тағы аңдар, бауырмен жорғалаушылар, балықтар, құстар, жәндіктер кіреді... өсімдіктерді: орман, тоғай, бұта, шөп, гүлдерге бөліп жатамыз. Тастар, дәлірек айтқанда тау жыныстары: кристалдарға, минералдарға, бос тау жыныстарына, кен түрлеріне, қымбат тастарға жіктеледі. Өзен мен көлдер және бар. Бұларға - таулардың пайда болуы, жер сілкінісі, жанар таулар, күннің күркіреуі, нөсер және нажағайдың ойнауы, тасқын, топан, көшкін тәрізді табиғаттың түрлі құбылыстарын қосуға болар еді. Осының бәрі Жерге тән нысаналар мен құбылыстар. Бұлармен қатар аспан құбылыстары ерекше орын алады.

Соның бірі тіршілік көзі, аспанның бас шырағы: Күн және күндізгі аспан, күнде көріп жүрген тамаша көк күмбезі. Түнгі аспан әміршісі Ай. Одан әрі "қозғалмайтын" жұлдыздар әлемі мен аспан белдеуі – "Құс жолын" құрайтын сансыз жұлдыздар шоғыры – Жаһан. Күн мен түннің кезектесіп тұруы, жыл маусымының алмасуы – адамның барлық әрекеті мен қиялын қамтитын құбылыстар. Осынау, үнемі алмасып тұратын құбылыс жыл санаудың, күнтізбе жасаудың бастауына айналған-ды.

Ал адам әлемі қаншама қызғылықты, қаншама жұмбаққа толы десеңізші! Адам және адамзат қоғамы – аспан мен жер әлемін қоса қарастырумен салыстыруға болатын тұтас ғалам. Материалдық мәдениет тарихы, археология, этнография, идеология, ғылым... – бұлардың бәрі қоғамдық дүниемізге жатады.

Адам жанының ең басты да игі қасиеті – білуге, тануға ұмтылуы, бәрін де білгісі келуінде. Бірақ бұған бір адамның ғұмыры жетпейді. Сондықтан да қайсыбір объектілерді зерттеуден шығарып тастауға мәжбүр боласын. Өкінішті-ақ! Қайсысын атап өту керек, бәрі де қызық, әр қилы, ең бастысы олар бір-бірімен байланысты ғой. Осыдан келіп өз жолыңды тандай тұра табиғат танудағы бірегей білімділіктің қайсы бір құнды мағлұматынан мақұрым қалуға тәуекел етесің. Демек, өз әрекетіндегі ең жақсы, дұрыс бағытын таңдаудың қаншама қиын екендігін аңғарасың.

Мұндайда сен үшін мектепте, университетте алған білімің жетекші рөл

атқаратыны анық. Менің *тасқа* деген әуестігім геология-барлау мамандығын таңдауыма себепкер болды. Бірақ мен жаратылыстануға деген, нақтылы философиялық проблемаларға деген ынтамды ұмытпадым. Әрине бірінші кезектегі ісім тас әлемін игеруге арналған-ды. Әсіресе кен кристалдары қатты қызықтырды. Себебі кез келген тас, кез келген металл кристалдардан тұрады ғой. Кристалдар – табиғаттың нағыз ғажайып заттары. Ертеде адамдардың кристалдарда сиқырлы күш болады деуі тегін емес. Мысалы өзіне тартатын магнит күші сиқырлы, таңқаларлық құбылыс емес пе! Кемпірқосақ тәрізді әртүрлі түс беретін немесе қауіпті "тікен сәулелер" шығаратын кристалдар да бар. Ол арқылы карағанда затты алыстатып, жақындатып көрсететін кристалдар да кездеседі. Уланғанда, көз тигенде дертке дәрулік кристалдар да жоқ емес. Сүйіспеншілік, махаббат және т.б кристалдар түрлері де бар; жаратылысты біз сиқырлы кристалдар арқылы, дәлірек айтсақ сиқырлы кристалдар призмасынан карап тануға бел байладық. Сонда *сиқырлы кристалдар призмасы* дегеннің өзі не?

Кристалдардың анықталған қасиеттерінің бәрі олардың түр-тұрпаттық формасымен тікелей байланысты. Тамаша көпқырлы кристалдар формасы олардың ішкі құрылысының тамаша бейнесі деуге болады.

Сөйтіп, әлемнің ғажайып сырын білу үшін қолданатын призманың сиқырлық "сыры" олардың табиғи формасы болып табылады.

Қазір, кристалдардың ғажайып қасиеттерін қолдану нәтижесінде бүгінгі ғылым күрт дамып кетті. Яғни ғылым кристалдар көмегімен нағыз керемет жаңалықтар ашады. Осы ретте телемеханиканы, радиотехниканы, лазерлік техниканы, рентгенологияны, атом және ядро физикасы мен энергетика техникасын т.б. еске алсақ та жеткілікті. Бір сөзбен айтсақ бүгін ғылым мен техника және олардың болашағы кристалдардың ғажайып қасиеттерімен тікелей сабақтас дамиды.

Жоғарыда айтылғандай сиқырлы призма делінетін кристалдардың формасы, адамды өзіне "еліктіріп" әкелер оның *құдыреті* болып табылады. Табиғаттың өзі әдемі қырлаған, беті теп-тегіс симметриялы көп қырлы кристалдар формасы анадайдан көзге ұрып, назарыңды бірден өзіне аударары анық. Мұндай көп қырлы кристалдың ең жетілгені, ең көп тараған, әрі қарапайым түрі - *текше* тәрізді формасы. Текшеден көп қырлы басқа кристалдар шығаруға болады.

Сөйтіп, кристалдар дүниесінің құдіретті ғажап қасиеттері текше формасымен сабақтасуы мүмкін. Кристалдар қасиетін зерделеудің негізгі әдісі *геометрия* болып табылады. Дей тұра бұл - мектептің математикасы емес, *табиғи*, керек десеңіз *жанды геометрия*. Ол геометрия сіздің сезіміңізді, сіздің ықыласыңызды, сіздің демалуыңызды басқаратын, тіптен сізді қауіптен құтқаратын геометрия. *Текшенің ғажабы* осындай. Ендеше *текше - табиғат сырын үкілейтін сиқырлы призма* болмақшы.

Бәлкім оқушы, бұл текшеге деген автордың субъективті пікірі дер. Рас, ол да бар. Бірақ бұл ғылымның бүгінгісін саралаудан туған тұжырым, ендеше оның болашағы да негізсіз еместігі мені күмәндандырмайды. Демек менің міндетім осы субъектіні нысандық болмысқа айналдыру.

Әл-Фарабидің тұжырымы бойынша *ойлау логикасының өзегі оның дәлеліне* саятындығы. Ал, барлық дәлелдердің ішінде ең айқыны және сенімдісі геометриялық дәлелдеулер. Бұл идеяны Юсуф Хас Хажиб Баласағұн бабамыз былайша: *"Егер ғылымды білгің келсе, Досың сенің хандисат"* - деп өлеңге қосқан-ды.

Хандисат арабша – *геометрия*, бақыт әперер ғылым. Біз де осы жолды тандадық.

Қазір ғылым тарихы – табиғат ғылымдары тәрізді ғылымның қуатты саласына айналып отыр. Бұл туралы академик С.И. Вавилов және басқада ғалымдар жазды да ("ғылым тарихы жөніндегі XIII халықаралық конгресс еңбектеріне" қара. – М., 1977. I, II, III, IV, VI секциялар).

Ғалымдар – басты физикалық теориялардың өзара сабақтастығына күмән келтірмейді. Осы негіздердің бәрінде ұқсастық (аналогия) жатады деп жазды Б. И. Спасский мен П. С. Саранчов (аталған Еңбек. IV секция, 11-146.) "Аналогия үлесі барлық ашылған жаңалықтарға ортақ, ал қайсыбірінде тіптен қомақты" (Пойа Д. "Математика және шындыққа ұқсас пікір" Ил. М. 1957. 36 б.). Б. И. Спасский мен П. С. Саранчовтар: "аналогияның (ұқсастықтың) үлкен рөл атқару себебін, табиғи зат пен құбылыс арасындағы маңызды байланыстардың болуынан оларды біртұтастылыққа апарады. ғаламның сан қилы болуына қарамай "бұл біртұтастық және сол аналогиялық байланыстар көп жағдайда тек ұқсас құбылыстар арасында ғана емес, бір-бірімен алшақ жатқан ғылымның әртүрлі саласында кездесетін құбылыстардан да білініп отырады" деген пікір ұстанды.

Сол "Еңбекте" Н.П. Коноплева мен Т.А. Соколиктердің "Симметрия эволюциясы және сақталу заңдылықтары" (75-79 беттер) мақаласы да жарияланған. Авторлар былай деп жазды: "өзіміздің ғылыми көзқарасымызға арналған мақала ғылым тарихына апарады. Біз ұстанған принципте бұрынғы теория мен жаңа теорияның ұқсас элементтерінің жатуында. Берілген теория сәйкестігі мен ойдан шығарылған объектінің негізделген сыныптық конгруэнттігінің ортақтастығын өлшеу жүргізген кезде, есептердің мүмкін жүйелік сыныбы арқылы оның симметриясын анықтайтын топпен байланысты деуге болады. Соның өзінде теорияның мәні өзара ұқсас, яғни конгруэнтті объектілерді инварианттық топтағы симметрия сыныбының көмегімен баяндалуында". Осындай мысалдар мен Петер теоремасы негізінде олар мынандай қорытындыға келеді. "Физика тарихы" симметрия эволюциясы деп қарастыратындай идеяның туындауы табиғи құбылыс.

Аталымыш "Еңбекте" (III, IV) ертедегі атышулы ғалымдар мұрасын

жоғарыда айтылған ғылыми тұрғыда қайта қарайтындай нақты мысалдар келтірілген.

Мәселен, Я.Г. Дорфманның "Платонның молекулярлық физикасы" мақаласы ғылым тарихын осындай тұрғыда қарастыруға айқын мысал (30-33 беттер) "Платонның (Тимейдің) физика негізі: болмыстық заттарды 1) "Жертектес", 2) "Сутектес", 3) "Ауатектес", 4) "Оттектес" тәрізді төрт түрге немесе төрт топтық сыныптамасында жатыр" - деп жазады автор.

Осы топтағы әрбір заттық белгілер дұрыс көпқырлы белгілі бір геометриялық формада кездеседі. Бір сөзбен айтсаң: *жер-текие, су-икосаэдр, ауа-октаэдр, от-тетраэдр*. "Заттың формасы негізінен оның физикалық қасиетіне сай келуі қажет (қаттылық, аққыштық, ауадай жайылғыштық, құбылмалылығы т.б) Платон бойынша, жоғарыда айтылған көпқырлы дүниелер іші бос және көпқырлы болып бөлінуі де ықтимал, бірақ бірінші кезекте үшкілдерге жіктеледі. Бүгінге дейін мұндай салмағы бар үшкілдері қателесіп математикалық формы делініп келеді. Негізінен бұл өте жұқа салмақты пластинкалар. Сөйтіп, мұндай көптүрлі зат размері мен өзара сіңісуі жөнінен біріне бірі ұқсамайтын көпқырлы болып келеді.

Қозғалыстағы көп қырлы заттар соқтығысу салдарынан әртүрлі фазаларға өтіп отырады. Қозғалыстың өзі ортаның бір фазалық болмауынан пайда болады.

Платон еңбегінде атау заңының айқын мысалдары бар. Ол "судың" бір бөлігі "ауаның" екі бөлігіне "оттың" бір бөлігін қосқанға тең деп жазды. Яғни бұл - үшбұрышты пластинка қырынан құралған – "судың"-икосаэдр - 20 қырлы формасы, яғни "ауа"-октаэдр - 8 қыры, "оттың" тетраэдр - 4 қырының сақталуы; яғни $20 = 2 \times 8 + 4$.

Одан әрі Платон процестерді анықтайтын фазалық тепе-теңдіктің фазалық үш заңын берді.

Осы келтірілген мысалдардан Платонның "Тимесінде" антикалық ғылымдағы молекулярлық физиканың теңдесі жоқ ұқсастығын – аналогін көреміз. Платонның - Тимеефизикасы антикалық натура философтарына түсініксіз күйде қалды. Сол философтардың ішінде Аристотельде бар-тын.

Жоғарыда аталған осы еңбектегі (III) М. Паевтың "Платон шығармаларындағы математикалық екі орын" мақаласында көрсетілгендей, Аристотельмен басқа да түсінік беруші философтар "Мемлекет" кітабында Платонның осынау математикалық үздік идеясын оп-оңай сиқырлы санға айналдыра салған (34-36 беттер).

Ал Платон үшін геометриялық формалар табиғатты тану әдісіне айналды. Бұл жөнінде қосымша мәліметтер сол еңбекте жарияланған Л. Баэутиннің мақаласында келтірілген (49-51 беттер). Платон VII "Мемлекет" кітабында былай деп жазды: "Аспан күмбезін ай астындағы, жер бетіндегі болмысты зерделеуге пайдалану керек". Платоннан форманың таза және идеалдылығын ойлау таным синонимінде қарастырылады, егер мұны антидүние синониміне аударсаң ол

"ақыл көзі" болып шығар. Платонның "геометрия болмысты жасауға мәжбүрлейді" деген сөзін осы мағынада түсіну ләзім. Пифагорлықтар мен Платон сандар сынаптамасын заттың өзіне айналуын анықтайтын симметрия осінің сыныптамасы түрінде таныды. Арифметика, геометрия, астрономия және музыка ертеде айырықша төрттік (квадривиум) құраған-ды. Бұларды екі принцип – идеалдық форма мен гармония біріктіреді. "Көзіміздің астрономияға қадалғаны, құлағымыздың дыбыс үндестігі ағысын тындағандай осынау екі ғылым апалы-сіңілі сияқты; яғни пифагорлықтар осылай санайды". (Платон. "Мемлекет". VII).

Ғылым тарихына жаңаша ғылыми тұрғыдан қарау прогресс үшін өте маңыз алады. Оқушым, кітаптағы осы әдіс сіздер үшін негізгі сүйенер қағида болып табылады. Реті келгенде айта кетейік, Аристотельдің Платонға деген көзқарасы және олардың түсіндірмесіндегі қателіктерді әл-Фараби білген. Ұлы баба өзінің белгілі еңбегінде: "Құдіретті екі философ Платон мен Аристотельдің ортақ көзқарастарын [82] жазған-ды.

Киелі фигуралар

Ықылым заманнан бері киелі немесе тамаша деп саналатын дұрыс көпжақты фигуралардың бес түрі белгілі болған. Шын мәнінде осы фигуралар ғылым мен техникалар саласында жаңалық ашуға да себепкер болды және соның негізі болып келген-ді. Біздің заманымызда да олар жетекші мәнін жоғалтқан емес. Сондықтан да біз де әңгімемізді бұрынғы ғұламалар ізімен, сол фигуралардан бастағалы отырмыз.

Әдетте "дұрыс" деп – барлық жақтары жазық дұрыс көпбұрышты жазықтықтан тұратын дөңес дұрыс көпжақты затты айтады ғой. Көп бұрышты дөңес жазықтық беттері тек олардың барлық қырлары мен төбелеріндегі барлық бұрыштары тең болғанда ғана дұрыс бола алады. Екінші сөзбен айтқанда олар: тең бүйірлі және тең бұрышты дөңес көпбұрыштар. Осы айтылғандардан туындайтын салдар: дұрыс көпжақтылардың барлық жақтарының бұрыштары тең және олардың төбелерінен таралатын қырлары да тең болады.

Сонымен, дұрыс көпжақтыларды шектейтін басты элементтер көпбұрышты жақтары. Осыдан келіп, әрбір дұрыс көпжақтылар өздерінің жақ сандарына қарай былайша аталынады: төртжақты (тетраэдр), алтыжақты (гексаэдр-текше), сегізжақты (октаэдр), жиырмажақты (икосаэдр), онекіжақты (додекаэдр). Осылайша 4, 6, 8, 12 және 20 сандар біз үшін дұрыс көпжақтыларды "жасаушы" болып табылады.

Осынау көпбұрыштықты шектейтін тұрпаттар мынандай үш түрде кездеседі: дұрыс үшбұрышты (тетраэдр, октаэдр, икосаэдр), дұрыс төртбұрышты (шаршы-текше) және дұрыс бесбұрышты (додекаэдр). Осы көпбұрыштардың қабырғалары қос-қостан қосыла келіп, тиісті көпжақтылардың қырын түзейді, ал көпбұрыштықтардың төбесі – сол көпжақтылардың төбесін түзейді.


Бұған қоса сонау ықылым заманан-ақ (Евклид және басқалар) осы келтірілген дұрыс көпжақтылардан басқа дұрыс фигура болуы мүмкін еместігін дәлелдеген-ді. Осы келтірілген дұрыс көпжақтыларды салу ережелері мен оны сипаттау мысалы ертедегі және жаңа Заманның көптеген ғұламалар – еңбегінен кездестіруге болар-ды. Олардың қатарында: Пифагор, Платон, Архимед, Евклид, Фараби, Кеплер, Декарт, Эйлер, Браве, Шлефли, Федоров (1885), Шенфлис (1891), Барлоу (1894), Шубников, Тот және басқалар бар.

Осы аталған дұрыс көпжақты фигуралардың сыртынан және ішінен сфера (шар) сызуға болады. Және де текше мен жазықтықты қию арқылы тиісті дұрыс көпжақты фигуралар алуға болады.

Дұрыс көпқырлылық элементтері: (а-жағы, г- сырттан жүргізілген сфера радиусы, R- іштей жүргізілген сфера радиусы) суретте келтірілген.

1-суретте жоғарыда айтылған көпжақты фигуралар көрсетілген. Енді осылардың негізінде дұрыс көпжақтылар элемент сандарының сабақтастығынан құрылған қарапайым формуланы (Декар-Эйлер теориясы) жазып көрейік:

$$Ж+Т=Қ+2, \quad (2.1), \text{ мұндағы: Ж-жақ саны, Т-төбе саны, Қ-қыр саны.}$$



1-сурет. Дұрыс көпжақтылар

Қазіргі кезде осы көрсетілген дұрыс көпжақтылармен оладың туын-дылары, сондай-ақ оларды кеңінен талдау – математика ғылымының жаңа бағытының негізін жасады. Дәлірек айтқанда бұл-жазықтық пен кеңістікте *жобалық түрлену* кезінде тұрақты (инварианттік) қалатын фигура қасиетін зерделейтін *проективтік геометрия* делінетін ғылым саласына тікелей қатысты. Бұған қоса соңғы кезде дұрыс көпжақтылар-мен тығыз байланысты топология деп аталатын жаңа ғылыми пәннің дамуы да сөзімізге дәлел. Бұларға қоса *топтық теория* деп аталатын тамаша математикалық әдіс те бастауын осы дұрыс көпжақтылықтан алады.

Проективтік геометрияның басты теориялық негізі *қосарлану принципінен*


туындайды. Ал дұрыс көпжақтылық екі жақтылық қасиетпен сипатталынады, яғни олардың біріндегі төбе саны, келесіндегі жақ санына тең, керісінше, қосжақтылық та көпжақтының қыр саны ортақ. Мысалы 1-кестеде келтірілген тетраэдрдің жақ саны мен төбе саны тең, текшенің жақ саны мен төбе саны тең, текшенің жақ саны октаэдрдің төбе санымен бірдей: керісінше октаэдрдің жақ саны текшенің төбе санымен бірдей, қалған екі фигура икосаэдр мен додекаэдрлардың осындай жағдайда болатындығын аңғару қиын емес. Сондықтан да тетраэдр өзімен өзі екіжақтылы деп айтылады. Текше дұрыс октаэдрмен екіжақтылы дұрыс додекаэдр дұрыс икосаэдрмен қосарлы болады. Проективтік геометрия тілімен айтқанда бұл болады: егер проективтік пайымдаулардағы "нүкте", "түзу" және "жазықтық" терминдік ұғымдар қолданылған жағдайда ол проективтік кеңістік санатында дұрыс болғандықтан басқа пайымдауларда да дұрыс болады (біріншіге екіжақтылық). Сонда "нүкте" ұғымы "жазықтық" және керісінше барлық "жазықтық" ұғымы "нүкте" атауымен алмасып отырылады. Осы ретпен проективтік жазықтағы "жазықтық" орнына "түзу" ұғымы алынуға тиісті.

Егер Эйлердің басты теоремасын (2.1) оңай есте сақтау үшін оған мына мағынада геометриялық символика мәні енгізіледі: жақ-жазықтың элементі ретінде үшбұрышпен берілсе (үш төбесі үш нокат), төбе-бір нокат, қыры екі-нокат. Сонымен жақ пен төбе нокаттарының қосындысы -4, қырдікі -2, олай болса (2.2) тектес теңдікті құру үшін тұрақты 2 саны қажет болады (2-сурет).

$$\triangle + \square = \circ - \circ + 2$$

2-сурет. Эйлер теоремасының геометриялық рәмізі.

Дұрыс көпжақтыны жазып жіберіп білік шеңбер ауқымындағы "жұлдызша" (3-сурет) түрінде салуға да болады. Мұндайда тетраэдр төбесі түйіні кеңістіктің жартысын алатын үш тең қабырғалы үшбұрыш болып шығады да шеңбердің жартысы (I) бос қалады. Осы бос "кеңістікті" қоса есептегенде мұндағы сектор саны 4 ке-тең болады. (1)



3-сурет. Дұрыс көпжақтылық жәйлаған төбелер схемасы.

Текшенің де бос жері шеңбердің ширегін (II) ғана алады: мұнда да барлық сектор саны *төрт*. Октаэдрда бос сектор шеңбердің үштен бірін (III) алады. Мұндағы сектор саны *бес*. Икосаэдрда шеңбердің алтыдан бір бөлігі бос қалады. Мұндағы сектор саны *алты*. Ал додекаэдрда бос сектор шеңбердің оннан бір бөлігі, барлық сектор саны *төрт*.

Дұрыс көбе санын мына формуламен шығаруға болады:

$$T = \frac{4P}{2p - q(p - 2)} \quad (2.8)$$

мұндағы: p – бұрыш жақтарының саны, q – әрбір төбеге тоғысатын қырлар, p – бұрыштық жақтар саны.

(2.8) формуламен анықталған шамаларды келтіреміз. Осынау кеңінен келтірілген кестеден тек бес торда ғана айқын сандар. $K = q = 2$ болғанда жалпақ фигура, ал $K = q \geq 6$ болғанда фигураның болмыстығы жоқ (шексіз, теріс, бөлшек).

Қыр саны $K = \frac{qT}{2}$ формуладан анықталады, ал жақ саны (2,1) формуламен шығарылады.

Басқа да қызғылықты шамалар келтірейік. Жоғарыда дұрыс көпжақтылықтың төбелік түйініндегі екі шама келтірген дедік. Атап айтсақ, төбелік түйін санын дұрыс көпжақтың төбе санына көбейтер болсақ, мынандай жәйттар байқалар еді:

Тетраэдр	-	$4 * 4 = 16$
Текше	-	$4 * 8 = 32$
Октаэдр	-	$5 * 6 = 30$
Икосаэдр	-	$6 * 12 = 72$
Додекаэдр	-	$4 * 20 = 80$
Жиынтығы	-	$23 * 10 = 230$

Бұл неғылған сандар?

Бәлкім бұл белгілі кристаллографиялық кеңістік тобы (Федоровтың) сандармен байланысты болар? Дұрыс бес көпжақтың бес төбе сандарының қосындысын беретін 23-тің мәні неде? Мына операцияға назар аудару керек:

$$\begin{vmatrix} 3 & 2 \\ 2 & 3 \end{vmatrix} = 9 - 4 = 5$$

Келесі мысал: бос сектордың екі еселенген кері шамасының саны дұрыс көпжақтылықтың төбелер санына тең. Бұл Эйлер теоремасымен қалайша қиылысады?

Менің ойымша осы мәселелерді зерттеудің маңызы зор.

Эйлер сипаттайтын көпжақтылардың саны мынау: $f = Ж + Т + К$ (2.9)

Мұндағы таңбалар (2.1) өзгермеген.

Егер осы теңдікті дұрыс көпжақтылыққа қолдансақ, Эйлер сипаттамасы

екіге тең болады (2.1). Топологиялық түрде көпқырлықты жалпылай қарастырғанда Эйлер сипаттамасы екіден өзгеше болып келеді.

Көпжақтылықтың қыры, екі басты сызық кесіндісі тәрізді екі бағыты – екі таңбасы болуы мүмкін. Осының негізінде Эйлер сипаттамасының "екінші түрін" былайша жазуға болады: $E=Ж+Т+Қ$ (2.10)

Табиғат симметриялары

А. Жалпы түсінік. әдетте симметрия гректің екі сөзінің: *сим* (син) – *бірдей*, *біркелкі*, *тең*, *бірге*; *метра* немесе *метрия* - *өлшеу* түбірінен шығады. Ол: құрылымдастардың өзара үйлесімділігін, өлшемдестігін, қисындылығын және тұтастағын білдіреді. Симметрия: Ол материалдық дүниелер мен әртүрлі ғылым және өнер салаларында білінетін түрлі тектердің ортақ, жалпы заңдылығын көрсетеді. Математикада симметрия түзуге немесе жағына түсірілетін бір перпендикулярда жатқан екі нүктенің сол түзуге немесе жазықтыққа қарағанда бірдей қашықтыққа жататын ұғымын береді. Мұндай түзу *симметрия осі* делінеді. Мұндай жазықтық *симметрия жазықтығы* деп аталады. Биологияда симметрия дененің аттас бөліктерінің немесе кейбір ағзалардың оське немесе жазықтыққа қарағанда дұрыс орналасуы ұғымында қарастырылады.

Кристаллдар симметриясы олардың жеке бөлшектерінің өлшемдестігін көрсетеді: симметриялық (өлшемдестік) кристалдық заттардың ең басты сипаттамасына жатады. Барлық тастар - тау жыныстар, минералдар, кристаллдар мен металдардың бәрі кристалдық, дәлірек айтсақ поликристалдық заттарға жатады. Кристаллдар көпжақты болып кездеседі. Мұндай көпжақтының элементтеріне: олардың өзара мөлшері және үйлесімдік болатындай – жағы, қыры, төбелері бұрыштары жатады. Осыдан келіп жоғарыда айтылған дененің Платондық заңдылықтары толығымен кристалдық заттарға қатысты болып шығады. Бұған қосарымыз барлық "Платон денелерінің" бәрі де табиғатта кристалл түрінде кездесетіндігі.

Осы айтылғандардан кристалл атауының *хрусталь* түсінігімен яғни табиғи кристалдық заттармен сабақтастығын аңғартатындығынан көне заман ғұламалары таза күйінде хрусталды аспан күмбезіне балаған. Мұның ғарыш кеңістігінде симметриялық құрылым деп қарастырылатындығын да еске алайық. Жарықтың тура тарауы, шағылысуы, сынуы, бұрылуы да симметриялық сипаттағы құбылыс түрінде қарастырылады. Жаһан (галактика) да симметриялық құрылымда болып табылады. Атом құрылысы, оның ядросы мен элемент бөлшектері де симметрия заңының толық іске асуы.

Бір сөзбен айтсақ, симметрия табиғатта іргелі және әмбебаптық маңыз алады.

Сөйтіп түрлі түсті, сәулелік және дыбыстық құбылыстарды, сондай-ақ әсемдік, эстетикалық болмыстардың бәрі әртүрлі дәрежеде симметрия

элементтерімен сабақтастығын аңғару онша қиынға соқпайды. Осы мағынада ғалами үйлесімді де аңғарамыз. Бұл ұғымдардың нақты жаратылыс ғылымдарындағы көрінісі қандай, олар мәдениет тарихында қандай орын алады? Осы мәселелер төмендегі тақырыпта сөз болады.

Ғажайып зат – су

*Оятты гүлді ол, қарасын деп күлімдей
Жанарынан маржан тамшы мөлдіреп.
Беруни "Минерология"*

Табиғаттың аса маңызды күйінің бірі, барлық материалдық болмысты құрайтын заттың бірегейі су. Сонау ықылым заманнан бері суға деген құрмет есте кеміген жоқ. Жердегі тіршіліктің бастауы су, өне бойы тірі зат – су; тіршіліктің табиғи заты су - бәріне ортақ еріткіш.

Планетамыздағы осындай тамаша сұйықтың тіршілік көзіне айналуының басты да негізгі себебі ондағы физикалық және химиялық аномалды қасиетінде. Судағы мұндай аномальдық қасиеттерінің сыры - оның молекулалық құрылымында жатыр.

Су молекуласы екі химиялық элементтерден құралған: бірі сутегі (H-15%) екіншісі оттегі (O- 85%). Химиялық формуласы H_2O өте қарапайым: екі атом сутегі және бір атом оттегі. Қатқан кезде су басқа заттардай көлемін кішірейтпейді (сығылмайды), 10% өседі. Бұл судың бірінші аномальдық қасиеті. Су тығыздығының артатын күйі $4^{\circ}C$ болады. Бұл судың екінші аномалдылығы.

Судың осы екі аномалды қасиеттері планетамызда заттың, жылулық және дымқылдық ғалами айналымды қолдаушы етті. Сөйтіп ол Жер шарының жанды көлігіне, қозғаушы күшіне айналды. Судың осынау ерекше қасиеті Жер бетінде тіршіліктің туу процесі мен дамуында шешуші маңыз алды.


Бізге белгілі көне өркениеттердің бәрі де тікелей үлкен өзендердің жағалауында пайда болуы осыған дәлел.

Осындай ғажайып құпия сақтайтын су молекуласының құрылымын қарастырамыз. Су молекуласы – табанында сутегінің екі протонын (ядросы) және төбесінде – оттегі атомы орналасқан тең бүйірлі үш бұрыш түрінде. Су буының O-H арақашықтығы 0.9568 \AA , H–H – 1.54 \AA , HON бұрышы $105^{\circ}3'$.

Су молекуласы: 2 сутегінің және 8-оттегі небәрі -10 электроннан тұрады. Бұлардың екеуі оттегі ядросына жақын бірінші электрон қабықта, қалған сегізі сутегі ядросынан белгілі бір қашықтықта төрт сопақ (эллипстік) орбита бойынша қозғалады. Электрондар қабығының құрылымы молекулалардың сутегін бір-бірімен (коваленттік) сутегі байланысымен қосылатындай болып келеді.

Әрбір молекулалардың зарядтар таңбасы, оның орталыққа қарағанда біркелкі емес асимметриялы түрде орналасқан. Бұл жағдай су

молекулаларының электр өрісіндегі бағытын айқындайтындай оның қосөрісін (диполясын) туындатады. Сөйтіп су молекулаларының өздеріне әсер ететін электр өрісіне қарсы бағыттталып әрекет ететін қосөрісі болады. Қосөріс мезеті (моменті) бар екендігін көрсетеді. (5-сурет).



5-сурет. Су молекуласының дипольдық момент схемасы.

Ашылғанына онша көп болмаған ерекше көңіл аударалық суда тағы бір қасиет бар. Ол – суда жарық жылдамдығына жуық шапшандықпен тарайтын гидравликалық толқын. 1965 жылы мұхитта тарау жылдамдығы жарыққа жақын сигнал байқалған-ды. Оны *гидроникалық толқын* деп атады. Оның таралу шапшандығы температураға да, тереңдік, кен судың тұздылығына да тәуелді емес. Оны электрлік акустикалық қабылдағыштармен айқындауға болатындығы. Осы толқын көмегімен мұхитты мекендеушілер хабарласып тұратын [49] болар деген жорамал да жасалынды.

Осы толқынның жасалу механизмі әлі анықталған жоқ. Мұның бастауы электрод айналысында тұйықталатын диффузиялық қабат болуы мүмкін деген жорамал ғана бар. Оның орнын көрші учаскедегі иондар алады, т.б.

Ғылым мен өнердегі симметрия "Бабыл (Вавилон) өгіздері"

*Оң және сол – айналық бейне
Негізгі табиғат заңы
(әл-Фараби бойынша)
"Могическое зеркало! Оно –
столетьями в хрусталь заключено
Вот зеркало, что отражает мир?
Оно зенит покажет и надир"
А. Навои. ("Фархат и Ширин")*

Табиғатта ең көп тараған құбылыс - заттың айналық бейнесі. Бұған тек адам ғана емес, көптеген жануарлар да көндігуге мәжбүр. Табиғаттың үлкен айнасы деп мұхит, теңіз, көл, өзен тәрізді су бассейндерінің бетін айтуға болады. Одан өз бейнесін көруге жануарлар әбден үйреніп алған. Түнгі ұлы айна – Ай. Аспан шырақтары жердегі байқаушылар үшін де айналық бейнелер болып


табылады, яғни *күн-түн, таңертең-кеш, шығу-бату, шығыс –батыс, терістік –оңтүстік, жаңа –ескі* айдың және жыл мезгілінің ауысуы мен *түн теңелісі, жаңа жыл* - бәрі-бәрі айналық цикл.

Адам денесі де айналық айқын симметриялар. Олар: *екі көз, екі құлақ, екі қол, екі аяқ*, т.б. Осындай симметрия жоғары және төменгі сатыдағы жануарларда да бар. Өсімдік әлемінде де осындай айналық заңдылық болатындығын анықтауға болады. Химиялық қосылыстарда айналық заң жетекші орын алады. Оған табиғи мысал – барлық кристалдар, минералдар және тау жыныстар әлемі кіреді. Айналық заң барлық физикалық құбылыстарға тән. Бәрінен бұрын ол физика заңы – оптика заңы. Одан әрі магнетизм және барлық дипольдік электромагниттік құбылыстар тұтас айналық бейне түріне жатады. Осыған байланысты "оң қол" не "сол қол" ережесін еске алайықшы.

Тұрмыста әбден сіңген "оң және сол" түсінігі табиғаттың жалпы айналық заң көрінісі болатын.

Адамзаттың мәдени тарихындағы айналық заңдылықты қолданудың ең айқын мысалы үшін уақытты анықтау, жыл санау, күнтізбе жасау, т.с.с. тәсілдер жатады. Бұл мәдениет барлық ғылымның атасы, астрономиямен байланысты. Ол адамзаттың өзіндей көне мәдениет түрі.

Алдымызда көне бабылдың ескерткіш суреттері (9-сурет) жатыр.



9-сурет. *Бабыл (Вавилон) өгіздері*


Симметриялы шырағданның екі жағынан келген екі өгіздің айналық бейнесі алынған. Оларда ай орағынан бір-бірден мүйізі бар. Бұдан ертедегі жаңа жылдық ұлы мейрам бейнеленген рәмізі екендігін аңғару қиын емес. Өгіз – ол Торпақ жұлдызы. Олардың ортасындағы шырағдан аспан патшасы Күннің тәжін білдіреді. Былайша айтсақ көктемгі күн мен түн теңелісін берген Күн өз "үйі" Торпақта тұр. Оның мұндай "үйлері" жыл ішіндегі 12 айлық шеңберде – 12, яғни 12 зодиактік жұлдыздарда. Жыл басы жаңа жыл жаңарған жас аймен – дәл келуге тиісті. Бұл шарт белгілі бір есептеулермен анықталады. Дей тұра бізге көрініс кезеңі 10-15 күн шамасында аңғарылды. Бұл уақытта міндетті түрде ай жаңғырады. Сол күн жаңа жылдың басы болмақ. Ай орағы мүйіздің бірі – жаңа ай орағы (сол жақтағы), ескі ай орағы (оң жақтағы). Соңғы өгіздің аяқ астындағы дөңгелек біткен зодиак шеңберінің рәмізі – Күннің жылдық жолы – эклиптика. Жаңа ай белгісінің аяқ астындағы жебе – уақыт

өлшем басы. Осы айтылғандар көптеген көне ескерткіштердің көбінде екі мүйізі арасына күн таңбасын орнатқан патша тәжі рәмізімен беріледі. Мәселен ертедегі Асия, (Азия) патшайым тәжі ылғи екі мүйізді болып келеді. Ертедегі Египет пашасы Аммон - құдайы туралы да осыны айтуға болады (10-сурет).



10-сурет. Ертедегі патшалардың қос мүйізді тәжі

11а – суретте екі бабыл өгізінің басы мен аяқтарының тиісті бөліктерімен қоса ай мүйіздерінің схемасы берілген. Ал, 11 б, в, г – суреттерінде әрі қарай схемалау түрлері көрсетілген. Осы схемалардың айналық түрі бейне үшін пайдалануға да болады. Кескіндерден өгіз сирағын ай орағының "қолы" екендігін аңғару қиын емес. Өгіз және басқа да зодиак жануарларының тізесінің бүгілуі уақыт жүрісін білдіреді. Бұл жерде мынандай құпияға тоқталмақпыз.




11-сурет. Бабыл өгіздерінің айналық симметрия бейнесі

Осы фигуралардағы ай орағын тік "қолымен" берілген схемасы – көне белгі, яғни араб цифрларының – екі (2) мен алты (6) сандарының таңбасы болып табылады. Басқаша айтсақ 11 б -26, ал 11 в -62 болады. Көпжақтың сипаттық ерекшелігін еске түсірейік (3-кестеге қара). Дәлірек айтсақ киелі өгіз рәмізі (символы) киелі фигуралар сипатымен дәл келеді. Осы құпияның тереңінде одан да ғажайып жұмбақ жатыр. Ол туралы оқырман алдағы тараулардан білер. Енді келтірілген схемаларда – Ай орағының жазық қолдары – көздері және құлақтары бейнелік түсінігіне көшеміз (11 г – сурет). Бұл схема ертедегі астрономдардың күн мен түн теңелісін белгілеген. Таразы рәмізін қатты еске түсіреді. Басқа фигура (11д-сурет), ай орағының "қолымен" қоса айналық бейнесі іспетінде дәл күн мен түн теңелісі, екінші нүктесі рәмізі – "Қойды" ("Тоқтыны") елестетеді. Ал, 11е-суретінде тек бір Ай орағының айналық бейнесі берілген.

Мұндай дәлме-дәлдік, әрине кездейсоқ емес. Олай болса осынау көне заман жұмбағының кілтін қайдан іздеу керек? Бұл сауалға ол кілті көне, әрі жаңа ғылым ғимаратында жатыр демекпіз. Енді кілтті сол жерлерден іздестіріп көрелік.

Астрономия тарихында уақытты есептеу немесе уақыт жүрісінің рәмізін зодиак жануарлары жүрісін көрсету бейнесімен берген. Бірінші кезекте зодиактың айналыс аспан керуенін бастайтын жануар тізесінің бүгілуі уақыт жүрісінің ишараттық нышаны етіп алынған. Осы себепті біз өгіздің басынан тізесіне үстіңгі жерін ай орағының қолы етіп алдық. Осы ретте біз ертедегі, соның бірі Грециядағы жазу тәсілі – "бустрафедон" ("өгіз жүрісі") тәсілі жәйлі айта кетуді жөн көрдік.

Астрономия-ғылым анасы деп саналады. әсіресе бұл, жазу мен уақыт санауда өте орынды айтылған. Әрбір зодиак жануарына бір-бір әріптен және сол әріппен берілетін өзіндік саннан келетіндігін білеміз. Мәселен, осыдан келіп Аспан өгізі (Торпақ жұлдызы) зодиак жануарларының бастаушысы болғандықтан да, ол әліппенің бірінші әріпі "А" да сол өгізбен сабақтас болуы тиісті. Шын мәнінде де солай: грекше "А" әріпі "альфа" - финиксше "өгіз", арапша "алиф" - "өгіз". Келесі әріп – В, грекше "бета" ("бита") – финикин-арабша "беит" - "үй" деген мағынада. Бұл жерде "үй" - күн тұрағы мағынасында, яғни жұлдыз орны. Келесі "Г" және "Д" - әріптер, грекше – "бұрыш" және "қақпа" (12-сурет).



12-сурет. Бабыл өгіздерінің басынан алынған алфавиттің бастапқы әріптері

Осы сөздер жоғарыда айтылған жаңа жыл басы - бұрылыс бекеті ұғымының түсінігін береді, яғни күн қақпасы. Осының бәрін біртұтас мағынада қабылдау мақсатымен ертедегі Шығыста аталған төрт әріптен сөз түзелген, ол абжәд (АБЖД). Ал бұлардың сандық санаттары $1+2+3+4=10$ – киелі аспан саны. Осындай тәсілмен қалған әріптер төрттен, үштен топтастырылады. Осылайша топталған 28 әріптердің: жарымы – айлық әріптер, жарымы – күндік әріптер болып меншіктеледі.

Пифагоршылар он санын жетілген "астарлы сандар" ("фигуративный число") деп атаған. Алхимиктер он санын үш бұрышты формада алып, философиялық тас рәмізінде санаған. Ал бұл сан сутегі саны, яғни ол болмыстың ең бастау негізінің бірі екендігін жоғарыда көрдік. Екінші жағынан темірдің де валенттілік шегі де онға кеміп тіреледі ($36-26=10$) (төменде келтіретін 57-суретке қара). Атомдардың барлық М, N, O қабаттарындағы тұрақты электрон саны да 10. Ендеше АБЖД саны өте терең көне тарихымен қатар жаратылыстың-философиялық мән мағынасымен де дараланады. Осы ретте

әбжат сан ғылымға деген адами табыстың басы деген ақын өлеңдер жолы еске түседі.

*"Тот день был первым днем его побед
он первый день освоил весь АБЖД"*

Ә. Науаи. "Фархад-Шырын"

Мәдениет тарихында әріп тарихы тереңге тамыр жайған. Бұл мәселеге арналған кітаптарда сол тарих жақсы жазылған. Бүгінгі алфавит ертедегі Финики алфавиттен бастау алады делінеді. Ал, Финики алфавитінің өзіндік даму тарихының өзі ұзақ сонар. Тұжырымдар болсақ, бүгінгі әріп белгілері әртүрлі ұғымды иероглифтік бейнелердің ұзақ уақыт абстракциялық процесі нәтижесінен туындады деп топшыланады. Ертедегі Египетте иероглифті "Мадр Натыр"-"киелі сөз" деген мағынада аталды. Бұл ұғым жоғарыда айтылған ежелгі елдерде өте кең тараған өгізге астарлық (жұлдызға) діни табынуға сай келеді. Мәселен вабыл (вавилон) өгізіне ұқсас Египеттің киелі өгізі Апис, Күн құдайы Митра (немесе Мифра) Минос және көптеген мифтік ұғым нанымдар сол діни сенімдермен тығыз байланысты. Жә, әріп тарихын осымен доғара тұрып, өзіміздің төл міндетіміз - симметрия элементтеріне көшеміз.

Егер өгіз басын оның екі мүйізі кейпінде берілетіндіктен, енді сол мүйізден мықтап ұсталық. 40-суретте өгіздің басына "А" әрпі туындатты. Әдепкіде біртіндеп схемалай келіп соңында "өгіз бұрылысы"- айналық кескіні шықты. Ал екінші жолда "абдж" сөзінің қалған әріптері берілді. Бұл жерде де негізгі мотив өгіздің "ай орағы" екендігін аңғару қиын емес.

Қазір бізге араб жазуы оңнан солға қарай, еуропа және басқалардікі – солдан оңға қарай бағытталғандығы таңсық емес. Ал ертеде "үзіліссіз" яғни аспан өгізі тәрізді және жер жыртқан диқан өгізі тақылеттес айналыстық қозғалыста – оңнан бастап солға, одан әрі жалғастыра солдан оңға қарай жазатын-ды. Жазудың бұл түрі "өгіз жүрісі" ("бустрофедон") деп аталады.

Бабыл өгіздерінің айналық бейнесіне арналған әңгімеміздің қорытындысында көтеріп отырған мәселемізге тығыз байланысты астрология, медицина және алхимия салаларынан мағлұмат беруді дұрыс деп таптық.

а. Адам кеудесіндегі бабыл өгізінің басы

*"Меж Тельцом и Близнецами та была пора,-
Рядом шла с Альдебараном по небу Зухра.
Разве скрость приличествует на небе с Зухрой,
Солнце в мир несет весну и несет Тельца.
А видел ли ты Луну, что несет Тельца?"
Низами. "Жеті ару".*

Ертедегі адамдар мен қоғам астралық (жұлдыздық) идеологияның үстемдік құрған кезеңін өткерді. Астрономиямен қатар астрология, астралдық

медицина, астралдық химия (алхимия) қатар дамыды. "Ғалам ішіндегі ғалам" принципінде адам – кіші – үлкен әлемнің ішіндегі кішкене ғалам деп саналды. Кіші ғалам мен үлкен ғалам толық үйлесімде болғандықтан адамның әртүрлі мүшелері ғарыштың түрлі бөлігіне сай келеді. Осыдан келіп адам денесі 12 зодиак жұлдыздарына ұқсас 12 бөлікке бөлінеді. Мұның 12 айлық және 12 жылдық екі зодиактық циклі бар. Олар:

1. Адамның басы – Хамал (Қошқар) – Тышқан
2. Мойыны – Сәуір (Сиыр) – Сиыр
3. Қолдары – Жауза (Егіздер) – Барыс
4. Кеуде – Саратан (Шайан) – Қоян
5. Жүрек тұсы – Асад (Арыстан) – Ұлу
6. Ішек-қарын – Сүнбіле (Бикеш) – Жылан
7. Белдеме – Мизан (Таразы) – Жылқы
8. Тұқымдық – Ғақраб (Бүйі) – Қой
9. Сандар – Қаус (Мерген) – Мешін
10. Тізелер – Жади (Серке) – Тауық
11. Бұлшық ет - Далу (Уылдырық) – Көнек
12. Табан – Хут (Балық) – Доңыз

Аттар (планеталар) адам ішінде орналасқан. Аспан әлемінің әміршісі Күнге жүрек сәйкес. Өкпенің екі бөлігі Айдың жаңасы мен батар айдың екі орағы. Осылайша адамның кеудесі бабыл өгізінің бас бейнесін дәл бере алады екен. Келесі салқын планета өзінің анық фазалық өзгерісі бар, ертеден таң және кешкі жұлдыз, яғни Таң алдында және кешке қарай туатын, өзінің фазасы бар келесі планета Шолпан ертеден-ақ белгілі Шолпан (Венера) планетасы. Ол симметриялы орналасқан екі нүкте сәйкес. Ішек-қарынға Болпан (Меркурий), өкпе – Арай – Есекқырған (Марс), бауырға – Шоңай (Юпитер), көкбауырға – Санжар (Сатурн) сәйкес. Мұндай сәйкестіктердің белгілері жәйлі көптеген түсініктер бар.

6. Музыка тарихынан

Ықылым заманда музыкада сиқырлы күш бар деп білген. Араб музыка тарихында ең алғашқы мақам (генема) Хауа атаның жұмақтан қуылғанына налыған күйінішінен туды деген сенім бар. Қалған мақамдар да белгілі пайғамбарлар атымен байланыстырылады. Мысалы, Дәуіт арфеист болған.

Адамзаттың музыкалық үнді қалайша бөліп-бөліп жіктегендігі бізге анық. Музыкалық күй мақамы: әртүрлі жануарлардың, аңдар мен құстардың дауыстарын салыстыра зерделеу нәтижесінде шыққанды...

Алғашқы қауым жануарларға ұқсап маска киіп, олардың дауысына салып еліктеген. Егер сол жануар - сол рудың сенім-төтемі болса, онда мұндай әдет күдіреті саналатын.

Ал, шекті аспаптарды садақ туындатты дейтін пікірде бар. Дәлірек айтқанда

арфа атасы садақ делінеді. Бүгінгі барлық шекті музыка аспаптар екі шекті арфадан - екі садақтың адырнасынан туындады делінеді.

Тіптен ысқырықтың-сиренаның тегі арфадан делінетін де аңыз бар. Ертедегі грек аңызында теңіз құдайы нимфа-сирена өз әуенімен теңізшілерді қауіпті жерге алдап жинады-мыс. Оны балық құйрықты бикеш түрінде бейнелейді. Кейде сирена теңіз сиыры, яғни су сүтқоректілері (дюгонь, ламантин) түрінде түсіндіріледі.

Бір қызығы сиыр мен сиреннің атасын ертеде қандай бір "мүйізді" делінген. Көптеген халықтар тілінде музыкамен, әуенмен байланыстыра сиыр мен сирен сөзінің түбірін ("кар", "сер") "мүйіз" немесе мүйізді жануарларға балаған және өлеңмен, музыкамен байланыстырған. "Мүйіз" -латынша қарн және бұғы мағынасында. Арабша "қарн"- "мүйіз" не болмаса музыка аспабы (карн-бук). Қазақта музыкамен айтылатын өлеңді "сырнайлатып-кернейлетіп" делінген, яғни сырнай-керней қос сөздің түбірі бір мағынада.

Жоғарыда келтірілген сирена (сирен) сөзі біздің пайымдауымызша сернаймен түбірлес. Соғу дыбысы үшін және оны күшейтуде өлтірген аңның терісі, не ағашты пайдаланған. Даңғыралардың әр түрі пайда болды. Діни музыка ойнаушылар даңғыра жасалған аңның терісін киінді. Арфашылар және басқа музыканттар төтемдік жануарлар терісін киінетін болды.

Мысалы ертедегі Египетте арфаны тартқанда әйел құдайлар Мерт пен Изидеға және Озирис құдайды мадақтайтын өлеңдерді қоса айтатын болған. Ескі Египетте жаназа мистерия саясаты болашақ антикалық драманы туындатты. Осыған ұқсас әуендер шумерлерде, индустарда, қытайларда және басқа да ежелгі Шығыс халықтарында болған.

Ежелгі шумерліктер өз құдайын музыканттар деген. Осыған байланысты мемлекеттік Иерархияда музыканттарды ерекше құрметтеген. Олар Таммуз, Иштари құрметіне өлең шырқаған. Діни музыкада түрлі тұмар, тастар, сүйек, қоңыраулар, мыс даңғырлары (Ай мен Шолпанға деген нанымда) қолданған.

Қытай музыка тарихында Конфуцидің өзі музыкант болды-мыс делінеді.

Индияда музыкамен Сараватидың жұбайы Брахма айналысқан.

Антикалық әлемінің Трагедиясы мақтау өлеңді бастаушыдан делінеді. Орындаушылар (музыканттар, бишілер) жүнін сыртына қаратып ешкі терісін киіп, мүйізі мен сақалын тағатын-ды. Осымен музыка тарихының қысқаша аңыздық-мифологиялық бөлімін аяқтаймыз. Енді музыка саласындағы реалистік, теориялық деректерге тоқтала кету қажет. Ол үшін алдымен келесі тақырыпқа, осыған қатысты археологиялық мәселеге тоқтала кеткен жөн деп білеміз.

Музыкадағы бабыл өгіздері

Көне Шығыс елдерінде музыка құдайдың құдіретімен болады деп сенген. Осыған байланысты музыканы астралдық (жұлдыздық, аспандық) ұғымда

түсінген. Жылдың он екі айының әр қайсысына сәйкес музыкалық интервалға жіктелетін он екі сатылы-мектебі болды, жеті аспанға сәйкес жеті нотасын жасады т.б.

Астрономияда зодиак жануарларының (жұлдыздарын) бастаушысы көбіне өгіз делінеді. Мұнда да, аспанға ұқсас музыкалық композицияның басқы дауысы ("бірінші скрипка", дәлірек айтсақ "бірінші арфа") өгіз басымен белгіленеді.

Сиыр сеніміндегі елдер тарихынан бірер мысал келтірейік.

Аспан өгізінің (Телец) – Көкөгіздің даралануы, оның Зодиак бастаушысы – жаңа жыл басы, күнтізбе бастауы болуында.

Ертедегі түркі космологиясында өгіз (Телец) үркер-Саур жұлдызы ерекше көрсетілген. "Сәуір болмай тәуір болмайды" делінетін мақал - Сәуір айы тумай жақсылықты күтпе делінуі осыдан. Бұл жерде Сәуір-Наурыз - көктемгі күн мен түн теңелісі, бұдан соң өгіз-Сәуір жерастына кетеді, жамбасқа түседі. Әйгілі Өгізхан аңызы Сәуір (Телец) екендігін аңғару қиын емес.

Грек-египет ұғымында Ио (Исид) тәңірі сиыр кейпінде берілген. Египеттің қасиетті өгізі Апис (Эпаф) сол Ио-Исида сиырдың ұлы. Ескі құрлыққа жататын "Азия" және "Еуропа" атаулары сол сиыр сеніміне байланысты алған-ды. Еуропа – финики патшасы Агенордың қызы, оны өгіз-Зевс алып қашады. Қыз Кипр аралында ұл-Миносты табады, мұның қарсыласы Минатавр (Адам-өгіз) болды. Гелиос пен Асия (Азия) Мистера (өгіз) тәрізді Күн құдайы саналды. Гелиос баққан өгіздерді "Геллиос өгіздері" деді. Крит, Микенах және басқа аралдарда өгіз діндері үстем болды. Әрбір ізетті орындарда қасиетті мүйіз – "жарқылау мүйізі" тұратын. Ізетті орындардың сыртында да, ішінде де мүйіз бейнеленетін, құрбандыққа мүйіз шір кигізетін, құрбан шалатын столға өгіз суреті салынатын. Діни рәсімдерді түгелдей "Өгіз ойыны" делінетін. Біздің Жаһанымыздың (Галактика) сиыр сенімін: аспан Сиырының сүт жолы-Млечный (Молочный) деген мағына беруі осыдан.


Сиыр діні туралы мағлұмат Інжілде бар. Патша кітабында Дәуіт пайғамбарға қасиетті ковчекті (сандықты) Сиырмен әкеледі. Еуропалық орта ғасырдың атақты алхимигі А. Вилланов: ертедегі алхимиктердің "Сикырлы мөрі" алтын мен күмістен құйылған. Мөрдін бір қабырғасында өгіздің бейнесі, екінші бетін жиектеп: "Біздің Құдайымыз ғайсаның (Исус Христос) атымен бата беремін" деп жазылған "Кім үшін құдай, кім үшін сауынды сиыр" (Шиллер) дегендей.

Көне Рустық жаратушы құдайы Рудра-Рода, сонымен қатар ол барлық тіршілікті күйрететін аспан отының тартуы. Оны аспан "өгізі"-Бұқа (Бхага-Бог салыстырып қара!) малды жебеуші ретінде мадақтайтын.

Адамзат тарихындағы жоғарыда айтылған мифологиялық жәйттар нақты өмірде де кездесетіндігін соңғы кездердегі археологиялық қазбалар дәлелдеп берді. Солардан мысалдар келтірейік.

Түркмендегі "Алтын-дене" сонау Қола дәуіріндегі қала орыны. Жуырда Қаракүм экспедициясы жүргізген қазба жұмысы қала орталығындағы Шумер және Бабылдағы тақылеттес діни кешен баспалдақты мұнараны ашты.

Ізеттік бөлмеден – алтын, күміс, лазурит, сердолик, көгілдір ақық (бирюза), ағат тәрізді асыл металдар мен тастардан жасалған алқалар табылды. Алтыннан жасалған қасқыр мен өгіздің басы ерекше назар аудартқан-ды. өгіз басының екі көз арасы маңдайындағы жарты ай көгілдір ақықтап жасалыныпты (13-сурет).



13-сурет. Ескі "Алтын дене" орнынан табылған өгіз басы.

Бұл жөнінде экспедиция бастығы В.М. Массон: өгіз басының маңдайындағы ай тұрпатты белгіден бастап табылғандардың ішінде астралдық рәміздер кеңінен тараған". ("Природа". 1973, №3, С. 114). Бұл жерде ертеден бастап бүгінге дейін өздерін "өгізбіз" дейтін (оғыз) дейтін халықтың мекен етуі, өгіз дінін тағы бір еске түсірейікші. Сөз болып отырған музыка тарихына жақынырақ тағы бір мысалға көшейік.

Урадағы патша қабырынан табылған өгіз-Арфа туралы


Ур – Месопотамиядағы Қос өзеннің оңтүстігіндегі көне мәдениеттің ең ірі орталығы. Оны Библиядағы Ибраһим пайғамбар білген. Қасиетті кітапта айтылғандай Ур оның туған қаласы болған. Осы жағдай археологтарды қатты қызықтырған-ды. Бұл, осыдан 4500-5000 жылдай бұрын болған-ды. Қазір Ур қаласының жұрты бұрын Ефрат өзенінің жағасына салынған, кәзір одан 16 км. жерде жатыр.

"Ибраһим кезінде Урдан шыққан Ай құдайы Нанна-Син-Су Цио-Сион (Акадтық Иерусалим) сонымен қатар барлық құдайлардың патшасы, барлық ғаламның, соның ішінде Күннің де билеушісі болып саналады" деп жазды Церен Э. өзінің "Библия төбелері" кітабында (М., 1966. С.161). Кітапта Шумер Наннанның Акадтық Син немесе Суға ұқсастығы және көнегермандық Цио мен иерусалимдық Сионға келетіндей ықтималдығы дәл айтылған. Урдағы қазба жұмыстары 1922-1924 жылдары археолог Л. Вулланың жетекшілігімен жүргізілген еді. "Бір қабірден 32 қыш тостаған табылды". Әрине бұл қасиетті сан еді. (Сонда, 175 б.). Урдағы патша қабірі күрделі құрылымды үлкен қазаншұңқыр болатын. Көлбеу шұңқырға ұласады. Осы шұңқырдың кіре

берісінде шанаға ұқсас тасымал жабдығының қалдығы табылды. Ол өте қымбат заттан еді. Тасыманың жиегіндегі шытыра лазурит пен ұлу қабыршығынан жасалған өгіз бен арыстан бастары бар әшекейлер бар-тын... "шана тартқан екі есек, оларды екі айдаушы жүргізеді". Шанада: тас пен ойын тақтасы, алтын ара және алтындаған ұсақ бұйымдар бар-тын. Шұңқырдан-шақтыдан диадем (әйелдер тәжі), маржан алқалар тағынған оншақты әйелдер қаңқасы табылды. Ең бастысы осы әйелдер – музыкашы болса керек, олардың қаңқалары жанында "алтын және піл сүйегімен нақыштап безендірілген қымбат арфа қалдығы" табылды. Арфаны безендірген қымбат шытыра арасында: бүркіт, қошқар, киелі ағаш алдындағы екі өгіз, өгіздің арыстанмен айқасы, адам-өгіздің мүйізі мен тұяғының бейнелері бар-тын... Бұл арфадағы – діни сюжет еді.

Патша мүрдесіне басқа көлбеу ор апарады. Мүрдеге кіре берісте алты әскер сүйегі жатты (бірінші музыканттар мүрдесінде бес әскер денесі жатқанды). Осы жерде үштен өгіз жегілген және айдаушысымен екі төрт дөңгелекті тасыма көлігінің қалдығы табылды.

Мүрденің тас қабырғасының алдынан мейрамдық әшекейлерін тағынған оншақты әйел қалдықтары жатты. Арфа осы жерге қойылған. Сол арфадан тек қана мыстан жасалған өгіздің басы мен әсемдік беретін пластинка сақталған. Ал басқа арфадан - өте әсем етіп алтыннан басын, көзі мен сақалын және мүйізінің ұштарын лазуриттен жасалған және алтыннан әсем етіп құйылған өгіздің басы сақталған (14 және 14а -суреттер).




14-сурет. Урдан табылған өгіз басы – арфа



14а-сурет. Урдан табылған инструкциялы шумер екі музыка аспаптар қабы

Осы жерден Ай орағына – аспан қайығына ұқсаған қайықтар қалдығы табылып еді. Шумерлердің жорамалдауынша өлген Патша мен нөкерлері осы қайыққа мініп о дүниеге барады-мыс.

Басқа жерден төрт арфашылардың сүйегі шыққан. Олардың бірнешеуінің қолы аспап шегімен бітісіп қалған еді. Қосы, екі музыка аспап қабы (сауыты) нұсқаунамалық ереже өгіз бен сиыр бастарымен қоса табылған еді. Бұл асбаптар сарай ансамблін құрса керек. 15-суретте сол арфаның бірі кескінделген. Шегі -11, өгіз басымен - 12. Бұл өгіз (Телец) бастаған зодиак аспан көшін еске салады.



15-сурет. өгіз басынан жасалған арфа

Шумер патшасы Мес-Каламдуктің күмбезді сағанасынан мынандай мүлік табылған еді: "оң жақта екі жүзді электрон балта, ал сол жағында – осы металдан жасалынған кәдімгі балта жатқан ... алты бұзау тұмар..."

"Олай болса алтын бұзауды Урдағы Ибрагимнің әкесі де білді, әрі құлшылық етті оған, осыдан 500 жыл өткен соң да Синайдағы Израил ұрпағы оған табынуда болды". (Сонда, 188 бет). Бұл туралы, яғни Мұсаның алтын бұзауға табынушылармен күресі жәйлі Құран Кәрімде де айтылған (2 Бақара сүресі).

Міне, осы айтылғандардан астрономия мен астрологиядағыдай дүниетанымдықтың, ғылыми-шығармашылықтың құнды табыстары музыка саласында да бар екендігін көруге болады. Дей тұра көптеген мәселелер пұтқа табынушылық, мистицизм, ырымшылдық және мифтік ұғымдағы нанымдармен шатасып та жатады. Оның әсері көптеген ғасырлар, мыңдаған жылдар бойы сақталып келеді. Бұрынғы және қазіргі дана ғалымдардың жігерлігімен ғылым мен өнер дүниетанымымыздағы ырымшылдық, мистицизм және мифологиялық ұғым сарқыншағынан арылумен келеді. Ұлы бабамыз әл-Фараби ғылым мен өнердегі ырымшылдыққа түбегейлі қарсы адам. Бұл мәселеге алда ораламыз.

Ғылым тарихындағы парасаттылық және сиқыр

Жалпы жағдай. Ғылым мен өнер тарихын талдай отырып, мыңдаған жылдар бойы астралдық идеологияның екі ұдай рөл атқарғандығын аңдау қиын емес. Бірі, ғылым мен өнердің дамуына Тәңірлік мағынадағы

зандылықпен ынталандырылып отырылуы. Мұндай терең сенім ғасырлар бойы адамзат ойын жаңаны іздеуге, табуға, дамылсыз өне бойы ізденіске жетелеуді қамтамасыз етті. Адамзат ойының дамуы мұндай сенім болмаса мүмкін еместін. Дей тұра қандай да болмасын үлкен істің көлеңке тұстары да болады. Астралды идеология екінші жағынан қайғылы, сиқырлы, келеңсіз және зиянды ырымдарды тудыруға да жол берді.

Ғылым мен өнердің көпғасырлық тарихы әр кезеңнің ұлы ғалымдары, ғылымның тиімді жағын дамытуда жалған сиқырлық пен ырымдармен күрес жүргізгендігін де куәландырады.

Ғылым мен өнердің тиімді (рационалистік) бағытын ұстанушы - бірегей қандасымыз ұлы баба әл-Фараби. Осы проблеманы толық түрде айтып шығу дәл қазір мүмкін емес. Тек сипаттық мысалдарға тоқталмақшымыз.

а. Музыка саласы

*"Постиг я , музыку держа в руках ,
Науку о ритмических кругах...
Я в музыке сильнее , чем Афлатун ,
Но все же мастер я , не колдун "*

/А.Навои . "Жеті аспан"/.

Ақынның осы сөздерін толығымен, бәрін де музыкада Афлотоннан (Платоннан) күшті, әрі гармонияны, музыка интервалын анықтауда геометриялық әдісті (ритмдік айналыс) қолданған ұлы музыкант әл-Фарабиге жатқызуға болады.

Қай жағдайда да әл-Фараби классик болып қалмақшы. Ол "Китаб ал-музики ал-Кабир" ("Музыканың үлкен кітабы") тақырыбымен он екі кітап жазды [85]. Осынау энциклопедиялық еңбекте музыка тарихы, оның теориясы, ғылым мен өнердің басқа бөлімдерінің музыкамен сабақтастығы жаңадан жасалынған және бұрынғы музыка аспаптарының сипаттамасы, музыка өнеріндегі эксперименттік зерттеулер, орындау шеберлігі, композиция, музыканың эмоцияналдық-эстетикалық әсері, тағы басқа да мәселелер қамтыған.

Музыка тарихының сонау ықылым заманнан басталатындығы баршаға мәлім. Оған қасиетті, тәңірлік мағына берілгендігі де белгілі. Осыдан келіп, Көк Күмбезі өзі қозғалғанда, айналғанда шығаратын әртүрлі әуездері-мақамдары өзара гармония жасап, Аспан гармониясы – Көк Күмбезінің музыкасын жасайды делінетін идеяны туындатқан-ды. Ертедегі абыздардың пайымдауында Аспан мақамын тек таңдаулы адамдар, әулиелер немесе абыздар ғана ести алады-мыс.

Әл-Фараби мұны кері қағып: "музыка - адами түсінікте өнер түрі, адам қолымен жасалынған туынды" деп жазды.

Мұнда жаратылыстың – ғылыми және әлеуметтік-философиялық ірі проблемасы жатыр. Алдымен физикалық, аспан механикасы тұрғысында көк

күмбезінің музыкасы деген нені білдіреді? Бұл деген көк күмбезі мен дененің үйкелісі, бұл деген аспан шырақтарының еркін емес, күшпен қозғалысы, бұл деген уақыт пен кеңістіктің үзілісі деген емес пе? Әл-Фараби ғалами гармонияны адамның қолымен жасалған мағынада музыкалық гармония еместігін дәлелдеді де. Аспан шырақтарының гармониясы дегеніміз олардың уақыт және кеңістікте еркін қозғалысы. Ал мұндай қозғалыс үйкеліс жасап дыбыс тудыра алмақ емес.

Біз жоғарыда ертегі Шумер патшаларын "аспан-өгіз арфа шығарған музыкасымен" жерлегенде ешбір жазықсыз жандарды музыканттарды, әскерді, қызметкерлерді т.б. қоса көметіндігін көрдік. Міне, музыкадағы астралдық идеяның неге әкеп соғатындығы.

Әл-Фараби мұндай адами практикада түбірінен бастап жат концепцияның негізсіздігін дәлелдеді де.

Қаһарлы патшалар өздерін және ұрпағын көк күмбезінің мақамы жететін абыздардан қабарлануы да мүмкін деді. Мұндайда әміршілер ежелгі астралдық әдетті жойып, өздерін құдаймыз деуі де мүмкін болды. Адамды құдайға балау идеясы осылай туындаған-ды.

д. Жаратылыстанудың маңызы жайында

Әл-Фараби адамды ғаламға балады. Үлкені ол - ғаламның өзі, кіші ғалам – ол адам. Адамның сана сәулесі мен жаны - жүрегінде, ал Күн - Жер мен аспан тіршіліктің жарық көзі.

Егер әл-Фараби ілімі бойынша барлық әлемнің негізі – сана- сәулесі екендігін ескерсек, онда кіші ғалам, үлкен ғалам іргетасымен тікелей байланысы айқын аңғарыла түседі. Осы принциппен жаратылыс-философия мен ғылыми-танымдық сипаттағы тамаша және маңызды моменттер туындайды.

Бәрінен бұрын адамда ішкі дүниесінің өзіндік сәулесі мен сана көзі бар. Оның сыртқы ақпаратты сезім мүшелерінде қабылдау қабілеті бар. Сыртқы дүние мен ішкі дүние – ол макродүние және кіші микродүние. Олардың өзіндік байланысы қандай? Міне әл-Фараби айналысқан мәселе осы. Осы ретте әл-Фараби таным теориясына үлкен проблема артқан-ды.

Ең алдымен әл-Фараби ғаламдағы адам орнын анықтау мәселесін қояды. Егер сен қандай да бір жүйенің ішінде тұрып, оны іштен қарастырар болсаң, онда сен үшін ол жүйе үлкен дүние – макро жүйе болар еді. Егер сен сол жүйенің сыртында тұрсаң, онда сен үшін ол кіші дүние – микрожүйе болар еді.

Ғылым сана сәулесінің нақты көрінісі. Адамның тануға ұмтылысы сананың немесе ақыл-ой принципінің үлкен дүниемен байланыстағы табиғи мұқтажы. Рухани әмірші Адам санасын дүниені тануға мәжбүрлейді.

"Болмыста бар нәрсенің бәрі жаратушының жасағаны, оның құдіретті

қолының таңбасы мен ізі... немесе жүзік мөрі". "Табиғат" атауын әл-Фараби арабтың –мөр, яғни белгі сөзінің "табиғ" түбірінен алған. Жоғарының белгісі –мөрінің болмыстық із таңбасы, табиғат қасиеті түрінде төменгі әлемге жеткен. Сөйтіп табиғат объектілері – қағазға басылған белгілер тәрізді боялған балауыз мөр мен қағаз қызметін атқарғандай болады. Жаратушыны бізге оның мөрінен, мөрді қағазға басылған оның бастау таңбасынан айыра білу қажет.

Жарату процесінің бірінші актісінен кейінгі шығармашылық "басылымы" (ұдайы өндіріс) табиғатта тұқым қуалаумен қайталана бермекші.

Шығармашылық басу (көбейту) процессін жуықтап айтар болсақ ол объектінің айнадағы бейнесі. Мысалы үлкен таулар кіші айнада өзінің кескіні мен құрылысын толық сақтап көрінетіндігі. Адами сана жаралымының анағұрлым терең мәнді бейнесі. Адам жүрегі мен миы – ақыл-ой айнасы. Сана ой-таным айнасы, ғылым айнасы болып табылады.

Сана айнасын түсінуге және айыруға, оқумен сан қырлы табиғат тілін түсініп таратуға, ол - түпнұсқадан көшірмені ажыратуға, ал бірінші факсимилиден, сондай-ақ мөрді оның таңбасынан көбейтілгендігін де айыра алатындай қабылеті болады. Сайып келгенде сана айнасы бастапқы сана сәулесінің ұлылығын ұғынуға мүмкіндік береді. Осылайша жаратылыстану адамды бастапқы жаратушы иеміз Аллахтың хақ түсінігіне әкеледі. Және оны жасаудағы ұлылығын ұғынуға, оның жетілген ұлы шеберлігін толық сана үйлесімі, сондай-ақ микродүниеден макродүниеге дейінгі болмыс көріністерінің бір-бірімен байланыста болу себебінің түсінігін береді.

Сөйтіп табиғат тану адами ақыл-ойды кеңейтеді. Жаратылыстану ғылымы барлық жағдайда тұрмыстың елеусіз ісінен бастап ұлы Жаратушы иені тануда ерекше маңыз алады.

Адам гармониясы

*Егер ғылым болмаса жауыздықты
іш тартып, жақсылықтан қашар ма едік.
Беруни.*

Адам және ғарыш кеңістігі, міне екі әлем: үлкені "Алами Акбар", кішісі "Алами Аскар". Олар бір бірімен өзара қабысқан. Адам ғарыш кеңістігінде өмір сүреді, ал ғарыш адам санасында бейнеленген. Осы екі әлемнің кездесетін орны Жер. Бұл үшінші әлем, аралық әлем, араласу әлемі. Жер ол- бірлік театры, ол- "Мың бір түн" - "Алиф Лайли о лайли". Басқаша қалай? Жер арабша "Арз"- сандық мән "1001"; яғни "Мың және бір". Неге түн? Өйткені күн мен түн –ұлы жұлдызды аспанмен байланысы, адамды екі әлеммен жер және аспанмен байланыстыратын табиғаттың ең айқын факторы. Түн мен күндіздің ауысуы, жылдардың ауысуы, уақыт кезеңдерінің ауысуы, осының бәрі

адамның ақыл-ойының, санасының бастауы. Олар өзара қандай жіппен жалғасқан? Адам санасында мәңгі тұратын сауал бұл. Бірде бір данышпан бұл сауалды аттап кеткен емес. Осы ғалами сұраққа әл-Фараби де көп көңіл бөлген. Егер ол саналы ғұмырын түгелдей осы проблемаға - адамның ғалами кеңістіктегі орнын анықтау проблемасына арнады десек, онша қателеспес едік.

Әл-Фараби адамның орнын астрономиядан, космологиядан, математикадан, физикадан, химиядан, философиядан, шешендіктен (риторика), геологиядан, биологиядан, сәулеттен, музыкадан, философиядан, лингвистикадан, логикадан, поэзиядан, этикадан, эстетикадан, дін ілімінен т.б. іздеді. Сірә, әл-Фарабидің адам орнын, алдымен өзінің орнын іздемеген ғылымның бірде бір саласы қалмаған шығар. Адамзат тарихында қандай да бір тарихи ерлік жасаған ірі тұлғалар болған, бірақ олардың ішінде сабырлық қабілетіне ие болғандар сирек кездеседі. Әл-Фараби барлық ғылымды игерген, әрі өзінің рухын ұстай білген сирек кездесетін данышпан. Ол ақиқатты үнемі іздеу жолында таймаған, жалықпаған. Оның шығармашылық ғұмыры көп жағдайда үлгі аларлық. Осы ретте біз оның ғылыми өмірбаяны жәйлі қысқа болса да анықтама беруді дұрыс көрдік. Одан әрі оның қалыптасу және тану әдісі туралы айтпақшымыз. Қорытындыда оның әлемдік гармония теориясына тоқталамыз.

Ақиқатты іздеу кезеңдері

Әл-Фарабидің қысқаша өмірбаяндық анықтамасы

Ұлы ойшылы және Орта ғасырдың бастапқы кезеңіндегі энциклопедиялық ғұламасы Әбу Насыр Мухамед ибн Мухамед ибн узлаг бин Тархан әл-Фараби біздің эрамыздың 870 жылы Сыр- Дарияның Арыс өзенінің құйылысындағы Фараб қаласында қыпшақ отбасында дүниеге келді. Ертеде де және кәзіргі кезде де Отырар деп аталатын қала қазіргі Шымкент облысы, Қызыл Күм (Шәуілдір) ауданының жерінде орналасқан.

Отырар қаласы ертеде қыпшақ-түрік тайпасының мәдени орталығы болған. Отырар К. Птолмейдің (I-II ғасыр) географиялық еңбектері мен Қытай жылнамаларында жазылған. IX-X ғасырлардың тарихшысы және географы оның замандасы Ибн Хауалдың куәландырғанындай Отырар маңызды тарихи әрекеттер мен сауда жолының түйіскен жеріндегі ірі мәдени орталығы болған. Отырарда кітаптардың көптігі жөнінен дүниежүзіндегі ең ірі кітапханасы болды. Отырарды энциклопедист, тарихшы және географ Абу-л-Фид (13 ғасыр) суреттеп жазады. Қазіргі кезде Отырарда археологиялық қазба жұмысы жүргізілуде. (Бұл 1970 жылғы мәлімет-Ш.А.)

Оның ынта бағытын анықтаған бастауыш білімді әл-Фараби өзінің туған қаласы Отырарда алады. Бұдан соң білім іздеп ол Орта Азияға, Қазақстанға, Таяу Шығысқа көптеген сапарларға шығады. Ол ғұмырының денін сол кездегі дүниежүзілік өркениет орталығы Бағдатта - Халифат орталығында өткізгені

белгілі. Ол Халифаттың Самар, Харран, Хамб, Дамаск, Мысыр (Каир), Ре, Бұхар тәрізді ірі қалаларында болып, онда еңбектерін қалдырды. Ол Самарқанд, Шаш (Ташкент), Сайрам (Исфиждаб), Талас, Баласағұн және басқа қалаларда да болды деген жорамал бар.

Сирек кездесетін қабылет, білімге деген қажымас құштарлық, ұзақ жылдық табанды әрекеті және ғылым ақиқатына деген мінсіз берілгендік әл-Фарабиді "Шығыстың (Аристотелден кейінгі) ұстазы" деген данқының құрметіне жеткізіп еді. Ғұмырының соңғы жылын ол Дамаскіде өткізіп, 80 жасында – Хиджраның 339 жылы раджаб айында бізше 950 жылы дүниеден өтеді.

Сирияның әмірі Сайф-ад Дауланың өзі әл-Фараби батақорына қатысып, оны Дамаскідегі "Баб ас-Сағыр" ("Кіші қақпа") зиратына жерлейді. әл-Фараби ғылыми еңбектерінің денін араб елдерінде қалдырды.

Араб елінің атақты ғалымы атанса да, кезінде әл-Фараби өзінің туған елі Қазақстанда, Орта Азияда болып, еңбектерін қалдырған деген мағлұмат та жоқ емес. Бұқар әмірі Манур Ибн Нух Саманидің тапсыруымен әл-Фараби атымен "Тағылым ал-Сани", яғни автордың "Екінші ұстаз" атағынан туындаған "Екінші ілім" тұтас энциклопедиялық ғылымын жасайды. Бұл еңбекті кейін Абу Али Ибн Сина және Орта Азия мен Қазақстан ғылымдары пайдаланады.

Әл-Фарабидің ғылыми қызметі туралы анықтама

Әл-Фарабидің негізгі ғылыми қызметі туралы анықтаманы оның "ғылымының сыныптамасы" туралы сөзінен бастаған ләзім. ("Макалатун фи ихса аль-галум"). Өз заманындағы барлық белгілі ғылымды ол бес бөлімге жіктеді: I – Тіл ғылымы және оның бөлімшелері; II- Логика және оның бөлімшелері; III – Математика ғылымы, яғни арифметика, геометрия, оптика жұлдыздар туралы ғылым, музыка, ауырлық туралы ғылым және тамаша амалдар жәйлі; IV – Физика және оның бөлімшелері; V – Азаматтық ғылым және догмалық діни ілім.

Жалпы мағлұматты болу үшін әрбір бөлімнен қысқа үзінділер келтіреміз.

I. *Тіл туралы* ғылым екі бөлімшеден тұрады: 1) Қандай бір халықтың нақты сөз қорын есте сақтау және оның әр қайсысының нені білдіретіндігін білу. 2) Осы сөздердің бағынатын заңын білу. Сөздер жәй және құрмалас болады. Осыған байланысты жәй сөз ғылымы және сөз тіркесі болады. Тегі мен түрін көрсететін жәй сөздер: атау, етістік және шылауларға бөлінеді. Атау мен етістікте түр саны болады. Етістік мезгілге тәнті, т.б. /82,83/ - одан әрі сөз тіркесі, жазу ережесі, поэтика, өлең шығару т.б.

II. Әл-Фараби түсінігінде *логика* - адамды ақиқат жолында қалыптастыруға мүмкіндік туғызып, оны қателестірмеу кепілдігін береді. Мысал үшін түзуді сызғышпен, дөңгелекті циркуль көмегімен ғана тексеріп сезінуді ұсынды. өйткені түзу сезімін дөңгелекпен шатастырмастай басқа сенім жоқ.

Ол логика заңын, грамматика мен өлең шығару заңымен салыстырады. Оның Логиканың грамматикамен жалпы ортақтығы, мұның сөз үшін заң беретіндігі, ал айырмашылығы – грамматика халыққа ғана тән заңды анықтайды, ал логика барлық халықтар сөзінің ортақ ережесін береді.

Арабша логика – *мантик тіл (нукт)* деген сөзден шығады. Жалпы тұрғыда логика мынандай үш мағынада қолданылады:

1) Сырттай жалпы дыбыстық дауыста айтылса да астарлы мағынадағы сөз.

2) Адам жанында түйінделген (ой) сөз.

3) Адамға ғана тән табиғи болмыс – рухани күш. Адам басқа жан-жануарлардан осымен дараланады, осы күштің арқасында ақылмен жетер объекті интелекциясын, ғылымды және өнерді таниды.

Логика сегіз бөлімшелерден тұрады: 1. "Мукулат", грекше ("Категориас" - "0 Категория" - "Категориялар туралы").

2. "Ал- Ибара", грекше - "Бари /хар/ минийас". ("Герменевтика" немесе "Түсіндірме туралы").

3. "Ал -Кийас" грекше "Бірінші Аналитика" ("Алғы шарттан шығатын қортынды", "Силлогизм").

4. "Ал -Бурхан", грекше – "Екінші аналитика" ("Дәлел").

5. "Ал -Мауади ал –жадалиия", грекше "Топика".

6. "Сафсата /тун/", грекше - "Софистика".

7. "Ал -Баиан", грекше - "Риторика" (шешендік).

8. "Китаб али -Шаар", "Ал –Гаруз", грекше "Поэтика".

"Озықтылығы және мағына жағынан төртінші ара тармақ өте маңызды. Логикада бірінші мақсатқа осы төртінші бөлімшемен жетеді, қалғандары сол үшін жасалынған". /82, 142 бет/.

III. *Математика* үлкен жеті бөлімнен тұрады. Барлық жоғарыда аталған бөлімдер өз кезегінде негізінен екіге: *қолданбалы және теориялық* болып топталады. Қысқа мысал келтіреміз.

1. Арифметика - нақты заттардың, дүние мүліктердің, тауарлардың, ақшаның т.б. санын зерделейтін, сондай-ақ сауда ісінің құралы түріндегі математиканың қолданбалық түрі.

Теориялық тұрғыда арифметика заттардың дерексіз сандарының абсолюттік жағдайын зерделейді. Мысалы: жұптық, тақтық, пропорционалдық, өлшемдестік т.б. белгілерін зерттейді.

2. *Қолданбалы геометрия* - құрылыс материалдарының, объектілердің, ұста ісі мүлкінің, жер учаскелерінің формалары мен размерлерін қарастырады т.б.

Теориялық геометрия- барлық денелерге қатысты абсолюттік, ұзын-сонарлық және жалпы түрде сызықтарды, жазықтықтарды және дене бетін қарастырады. "Бұл ғылым (теориялық геометрия) барлық ғылымның құрамдық бөлігі болып табылады" /82, 147 бет/.

3. *Оптика* – геометрия тәрізді заттың формасы мен шамасын, реті мен жағдайын т.б. қарастырады. Геометриядан оптиканың айырмашылығы, мұнымен шамаланатын (көрінетін) және нақты құбылыстардың ара қатынасын талдайтындығы. Оптика әдісінің көмегімен адам баруға қиын немесе мүлдем мүмкін емес объектілердің: жер аландарын, ағаштың және таулардың, бұталардың биіктігін, өзендердің енін, түрлі нәрселер мен жердің кез келген жерінің нүктелері ара қашықтығын анықтай алады. Осы оптикалық әдіспен кез келген аспан денелері мен Жердің арақашықтығын анықтай алады. Мұндай өлшеу кезінде қатеге ұрынбас үшін оптикалық нысана аспабы жасалынады. Осы аспаптардың көмегімен ауа немесе түссіз дене арқылы өтетін, сәуле жолын бақылауға болатындығы. Осылайша сәуленің тура өтетін қисаятыны, шағылысатындығы, сынатындығы анықталады. Қисық сәулелерді зерттеу үшін айналы аспаптар қолданылады. "Бұл – *айна туралы ғылым саласы*".

4. *Жұлдыздар туралы астрономия ғылымы* екі аралық бөліктен тұрады: а) астрология (Ахкам ануджул), б) математикалық астрономия (фалак) "(ғылым ан-Нуджум ат – тағылым)". Астрология – балгерліктің бір тәсілі. Астрология үш топтағы мәселені зерделейді.

1) Жәһандағы аспан денелердің өзара орналасуын зерделейді: Шамасы мен формасын, Жерге қарағанда қозғалмайтын бәрін бір тұтас түрде олардың ара қашықтарын.

2) Барлық шырақтардың "Жұлдыз және жұлдыз еместердің" айналыс қозғалысы жөнінде. Аспан шырақтарының қозғалысы Жерге тәуелсіз зерделенеді. Ал Жер байқайтын орны іспетінде оның Жәһандағы орны ескерілетін болады. Мысалы Күн мен Айдың тұтылуы, Зодиак жұлдыздарының қозғалысы- бәрі шығу және батумен байланыстыра жер уақытына қатысты анықталады.

3) Жерді тұтас ғарыш денесі іспетінде зерттеу. Мұның елді және елсіз мекендерін, климатын, күн мен түннің ауысуын, күннің шығуы мен батуы, жыл мезгіліндегі күн мен түннің ұзақтығы т.б. зерделенеді. Мұның бәрі Жердің Жәһандағы орны және айналыстық қатынасына қарай зерттелінеді.

5. Музыкалық практика аспаптағы құлақ қабылдайтын мелодиясын табу.

Музыка теориясы өнердің осы түрінің, дыбыс гармониясының, үн интервал–размері және мелодия композициясының теориялық негізін зерделейді.

6. Салмақ туралы ғылым екі саланы қамтиды: 1) Салмақ өлшемі, 2) Ауырлықты жылжыту.

7. Тамаша амал ғылымы туралы. Шынтуайтына келгенде бұл қолданбалы механика мен механикалық шеберхана. Ол өзіне геометриялық салынымның алгебралық есептеуі, оптикалық өлшеу, т.б. жатқызады.

IV. Жаратылыс және діни ілім "Ал-ғылым ат табиғи және ал ғылым ал-

Илахи" (физика және метафизика жәйіндегі) ғылым.

Физика табиғи денені және оған тән сондай-ақ акциденциялық қасиеттерін қарастырады.

Дененің бастапқы физикалық негізгі облысы (субстанциялығы) мен формасы, пайда болуы мен оның санаттық себебі. Сонымен қатар бұл мәселеге дененің қасиеттері де кіреді.

Физика тараулары өте көп.

1. "Физикалық гармония" ("Ас-Сам-ағат ат-табиғи", "Физика" -қарапайым және күрделі табиғи денелерге бірігетіндігі зерделенеді.

2. "Аспан және ғалам ("Китаб фи с-самаг да л-ғалам", "Аспан жәйлі") – материалдық бір текті болмысты аспан мен Жаһанды және олардың құрамындағы бөліктерді зерделейді.

3. "Пайда болу және құрту жәйлі" ("Китаб ал-Каун уа –фасах"), табиғи элементтер мен денелердің пайда болуын, құруын және солармен сабақтас мәселелерді зерттейді.

4. "Аспан денелері жәйлі" ("Ал-арсоу ал-Жауийа") (Жоғары дене бірінші бөлім "Метерология"). Атмосферадағы қарапайым элементтердің байқалу негізін зерделейді.

5. "Аспан денелері туралы" ("Екінші бөлім") - біркелкі және әртүрлі элементтерден тұратын денені зерттейді.

6. "Минералогия" ("Китаб ал-магадин") – біркелкі құрамды табиғи күрделі денелер болып келетін минералдық заттар мен тастарды зерттейді.

7. "Өсімдіктер туралы" ("Фи-н-набат")- өсімдіктер түрлерін зерделейді.

8. "Жануарлар туралы" ("Фи-л-Хайуан") – жануарлар түрін зерттейді.

Физиканың осынау бөлімдері бастапқы төрт элементі (болмысы): от, ауа, су және жер арасындағы өзара қатынасты қарастырады.

IV а. *Метафизика немесе "діни ілім"* ("Иль ма ат-табиғи", "Илм Иллахи", яғни "Физикадан кейінгі ғылым") үш аралық бөлікке жіктеледі.

1. *Болмыстық заттар ілімі.*

2. *Ғылымның негізгі дәлелдік ілімі туралы:* Логика, геометрия, арифметика және басқа да математика және физикамен тектес ғылымдар. Бұларда осы ғылымдар негізіндегі кереғар ескі пайымдаулар қаралады.

3. Бейматериалдық нәрселер жәйлі ілім. Мұнда олардың сандық және сапалығы қарастырылып, олардың ақырғы күйі мен әртүрлілігі, сондай-ақ жетілмеген күйінен, әбден жетіліп қалыптасу процесі қарастырылады. Осы ирархияның ең соңғысы абсолюттік жетілгендігі. Шүбәсіз жетілудің тендесі де, қарсы қойылуы да болмайды. Бұл барлық тұрмыстың бірлік бастауы. Бұл өзінен басқаға айтылатын, бірінші мәндегі ақиқат.

"Метафизика" айтуында, осы қасиеттерді меңгергендер бар болса, соған сену керек. Ол-Аллатағала, (Аса қамқор, ерекше мейірімді, барлық мақтау бүкіл әлемнің Рабы Аллаға тән!)/82, 175 бет/. Алланың анықтауымен ең жақсы

ету мақсатта жасалғандарды зерделеу керек.

Метафизиканың енді бір маңызды бөлімін Алланың құдіретімен пайда болған болмысты зерделеу және түсіндіру, олардың өзара байланысы мен ретін анықтау. Алла тағаланың жаратқандарын зерделеуде және түсіндіруде ешқандай әділетсіздік, ешқандай кемістік, ешқандай келіспеушілік, ешқандай әбестік жоқ. Нағыз ғылымның мәні осында.

V. Азаматтық ғылым, юриспруденция және діни ілімнің догмалары жәйлі.

Ғылымды математикалау және геометриялау принципін ол, өзі тікелей айналысқан ғылым мен техника салаларының барлығында да келтіріп отырады. Физика мен жаратылыстанудың барлық түрінде бірінші болып қолданбалы математиканы пайдаланған әл-Фараби болды. Бұл *"Физикалық гармонияға"* қатысты, бұл *минералдар мен кристаллдар симметриясына* қатысты, бұл *музыка ғылымына* қатысты, бұл *күмбезді космологияға* қатысты, тіптен, азаматтық ғылымының соңғы бөлімінде – *тұңғыш адамгершіліктің тепе-теңдігіндегі және қоғамдық өмірдегі үйлесімнің сақталуына* қатысты да әл-Фараби *математикалық ой* түйіндейді. Гармонияның осы принципін философиялық жүйеде қолданып, ол "Аристотельдің діни екі философиялық ортақтығы" туралы үлкен трактат жазды.

Әл-Фараби өз заманының ғылымдарын сыныптаулармен шектелмей, сол ғылымдарды құрушылардың бірегейі болғандығын айту қажет. Жоғарыда келтірілген ғылым салалары мен оның бөлімшелері бойынша әл-Фараби ірі ғылыми мұра қалдырды. Әл-Фарабидің ғылыми еңбегінің саны 160-тай болады. Егер біз осы еңбектерді оның өз сыныптамасы бойынша ғылым бөлімдері мен бөлімшелеріне таратар болсақ, онда әл-Фараби еңбегі жазылмаған бірде бір бос орын қалмас еді. Екінші сөзбен айтқанда, әл-Фараби ұлы ғалым және энциклопедияшыл санатында өзінің шығармашылығымен өз заманындағы ғылымның, техниканың және өнердің барлық салаларына нағыз жаңа үлгілік шығарма беріп, оларды жоғары дәрежеге көтеруші.

Ұлы гуманист, "Екінші ұстаз" атанған барлық азаматтың ұстазы саналған жанның ұлы ерлігі осында болатын.

Оның еңбектерінің барлық бөлімдері адамзат шығармашылығымен ұштастырылған.

Сөйтіп әл-Фараби барлық жағдайда гармониялы адам болды. Ол ғылым мен өнердің гармониясын, адам мен қоғамның гармониясын таныды. Бұдан басқа ол ғалами гармонияны таныды. Адам гармониясының негізгі мәні - оның көпжақты тұтастығы, мәдениет гармониясының тұтастығы екендігін көрсетті.

Жоғарыда айтылғандардың анық-қанығы, әл-Фарабидің Алла тағалаға сенімдегі рационалистігінде. Оның ділі, діни парасаты барлық ырымға түгелдей қарсы еді.

Әл-Фараби айналысқан, баяндалған барлық мәселелер сол заманда

көкейтесті болатын. Ол қазірде де көкейтесті болып қалды. Осы мәселелердің жалпыға бірдей гармониясын тапқан әл-Фараби сирек кездесетін данышпан. Соған қысқа тоқталамыз.

Әл-Фарабидің туған және шығармашылық ғұмыры дамыған заман, Жасаған Иенің алдындағы ғылымды зерделеуді адамзаттың міндеті және парасаттық парызы делінетіні "ғылымның алтын ғасыры" атанған елде өтті.

Осыған байланысты әл-Фараби санатты ғалымдар ғылымды алдымен сол кезде кеңінен етек алған барлық ырым түрлерінен ("Хурафаттар") адалап алуға мәжбүр болған-ды.

Әл-Фарабидің өнебойы күресіп өткен ырымдарының бастылары мынада болатын:

1. Астралдық идеология, астрология, аспан жануарлары мен құдайлары; Жерді өгіздің мүйізінде тұр деуі;

2. Геоцентризм идеясы;

3. Бірнеше мың жыл бұрынғы тіршіліктің пайда болуы жайында;

4. Табиғат пен жануарларға бас ию;

5. Жанның (рухтың) көшіп жүруі;

6. Құдайдың адамға айналуы және адамға табыну (антропоморфизм);

7. Ғылымдағы сиқырлық; а) алхимия, б) математикалық кабалистика; в) пентаграмма; г) тиым салынған нота.

8. Сиқырлық: бал ашу, хиромантия, магия (сиқыр), фетимизация, пұтқа табынушылық, инокондық, т.б.

Қолда бар деректерге сүйене отырып, біз әл-Фараби еңбектері әртүрлі дәрежеде Еуропаның мына ғалымдарына таныс болды деп білеміз.

И. Герберт (X-XI ғасырдағы папа Сильвестр II), Фома Аквинский (Томас Акринт, 1225-1274), Р. Бэкон (1214-1294), А. Данте (1265-1321), Н. Кузанский (1401-1464), Томас Мор (1473-1535), Леонардо да Винчи (1452-1513), Н. Коперник (1473-1543), Региомантани – И. Маллер (1436-1476), Агрикола Г. (Бауер) (1494-1553), Ф. Бэкон (1561-1626), Гафури -Фольяни- Цармено (XVI ғ. музыкашылары), Г. Галилей (1564-1642), И. Кеплер (1571-1630), Р. Декарт (1596-1650), Б. Спиноза (1632-1677), Г. Лейбниц (1646-1716), И.В. Гете (1749-1832), Г. Гегель (1770-1851).

Осы келтірілген есімдердің өзінен–ақ әлемдік мәдениетті, ғылымның дамуына әл-Фараби жасаған үлкен ықпалын аңғару қиын емес.

Біздің, мына жаңа заманымызда, ғылымның шарықтап дамыған заманында әл-Фарабидің жолын қуушылар мен оны ұлағат тұтушылар саны артады деген ойға келесің. Ал мұндай ізетті адамдардың жолын ұстаушылар неғұрлым көп болса, соғұрлым халық пен елдің берекесі арта бермекші.

Әуминкөп болса, соғұрлым халық пен елдің берекесі арта бермекші.

Әумин !

МҮШЕЛ ЕСЕБІНІҢ ТАРИХИ-АСТРОНОМИЯЛЫҚ ДӘЙЕКТЕРІ

"Ғажайып от ошағында" (1978) кітабынан үзінді

Мүшел үшкілдері. Қазақ халқының, басқа да көптеген шығыс халықтарының он екі жылға он екі жануар атын қойып, соларды қайталап отыру арқылы тарихи уақыт есебін жүргізуінде көп сыр жатыр. Біраз елдерде, соның ішінде араб елдерінде, бұл есеп жоқ, бірақ, соған ұқсас бір жыл ішіндегі он екі айға жануарлардың атын қою бар. Осы екі есепті қатар салыстырып зерттеуден жақсы дәйектер табылары хақ.

Уақыт есебінің он екіден еселеніп алынуы аспандағы Ай мен Күннің жүрісіне байланысты табиғи есеп екенін білеміз. Ал сол он екі мүшел жыл аттары қалай алынған? Мұның жауабы ең алдымен адам баласының тіршілігімен сабақтас жануарларға тіреледі.

Бір мүшелді білдіретін он екі жыл мен әр жылды құрайтын он екі ай атына алынған жануарлар көбінесе даланың жабайы аңдары болып келеді. Ауылдан сыртқы, оңаша, ашық даланы қазақша түз (дүз) деп атайды. Түзге шықты дегенде жолға шықты деген мағына бар. Расында түзге шыққан аңшының бір көзі аспанда болса, бір көзі аңда болады. Ол аңдардың әр түрлі тіршілік әрекеті де аспан әсеріне, яғни жыл маусымына, ауа райына, әр жердің өзіндік табиғатына байланысты. Айталық, аю сияқты кейбір аңдар қыста інге кіріп, ұйқыға басады. Қоян қыста қардай ақ, жазда қоңыр. Осы сияқтанған толып жатқан сырлар аңшыларға ежелден мәлім.

Жеті қат көк, жеті қат жер дейді халық. Аспан әлемі жеті мен он екіге бөлінгені сияқты жер бетін жеті танапқа (ескі жер өлшемі), бағыттарды он екі тарапқа бөлу де болған. "Шығыс елдерінің "жітіклим" немесе арабша "мунах" дейтін өлшемдері аймақтарды жеті "климатқа" бөлуден шыққан. Бұл жеті алапты ендік бағыт деп білеміз. Мәселен, оңтүстік Экватордан солтүстік полюске қарай жеті алапқа бөлуді ендік бағыт, шығыстан батысқа қарай он екіге бөлу бойлық бағыт, он екі тарап болып саналады.

Аспандағы жұлдыздарды жеке-жеке топтастырып бөлгенде де осы айтылған жер бетін бөлу әдісі қолданылған.

Жер бетін бөлгенде оның табиғи мүшелдері - халқының тіршілігі, жануарлары, өсімдіктері, тау-тастары, ауа райы тағы басқалары қоса бөлінбек қой. Жұлдыз топтарына әр түрлі жануарлардың аттарын қою да осы принципке негізделген.

Солтүстіктің арқыраған ақ аюы бар. Соған сәйкес солтүстік бағытты көрсететін Жетіқаракшы жұлдыздар тобын батыс елдерінде Аюлар деп атайды. Үлкен аю, Кіші аю деп бөледі. Он екі мүшелдік жұлдыздар тобының аттарына ертедегі халықтардың мәдени мекені болған аймақтарда кездесетін жануарлар алынса, адамға бейнелес келетін: маймыл – мешін. Бір кезде мешін жыл басы болған.

Қазіргі жыл есептеу бойынша алынған жыл санын он екіге бөлеміз. Қалдықсыз бөлінсе, сол Мешін жылы. Бір қалса - Тауық, екі қалса - Ит, үш қалса - Доныз, төрт қалса - Тышқан, бес қалса - Сиыр, алты қалса - Барыс, жеті қалса

- Қоян, сегіз қалса - ұлу, тоғыз қалса - Жылан, он қалса - Жылқы, он бір қалса - Қой, он екі қалса, немесе қалдықсыз бөлінсе - Мешін. Мысалы, әл-Фарабидің 1100 жылдық тойы 1975 жылы - Қоян жылы болды. Өйткені 1975 жылды он екіге бөлгенде қалдығы жеті, демек, жетінші қатардағы жыл - Қоян. Абай Құнанбаев 1845 жылы туған. 1845-ті 12-ге бөлсек 9-ы қалады. Демек, Абай атамыз Жылан жылы туған екен. Осы әдіс бойынша жыл атын тауып алу оңай. Мұндағы тағы бір еске салатын нәрсе, біздің қазіргі жыл басы саналатын Тышқан жыл санын он екіге бөлгендегі қалдық төртке дәл келеді. Сол сияқты ұлу жылы қалдық сегізге сай келеді. Бұл сегіз саны он екі мен төрттің арифметикалық орталығы, яғни он екі мен төртті қосып, екіге бөлсек, сегіз болады. Демек, 4, 12, 8 сандарына тура келетін Тышқан, Мешін, ұлу - үшеуі бір үшкіл құрайды. Мұны бас үшкіл дейді. Ол үшкілдің жақтары бірдей, мұны бір тоқсан деп атаймыз. Осындай үшкілдің төртеу болатыны белгілі, яғни шеңбердің 360 градусына сәйкес келетін төрт тоқсан болады.


Осы айтылған әдіс бойынша есептей келіп, халық Ит, Барыс, Жылқы жылдарын екінші үшкілге жатқызған. Бұл үшкіл жоғарыда айтылған бірінші үшкілге қарама-қарсы - Ит ұлуға қарсы, Барыс Мешінге қарсы, Жылқы Тышқанға Қарсы деп есептелген.

Үшінші үшкіл - Қоян - Қой - Доңызды Ай үшкілі деп атаған.

Төртінші үшкіл - Сиыр - Жылан - Тауық үшкілі. Бұл үшкіл айтылған Ай үшкіліне қарама-қарсы - Қоян Тауыққа қарсы, Қой Сиырға, Доңыз Жыланға қарсы деп есептелген.

Сонымен төрт үшкілді екі-екіден жұптап, Күн үшкілі (1, 2), Ай үшкілі (3,4) деп атаған.

Осы айтылған үшкілдердің өзара қиылысуы, жақтарының тұспа-тұс келуі, қиғаш келуі, бәрі де астрономияда еске алынып, зерттеліп жүрген жағдайлар. Халықтың "жұлдызы қарсы", "жұлдызы оңынан" деген түсініктері осыдан шыққан.



үшкілдер бұрышы

Екінші жағынан бұл айтылған үшкілдер бұрыштарында жыл аттарымен қатар ай аттарына балап алынған жануарлар (зодиак) тұр ғой. Күн мен Ай сияқты, сол бұрыштарда басқа аттар - саяқтар да (планеталар) тұр. Ал сонда осылардың өзара қарым-қатынастары қандай? Бұған да азырақ шолу жасайық.

Бірінші үшкілдің б+-ірінші бұрышынан бастайық. Бас үшкілдің бас бұрышында Күн тұр. Ол аспан шырақтарының патшасы болып саналады. Күннің жылы "бауырымен" жорғалайтын ұлу - Аждаһа - Дракон, оған сәйкес ай төрт аяқты жануарлар патшасы - Асад - Арыстан делінеді. Бұл бұрын аспан әлемінің бас жолы - Көк шөміштің басынан Темірқазыққа тартылатын сызықтың басы болады.

Бас үшкілдің екінші бұрышы Мешін дейік. Оның айы Кауыс (Жай). Мерген аталады. Мерген жөнінде әр түрлі аңыздар бар. Олардың негізгі мазмұны - Мерген өз өнерімен аруақты заттарға қарсы келіп, солармен тайталасқан. Сол үшін жазаға ұшыраған - адамнан азған деп келген. Сол сияқты Мешінді де (маймылдарды) адамнан азған деп санаған. Сонымен Мешін мен Мергеннің біріне-бірі мағынасы сай. Бұл бұрышқа дәл келетін планета Юпитер-Оңай. Ол - ең зор, алып дене. Бұлар қай жағынан алсаңыз да Күнмен тығыз байланысты.

Бас үшкілдің үшінші бұрышы Тышқан еді ғой. Ол жыл басы болып саналады. Бұл бұрыш айының аты Қошқар-Қозы, планетасы - Марс. Демек, жоғарыда айтылған Көк шөміш көрінетін аспанның ұлы жолы сол бас үшкілді қақ жарып өтеді. Сол симметрия бойынша планета күндік және түндік болып екі есе қайталаанады. Ертегіде Мергендік бұрыштан атылған оқ-жебе арқарға (қошқарға) келіп тиеді делінеді. Ал Тышқан болса, ол інге кіретін жәндік, жер астын бейнелейді. Аспанда Ай көрінгенде Күн Жердің астында болады деген түсінік осыдан шыққан.

Жыл аты мен ай атын анықтайтын жануарлар көбінесе тектес, тіршілік қасиеттері жағынан өзара сәйкес келетінін көреміз. Сол себептен де осы екі жүйені қатар қарастыру қажет. Астрономияда Дракон-Аждаһа жылы, айы деген түсініктер бар. Ай өзінің орбитасы бойымен шеңбер жасап айналғанда бір нокатты екі рет басып өтеді екен, осы жүріске жұмсалатын уақыт Дракон-Аждаһа айы деп аталған. Сол сияқты айтылған ай шеңберіндегі нокатты Күннің екі рет басып өтуін Дракон жылы дейді. Ертеде Ай немесе Күн тұтылғанда олардың бетін Дракон-Аждаһа басты деген аңыз болған. Дракон-Аждаһа айы, жылы деп атау осыдан таралған екен.

Екінші үшкілдің бірінші бұрышы Ит дедік. Оның айы Далу - Көнек. Бұл бұрыш айтылған аспан жолының екінші жақ басында жатады, яғни Күннен шығып Темірқазыққа дейін созылған сызықтың жалғасы осы бұрышқа түйіседі, сонда бұл сызықтың бір басы от - Күн болса, екінші басы су - Көнек-Далу. От пен судың тоғысуынан барлық заттар жаралған дейтін ертедегі аңыздың аспандық бейнесі осы ұлы жол - аспан жолы деп білу керек. Бұл бұрыштың планетасы Сатурн - Санжар. Ертедегі аңыз бойынша Санжар жетінші қат көк

иесі, қазына иесі болып саналады. Ит жеті қазынананың бірі деген мағына осыған дәл келеді. Көнек - су болса, ол да, әрине, қазынананың көзі, сусыз өмір жоқ. Сонымен бұл бұрышты біз байлық, қазына бұрышы деп білеміз.

Екінші үшкілдің екінші бұрышы Барыс, оның айы Жауза - Егіз, планетасы Меркурий - Болпан. Барыс мысық тұқымдас жануар. Мысық ежелден өнер-айланың жануары ретінде танылған. Сонымен қатар оларды жол кезуші жануарлар деп білген. Жолбарысты жолға түсуші, жол барлаушы дейді. Келе жатқан адамның жолын жолбарыс тектес деп есептеген мысық кесіп өтетін болса, ол адамның жолы болмайды деген ырым шығарған. "Егіз" деген келісім, жарастық, татулық, махаббат мағынасында қойылған ат. Меркурий - Болпан осы айтылған мағыналарға дәл келетін планета, ол, бір жағынан, адамдарға достық іздейді, жолаушыларға жәрдем береді, екінші жағынан, білімнің, ғылымның сырын білдіретін даналықтың, гермес - ал химияның атасы деп ұққан. Осы бұрышқа жақын тұрған Сириус атты бір жұлдыз бар. Сириус ең жарық жұлдыз, астрономия тарихында аты әйгілі, көп айтылатын жұлдыз. Сириус - Орион Алып мергеннің үлкен арлан итінің ең бас жұлдызы, сондықтан Ит жұлдызы деп те аталған. Демек, ол үшкілдің бірінші басқа бұрышындағы Ит жылының атына байланысты осылай аталған деп білеміз. Бәлки, Барыс деп аталған жыл аты осы Сириус мағынасында алынса керек.

Екінші үшкілдің үшінші бұрышы, яғни жылы - Жылқы, айы - Таразы, планетасы - Шолпан. Таразы бұл арада тепе-теңдік, әділет деген мағынада алынған. Бұған қарама-қарсы жатқан жұлдыз - Қошқар, Күн мен түн теңелген күні, наурыз күні Қошқардың екі мүйізінің арасынан жарып өткен сызық осы Таразының екі басындағы табак сияқты сурет сұлдерінің арасынан тең жарып өтуі керек. Шолпан да күн батарда, таң атарда бірдей көрінеді деген мағынаны білдіреді. Ерте замандарда осы Таразы мен Шолпанды тең егіз жұлдыз деп те есептеген.

Енді Жылқы жылының атына келейік. Астрономиялық жұлдызды аспан картасы бойынша Таразы жұлдыз тобымен қатар тұрған Кентавр жұлдыз тобының басы, мойны адам, басқа денесі жылқы тәріздес келеді. Оның бір қолында қасқыр, екінші қолында найза, қасқырды найзалап тұр деп суреттеген. Ерте заманда Кентавр түсінігі аттан түспейтін салт атты жауынгер халықтарды бейнелеуден шыққан деседі. Соның ішінде көбінесе Тұран елдерінен шыққан атты әскерлерді гректер солай атаған деседі. Әсіресе біздің қазақ даласынан шыққан қыпшақтарды - салт аттылар -Кентавр деп бейнелеген. Оларды қолдары көктемірден жасалған, тақымдары атқа жабысып қалатын жандар деп санаған. Сонымен қатар оларды - Қасқыр елі - Гурган-Гиркания дейді екен. Екінші бір аңызда Кентавр Гераклмен шайқасады. Астрономиялық мағынада бұл шайқас жылқы мен сиыр қарсы деген түсінікті аңғартады. Біздің Жылқы жылының аты осы аспан картасындағы, ертегі түсініктегі атты батыр Кентаврмен, яғни сол батырдың атымен байланысты. Екінші жағынан "көк темірлі түркі"

халықтар түсінігі де соған тура келеді. Үшінші жағынан біздің түркі халықтардың ежелден "көкбөріні", яғни қасқырды киелі жануар деп санайтын ғұрпы тағы мұны дәлелдей түседі.

Енді Ай үшкілдеріне келеміз. Үшінші үшкілдің бірінші бұрышы - жылы - Қоян, айы - Шаян, планетасы – Ай. Аспанның түнгі қожасы - Ай. Ай мен Қоян арасында қандай байланыс бар? Айдың жануары қоян екен деген аңыз көп елден кездеседі. Ай толған кездерде ұстап қалатын "лунатик" деген ауру бар. Мұны ай сәулесі түскенде қозатын елірме науқас дейді. Ай планетасының әсерлері жөнінде осындай топшылаулармен қатар аспан шырақтарының ішіндегі ең шапшаң жүретіні Ай, жердегі желаяқтардың бірі Қоян деген салыстырулар бар.

Ертедегі Египет - Мысыр елінде қоянның суретін жедел жүрістің, зымырап өткен уақыттың белгісі ретінде түсінген. Көршілес Монғол елінде Айдың бетінде қоян тұрады, ол әр түрлі дертке ем болатын дәрі жасайды-мыс деген аңыз бар. Қытайдың бір ертегісі "Баяғы бір кезде Чан деген сұлу болған. Оның күйеуі атақты мерген-садақшы Хоу деген екен. Сол сұлу бір күні өлмейтін дәрі ішіп, сонан кейін Айға барыпты. Барса, онда Гуанхайгун сарайында тек Юй Ту деген қайырымды қоян бар екен, басқа тірі жан жоқ, Чан сол қоянмен дос болыпты". Жеті Алып ертегісінде өлмес қыз желмаямен жер шалса, қоянмен дос болған Чан өлмес дәрі ішкен. Осы екі ертегіні салыстырғанда желмая мен желаяқ қоян бейнелес келіп тұр. Қазақтың бір аңызында қайырсыз Қарынбайдың түйесі даланың аңы - қоянға айналып кеткен дейді. Уақыт маусымына қарай қоян түсінің өзгеруін - қыста ақ, жазда көк-қоңыр болуын халық Айдың толғанда ақ, солғанда көгілдір болуымен салыстырады. Қоянның елендеген екі құлағы айдың орағына ұқсайтынын айта келіп, Айдың жануары - қоян және соның сыңары - түйе деген болжам жасайды.

Ай бетінде қоянмен қатар бақа бар дейді тағы халық ертегісінде. Сонымен қатар Өгізханның бір ұлының аты Айхан екенін білеміз. Тағы бір аңыз бойынша Айхан шешесінің аты Ила екен деседі. Осы аңыздарды халық ертегісіндегі кейбір оқиғалармен салыстыру қажет сияқты. Оның бірі - Қозы Қөрпештің досы Айбас мінетін Бақа айғыр. Екінші жағынан жыл басын белгілеуде дала жануарларын Ила атты өзеннен өткізеді ғой. Осылардың бәрі де жыл есебін, жалпы уақыт есебін Ай бойынша, оның үркерге тоғысуы бойынша жүргізгендігін мегзейтін деректер.

Үшінші үшкілдің екінші бұрышы - жылы - Қой, айы-Бүйі, планетасы - Марс - Анырақай. Бірінші рет Марс бірінші үшкілдің үшінші бұрышында -Тышқан мен Қой бұрышына, екінші рет тағы Қой бұрышына келіп тұр. Қой мен Бүйінің бір жерге келуі де түсінікті: бүйінің бір түрі - кара құртқа қой өш болатыны белгілі. Қарақұрт шаққан адамды сол атты жұлдызға көрсетіп, "шақырады" екен ертеде. Яғни "қойы келді, қозы келді, керегенің көзі келді", дейді екен.

Үшінші үшкілдің үшінші бұрышы - жылы - Доңыз, айы - Хұт - Балық,

планетасы - Юпитер –Оңай. Бұны сулы бұрыш деуге болады, өйткені балық та, доңыз да суға, сызға үйір. Демек, бұл бұрыштың табиғаты үшкілдің бас бұрышы - Ай сипатына сәйкес келеді. Ай мен Оңай екеуі де сәйкес саяқтар (планеталар) болып саналады.

Төртінші үшкілдің бірінші бұрышы - жылы - Сиыр, айы да - Сиыр. Демек, біріне-бірі дәл келеді. Оның планетасы- Шолпан. Бұл да Айға табиғаттас нәрсе (Айман- Шолпан). Үшінші және төртінші үшкілдер біріне-бірі қарама-қарсы жұп үшкілдер, олардың бас бұрыштары Ай мен Шолпан болып дәл келеді.

Төртінші үшкілдің екінші бұрышы - жылы - Жылан, айы- Сүмбіле-Бикеш-Собық, планетасы - Меркурий - Болпан. Жылан - Қызға үйленетін Геркулес, туа сала "атым өгіз" деп айқайлайтын Өгізхан, скифтердің еліне Герион өгіздерін айдап келетін Геракл - Тарғитай туралы аңыздарда айтылғандай, бұл арада бас бұрышы Сиыр болған үшкілдің екінші бұрышы Жылан-Қыз болуы да қызық. Дертке дару болады делінген Меркурийдің дәрі жасалатын жылан бұрышына дәл келуі де тамаша.

Төртінші үшкілдің үшінші бұрышы - жылы - Тауық, айы - Көксерке - Лак, планетасы - Сатурн - Санжар. Бұлардың бәрі де үй шаруасының хайуанаттарына байланысты алынған.

Ертедегі астрономия-астрология тарихында жұлдыздардың біріне-бірі қарсы дұшпан, немесе біріне-бірі дос, жәрдемші деп келетін түсініктері бар. Осы түсініктер айтылған үшкілдердің жайласқан сызықтарына байланысты шыққан. Үшкілдердің төбесінен басталатын сызықтар бірімен-бірі қиылысатын болса, олар қарсы жұлдыздар, ал сызықтары қиылыспай қатар жарыса параллель бағытта созылса, олар достас жұлдыздар деп есептелген. Мысалға Арыстан мен Көк өгіз сызықтары айқасады, бұлар қарсылар, Көк өгіз бен Шаян сызықтары біріне-бірі кездеспейді, жарысады, бұлар достар деп топшылаған. Бұл болжамдар ертедегі халықтардың шығу тегі, әр түрлі заттар біріне-бірі қарсы, тектес заттар бірімен-бірі қасиеттес келеді деген ұғымдарына сәйкес айтылған.

Қазақтың жыл қайыру есебіне байланысты бірер мысал. Біздің халық мәтелінде:

"Ерте, ерте, ерте екен,
Ешкінің жүні бөрте екен.
Қырғауылы қызыл екен,
Құйрық жүні ұзын екен", –

деген сөз бар. Тува ертегілерінің басы да ерте, ерте, ерте екен деп басталады да, ол кезде:

Түйенің құйрығы жерге
Таутекенің мүйізі көкке жетіпті, –

деп келеді. Бұл мәтел де қазақта өте ұзақ уақыт мағынасында қолданылады. Енді осы ешкі мен түйенің аспан және жер мағынасында қатар айтылуы

тағы бір қызық ой тудырады. Қазақша жыл қайыруда Қоян мен Тауық біріне-бірі қарама-қарсы келеді. Ал Жұлдыз - ай есебі бойынша Тауық пен Таутеке бір орында, Қоян ертедегі Түйе мағынасында деген аңыз бар. Сонымен бұл да астрономиялық жағынан түсінікті. Оның үстіне түйенің жылдан құр қалғаны деген аңызды да еске алайық. Туваның "Түйе" атты бір ертегісінде өткен бір заманда түйенің әдемі тармақ мүйізі, күлтелі құйрығы болған екен дейді. Оларын қайтып әкеліп беремін деп марал мен жылқы тойға баруға сұрап алады да, қайтармай қояды. Аңқау түйе, сенгіш түйе... Мүйіз бен құйрықтан - айрылуы жылдан құр қалуымен бірдей.

Тува ертегілерінің Өгізхан ертегісіне ұқсас жерлері де көп. Мысалы екеуінде де Айхан, Күнхан, Жұлдызхан, Теңізхан (Сухан), Көкхан, Таухан бар.

Туваның "Үш ағайынды" ("Үш Алысқы") атты тағы бір ертегісін еске алайық. Үшеуі де данышпан, тапқыш, бірін-бірі қостап толықтырып отырады. Үшеуі келе жатып бір көштің ізін көріпті дейді. Үлкені айтады: Арбасының дөңгелегі сынған. Ортаншысы айтады: Түйесінің бір көзі соқыр, атының құйрығы шолақ. Кішісі айтады: Иесінің жалғыз қызы бар, әйелі екіқабат... Бұлар бір дөң асса көштен қалған арбалыға жолығады. Айтқандары рас болады. Ол адам бұларды данышпан деп сыйлайды. Бұл ертегінің де қазақша түрі, астрономиялық мазмұны бар. Тува халқында дөңгелек дегенді "уақыт дөңгелегі" деп біледі үш данышпанның тауып отырған "Ізі": Жаңа жыл басы – Тоғыс; Уақыт дөңгелегі – тарих көші; Жалғыз қыз – Жаңа Ай; екіқабат әйел – келешек кіресі жыл іспеттес.

Мынау Тува ертегісі қазақтың үш жүзінен шыққан үш дана ғұлама буаз сиырдың ішіндегі бұзаудың түсін айырған деген ертегімен мазмұндас. Туваша "ағайынды" деген сөзді "алысқы" дейді. Қазақтың "алаш" деген сөзі осы "алысқы" сөзімен түбірлес болар ма деген ой келеді. "Алты алаш" дегеніміз "алты ағайынды" деген сөз болмақ. Осы арада Өгізханның алты ұлы тағы да ойға оралады.

Ертегіде кездесетін 2, 3, 7, 9, 18, 108 сандары астрономиялық сипаттың белгілері ретінде алынған сандар екеніне енді көзіміз жетті. Солардың ішінде Тебеннің 108 сүйегі айтылады. Мұны біз он екі жердегі тоғыз ($12 \times 9 = 108$) деп білеміз. Тебеннің тоғыз буынды дүрбісі жеті қат көк, аспан және жерді елестеткендей. Ақ шатырдан әлемді болжайды дегенде оны біз көк күмбезіндегі 12 мүшел мағынасында, уақыт есебі деп түсінеміз. Бұл есепті табуда магнит тіліне (тебенге) сүйенетіні мәлім.

ӘЛ-ФАРАБИ МЕН АБАЙ

Ұлы данышпан адамдар әр халықтан мындаған жылда бір ғана рет дүниеге келеді деген қағида біздің осы екі данаға дәл келетін сияқты. Әл-Фарабидің ұлы ғалым екені, көп қырлы ғұлама-хакім екені, өнерпаз ақын, музыкант екені мәлім.

Егерде бізге осы ХХ ғасырда әл-Фарабиге ең жақын, рухани сабақтас адам барма десе біз алдымен ол Абай дер едік.

Әл-Фараби мен Абай арасын жақындастыру, оларды үндестіру, біздің халқымыздың мың жылдық рухани мәдени-рухани дүниесін тірілту деген сөз. Демек бұл зор мақсатты халықтық іс деп білу керек. Осы мәселені алғанда біздер әлі жөнді ешнәрсе істей алғанымыз жоқ. Осы екі алып тұлғаны жеке-жеке тануда едәуір істер істелгені рас. Бірақ бұлардың арасын жалғастырып тұрған ғажайып нәзік, тамаша берік рухани жіпті біз әлі таба алмай жүрміз: оның барын анық сеземіз, бірақ көзбен көруден әлі шалғай жатырмыз.

Мұхтар Әуезовпен бірде кездескенімде мен осы жөнінде сұраған едім, ол кісінің сондағы маған айтқаны мынаған келеді: "Абайдың даналық дариясының бастауында үш көзі бар: олар: бірінші қазақ халқының көнеден келе жатқан мәдениеті - өнері, екінші орыс мәдениеті, сол арқылы Батыс мәдениеті, үшінші араб мәдениеті. Сенің айтып отырғаның осы кейінгі үшінші көзі ғой. Оны мен өз еңбегімде көрсете алдым демеймін. Бұл мәселе кейінгілердің ісі болады дағы" - деді.

Ол кезде біз әл-Фарабиды жаңа ғана қолға алған кезіміз еді. Сонан бері бір сыпыра уақыт өтті, көп істер істелді.

Енді сол үшінші көздің бетін ашып, сонан сусындайтын мезгіл жетті деп білемін. Қаныштың қызы Шамсиябану өзінің мақаласында "Абайды танып болдық па?" – деп сауал қояды /Соц. Қазақстан/ (1987. 9 авг.).

Оған менің жауабым: болмақ түгілі, Абай танудың басталмаған зор саласы жатыр, ол біздің екі дананың: әл-Фараби мен Абайдың арасын жалғастыру деп. Оның өзі барып Абайдың Шығыс мәдениетінен алған, көрген мәселесіне соғатыны мәлім.

Шамсиябанудың көтеріп отырғаны халықтық мәселе, мен толығымен қосыламын және ол кісінің қозғап отырғандарына: "Әл-Фараби мен Абай" деген бір ірі тақырып қосылса деймін. Мұның өзі Абайдың ғылыми өмірбаянын жасаудың негізгі бір арқауы болмақ.

Қазіргі кезеңде әл-Фараби мен Абай тағылымын қатар қолға алу керек. Ойда болсын: Шығыс мәдениетінсіз - әл-Фарабисіз Абайды тану өте үстірт, сыңаржақ болады. Осы жөнінде мен бірер мысал келтірейін.

Абайда "мутакалим мантикун" деген сөздер бар. Бұл өзі ғажайып терең философиялық-логикалық – диалектикалық қағида. Бұл жөнінде бүкіл араб елдерінде халифалар заманынан бастап осы күнге дейін айтыс-тартыс, талас үзілген жоқ. Мантиқ-логика ілімін ең толық зерттеп дамытқан адам әл-Фараби. Ол ілімнің теріске әкетіп шатыстыратын жағы бар. Абай сонан қаш деп отыр: оның нағыз ғылыми ойды дәлелдейтін тамаша өлшеуші әдістері бар. Сол кейінгісі әл-Фараби сияқты ұлы ғалымдардың қолдауынан тамаша зор табыстарға жеткізген.

Әл-Фараби еңбегінде логика екі айқын түрге айырылады: оның бірі мантиқи

қаллами - яғни, формалдық логика, сөздік қисын-схоластика: екіншісі, мантиқи масбути – дәлді өлшенген, тексерілген ғылыми қияс, математикалық логика.

Оның біріншісі - көрінгеннің қолына түсе беретін жеңіл түрі. Екіншісі - көп еңбекпен, тәжірибемен, өлшеумен, бақылаумен, есептеумен келетін ауыр түр. Бұл кейінгісі әркімнің қолынан келе бермейді. Осы екеудің арасындағы талас бүтін дүние таласы деуге болады.

Аят-хадистің жеке түсініктерін жаттап алған дүмше молдалар әл-Фараби сияқты, Ұлықбек сияқты ірі ғалымдарға жабысып, оларды қас адамдар деп жол бермеуге тырысты. Ұлықбекті өлтірген соң Орта Азияда ғылыми еркін ойларға орын тарылғандай болды. "Бір заманда дүние жүзінде ғылыми үлгі берген орындарда қазір қошқар сүзістіру, бөдене таластыру өнер болады" деп Шоқанның қынжылғаны белгілі. Абайдың қарсы болып отырғаны да сол.

Абай еңбегіндегі айтылатын осы сияқты талай терең қағидалар жатыр. Мысалы Абайдың "ғақлия – нақлия", "ғаламның сәнді сәйкес жарастығын", "ғылымды - құдірет", "жүрек таразысы – инсаф", "өмірдің өзі шындық" деген тәрізді қағидаларының әрқайсысы бір-бір томдық еңбек жазуға болатын заттар. Және осылардың барлығы әл-Фараби еңбегінде бар, онда терең талқыланған.

Әл-Фараби мен Абайдың адамдық-ғылыми ұлы жолын тазартудың өлшеусіз зор мағынасы бар екені қазіргі қайта құру заманында өте айқын болып отыр.

Табиғаттың, өмірдің, ғылымның айқын темір қазық жолынан адасып саяси ұранға, бос айқайға елігуден біздердің тапқан зардабымыз аз емес. Ендеше сол қателіктерді түсіну, оларға келешекте жол бермеу ісі бұл күндерде біздерге зор мәселе болып отыр. Осы жолда әл-Фараби мен Абайдың әділеттігі, сенімді адамдық шамшырағы өте қажет болып отыр.

Әл-Фараби мен Абай арасын жалғастыратын тағы бірер мысал келтіреміз.

Әл-Фарабидің 1100 жылдық мерекесі қарсаңында Абайдың біраз еңбектері араб тілінде аударылып тараған болатын. Сонымен таныс болған араб ақындары әл-Фараби мен Абай екеуін біздің рухани достарымыз деп жариялады.

Мұхтар Әуезов марқұмның бір сөзінде Абай Семей қаласында медреседе оқып жүрген кезінде татардың ағартушысы-ғалым Шихабадин Маржани еңбегімен танысып, оны өте жоғары бағалаған екенін дәлелдейді.

Ш. Маржани 1818 жылы Қазан қаласының жанындағы Маржан атты мекенде туған, 1890 жылы қайтыс болған. Ол жас кезінде Қазақстан жерінде, қазақ ауылдарында болып, Шоқан Уәлихановпен таныс, дос болған.

Онан кейін Орта Азия қалаларында, онан кейін Араб елдерінде, Түркияда көп оқыған. Ол өз заманында үлкен оқымысты болып, ислам дінін ғылыми негізде түсінуге тырысқан. Сол үшін оны жаңашыл ағартушы деп таныған. Ш. Маржани орысша жақсы білген, сол арқылы сол кездегі Шығыс зерттеуші көп ғалымдармен жақын болған. Мысалы оның достары: В.В. Радлов, Вильяминов,

Зернов сияқты зиялылар. Сол арқылы ол сол кездегі археологиялық қоғамға мүше болды, ағылшынша, немісше шығатын ислам энциклопедиясына мақалалар жазды.

Ш. Маржани бұлғар, монғол, түркі халықтар тарихын көп зерттеген адам. Қазанда мешіт-медресе салдырған, көптеген шәкірттер дайындаған. Сол кісінің тікелей шәкірттері Семейде, Қарқаралыда бала оқытты. Демек, сол арқылы Абайдың Маржаниды білуі әбден түсінікті нәрсе. Осы мәселені Мағзұм Нысыбулин де өзінің кейінгі: "Тамыры терең туыстық" атты мақаласында нығайтып отыр ("Қазақ әдебиеті". 31/VIII-1987ж.).

Ш. Маржанидің өз еңбегіне көз жіберіп қаралық. 1915 жылы Қазанда Ш. Маржанидің үлкен бір том еңбегі татар тілінде жарияланды ("Маариф" баспасы).

Сол еңбегінде Ш. Маржани әл-Фараби еңбектеріне бірнеше жерде тоқталады және оны өте жоғары бағалайды. Әсіресе әл-Фарабидің ғылыми, философия, музыка саласындағы еңбектерін Ш. Маржани үлгі етеді. Ал, Қазанның Ш. Маржани басқарған медресесінде әл-Фарабидің кейбір ғылыми еңбектерінен дәрістер оқыған екен, оқу құралдарына кірген екен. Оны біз сол медреседе оқыған қарттардың өз аузынан естідік. Мысалы 1970 жылы Уфа шахарында Камал Башари атты қарт маған әл-Фараби кітаптарын табуға көп көмек берді. Сонда ол кісі айтады: "Біздер әл-Фараби туралы дәрістер оқыған едік. Оны біз араб ғалымы деп білетін едік. Сіз оны Қазақстаннан шыққан деп дәлелдесеніз, ол зор еңбек", - деді.

Ш. Маржанидің екінші бір тоқтаған адамы Жалаладин әл-Дуани. Осы кісіге Абай да тоқталып өтеді. Абай еңбегінде әл-Фараби есімі әлі кездесе қойған жоқ. Бірақ Абайдың көп сөздері, әндері әл-Фараби үлгісіне өте жақын келетінін көреміз.

Сонымен қысқасын айтқанда Ш. Маржани арқылы әл-Фараби мен Абай арасындағы жалғас бар деп білеміз. Бұл мәселе өз алдына зерттеуді талап етеді.

Әл-Фараби мен Абай деген мәселені көтеретін болсақ, басқа да толып жатқан байланыстар табуға болар еді. Бұл өзі зор өзекті, аса керек нәрсе, тамаша тағлым жолы осында жатыр деп білеміз. Бұл күндегі біздің ең басты дұшпанымыз - надандық. Кейінгі кезге дейін көп жағдайларда біз ғылымның тек атын естіп, затын білмейтін дүмшелердің қоршауында болдық. Енді ол заман өтті. Қазір шындық іздейтін заман жетті. Мұның өзі зор ғанибет. Осы жолда, барлық өмірін шындық іздеуге бағыштаған әл-Фараби мен Абай біздерге шамшырақты ұстаз болмақшы. Қос дана Фараби – Абай жолы сол болмақ.

Абай жолын келешекте кеңейтіп адамдық шындық жолы - Фараби-Абай жолы деп тануымыз керек.

"Өмірдің өзі шындық" деген Абайдың тамаша қағидасын да бір көз жіберіп қарайық. Оның терең мағынасын қысқа түрде топшылайтын болсақ – ол бүкіл табиғат дүниесі, ол - біздің өмірге келген ұямыз-мекеніміз. Екінші жағынан ол

сол табиғат дүниесінің бір мүшесі, сол табиғатты тани білетін ерекше саналы мүшесі - адамзат. Осы екі дүниенің бірінсіз біріне өмір жоқ. Екеуінің арасында сәйкестік, жарастық жәрдем, таластық майдан, көрікті көрініс, безенген шеберлік, мейірімді махаббат, саналы парасат бар. Өмірдің шындығы сол.

Дүние ғаламы шебер жарастық, ғажайып ғимарат, көрікті құрылыс, ол - Космос ғимараты. Космос грекше бүкіл әлем бір тұтас құрылыс деген мағынада ғой. Ол космос хаос емес, қоқыс емес. Ол ғажайып шебер құрылыс.

Әлем құрылысын тану үшін, оны іздеп табу үшін саналы зат, ғақли парасат керек, әр затқа есім беріп, есебін айыру керек: ғақли парасат сол. Сонда ғана сенің атың адамдық есім, оны танымасаң, сен надансың, жаһли басқа жануарлар қатарындасың, ең болған күнде солардың адам суретіндегі түрісін - мешінсің-маймылсың. Сондықтан да айтылған:

"Ғақли көзбен қарасаң,
дүние ғажап сен есім,
Жаһли көзбен қарасаң,
Дүние қоқыс сен мешін".

(Әл-Фараби).

Абай да дүниені әл-Фарабише түсінген, дүние ғажап құрылыс, онда әркімнің, заттың лайықты жарастық орны бар. Сен соны іздеп тап, өз орныңды тап дейді:

"Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң арқалан.
Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та бар қалан".

(Абай).

Қазақтың данышпандық бірер сөзін еске алайық:

"Әлін білмеген әлек". *"Етігің тар болса, дүниенің кеңдігінен не пайда"*.

Дүниенің кеңдігін тану үшін, онан өзіңнің орныңды табу үшін тар етікті тастау керек, инсафтан аспау керек. Сонда ғана адам адамдық атқа ие болады.

Әркім өз басының өлшеуішін білсе, өзіне өзі ие болса, оған дүние кең. Ерліктің, Адамдықтың өзі сонан шығады. Осы жөніндегі Абайдың пікірінің әл-Фарабимен салыстырғанда жақсы қабысатынын көреміз. Мысалы Абайдың Ескендір Зұлқарнайын туралы айтқандары мен әл-Фарабидің "Қайырлы қала тұрғындарының көз қарасы" деген еңбегін салыстырып қарасаңыз талай терең қорытындыға келесіз.

Қазақтың тағы бір тамаша мәтелі бар: *"Айқай менің өз үйім, кең сарайдай боз үйім"*.

Мұны халық бұл күнде ертедегі данышпан Жиреншеден қалған деседі. Бұл түсінікті біз кеңірек түрде алып, адам баласының мекені бүкіл дүние әлемі – космос ғалам деп алсақ, ол әл-Фараби пікіріне дәл келеді.

Әл-Фараби өзінің бір өлеңінде: *"Ей адам тар жерге сен таласа берме, Мекенің сенің бүкіл ғалам - Дүние"*, - деген ғой.

Ақыл иесі зейінді адамдардың ертедегі сезгендерін ғылым бұл күнде тамаша дәлелдеп отыр. Ғылымның қазіргі қорытындысы адам өз мекенінде өзі тәртіппен, жарастық жәрдеммен, көршілестік көмекпен, үнемділік өлшеммен, келешектің қамын ойлаған инсафпен, әділеттікпен тұру керек. Олай болмаған күнде адам өз мекенін өзі бұзады, өзінің өміріне өзі зияндық келтіреді, өзі отырған бұтақтың түбіне өзі балта шапқандай болады. Өмірдің бүгінгі шындығы осы. Бір мысал: Арал, Балхаш көлдерінен қорек алатын өзендерін бұрмалап, табиғаттың көп замандар бойы жарасты болған қалпына қол сұқты. Оның қалпын аңғармай, жарасқан жәрдемдес өмір заңын бұздық. Қазір соны қалай бастапқы қалпына келтірудің шарасын іздеудеміз.

Осы сияқтанған мәселе бір ғана біздің көлдерде ғана емес, басқа да жерлерде, барлық дүние жүзінде - жерде, суда, ауада, космоста бола бастады. Оның аты - адам әрекеті, бұл күндегі аты - экология мәселесі. Тіршілік дүниесінің мекен жайы, олардың қарым-қатынасы туралы ілім солай айтылады. Бұл мәселенің негізі барып Жер мен Аспан әлемінің қатысы, тіршіліктің шығуы мен өмірдің өркендеу заңы, бүкіл дүниенің жаралу және даму заңына соғады. Мұның аты табиғат ғылымы, мұның аты философия, экология.

Әл-Фараби тілінде бұл "Табиғат ұлы кітап баспасы" ("Табиғат матбуғат"), Абай тілінде бұл "өмірдің өзі шындық". Ғылымның шындығын табу, өмірдің өзінен іздеу жолында барлық халықтарға мағлұм "Мың бір түн" әңгімесінен бір мысал. Атақты математик Г.Вейль "Симметрия" кітабынан (Москва. Наука, 1968. 114 бет). Ара айтады: *Менің үйім ғимарат өнерінің ең жоғарғы өрнегі бойынша жасалған. Менің ұямның геометриясынан Евклидтің өзі талай тәлім алған болар еді*".

Евклид – ертедегі гректердің геометрия ғылымының негізін салған ғалым. Араның ұя салуында сол геометрияның тамаша жұмбағы жатыр.

Адам табиғаттан үйренеді деген қағидадан, әл-Фараби Абай қағидасы шығады. "Мың бір түн" әл-Фараби мен Абайға ортақ қазына, мұнда осы сияқты айтылған ғылыми түсініктер көп.

Біз мектепте оқып жүрген кездерімізде 20-30-шы жылдары жоғарыдағы мәселенің бәрі әлдеқашан шешіліп қойған деп түсіндіретін еді. Мысалы, Жер мен Көктің арасында ешқандай байланыс жоқ, тіршілік жер бетінде өзінен-өзі шығып, өзінен-өзі өліп жатады. Адам табиғат дүниесінің қожасы, оны өзіне бағындырады, дүниеде Жердегі өмір сияқты өмір көп. Олардың бізде шаруасы жоқ. Жер біздің мекен, ол бізге ғана бағынады. Біз ешбір бөгетсіз, шексіз ескі өмірді қиратып, жаңа өмір жасаймыз... Осы сияқты ұрандар көп еді, надан елдің арасында ғылыми іздену, зерттеу, тарихи нәрселерді, рухани түсініктерді еске алу болмайтын.

Осындай әрекеттердің салдарынан барып, көптеген олқылықтар мен қателерге жол берілді.

Қазіргі ғылымның кейбір дәлелдеп отырған тамаша қағидаларын бір адам сол кезде айтқан болса, оны қоғамнан аластап, құртып жіберген болар еді. Оның аты ХХ ғасырдың алғашқы 70 жылы мен кейінгі 20 жылы арасында дүниеге көзқараста зор өзгеріс, төңкеріс болып отыр. Ғылыми тұрғыдан қарағанда жаңа ойлаудың негізі осыған келіп тіреледі:

1. Бір-екі мысал келтірейік: тіршілік дүниесінің шығуы бір ғажап нәрсе, ол жөнінде көптеген зерттеулер, болжамдар бар, бірақ ол әлі толық шешілмеген нәрсе.

2. Бүкіл дүние ғаламы алғашқыда бір ғана кішкене орында болған тығыз қызу заттың атылысынан, кеңейуінен таралған.

3. Дүние денелерінің арасында: Құс жолдары (Галактикалар) арасында, олардың ішіндегі жұлдыздар тобы арасында, жеке жұлдыздар арасында, планеталар арасында, айлар араларында, барлық заттар араларында үздіксіз байланыс бар. Ол байланыс алғашқы жаратылыс басындағы бәрін біріктіріп тұрған электромагниттік күштерінен қалған қалдық, жалғасы. Осы жалғасты негізінен алып қарағанда қазіргі ғылым адам өмірінің бүкіл әлем заңына сәйкес жарасты үйлескен, соған үндескен дүние екенін дәлелдейді. Адам әлемге өлшенген немесе әлем адамға өлшенген. Мұның аты адам дүние ішіндегі дүние, адами негіз (антроптық принцип) деген осы.

Осы айтылған ірі мәселелер әл-Фараби еңбегінде талданған. Тамашасы, сол қазіргі ғылымның табыстары мен әл-Фарабидің пікірі біріне-бірі өте ұқсас келеді.

Осы пікір осыдан 20-30 жыл шамасы бұрын айтылса, оның өте зор қарсылық тудыратыны мәлім. Осы шындықты біз, міне жаңа ойлауға еркіндік алған қазіргі заманда ғана, бүгін ғана ортаға салып отырмыз. Осымен байланысты талай ірі мәселелер жатыр.

Әл-Фараби мен Абай хақында жаңа ойласу, шындық іздеу дәуірінде аса зор ғылыми, тәрбиелік маңызы бар деп отырғанымыз осыған соғады.

Абай бір жұмбақ дана ғой. Ол өзі де айтады емес пе? *"Жүрегімнің түбіне терең бойла. Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла"* – деген Абай жұмбағының бірі темір:

"Қара жер адамзатқа болған мекен,
Қазына іші толған әртүрлі кен.
Ішінде жүз мың түрлі асылы бар,
Солардың ең артығы немене екен?"

Шешуі: *Темір.*

Жердің негізгі құрамы, ішкі өзегі темірден. Магниттік қасиет - темірде, бүкіл космос әлемінде темірдің алатын орны ерекше, оның өзегі ең берік зат, жүректің соғуын, қанның қозғалысын басқаратын темір атомдары т.с.с. Осы мәселені *кристалдық жағынан зерттеген әл-Фараби сияқты ғалымдар мен Абайдың*

ақындық айнасына түскен темір сипатты бір жерден шығады. Мұның негізгі сөзінің терең сыры бар, ғажайып жұмбағы бар.

Қорыта келгенде айтарымыз біздің халқымыздан шыққан, бүкіл адамзатқа ортақ ұстаз болған екі тамаша дананы өзіміздің үніле қарайтын, олардың ғалами мұраларын халыққа көрсететін мезгіл жетті. Қазіргі жағдайда біз солардың әрбір өсиетіне, фазилат лапызына құмар болып, сусап отырамыз. Нан молшылығымен қатар жан өрісі де кеңейетін болсын. Дүниеде сыңаржақтық жаман. Өмірдің хақиқаты осында.

3/IX-1987ж.

БАТЫР – ҒҰЛАМА

1. Бұл кісінің атын мен бір қысылшаң қиын жағдайда жүрген кезімде, үміт пен қатер тайталас кезінде естіген едім. Бір кездесіп сөйлессек деген арманым еді. Сол жағдайды еске ала кетейік.

Ұлы бабамыз әл-Фараби мирасын зерттеп жүрген кез болатын. Осыдан 25 жыл шамасы бұрын әл-Фарабидің араб тілінде жазылған еңбектерін аударуға менің алғашқы көмекшілерім – Мешіттің имандары, қазилары, молдалары болатын. Исламның парызын өтеу үшін мешітке жұма сайын баратынмын. Оның үстіне басқа күндерде де мешітке болатынмын, ол кісілердің үйлерінде боламын.

Шет елдерден келген мұсылмандар мешітке соғып отырады. Сөйтіп жүргенде менің мешітке баруыма тиым салындар десе керек. Оны маған имандар хабарлады. Сіз байқаныз? Мешітке келсе суретке түсіріп алып газетке әшкерлеп, жұмыстан қудырамыз дейтін көрінеді, – деді.

Бір күндері Пәкістаннан, Қытайдан, Түркиядан келген қонақтар келді дегенде неде болса тәуекел деп мешітке бардым. Онда бір қадырлы Хамза Ұшар деген қазақ Түркиядан келген екен. Менің әл-Фарабимен шұғылданып жүргенімді білетін болып шықты. Сол кісі маған Халифа Алтайды сөз етіп, ол кісі Құранды қазақша аудармақ болып жүр дегенді айтты. Сонан кейін екі-үш жылдан соң Мешітке Халифа Алтайдың өзімен кездестім. Түскен адресін алып, қасыма Лұқпан Бадавамұлы деген жігітті алып бардым. Ол жігіт Қытайдан келген, Халифа Алтайды таниды. Халифа Алтайдың әрқашан қасында болатын Бибісі бірге екен.

Лұқпан маған Халифа Алтайды батыр адам деп таныстырды. Оның себебі мыңдаған қазақтар жер ауғанда сол қолды бастап, Қытай мен Пәкістанның Гималай тауындағы шекарасын бұзып өткен. Солардың басшыларының бірі осы кісі болса керек. Ол кезде шет елден келген кеткендерді бақылап, олармен сөйлескендерді аңдып жүретін. Менің Хамза Ұшар арқылы жіберген "Әл-Фараби" тағы басқа кітаптарымды Халифа Алтай алмапты, оны шекарада алып қалыпты. Автордың өзі сыйлап, қол қойып берген жалғыз

кітабын тартып алып қалу біздің партократия заманында ғана болған нәрсе, басқа жерде жоқ.

Халифа Алтай ол кезде иман шарт жазып жүр екен. Мен ол кісіге Құранның Қазанда шыққан тәпсірімен танысуды ұсындым. – "Табу" атты сол жылы шыққан кітабымды бердім. Ол кісі өзінің басқа тарихи еңбектермен, өлеңмен, фольклормен, әдебиетпен айналысып жүргенін айтты. Хажыға барған сапарларын айтты. Кейін кеңірек жерде кездесіп, шешіліп бір сөйлессек деген арман болды.

2. Міне, бүгін Аллаһ бізді сол арманға жеткізді. Кейінгі жылдарда Халифа Алтай Қазақ Республикасына, өзінің Ата мекеніне оралып отыр. Бұл бір зор мерейлі бақыт, "келген дәулет" деген бабаларымыз. Міне, сол дәулет бізге оралып отыр. Қазіргі күнде біздің құрметті хажының айналасы өзіндік бір медресеге, Халифа Алтай халқымыздың рухани ұстазына айналды. Мешітте болсын, мектептерде болсын халық арасында болсын, бас қосқан астарда, тойларда, Құрылтайларда болсын бұл кісінің айналасында толып жүрген топ-топ халықты көреміз.

Хажының адамдық жайдары мінезі, кең мінезі, кішіпейілділігі, мұсылмандық инабаты, халыққа деген адал ниеті адамды еріксіз өзіне тартып тұрады.

Бұл кісінің біздің ортамызға алып келген еңбектері көп. Және олар бірнеше салада. Солардың ішінде менімше бірінші орынды алатын Құран кәрімнің қазақша аудармасы.

Исламның рухани бас кітабы Аллаһының қаламы Құран кәрім қазіргі күнде барлық мәдениетті халықтардың тіліне әлдеқашан аударылған. Ол құрметті ғажайып қазынаны қазақ тіліне аударып, оны шет елде үш түрлі әліппемен бастырып, халқымыздың арасына тегін таратып беру деген нәрсе, ойлап қарасаңыз зор ғанибет, ғажап мырзалық, ерлік, ғалымдық, ұстаздық, имандылық үлгі боларлық іс. Бұл өзі біздің халқымыздың тарихында алтын әріппен жазылатын, мәңгі сақталатын оқиға, Жақсылықтың нышаны.

Құранды аударуға және оған түсінік жазуда, бастыруға, таратуға, бұл кісіге зор жәрдемін тигізген адамдар бар. Олардың да бұл жерде есімдерін зор құрметпен атап өтуіміз керек.

Бұл аударма Ғажараның 1411 жылында, миладидың 1991 жылында Мединедегі Фаһд Мәліктің баспа комбинатынан шыққан. Ол кісі мұны қазақтарға сыйлық (бадие) етіп тегін тарату үшін бастырған. Сол үшін Фаһд Мәлік ғабдолғазизұлы Сауд нәсіліне қазақ халқы атынан зор алғыс айтуымыз керек.

Қазақша аударманы және оның түсініктерін қарап шығып өңдеген Дәлелхан Жаналтай, редакциялаған Абдуррахим Алтай. Бұл кісілерге де зор ризалық білдіреміз.

Дәлелхан Жаналтай хажы Халифа Алтаймен бірге, Қытайдан Пәкістанға өткен қазақтарды бастаған адам. Ол кісі қолбасы, ел ағасы. Алматыда жуырда өткен Қазақ құрылтайына Түркиядан арнаулы шақыруымен келіп қатысты,

сөз сөйледі Сол кісінің сезінен менің есімде қалғаны: "Біздер Қытайда тұрғанда олардың басшыларының айтқанына көніп, айдауына жүре берген болсақ, онда бізде басқалар ғұрлы күн кешкен болар едік. Бірақ онда біз халықтық ардан, адамдық бейнемізден, дінімізден, тілімізден айырылған болар едік. Сондықтан хайуандық тіршіліктен гөрі адамдық жолда өлген артық деп бел байладық", - деді.

Бұл кісілердің осы жорығын ойлап қарасаңыз бір ғажап. Жалғанның жартысын алып жатқан Қытайдың солтүстігінен оңтүстігіне қарай көктей етіп, басын мұзбасқан асқар Қарақорым (Гималай) асуында шекара әскерімен шайқасып, Пәкістан жеріне өтіп шығу шынында ерліктің ерлігі. Халықтың бұл кісілерді батыр деп атауы өте орынды. Пәкістан елі сол азып-тозып барған қазақтарды мұсылмандық парызы бойынша қарсы алып, 12 жыл асырап-сақтаған. Бұл халыққа да сол үшін зор рахмет айтамыз. Мұнан кейін ол кісілер, қандас-тілдес бауырлас Түркияға өтіп, сонда паналаған.

Осындай жан кештілік қиын жолда болып жүрген халықтан шыққан осындай адамдарды қалай құрметтемеске. Сондай жағдайда жүріп арабтың тілін үйреніп Құранды аударып, оны түсіндірмесімен Мединеден шығарып таратуға жол тапқан ерлер ғұлама ғалымдар ғой.

3. Құран Кәрімнің қазақша мағынасы мен түсініктері жайында.

Бүкіл ғаламның сырын бір өзінің ішіне сыйдырған Құран Кәрімнің толық мағынасын ашу адам баласының қолынан келмек емес. Бірақ сол қасиетті кітаптың ішінде қандай мәселелер барын әр адам өз тілінде оқып көрсе оның сенімі мен иманы нығаймақ. Сонымен байланысты адамның барлық мәдени, рухани санасы өспек. Демек, Құран аудармасы зор игілік, мол қазынананың көзі.

Аударманың ең жақсы жері мұнда Құран Кәрімнің арабша түп нұсқасы сол қалпында әр бетке әдемі, айқын түрде берілген. Аударма, оның айналасында сол беттегі сүрелер мен аяттардың рет сандары сәйкес көрсетіліп берілген. Демек, әрбір оқырман арабша және қазақша қатар қарап, салыстырып пайдалана алады. Аударманың тілі жеңіл, жатық, көңілге қонымды. Аудармада жол арасында кейбір керекті-ау деген сөздерге түсінік берілген.

Сол секілді түсініктердің өзінде зор мағыналар бар. Бірер мысал келтіреміз. Екінші, ең үлкен ал-Бақара сүресінің басына қойылған үш әріп бар: А-Л-М. Бұларды жеке-жеке созып айту керек. Осы Ал-Бақара сүресінде негізгі көп мәселелер қамтылғаны түсіндірілген және пайғамбарымыздың сол жөніндегі Хадисы берілген: "әр нәрсенің бір шоқтығы бар, Құранның шоқтығы Бақара сүресі", - деген.

Айтылған әріптер: "әліф Лам Ми (1) деп беріліп, оған түсіндірме жазған: бірнеше сүренің басындағы осы тәрізді жеке әріптер "Хұрұф Муқаттағат" бөлшек әріптер деп аталады (ұғымын Аллаһ біледі).

Осы түсіндірмеден талай сырдың беті ашылады. Әрбір әріптерді жеке алып, оның сандық мәндері арқылы есептер шығару ғылымда зор етек алған нәрсе.

Мысалы Мұхаммед әл-Хорезмидің алгебрасы сонан шыққан, әл-Фарабидің геометриясы, тригонометриясы сонан шыққан. Астрономияда, музыкада – бәрінде осы әдіс бар. Химиялық тектерді белгілеуде де осы әдіс бар екені белгілі.

Бір мысал келтірейік: "мұқаттағат" деген сөздің түбірі "қатғ" кесінді; немесе бөлшек мағынасында. Сол бойынша арабша эллипс – қатғ нақис – кем бөлшек, парабола – қатғ Мұкафи – тең бөлшек, гиперболола – қатғ заид – артық бөлшек. Басқаша айтқанда конус кесінділерінің сипаттары берілген.

Бұл мәселеге кейінгі кездегі ғалымдар ешбір мағына бермей келген еді. Мұнан былай осы мәселеге көңіл бөлу өте қажет. Оған біз мысал келтірген болар едік, бірақ бұл арада орын тар. Бір күрделі мысалды еске сала кетелік.

Бабыл (Вавилон) патшасы Намруд өзін өзі құдаймын деген. Оған Ибраһим пайғамбар: "Расында Аллаһ күнді шығыстан келтірді. Сен оны батыстан келтірші", - деді (2-сүре, 258 аят). Бұл арада аңғартатын бір нәрсе Аспан ғылымының негізі бабыл елінде жоғары дәрежеде болған. Ибраһим пайғамбар сол мәдениетті араб-израйыл, мысыр елдерінде жайған. Бабыл елінің арғы мәдениет негізін салған Шумер халқы. Оның тілінде, мәдениетінде Тұрандық негіз бар екені мәлім. Осы жағынан қарағанда Ислам мәдениетіне біздер ортақ боламыз. Ибраһим пайғамбардың төрт құсы осыған бір айқын дәлел болып табылады. Аллаһ тағала Ибраһимге: "Құстардан төртеу ұста да өзіңе үйірлестіріп (ойып араластырып): сонан соң әр таудың басына бір бөлшегін қой да, сонан кейін оларды шақыр, дереу саған жетіп келеді. Аллаһының әмірі бойынша құстар тіріліп келеді (Бұлар мәлімет тәпсірде, 260 аят).

Ерте заманда аспан шырақтарын (жұлдыздарды) құстар атымен атау болған. Күн жолындағы мүшел жұлдыздар тобының жолын біздің халқымыз: "Құс жолы" дейтіні белгілі: Айтылған құстардың аттарында жұлдыз топтары бар. Олар біздің Тұран қақпасында (Арыстан бапта) айтылатын аттарға, орындарға дәл келеді: Мысалы Қарға бет (Бикеш жұлдыз қасында) Машын бет болса соған сәйкес Кептер (Қоян жұлдыз тобының қасында), тас – қырғауыл (Мерген жұлдыз қасында), Тауық (мүшел аты) тағы басқа.

Тегінде төрт құс төңіректің төрт бұрышы, Қағбаның төрт жағы деп білу керек. Қазақтың "Қарғалар" "Кептерлер" жөнінде аңыздары белгілі. Екінші жағынан сол атаулар Шумерлерде де бар. Ойлап қарасаңыз мәселенің түп тамыры теренде жатыр. Осы сынды мәселелер құранда өте көп.

Құран Кәрімді дұрыс оқу шарттары жөнінде, қолданылған терминдер сөздігі жөнінде, алғы сөздегі мәліметтер жөнінде, Құран аудармаларының шолуы жөнінде, сүрелерді әртүрлі мәселелерге таратып талдау жөнінде толып жатқан керекті бай мағлұмат бар. Соның барын жинап, талдап құрастыру деген нәрсе зор еңбекпен келген, қазақ тілінде Құранның ғылыми талдауына алғашқы қадам болып табылады.

Құран аудармаларының бірнеше тілдегі нұсқаларын көріп жүрміз. Солардың ішінде қазақша аудармаға көңіл толады. Жалпы ескеретін бір нәрсе

ешқандай аударма Құран Кәрімнің арабша түп нұсқасының орнына жүрмекші емес, өйткені арнайы араб тілінде түскен нұсқада әрбір сөздің, әріптің, белгінің ерекше терең мағынасы бар. Оның айтылу лапзінде мәні бар, оның таңбасында, ол таңбалардың сандық мәндерінде ерекше мағына бар. Оның бәрі аудармада сақталмақшы емес. Осы жағы есте болсын. Әрбір аудармада Құранды түсінуде көмекші болмақ.

4. *Осы аударма мен оның түсініктерінен басқа еш нәрсе жазбаған күннің өзінде Халифа Алтай Хажыны ірі ғұлама-ғалым қатарында тануға болар еді.* Бұл кісінің басқа да, дүние жүзіне тараған тарихи - әдеби ғылыми еңбектері бар.

Халифа Алтайдың өзінің ұлы жорықтарына арналған монографиясы "Ана жұрттан анадолияға дейін" деп аталады. Тағы бір еңбегі "Қазақ түркілерінің шежіресі".

Қазақ даласынан аттанған адамның дүние айналып Түркия арқылы елге қайта оралуы бір ғажайып шындық. Бұл кісі бұрынғы өткен аруақты ата-бабалардың істерін еске түсіреді. Сонау ертегінің қанағаттарынан бастап, әл-Беруни, Бейбарс сұлтан, Махмұд Қазнаби, Ертұғпыл, Бабур сұлтан. Ол кісілердің бәрі өмірін батырлықтан бастап, ғұламалықпен аяқтағандар.

Осылар із салмаса сіз бұл жорықты жасай алмаған болар едіңіз, дедім мен ол кісіге. Оныңыз рас деді. Біздер бұл жақта үш жүздің басын қосып, Абылай аруағын көтеріп жатқан кезде біздің алтайлық ерлердің елге зор жеңіспен қайта оралуы бір тамаша нышана секілді нәрсе.

Халифа Алтайдың еңбектері жөнінде шет ел журналдары мен газеттерінде жарияланған көп мақалалар бар. Ағылшын тілінде бірнеше рет, швед тілінде, түркі тілінде (көп мақала), араб тілінде тағы басқалар.

Баспаға жариялау ғана емес, бұл кісі көп елдерді аралап, солардың арасында халқымыздың мәдени мирастарын, тарихын, саяси қайраткерлерін таратқан. Мысалы біздер ауызға алуға қорқатын "Алаш" адамдарын, оның істерін шетелдерге жайған. Олардың еңбектерін жариялаған. Осы ретте алғашқы медаль алуы да орынды. Басқаша айтқанда біздер коммунистік қоршауда болған кезде біздің қазақ халқының шет елде көз-құлағы болған да осы кісі.

5. **Қорыта келе айтарым Халифа Алтайға арнап және басқа шет елден келуші бауырларға арнап бір орталық құру керек. Музей ұйымдастыру керек. Бұлардың істері біздерге үлгі болады, еңбектерін шығару керек.**

Халифа Алтайды біздің Қазақ ғылым академиясының құрамына кіргізу керек. Сонымен байланысты Академия Исламның ғылыми негіздерінен әл-Фараби дәрістерін ұйымдастыру керек.

Ол болмаған күнде "Аңқау елге арамза молдалар" көбейіп кетті. Исламның тура жолын тұтпаған надан адамдар өздерін өздері "әулие" деп, "пайғамбар" деп сәуегейлік жасайтындар шықты.

Ондай жалғаншылар ерте замандарда болған. Солардың бәріне ислам

ғалымдары нағыз ғылыми-тарихи діни тойтарыстар беріп отырған. Бірер мысал келтірейік.

Ерте заманның белгілі ғалымы пайғамбары Данил өзінің кітабында ғаламды апаттан сақтау үшін белгіленген Иса келеді деп жазса керек. Еврейден шыққан кейбір адамдар осы сөзді құрастырған әріптердің сандық мәндерін есептеп 1335 сан шығарған. Енді осы санды олар жылға айналдырып, ол жылдың басын Ескендір (Александр) Македонскийден есептеп Исаның (ғайсаның) туған заманын өз замандарында келтіріп, сонымен өздерін сол пайғамбар біз боламыз деп шығарған.

Осы сынды есептердің жалған екенін барлық жағынан дәлелдеген ғалымның бірі Абу Райхан Беруни. Ол өзінің тамаша еңбегін: "Ал-Асар ал-Бақиясын" (өткен өмір ескерткішін) осы сынды мәселеге арнаған.

Тағы бір мысал. Жоғарыда айтылған А+Л+М – деген мұқаттағат әріпті көргенде еврейлердің біреуі біздің пайғамбарымыздың ислам діні 71 жылда тоқталады депті. Өйткені айтылған үш әріптің жиын саны болады: $A=1, L=30, M=40, 1+30+40=71$.

Онан басқа көптеген мұқаттаған әріптерді көрсеткенде ол бұрынғы айтқаным қате екен деп, қайтып алған.

Сөздердің, оны құраушы әріптердің сандық мәнін қолдану АБЖД есебі барлық есеп ғаламның сол арқылы барлық табиғат ғылымының басы екені белгілі. Ол өзі аса ерте заманнан келе жатқан нәрсе. АБЖаД есебінің басы Адам пайғамбардан басталады, оны әрі дамытқан Шиш, Ыдырыс пайғамбарлар деп жазады Ислам ғалымдары.

Бірақ оны қолдануда нақты дәлелді шындық ниетімен, дұрыс қолдану керек. Олай болмаған күнде ол адам баласын босқа шатастырады.

Жақында ғана Алматыда тараған ақыр заман парағын көрдік. Онда 666 тозақ саны ақыр заманның басы 28/X-1992 жылы болады, сол күні көктен ғайса түседі деген. Сонан кейін жеті жылдан соң ақыр заман 2000 жылы болады деген.

Бұл мәселені олар өздерінше библиядан (інжілден) сөздер келтіріп дәлелдемекші болады. Ол ғана емес олар өздерінің сөздерін лазер әдісімен дәлелдеп, 666 санын код ретінде таптық деседі.

Осыған не айтасыздар? Бұл дұрыс емес деп мағына бермей кете беруге болады. Ғылыми дәлелмен олардың жалған жолда екенін көрсету керек. Ол үшін ислам ғылымын қолдану керек. Басқа жол жоқ. Осы мәселенің негізін әл-Фараби талдаған. Ол кісінің ерекше балнама кітабы бар. Оның ғылыми мазмұнын біз "әл-Фараби" атты кітапта көрсеткенбіз (Алматы, 1970, 211-226 беттер).

666 саны бір тамаша сырлас сан. Ол жөнінде біздің еңбектерде бірнеше мысал келтірілген. Оның бәрін талдауға бұл арада орын тар.

Еске сала кететін бір ғана жағдай келесі ғасырдың бас кезінде ақыр заман болады десетіндері негізінде осында айтылған сандардан шығады, яғни $1335+666=2001$ немесе $1992+7=1999$, орташа 2000 ± 1 .

Қорыта келе айтарымыз Ислам діні ең ақырғы дін, ақыр заман діні, ол ғылымның шыңына жеткен заманның діні.

Шын ғалымдар Ислам дінінің жолында болмақ. Осы шындық жыл сайын, ай сайын, күн сайын жақындауда. Исламның ғылыми жолының негізін салушының бірі – ірі тұлғасы біздің бабамыз әл-Фараби. Біздердің міндетіміз сол мирасты әрі қарай дамыту. Осы жолда Халифа Алтай секілді ғұламалардың еңбектерін сарқа пайдалану қажет.

Бұл ретте басқа кейбір ислам елдерінде едәуір еңбек етушілер бар. Біздің алдымызда бір шағын кітап жатыр, түркі тілінде: "Құран ең биік мұғжизаң, аударма. Ыстамбұл, 1983. Оны жазған Пәкістан ғалымы Ахмет Десдат, 1979. Оның мазмұны 1980 жылы дүние жүзілік мұсылмандар мәжілісінде талданған, ағылшын тіліне аударылып, Америкаға тараған.

Бұл кітапты маған тауып әкеліп ұсынып отырған Хажыға зор рахмет айтамын. Өйткені мұнда, Құранда айтылған 19 санды негізге алып, көп аяттарға талдау жасаған, ол үшін машинамен есептеу әдісін қолданған.

Бұл мәселелермен мен де көптен бері шұғылданып жүр едім. Бірақ Пәкістан ғалымының әдісі мен менің жолым басқа. Мен көбінесе қазіргі табиғат ғылымының дәлді негіздеріне сүйенемін. Айтылған еңбектерді өзара салыстыру негізінде тамаша жаңалықтардың, шындықтың шеті көрініп тұр: Осыны Халифа Алтаймен бірге істеу керек. Осыларды халқымыздың игілігіне айналдыру, жастардың тәрбиесіне қолдану зор маңызды нәрсе. Осы істерге басшылық етушілердің бірі осы Халифа Алтай болуға ылайық.

Мақсат бір дінге бір дінді қарсы қоюда емес, ел арасын ерегестіруде емес, керісінше, мәселені дәлді талқылап, шындық жолмен адамдар арасын келістіруде.

Осы ретте айтылған екі әдістің арасын жақындастырып қаралық:

Ахмед Десдат өзінің айтылған еңбегінде мынандай бір өнер ұсынды (159 бет):

$$2n(n-1)+19=703$$

мұнда: $n=19$. Осы есепті шаршы өрнек түріне қойып есептесек екі түбір шығады:

$$n=1+37/2, n_1=19, n_2=-18.$$

Кейінгі түбірді алсақ $37*18=666$ немесе алғашқы өрнекке 19 орнына 18 алсақ болады 666.

Бұл санды біз басқа жолмен тауып, оны Түркістандағы әулиелермен байланысты шешкен едік.

Басқа сөзбен айтқанда ойды ой туғызады. Жаратқан Тәңірін танудың жолдары көп.

Әр адам өзінің иманын таза ұстауға міндетті.

"Адаспайтын хакімдер болмаса дүние ойран болар еді" деген Абай. Сол ойранды біздер бастап кешірдік. Оның зардабы әлі талай созылмақ. Сол үшін

біздер әл-Фараби – Абай сынды даналарымыздың терең ілімін дұрыс түсінуіміз керек. Сол үшін халық Академиясы, ғұламалар алқасы керек. Халифа Алтай соған қатысуға ылайықты ғұлама."

Зерде. 1993ж. №2

ТҰРАН АСПАНЫ

Бисми (3) Аллаһи (4) Ал-рахман (6) Ал-рахим (6) (Мейрімді, рақымды Аллаһның есімімен бастаймын). Осы төрт сөз барлық сөздің басы, істің басы. Олардың әріп саны 19, ал әріптердің сандық мәні (АБЖД есебі бойынша) болады - 786. Яғни "Бисми-102", "Аллаһи-66", "Ал-рахман-329", "Ал-рахим"-289. Сөйтіп:

$$102+66+329+289=786=168+618.$$

Осы сандарда ғаламның көп сыры жатыр. Ол сырларды әркім өзінің басынан бастап, барлық дүние тарапынан Аллаһтың ризалығы бойынша таба алады.

Аллаһ қаласа біз сол мәселені шама-шарқымызша "Тұран аспаны" атты тақырып төңірегінде қарастырмақшымыз. Мұндағы ең басты негіз - Аллаһ өзінің Аспанын Адамзатқа Мекен етіп, Жерді төсек етіп: Жылды 12 айға бөлді, оны төрттен топтастырды. Көкті де, Жерді де 7 қабат жасады: тағы сол сықылды ұлы құрылыстардың бейнесін Тәңірім өзінің Қаламында (Құранында) көп жерлерінде ашық көрсеткен. *Алдымен сүйенеріміз осы. Екіншіден халқымыздың ертедегі мұраларына сүйенеміз. үшіншіден сүйенеріміз - қазіргі дәлді, деректі табиғат зерттеу ілімдерінен алынатын мағлұматтар.*

Түсінікке жеңіл болу үшін көрнекті кескін-сурет жасадық (1-сурет). Бұған Тұран аспаны деп ат қоюдың басты мақсаты халқымыздың аспан әлемі мәселесіне көңіл аудардык: 1-Аспан жұмбағы - халқымыздың аспан әлемін жұмбақ арқылы сипатын көрсетуі. 2 - Бабалар батасы, яғни аспанға екі алақанын жайып бата істеудің мән-мазмұны. 3 - Мүшел таңбалары, яғни аспан шырақтарының алынған белгілері жөнінде. 4 - Жұлдыздық шыршы - құрылыстық өзгешелігі. Осы мәселелерді айқындап көрсету халқымыздың ертедегі мәдениет дәрежесінің жоғары екендігін айғақтау.

Бала кезімде естіген бір жұмбақ: "Екі Емен, Жеті терек, Алты қайың. Басында жапырағы дайын-дайын, Бір шынар, Бір шымыр, үш қарағай, бір жалғыз тал, баршасын айта беріп не қылайын". ШЕШУІ: Екі Емен - Ай мен Күн. Жеті терек - Жеті қарақшы, Алты қайың - үркер, Шынары - Темір Қазық, Қарағай - Таразы, Тал - Таң Шолпаны.

Жұмбақтағы атауларды суретте тиісті орындарында көрсеттік. Осынау аспан шырақтарының орнын, қозғалысын, олардың уақыт есебіндегі маңызын халық жақсы білген.

Екінші мәселе: Бабалар батасы. Екі қолдың білегін Ай мен Күннің, яғни екі Еменнің орны деп қарастырғанда 12 мүшелге бөлінген аспан шеңберінің қалған

10 орны 10 саусаққа дәл келеді. Сонымен, аспандағы 12 жұлдыз (зодиак) немесе соған сәйкес 12 жылдық мүшел жұлдыз топтары екі қолға дәл қабысып орналасқан. Бұнымен қатар олар 7 хат көктің де қалай орналасқанын көрсетіп тұр. Яғни 7 хат көктің екеуі - Ай мен Күн, екі білекте орын алған: оңында Ай, солында Күн. Ол түсінікті де, өйткені жаңа Ай оннан туады, Күн солдан шығады. Сондықтан да бабалар: "Айың тусын оңыңнан, жұлдызын тусын солыңнан" деп бата берген.

7 хат көктің ертеден белгілі бесеуі - оңды-солды болып екі қолдың саусақтарына орналасқан. Ол орналасудың реті мынау: 1 - Көк: Ай (оң білек), 2 - көк: Айқыз + Шолпан - Меркурий-ғударат, 3 - көк: Шолпан - Венера - Зуьра, Сұқ саусақ қол; 5 - көк: - Арай - (Марих-Марс) - Ортан қол, 6 - көк: - Шоңай - Сатурн-Юпитер, Атжақ қол, 7 - көк: - Санжар - Шынашақ.

Сол қолдағы тәртіп те тағы солай, ондағы айырма тек білекте - Сол білекте 4 - көк - Күн.

Осы айтылған рет астрономия тарихында ежелден бар. Біздің халқымыздың 60 жылдық мүшел есебі содан шығады, яғни 12 мүшел 5 саусаққа еселенеді: $12 \times 5 = 60$. Белгілі 60 сандық есеп, шеңбердің бөлінуі - бәрі осыған негізделген. Демек, білегіңіздегі сағатыңызға қарағанда бабалардың Ақ батасы еске алынады. (Кесте)

1-суретте көрсетілген 7 қат көктің 12 мүшелге бөлінуі олардың негізгі орындары (үйлері - ұялары) болып саналады. Оның түсінігі мынау. 12 мүшел жұлдыздар болса, олар өздерінің ара қатынастарын өзгерте қоймайды. Сол себептен оларды тұрақты аспан жұлдыздары қабаты атайды. Ал, онан бергі Күн нөкеріне жататын қабаттар - Сайарлар - Аттар - Планеталар орындарынан ауыстырып, ылғи қозғалыста болады. Демек олар айтылған 12 мүшел жұлдыздарды түгел аралауда болады. Сол кездесудің жағымдылары бар, жағымсыздары бар, бейтараптары бар деп саналынады. Жұлдызнама, болжаулар осыған негізделген. Ал әрбір Көк өзінің үйінде болғанда ең жоғарғы қасиетін көрсетеді деп саналады. Біз келтіріп отырған 1-суретте сол айтылған қалып - әр Көк өз үйінде. үшінші мүшел таңбалары дегеніміз сол қалыпты көрсетеді.

Құс жолының үлкен шеңберін 12 бөлшекке бөліп, олар 12 кішкене шеңберлермен белгіленді. Сол кіші шеңберлердің ішінде екі сан бар. Оның бірі - мүшел реті, екіншісі - Көк реті. Мәселен:

- | | |
|-----------------------|-----------------------|
| 1) 1 - Тышқан (Хамал) | 7) 7 - Жылқы (Мизан) |
| 5 - Арай (Марих) | 3 - Шолпан (Зуьра) |
| 2) 2 - Сиыр (Сәуір) | 8) 8 - Қой (ғакрат) |
| 3 - Шолпан (Зуьра) | 5 - Арай (Марих) |
| 3) 3 - Барыс (Зауза) | 9) 9 - Мешін (Қауе) |
| 2 - Айқыз (ғұтарад) | 6 - Шоңай (Муштари) |
| 4) 4 - Қоян (Саратан) | 10) 10 - Тауық (Жади) |

- | | |
|------------------------|----------------------|
| 1 - Ай (Қамар) | 7 - Санжар (Зухал) |
| 5) 5 - ұлу (Асад) | 11) 11 - Ит (Дәлу) |
| 4 - Күн (Шамси) | 7 - Санжар (Зухал) |
| 6) 6 - Жылан (Сүмбіле) | 12) 12 - Доңыз (Хут) |
| 2 - Айкыз (ғұтарад) | 6 - Шоңай (Муштари) |

Аспан шырақтарының осынау үш түрлі атауының белгі-таңбалары кішкене (мүшелдік) шаршыларының ішіне қойылған. Сол жақтағы үстіңгі таңба арабша жұлдыз атының белгісі. Ол қазіргі халықаралық астрономиядан алынған зодиак белгісі болып табылады. Мысалы, арабша Хамал-Қошқар, (таңбасы: қошқар мүйіз). Сол жұлдызға тура келетін мүшел атының белгісі оң жағына қойылады. Ол белгіге біз Орхон (Көк Түрік) әліппесінің таңбасын "т" (таңбасын) алдық. Сиярғаң "с" (с) таңбасы алынды. Екі рет қайталанатындарға әріптің екі түрі алынды. Мысалы "Тауыққаң т" әрпінің екінші түрі алынды. Осынау таңбаларды таңдауда қолғабысы үшін Алтай Сәрсенбайұлына алғысымды айтамын. Аталмыш екі таңбаның астына жеті қат көк таңбасы қойылды. Оның үлгісі әл-Фараби заманындағы қалпында алынды. Десек те мұның қазіргі таңбадан аздаған өзгешілігі бар.

Ортада тұрған Темір қазық таңбасы екі әріптен құралған: "т және "қ". Осы екеуінен құрастырылған таңба өте үйлесім беріп, магнит тіліндей болып шыққан.

Төртінші мәселе Жұлдыз шаршы құрылысы. 12 мүшел шеңберді үш шаршыға бөлу ежелден бар: оң бұрышында біреуінің Ай, біреуінде - Күн, біреуінің бұрышында - Айкыз бен Шоңай. Бұларды біз Ай шаршысы, Күн шаршысы, Жұлдыз шаршысы деп атадық. Себебі осы үш шаршының әр қайсында өзіндік сипаттар бар. Мысалы, Ай шаршысына жыл басы - Тышқан кіреді. 1 - Тышқан, 4 - Қоян, 7 - Жылқы, 10 - Тауық. Күн шаршысы: 5 - ұлу, 8 - Қой, 11 - Ит, 2 - Сиыр. Жұлдыз шаршысы: 3 - Барыс, 6 - Жылан, 9 - Мешін, 12 - Доңыз. Кейінгі шаршының өзгешілігі бар: мұның Көгі екі жұп: 2 және 6, мүшелдері үшке еселсе: 3, 6, 9, 12. Мұны былай жазуға да болады - $3(1+2+3+4)=3 \times 10=30$. Шеңбер есебі, абжд есебі бұл.

2 және 6 сандары ғалами есеп сандары, Темір қазық сандарының негізі $2+6=8$, $162/8=36-4=32$.

$$162/8=9-1=8.$$

Темір (хадид) саны 26, ол темір атомының электрон саны (рет саны). Сонымен қатар бұл сан текше саны, Қағба саны, Жер Саны. Осы жағынан келгенде бұл шаршының Жер шаршысы немесе Темір Қазық шаршысы деуге әбден болады. Енді осы шаршының оң босағасын жеке алып қаралық, мұны оң қолдың Бас бармағы делік. Сонда оның бұрышы 3 - мүшел - Барс, жұлдызы - Зауза (Егіз).

Қазақтың бес саусаққа қойған аттары бойынша Бас бармақ - "Балалы үйрек"

деген. Осы сөздің жұлдыз атына сәйкес келуін қараңыз: Егіз - Балалы үйрек (Құс - жұлдыз белгісі) Айқыз - Таңсық - Шолпан. "Барс" жыл аты да соған келеді деп санаймыз: б=2, арс (арбаның арысы - жетегі). Демек, "барс" - "Қос арс" мағынасында. Мұның өзі ғаламның егіздік-жұптық заңдылығы.

Осынау Егіздік бұрыштың Көгі сол егізге сәйкес. Екінші аспан 2 - ғұтарад-Айқыз. Оның мағаданы (металы) 80-сынап. Ол барлық мағадандардың анасы саналынады. Осы түсінік көптеген елдердің аңыздарында кездеседі. Мысалы, Мысырда Күн сәулесінің қол ұшындағы ұстаған белгі - өмір - "Аих" белгісі кішкене шеңберше тұтқалы асатайақша. Оның негізгі түрі айтылған ұяда бар. Ол өзі Орхон-Көк Түрік таңбасында, Қазақтың ру таңбаларында сақталған. Орта Азиядан табылған ғажайып адам пішінді құс суреті "Анихита" сол "Ана-Аих" сөздерімен үндес те мағыналас деп білеміз. Қытайдың "Анахата" дегені Шумердің Ана - аспан иесі дегені - бәрі соған келеді. Айтылымыш шаршының сол жақ босағасы (оның сыңары): онда сол 2-аспан - сол қолдың Бас бармағы. Оның мүшелі - Жылан, жұлдызы - Сүмбіле - Егіз - Қыз "Дева-Дева" деген сөздер де жұптық белгісі. Ал, олардың аспаны екеуіне де ортақ, екі Бас бармақтағы ғұтарад - Айқыз. Ай білек болғанда оның Бас бармағында Айдың қызы - Айқыз болғаны да! Ал, ғұтарадтың грекше аты "Гермес", латынша аты "Меркурий" (сынап). Екінші жағынан ислам тарихында ол ғұтарад - Ыдырыс пайғамбардың жұлдызы еді деседі. Мысыр аңызында Ыдырыс - Тот әулие мағынасында суреттеледі. Ыдырыс пайғамбар барлық ғылымдардың негізін салушы дана болған. "Оң қолынан мөр тамған" данышпан шебер болған. Сөйтіп, айтылған екі босаға арасында адамның екі қолы, он саусағы. Осы босағаның қақпасы Екі Емен - Ай мен Күн. Шаршының қалған екі бұрышында алтыншы аспан Муштари - Шоңай. Ол жеті қат көктің Күннен кейінгі ең ірі шырағы болып саналынады. Оның бұрыштары жоғарыда айтылды: 9-Мешін (Қаус-Мерген) және 12-Доңыз (Хұт-Балық). "2" мен "6"-ның қазақша, арабша таңбаларымен 1-суреттің төрт жақ шетіне осы айтылған шаршының бұрыштарында Көктердің рет сандарын көрсеттік. Айтылған екі санның - 2 мен 6-ның арабша таңбалары Ай орағының жаңа, ескі түрін бейнелейді деп білеміз. Сонымен қатар олар бата берген қолдың да бейнесін көрсетеді, оң қол - жаңа Ай, сол қол - ескі (таусыншақ) Ай.

Жыл басын айыруға келетін болсақ, онда мәселені Айдың өзінен бастаймын. Жаңа Ай орағы көбіне үш жаңасында көзге айқын байқалады, көрінеді. Күн мен түн теңелген жаңа жыл - наурыз мейрамында үш жаңасында туған Ай іңірде үркерге қарсы (жақын) келуі керек. Ай мен үркердің осы кездесуі - Тоғысы делініп, өте кеңінен танымалды оқиға. Үш тоғысымыз, үш тоғыз айымыз осы: "Екі батыр соғысты, үркер мен Ай тоғысты" деген халық жырларындағы жолдар тәркіні сол "Тоғыс". Демек, оң білектен Ортан қол саусақ арқылы Алты Қайың - үркерге келдік. Ақ Қайың - Ақ Қаз, Алты Қаз - бәрі үркер. Бұл Тышқан жылы Хамал (Қошқар) жұлдызы. (Үркер оның астында

тұрған Сиыр жұлдыз тобына жатады. Бірақ суретте көрнекті болу үшін ол сәт жоғарырақ көрсетілген).

Уақыт айыру жүйесі былай:

Аспан шырағының ортасы Күннен Жеті Терек (Жеті Қаракшы) тобының басқы екі жұлдызы арқылы сығалағанда Шынар - Темірқазық көрінеді. Сол Темірқазықтың оң жағында айтылған "Тоғыс" ноқаты, ал сол жағында Таң Шолпаны - жеке туған Жалғыз Тал. Ол да тоғыс, теңеліс - Мизан (Таразы) орнын көрсетеді. Осы сурет астында сандар жазылған:

$$2+6=8 \quad 286=26 \times 11.$$

Осы сандардың арабша таңбасы берілген ΓL

2, ортада 8, яғни $=(2+6)-6$.

Осынау екі сан айтылған шаршы көктерінің рет саны екіге мәлім. Олардан құралған сан 286. Екі санның көбейтіндісі: 26 - темір (хадид) саны, текше саны, қағба саны, Жер саны. Екіншісі Ай саны - 11 (А-1, й=10). Осы санда ғаламның сыры жатыр. Бұл көрнекті түрде қиас бейнесінде. Екінші жағынан, Құран Кәрімнің Шоқтығы (өркеші) болып саналынатын 2-сүренің, яғни "Ал-Бақара" сүресінің аят саны 286. Енді ойлап көрейікші - Аллаһның жаратқан ғаламында, оның қаламында біздерге көрсеткен ғажабы ғой бұл! Аллаһның ең алғашқы бұйрығы "н" "оқы!" деген сөз сол мағынада 98-сүреде (ажыт) ("ал-ғалақ") 19 аят.

"Ғалақ" - ұйыған қан. Осы сүренің басқы бес аяты Хыра тауында Мұхаммед расул Аллаһқа алғаш түскен аяттар. Ол аяттар мыналар: "Сондай жаратқан раббының атынан оқы! (1). Ол адам баласын ұйыған қаннан жаратқан. (2) Оқы! Ол раббының аса ардақты (3). Сондай қаламмен үйреткен (4). Ол адамзатқа білмеген нәрсесін үйреткен (5)". Халифа Алтай аудармасы, 597 бет. Осы сүреден шығатын кейбір сандарды айтылған Жер шаршыға салып көрелік.

Жердің бейнесі текше. "Қағба" деген сөз де сол мағынада. Біздің келтіріп отырған аспан шаршымыз сол текшенің бір жақ беті. Текше сондай 6 шаршы жақтан құралған. 2-суретте сол текшенің үш жағы көрсетілген. Және текшенің мүшелері берілген. Төбесі - 8, мұның суретте көрінетіні - 7, көрінбегені (астыңғы жағындағы) - 1. Қыр қабырғалары - 12, онан көрінгені - 9, көрінбегені - 3; жақ саны - 6, онан онан көрінбегені - 3, көрінбейтіні - 3. Сонымен, текшенің 26 мүшесінің көрінгені 19, көрінбегені 7. Сөйтіп, басқа бата саны 19 бен Жер Темір - Қағба - текше саны байланысты. Ол екеуі де 12 мүшел мен 7 қат көк, 7 қат жермен байланысты.

$$19 + 7 = \begin{cases} 26 \\ 12 \end{cases}$$

Сол текшенің бір ғана жақ бетін, бір ғана шаршысын алсақ, онда текше мүшесінің саны болады - 9 (1-суретті қара). Сол 9-ды 9 ұяға орналастырайық. Сонда үш орындағы сан қай бағытта болмасын жиыны: 15 тұрақты сан болады

екен. Бұны "ғажайып шаршы" атағын (3-суретті қара). Егер текшенің екі бетін алсақ, оның 15 мүшесі - ағзалары көрінеді. үш жақ беттен, айтылған 19 ағза көрінеді. Төрт жағынан қарағанда барлық 26 мүше көрінеді. Текшенің шаршы ортасының қақ жарған қиығы 3-суреттің астыңғы жағында көрсетілген. Ал оның оң жағында 96 саны шығарылған. Оның қалай шыққаны "ғажайып шаршыдан" көрініп тұр. Оң жақ бұрыштардағы екі санды негізге алып, соларды өз жолындағы екі санның жиынына еселенген:

$2(2+4)+6(6+8)=2 \times 6+6 \times 14=12+84=96$ 48×2 . Демек, ғалами шаршыдан "ғалақи" сүресіне көп жалғастық. Айтылған бес аяттың ғараби нұсқасы берілген. Оның астында жеті рет қайталанатын (ХМ) саны көрсетілген (40-46 сүрелердің мұқағаттары). Ол санның сыңары $6 \times 14=84$. Онан үздіксіз үшкіл шығады (суретке қара). Ол түзу үшкілдер оттың, желдің, судың үшкіл жақтары екені белгілі. Сонымен Жерге тәнті төрт тек келіп жалғасады. Осымен енді бесінші Жұлдыз тегі байланысты.

Мұны түсіну үшін барлық ғаламды құрастырушы бес тек бар екенін және сол тектердің әрқайсысына арналған құрылыстық бейнелер (геометриялық пішіндер) бар екенін еске алайықшы. Олардың кестесі мынау еді ғой:

Тектер	кескін-түрі	мүшелері			жиынтығы
		Ж	Т	Қ	
1.Оттек	4-жақ	4	4	6	14
2.Жел тек	8-жақ	8	6	12	
3. Жер тек	6-жақ	6	8	12	26
4.Су тек	20-жақ	20	12	30	62
5. Жұлдыз	12-жақ	12	20	30	62
		50	50	90	190

Тағы сол 19 санға оралдық.

Мұнда алғашқы үшеуінің жақтары үшкіл, Жердікі төрткүл (шаршы). Жұлдыздыкі - бескүл. Осы бескүлдің жақ саны 12, осыдан 60-тық бата есебі келіп шығады: $12 \times 5=60$.

Кестені байқасаңыз біріншіден, төртеуі екі-екіден жұп айналық (кескін) сандар, темірлік сандар

$$62=36-4=32$$

$$26=9-1=8$$

Оның бұрышы болады $19^{\circ}28'=109^{\circ}28'$ (3-суретке қара). От санына мүшел санды қосса, ол да темір санына келеді:

$$14 \pm 12 = \left\{ \begin{array}{l} 26 \\ 2 \end{array} \right.$$

xxx

"Көктен жаудыр, жерден өндірі" деген бата сутегі мен жұлдыз тегінің айлық айналасын көрсетеді деп білеміз. Сонымен қатар: Жер мен Көктің арасын айырған Ай болса, сол Ай сүресі 54. Осы сан айтылған бес күл - бес бұрыш санымен байланысты. Оны 3-суреттің оң жақ үстінен көруге болады.

Жеті күндік және бес күндік болып апта екі түрге бөлінеді. Соған сәйкес музыкалық нота да жетілік және бестік болып бөлінеді. Бестік бөлісте: Ай мен Арай бір ұяда. Күн мен Санжар бір ұяда болып есептеледі. Яғни:

$$5 \pm 1 = \left\{ \frac{6}{4}, \quad 7 \pm 4 = \left\{ \frac{11}{3} \right. \right.$$

96 - сүренің алғашқы бес аяты сөз болған бес тұлғаның - жұлдызды бестің бейнесі деуге болады. Солардың ішінен екі сөзді алып қаралық Ансан / / - адам, қалам/. Бұлардың сандық мәні: 1:70, 170.

$$170 \pm 162 = \left\{ \begin{array}{l} 332 = 83 \times 4 = (\text{Ал} - \text{қалам}) \times 4 \\ 8 = 4 \times 2 \end{array} \right.$$

$$170 \times 162 = 27540 = 15 \times 1836 = 15 \text{mp}$$

Адам x Қалам - 15 протон=атом, ал 15 - "ғажайып шаршы" тұрақтысы, текшенің екі бетінің саны. 15-тас ("ал-хажар") сүресі.

Тас - "сат" (арабша "алты"). Ыдырыс тасы - Алхимия,

Инсан (адам) саны мен Ай саны еселес: $54 \times 3 = 162$, немесе $3 \quad / 2 \times 108 = 162$.

$3/2$ - Арай (5-аспан) нотасы. Бескүл түрінде Арай мен Ай бір ұяда екені айтылды.

"Адам" мен "қалам" деген сөздердің өрнегін былай жазуға болады:

$$x^2 - vx + c = 0;$$

$$x = \frac{170 \pm 154}{2} = 85 \pm 77 = 17 \times 5 \pm 11 \times 7$$

$$x_1 = 162; \quad x_2 = 8.$$

Ойлап қараңыз, пайымданыз, мұнда тамаша сырлар жатыр. Осы сандардың әр қайсысы жөнінде айтылған мәліметтер бар. Кейінгі санды Ай санына көбейтеміз, санда ғылымда Метон циклы деп аталынатын уақыт есептеудің ірі дәуір саны шығады: $54 \times 8 = 432$

/432 - алтын дәуірі. Осы дәуір санына қосамыз: Шұғыла санын

$$432 \pm 348 = \left\{ \begin{array}{l} 780 = 78 \times 10 = 26 \times 30 \\ 84 = 48 \times 36 = 12 \times 7 \end{array} \right.$$

Бұл сандар тамаша өрнектер болып табылады.

Темір (хадид) саны - Қағба саны Отырарда жалғасқан (Отырарға 30 бап) Осы сан айтылған шаршының босағасы болып табылмақ.

"Оң" сан=оы деген осы. Арабша сан деген сөз гадад (). Оның өзі біріншіден темірге үндес (), екіншіден соған байланысты сандық мәні еселесе: гадад - 26+3. Осы екі санның негізінде құралған химияда 9 торды шаршы бар. Осы үлгімен салыстырып 3-суреттегі есеп санды шығарамыз:

$$2(28+26)+6(78+76)=2 \times 54+6 \times 154=108+924=1032.$$

$$\text{Салыстыру: } 1032 \times 8=86 \times 96=8256=8000+256$$

86-сүре "Ал-Тарих" 17 аят.

$$\text{Жиыны: } 86 + \frac{310 + 31}{341} = 444 = 111 \times 4 = 12 \times 37$$

Бұл белгілі дәуірлік өзгеріс қайталау "тахул" () санына дәл келеді: $400+8+6+30=444$.

Шұғыла санына 96 санын қосамыз:

$$348 \pm 96 = \begin{cases} 444 = 12 \times 37 \\ 252 = 36 \times 7 \end{cases}$$

$$96 \pm 86 = \begin{cases} 18 \\ 10 \end{cases} = 91 \times 2$$

Бұл екі сүре арасындағы терең байланысты мезгейді. Аспан есебінің терең тарихын ойлағанда түркі тілдес халықтардың атаулары араб тіліне кіруі заңды нәрсе. Оның басы қазақ даласында, Сібірде басталып, Шумерге жеткен. Сонан Араб елдерінде және тағы басқа елдерге ауысқан... Бұл мәселе әлде де терең зерттеуді қажет етеді. Тек біз бірер мысалдармен шектелмекпіз. Мәселен үш сөзді салыстырайық:

сана ()- жыл, 110

сағат ()- сағат, 131

қара ()- оқу 301

$$131+110+301=542=271 \times 2$$

$$\text{Ал+мр= / } / = 31+240 \times 271.$$

13-сүрені ("Нажағай") мұқараттағы бұл. "Нажағай" () Мұхаммад расул Аллаһның Аспан сапарына барып қайтудағы бұрнағы мағынасында. Демек, Тәңірім өзінің радасымен сүйікті құлына ғаламның сырын білдірді. Қаламмен үйретті (96, 4). Ол қаламның сандық мәні $100+30+40=170=17 \times 10$, яғни 17-сүреде (Ал-Асра) кәміл аспан шегіне көтерілген. Сөйтіп осынау үш сөз (сана, сағат қара) (ғалам және оны қараушы) (көруші, оқушы, жазушы, зерттеуші, түсінуші, оны жаратқан иесін танушы) адам дегенге саяды. Осы үш сөз сандарын екіден жұптап қаралық:

$$\{411 = 137 \times 3 = II\}$$

$$301 + 131 = \frac{382 \cdot 5}{2} = C$$

Ай басы: ғалам басы, ғылым басы, есеп басы, дәуір басы. Оның аялдамасын (мазылын) Аллаһ уақыт сағат ретінде белгілеген. Отырарда 30 бап сол. Ол - шеңбер, уақыт есебі:

$$30 \times 12 = 60 \times 6 = 360.$$

$$301 \pm 110 = \begin{cases} 411 = 137 \times 3 = II \\ 191 = \frac{382 \cdot 5}{2} = C \end{cases}$$

(әулие қима есебі) - электрон қуатының есебі.

әл-Фараби саны: $102 \ln F = 1910 = 382 \times 5$

$$131 \mp 110 = 241$$

$$21 = 3 \times 7$$

Бұл сандардан алатын ғибрат:

$$131 \times 6 = 618 \text{ (ал-рахман ал-рахим)}$$

$$618 + 382 = 1000$$

$$110 = 55 + 2 = 11 \times 10 \text{ (Ай саны)}$$

Теміртас тотық - магнит саны:

$$Fe_3O_4 = 26 \times 3 + 8 \times 4 = 78 + 32 = 110$$

$$619 \pm 241 = \begin{cases} 860 = 86 \times 10 - \text{(тарих)} \\ 378 = 63 \times 6 - \text{(найғамбар жасы)} \end{cases}$$

"Акра" = 302 - бақара саны. Ол сүренің қос өркеші: ...

өркеш - 151, $151 \times 2 = 302$.

Тағы бір есеп:

$$618 \pm 542 = \begin{cases} 1160 = 29 \times 60 \\ 76 = 19 \times 4 \end{cases} \text{ - тамаша сандар!}$$

Айдың басын есеп басын - сан басын - жыл басын - ғаламды құраушы бес текпен байланыстыру керек. Демек, ол үшін қайтадан бабалардың Ақ батасына жүгінейік (1-сурет). Онда жыл басы Тышқан (1-мүшел), оның аспаны 5-Арай. Ай мен Арай бестік тәулікте бір ұяда болады дедік. Осы арада Ортан қол - саусақтың Алты Қайыңында тұрғанын көреміз. Ай мен үркер тоғысы - жыл басы, есеп басы. Демек, 1-суреттің астыңғы жағындағы тамаша таңбаға қайта оралдық: $26 \times 11 = 286$.

Ай мен Арай үркерге көрші. Ай тоғыста ол жылбасылық орнында, өз үйінде. Демек, сан басы осы. Қысқаша айтар болсақ: Ай үйінде сан немесе онан Ай сан болмаса үйсан (үйсін) ұғымы шығады. ғалам құраушы пешене (бес ене) сол, Темірқазық сол, темір үшкіл сол. 1 және 5 мүшелерді ортадағы Темір қазықпен қосамыз, сонда темір үшкілдің бұрыштары шығады:

$$15^\circ + 150^\circ + 15^\circ = 180^\circ$$

$$15(1+10+1) = 15 \times 12 = 180^\circ = 5 \times 36.$$

Міне, сізге; 5 ене - бес саусақ - бес тек - бес парыз!

Ескерте кетер бір жәй, Қытай ғылымының тарихында бастапқы 5 текті "ү-син" деп атайды. Демек, ол біздің жоғарыдағы айтылған түсінікке жақын, үндес келеді. Бұл қалай - ортақ болғандығы ма, әлде бірден бірге ауысқан ұғым ба?! О жағы әзірге мәлім емес, зерттеуші қажет етеді. Қосымша есеп: $110 \times 5 = 550$

$$1 \times 5 = 5$$

$$555 = 37 \times 15 = 5 \times 111.$$

15 тас саны (бұрыш саны); 111 - су саны, ал өмір судан ғой.

$$37 \pm 15 = \begin{cases} 52 - \text{ханды} = 26 \times 2 \\ 22 - \text{косай} = 11 \times 2 \end{cases}$$

Осымен бір тыныс алып, оны бір ауыз өлеңмен қорытайық: "Сан берген, сана берген, Инсан деп саналыға ол ат берген. Жаратып жалғыз саннан барша әлемді, ғаламға Нұр сәулесін тарат деген". - Ан+сан (инсан) - адам аспанның есебінде болғандығы.

Ойласу ретінде:

"Сағат" деген сөздің түбірі "сақат" - "соқат" немесе "сақит" болуға мүмкін. Басқаша айтқанда бұл уақыт күзетшісі, Күн бағыс мағынасына жақын. "Ит" атты мүшел Күнге қарама қарсы тұр. Аспан күзетіндегі Ит астрономияда белгілі.

Сириус - Ал-Шағыр. Ол Барыс мүшеліне жақын. Демек, ол біздің Жұлдыз шаршының оң босағасында. Осыдан келіп Ит атаулылармен, Сакқұлақ атауларымен сағат сөзі түбірлес болу ықтимал ма деп ойлаймыз.

Қар немесе Қара (арабша - оқы) деген сөздер қолдың екі білегімен, бата істеген екі қолмен байланысты. Екі мүйіз (Зун Қарнайын) - "Бері басында" ұстау - қармау - тұту мағынасында болған деп білеміз. Соған байланысты түсініктер көп: "қарауыл", "қармақшы", "қарқара", "қарақшы" т.б. Жеті қарақшы - Жеті Теректің шөміш мандайынан қарағанда Темір қазықты табасың. Сол бағытта әрі қарай айтылған Ит жұлдызы тұр. Оның Жұлдызы Дәлу (Көнек), аспаны 7-Санжар. Ит - жеті қазынанан бірі деген түсінік сол. Көктен жаудыр (Көнек), Жерден өндірі деген сол.

Енді сөз басында айтылған 19 санына оралайық.

74-сүренің 30 аятында: (2-сурет):

.... яғни: "Оған он тоғыз қарайдың деген (немесе "Олардың үстінде он тоғыз"). Осы үш сөздің сандық мәнін қарайық:

ғалайға 16
 тисға 530 640
 ғашар 570 1100
 1216=19x64

$$530 \pm 116 = \begin{cases} 646 \\ 414 \end{cases}$$

$$570 \pm 116 = \begin{cases} 686 \\ 454 \end{cases}$$

$$646 \pm 570 = \begin{cases} 1216 = 19 \times 64 \\ 76 = 19 \times 4 \end{cases}$$

Осынау сандарда көп сыр жатқандығын байқау қиын емес. Мысалдар келтірейік. Алғашқы екі сөздің жиыны: 530+116=646 яғни "тамур" деген сөздің сандық мәні. Бұл "қозғалыс" деген сөз. Екінші жағынан "он" (оймақ) деген санға адам, 76-сүре санын қосамыз, болады:

$$570+76=646=19 \times 34=38 \times 17. \text{ Ойласайықшы:}$$

Тоғыз саны мәнді санның жиыны (5+4=9). Біздің шаршының 9 тор орны осыдан. Бұл ғаламның өмір бейнесі, ол адамның үстінде. Он сан ғашар =570 үш әріптен тұрады. Егер осы үшеуін орын ауыстырып қойсақ мына үш сөз шығады: "ғашар", "ғарыш", "шағыр".

Кәміл саны: "он" - "оң" сан, Ақ бата саны, оралу саны. Адамның міндеті - оған иманмен, таубасымен, тақуалықпен оралу, айтылған Ақ батаның 19 санымен оралу, яғни: 19x4=76.

"Он" санының менің де сол мағынада талдауға болады:

(26+31)=57 - ал-хадид=19x3=57. Енді осыны "он" еселейміз (ғарышқа көтерілеміз) 570. Қорыта келгенде: 570x76=646=19x34=38x17 (17-сүре "ал-Асра", 38-сүре: "Сат"). Ыдырыс тасы "зумруд" саны да осыған келетінін еске түсіре кетелік: $Be_3Al_2[Zi_6$

$$O_{18}] = 4 \times 3 + 13 \times 2 + 6 \times 14 + 18 \times 8 = 12 + 26 + 84 + 144 = 266 = 19 \times 14 = 38 \times 7$$

$$\text{Осы екі санды қосамыз: } 646 + 266 = 912 = 19 \times 48 \\ 380 = 19 \times 20$$

19 - санынан бастап 7 рет қайталанған "ХМ" (48) санына келіп тірелдік. Айтылған 19 санның жиынын "халифалардың" шаршы санына қосамыз:

$$646 + 1216 = 5520 = 92 \times 80$$

$$\text{Айналып келіп Мұхаммад санына оралдық: } 92 + 45 = 137$$

47

54 ай

45 Адам

$$54 + 45 = 99 = 9 \times 11$$

9 - торқа

47 - күміс. Бұл Ай мағаданы.

Мұхаммад сүресі, оның аят саны 38. Бұлардың арғы жағында "мыс" сан 29. Олай болса мұның сыңары ай айналық 92:

$$92=81-4=77=7 \times 11$$

29

яғни, $29+19=48$

10

Айтылған сандар ...

Жоғарыда келтірген өрнекті басқаша жазайық:

$$19 \times 48 = (12+7) 48 = 24^2 + 48 \times 7 = 576 + 336 = 912$$

"Ал-һармис" Ыдырыстың есімі. "һар" (мысық) "Мысы" деген сөзбен байланысты. $336=48 \times 7$. Міне Жұлдыз шаршысына қайта оралдық, яғни ол ғұшарад-Айқыз бұрышы. Ол Фараб босағасы. Осыдан келіп шығады түрік саны. Яғни темірдің айналық сыңары $336+284=620$

52

Сонымен қатар темірдің екі есесі - "хамды" - "тауба" саны. Махмуд Қашқаридың "Диуан лоғат ал-Түрік" (Түрік сөздігі) кітабында "Түрік" деген сөздің негізінде "Тәңір жарылқағыр" деген мағына бар делінеді. Осыған орай енді бір өрнек келтірейік:

$$786 + 47 \times 2 = 786 + 94 = 880 = 620 + 260 = 8 \times 110 = 80 \times 11$$

Басқа бата сөзіне "расул Аллаһ" саны қосылса солар ғалами теңеліс сандар құрайды.

Осы түсінік аталмыш сөздіктегі бір хадистың мазмұнына тура келетін түрі бар. Онда: Түрік Тәңірінің сарбағы (). (Жүнді ал-Түрік) (1-том, 334 бет, Ташкент, 1960 ж). Осы екі сөздің жиыны болады: $58+620=678$. Осы санға қосамыз Ай санын: $54 \times 2 + 678 = 108 + 678 = 786$! Басқы беташар сөз. Мұны былай жазуға да болады: $620 + 108 + 58 = 166 + 620 = 786$. Мұндағы 166-Қаус () - Мерген саны. Ол 9-мүшел (Мешін жылы), ол мерген (Қаус). Айтылған Жұлдыз шарының жоғарғы бұрышы, оның Көгі Шоңай (Мумтари). Яғни 2 және 6 сандарының бір басы. Түрік саны да, текше саны да, Қағба саны да, темір саны да, Жер саны да сонан шығады. Ал Мергенді жұбайы, Қазақтың Атасы деуге болады. "Түрікті Тәңір жарылқасын" деген мәселе осыған саяды деп ойлаймыз. Шындығында сен де кешірімді бол, түзетіп оқығайсың! Аллаһ шүкір. Ойға оралған ойдың шумағы осымен аяқталсын әзірге.

8.02.1993 ж.

"ТАБИҒАТ МАТБУҒАТ" (Табиғат баспа орны)

автордың өзі тұжырымдаған кітаб мазмұны

Ұлы данышпан бабамыз Әбу Насыр әл-Фараби Хакім өзінің ғылыми еңбектерінде алдымен табиғат дүниесіне сүйенген. Соған байланысты ол кісі

адамның оқулық ұлы кітабын шығаратын орын - табиғат деген (Табиғат матбуғат).

Бабамыздың осы қағидасын біз кітабымызға тақырып етіп алдық. Мұндағы мақсат -әл-Фараби ізімен, сол кісінің үлгісімен қазіргі заман ғылымына сүйене отырып, кең мағынасындағы дүние тану шындығына қысқаша шолу жасау болды.

Жалған жолға түскен халқымыз көптеген апаттарға ұшырап ойсырап, есеңгіреп қалған-ды. Сол қаралы күндерден сақтанудың бір-ақ жолы бар, ол шындық жолы. Шындыққа апаратын жолды мен үш бағыттан іздеймін. Оның біріншісі *Ана тіліміз*. Екіншісі *Ислам дініміз*, үшіншісі *қазіргі замандағы дәлдік ғылымдар*.

Осы мәселеге арналып 14 дәптер (кітаб) жазылды, араб әрпімен жалпы көлемі 1400 бет.

Солардың әр қайсысында қаралған мәселенің қысқаша мазмұндары мынандай:

Бірінші кітапта алдыңғы кіріспе сөзден кейін мұнда араб алфавиті, оның АБЖД есебі берілген. Бұл кітапта ғылым тарихынан және Құран аяттарынан алынған көптеген басты түсініктер *абжд* есебіне айналдырылып, сол есептер бойынша суреттер, кестелер жасалған.

Керекті түсініктер сандарға айналдырып, сол сандарды өзара салыстырып, көптеген құнды табыстарға жетті.

Мысалы 12 мүшел жұлдыз, жеті хат көк, олардың геометриялық-заттық тектері, химиялық табиғаты, минерал-металл заттары (мағадандары) алынған, олардың сурет–сызықтары, кестелері берілген.

Бірінші кітапта келтірілген көп мағлұматтар тек арабша, қазақша сандық – сызық мәндері ретінде тіркелген. Онда түсіндірме, талдау сөздер жоқ. Көп жылдар бойында жиналған ойларды есте сақтау үшін сызу өрнектерге түсірген едік.

Әл-Фараби бабаның ғылыми әдістерінің ең бастысы геометриялық әдіс деп білеміз. Алғашқы жаралған Нұр сәулесінен бастап, ғаламның барша дамуы геометриялық заң бойынша түсіндірілді. Оптика – жарық сәуленің таралу заңы сол геометриялық заң. Кристалдардың құралу заңы сол геометриялық заң. Барлық ғаламның – *космостық құрылыс* заңы сол геометриялық заң. Әл-Фарабидың қағидасына қазіргі ғылым 1100 жыл өткен соң, жаңа ғана түсіне бастады.

Бабаның осы қағидасына біз көп сүйенеміз. Оның бәрін халыққа түсінікті түрде қолданамыз.

Кейінгі кітаптардың көбісі сол бірінші кітапта тіркелген түсініктерге тарихи, табиғи, ғылыми, діни, әдеби талдауларға арналған сонымен қатар оларда көп жаңалықтар, тамаша табыстар бар.

Екінші кітапта негізінен Темір Қазық мәселесі қаралған. Мұнда алдымен Құранда, онан кейін хадистарда, онан кейін қазақ тілінде, онан кейін қазіргі

ғылыми түсініктерде темірдің табиғаты, қасиеті, жаратылысы беріледі. Оған қазақ халқының көп мындаған жылдар бұрын Темір Қазық мағынасын беруі, яғни оны бүкіл дүниенің айналу кіндігі ретінде тануы, тамаша ғажап нәрсе! Сол түсініктің дұрыс екеніне қазіргі ғылым енді ғана көз жете бастады.

Нұр - сәулесі, дүниенің тарту күші, жүректің соғуы-бәрі келіп темірге соқпай кетпейді. Аспан да, Жер да сыйғыза алмаған Нұр мұсылмандардың кеудесіне сыйған деген сөз жүректің соғысы - қанның жүрісі осы темір арқылы соғуына жалғасатыны айтылады.

Бұл секілді аса тереңде жатқан ғалами ұлықты мәселені талдау үшін, әрине, тарихтан да, діннен де, ғылымнан да толық айқын дәлелдер табу керек, оларды салыстыру керек. Дәлді физика – математикалық, астрономия, космология, биология, химия ғылымдар жолмен дәлелдеу керек. Оны өнер-музыка, тіл-әдебиет, тарих ғылымдарымен ұштастырып, үйлестіру қажет. Сонда ғана ол шындық болмақ.

Үшінші кітапта *Нұр* сүресінде айтылатын сипаттамаларға көз жіберіп, онда *Ну каб* сияқты түсініктерді қазіргі ғылыми жолмен мағадан (минерел-металл) түрінде қарап, көптеген тамаша өрнектер жасалды.

Төртінші кітапта екі мен алты сандарының өзгешеліктері айтылады. Олардың аспан әлемінен, он екі ($2*6=12$) мүшелерімен, жеті хат көкпен байланысы айтылады. Бұл мәселе алдымен Құранда бірнеше жерде айтылған. Онан кейін мүшел мәселесінің біздің халқымызда көп мындаған жылдар бұрын бастағаны белгілі. Онан кейін бұл мәселе геометриялық заңның кристалдану заңы негізіне соғады. Қазіргі ғылым мен техника негізінен келгенде сол геометрия мен сол кристаллографияға сүйеніп отыр. Осы тамаша күрделі мәселе дәлелді орын тапқан. Көптеген ойлар тудырады.

Бесінші кітапта жоғарыда айтылған мәселелер онан әрі қарай дамытылып, Пайғамбарымыздың өмірбаянымен, оның мекені мен істерімен байланысты жайлар айтылады, соған тарихи – ғылыми дәлелдер келтіріледі: Айталық: "Аль-хадид" Құранда 57-сүре-"Темір". Ал темірдің рет саны қазіргі ғылымда 26, Хадид АБЖД есеп бойынша: $x=8$, $d=4$, $i=10$, $d=4$ жиыны болады 26.

Бұл сүре 57, ортада, яғни барлық сүре саны $114=57*2$. Аль (арктикль) – 31, он екі еселесе болады: $31*2=62$, бұл да 26 санының аударылған айналық түрі. Бұл өзі дүние кіндігі Темірқазық, бұл адам жүрегі – тыныс заты – қан қызылы, қызыл түйіршік-гемоглобин. Осы мәселе айналасында көп ой қозғалған.

Алтыншы кітапта айтылған екі және алты сандармен байланысты Құранның: 2-аль – Бакра (Сиыр), 6- Аль-Анғам (Мал) атты сүрелерінен керекті аяттар талданған, парлар (жұб) айтылған. Сол түсініктерді қазіргі ғылым бойынша қалай талдауға болатыны айтылған. Осылармен байланысты қазақ халқының сандар туралы мәтелі: "*бір* дегенім – *білеу*, *екі* дегенім – *егеу*" деп келетін сөздер талданған, олардың аспандық мәні ұсынылған. Айтылғандармен байланысты кристалдық, химиялық өрнектер, сызықтар берілген. Дүние

құраған заттардың геометриялық бес формасы берілген және олардың жаңа талдауы көрсетілген. Ол барып сөз болған 2 және 6 сандарына жалғасады. Бұл өте алысқа апаратын жаңалық. Осы әдіспен көп жаңалықтар ашылады және ашылмақ.

Жетінші кітапта үш сүре біріне бірін байланысты қараған: 23-Мумнун, 55-Рахмен, 78-Хабар. Бұлардың сандық мәндерінен тамаша түсініктер шығаруға болатыны айтылған. Бұл сандар айтылған альхадид (57) санымен байланысты болатыны көрсетілген. Осымен байланысты аққан жұлдыз (комета) әрекеті байланысты болуы мүмкін деген пікір айтылады. Оған мысал ретінде Тунгуз метеориті жөнінде мәліметтер келтірілген. Осымен байланысты бірнеше тамаша сандарға көз жіберілген. Мысалы:

$$19 \pm 11 = \begin{cases} 30 = 15 * 2 \\ 8 = 6 + 2 \end{cases}$$

Осы екі санда зор мағына бар: $19=12+7$ "Он тоғыз үстерінде" деген, (12 мүшел жұлдыз, 7 хат көк (ғалам) үстерінде деген мағынада) $19*3=57$ - Ал-Хадид (темір).

Он бір (11) саны қазақша Ай саны: $A=1$, $й=10$.

"Он дегенім оймақ, он бір қара жұмбақ" қазақ мәтелінде Астрономиялық сыр бар дегенді дәлелдейді. Бұл мәселе талай сырдың бетін ашады. Алдымен ол алфавит басы, Абақ – есеп басы, Ай басы, ғылым басы деп араб мәтелімен толық қаптысады. Осы түсініктермен байланысты Расул Аллаһының ыижра сафары (622), миғраж сафары айтылады. Олармен байланысты дәлді-құнды мәліметтер келтірілген.

Сегізінші кітапта Құранда айтылған Күнді-сәуле, Айды-нұр етіп жаратқан деген айттан бастап аспан шырақтарының сандық сипаттары беріледі: бес форма тағы қайталанып, аспан шырақтарымен салыстырылады. Арабша сандар атына сандық мән беріледі, олар салыстырылады. Текше бұрыштарымен байланысты кейбір физикалық тұрақты сандарға жаңадан мән берілген.

Алтын қима қатынасына геометриялық және космологиялық мән берілген.

Тоғызыншы кітапта ең басты мәселе ғажайып шаршы бұрыштарына періштелердің есімдерін сандық мәнінде қойып, соларды аспан ережесі бойынша есептеп шығару. Оны Ай мен Күн сүрелерінің сандық мәндері қатынасымен салыстыруда тамаша дәл есеп шығады. Сонымен ғалам шырақтарын жүргізуші періштелер деген қағида дәлді есеппен дәлелденді деп білеміз. Осыған байланысты жердегі, көктегі талай атауларға, құрылыстарға талдаулар жасалады. Соның ішінде "қазық" "қазақ" деген сөздерге сан мәні беріледі, сол арқылы олар басқа түсініктермен салыстырылады. Қазық $=208=26*8$; Қазақ $=209=19*11$ осындай сандарды ойлап қараңыз (Темірқазық

26 темір): 11 – Ай, $11+19=30$ Ай ішіндегі күн тәулік саны, мүшел саны: $30*12=360$.

Тағы бір тамаша нәрсе - дұға оқығанда істелетін бата сөздердің сандарын алып, сол бойынша үшкіл жасалған. Сол үшкіл ішіне шеңбер сызылған. Ол шеңбердің өрісі (радиусы) 153, оны 12 мүшел санға көбейтеміз, болады 1836 – бұл протон саны. Ойлап қараңыз!

Оныншы кітапта Құранның 78-сүресіне (Хабарлар) сүйене отырып, жоғарыда айтылған қағидаларды пайдаланып дүние жүзілік тартылыс күш тұрақтысына жаңа мән берілген. Мұнан кейін әл-Фараби саны F атты бір өрнек

берілген: $F = \frac{Z}{A - 2Z}$ Мұнда Z - химиялық заттың рет саны, A оның атом

салмағы. Бұл заттың ең басты зат темір деп алсақ болады:

$$F = \frac{26}{55,847 - 52} = 6,758$$

Оның табиғи логарифмі болады: $\ln 6,758=1,9105 \dots$

Бұл кейінгі санды шеңбер бөлшегі – *радиан* деп алсақ, оның бұрыштық мәні болады $109^{\circ}28'$ текше бұрышы. Бұл сан *алтын қима санына* соғады.

$1,9105=0,382*5=\frac{3-\sqrt{5}}{2}*5=5L^2$. Бұл қатынасты біз жоғарыда космос қатынасына байланысты деген едік қой. Сонымен қатар Шенонның информация теориясының болжамын еске ала кетейік.

$$L=-0,382 \log_2 0,382 \approx 0,530 \dots$$

Осы айтылғандармен байланысты бес бұрыш (бептограмма) түсінігінің шығыстан шыққаны дәлелденеді.

Осы түсініктер Отырар тарихымен, әмір Темір тарихымен байланысты оқиғаларға соғады. Ақырында жеті хат көк пен жеті нота байланысты айтылады.

Он бірінші кітапта Құранның бірнеше сүресіне ғылыми түсініктер беріледі. Солардың ішінде тоғызыншы сүреде айтылатын ыжра сафары, "Гар Хара" үңгірі, оның суреті берілген. *Адам денесінің аспан шырақтарына қарай бөлінуі* берілген.

Қазақтың "Айың тусын оңынан, жұлдызың тусын солынан" дейтін тілек батасының астрономиялық түсінігі берілген. Оның өзі басқа ғылыми түсініктермен байланыстырылған.

Он екінші кітапта арабша мухарақ деген *фокус* деген сөз екені айтылады. Оны алғашқы қолданушы, сол бойынша *ойыс айна* жасаушы адам әл-Фараби екені айтылады. Бұл сөздің сандық мәні болады: $40+8+200+100=348$. Екінші жағынан осы сан *Нұр Мұхаммед* деген сөздің сандық мәніне дәл келеді: $256+92=348$. Осы мәселе талқыланады. Онан кейін *Ахмед Яссауи гимраты*, оның қазаны, оның астрономиялық салыстырмасы беріледі. Осымен байланысты *Әмір Темір* тарихынан сөз болады, фазиллаты деректер беріледі. *Қазақтың мүшел есептерінің астрономиялық ғылымында* алатын орны тағы

да талқыланған. Жалпы аспан кестелері жанадан түрленіп берілген, солардың көп есептері шығарылған. Осымен байланысты бұрынғы есептердің де қайталанғандары да бар.

Он үшінші кітапта 9-Тауба сүресінен аяттар келтірілген. Олар (кафірлер) Аллаһының Нұрын ауыздарымен өшіргісі келеді, бірақ Аллаһ оған жібермейді. "Кафірлер жек көрсе де Аллаһ өз Нұрын жетілдіреді" деген тілектен басталған. Осымен байланысты *Нұр* жайында, *мұхарақ* жайында, *Ку каба-дури* (меруерт) жауһари жайында аяттар мәліметтер келтірілген. Ай саны 11 мен 11—сүре *Худ* аяттары бір алынған. Соған 19 саны да жалғасқан, жақсы мәліметтер бар.

Қазақша жыл қайырудың, мүшел айырудың кестесі берілген, оның астрономиялық айналысы көрсетілген. Сол кестенің *шеңберлік түрі* жасалған, берілген. Нұх кемесі мен Араның ұясы туралы мәліметті талдау берілген. *Бес түрлі тұз у- көпжақты* формалардың көрнекті бейнесімен оның *химиялық заттар құрылысына* байланысы көрсетілген. Кітаптың кейінгі бөлімінде ғаламның өлшеуіші - *Жер* деген қағида айтылған. Оның өзі темірмен байланысты. Жер мен Темірдің саны бірдей текше-куб - 26. Ал қазіргі ғылымда өлшеуіш метр деп жүрген түсінік сол *темір* деген сөздің басқа түрі, сандық мәні бар: $m=400$, $M=40$, $P=200$ болады: $400+40+200=640$ ($TMP=МТР$).

Он төртінші кітапта Азан деген сөздің түсінігі айтылады (8-сүреде 61 аят). *Расул Аллаһи Азан* —*Құлақ* деп атағандар болған. Оны жақсы ниеттеп айтар болса ол расында жақсылықтың, бақыттың хабаршысы. Осы күнде ғылымда өте алыстан келген хабарларды есту арқылы — *пульсарлар арқылы* ғаламның тамаша ғажабына көз жеткізе бастады. Расул Аллаһының аспан сафарларын да (миғражда) көргендерінің растығына енді көз жете бастады. Осы мәселеге шолу жасалынды.

Осымен байланысты *Айды Аспанның құлағы* деген түсінік бар. Ай пайғамбардың орны дедік. Айдың жануары *қоян* деген ертеден келе жатқан космостық аңыз. *Қоян есебі* жыл есебі бар. Солар берілген. Қазақтың "асықпаған арбамен Қоянға жетеді" деген мәтелі осындай космостық жұмбақ екені көрсетілген. Сол сияқты Қазақтың: "Ат байладым Абаққа" — деген есебі осыған соғады. *Абақ - есеп шот* бізден шыққан. Ғылым тарихында Қоян есебі, Абақ есебі ..., *Алтын топшы* есебі аралас жүреді.

Пайғамбарымыз Меккеден Мединеге көшкенде (нижрада) ол Саратан шеңберін басып өтеді. Ол Айдың үйі, яғни Шаян-Қоян, бір мағынада — осы оқиғаның астрономиялық сызығы жасалып берілген.

Арабтың және қазақтың мүшел есептері астрономиялық таңбаларымен толық берілген. Ол таңбалардың белгілері (арабшасы) әл-Фараби, әл-Беруни еңбектерінен алынды, қазіргі түрінен аздаған өзгешелігі бар. Ал қазақша мүшел жыл аттарының белгісі Орхон әріптерімен-таңбаларымен берілді.

Қазақтың қырық бір құмалақ (Ноқат) салу әдісі осы астрономиялық мүшел есебімен байланысты. Сол көрсетілді, сол бойынша тамаша есептер шығарылды.

"Жібек жолы" деген түсініктің аспандық мәні бар деп қызықты жорамал жасалған. Ноталар тарихы мен пайғамбарлар тарихы арасындағы қатынас келтірілген. Қағбаның салынуудағы есебі берілген. Өте қызықты мәліметтер бар.

Түркі халықтардың "өгізхан" атты аңызына астрономиялық – ғылыми түсінік берілген. Ең ақырында *әлмисақ шартының Қағбаның қара тасы* ішінде екеніне дәлел келтірілген.

Қорытынды. Бұл жазылған кітапты мен алғашқыда тек өзім үшін бастадым. Адамдық бас міндетімді дұрыс атқару үшін ана тілін, ислам дінін, қазіргі ғылымды білу қажет екені белгілі. Оның үстіне әл-Фараби сынды ғұламаның мирасын зерттеу жолында болған адам айтылған саланы білмесе болмақ емес. Екінші жағынан "Аңқау елге арамза молдалар" аса қауіпті қиянат істейтіндерін көргенде адамның жаны түршігеді екен. Соған қарсы, сонан қорғану керек болды.

Кейінгі 10-15 жыл ішінде осы жолда едәуір істер істеліп, көп шындыққа қол жеткендей болды. Сол себептен маған керек болған нәрсе басқаларға да керек болар деген ойға келіп, іріктей бастадым.

Құранның сырын толық түсіну пенденің қолынан келмейді. Соның ішінен аз да болса, Алаһының білдірген дәрежесінде Хақтың жолдарынан Мағлұмат алып, соны өзіміздің тура жүруімізге қолдану біздің міндет.

Біздің халқымыз осыдан көп мыңдаған замандар бұрын мәдениеттің жоғарғы сатысына жеткен. Жұлдыз есебін шығарған, алфавит түзеген, кен қазған, металл қорытқан, ғимарат салған, т.б. сол мол рухани қазына тарих тозаңының астына терең көміліп кеткен. Біз осының бетін ашуға тырыстық. Бұл мақсатқа қазіргі ғылым зор жәрдем туғызып отыр. Ислам дінін алатын болсақ, ол ең ақырғы дін, оның ішінде бұрынғы өткен барлық діндердің қорытындылары жинақталған. Сол себепті Ислам діні Жамиғи, адамдардың барлығына ортақ дін. Оның ішінен біздің халқымыздың ежелгі түсініктері көп кездеседі. Оған таңдануға болмайды, өйткені Тәңірінің ісі бәрімізге ортақ. Мысалы қазақ халқы ғаламның айналыс кіндігіндегі жұлдызы "Темір қазық" десе сол темірді Құранда сол мағынада сипаттаған.

Жыл қайыру, мүшел айыру мәселесі де соған ұқсас.

Осы сияқты күрделі мәселелерді біз бұл кітапта айқын түрде, дәлелді түрде көрсетуге тырыстық. Ойлап қараған адам бұл кітаптан өзінің адамдық рухани өміріне керекті көп нәрселерді табады деп білеміз.

Біздің көтеріп отырған мәселемізде халықтар арасына керекті, бәрімізге ортақ мәселелер де көп. Айталық, Ислам дінінің, суннит, шейт деген мазхабтарын алайық. Біздің математикалық дәлді әдіспен шығарған есебімізде осы мәселе тура шешіледі. Түркі нәсілдес халықтардың тарихына керекті көптеген деректер табылады.

Кейбір ғылыми ойлар, жаңалықтар ғалымдарымызды қызықтырар деген үміт бар.

Мұнда көтеріліп отырған мәселелер біздің жағдайда алғаш рет қозғалып отыр. Соған байланысты кемшілігі де, қатесі де бар шығар. Оған кешірім сұраймын. Кейін түзелер деген үміт бар.

Он бесінші кітап. Мұнда Жер мен Аспанның бірге болып, кейін айырылғаны жөнінде қосымша мәлімет келтірілген. Сонымен байланысты бірнеше сүрелерден мысал келтірген ("Мариам", "Ан-Анбия", "Сад", "Қ" тағы басқаларынан).

"Қыз" (арабша жібек) деген сөзді Мариам анамен және сол секілді "Қазақ" халқының анасымен салыстырған мәліметтер өте тамаша қызық.

Қазақтың "Темір Қазық" түсінігін ғалами тақ ("Астуй ғала Ал-ғарш") мағынасымен салыстырған мәліметтер өте қызықты.

Астрономия (Астрология-жұлдызнама), Ал-Химия, балнама тарихтарын салыстыра келіп, қазіргі ғылыми түсінікке қабыстырған әдістер біздің қазақ тілінің өте бай қазыналы тіл екенін көрсетеді. Мысалы қазақтың 41 құмалақ салғанда "Жүрек орнында" деген түсінігі мен "Темір Қазық" түсінігін байланыстырды Пайғамбарымыз Расул Алаһының "Һижери", "Миграж" (Ал-Асра) сапарларының байланысын, оның мүшел есебімен байланысын көрсетеді.

Әсіресе бір ғажаб нәрсе шейт, суннит болып бөлінудің хата екенін дәлелдеген тамаша өрнектер бар. Бұл жөнде бұрынғы мәліметтер толықтырылған. Нағыз діни, ғылыми-тарихи деректерге сүйелінген. Осы айтылған сияқты ірі мәселелерге қатысы бар көп сандар келтірілген. Олардың талдауын автор оқушыға қалдырған. Демек мұнда өте құнды ой туғызатын мәселе көп.

18/5-1991 ж.

Дәптер әлі аяқталған жоқ (жазылғаны 41 бет).

Он бесінші кітаптың екінші бөлімі (42-100 бет).

Құран Кәрімде " " белгісі берілген жеті сүре бар 40-41-42-43-44-45-46. Солардың ортасына 43-сүре "*Ал-Захраф*" –"көрік" мағынасында. Сол Көрік деген сөзді кең түрде алып, ол ғаламның, адамның, ғаламаттың көркі деп қарап, соған тамаша дәлелдер келтірілген. Алдымен ол 43 "Кемпіркосақтың" табиғи көрініс бұрышы ретінде қаралған. Яғни 43°. Оның өзін зам-зам тамшысына байланыстырған. Кемпіркосақ көп халықтардың түсінігінде Аспан көпірі мағынасында. Ол-Нұх пайғамбарға жауын аяқталудың –Күн ашылудың белгісі болған.

Ол –"Көрік" алдымен көрікті есімдерге байланысты (Асми Ағзамға). Оның басы сол көріктен басталған,. Ол –"Жамил", ол – "Хамды", "Алхамды", ол-Нұр-Мухаммад, ол –Жүрек, ол - әл-Хадид –темір мағынасына жалғасады... *Сәуленің басынан бастап – Алмисақтан бастап таралу заңын берген әл-Фараби.* Барлық Европа сонан алған. Сол кездегі зерттеу заңы бұл күнде барлық

ғалам ілімінің негізгі, квант-фотон мағынасына соғады. Осы жағынан келіп автор *Расул Аллаһының аспан сапарындағы көргендері мен қазіргі ғылымның табыстарын салыстырады, тамаша сәйкес өрнектер береді.*

Автор бұрын әл-Фараби санаты (көпірі) атымен темірдің тағы бір тамаша тұрақты қатысын тапқан. Оның өзі жалғыз темір емес, барлық химиялық элементтерді басқа жаңа тұрғыдан қарауға мезгейді. Мысалы $E_1 = 5/3(h+A)$, мұнда E_1 – электронның кинематикалық қуаты, h – Планк тұрақтысы, A – темір тұрақтысы, $5/3$ – Әл-Фарабидің бас нотасы "ми" – Муштари-Алтыншы аспан (Юпитер-Шоңай) мақамы.

Осы сияқты негіздер арқылы автор тау-тастың жарылуы (бұзылуы), кристалдардың пайда болуы – бәрі-бәрі келіп, ғаламның басқы (әдепкі) нұрының әсерінен деген қорытындыға саяды. Оның өзі бүгінгі барлық ғылым негіздеріне соғады. Осындай күрделі қорытындыға келер жолында талай тамаша ойлар, өрнектер, дәлелдер жатыр. Оның игі ой тудыратын, ғылыми тәрбиелік маңызы зор. Соның ішінде бұл әсіресе исламға жала жабушыларға, Құранға жеңіл қараушыларға тиым болар еді. Мысалы: "әзәзіл жырлары" сияқты надандыққа қор болар еді. Ондай надандық өз арамызда да қазір аз емес. Соларға да тоқтау болар еді бұл.

Жинақтаушыдан: "Табиғат матбуғат" кітабының кәдімгі 12 беттік көгілдір оқушы дәптерлеріне жазылған кітап аз аға Ақаңның өзі тұжырымдаған мазмұнын мәшинкаға бастырып, екі данасын иегесіне, әдетімше бір данасын ағаның рұқсатымен өзімде қалдырып едім... Ертедегі шығыс шәйірларының әдетінше кітабын бірнеше "дәптерге" бөлген Ақаңның қолжазбасымен танысуға маған мүмкіндік болмады. Себебі: дәптерлердің төтенше араб әрпімен жазылуы болды (және оны кириллицаға аударатын о кезде танысым да жоқ болатын). Азадан "неге араб әрпімен жаздыңыз" дегенімде: "Мәтінде келтірілген Құран аяттары мен атауларды АБЖД есебіне салуда ыңғайлы болуын қалағандығымнан деген-ді.

Кейін аға бақи болып, оның 100 жылдығы қарсаңында мұраларын жинастыру барысында зайыбы Жамал ханымға бірнеше мәрте арнай барған едім. Бірде: Республикалық мұрағатқа өткіздім деді. Онда болмай шықты... екінші жолы, (сірә Жәкеңнің көңіл күйінің жоқ күйінде кезіктім бе); "... арабша жазылған ғой... Машанов кімге керек, оның шимайынсыз-ақ дүние шалқып жатыр емес пе, үйде қопсып жатқан екі қап қағаздарын жағып жібергенмін...". Ішім ұдай ашыса да, үмітсіз сайтан дегендей, енді бірде тағы да сұрағаным бар: "... арабша жазылған Құран тәпсірі емес пе - ол бар... Ол ғабдолға өсиет етілген". Тағы да құр қол қайтқан жолы: "Осы, мені кіріптарлыққа душар еткен не, Ақаңның дүниесін ұрпағына ұсынудан басқа жазғаным бар ма" деген пұшайман күйімді ақтара сала жаздап, өзімді зорға тежегенім бар-тын.

Дәптер мазмұны бағайлатқандай "Табиғат матбуғат" баба ғылымын қазақтың ұлттық ұғымымен сабақтастыра, бүгінгі ғылым жетістігімен астастыра қарастырылған фарабитанудағы сонылығымен ерекшеленетін - қайталанбас дүние екендігін аңғару қиын емес. Бұл Ақаның әл-Фараби мұрасын зерттей отырып, зерделеу нәтижесі деп түйіндеуге әбден боларлық. Осы ретте "әл-Фараби және бүгінгі ғылым" еңбегімен "Табиғат матбуғат" баба мұрасын зерделеуде бір-бірін толықтырып, "Екінші ұстаздық" даналық дариясының сегіз қырын бірдей қанықтайтын дүние екендігі күмәнсіз. "Дәптерлер" кімге өсиет етілсе де, тек бар болғай деген үміт отын сөндірмей әзірге оны тірек студент басқа шара қалмады.

ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ИСЛАМ

Автордан: Әбу-Насыр әл-Фараби бабамыз араға 1100 жыл салып, ұрпақтарымен қайта қауышып отыр. Одан қалған ұлан-ғайыр қазына-мұраны зерттегеніме де 35 жыл болды. Бұл мерзімде, әрине, қилы-қилы өткелең-өткелдерден өтуге тура келді. Енді бүгін ұзақ жылғы еңбектердің жемісін саралап, іріктеп, ғұлама бабамыздың ілімін замандастарымызға жеткізуге тырысудамыз.

Әбу-Насыр әл-Фараби ислам дінін ілім, ғылым ретінде зерттеп, ғылыми-тұрғыдан түсіндіре білген. Бүгін өздеріңізге ұсынылып отырған еңбекте әл-Фарабидің діни қағидаларымен қысқаша таныстыра отырып, әл-Фарабидің шұғыланамасы, нұрнаамасы туралы кеңірек мағлұмат беріп, бүгінгі ұрпаққа қажет деген ислам дініне қатысты кейбір жәйттерді қозғап отырмыз. "Келісіп пішкен тон келте болмас" деген. Ұлы бабамыздың мұраларын зерттеп жүрген ғалымдар, осы еңбек ой салған оқырмандар болса, ой-пікірлерін қосып, атсалысар деген үмітіміз бар.

Ислам діні барлық діндердің таза асылдарын тегіс ішіне алған қорытынды, жиынтық-жамия дін, заманның ақырғы дәуірінің діні.

Бүкіл ғылым болып, соның ішінде адамзат болып сатылап өркендеуде, дамуда, кәмелеттенуге келеді. Соның соңғы шыңында ислам діні дүниеге келді. Осы заман - ислам дәуірінде болуға тиіс табиғи, ғылыми, тарихи, жетістіктерді, оқиғаларды, апаттарды - бәрі де Исламның діни кітабы "Құран-Кәрім" ескерткен. Демек, Ислам ілімінде дүниеде бұрын болғандар да, келешек болатындар да тегіс айқын көрсетілген. Басқаша айтқанда Ислам әрі дін, әрі ғылым. Екеуін бір-бірінен ажыратып, алыстатуға болмайды.

Ислам ақырғы, қорытынды дін болғанда, оның елшісі Мұхаммед расул Алла ақырғы, ақыр заман Пайғамбары. Одан кейін пайғамбар дүниеге келген емес, келмейді де.

Мұхаммед Алланың елшісі.

"Хақ дінді барлық діннен жоғары ету үшін сендерге Алла Пайғамбарын

тура жол-ахиқи дінмен жіберді" (48-сүре, 28-аят). Ғаламның иесі—Тәңірінің жүз түрлі қадірлі есімдері белгілі. Солардың ішінен екеуін еске алайық. Оның бірі "Заһру" (ашық мағлұм,) екіншісі Батну (жабық мағлұм). Исламның негізгі жолы осы — екеуін қатар ұстауда, бірі арқылы бірін табуда. Әл-Фарабидің ислам ілім жолы осы.

Адам баласын Тәңірім ақылды етіп, жан (рух) иесі етіп жаратты. Бес ашық сезім берді: көру, есту, иіскеу, сипау, тату. Осылардың арқасында сен Алланың жаратқан табиғат дүниесін біле аласың, білуге міндеттісің. Ол арқылы сол дүниені жаратушы иесін де танитын боласың. Екінші жағынан Тәңірінің жаратқан ғаламын тегіс қамтуға сенің ашық сезімдерің жеткілікті емес. Оның ар жағында өте терең, нәзік жасырын тұрған жабық дүние тағы бар. Оны сен ақылың арқылы топшылайсың, рухың арқылы сезесің, сенімің арқылы одан тірек, хабар аласың. Ол хабар жай адамдарға табиғи сезім арқылы, түс арқылы ишарат етіледі.

Пайғамбарларға уаһи, ильһам ретінде періштелер арқылы жіберіледі. Осы екі жолды қатар ұстау мұсылмандық ілімнің негізі болмақ.

Тәңірі өзінің жаратқан ғаламын тану керек екенін Құранда талай жерде ашық көрсеткен. Бір мысал келтіреміз: "Уа ал-салам зат ал-ражиғ, уа ал-арзы зат ал-садғи" (86-сүре, 11-12 аяттар). Мұның қазақша мағынасы: "Қайталаушы аспанмен, жаралушы жермен ант етемін". Бұл сүренің басында: "Аспанмен тариқпен ант етемін". "Тариқ" - жарқыраған жұлдыз деген сөз.

Осы сөздердің өзі бүкіл Құс жолын он екі мүшел жұлдыздар тобын, жеті қат Көкті, соның ішінде, Жерді, ондағы адам өмірін тегіс қамтыған. Ғаламның айналыс (қайталау) заңын, Жердің бөлшектенген жарығын сөз етуі, әрине, тегін емес. Осы айтылған құбылыстардың өзара терең байланысы барлық ғылым дүниесінің арқауы болып табылады.

Егер де адам баласы, соны түсіне білсе, осы заманғы апаттар болмас еді. Осы сынды аса күрделі мәселелер әл-Фараби еңбегінде талданған.

Барлық жан иелерінен, соның ішінде періштелерден де адамның артықшылығы - оның білімінде. Алла Тағала адамға заттардың аттарын үйретті (2-сүре, 31-аят), Заттардың аттарын, есімдерін білу деген сөз солардың қасиетін, санын-сапасын, орнын, қызметін білу деген сөз. Сонымен, адам Тәңіріне тағат-ғибадат етумен қатар ілім-білім жинап, дүниені тануға арналған тіршілік иесі. Ол ғылым әміріне сенуші, ақыл иесі адамның қолында жақсылыққа бастамақ. Осы қағидаға тоқтаған, сенген періштелер адамға сәлем етті. Тек Ібіліс одан бас тартып, адамның жақсылық — ғақли рухани қасиетіне сенбеді. Оны тек ішім-жем нәпсісі билейді деген ой болды. Сол себепті ол Тәңірінің жақсылық рахматына сенбеді, кәпір болды. Сондықтан Ислам ғылымдағы сенушілік - періштенің ғылымы, сенбеушілік - шайтанның ғылымы деген.

Әр нәрсенің есімі дегенде оны кеңірек түсіну керек: зат есім, сын есім, сан есім, есімдік тағы басқалары.

Мысалы, тас деген бір заттың аты болсын. Бірақ бұл сөздің (заттың) толып жатқан тарауы бар. Мындаған минерал, кристалл, тау жыныстарының түрлері бар. Олардың әрқайсысының әр түрлі түстері бар, қасиеттері бар, пайдаланатын орындары бар, шығатын жерлері-кендері бар... Солардың бәрі сан есім, сын есім деген қасиетті тудырады. Айталық, сутас – алты қырлы мөлдір ақ тас, ас тұзы төрт қырлы текше мұз тәрізді. Лағыл – қызыл әдемі асыл тас, мәрмәр – ақсұр жұмсақ тас, гранит – қызғылт-сұр түсті қатты тас деген сынды.

Осы айтылғандармен байланысты ғаламды құраушы заттарды бірнеше топтарға бөлу әдісі ертеден қолға алынған нәрсе. Сол топтастыруда алдымен негізге алынған нәрсе әр заттың бейнесі-геометриялық формасы болды. Оған себеп әрбір зат, дене өзіндік дара болу үшін оның бейнесі, яғни формасы болу керек. Онсыз оған жеке зат деп ат беруге, есім тағуға болмайды. Екіншіден, бір зат пен бір зат қарым-қатынас жасағанда, алдымен олардың сыртқы беттері, жақтары әрекеттеседі, үйкеленеді, қысылады, тағы сол себепті алдымен әр затты құраушы бөлшектің жазық беттерін қарастыру керек. әл-Фараби өзінің кітабында зат құраушы бөлшектердің негізгі төрт түрін көрсеткен. Олар мыналар: жұмыр (домалақ) бөлшек, үшкүл бөлшек, төрткүл бөлшек, бескүл бөлшек. Бұлар сан түрінде 0,3, 4,5 болады. Ойлап қарасаңыз, осылардан барлық сандарды шығаруға болады.

Мысалы: $0, 1+2=3, 2+2=4, 1+4=5, 2+3=5, 2 \times 3=6, 3+4=7, 4 \times 2=8, 4+5=9, 5+5=10...$ Осы сандарды әріппен беруге болады: А-1, Б-2, Ж-3, Д-4, Һ-5, у-6, з-7, х-8, т-9, и-10 ...

Демек, сөздер әріптен тұрады, сандар цифрлардан тұрады... Осы әріптер мен сандар арқылы заттардың басқа да барлық қасиеттерін сипаттауға болады. Осында келтірілген алғашқы төрт әріпті алайық: а, б, ж, д, яғни 1,2,3,4, жиыны болады. Ол дегеніміз $1+2+3+4=10$. Осы әріптер сан есімдердің негізі болып табылады және АБЖД есебі деп аталады. Әл-Фараби заманындағы ғылымды осы АБЖД (абжд) есебінсіз түсіну қиын. Сондықтан да осы есепті толық бермекпіз. Қазіргі, біздің ғылымның негізі осы есеп. Оны түсіндіру үшін қазіргі химиялық элементтерді мысалға алайық. Бірінші элемент сутегі, оның электрон саны 1, сол бойынша оның рет саны да 1: Ең ақырғы элемент уран (U), оның атомында электрон саны 92, кестедегі рет саны да 92. Оттегінің (O) атомында электрон саны 8, кестедегі саны да 8. Су молекуласын алайық: онда екі атом сутегі, бір атом оттегі бар (H_2O). Сонда су бөлшегінің саны $2+8=10$ болады. Демек АБЖД есебі бойынша ертедегі ғылыми-табиғи, діни түсініктерді қазіргі ғылымда жалғастырып, ғылыми тілмен түсіндіру арқылы бүкіл әлем, жаратылыстану жайлы білімімізді кеңейтіп, тереңдетуге болады. Бұл:

АБЖД ЕСЕБІ. Қазақша зат есім, сан есім деген түсініктерді ойлап қарасақ, есімнің негізгі екі түрі барын көреміз, оның біреуі заттың аты болса, екіншісі - саны. Бұлардың бірінсіз бірі жоқ. Тәңірім адамға заттардың есімін үйреткенде осы екеуін қатар берген деп білеміз. Оған дәлел көп. Мысалы, бір мәліметтерде

мынадай сөз бар. Тәңірі тарапынан келген Жебірейіл періште адамға "АБЖД есебін үйренбесең тағат-ғибадатың қабыл болмайды" деген екен.

Осыған байланысты ертедегі алфавиттердің бәрінде әріптердің таңбасымен қатар сандық мәні берілетін. Ол өте керек нәрсе. Сонымен байланысты АБЖД есебіндегі сегізге талдау берілетін, Оны АБЖД тәпсірі деп атайды. Ол өз алдына бір мәселе. Бұл арада біз сол 8 сөзге топталған араб алфавитінің 28 әрпін сандық мәнге келтіреміз.

Осы есеп бойынша көп қайталанатын кейбір сөздерді, түсініктерді сан түрінде беру жиі қолданылады. Мысалы: "Бисми-алла Аллаһи Ар-рахман ар-рахим" деген сөйлемді 786 деп жазады, ал оның мәнісі айтылған сөйлемдегі әріптердің сандық мәнінің жиынын береді: б-2, с-6, м-40, А-1, Л-30, Л-30, Һ-5, а-1, л-30, р-200, х-8, м-40, н-50, а-1, Л-30, Р-200, х-8, и-10, м-40.

$$2+60+40+1+30+30+5=168$$

$$1+30+200+8+40+50=329$$

$$1+30+200+8+10+40=289$$

$$168+329+289+168+618=786$$

Сөйлемдегі 19 әріп және олардың сандық мәні 786 - ерте замандардан бері бүгінге дейін ғалымдарды тандандырған нәрсе. Бұл арада айта кетерлік бір нәрсе, арабша сөздерді, әсіресе, аят-хадис сөздерін жазғанда түпнұсқасын өзгертпей жазған жөн. Кейбір аудармаларда сөздің айтылуына қарай жазамын деп, түрін мүлде өзгертіп жіберетіндер бар. Ол, әрине адамдарды шатастырады.

Ертеден келе жатқан тағы бір мәдени мұра - заттарды топтастыру әдісі. Зат атаулыны бес топқа бөліп, солардың әрқайсысын түзу көпжақтылардың бір түрімен белгілеп отыратын болған. От тектес заттар-төрт жақты, жел тектес заттар сегіз жақты, су тектес заттар жиырма жақты, жер тектес заттар - алты жақты, жұлдыз тектес заттар - он екі жақты.

Әл-Фараби осы формаларды бәрін зерттеп, олардың қатынастарын тапқан. Заттардың кішкене бөлшектері үшкүл, төрткүл, бескүл түрінде болады деген Әл-Фараби қағидасы жоғарыда айтылды. Мынау келтіріп отырған көпжақтардың жақ формасы сол әл-Фараби үшкүлдеріне дәл келеді: 4, 8, 20 жақтар үшкүлдер түрінде, алты (6), жақты, жер төрткүл (шаршы) жақты, жұлдыз бескүл жақты.

Солардың ішіндегі ең негізгісі, ең басты орнықтысы текше (куб), яғни Қағба. Ол жер тектес заттардың бейнесі. Сол заттан, яғни топырақтан адам жаралған. Алғашқы Нұр сол топырақты ұнатып, соған тоқтаған. Екінші жағынан және соған байланысты ғаламның, соның ішінде Жердің ең негізгі тегі, тұлғасы темір. Сол темір жөнінде "Құран Кәрімде" бірнеше жерде айтылған, оған арнайы 57-сүре арналған. Біздің халқымыздың жұлдыз ғаламының айналатын орталығын Темір Қазық деп атауында тамаша терең сыр жатыр. АБЖД есебі бойынша текше (қағба) - темір (арабша хадид) сөздерінің мағынасы бірдей - 26. Ғаламның құрылысы, адамның тынысы, қанның жүрісі, жүректің соғысы — бәрі сол темірге байланысты, Қағба соның айғағы.

АБЖД есебін қолдану ғылымның, өнердің түрлі саласында қолданған, жақсы қорытынды берген. Мысалы, алгебрада, математиканың басқа саласында да, оптикада, музыкада, т. б.

Айталық, көбейту кестесінде де: екіні екіге көбейту төрт деудің орнына - *бабад*, екіні үшке көбейту алты деудің орнына - *бажу* сияқты т. б.

АБЖД есебінің қызықты жұмбақ қолданулары бар, солар ғылымға қызығушылықты оятар. Сондықтан да бұл әдісті қайтадан қолданып, зерттеген жөн.

Білім және еңбек. 1993. №11.

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ НҰРНАМАСЫ

Әл-Фарабидың: "Табиғат ғылымының жоғарғы асыл тегі" деген еңбегінде мынандай бір сөз жазылған. Мұхамад Расул Алланың қасында жүретін Жабр бин ғабдолла атты бір сахабасы сұраса керек: "Иә, расул Аллаһ! Тәңірің ең бірінші жаратқан не нәрсе?" - деп. Оған Мұхамад расул Аллаһ айтқан: "Иә, Жабр! Алланың ең бірінші жаратқаны сенің пайғамбарыңның нұры", - деген. Осы бір ауыз хадис бүкіл ғаламның кілті болып табылады. Осыдан кейін расул Аллаһты ислам елі Нұрмұхамад атаған.

Осы сөздің сандық мәні мынандай: $H=50$, $\varphi=6$, $p=200$; "нұр" деген сөздің жиыны: $50+6+200=256$ Мұхамад деген сөздегі ортадағы М әрпі созылып айтылды (тәштит арқылы), сол себепті оны кейде екі рет алады, бірақ негізінде бір рет алуға болады. сонымен: $M=40$, $X=8$, $M=40$, $d=4$ жиыны: $40+8+40+4=92$ болады. бұған тағы бір "М" әрпін қоссақ болады $92+40=132$. Осы кейінгі сан арабша *қалаб* (жүрек) деген сөзбен және *сабиғ* (жеті) деген сөздермен сандас. Екінші жағынан бұл санды мына түрде жазуға болады: $12 \times 11 = 132$.

Жыл 12 ай-мүшел. Оның бірі ерекше ай, яғни рамазан. Қалған 11 ашық деген ишарат бар сияқты. Осымен байланысты Құранда айтылатын жыл 12 ай, көк жеті қат (7) деген сөздер еске түседі. Осы екеуін қосқанда және алғанда болады:

Бисми-аллаһ – сөзіндегі қарып саны -19. Құрандағы (74-сүредегі) он тоғыз деген сан есте болсын және 5 парыз, 5 уақыт намаз есте болсын.

Енді бір "М" арқылы алып, оны нұрға қосуымызға болады: $256-9-348$ (Нұрмұхамед).

كتاب الحيل الرومان والاسوار
الطبيعه دقيقه الا تشكل الهندسة

Ғаламның алғашқы нұрына, оның дамуына арналған әл-Фарабидің бұл еңбегін біз қысқаша "Космология" атадық. Тәңірі жаратқан ғаламның ту басына бастап, Құран аяттарына, хадистарға және өзінен бұрынғы ғалымдардың еңбектеріне, өзінің өлшеу, бақылауларына сүйене отырып жазылған бұл еңбек табиғаттану ғылымының негізі болып табылады. Сонымен қатар ол ислам дінінің ғылыми басы болып табылады. Бұл еңбекті біз қазақша аударғанбыз. Оның көлемі шағын – 24 бет. Осыны арабшадан аударғанда мешіттің ғалымдары маған көп көмектесті. Ол кісілердің есімдерін осы арада еске алуды мен өзіме міндет деп санаймын. Бірінші Ғаббас Отарұлы Елеусіз. Бұл кісі 104 жасында қайтыс болды. Екінші Рахим Сәрсенұлы, бұл кісі де сол шамалас еді. Алматы мешітіндегі осы қариялар арабшадан аударуға алғашқы болып көмектескендер. Үшінші аудармашы Қарағанды мешітінің имамы Қажыбай Мәндібайұлы. Осы кісілер және Қазақстан діни мекемесінің сол кездегі басшысы Қазі Садуақас Ғилманұлы (діннің, соның ішінде әл-Фараби мирасын зерттеу ісінің қиын кезінде жәрдем еткендер). Оларға Алланың рахматы, пайғамбардың шапағаты жаусын!

Осы тамаша кітаппен әл-Фарабидің екінші бір еңбегі байланысады. Ол еңбек физика-математика саласына арналған. Оның аты "Китаб ал-хийал ал-руханийа уа ал – асрар ал-табиғийа фи дақайқ ал-аш-кал ал-һандасийа".

Әл-Фарабидің 1100 жылдық тойының кезінде арабшадан орысшаға аударғанда ол былай аталған:

"Книга духовных искусных приемов и природных тайн о тонкостях геометрических фигур". Мұны қазақшаласақ жобасы мынаған келеді: "Геометриялық фигуралардың нәзіктігі жайындағы рухани шебер тәсіл мен табиғи сырлар кітабы". Әл-Фарабидің бұл кітабында қойылып отырған мәселе өте күрделі, ол геометрия ғылымының табиғат сырын шешудегі орнына арналған. Жоғарыдағы біздің аудармаларымыз кітаптың арабша атын дұрыс бере қоймайтын сияқты. Сол себептен оның арабша нұсқасын келтіріп, оқушылармен бірге ойласып қарасақ деген мақсат бар:

Мәселе мұнда табиғат дүниесінің жасырын сырларын рухани қабілет бойынша геометриялық әдіспен талдауда. Сол себепті бұл кітапты біз қысқаша табиғаттанудың геометриялық жолы деп аламыз. Айтылған "Космология" табиғат дүниесінің басы болса, бұл еңбекті тікелей соның жалғасы деп білеміз.

Космологияда иман шарттың алғашқы сұрағына, яғни: "қашаннан бері мұсылмансың?" деген сұраққа жауап берілген, яғни "әлімсақтан бері мұсылманмын" деген жауапты екінші кітапта бар деуге болады.

Бұл кітапты жазудағы себебім, дейді әл-Фараби, геометрия ғылымы бұрыннан келе жатқан нәрсе бола тұрса да, оның табиғаттану ғылымы мен философияға бірдей керектігін ғалымдар толық ашып түсіндіріп бере алмаған.

Олардың бұл жөніндегі кітаптарын қарасақ ұсақ мәселеге толы, бірақ нағыз ірі, маңызды мәселелер кірмей қалған. Сол себептен мен осыларды

реттеп, он кітап етіп жаздым. Басынан аяғына дейін Аллаға хамды сана айтамын", - деп жазады ол.

Әл-Фарабидың осы сөзінде өзінің ғылыми сыры жатыр. Ол кісі өзінің "Китаб ал-музыки, ал-кабир" ("Музыканың үлкен кітабын) атты ірі шығармасын Сирия әмірі Сейф-Ат-Даулаға апарып тапсырғанда былай деген: "Сен маған музыка жөнінде кітап тауып бер деп сұраған едің. Ол тапсырманды мен кешіктіріп әкеліп отырмын. Мен ойлап едім, осындай кітаптарды тауып алып, көп болса да көшіріп, сәл түзетіп бұрынғы жазған адамның атын сақтап, сонымен құтылатын шығармын деп. Мәселе олай болмай шықты, өйткені саған беруге жарамды музыкалық еңбекті мен таба алмадым. Өткен замандарда ірі-ғалым, музыканттар болған ғой. Бірақ солар бізге қандай да бір себептермен жетпей қалды. Әйтеуір мен бұл кітапты тыңнан өзім жазуға тура келді. Басқа саладағы еңбектерінде де әл-Фараби осыған ұқсас пікірде болған. Сондықтан да Әл-Фараби еңбектерінің барлық түрінде оның жаңадан қосқаны бар. Әл-Фарабидің өз жанынан қосқандары өте терең ғылымның жаңа саласы болып шығады. Оның даналығы, ғалымдығы және хакімдігі осында.

Мысалы, әл-Фараби еңбектерінде бұрынғы ғалымдардың ілімдері айтылатын болса, соның ішінде бір жерінде немесе әр жерінде оның өзіндік қосымшасы табылады. Ол кісінің екінші ұстаз (әл-Мұғалим, әл-Сани) деген ныспы алуының бас себебі осында.

Геометрияға қайта оралайық. Гректің атақты ғалымы Евклид геометрия саласындағы барлық ғылымды жинақтап беріп кеткен. Бірақ оның еңбегінде ең керекті нәрсе жоқ, табиғат құбылысы жоқ, физика жоқ, архитектура жоқ, музыка жоқ.

Демек, Евклидтің, Архимедтің, Птоломейдің тағы басқаларының ілімдерін әл-Фараби толық пайдаланды. Соларды әрі қарай дамытып, оптика, акустика, архитектура, музыка салаларына ұштастырды. Оның аты табиғаттану ғылымына физика-математикалық негіз қолдану. Әл-Фараби туындысының ұтымды күшті жағы осында. Бұл мәселені ол тек жазып дәлелдеп қойған емес, іс жүзінде жасап, қолданып көрсеткен. Өз кезегінде бұл біртіндеп философия – пәлсафаға ұласқан. Аристотельдің пәлсафалық еңбегі "Ма уари ал-табиғат" "Метафизиканы" алайық. Әл-Фараби бұл мәселемен көп айналысқан және өз заманының ойшылдарының арасында алдыңғы қатардан орын алған. Философияның "Метафизика" деп аталу себебі ол "табиғат ғылымынан кейін" деген мағынада, яғни пәлсафа ғылымымен айналысу үшін одан бұрын бірнеше ғылымдарды игеру керек. Соның ішінде алдымен табиғат ғылымдарын білу шарт, өйткені ол адамға ең жақын, ең қажет ғылым.

Оның атауының өзі соны көрсетеді. "Гео" - жер, "метрия" - өлшеу. Сол жерді құраушы заттардың бәрінде геометриялық формалар бар. Формасыз зат жоқ. Сол форманы өлшейтін, зерттейтін геометрия.

Жер өлшеудің және аспан өлшеудің негізгі бір түрі ежелден аспан

шырақтарының жүрісін бақылау, соны өлшеу болған. Айталық Күннің батысы, шығысы. Айдың тууы, толуы, солуы, жоғалуы, өліарасы, жыл маусымы тағы басқалары. Бұлардың бәрі адамның өміріне, ғылымына, дініне керек. Айталық, ораза, құрбан, маулыт, қибла, намаз деген ислам парыздарын өтеу айтылған бақылауларды, өлшеулерді керек етеді.

Әл-Фараби осыларға көңілін көп бөлген адам. Сол еңбектер ішінен мысалдар келтіреміз.

Қибла тану. Намазды Мекке шаһарындағы Қағба мешітіне қарап оқу керек, қибла сол бағыт, яғни соны тауып барып, бірақ намаз оқу керек. Ол үшін Меккенің және өзіңнің тұрған жеріңнің географиялық өлшемін (координатасын), бойлығын, ендігін білу керек. Ол үшін Меккенің жер бетіндегі орамын айыру керек. Оны айырудың ерте заманнан белгілі, дәлді әдісі бар — ол көлеңке өлшеу.

Тегіс жерге тік сырықты қадап қойып, соның көлеңкесін бақылайтын болсақ, сол бойынша уақыт өлшеуге болады. Ол күн сағатының бір түрі. Күн сағаты бұрынғы кездері мешіттерде болған.

Күн сағатының сызығын жүргізу өрнегі мынандай: $tgx = tgt \cos \varphi$.

Мұнда tgx іздеп отырған сағат сызығымыз, оны қазіргі ғылымда тангенс X дейді, арабша көлеңке X (зил X). Көлеңке — зил — деген сөздің бірінші әріпінің сандық мәні 900, екіншісі 30, жиыны 930.

t — күннің сағаттық уақыты, φ — ендік бұрыш. Оның синус жиб аталуы, косинус жиб тамам дегені соның жалғасы деген мағынада. Арабша сол сияқты тангенс — зил (көлеңке) аталас, котангенс зил тамам болды. Бұл мәселеге тоқтап отырған себебіміз осы түсініктердің қалыптасуына әл-Фараби зор үлес қосқан. Одан бұрын гректерде, Евклид еңбегінде синус сызығының екі есе түрі, яғни хорда қолданылатын.

Хорда садақтың бауы — жібі немесе шек мағынасында айтылатын. Әл-Фараби соның жартысын алып, оны көлеңке сыры ретінде пайдаланған. Осымен байланысты күн сағатын жасаған, осымен байланысты синус заңын (теоремасын) қалыптастырған, осымен байланысты барлық сфералық тригонометрия негізін жасаған. Соны Птоломейдің "Алмагес" атты астрономиялық еңбегін аударуда, талдауда қолданған. Бұлардың бәрі қазіргі ғылымда зор орын алатыны белгілі.

Күн сағаты бойынша түстік сызықты, яғни меридиан — бойлық бағытты айыру оңай. Жерге қадаған сырықтан түскен көлеңкенің ең қысқарған немесе жоғалған кезіндегі бағыт — сол бойлық - меридиан бағыты болады (меридиан — латынша түстік сызық деген мағынада). Ол бағытты дәл айыру үшін оның екі жағынан ұзындығы бірдей көлеңкені бақылау керек, яғни солардың бағытын тауып, солардың дәл ортасынан сызық жүргізсек, сол меридиан түстік бағыт болады, сол Жер шарының екі төбесін (полюстерін) қосатын сызық бағыты болады. Күннің шығысы мен батысын өлшеп, ұзақтығын табуға болады. Сол арқылы ендікті табу да қиын емес.

Осы мәліметтер бойынша екі қаланың арасындағы бағытты айырудың өрнегі бар:

$$\sin \alpha = \frac{\sin(z_2 - z_1)}{\sqrt{\sin^2(z_2 - z_1) + \sin^2(\gamma_2 - \gamma_1)}}$$

Мұнда алынған қалалардың бойлық және ендік бұрыштары. Осы өрнек бойынша Алматы мен Мекке арасының бағытын айырамыз, яғни қибла айырамыз: Мекенің бойлығы $39^{\circ}45'$, ендігі

$21^{\circ}24'$. Алматының бойлығы $77^{\circ}00'$, ендігі $43^{\circ}00'$. Алматының қибласы болады:

$$\begin{aligned} \sin \alpha &= \frac{\sin(77^{\circ} - 39^{\circ}45')}{\sqrt{\sin^2(77^{\circ} - 39^{\circ}45') + \sin^2(43^{\circ} - 21^{\circ}24')}} = \frac{\sin 37^{\circ}15'}{\sqrt{\sin^2 37^{\circ}15' + \sin^2 21^{\circ}35'}} \\ &= \frac{0.605}{0.710} = 0.55, \alpha = 58^{\circ} \end{aligned}$$


(1-суретті қараңыз).

Енді түстік бағытта күн сағатының басқа сызықтарын табуға болады. Келтірілген кестеде Алматы үшін ендік $\phi=43^{\circ}$, сондықтан оны мынау түрде жазамыз.


$$\text{tg} x = \text{tgt} \cos 43^{\circ} = 0,73 \text{ tgt} .$$

Онан әрі қарай әрбір сағат 15° болады, яғни шеңберді 24 сағат тәулікке бөлеміз: $360^{\circ}:24=15^{\circ}$ Демек $\text{tg}0^{\circ}, \text{tg}15^{\circ}, \text{tg}30^{\circ}, \text{tg}45^{\circ}, \text{tg}60^{\circ}, \text{tg}75^{\circ}, \text{tg}90^{\circ}$ болып алынады. Бірақ олардың аралары бірдей емес, $\text{tg}x^{\circ}=0, \text{tg}15^{\circ}=0,268, \text{tg}30^{\circ}=0,577, \text{tg}45^{\circ}=1, \text{tg}60^{\circ}=1,731, \text{tg}75^{\circ}=3,73,$

1-суретте кел жұлдыздың түстік бағыты көрсетілген.



$\operatorname{tg}90^\circ = 0$. Осы сандарды 0,73 көбейтіп, сол бойынша $\operatorname{tg}x$ табамыз. Мысалы, $\operatorname{tg}x_0 = 0,73 * 0,0 = 0$, $x_0 = 0^\circ$, $\operatorname{tg}x_1 = 0,73 * 0,268 = 0,206$, $x_1 = 11^\circ 37'$ тағы солай. Одан соң сағат сызықтарын жүргіземіз.



1а-суретте қибланама бағыттары берілді. Басқа жерлерінің қибла бағытын көрсетілген әдіс бойынша әркім өзі тауып алады. Суретте бірнеше ислам елдеріндегі белгілі қалалардың қибла бағыты да көрсетілген. Осы суретті ойлап қарасаңыз, талай тамаша жайларға апарады. Дүниенің ортасында ғажайып текше қағба, ол Хақтың үйі, ғылым нұрының жердегі шоғырланған шұғыласы деп біліңіз. Соны танып, соған иман келтіріп, намазда бетіңізді солай бұрасыз, яғни осында зор ишарат тұр. Сол ишараттың геометриялық бір үлгісін әл-Фараби еңбегінен табамыз. Оны біз әл-Фараби шұғыласы деп атадық.

Зерде. 1994. № 2.

"ҚАЗЫҒҰРТТЫҢ БАСЫНДА КЕМЕ ҚАЛҒАН..."

Табиғат құбылыстарын бақылау, өлшеу, зерттеу істерінің негізгі әдісі – есеп ғылымы - арифметика, геометрия. Оның біріншісі санау үшін, екіншісі құрылыс өлшеу үшін. Осы екеуіне де әл-Фараби зор еңбек сіңіріп, жаңа дәрежеге көтерген. Әл-Фараби енгізген сол жаңалықтар осы кездегі ғылымда зор орын алады. Оның біреуін біз жоғарыда ойыс айнада көрдік. Сол секілді тағы бірер мысал келтіреміз.

Біздің жыл санауымыздан 300 жыл шамасы бұрын өмір сүрген грек ғалымы Евклид өзіне дейінгі геометрия саласындағы барлық ғылыми табыстарды жинақтап, он үш кітап жазған. Ол кітаптарын: "Мабади ғылым"- "Бастамалар" атаған. Сол "бастамалар" ғылым тарихында зор орын алған. Сол кітаптардың басты бес тақырыбын, яғни Евклид постулатын – аксиомасын – қағидасын көрейік:

1. Әрбір нөқаттан, екінші бір нөқатқа дейін түзу сызық жүргізуге болады.
2. Шектелген түзу сызықты сол бойынша үздіксіз ұзартуға болады.
3. Әрбір орталықтан циркульмен шеңбер сызуға болады.
4. Барлық түзу бұрыштар өзара тең болады.

5. Екі қатар түзу сызықты, үшінші түзу сызықпен кесіп өткенде бір жағынан пайда болған ішкі бұрыштары түзу бұрыштардан кем болса, сол екі сызықты әрі қарай шексіз ұзарта берсе, олар сол кем жағында бір нөқатта кездеседі.

Осы кейінгі қағида көп ғасырлардың көңілін аударған. Оны басқаша бермекші болған ғалымдар да болған. Мұның өзі қағида емес, теория болу керек, оны дәлелдеу керек деушілер болған.

Айтылған қағидалар мектеп оқушыларына айтылатын жабайы геометриялық ережелер деуге болады. Бірақ терең ойлап қарағанда, онда зор мәселе жатыр.

Бірінші қағиданы алайық. Екі нөқат арасына түзу сызық тарта салу үнемі дұрыс бола бермейді. Айталық, екі нөқат арасында сай болса немесе тау болса, мәселе басқа болмақ. Екінші қағида тағы осыған байланысты. Үшінші қағида тағы соған соғады: орталық нөқат айналасы тегіс болмаса, онда түзу шеңбер шықпайды.

Төртінші және бесінші қағидалар бір-бірімен байланысты. Тік (түзу) бұрыштар) тең болса, қатар сызылған екі сызықты кесе-көлденең үшінші сызықпен кесіп өткенде ішкі бұрыштары тең-түзу (тік) бұрыш болып шығады. Олай болғанда алынған екі сызық шексіз қанша ұзартылса да біріне-бірі кездеспейтін, қиылыспайтын параллель болу керек. Дүниедегі табиғи заттың әрбірінің өлшемі бар, көлемі бар. Олай болғанда шексіз сызық нені көрсетеді? Осы сынды күрделі таластар болмас үшін әл-Фараби геометриялық түсінік негізіне табиғат затының өзін алу керек деген тамаша терең желісті жаңа қағида қолданады.

Табиғат заттары алдымен сыртқы бетті заттар. Олар бірімен-бірі сол сыртқы беттері арқылы қатынас жасайды. Демек, алдымен мәселені нөқаттан емес, беттен – жазық-жақтан бастау керек. Ол аудандық өлшемі бар нәрсе. Оның екі өлшемі бар, ол ұзындығы және ені. Сызық болатын болса, ол сол ауданды заттардың қиысқан жапсары – шекара сызығы, ол тек бір ғана өлшемді.

Ал, нөқатты алатын болсаңыз, ол екі сызықтың қиылысқан орны және оның ешқандай өлшемі жоқ. Осы қағида бойынша негізгі өлшеуіш үшкіл, төрткүл, бескүл және орталықты шеңбер. Түзу сызық деген сөзді үздіксіз, шексіз емес, белгілі екі нөқат арасының қашықтығын өлшейтін кесінді деп білу керек. Жарысқан – параллель сызықтар түсінігі де соған ұқсас. Ол бір заттың аудандық бетін өлшеумен айырылмақ. Жазық беттермен шектелген денелерде көлемдік, үшінші өлшем пайда болады (ұзындық, ендік және биіктік). Түзу көпжақтылар барлық алғашқы ғылыми тектер негізі болған. Ғылым басы "Мабади ғылым" осыдан басталу керек. Міне, қысқаша әл-Фарабидің табиғи геометриялық қағидасы.

Табиғат ғылымдары тегіс қозғалыста. Ол қозғалыстың бізге білінетіні бар

және білінбейтіні тағы бар. Осыларды есепке алғанда, дүниедегі әрбір заттың қалпын біз бір орында қозғалмай тұр деп қарауға да болады, сонымен қатар түзу сызық бойынша қозғалыста деуге болады.

Түзу сызықтан бұрыс қозғалыс болса, ол дененің өзінің табиғи қалпы емес, басқа бір бөгде күштің әсері болмақ. Бұрыс жүрістен бұрыш шығады, бұрыш болса ол үшкілге соғады, өйткені түзу сызықтан бұрылғанда оның екі ноқаттың үстіне үшінші ноқат пайда болады. Мысалы, садақ жібінің кергіш бауы түзу сызық делік. Оған оқ тіреп тартатын болсақ жіп қисаяды да, садақ оғының сабағына тірілген жерде үшінші ноқат күшпен пайда болады. Домбыраның шегі де сол секілді, ол жай тұрған қалпында екі тиек арасында түзу сызық түрінде керілген де, оны тарта бастағанда адам саусағы тиген жері қисаяды. Осы мысалды әл-Фараби терең талдай келіп, үшкіл зерттеудің сол арқылы барлық геометрия ғылымының негізіне жаңалық енгізген. Үшкілдің әрбір жақтарын қарсы жатқан бұрыштың синусына (жібіне) бөлсек, сол тұрақты өлшеуіш сан болады деген пікір әл-Фарабиден қалған. Қазіргі ғылымда оны *синустар теоремасы* деп атайды. Сол арқылы барлық тригонометриялық теоремаларды шығару қиын емес.

$$\frac{a}{\sin \alpha} = \frac{b}{\sin \beta} = \frac{c}{\sin \gamma} = 2R$$

Осы заң бойынша Евклидтің қағидаларын талдау қиын емес. Мұнда үшкілдің ішкі, үш бұрышының жиыны болады 180° . Демек, оның екі бұрышы бірдей тік емес.

Осы талдауларды әл-Фараби өзінің мақаласында берген. Оның аты: "Шарх ал-мустаглак мин мусадри ал-макала ап-ауап уа ап-жамса мин Уклидас", яғни "Евклидтің бірінші және бесінші мақаласындағы қағидаларды түсіндірудің қиындықтары".

Әл-Фарабидың бірнеше ғана параққа жазылған ойлары кейінде көп ғасырлар бойы ғалымдарға жетекшілік етіп келеді. Соның ішінде осы қағиданы қолданған адамның белгілі біреуі Г. Галилей. Ол кісі әл-Фарабидің ойыс айнасымен қатар, Күн орталық қағидасымен қатар заттардың қозғалысы жөніндегі түзу сызық жөніндегі ойларын да пайдаланған болу керек. Бұл мәселені біздің еске алып отырған себебіміз, Әл-Фарабидың – Галилейдің осы қағидасын бұзамын деген бірсыпыра көрнекті ғалымдардың еңбектері қате екеніне көз жетіп отыр. Ол қателік жіберген ғалымдар арасында атақты Эйнштейн де бар.

Ислам ғылымында магнит заттардың, әсіресе темірдің тартушы күші-қасиеті деп біледі. Ғылымның тұтас қалпында жалғасуы – біріне-бірінің ілінуі сол магниттік күш қасиеті деп біледі. Сонымен қатар, жібек сынды затты үйкелесе, ол да өзіне қағазды тартады. Бұл да магниттің бір түрі деп таныған. Екінші жағынан жарық сәуле түзу геометриялық заңмен тарайды, сол бойынша

ол қосылады, сынады, сіңеді, шағылысады, шоқталады, оқ береді деген. Механикалық тарту қасиеті сәуле мен дыбыстың тарау қасиеті бәрі бір тектес заңға, алдымен геометриялық заңға бағынады деген түсінік болған.

Шұғыла оты (мұхарак) найзағай оттары – бәрі сәуленің шоғырлану әсерінен деген. Ол ғана емес, барлық ғалам басқа нұрдан таралған болғанда, ғаламдағы заттардың өздері (Ай, Күн т.б.) сол сәуле шоғырлануынан пайда болған деген қағида соғады.

Осы жағынан алып қарағанда өткен ғасырдағы Максвелл теориясын ислам елдері жатырқамай-ақ қабыл алды. Ол теория бойынша электр мен магниттік қарым-қатынастың таралу жылдамдығы жарық сәуленің таралу жылдамдығына тең. Сонымен, жарық сәуленің электр-магниттік табиғи негізі ашылды деп саналады.

Максвелл теориясы көзге көрінетін ірі заттар болғанда, олардың қозғалыстары баяу болғанда ғана дәл болады екен де, олай болмай, өте шапшаң, өте нәзік заттар болған жағдайда дәл келмейтін болған. Ол арада жарық сәуленің немесе басқа сәуленің сынуы, сіңуі, шағылуы еске алынатын болса, әл-Фарабидың геометриялық оптика әдісін қолданса, ешбір шатас болмайды. Олай емес, кейбір жаңсақ түсініктердің арқасында табиғи жарық сәуле барлық жағдайларда бір ғана қалыпты, тұрақты жылдамдықпен тарайды деген жаңсақ қағида орын алған. Эйнштейннің салыстырмалы теориясы осыған негізделген. Осыған байланысты ертеден келе жатқан заңдар қайта қаралған және релятивистік түсінік орын алған. Соның салдарынан ежелгі, кеңістік уақыт, бағыт түсініктері жайына қалып, барлығына қолдан жасалған салыстырмалы – релятивизм қағидасы үстемдік алған. Физика саласында оған ешбір жан қарсы шықпады.

Мысалы, ағаш басынан жерге құлап түскен алманы Жер тартуы десе де болады, яғни жер алмаға құлап түсті деп айтса да, релятивтік қағидаға теріс емес деп те айтуға барған. Оның аты табиғат дүниесінің болмыс қалпын, орналасу ретін, көлемдік, қуаттық қасиеттерін, бағытын бәрін жоққа шығарып, тек өздері қолдан жазған өрнекке әкеліп тоғыту. Мұның арғы жағында өте зиянды, қауіпті зіл жатыр. Адамға арнайы мекен болған тамаша ғаламның қасиетін жоғалту болмақ. Табиғат фазилат емес, тек біздің сезімге бағынышты зат деген түсінікке апарады. Соның әсерінен ғылымға сенім кетеді, барлығы да тұрақсыздық релятивизмнің тайғақ мұзына душар болады. Соның салдарынан адамдардың рухани дүниесі құлдырамақ. Осыны сезген ғалымдар кейінгі он-жиырма жыл ішінде бұл мәселені қайта қарап релятивизмның шектен шыққан қателерінен ғылымды тазарта бастады. Қысқаша айтқанда, ғылым қайтадан өзінің табиғи қалпына, ескі түзу арнасына түсе бастады. Оның аты әл-Фараби қағидаларының, ислам ғылымының шындығына жаңадан бетбұрыс басталды деген түсінікке апарады.

Әл-Фараби қағидаларын тура түсініп, дұрыс қолданса, ешқандай релятивизмның қажеттігі болмайды. Мысал үшін, әл-Фарабидің сәуле мен

дыбыс құбылыстарын геометриялық әдіс арқылы зерттеу жолдары бүгінгі ғылымға тура сенімді жол болып табылады.

Жоғарыда келтірілген синус ережесі кез келген үшкілдің айнала сызықтары мен оның ішкі бұрыштарын байланыстырады: үшкілдің түзу сызық қабырғасының қарсы бұрыш синусына қатынасы тұрақты сан, үшкілдің сыртынан сызылған шеңбердің кергішіне (екі өрісіне-диаметріне) тең. Ол шеңбердің ауданы біздің зерттеу өрісімізге тең. Сәуленің тарау, бұрылу, қисаю, шашырау, күшею, әлсіреу жолдары – бәрі сол үшкіл қағидасына келіп соғады.

Әл-Фараби бабамыздың осы тамаша қағидасы бойынша бір үшкілді мысал ретінде алып, сол бойынша кейбір ғылыми мәселелерге көз жіберіп қарайықшы: Ол үшкілді жоғарыда келтірілген байланысты алғанды жөн көрдік.

Онда мынандай қатынас бар:

$$\frac{a_3}{a_4} = \frac{r}{R} = \frac{\sqrt{5}-1}{2} = \frac{2.236-1}{2} = 0.618$$

Осында тұрған сандар әл-Фарабидің туған жерімен байланысты бір тамаша құрылыстан алынған деуге болады. Қазығұрт тауының басында Нұх пайғамбардың кемесі қалған жырды еске алайық:


"Басында Қазығұрттың кеме қалған

Ол әулие болмаса неге қалған".

Бұл мәселені біз "Тұран қақпасы" атты кітапта жаздық. Ол өте ғажап, терең мағыналы нәрсе. Бұл ара тек сол кемеңің негізгі құрылысы жайында Пайғамбарлар тарихында Нұх кемесінің ұзындығы 1200 аршын, ені 600 аршын, биіктігі де 600 аршын. Демек, бұл түйіскен екі текше түрінде. 1-суретте біз сол қос текшенің бейнесін келтірдік. Оның қос шаршы бетінің өлшемдері айтылған алтын қима сандарынан тұрады: 1, 2, $\sqrt{5}$.

Осылардан тұратын тік бұрышы үшкілдің сүйір бұрышы болады.

$$\frac{1}{\sqrt{5}} = 0,577 = \sin 26^{\circ}34' = \cos 63^{\circ}26'$$



1-сурет

Сол суретте қос текшенің көлемдік кергіші (диагонали) берілген $\sqrt{6}$
 Сонымен қатар, мұнда жеке текше өлшемдері көрсетілген (сол жақта)


$$1, \sqrt{2} \sqrt{3} \frac{1}{\sqrt{3}} = \sin 35^{\circ}16'$$

Сол арқылы келесі өрнектерді жазамыз:

$$35^{\circ}16' + 54^{\circ}44' = 90$$

$$35^{\circ}16' * 2 + 54^{\circ}44' * 2 = 70^{\circ}32' + 109^{\circ}28' = 180^{\circ}$$

Алтын қима қатысына байланысты тағы бір тік үшкіл жасаймыз: (2-сурет).




2-сурет.

$$\frac{0,618}{1,000} = \sin 38^{\circ}10' = \cos 38^{\circ}10' \approx \operatorname{tg} 31^{\circ}43'$$

Мұнда айтылған екі бұрыш арасының байланысы берілген:

$$\frac{\operatorname{tg} 63^{\circ}26'}{2} = 31^{\circ}43' = \sin 38^{\circ}10'$$



Мұнда келтірілген сан 154 (3-суретте) көрсетілген. Оның талдауы басқа кітапта бар. Мұнда оқушының өзі ойлансын деп беріп отырмыз.

Сол ойласуда мынау сандарды қарайық (2-сурет).

$$786 \pm 154 = \begin{cases} 940 = 47 * 20 \\ 632 = 79 * 8 \end{cases}$$

Мұнда 786 сөз басы: "Бисми Аллаһи ар-рахман ар-рахим" деген батаның сандық мәні екені айтылады.

Тәңірінің исми ағзам аттарының бірі оның әрдайым бәрінен бұрын барлығы *қадым*.

Осы сөздің сандық мәні болады: қ=100, д=4, И=10, м=40, жиыны болады: $100+4+10+40=154$.

Осы екі сөздің жиыны: $47*20=940$. Мұнда 47-күмістің (Ag) электрон (реттік) саны, ол Айдың металы, $20=5*4$ -пешене.

Айырмасы $632=79*8$. Мұнда 79 алтынның (Au) электрон саны (рет саны), ол Күннің металы $8=6+2$ (көпжақтар саны) пейіш саны.

Ғаламның екі ұлы шырағы Ай мен Күн осы арада осылайша бас қосқан. Ойлап қараңыз?

Зерде. 1994. № 6.

**АҚЖАН
ӘЛ-МАШАНИ
ТУРАЛЫ**

**Өкінбей, өлем демей өрге басқан,
Ерінбей тас бұлақтың көзін ашқан.
Қанып тұр бүкіл ғалам сол бұлақтан,
Саусаған ғылым іздеп шар тараптан.
Бұлақты жаратқанға жалбарынып,
Аршығанға "рахмет" деп
шулап жатқан".**

(Шәкәрім)

Рахманқұл Бердібай
ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі

ФАРАБИТАНУ ОСЫЛАЙ БАСТАЛЫПЕДІ

Әлемнің екінші ұстазы атанған, әмбебап энциклопедияшы ғалым, ұлы жерлесіміз Әбунасыр әл-Фарабидің өмірі мен қалдырған өшпес ғылыми мұрасы жөнінде азды-көпті хабары жоқ зиялыны бұл күнде кездестіру қиын. Бірақ осыдан қырық шақты жыл бұрын Фарабидың еңбегі түгіл есімін естіген адамдардың өзі саусақпен санарлықтай болатын. Қазақстанда фарабитану кешеуілдеп қолға алынса да, атқарылған істер баршылық. Соның арқасында данышпан ғұламаның аты халқымызға танылды, ұлттық мақтанышымызға айналды. Фарабитану елдік санамыздың деңгейін көтерген шын мәніндегі тарихи оқиға болды; Фараби өмірі мен шығармашылығы қазақ әдебиетінде тарихи тақырыпты шығармалардың күрт көбеюіне де серпіліс тудырды. Бұл ретте, А. Машановтың "Фараби" (1970) танымдық, Ә. Әлімжановтың "Ұстаздың қайтып оралуы", "Отырардан келген сый" романдарынан бастап, Д. Досжановтың повестерін, Ш. Құсайыновтың, О. Бодықовтың драмаларын, І. Есенберлиннің, М. Шахановтың поэмаларын, көптеген өлең, толғауларды, бірталай диссертацияларды, құжатты фильмдерді атап өтуге болады. Санап айтсақ Фараби атындағы музей, кітапхана, мектептер, көшелер, сыйлықтар, стипендиялар тізбегі желі тарта береді. Біз бүгін ондай кең шолулар жасамай, бір-ақ мәселеге, атап айтқанда Қазақстанда фарабитану қалай басталғаны жөнінде әңгімелеуді мақсат тұтып отырмыз. Сол үшін ХХ ғасырдың 60-70 жылдарында, әл-Фарабиді туған отанына таныстыру қызу қолға алынған кезде ғалым мұрасын насихаттауға белсене араласқан кісілердің бірі Қазақстан ұлттық ғылым академиясының академигі, профессор Рахманқұл Бердібай мен Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ҰТУ жанында құрылған "А. әл-Машани мен Шығыс ғұламаларының ғылыми-техникалық және руханияттық құндылықтары" тәрбие-танымдық оқу-әдістемелік Орталықтың директоры, ғалым-жазушы, профессор Шәмшиден Әбдіраманнның әңгімесі осы мәселеге арналған.

- Раха, Қазақстанға Фараби мұрасын қайта оралтуда ерекше еңбек сіңірген адамдар туралы айтып берсеңіз.

- Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарына дейін әл-Фарабидің есімі мен шығармаларын білген адам көп дей алмаймын. Өйткені Кеңес дәуірінде оқып, білім алғандардың бір де бірі мектепте немесе жоғары оқу орындарында Фараби жөнінде мағлұмат алып көрген емес. Ол кезде үлкеніміз де, кішіміз де "бұрын Қазақстанда қала, отырықшылық, мәдениет, мектеп, сауаттылық

болмаған, барлық жақсылық кеңестік құрылыстың жемісі" деген жаттанды тезиске бас шұлғып, ұйып қалғандай едік. Міне сондай кезде жұртшылықтың мүлгіген санасын оятқан бір фидайы ғалым болды. Ол – Қазақстан Республикасы ұлттық ғылым академиясының мүше корреспонденті, профессор Ақжан Жақсыбекұлы Машанов еді. Мамандығы геолог, ұстаздығы кен инженерін даярлау – ғылыми конференцияларда баяндама, хабарлама жасап, "әлемнің екінші ұстазы" әл-Фараби – қазақ жерінің перзенті, біз оның мұрасын білуіміз, зерттеуіміз" керек деп үн көтерді.

- Раха, сөзіңізді ресми құжатпен тірілтейін. Ақаңның ҚР ҰҒА-ның тұңғыш президенті академик Қаныш Сәтбаевқа жазған қызмет хаты сақталған. Хатта ол: әл-Фарабидің Түркістан мен Арыс арасындағы, арабша Фараб атанған Отырар елдімекенінде "түрік отбасында дүниеге келген Қыпшақ тумасы" екендігін айта келіп "ұзаққа созылған іздеу нәтижесінде кітапхана аралық абонементпен Лейденнен (Голландия) әл-Фарабидің үш кітабын алдырғандығын": оның екеуі арабша жазылған (1890-1895) "Рисала фисус аль-Хаким" ("ғылымның інжумаржаны") және "Рисала аль-Мадина" ("Қайырымды қала"). Бұлар профессор Дистеренидің неміс тілінде жазған алғы сөзімен шыққан әл-Фарабидің өз еңбектері екендігі, ал үшіншісі проф. Бруниелдің неміс тіліндегі "Әл-Фараби бойынша мемлекет басқару" (1904) кітабы болатын. Ақаң осынау ғылыми құнды кітаптарды қазақ және орыс тілдеріне аудару қажеттігін президентке мәселе етіп қояды. Қ. Сәтбаевтің хаттағы бұрыштамасында "Келісем. Іске асырылсын" деп 15/ХІ-60 ж. күні көрсетілген қолы тұр.

Ал, қазақ қауымында фарабитанудағы тұңғыш ғылыми зерттеуі Ақаңның Қазақ ССР ғылым академиясының Хабаршысында №5 (1961 ж.) жарияланған "Әл-Фараби еңбектері" туралы мақаласы дер едім. Раха, бұл ғылыми басылым зой. Ал, сол жылдары мезгілдік басылымдар әлем таныған тұлғаның қазақ екендігі туралы сүйінші сұрайтынын іліп әкетпей үнсіз қалу себебі неде?

- Шәмшиден, егер біз уақытты нақты атамай сол кезенді, алпысыншы жылдың басы, ортасы, аяғы деп топтар болсақ, сол алпыстың басында Ақаң бірді екілі мақалаларын алғашқыда "Білім және еңбек" (қазіргі "Зерде"), "Қазақ календарында", "Юный техник" журналдарында ғана жариялап жүрді, өйткені республикаға кең тарайтын газет, журналдар ол кезде мұндай мақалаларды баспайтын еді. Елдің көбі сонау Х ғасырда дүние жүзінің озық ғұламасы Қазақстанда туған дегенді санасына сыйғыза алмайтын.

- Раха, осы ретте өзім куә болған мынандай бір шындықты айтқым бар. Меніміше бұқаралық басылымында әл-Фараби туралы салиқалы мақаласы "Білім және еңбек" журналының №1 (1962 ж.) "Ғылымды үйрену туралы" деген үлкен тақырыппен Ақаңның "Әбунасыр әл-Фараби еңбегі – алғашқы рет қазақ тілінде деп алғы сөз жазған "Бабамыздың Фәлсафа (философия)

үйрену үшін қажетті шарттар туралы қағидасын (рисала)" мен әл-Фарабидің жасамыс жасындағы тік тұрған бейнесі дер едім. Сурет қашан салынған, авторы кім? Беймәлім. Кім болса да басындағы сәлдеден гөрі шошақ бөрік кигізіп және бір кітабы бір адамға жүк боларлықтай қалың кітап жатқан столға оң қолын салып, шапан ішіндегі кісе белбеуін көрсету үшін сол қолын артына ұстаған күйде өңірі ашық қыпшақ шапанмен тік тұрған баба бейнесі шамасы суретшінің әл-Фарабидің зұламалығымен қоса оның қыпшақ тумасы екендігін аңғартуды мақсат еткендігі шүбаландырмайды.

Мен ол кезде журнал редакциясында ғылым және техника бөлімін басқаратын жорналшы болатынмын. Мақаланы Ақаңның қолынан алып редакцияға әкелген де, оның алғашқы оқушысының бірі болған да менмін. Мақала шықты. Тым-тырыс. Әшейінде бұрын аты аталмай кеткен зиялылар туралы берілген дүниелерге пікір айтушылардан телефон түтігі босамайтынды. Енді кездесе жүріп журнал жанашырларының өзі ашық әңгімеден жалтаратын сыңай танытады. Сөз бола қалса дауыстары пәс, жан-жағына сақтана қарап алады, алдымен мақтаныштан күмән-күдігі көбірек айтылады... Сіз айтқан құлдық психологияның бір көрінісі осылайша көрініп жатты. Тек, 1963 жылғы "Юный техник" журналының №8 санында "Аль-Фараби – Аристотель Востока" деген 30 жолдай мақаладан соң көзіміз ашылып еді.

"Білім және еңбек" пен "Юный техник" журналдарының мәртебесі деңгейлес – жоғары сынып оқушыларын ғылым мен техниканы игеруге баулу болатын. Сол кезде екі редакция бір-біріне "қонаққа" барып тұратын. Сондай кезекті қонаққа "барғанымызда" "Юный техникке" 1962 жылдың №1 санында жарияланған, әл-Фараби туралы деректі ұсынған едік. "Юный техниктің" Москвадан шығатындығы ғана біз үшін, бүтін қазақ үшін ұлы бабамызға оң қарауға Кремль берген ресми рұқсаттан кем соққан жоқ. Міне кешегі, "көшпенділерде мәдениет те, білім де жоқ, бәрі ұлы орыс халқының арқасында..." делінетін қасаң идеологияның зардабы осындай болды. Сол кезде түрлі ғылыми жиналыстарда әл-Фараби туралы хабарлама жасаған кездерде Ақаңа "Машанов сіз инженерсіз – дәл ғылымның өкілісіз, ендеше нақты фактіңді көрсет" дейтіндер де, "Ақжан-ау мынау сәлде байлаған молдаңа жол болсын" деп әзілдеген болып бойын аулақ ұстағандар да көп болды.

- Осы айтқаның бүгінгі жастарға жалған болып көрінуі мүмкін, бірақ оны бізде көріп, естіп жүрдік. Бірақ соған қарамай Ақжан Жақсыбекұлының Қазақ мемлекеттік политехника институтында маркшейдерлік іс және геодезия кафедрасын басқара жүріп көтерілмеген "тыңның" – фарабитанудың ауыр жүгін арқалауға тәуекел етуі нағыз, әрі азаматтық ерлікпен барабар болды. Оның үстіне ол жылдарда Ақаңның жасы алпысты алқымдаған кез еді ғой.

Баба уақытпен санаспай, ғажайып мақсаттылықпен мүмкін-ау деген фарабитанудың барлық тәсілдерін қолданады, ғылыми—көпшілік дәрістер оқыды. Осындай дәрістерді ол М. Әуезов музей-үйіне орналасқан, менің басқаруымдағы Алматы қалалық қазақ әдебиеті мен өнері халық университетінде бірнеше жыл бойында жүргізіп отырды. Сондай бір кеште өзің де болған едің ғой.

- Сол кештегі әңгіме өзегі қазақтың таңба танымы жөнінде, оның фараби мұрасын зерттеудегі ұлттық дүниетанымымен сабақтастырыла өрбіп еді ғой... Мен сонда "әл-Фараби көпірі" фантастикалық әңгімемнен шағын үзінді оқып беріп едім... Кезінде Ақаң "мынада мені жазыпсың ғой" деп бар денесін солқылдатып күліп алған-ды.

- Шәмшиден, "Әл-Мисақ" кітабыңның басты кейіпкері Ақаңның атын өзгертпей аталғанына қарап деректі дейін десем фантастикалық айдары және бар... Менімше Ақжан аға жәйлі қандай шығарма жазылмасын оның азаматтығын айқындайтын ұлыларға тән ізгілікті ісін көрсете білу ләзім... Әсіресе Ақжан Жақсыбекұлы ұлы бабасын ұрпағымен қауыштыру ізгі идеямен өзі ғана жалындап қоймай, маңайына белгілі ғалымдардан пікірлестер топтастыра білді. Солардың ішінен білікті философ Ағын Қасымжанов пен дарынды математик Ауданбек Көбесовты бөліп айтқан болар едім. Газет, журналдың көбі мұндай жаңалықты жоғарыдан нұсқаусыз баса алмайтын кезде "Білім және еңбек" журналының редакторы Камал Смайловтың ісін кейін Талап Сұлтанбеков табандылық көрсетіп, А. Машановтың, А.Қасымжановтың, А. Көбесовтың т.б. мақалаларын батыл жариялап отырғанын да ризалықпен еске алуымыз ләзім. Бірте-бірте әл-Фараби тақырыбына республикалық басылымдар орын бере бастады. Соның нәтижесінде қазақтың оқырман жұртшылығы арасында Фарабиді тану, еңбектерін жариялау қажеттігі туралы қоғамдық пікір қалыптасты. Алғашқы кезде "Фараби деген фамилия қазақша емес қой" деп жатырқаушылар енді өздері де ұлы ұстаздың отанына оралуы қажеттілік екеніне ден қоятын болды.

- Раха, әл-Фараби мұрасын зерттеу мәселесі, мемлекет тарапынан қашан қолға алынғандығы туралы деректі сіз жақсы білетін боларсыз.

Айтайын. 1967 жылдың күз айында (нақтылы күні қазір есімде жоқ) Қазақстан ғылым академиясының президиум мәжілісінде әл-Фараби мұрасын жинау, зерттеу мәселесі тұңғыш рет қаралды. Мәжіліске көрнекті ғалымдармен қатар үлкен жазушыларды да шақыру қажет деп табылғанды. Сол кезде А. Машановтың оң қолындай болып, Фараби десе ішкен асын жерге қойып, жалындап сөйлейтін Ауданбек Көбесов маған: академия президиумының жиналысына Сәбит Мұқановты шақырыпты. Ол кісінің аузы дуалы ғой, фарабитану бөлімін ашуды қолдап сөйлесе жақсы болар еді, сондықтан Сіз Сәбеңді "үгіттеп көрсеңіз қайтер еді", деді. Мен профессор Григориянның "Орта Азия мен Иран философиясының

тарихынан" деген, ішінде Фараби туралы тарау бар кітапты қолыма алып, С. Мұқановтың үйіне бардым: "Сәбе, қазақ халқының ертедегі ұлы ғалымы, әл-Фараби туралы академияда пікір алысу болғалы жатыр, соған Сіздің беделді сөзіңіз керек-ақ. Фарабидің кім болғандығы мына кітапта жазылған. Сізден, Фарабиді зерттеу керек деген сөз күтеміз, бұл бүкіл жас ғалымдардың тілегі" дедім. Сәбең мәжіліске қатысуға және әл-Фараби мұрасын зерттейтін бөлім ашуды қолдауға уәде берді. Халқымыздың ардақты ұлы, кемел жазушы, өзінің ой пікірін қашан да батыл айта алатын С. Мұқанов уәдесінде тұрды, академияның президиум мәжілісінде Фараби тануды қолға алу қажеттігін дәлелдеп сөйледі. Айтпақшы менің Фарабиді насихаттаймын деп алып барған әлгі кітабым Сәбеңнің кітапханасында қалып қойды, мен "ондай кітап табылар, көздеген мақсатымызға жеткеніміздің өзі олжа" деген пікірді қанағат тұттым.

Әл-Фараби мұрасын зерттеу мәселесіне арналған мәжілісті академияның президенті, академик Шаһмардан Есенов ашты және күн тәртібінде тұрған тақырыптың мән-жайын түсіндірді. "Соңғы кезде Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші секретары Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың және менің атыма республиканың әр тарапынан әл-Фараби мұрасы қашан зерттеледі деген сыңайда хаттар келді, сол хаттардың бір тобы менің алдымда жатыр", деп стол үстіндегі қомақталып қалған қағаздардың кейбір беттерін парақтап шықты. Ш. Есенов сөз түйінін "жұртшылық сұрауын аяқсыз қалдыруға қақымыз жоқ, сондықтан осы мәжілісті академия президиумының мүшелерімен ақылдасу үшін шақырып отырмыз" деп тұжырымдады. Бұдан кейін Қазақстан ғылым академиясының вице-президенті, академик Жабағы Тәкібаев әл-Фарабидің ғылыми мұрасы және оның жаһандық деңгейдегі орны туралы тамаша баяндама жасады. Орта ғасырларда өмір кешкен, сол замандағы ғылымның биігіне шыққан қазақ перзенті туралы бұған дейін академияның бірде-бір жиналысында айтылып көрмеген құнды талдаулар мен тұжырымдар президиум мүшелеріне күтпеген жаңалықтай әсер еткен еді. Ал осы мәжіліске шақырылған профессор Ақжан Машановтың сөздері мейлінше қысқа әрі нақтылы болды. "әл-Фарабидің ғылыми мұрасын зерттеу қажеттігі туралы бұдан біраз жыл бұрын академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың атына жазған хат мынау", - деп әлгінде біз айтқан бір парақ қағазды көрсетті, - бұл хатқа Қанекең "А. Машановтың пікір, ұсыныстарына толығымен қосыламын" деп қизаштама қойған. Міне, осы аманатты Қ. Сәтбаевтың әрі шәкірті, әрі орнын басқан мұрагері ретінде Сізге беремін"- деп А. Машанов әлгі қағазды Ш. Есеновтың қолына ұстатты. А. Машанов бұдан соң әл-Фараби шығармаларының Парижден, Лондоннан, Ливаннан, Ленинградтан алдырған көшірмелерін Ш. Есеновтің алдына қойды да: "жер жүзінің екінші ұстазы атанған алып ғұламаның мұрасын жинау

мен зерттеуге бір адамның өмірі жетпейді; Аристотель сынды бұл тұлғаның қалдырған қазынасын тұтас ғылыми ұжымдар ғана саралап тексере алады; әл-Фараби еңбектерін жинап келе ғой" деп маған ешкім шетелге командировка берген жоқ, менің өз әрекетіммен ғана қолға түскендері осы болды, ендігі міндет академияның мойнында" деп сөзін аяқтады.

Заман желі оңынан бастаса, қиын деп келген сұраулар оңай шешілетінін сол күні көрген едім. Әр түрлі ғылымның көрнекті өкілдерінен құралған президиум мүшелері әрі айтып, бері айтып, ақырында әл-Фараби мұрасын зерттейтін арнайы орталық немесе бөлім керек деген пікірге келді. Шындығына келгенде мәселенің осылай шешілуіне ол кезде беделі мен мансабы өрлеп тұрған Д. Қонаевтың бұл іске дұрыс пейіл білдіруі, қазақтың нар тұлғалы төл перзенті, құнды ғылыми зерттеулері, Лениндік сыйлықтың лауреаты атағына ие болған, табанды, қажырлы Ш. Есеновтың ата мұраға деген таза ықыласы мен тегеруіні айырықша ықпал етті деп ойлаймын. Әйтпесе "Қазақстанда Қазан төңкерісіне дейін екі-ақ пайыз адам сауатты болған" деген жадағай тезисті бұған дейін сан қайталап келгендердің кенет мынандай бетбұрыс жасауы қиын болатыны айдан анық еді. Мәжіліс соңы "Әл-Фараби өмірі мен шығармашылығын зерттейтін топ ұйымдастырылсын" деген тұжырымға тірелді. Ш. Есенов мұндай ғылыми топ қай институттың жанынан ашылғаны дұрыс деп көпшілікке сауал тастағанда мен: "әл-Фараби ғылымның көп саласына жаңалық ашқан ғалым, бірақ ол, ең алдымен, Аристотелден кейінгі философ деп мойындалған ғой, сондықтан зерттеу орталығы академияның Философия және право институтында болуы ылайық" деп ұсыныс айттым. Бұл ұсынысты Философия және право институтының директоры, академик Салық Зиманов бірден қолдады, бұған президиум мүшелері де келісті. Халқымыздың атын жаһанға танытқан Әбунасыр әл-Фарабидің Қазақстан академиясының табалдырығын аттауы осылай басталған еді...

- Ақаңның: "Әл-Фарабиді ашу бір кезде механиканың үш заңынан кейін тоқырады делінген физика ілімін дамытып әкеткен атомның элементар бөлшегінен бір де кем емес" деген Салық Зиманов інісін риясыз ризалығымен жиі еске алып отырушы еді. Шамасы бұл сөз сол мәжілісте айтылған болды ғой...

Көп ұзамай Фараби мұрасын зерттейтін топ құрылып, оның жетекшілігіне философия ғылымдарының докторы Ағын Қасымжанов белгіленді. Ағын Қасымжанов атына сәйкес өзі де ағып тұрған философ еді. Оның үлкен конференцияларда қағазға қарамай айтқан сөздері хатқа түскендей әрі жүйелі, әрі ұғымды естілетін. Негізгі қызметі Қазақ мемлекеттік политехника институтында болғанымен, Ақжан Машанов бұл ғылыми топтың рухтандырушы ұйтқысы, ал математик Ауданбек Көбесов жүктің ауырын көтеретін "еңбек торысы" болғанын білеміз. Ғылыми топтың құрамында

Фараби трактаттарын (рисаларын) арабшадан орыс тіліне аударатын ұлты еврей араб қызметкерлері де бар еді. Ғылыми аудармалардың денін еліміздің орталық қалаларындағы араб тілінің белгілі мамандары жасады... Қазақстан ғылым академиясының президенті фарабитану тобының жұмысына керек көмекті дер кезінде, кедергісіз көрсетіп отыруының арқасында бас-аяғы бірнеше жылдың ішінде данышпан қазақ философының бірталай кітаптары шығып жатты.

Мен фарабитану тобында қызмет істеген А. Машановпен, А. Көбесовпен, А. Қасымжановпен жиі пікірлесіп қана қоймай, оларды М. Әуезовтың музей-үйіндегі халық университетіне жиі шақыртушы едім. Ал Ақжан Машанов өткізген әрбір сабақ білім мен парасат, отаншылдық мұрат салтанатындай әсер қалдыратын. Сол сабақтарда айтылған пікірлер, әсерлер менің күнделік жазатын блокноттарымда әлі күнге дейін сақтаулы. Сәті түссе, ол күнделіктерді алдағы кезде кеңірек, нақтырақ баяндамақпын... Фараби жайында ол кездерде өзім де бірнеше мақала жазып, "Қазақ әдебиеті", "Қазақстан мұғалімі" т.б. газеттерде жариялағанмын. Ал белгілі фарабитанушы А. Көбесовпен бірге жазған "Тағы да әл-Фараби туралы" деген мақалам қазақ және орыс тілдерінде "Лениншіл жас", "Ленинская смена" газеттерінде басылған. Ол мақалаларым арнайы, жүйелі зерттеулер болмағанымен, асыл мұраға деген азаматтық лебіз ретінде қадірлі.

- Раха, әл-Фарабидің 1100 жыл толуына арналған 1975 жылғы халықаралық конференция жайында не айтар едіңіз?

- Ол конференцияда өзім де баяндама жасадым. Бірақ қазіргі жерлестерім оның қазіргі ғылымның беделін танытқан ұлы оқиға болғанын біле бермейді. Ал кең мағынасында алғанда Отырарлық ғұламаның еңбегі күллі түрік ислам әлеміне де ортақ мақтаныш қой. Соның ішінде мәдени, рухани мұраны игеру жөнінде өзбекстанда көп істер атқарылғаны ғылыми жұртшылыққа мәлім еді. Осыдан келіп Фараби жөніндегі конференция Алматыда өте ме, өтпей ме деген сауалдар да күн тәртібінде тұрғаны белгілі. Бірақ дәл әл-Фараби еңбегіне иелік етуге келгенде А. Машанов бастаған қазақ ғалымдары ерекше мақсаттылық, жігерлілік танытты. Осы орайда мен ССРО ғылым академиясы Шығыстану институтының директоры, ұлты тәжік Б. Ғафуровтың қазақ ғылымдарының бастамасын жан салып қолдағанын атап айтуды парыз көремін. Қазақстан академиясының кейбір басшылары Фарабиге арналған жиналысты Алматыда өткізу турасында ұсыныс айтуға жүрексінген кезде жәрдемге осы Б. Ғафуров келгенін анық білемін.

Фарабитанудың алғашқы кезеңінде айрықша қажыр-қайрат көрсеткен, қиындыққа мойымай, ұлттық намыс идеясымен жалындаған, сөйтіп, кейінгі зерттеушілерге жол ашып берген жандар туралы естеліктер айта білетіндігіммен бақыттымын.

- Раха, сол халықаралық конференцияда 1500-ға тарта баяндама

жасалыныпты, фарабитануды дамыту және ескерткіш орнату жөнінде қаулы да қабылданған еді ғой. Дей тура сол мәслихаттың бірде-бір бабы орындалмады. Ол түгіл конференция материалдары жарияланбай, мұрағат сөресінде шаңға бөгіп әлі жатқандығына Ақжан аға жиі назаланушы еді. Конференция аяқталысымен фарабитанудың ауырлық центрін Өзбекстанға қарай аударуды көздеген сол кездегі биліктегілер саясатының әл-Фарабиді Қазақстаннан аластатудың түбегейлі мақсаты деп отыратын хазырет ағамыз. Бұған бір дәлел сол фарабитанудың бастауында құрылған топ философия институтының бір бөлімінен әрі асып дами алмады емес пе?! Жә, бұл кешегі қасаң саясат кесепаты дейікші. Ал ұлттық тәуелсіздігімізді алғанымызға мүшел жылдан астам мерзім өтіпті. Сол егемендігімізді ести сала "Фараби заманы туды" деп тақиясын аспанға атқандай күйде мақала жазған Ақаң тәуелсіздігіміздің өзі көрген жеті жыл ішіндегі фарабитанудағы марғаулығымызға қатты налушы еді. Раха, айтыңызшы, сіз фарабитану өз деңгейінде дей аласыз ба?

- Біздер, қазақтар – қанағатшыл халықпыз ғой, кейде құлшынысымызды камшылай түсудің орнына азға шүкіршілік етіп уақытты оздырып жатамыз.

Баба есімі беріліп жатқан оқу орындарын, көше-даңғылдарды, ұлттық валютамыздағы баба бейнесін көріп Фарабидай ұлы ғұламаның ұрпағын әзірге ойлана қойған жоқ сияқтымыз. Әйтпесе баба есімін тағынған іргелі білім ордасы – Қазақ МУ-те "Әл-Фараби Орталығы" емес, институттың ірге тебуі керек-ақ еді. Дәл осындай фарабитану мекемесі ұлттық ғылым академиясында сұранып тұрғалы қашан. Шынтуайтына келсек жекелеген диссертация тақырыптары мен философия институтындағы фарабитану бөлімі аракідік шығарып тұратын мақалалар жинағымен ұлы баба ұрпағының бүгінгі рухани қажетін өтеу қиын.

-Раха, осы ретте Ақжан ағаңыздың бір ұсынысын-жобасын еске алмай кету күнә болар еді. Ақжан аға ұрпақты тәрбиелеуде және шетелдіктердің қазақтың ұлттық құндылықтарымен таныстыру, әл-Фараби атымен сабақтастыру мақсатымен Алматыда баба есімімен аталатын мемлекеттік мұражайдың жобалық тұғырнамасын жасаған-ды. Сондай мұражайға қажет экспонаттар бізде жетіп артылады, тек сала-сала болып бөлініп жатқан барлық мұражайларды әл-Фараби атындағы мұражай ғимаратына топтау болатын. Сөйтіп тас дәуірден басталатын қазақ тарихын бүгінгі космос ғасырымен жалғастырып, ұрпаққа да, аты қашаннан мәшһүр шетелдіктерге әл-Фараби елінің тарихи мұрасын, табиғатын, мәдени даму кезеңінен толық та тұтас мағлұмат беріп, алдағы даму кезеңінде бір тұтас көрсетуге болатын-ды...

Мен осы идеяны сол кездегі бас тарихшымыз марқұм М. Қозыбаевқа айтқанымда: "Ойбай-ау ол үшін үлкен ғимарат салу қажет қой!" - деп уәж айтты. Сол кездегі қаңырап тұрған ғимараттарды есепке алмады ол

ағамыз. Осы жобаны алып сол кездегі вице-премьер Мырзатай Жолдасбековке де бардым. Бірақ ол кісіні ұстау қиын болды, жобаны хатшы қызына тапсырып кеттім. Жауап болған жоқ.

- Жарықтық Ақаңның идеясы: Әл-Фараби есімімен Қазақстан тәуелсіздігін, уағыздау екен-ау... Мұндай мұражай идеясы қазір де көкейкестілігімен оқшауланады емес пе? Осының өзі А. әл-Машани еңбегінің ғылыми көкжиегі кең, әрі жан-жақты екендігін байытса керек. Ғұлама қандай тақырыпты сөз етсе де, оны әлемдік ақыл-ой жетістіктерімен ұштастыра білетін, пәннің тарихымен бүгінгі деңгейін қамти зерделейтін энциклопедияшы ойшыл болатын.

- Айтты-айтпады мұндай шаралар фарабитану ілімін түбегейлі шешпегенімен ұлттық құндылықтарымызбен ұрпақ рухын ұрықтандыруда мән-мағынасына, тәрбиелік тәлімі жағынан көшелерге, тіптен түрлі коммерциялық мекемелерге берілген баба есімінен анағұрлым салмақтырақ емес пе!

- Әлбетте.

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ҰТУ "Хабаршысы" Ақжан әл-Машанидың 90 жылдық мерейтойы қарсаңында, оның алаштың азаматтық болмысын ашуға арналған сауалнама жүргізді. Олар:

1. А. Машановтың есімі Әл-Фараби танумен тығыз байланысты. Ақанның 1994 жылы шыққан "Әл-Фараби және Абай" кітабы баба мұрасын игерудің кезекті зерттеуі ме, әлде Абай танудағы соңғы бағыт па?

2. А. Машанов дүние жүзі бойынша геомеханика ғылымының тыңын көтеруші П.К. Соболевский және П.А. Рыжовпен қатар тұрған ғалым. Ғылым қуған ұрпаққа геомеханиканы ұлттық ғылым табысы, ал Ақжан Машанов есімін тағлым тұтар ғалым деп таныстыруды қолдар ма едіңіз?

3. А. Машанов 50 жыл бұрын отау тіккен ұлттық ҒА құрушылардың бірі. Ақанды Қазақстан ғылым әлеміндегі жарқын жұлдыздар қатарына жатқызар қандай еңбектерін атай аласыз?

4. Қазақ көркем әдебиетінің балауса жанры – ғылыми көпшілік, әсіресе фантастика тақырыбында А. Машанов бастау шығармалар жазып, дамытуға үлес қосқан қаламгер. Сіз Ақанның қандай шығармаларымен таныссыз?

5. Кешегі елді орыстандыру идеологиясы дәуірінде-ақ А. Машанов техникалық білімді түсінікті тілде беруді ашық айтып, қазақ тілінде оқулықтар жазды, термин сөздігін жасады. Елу жылдан соң іске асқан осы идеяны болжай білген Ақанның көрегендік сыры неде?

6. А. Машановтың "Ғажайып от ошағында", "Табу", әсіресе "Әл-Фараби және Абай" кітабында ғылыми ислами жолы қазақтың ұлттық дүниетаным ұғымымен ұштастыра көрініс берген. Сіз, Ақаң айтатын ғылыми ислами ұғымын қалай түсінесіз?

Ж. Н. Әбішев

Минералдық шикізатты кешенді ұқсатудың ұлттық орталығының бас директоры, техника ғылымдарының докторы, доцент, ҚР ҰҒА корр. мүшесі

1. А. Машанов "Әл-Фараби және Абай" зерттеуінің мән-мағынасын фарабишыл, абайтанушы ғалымдар бағалары күмәнсіз. Қатардағы оқушы іспетінде бұл саладағы бүгінгі танда бірінші де бірегей еңбек деп білемін.

2. А. Машанов дүниежүзі бойынша геомеханика ғылымы тыңын көтеруші П.К. Соболевский және П.А. Рыжовтармен қатар тұр. Сонымен бірге өзінің бұл салада ерекше ғылыми үлесімен ұлтымыздың тұлға тұтар ғалым екені ақиқат.

3. "Жарқын жұлдыздар" деген теңеу ғылымның барлық саласын төрт аяғынан тік тұрғызушыларға тән деу әрине әбестік. Әр ғалым егер ғылымда тендесі жоқ жаңалық ашса, немесе сол саланы дамытуда қайталанбас еңбек етсе ол ұрпақ алдында өшпек емес. Ендеше ұлы бабаны ұрпағымен

қауыштыруда, мұрасын игеруде қайталанбас десек әл-Машанидің сөнбес жұлдызы сол емес пе?!

4. Ақаңның ең алғашқы ғылыми-фантастика тақырыбына жазғаны - "Жер астына саяхат" болатын. Анығында бұл байырғы геологтың жер құрылысын, оның даму тарихын қарапайым тілмен, қиялдық жанр арқылы қызықты етіп әңгімелеуі. Мектеп оқушысының қиялын оятып, геолог (геомеханик) болуға ынталандыру.

5. Ұлттық мәдениетті, ғылымды, яғни рухани дүниесін дамытуды үлкенді-кіші дей тұрсақ та, маңызды-маңызсыз деп оқшаулауға болмайтын сияқты. Біздің көбіміз ұлттық мақтанышымыз әл-Фарабиді ашқаны үшін Ақаңды құрметтейміз. Бірақ А. Машанов сынды ұлтжанды азамат үшін мәдениетті, ғылымды дамыту үшін маңызды, маңызсыз іс болған емес. Егер осындай мінез А. Машановқа жат болса ол әл-Фарабиға бара алар ма еді. Міне, қазақ тілін ғылым тіліне айналдыруда оның мүмкіншілігін байқап, көз жеткізіп көрудің қиындығын, қазір техникалық терминдерді жасауды оңай олжа санайтындар мұны біле бермес, ал менің өзім бұл да әл-Фараби асқарын алған азаматты шындау деп ұғамын.

6. Ғылыми ислами жолы өте күрделі. Ұлы баба әл-Фараби таңдаған бұл жолды біздер – бүгінгі өзін ғалым санайтындар игеруі міндет деп санаймын.

Т.А. Ақышев

Геология-Минералогия ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі, СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, профессор

1. Ислам ғылыми жолын қуушыларды мен фундаменттік және материалистік тұрғыда табиғат тану бағыттағы ойшыл-ғалымдарға жіктер едім. Бірақ ол материалистік таным біз үйренген материалистік ұғымнан анағұрлым терең де кең. Әрине рухани дүниені зерделеуден материалистік көзқарасты қаншама кеңейткіміз келсе де өресі жетпейтіндігі талассыз. Әл-Машанидың өзі табиғат тануда ұлы бабасы Фарабиға қатты ұқсайды, оны бүгін арамыздағы Ислам ғылыми жолын қолданушының біріншісі демекпін. Ақаңның "Әл-Фараби мен Абай" мұрасын зерттеуді жоғары сатыға көтерудің сыры осында. Осының нәтижесінде 1000 жыл бөліп тұрған екі дананың дүние таным айырмашылығы 100 жылдай ғана көрінеді де тұрады. Бұл Әл-Машанидің Фараби-Абай танудағы тыңнан салынған соны бастамасының ғылыми құндылығы.

2. Әл-Машани геомеханика саласында ашқан жаңалығы ұлттық ғылымның мақтанышы. Оны дамыту жастар үлесі. Ғылымда шек болмайды.

3. Қ. Сәтпаев бастауымен ұлттық ғылым академиясын құруға қатысып, Әл-Машани оны танытуға өзіндік үлес қосты. Қазақстан ғылымын әлемге танытарлық ондай жаңалықтардың бірегейін Ақаңның ұлы бабасын Әл-Фарабиді ұрпағымен қауыштыруы демекпін.

4. Мен Әл-Машаниді орыс ғалымы академик В.А. Обручевпен қатар қояр

едім. Екеуі де фантастикалық шығармаларының тақырыбын геологияға арналған.

5. Қазақты орыстандыру саясаты 1820 ж. басталды. Бұл ХХ ғасырдың екінші жартысында "шырқау" шегіне жетті. Қазақты ассимиляциялау партократтар ұстанған саясаттың бір ғана көрінісі десек, ұлт жанды іскер қазақтарға ұлтшыл деп күйе жағу, әйтпесе оларды екінші, үшінші деңгейден әрі көтермеу және түрлі қиындықтар тудыру ұлттық болмыстан бездірудің пәрменді құралына айналған-ды. А. Машани осындай қиындықтардан тайсалмай мұсылмандықты ашық жақтап, қазақ тілін сақтауда нақтылы іс тындырды. Ол 30 жасында геология оқулықтарын аударып бастырды, терминдік сөздік жасады. Бірақ партократтар кетіп, демократтар келсе де, ұлттық тәуелсіз мемлекет құрдық десек те, қазақ тілі сол бұрынғы күйінде қалды. Ал Әл-Машани сынды ғұламаға "сен қазақша оқулық, ғылыми еңбек жаздың деп, әл-Фарабиды зерттеп аштың" деп қамқорлық жасап жатқан демократтар да жоқ, айтылған рахмет "сыпайылықтан" әрі аспай жатыр.

6. А. Машани Құранның ғылыми қағидаларын алғашқы таныған және таза Пайғамбар рухтас ғалым. Ал, Құран барлық табиғат ғылымын қамтиды, адамшылықтың оң жолын мезгейді. Адамзатқа бұдан артық қандай кітап қажет! Француз ғалымы Морис Букельдің Құранды ұғу үшін энциклопедист болуы керек дегенін, Әл-Машанидің қандай ғалым екендігіне берілген жауап деп түсінемін.

Р. Бердібай

ҚР ҰҒА академигі, профессор

1. Алпысыншы жылдардың бас кезінде Қазақстанның қоғамдық өміріне серпіліс әкелген бір оқиға болды. Ол – аты жұртшылыққа мәлім болмай келген әл-Фараби мұрасын игеру қажеттігінің тегеурінді түрде көтерілуі еді. "Қазақ жерінде ертеде абат қалалар да, оқымысты даналар да болмаған, бұрын қала танитындардың саны екі фаздан (процент) аспаған" дегенді сан рет қайталап, мәңгүрттенген санаға өзгеріс енгізудің қиынның қиыны секілді көрінетін. Дәл осындай кезде сонау Х ғасырда қазақтың көне қаласы Отырарда Әбу-Насыр әл-Фараби сынды данышпан, әлемнің Аристотельден кейінгі екінші ұстазы атанған философ туған деген пікір тым тосын естілген. Көп адамдардың қазақ ескілігі жөнінде ондаған жылдар бойында айтылып, жазылып келген біржақты ғайбат тұжырымдарға иланып қалғаны соншалық - Әл-Фарабидің жаһаннан асқан данқын жөппелдемеде ақылына сыйғыза алмағандай халде еді... "Әл-Фараби деген қазақ есімі емес, қазақ болса, қай рудан шыққанын анықтау керек" деп қыныр кеңеске бұрғысы келгендер де болған. "Еңбектерін араб тілінде жазса, ол қалайша қазақ болады" деушілер де жоқ емес еді. Мұның бәрі халқымыздың тарихынан бейхабарлық белгісі, қазақтың бұрынғы дәуірін ұдайы

қаралап, жамандауды машық еткен отаршылдар "насихатының" салдары болатын... "Әл-Фараби – қазақ жерінің перзенті, оның өмірін, қалдырған мұрасын білу, зерттеу парызымыз" – деп жарғақ құлағы жастыққа тимей, мәселе көтерген, бұл пікірін қазақ, орыс тілдерінде жазып, мақалалар жариялаған қадірлі ұстаз, ғалым ақсақалымыз Ақжан Машанов екенін бұл күнде республиканың ғылыми, зиялы жұртшылығы жақсы біледі, оны фарабитанудың ту ұстаушысы санайды.

Әл-Фараби мұрасын танып білу қоғамдық сананың көтерілуіне ықпал жасады, оқушы қауым орта ғасырларда Тұран жерінде ғылым мен әдебиеттің озық қайраткерлері өмір кешкенін, Хорезми, Әбу Әли ибн Сина, Беруни сынды ақыл-ой алыптарының мұрасы да қазаққа ортақ екенін түсіне бастады. Бір заманда Орта Азияда ренессанстық құбылыс орнын тепкеніне таң қалмайтын болдық... Қазақ әдебиетінде әр жанрда Әбу-Насыр әл-Фарабиге арналған шығармалар жарық көрді. Мұның ішінде роман да, повестер де, әңгімелер де, драмалар да, поэмалар да бар еді. Бұл бейнелеп айтсақ, өткенімізді жаңа биіктен қарап, тарихты қайта шолғанымен бірдей құбылыс.

А. Машанов әл-Фарабидің сан-сала мұрасы жайында көптеген мақалалар мен зерттеулер жазды. Оның әрқайсысында оқушы білігін байытарлық сопы ойлар мен тұжырымдар кездеседі. Ал ғалымның "Әл-Фараби және Абай" монографиясы қатардағы басылымдардың бірі емес, бірегейі деп қараймыз. Бұл еңбектің мәні қазақ жерінде Әл-Фарабиден бергі ғылыми ойлардың Абайға дейінгі жалғасу, дәстүрге айналу заңдылықтарын дәлелдеп беруінде.

2. Біз қазақ топырағынан шыққан табиғат, техника саласындағы ғалымдардың төл еңбектерін лайықты бағалауға бармай, оларды ылғи дерлік басқа бір ел оқымыстыларының шәкірті деп қана айтып дағдыланған жұртпыз. А. Машановтың геомеханика саласына негіз болған зерттеулерін дәл сол мәнінде тануға тиіспіз.

3. Ардақты ақсақал ғұламаны қандай академия да мүше етуді өзіне құрмет санар еді. А. Машановтың көпқырлы дарын деңгейі жаттанды, стандарт ұғымдардың ауқымына сыя бермейді. Қазіргі дәуірде жеке пәндердің маманы аз емес, бірақ жаратылыстану мен қоғамтанудың жетістіктерін қорытып, қуатты ойлар, тосын, ірі идеялар айтатын оқымыстылар жоқтың қасы. Бұл ретте археология, этнография, тарих, фольклор, өнер-санат пәндеріне барар жетік, әрбір еңбегі ой-пікірдің қазынасы болып табылатын академик Ә.Марғұлан тәрізді тұлғаларды ғана атай аламыз. Дәл осы қатарда Ақжан Жақсыбекұлының да есімі бірінші тұратыны шүбәсіз...

4. Ақанның ертеректе шыққан "Фараби" атты еңбегін әрі ғылыми, әрі көркем әдебиет деп қарауға болатын. Онда мифология да, фантастика да, тарих та, тіл білімі де, философия да жарасымды тұтастыққа ие болған еді. Бұған сол кітаптағы қазақтың "Қырық өтірігінде" қаншалықты ғылыми шындық сақталғанын талдайтын тұстарды мысалға алсақ та болады. "Қазығұрт" деген

сөздің мағынасын ашарлық болжамдардың өзі қиялға қанат бітіргендей болатын. А. Машановтың "Жер астына саяхат" деген шығармасы қазақ әдебиетінде ғылыми-фантастикалық жанрдың бастама үлгісі еді...

5. Кешегі кеңестік дәуірде ұлттық мәдениет, ұлттық тәрбие негіздеріне көңіл бөлінбеді, ана тілінде оқулықтар санаулы ғана болды, ғылыми терминология қалыптасады. Бұл іс еліміз тәуелсіздік алған соңғы бірнеше жылда ғана қарқынды түрде қолға алына бастады. Ақанның қазақ тілінде оқулық, терминдер жасауды ерте бастан қолға алуы ұлтымыздың мүддесін әуел бастан терең ойлағандығының белгісі. Сонау жиырмамыншы жылдарда ана тілінде математика, медицина, ботаника, педагогика, психология, тарих оқулықтарын жасаған зиялыларымыз шетінен жойылып кеткеннен кейін бұл дәстүр мүлде үзіліп қалғандай еді. Осындай жағдайда, мыңның ішінде біреу болса да, Ақандардың ел мұратын ұмытпай, хал-қадарынша төл еңбектер жазуы ерлікке барабар...

6. Ақанның дін исламның асыл негіздерін ардақ тұтуы, мұсылманшылық небір қатігез тәсілдермен қудаланған, мансұқталған кезде де сенімін жоғалтпай, имандылықты жоғары ұстауы оның, ұлы Абай айтқандай, кәміл адам екенін сипаттайды. Елдің көбі "құдайсызданып", ата-баба дәстүрінен безіп, жат мінездер мен салттарға бейімделіп кеткен шақта исламның таза қағидаларын ата жұртымызда кір келтірмеген, тіпті бес уақыт намазын да қаза қылмаған Ақан сияқтылар ілуде біреу. Қазіргі кезде Ақанның "қауымы" барған сайын көбейіп келе жатқанына қуаныштымыз. А. Машановтың "Фараби және Абай" деген кітабы оның ислам назариясын (теориясын) жетік білетін қазіреттеріміздің бірі екенін мойындатады.

С. Зиманов

ҚР ҰҒА академигі

1. Мен 1948 жылдан Республика ғылым академиясында табан аудармай қызмет істеп келе жатқан екі ғалым болса соның бірімін, ал жалқы болса соның өзімін. Сондықтан да Академияда әл-Фараби мұрасы жайлы Қазақстан ғалымдары ішінен алғаш мәселе көтерген Ақжан Жақсыбекұлы екендігіне толық кепілдік бере аламын. Және баба мұрасын игеруге жарты ғасырдан астам ғұмырын бағыштап, өнебойы табандылық көрсетіп келе жатқан да Ақан демекпін. Егер Ақанның "Әл-Фараби және Абай" зерттеуінің маңыз-мәніне тоқталсам: біріншіден бұл баба мұрасын игерудің жаңадан алынған ендігі бір асуы, екіншіден, Абай атамизды танудағы соны бастама, көтерілер тыңның беташары.

2. Егер А.Машанов маркшейдерлік және геология ғылым салаларының ғалымы бола тұрып, геомеханика іргесін қоса қаласа қалайша ұлттық мақтанышымыз бола алмайды. Кезінде Д.Уаит бұл мәселесін жасап өндіріске

енгізсе де Ресейде от арбаның алғашқы нұсқасын жасаған Ползуновты "Физика" оқулығынан тастаған жоқ еді ғой...

3. Мыңжылдық тарих тереңіне барып "Әл-Фараби" романын жазған адамды қалайша қазақ фантастикасын бастады демеске?! "Табу", "Ғажайып от ошағында" қазақ ұлтының дүниетанымының қалыптасуының басталар шағына жазылған теңдесі жоқ шығармалар.

4. Егер академияның әрбір ғалымы қазақ тілін ғылымда, техникада қалыптастыруда дәл А. Машанов тәрізді азаматтық іс тындырса ғой, бүгінгі тілдің мүшкіл күйіне ұшырамаған болар едік. Ас ішіп аяқ босатар әріптестеріме ішім ашиды, тіптен бүгін де қазақ тілінің мүмкіншілігіне күмән келтірушілер де табылып қалады арамыздан. Сондай "мүсәпірлерге" Абай, Махамбет өлеңдерінің күніге бір шумағын оқып шығуға ақыл берер едім.

5. Алпысыншы жылдың аяғына таман әл-Фарабиге арналған ғылым академиясында өткен ғылыми бір кеңесте "Әл-Фараби бабаның қайта оралу жаңалығы ядролық физиканың ғылымдағы жаңалығындай" деп едім. А. Машановтың ұлттық ғылыми-мәдени табысындағы орнын оқушы енді өзі пайымдар деймін.

6. Ғылыми ислами жолы Құраннан бастау алады. Сөзін "біссімилләдән" бастайтын әл-Фарабидің ғұламалық сыры осында. Күні кешеге дейін "Жер ортада қозғалмайды, оны күн айналып жүреді" деп келген христиан діні кезінде Кеплер, Коперник, Галилей тәрізді әл-Фараби айтып кеткен аспантаным түсінігін қуаттағаны үшін қуғындалды. Ватиканның Галилейге таққан айыбын мансұқ еткелі талай заман өтті. Ал, Құранда аспан денелері өз жолымен жүретіні, оның қозғалыста екені анық айтылған. Әл-Фараби күн жүйесі туралы ғылыми мұра қалдырды. Ол ұстаз санаған Ұлықбек күн жүйесі, жұлдыздар картасын жасады... Осыдан исламға, ислам ғылымдығына шүбә келтіру күнә. Біздер, атеист болып, исламнан бездік. Ақаң сынды ағаның ғылыми ислами жолын арамыздан дара тануы мақтаныш, әрі бұл Әл-Фараби аруағының шапағаты демекпін.

"Қазақ әдебиеті" газеті 2003 жылдың 4 сәуірінде "Ғұлама Ақжан әл-Машанидің 100 жылдығын қалай өткіземіз?" деген тақырыпта дөңгелек үстел өткізген-ді. Сол дөңгелек үстелде айтылған пікірлерден үзінді:

Мұхтар Мағауин, халық жазушысы:

Ақжан Машанидің 100 жылдығын ЮНЕСКО көлемінде атап өту жөніндегі әңгімелерді мен де естіп жүрмін. Ал, ЮНЕСКО ауқымында өткізу үшін алдын ала дайындық қажет. Абайдың 100 жылдығын біз мұндай ауқымда өткізе алмадық. Жамбылды да ЮНЕСКО көлемінде атап өте алмағанымыз өкінішті. ЮНЕСКО ауқымында Жамбылдың тойын өткізу қажет те, лайықты да еді ғой. Амал не? Ал енді, кейінгі кезде біраз ақсақалдарымыздың

мерейтойларын ЮНЕСКО көлемінде өткізгеннен кейін енді әлемдік көлемде өткізуге лайық тұлғаларымыз жоқ дегендей сөздерді де естіп қалып жүрмін. Бұндай пікір дұрыс емес. Оған бүгінгі осы басқосуымыздың өзі-ақ дәлел. Біріншіден, кешегі Кеңес заманында орысты айтпағанда, армянның, грузиннің ұлттық тұлғаларының, тіпті, екінші, үшінші қатардағыларын да ЮНЕСКО көлемінде атап өтіп жатты емес пе. Солардың қайсысын біз жете білеміз? Сол ЮНЕСКО-ға сол кезеңде біздің қолымыз жетпеді ғой. Ендеше, есімі әлемдік ауқымда кеңінен танылды ма деп әңгіме қозғау брынсыз. Қазақ деген халық болатын болса, соның ірі тұлғаларының бәрі де ЮНЕСКО көлемінде тойлануы тиіс деп ұғынайық. Ақжан Машанидің еңбегін халқымыз жақсы біледі. Тіпті, оның есімі кешегі Кеңес Одағы шеңберіне де, сондай-ақ, бүкіл Орталық Азия мен Шығыс Азияға да жақсы таныс болды. Осы тұрғыдан қарастырғанда, ол – аса зор тұлға. Ал қазақ халқына тікелей қандай еңбек сіңірді десек, ең бірінші әл-Фарабиді қазаққа қайтарып әкелді емес пе. Тек осының өзі қандай еңбек десеңізші! Ақжан Машанидің алуан қыры, алуан салада жүргізген еңбектері қаншама! Демек, оның 100 жылдығын ЮНЕСКО көлемінде өткізу жөніндегі ұсынысты қуана құптаймын. Мұндай істің бәрі жоспарлы түрде бүгіннен бастап атқарыла беруі қажет. Сондықтан да алдымен арнайы қаулы дайындалып, үкіметтік комиссия құрылып, барлық іс бір ортадан үйлестіріп отырылуы тиісті. Бұл жөнінде үкімет басшылығына осы бастан хабардар етуіміз қажет қой деймін. Ақжанның ірі еңбектерін жариялап, жарыққа шығара беру қажет. Біз "Жұлдыз" журналында алдағы уақытта осыған байланысты Машани еңбектерін және оған байланысты материалдарды жариялай бермекпіз.

Тұрсынбек Кәкішев, профессор:

Иә, Ақжан Машанидің өзге қырын айтпағанның өзінде, тек әл-Фараби жөніндегі еңбегі ғана оның аса ірі тұлға екенін танытады. Ол араб елдерін аралап, оның Шамда жатқан еңбектерін тауып әкелуінің өзі неге тұрады! Ақжан Машаниға дейін әл-Фарабидің бабамыз екенін біліп пе едік. Әл-Фарабидің 1100 жылдығы қарсаңында Ғафуровтың Қазақстанға төрт рет келіп, Қонаевтың қабылдауында болғанын білемін. "Егер әл-Фарабидің шыққан тегін анықтап, қазақтар қайтарып алмаса, өзбек ғалымы Қайруллаев докторлық диссертация қорғап шыққан соң оны өз бабасына меншіктеп алады" деп Ғафуровтың қынжылғанын білемін. Ал, Ақжан Машани болса, әл-Фарабиді зерттеушілердің бастаушысы болды ғой. Әу баста әл-Фарабидің 1100 жылдығын атап өту жөнінде топ құрылды. 1975 жылдары ғой деймін, 1100 жылдығы өткізілді де. Ал енді осының барлығын ұйымдастырып, ұйытқы болған Ақжан Машани еді. Егер ол болмаса бұл іс ұзақ жылдарға дейін жабық күйінде қала берер ме еді?! Әл-Фарабиді алғаш ашушы, оның мұрасын қазақта алғаш зерттеуші, әл-Фараби туралы алғаш зерттеу, көркем шығарма, еңбек жазған Ақжан

Машанидің есімін құрметтеп, кең ауқымда 100 жылдығын атап өту бізге, қазақ жұртына парыз. Мұны ЮНЕСКО көлемінде ме, жоқ болмаса басқадай ауқымда ма, қалай да лайықты етіп өткізу – бізге сын.

Кезінде ЮНЕСКО көлемінде атап өтуді былай қойып, тіпті батырлық атақты берудің өзінде қазаққа сарандық жасалды ғой. Енді дербес ел болғаннан кейін мұндай шараны өткізу өзіміздің қолымызда десек те болады. Бұл арада айта кететін мынандай жәйт бар. Ғылым академиясына толық мүше болғандар аз емес қой. Солардың бәрін кімдер біліп жатыр? Мұны айтып отырған себебім, академияға толық мүше емес деп, Ақаң тойын мұндай кең ауқымда өткізуге қарсы шығушылар да табылар. Сондай-ақ, өзге де шараларды өткізген кезде академияға мүше емес деп тартынатындар да ұшыраспай қалмайды. Бұл арада мынаны ескеру қажет. Ресей мен Қазақстаннан басқа жерде қазір ғылым академиясы жоқ. Тек клубтар ғана бар. Ал Ақжан Машани алғашқы корреспондент мүше болған ғалым, әрі ҰҒА-ның құрылтайшысы болды. Яғни Қазақстан ғылымына зор еңбек сіңірген мұндай ірі тұлғаны дүниежүзі ауқымында атап өту әділдік болар еді. Бұл біз үшін, біздің қазақ үшін сын деуім осыдан. Ал енді Ақжан Машанидің әл-Фарабиді зерттеуден өзге қырларын сол саланың ғалымдары айта жатар.

Шмидт Айталиев, ҚР ҰҒА академигі:

Ақжан Машанидің техника саласындағы негізгі мамандығы – геолог. Әрі сол жер асты жұмыстарының штурманы. Қазақша айтқанда, тау жыныстарын жан-жақты зерттеуші. Ол тау жыныстарының гармониясын терең игерген ғалым. Мен бұл салада механика ғылымын зерттеуші ретінде Ақаңның еңбектерімен тікелей таныстығым бар. Ал, Ақжан Машанидің бұл саладағы еңбегі дүниежүзіне кеңінен әңгімелеуге де, жазуға да болады. Уақыт аз болса да бірер мысал келтіре кетейін. Тау жыныстарының тік қысымынан бүйір қысымы кем болады. Мұның өзі заттың қасиетіне байланысты. Ал кей жағдайда бүйір қысымы тік қысымнан асып та кетеді. Мұны ғылымда Ақжанға дейін ешкім дәлелдеген жоқ еді. Сондықтан да мәскеулік ғалымдар Ақжан Машанидің бұл жаңалығын қабылдай алмады. Бұл жөнінде 1960 жылдары кезінде Мәскеу ғалымдары шу да көтерді. Тіпті, Социалистік Еңбек Ері, академик Петров "Правда" газетіне арнайы мақала жазып, Машани жаңалығын теріске шығаруға тырысты. Кезінде оны Қазақстан ғалымдары да құптаған еді. Ал қазір Машанидің Пуассон коэффициентінің тау қысымын зерттеудегі қолданысы туралы мұндай теориясының дұрыстығын өмірдің өзі көрсетіп тұр. Қазір оны барлық ғылым әлемі мойындады. Ақжан Машанидің бұл салада жүргізген күресі мен еңбегі зор. Осы тұрғыдан қарастырғанда да оның жүз жылдығы республика бойынша мұқият даярлық жүргізуімен шектеліп қалмай, ЮНЕСКО ауқымында да атап өтуге лайық деп білемін.

Саят Ыбыраев, профессор, теолог:

Бұл той Ақаңның емес, бүкіл қазақ жұрты руханиятының мерейтойы деп бағалауға толық дәлел бар. Сіздердің әңгімелеріңізден де осыны айқын аңғарғандаймын. Менің айтайын дегенім, материалистік сыңаржак, қарабайыр ой-сананың шырмауына тұншығып, атеистік апиынмен әбден уланған рухты азат етпей, ешқандай тәуелсіздіктің, яки экономикалық көркеюдің баянды бола алмасы хақ. Міне, осы рухани қайта оянудың басында тұрған Ақжан атамыз болады. Кешегі тоталитарлық жүйенің іргесі мығым кезінде-ақ Ақжан ата "жайнаған туы жығылмай, жасқанып жолдан тығылмай", ежелден екі дүние есігі атанған Тұран топырағының, тамырын әлемдік ең көне өркениеттің шыңырауы тереңінен тартатын қазақ руханиятының қадір-қасиетін үлкен білгірлікпен, ұстамды сабырлықпен, қажымас қайратпен анықтап берді. Ақаңның әлі де жарық көрмеген ондаған кітаптары, яғни қыруар еңбегі халқымыздың қолына тиер болса қазақтың рухани әлемін байыта түсетіні шүбәсіз. Сонымен қатар егер оның дені ағылшын, қытай, орыс, араб, парсы және өзге де тілдерге аударылса, мұның өзі дүниежүзі ғылымына қосылған қомақты үлес болар еді. Ақжан Машани ілімінің мәні қасиетті Құран-Кәрім аяттары, Абай, Шәкәрім аталарымыз ұстанатын "таза жүрек, нұрлы ақыл", әл-Фарабидің "Табиғат матбуғат" концепцияларын, Ыдырыс пайғамбар заманынан белгілі Пифагор-Филолай пайдаланған "абжад есебі" методологиясын анықтайды. Мұның бәрі болашақта терең үңіліп, көп қадалуды қажет ететін дүниелер. Машани бүгінгі шым-шытырық заманда адаспай тура жол тауып кетуге бастайды. Шәкәрім атамыз айтқандай "затшылдық көзін байлаған" надан ғалымның алдауынан да, "бұл күнде дұрыс имам жоқ, шатақ дін, нәпсі тиған жоқ" дегізетін қаптап кеткен дүмшелердің арбауынан да алып шығары анық. Әл-Фараби, Абай, Ақжан әл-Машани аталардың жолы ұрпағымызға шамшырақ болатынын терең ұғына білгеніміз абзал. Ендеше, келер ұланғайыр мерейтой Ақаңның ғана емес, бүкіл қазақ жұрты руханиятының, қала берді әлемдік ғылымының мерейтойы деп бағалауға толық дәлел бар.

Шамшиден Абдраман, профессор, машанитанушы:

Біздің манадан әңгімелеп отырғанымыз барша қазақ зиялыларына ортақ пікірлер десем, сөзім жаңсақтық болмас. Ақжан Машаниді құрмет тұтпайтын қазақ зиялысы жоқ қой. Нақты факті келтіре әңгіме қозғайын. Ақжан Машани 1962 жылы әл-Фарабиді тұңғыш рет қазақша сөйлетті. Ол "Білім және еңбек" журналында жарияланды. Содан бері ол кісі өмірден қайтқанға дейін, яғни 1997 жылғы дейін 37 жыл бойы мен қасында жүрдім. Әлі күнге дейін менің бүкіл шығармашылығым мен ізденісімнің негізгі бір саласы осы ғұлама болып келеді.

Тағы да бір ерекше айтар жайт, Ақжан Машани қазақ фантастикасының

тұңғыш қазығын қаққан қаламгер. Оның "Жер астына саяхат" деген фантастикалық романы қазақ фантастика жанрының тұңғышы болды. Демек, ол бір ұлт әдебиетінің бір жанрының негізін салған деп батыл айтуға болады. Сонымен қатар ұлы ғалымның артында қалдырған ғылыми-әдеби мұрасы өте қомақты. Менің анықтағаным, оның жүз баспа табақтай еңбегі бар. Соның бәрі дерлік менің қолымда деуге болады. Мен осынау аса қомақты еңбекті жарыққа шығаруға дайындаумен қазір шұғылданып жүрмін. Өкінішке орай, мұндай аса құнды қыруар еңбек толық жарияланған емес. 1973 жылы жалпы көлемі 15 табақтай "Аль-Фараби и современная наука" деген еңбегі әл-Фарабидің 1100 жылдығы қарсаңында баспаға дайындалып қойса да шығарылмай тасталды. Мұнан өткен қорлық болар ма! Орысша айтқанда бұл ұлыларымызға жасалған нағыз дискриминация! "Абай және әл-Фараби" деп аталатын ренесансты монографиясы да қысқарып шықты. Сондай-ақ, 1946 жылы оның докторлық диссертациясы Мәскеуде жоғалып кеткен. Мұнда да бір құпия бар екені анық.

Өзінің айтуы бойынша Ақжан Машанидің ұстанған үш пірі болды – қазақ тілі, діні және қазіргі заманғы ғылым жетістігі. Ол әл-Фарабиді зерттей жүріп, елу жасында арабша үйреніп, намазға жығылған. Сөйтіп, ғылыми исламиды қазақ дүниетанымымен ұштастыра білуімен де ерекшелінеді. 1975 жылы намазға жығылғаны, мешітке барғаны үшін қудаланғанын қазіргі көнекөз ғалымдардың бәрі де білсе керек. Енді міне, әл-Фарабидің де, әл-Машанидің де заманы туды. Яғни тәуелсіздік алып, өз қолымыз өз аузымызға жететін болды. Әл-Машани деген Ақжан ағаның жасырын аты ғой. Осы атпен 1983 жылы Кувейтте шығатын "Әл-ғараб" басылымында әл-Фараби зерттеулеріне арналған мақаласын жариялаған. Мұның өзі де коммунистік билік кезеңде қандай қауіпті екенін пайымдау қиын емес болар.

Қасым Қайсенов, халық қаһарманы, жазушы:

Сіздердің әңгімелеріңізді тыңдап отырғанда Баукең (Бауыржан Момышұлы) айтқан мынандай бір жәйт есіме оралып отырғаны... Баукеңнің сөзін қаз-қалпында келтірейін: "Ақжан Машанов ағанды білуші ма едің?... Әл-Фарабидей бабамыздың әлемде барын бізге алғаш танытқан кісі ғой ол, - деп барып, батыр аға менің жауабымды күтпей сөзін былай жалғап, бір әңгіме айтқан еді: "Сол кісімен биыл бірге демалдым. Бірде серуендеп жүріп, не дер екен деп: "бүгінгі әл-Фараби – менмін!", - дедім дауысымды көтеріп. "Болсаң боларсың, Бауыржан, саған айтар дауым жоқ. Себебі, әл-Фараби ештеңеден қорықпаған, сен де батырсың", - деді шынайы көңілмен ол. Күліп жібердім де: "Көке, маған әл-Фарабимін деу астамшылық", - дедім. – Бізге ол кісінің лайықты ұрпағы бола алсақ та жеткілікті...". Ақаң қуанғанынан мені құшақтай алды. Ақжанның өзі де нағыз әл-Фараби емес пе, ғибартты ғұлама ғой...".

Меніңше, Ақжан ағамыз заманымыздың нағыз батыры. Бес қару асынып, елін жаудан қорғап қалған ерді батыр дейміз. Ал, рухани дағдарысқа қарсы, мәмлесіз идеология майданында досынды да жау еткен "қасірет империясы" кезінде көшпенді елде мәдениет те жоқ, ғылым да жоқ деген идеологияның шаңырағын шайқалтқан дүниежүзілік екінші ұстаз әл-Фарабиді Тұран тумасы, Отырарда кіндік қаны тамған Қыпшақ ұланы деп қазақтың ұлы бабасы екендігін дәлелдеу – ұлты үшін өзін оққа ашық байлаған батырлығы оның. Меніңше, Ақжан Машани - өзі іргетасын қалап, шаңырағын көтеріскен ұлттық ғылым академиясының толық мүшесі деп танылуы керек. Ең бастысы, оған Халық Қаһарманы атағын беруге тиістіміз. Дүниежүзіне әйгілі әл-Фарабидей бабасын ұрпағына танытқан Ақжанды неге ардақтамасқа? Ақжан Машанидің 100 жылдығы қарсаңында ол өз бағасын алуға тиісті. Оны дүниежүзіне таныта білмесек, тәуелсіздігімізге сын деп білемін.

Халифа Алтай, жазушы, қоғам қайраткері:

Батырдың айтып отырғаны өте құптарлық. Мен Ақжан Машани ағамен сонау 80-жылдардан таныспын. Кейін елге оралғанда көрші де тұрдық. Ол кісінің ғылыми ислами негізіне жүйрік болуы әл-Фараби мұрасын игеруден ғой деп ойлаймын. Құран-Кәрімнің ғылымилығын, оның бүгінгі ғылым жетістігімен ұштастыра отырып, түркі дүниесімен, қазақтың дүниетанымдылығымен сабақтастыра ой толғауы мен үшін Қасиетті кітаптың көптеген жаңа ғылыми мағынасын ұғынуға түрткі болды. Ақжан Машани тек қазақ ұлты үшін емес, бүкіл түркі жұрты, мұсылман дініндегі елдерде де өзіндік орын алатындай тұлға, ғұлама деп білемін.

Зейнолла Самашев, археолог-ғалым:

Ақжан ағамен бір-ақ рет кездесіп, пікір алысқан екенмін. Ал, ғұламаның еңбектерімен, әсіресе, әл-Фараби мұрасы хақындағы еңбектерімен жақсы таныспын. Сары мұқабалы "Әл-Фараби" шығармасы кітапханамда сақтаулы... өткен ғасырдың 80-жылдары академиядағы мәжілісте жолдастарыммен барып сәлем бердім. Менің археолог екенімді білген соң "Шырағым, сенің тындыратын ісің әлі алда. Халқыңның рухани қазынасын, мәдениетін әлемге танытар дүние – археологиялық ескерткіштер. Ол тұрғанда барынды ешкім, ешқашан бекерге шығара алмайды. Қазақ халқы, Тұран елі дүниетанымын түрлі белгілермен тасқа жазып қалдырып кеткен ел. Сондықтан да табылған ескерткіштегі иненің жасуындай белгі-таңбаларға дейін ықтияттықпен қарайтын болғайсың" деп еді. Бұл менің Ақаңдай әз-ағамен алғашқы да соңғы рет жүзбе-жүз кездесуім еді. Ағаның сол өсиеті маған талай жаңалықтың ұшын ұстатқандығын енді бағалай бастағандаймын.

Ұлықпан Сыдықов, профессор, философ:

Ақжан Машани бүгін Қаныштың есімімен аталатын қазақтың техника саласындағы қара шаңырағы саналатын Қазақ ұлттық техникалық университетінің тұңғыш түлегі, әрі алғаш қызыл дипломмен бітірген оқу озаты және тұңғыш аспиранты. Егер оның ғұмырының саналы кезеңіне зер салсақ, 50 жылдан астам табан аудармастан өзі бітірген оқу орнында ұстаздық етіп, алдынан ондаған мың мамандар өргізген екен. Ал Ақжан ағамыздың студенттік кезінен санасақ, оның саналы 60 жылдық өмірі осы оқу ордасында өтіпті. Әл-Фарабидің қыпшақ тумасы екендігін дәлелдеген кезеңде де осы қара шаңырақ астында жүрген-ді. Сондықтан да оның ұшан-теңіз мұрасын игеру біз үшін ерекше парыз болмақ. Былтыр, "А. Машани мен Шығыс ғұламаларының ғылыми-техникалық және руханияттық құндылықтары" оқу-әдістемелік және тәрбие-танымдық орталығы ректорымыз Досым Сүлеевтің тікелей басшылығымен ұйымдастырылып, оның жауапкершілігін шәкірті Шәмшиден Әбдіраманға жүктеген еді. Қазір көптеген тақырыптар бойынша алуан түрлі шараларды қолға алу қарастырылуда. Соның бірі университеттің 70 жылдығына арналған Ақжан Машани зерттеуінің негізінде "Тәрбие Темірқазығы – тарихи тағылым" атты халықаралық конференция өткізуді жоспарлап отырмыз. Оған Түркия, Иран және өзге де көптеген елдерден ғалымдар шақырылмақ. Бұл да ғұлама ғалымның 100 жылдығын ЮНЕСКО ауқымында атап өтілер шараға толық сай деп білемін. Біз енді Ақжан Машаниға байланысты осындай шараларды жүйелі өткізуді мықтап қарастыра бермекпіз. Соның бірі Ақжанның "Аль-Фараби и современная наука" монографиясын, "Тұран қақпасы", "Тұран аспаны" еңбектерін өзіміздің университет баспасында шығаруды ойластырып отырмыз.

Мамытбек Қалдыбай

НАҒЫЗ ҒАЛЫМ МІНЕЗІ

Бауыржан Момышұлы шерткен сыр

"Алматы" шипажайы. Мезгіл кіші бесін. Күн көзін сұр бұлт тұмшалап алған. Күздің салқын самалы қойны-қонышына еркелей еніп, мойнына асылып мез. Баукең екеуіміз жасыл аллеямен жоғары-төмен қыдырысып жүрміз.

- Ақжан Машанов деген ағанды білуші ме едің?

- Әл-Фарабидей бабамыздың әлемде барын бізге алғаш танытқан кісі ғой.

- Дұрыс. Сол кісі де осы шипажайда демалып жатыр. Кешкілік серуенде екеуіміз оңаша сырласып жүрміз. Ақаңның ғылымға шын берілгенін мына айтқан шағын әңгімесінен-ақ аңғаруыңа болады.

Ауыл ақсақалы кітап қолтықтап келе жатқан жастан:

- Сені қызықтыратын нәрсе мал ма, әлде ғылым ба? – деп сұрапты. Сонда жас жігіт:

- Әлбетте мені қызықтыратын нәрсе – ғылым... Ол өзімен достасқан жанды тек жақсылыққа жетелейді. Ертеңін ойлаған адам ғылым иесімен, бүгінін ойлаған адам мал иесімен дос болады, - депті. Жас жігіттің (менің шамалауымша, ол Ақаңның өзі болуы да мүмкін) осы жауабын ауық-ауық шәкірттерімнің естеріне сап, ой бөлісіп отырамын...

Тағы бірде:

- Бауыржан, жоғары оқу орнында оқытушы болып істейтін көршім: "Әл-Фараби туралы жазып жүрген кітабыңыздың бір жеріне менің де аты-жөнімді қосып қойыңызшы, тарихта қалайын" деп өтінді, - деп әңгіме айтты.

- Қостыңыз ба?

- Оған былай дедім: "Сен өтірік айтасың, ұрлық жасайсың, ал әл-Фараби бабамыз өтірік айтпаған, ұрлық жасамаған. Қалай қосамын? Олай етсем, ұлы баба аруағынан ұят болмай ма?".

Қандай әділ жауап, ә?! Мен жорықта, не дер екен деп:

- Бүгінгі Әл-Фараби – менмін! – дедім дауысымды көтеріп.

- Болсаң, боларсың, Бауыржан, саған айтар дауым жоқ. Себебі, әл-Фараби ештеңеден қорықпаған, - деді шын көңілімен. Күліп жібердім де:

- Көке, маған Әл-Фарабимін деу-астамшылық, - дедім, - Бізге ол кісінің лайықты ұрпағы бола алсақ та жеткілікті"...

Ақаң қуанғанынан мені құшақтай алды. Нағыз ғалым мінезі...

ҚАНША ҚҰРМЕТ КӨРСЕТСЕКТЕ ЖАРАСАДЫ

1977 жылдың 28-ші сәуірі. Түстен кейін дәл сағат төртте редакторымның машинасын сұрап ап, Жазушылар одағына бардым. Тұқаңның (Тұтқабай Иманбековтың) кабинетіне енсем, ол үш-төрт әріптесіне анекдот па, әлде

соған ұқсас күлдіргі әңгіме, айтып, жайбарақат отыр екен. Бауыржан ағаны шипажайдан алып келу қаперінде жоқ. Ішімнен: "Бұл кісіге сенбей өзімнің әрекет жасағаным қандай жақсы болған" – деп ойлап, көңілдене түстім.

- Бауыржан аға Қазақстан Жазушылар одағының бірінші хатшысы Әнуар Әлімжановқа жолығып, шипажайда қалу, қалмауымды білсін, егер мерзімді ұзартпаса, келіп, үйге алып қайтасындар деген еді, - деп едім, Тұқаң орнынан үнсіз тұрып, екінші қабаттағы Әнуардың кабинетіне ертіп барды. Секретариат мәжілісі өтіп жатыр екен.

- Кіруге рұқсат жоқ, - деп қабылдау бөлмесіндегі әйел бізді ішке енгізбеді. Жағдайымызды айтып едік, өзі кіріп, Әнуар Әлімжановпен тілдесіп шықты. Мерзім ұзартылмапты. Енді Баукеңді алып қайтқалы "Алматы" шипажайына қарай тарттық.

Есік қағылысымен Баукең сыртқа тез шықты. Сірә, босаға жанында заттарын реттеп жүрсе керек.

- А-а, сендер ме едіңдер? Келіп қалдыңдар ма? Келетіндерінді біліп заттарымды жинастыра бастап едім.

- Асықпаңыз, машина қанша болса да күтеді, - дедім мен. Тұқаң екеуіміз ағаның қол орамалын, көйлек-көншегін шамаданға рет-ретімен сала бастадық. Бес минут өтпей-ақ дайын болдық. Енді заттарды машинаға апаруымыз керек.

Дәлізге шыққанымызда Баукең:

- Ой, ұмытыппын, - деді кілт тоқтап, маған қарап. – Балам, шифонердің қалқасында дәкімен ораулы бос шөлмектер жатыр, барып әкел. Мен тез қимылдап, ішке еніп, ұқыптап оралған алты бос шөлмекті алып шықтым. Ішімнен: "Бұларды аға қайтпек екен?" – деп бірден көңілсізденіп қалдым.

Біз мінген машина орнынан қозғала бастады. Ақ халат киген екі мейірбике: "Сау болыңыз, бізге дем алуға жиі келіп тұрыңыз, - деп жадырай күлді. Сәл ұзай бергенімізде жасыл аллея бойында қыдырыстап жүрген орта бойлы, қызыл тақиялы қарт кісі екі қолын ербендете бұлғап, қоштасқан сыңай танытты. Баукең оң қолын шекесіне апарып, честь берді де:

- Академик Машанов! – деп қасындағы шоферға бұрылды, машинанды тоқтат!

Ол жалма-жан тежегішті басты. Машина алға лықсып барып тоқтады.

- Тұсынан зу етіп өте жаздаппын. Мұным – ұят, әдепсіздік, әдепсіздік қана емес – астамшылық! – деп Баукең асықпай есікті ашып, сыртқа шықты.

- Түспей-ақ қойсаңызшы, машинаны кері шегіндірем, - деген шофер сөзіне құлақ аспады.

Баукең жиырма-отыз қадамдай жер жүріп барып, Ақана екі қолын бірдей ұсынып, амандасты. Екеуі әлденені айтып, бас изей күлісіп, біраз тұрып қалды.

- Машинаны шегіндіріп, қасына жақын барсам қайтеді? – деген шофер жігітке:

- Жоқ, қажет емес. Ол кісі ойын бөліп, аландатқанды ұнатпайды, - деп мен келіспедім.

Бір кезде Баукең машинаға кеп отырды. Зырлап келеміз. Артқы орындыққа жайғасқан Тұқаң екеуіміз сыбырласа бастадық.

- Баукең бос шөлмектерді қайтпек? Дүкенге өткізбек пе? – деді ол біртүрлі кекесін үнмен.

- Білмеймін.

- "Бүркіт қартайса, тышқан аулайдының" кері ғой бұл.

- Осында бір кемпір маған қырындап, есімді шығарды, - деп Баукең кенет дауыстай күлді. Мен мырс ете қалдым.

- Қосыла салмадыңыз ба? – деп Тұқаң отқа май құя түсті.

- О, құрып кетсін.

Бәріміз мәз бола күлдік. Шофер татар жігіті, ол да күлді.

- Ана екі мейірбикенің біреуі әдемі екен, - деп Тұқаң арандату әрекетіне көшті.

- Е, олардың бәрі әдемі.

Тұқаңның ойын Баукең түсініп, мойнын бұра оған барлай қарап қойды.

Кішілеу тақия-төбеге жеткенімізде аға шоферға машинаны тоқтат, - деді бұйырып. Ол жол жиегіне шығыңқырай барып, тоқтады.

- Балам, ана ораулы затты сайға апарып таста, - деп Баукең маған бұрыла қарады. Мен алғаш түсінбей, жанымдағы шамаданды ашып, бір бума дәкені ала берген едім:

- Әй, оны емес, ораулы шөлмектерді, - деді Баукең шамданыңқырап. Мен машинадан сыртқа шығып, артқы қуысын ашып, бір-біріне байланыстырыла оралған шөлмектерді сай жиегіне апарып, ойпандау жерге қоя салып едім:

- Ары, сайға қарай домалатып жібер! – деді Баукең әмір етіп. Айтқанын орындап, машинаға кеп отырдым.

Енді оны тауып алған біреу қуанатын болды. Дүкенге өткізіп бір шөлмек шарап алады, - деді Тұтқабай. Байқаймын, ол Баукеңнің алдында өзін еркін ұстайтын тәрізді.

- Өзі алты шөлмек екен. Палатама қалдырып кетуге болмайды ғой. Қалдырып кетсем, менен кейін келгендер: "Ой, Бауыржан Момышұлы маскүнем екен демей ме?" – деп Баукең күлді.

Ішімнен: "Қартайса да намысына кір жұқтырмау жағын қалай нәзік ойлайды?" – деп таң қалдым.

- Бауке, асығыс едім, мені редакторым күтіп отыр, - деп Тұқаң Жазушылар одағы үйінің тұсында түсіп қалды. Түсер алдында құлағыма сыбырлап: "По дальше от греха" – деді ол орысшалап. Оның да Баукеңнен қысылып, қымтырылатынын сезіп, жымия езу тарттым.

...Есікті Күләнда әпке ашты. Баукең екеуіміз қолтықтасып ішке ендік.

Амандық-есендік сұрасқан соң:

- Шай қояйын ба, Бауыржан? – деді Күланда әпке.

- Әуре болмаңыз. Үйде ешкім жоқ па?

- Нақсүйерің жұмыста, қыздар оқуда.

Біз төргі бөлмедегі диванға қатар жайғастық.

- Сенің асығып тұрғаныңды сезем, сәл сабыр ет, - деді Баукең маған қамқор әкедей мейірім таныта, жұмсақ тіл қатып. – Шипажай қанша жақсы болғанымен бәрі бір үйіңе жетпейді. Неге деп сұрамайсың ба?

- Неге?

- Үйіңде өзінді еркін сезінесің, еркін ойлайсың. Әйтсе де менің бүгінгі ең үлкен қуанышым – академик Ақан Машанов ағаммен адамға ұқсап қоштасқаным. Ол кісі ұстаз-ғалым. Ал ұстаз-ғалымға бәріміз ақ ниетімізбен құрмет көрсетуіміз керек. Солай етудің орнына мен ақымақ алғаш қолымды шекеме апарып сәлем бергеніме мәз болып, тұсынан зу етіп өте шыға жаздаппын. Астапыралла-а! Сол қатемді кеш те болса, түзегеніме қуанып отырмын.

Ақан Машанов араб елдерін аралап, ұстаздардың ұстазы - әл-Фараби бабамыздың қабірін тұңғыш тапқан, еңбектерін ширек ғасыр бойы сарыла зерттеген, ғылыми өмірбаянын жазған, яғни Чернышевскийдің: "Адамның қызметі биік идеямен рухтанбаса, жеміссіз де түкке тұрғысыз!" деген сөзін еріксіз еске салар биік идеямен рухтанған кісі. Ақана қанша құрмет көрсетсек те жарасады. Түсіндің бе?

- Түсіндім.

- Түсінсең, сау бол, қарағым. Бұл апта емес, келесі аптада хабарласасың.

- Сау болыңыз.

*Өскенбай Құлатайұлы
Кен инженері – маркшейдер*

"МҰНДАЙ ТҰЗДЫ ДҮКЕННЕН ДЕ АЛАР ЕДІМ..."

Есімде, 1967 жылдың наурыз айы. Қазақстан жастар делегациясы Алматыдан Поляк халықтық республикасына екі апталық туристік сапармен жолға шықтық. Құрамымызда механизаторлар, шопандар, құрылысшылар және біз бес студент – Қазақтың политехникалық институтынан, барлығы 25 адамбыз. Басшымыз Орал обком комсомолының бірінші хатшысы. Аты-жөні есімде қалмапты. Біз студенттер шет елге бірінші шығуымыз. Жолдама оқуда озат, қоғамдық жұмысына белсене қатысқандығымыз үшін берілген. Қуанышымызда шек жоқ. Европаға бара жатырмыз. Жастар Қазақстанның барлық облыстарынан бар. Ілезде танысып, шүйіркелесіп кеттік. Алдымен Алматыдан, одан кейін Москвадан жауапты кісілер шет елде қалай жүріп-тұру керек, қалай сөйлесу керек, ең ақырғысы қасық пен шанышқыны қалай

пайдалану керек деген сияқты нұсқама-түсіндірмелер беріп жатты. Екі аптаның ішінде Варшава, Познань, Краков, Катовица қалаларын аралап ел мәдениетімен, жастар өмірімен таныстық. Көрген-білгеніміз өз алдына бар әңгіме боларлық дүние. Менің айтпақшы болып отырғаным "Величка" тұз өндіру кенші туралы. Бұл кеніш бұдан мың жылға жуық бұрын ашылған білем, ал қазір музей. Уақытында Д. Менделеев барып сол шахтада емделген. Өзіне арналған бөлме бар. Жер астында тұзды көл бар. Тұзды ойып, бөлек-бөлек бөлмелер жасаған. Тұздың тазалығы 99%. Тұз кристалының тазалығы сондай жұқа қабырғаларды шерткеннің өзінде сыңғырлаған дыбыс шығарады. Сол жер астында сувенирлер сататын кішкене-кішкене ларектар, құдайға табынатын бөлмелер (часовня) жұмыс істейді. Көп адам шахтаға түсіп, шипалы тұзды ауамен демалып емделу үшін барады екен.

Ертеде шахтаға шахтерларды шығыр арқылы жуан кендір арқанмен бір-бірлеп арқаннан жасалған торға отырғызып түсіріпті. Шығырды арнаулы 3-4 адам айналдырып, көтеріп-түсіріп тұрған. Кендір арқанның жуандығы 20-30 см-дей. Ең қызығы, кейін көтеріп-түсіретін машина дүниеге келіп, жіңішке өрілген сым арқан пайда болған кезде, жуан кендір арқанға көзі үйренген тұз өндіруші шахтерлер "сым арқан үзіліп кетеді", - деп көпке дейін қорқып шахтаға түспеген білем.

Ал, менің ойым бұл шахтадан бір жұдырықтай тас – тұз минералын алып кету болды. Мақсатым: ұстазым – кафедра меңгерушісі, ұлттық академияның корреспондент-мүшесі, Қазақстанға еңбегі сіңген ғылым қайраткері Ақжан Жақсыбекұлы Машановқа сувенир ретінде тарту ету. Есебін тауып оны алып Алматыға әкелдім. Бұл наурыз айының соңғы күндері еді. Кезекті лекциядан кейін ұрықсат алып Ақанның кабинетіне бардым. Ол кісі кабинетте бір өзі қағаздардан бас көтермей отыр екен. Жүрегім лүпілдеп, үлкен кісінің ризашылығын алғанша асығыспын. Сәлемдескеннен кейін, ал Өскенбай әңгіменді айт деп отыруыма ұрықсат берді. Ол кісі мені өз атыммен атайтын еді. "Охо! Абайдың атасының аттасы", - деп қоятын. Поляк халқы туралы, көрген-білгенімді тәпшітеп айтып бердім. Әңгіменің соңында әдемі қағазға оралған жұдырықтай тұз минералын ұсындым Ақана.

Ол кісі асықпай тұзды қолына алып, жан-жағын әбден үлкейткіш айнамен (лупамен) тексеріп көрді. Мен үндемей отырмын. Әлден уақыттан соң: "Бұл тас-тұзды алыс жерден, сонау Европадан, әкелгеніңе рахмет, бауырым. Қанша жерден әулие аттап келді ғой. Бірақ, маған таза тұз емес, тұзбен жабысқан басқа тау жыныстарының қоспасы дұрыс болар еді. Ал, мұндай таза тұзды дүкеннен де сатып алуға болады ғой", - дегені тас-тұзды столының үстіне, дәл өзінің алдына марапаттап қойып жатып.

"Ой, Аға, ол жерде таза емес тұз жоқ, барлығы осындай", - деппін сасқанымнан. Ақаң осы жерде баяғы өзінің әдетімен қарқылдап бір күліп алды. Ол кісінің күлкісі бүкіл біз дәріс алатын қабатқа жетіп жататын. Сүйтсем,

тау жыныстары гео-механикасының үлкен зерттеушісі, энциклопедист ғылымды (менің көңілімді жықпай отырып) "Величка" тұз шахтасының тұздан басқа қандай тау жыныстармен ұштасып жатқаны қызықтырған екен. Ал, мен тас-тұздың ең әдемісін, ең тазасын әкеліппін ғой.

АҚЖАН АҒА МЕН АҚАТАЙ НЕМЕСЕ НАМАЗҒА ЖЫҒЫЛҒАН ПРОКУРОРДЫҢ СЫРЫ

1. Демсалу

Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында Жамбыл облысында қырық жыл прокурорлық қызмет атқарған Рысалдыұлы Ақатай Ақжан Жақсыбекұлымен Сары-Ағаш курортында танысып, әңгімелері, ой - өрістері жарасып, ағалы-інідей болып кетеді. Сол жылдардың бірінде Сары-Ағашта дем алып жүргенде Ақатайдың қасындағы бірге жатқан жолдасы, бір совхоздың парторгы, кенеттен шегі түйіліп ауырады. Бұл жағдай қатар бөлмедегі Ақжан Жақсыбекұлына айтылады. Бұл кісі дереу келіп, демсалып, ауру кісіні тұрғызып жібереді. Ақатай Рысалдыұлы Ақанның осы керемет ісіне өле-өлгенше риза болып, таңқалумен өтті.

2. Намаз оқимын

Бірде жолы түсіп, Ақатай Рысалдыұлы Алматыға келіп, Ақаңа сәлем беруге үйіне барады. Екеуі өткен-кеткенді айтып, өмір туралы, қазіргі заман туралы әңгіме қозғайды. Бір кезде, әңгіме діншілдік және атеизм тақырыптарына ауысады. Ақаң діндар адам, намаз оқиды. Ал, Ақатай атеист, өмір бойы нағыз коммунист болып өткен адам. Әңгімелерін аяқтап, кетер кезде Ақатай намаз оқуға уәде беріп шығады Ақаңа. Кейіннен Ақатай Рысалдыұлымен кездескен кездерде ол кісі Ақаң туралы әңгіме айтып, еске алып отыратын еді. "Сол жолы қалай мені сендірді, намаз оқуға қалай келісім бергенімді өзім білмеймін. Ақаңда қандай болса да ерекше бір қасиет, керемет күш бар", - деп танданып жүретін еді Ақатай Рысалдыұлы.

3. Мешітке бер

Ақатай Рысалдыұлы кіші баласы орта мектепті бітіріп, жоғарғы оқу орнына түсіруге Алматыға алып келді. Әрі ойланып, бері ойланып Ақан Жақсыбекұлына барады (Ақаң Қазақ политехникалық институтының профессоры). Келген негізгі жұмысын айтудан бұрын жағдай сұрасып, әңгіме-дүкен құрысып, шай ішіп, көңілдері жайланады.

Енді реті келді-ау деген кезде Ақатай: "Ақа, мен кіші баламды оқуға алып келіп едім, соған бір жәрдем етіңіз, мына 1000 сомды алыңыз, Ғабдоллаға мінгізген тайым болсын", - дейді.

Осы кезде, Ақан Ақатайдың бетіне қараған күйі біраз үндемей отырады да: "Әй, Ақатай, сенің жасың менен кіші, інімсің, өзің прокурорсың, ал, мен ғалым адаммын, біздің ырыс-құтымызды Алла Тағала өзі белгілеп беріп қойған. Біз біреуден алуға тиіс емеспіз, қайта жетім жесірге, кемтар адамдарға біз көмек беруіміз керек. Ал, сен шынымен ниет қылып отырсаң, осы ақшанды орталық мешітке апарып бер. Олар түбіртек қағаз береді. Сол түбіртекті маған әкеліп көрсет. Алла Тағала сенің адал ниетіңе көмектеседі, балаң оқуға түсіп кетеді" – дейді. Содан Ақатай Ақанмен қоштасып шығып кетеді. "Осы ұялғанымды естен шығара алар емеспін", - дейтін еді марқұм Ақатай Рысалдыұлы.

Төлеубек Қарамендітегі

Сәулет ғылымының кандидаты, доцент.

ТАҚИЯЛЫ ҰСТАЗ БЕН ТАҚИЯЛЫ ТАЛАПШЕР

Мен 1961 ж. Қазақ политехникалық институттың құрылыс-инженер факультетінде алғашқы рет ашылған сәулетшілер дайындайтын бөліміне түсуге емтихан тапсырып, негізгі үш пәннен 14 балға ие болғанмын. Бұл бөлімге 25 қана студентті қабылдайтын. Ал маған түсу үшін 15 балл керек еді, себебі менде өндіріс жұмысында 2 жыл және әскер қатарында болған емес едім. Ал енді осы факультетке 25 студенттен қабылдайтын инженер-құрылысшылар дайындайтын 7 топ бар еді. Бұл топтарға негізгі үш пәннен 13 балл болса жетіп жатыр. Сондықтан мен көп ойланбастан осы құрылыс-инженерлер топтарына түсу үшін, институттың оқу бөлімінің проректоры және қабылдау комиссия мүшесі Б.С. Жармағанбетовқа өтініш білдірдім. Ол кісі ертеңгі қабылдау комиссиясында өтінішімді қарайтынын айтты.

Қабылдау комиссиясы ол кезде Достық (Ленин) мен Абай даңғылының қиылысуында орналасқан ҚазПТИ-дың тау-кен факультетінің үлкен, мықты ғимаратында өтетін. Кейін қисынсыз, дарақылықпен бұзды бұл корпусты. Мен сол күні таңертеңнен кешкі сағат 5-ке дейін сарғайып, қашан комиссия шақырады екен деп күтумен болдым. Бірақ сол күні проректор келмеді. Мен не істерімді білмей сасқалақтап тұрғанымда бір кезде қабылдау комиссиясы отырған бөлмесінен орта жастан асқан көзілдірікті, басында түрлі түспен сырылған қазақша тақиясы бар, жылы жүзді, мейірімді жылы көзбен қарайтын, орта бойлы кісі шығып бара жатты. Мен әкемді көргендей, басқа ешбір амалым қалмаған соң тура қасына тез жетіп барып мазалағаным үшін кешірім сұрап, 2-3 минуттың ішінде оқуға түсе алмай қалатын қауіпімді айтып, өтінішімді білдіріп көмек сұрадым. Ол кісі алдымен сәл таңырқағандай маған қарады, себебі танымайтын жас жігіттің өтініші және оқуға түсуге келген талапкердің ішінде жалғыз ғана менің аты-жөнімді, оқу тобымды сұрады

да қабылдау комиссиясының шақыртуын ақырына дейін күт деп, біраздан кейін қайта оралып қабылдау комиссиясының бөлмесіне кіріп кетті.

Бір кезде көп күттірмей қабылдау комиссиясына шақырылдым. Кірсем, комиссия бастығы институттың ректоры, академик О. Байқоңыров емтихан тапсырған құжаттарымды, салған суреттерімді, пәндерден алған бағаларымды қарап шығып: "Сен кейін қайтадан сәулетші тобына сұранбайсың ба?" – деді. Мен: "Егер бос орын болса сұранамын" – деп жауап бердім. Тағы да комиссия мүшесінің бірі (кейіннен білдім факультет партбюро хатшысы Г.Н. Нарожный): "Мектеп бітіргелі бір жыл бойы не істедің?" – деп сұрақ қойды. Мен: Тұрғын үй, өндіріс құрылыстарында жұмыс істегенімді, ағаш ұстасының 3 разряд дәрежелігін алғанымды айттым. Бұдан кейін О.Байқоңыров менің еңбек кітапшамды қарады да менің құрылысшы – инженер тобына студент болып қабылданғанымды жария етті. Менің қуанышым қойныма симай бөлмеден шығып бара жатып сәл кідіріп маған мейір-шапағатын төккен қайырымды тақиялы ағамды іздей, комиссия мүшелерінің арасына көз жүгіртіп тез арада оп-оңай тауып көз қиымды тоқтатқанда, ол да маған басын изеп, езу тартып қуанышымды бөліскендей болды... Қайран, сол көкемнің атына жан дүниесі сай аты Ақжан екенін кейіннен білдім... Не деген қайырымдылық, қамқорлық...

Өз баласындай әкелік сезіммен маған танымайтын бір балаға қол ұшын беріп бақытты қуанышқа бөледі!!! Негізі сол кездегі ақсақал оқымысты, зиялы кісілердің көпшілігі осы ағамдай еді. Әсіресе қабылдау комиссиясының бастығы ҚазПТИ ректоры О. Байқоңыров. Ол кісі қабылдау кезінде, түскі тамақ үзілісіне шығып бара жатқан кездерде бір топ талапкерлер қоршап әр қайсысы сұрақ беріп жататын, ал ол кісі асықпай әр сұрақтарды мұқият зейін қойып тындап әрқайсысының нақты сұрақтарына жауап беріп, түгел тұрғандарды қанағаттандырып және ешқандай ренжіс білдірмей сұрақтарымызға талдап жауап беріп тұрған кездері осы күнге дейін көз алдымыздан кетпейді. Бұл не деген қасиеттілік, ұлылық, ұлағаттылық?!... Бұл не деген жастарға әкелік қамқорлық?!... Сөз жетпейді!...

Осы естеліктерді, осы сияқты зиялы қасиетті, қайырымды ағаларым есіме түскенде, әнші Рамазан Стамғазиевтің айтатын әнін шырқағың келеді. "Дариға – ай дәурен, шіркін – ай, Дариға – ай дәурен, шіркін – ааа – ай!"... деп. Осы күндері жастардың осындай көкелермен кездесіп жүздесуі бұрынғы кездердей емес, жоқтың қасы!... Өйткені ондай ағалар жоқ!... ұлтжанды деп мен осындай ұлы кісілерді айтамын. Елін, халқын сүйген азаматтар осындай болу керек деп ойлаймын, өйткені болашақ ұрпақ халық тағдыры. Кешке дейін тамақ ішпей шаршағанымды ұмытып қуанышымда шек жоқ, қайырымды тақиялы ағамды вестибюльде күтіп біраз тұрдым, рахметімді айтпақшы болдым, бірақ ыңғайсызданып әйтеуір осы институтқа түстім ғой, ол кісіні ҚазПТИ-да бір кездестірірмін деп көп күтпей кетіп қалдым.

Кейіннен менің тағдырыма қол ұшын берген геолог, геология-минералогия ғылымының докторы, Қазақстан Республикасының ғылымға еңбегі сіңген қайраткері, профессор Ақжан Жақсыбекұлы Машани болып шықты. Ең қызығы осы басында тақиясы бар Ақжан ағамен тақиялы талапкер менің кездескен сәттерім қабылдау комиссиясының шақыруын сарыла күтіп тұрған әскери киімін киген талапкердің есінде қалыпты. Кейіннен мен онымен бірге ПГС-61-2 тобында бірге оқыдым. Оның аты жөні Жарылқасын Жүндібаев. Ол ҚазПТИ-ді бітіргелі Алматы қаласында құрылыс басқармалары мен құрылыс өнеркәсіптерінде, министрліктерде, Алматы қаласының көркейіп өсуіне көптеген тұрғын үй, сәулетті, әсем ғимараттар құрылыстарында өзінің маңдай терімен қолтаңбасын қалдырған, адал еңбектерімен, турашылдығымен көзге түскен азаматтың бірі. Осы күнге дейін бір-бірімізбен достық қатынастамыз.

ҚазПТИ қабырғасында студент болып жүргенде (1961-1966 жж.) институт қоғам жұмыстарында қайырымды тақиялы ағаймен кездесіп жүрдім, ол кісінің суретін ҚазПТИ қабырға газеттеріне шығардым. Ол кісі мені танымайтын, бірақ мен өткен оқиғалар туралы ештеңе айтпадым. Ол кезде мен тақия кимей жүретін едім. Қабырға газеттерінде "Фотохроника ҚазПТИ" Ақжан ағаның сан қырлы оқымысты, ұлтжандық рухты көтерген нағыз ғалым екенін, оның дүние жүзіне әйгілі шығыстың Аристотелі атанған әл-Фараби бабамыздың қазақ топырағында атақты, белгілі Отырар қаласында туған қазақ халқының перзенті екенін бүкіл дүние жүзіне дәлелдегені туралы жария етіп жүрдім...

ҚазПТИ-ді бітіргеннен кейін Мәскеу сәулет институтының аспирантурасын кандидаттық диссертациямен тамамдап, 11 жылдан кейін 1972 жылы Қазақ политехникалық институтының "маркшейдерия" кафедрасының меңгерушісі Ақжан ағама келдім. Сәлемдесіп аты-жөнімді айттым. Содан соң талапкер кезімдегі оқиғаларды есіне түсіре бастадым. Бірақ ол "есімде жоқ" деді. Енді қалайда есіне түсіру үшін басыма киген Абай атамыздың басындағыдай тақия киген сарышаш баланың өзін тоқтатып мүшкіл боп тұрған қиын жағдайын айтқанын айттым. Ол кісі сәл ойланып тұрды да: "Иә, иә, енді есіме түсті, мен өтінішінді О. Байқоңыровқа айтып, сені шақыруын сұраған едім" – деді күлімсіреп. Мінеки, қазақтың ұлттық тақиясының арқасында бірнеше жыл бұрын өтіп кеткен сол бір сәт Ақжан көкеміздің есіне түсті, себебі ол кезде тақияны ешкім кимейтін, тіпті қазақтың ақын-жазушылары да тақия кимей, бастарына шетелге еліктеп неше түрлі бас киім киетін, немесе шаштарын жалбыратып ұсқынсыз боп жүретін.

Ақжан аға жәй сабырлы үнімен өзінің талай азаматтарға қамқорлық жасағанын, ақыл-кеңес бергенін айтып, олардың ұмытпай келіп түзу сәлемдерін беріп, рахмет айтқандарын есіне ала отырып, менің осы институтты алғашқы бітіруші сәулетшілер арасында "үздік" бітіргенімді, содан кейін

бірінші болып Республикамыздағы Қазақ политехникалық институттың түлегі ғалым-сәулетші болғанымды құттықтай, өзінің берген жәрдемінің ақталғанына қуанып, шын ниетімен маған көп табысқа жетуімді айтты. Бұл Ақжан ағамызбен сөйлескен соңғы кездесу еді.

Марқұмның жатқан жері жәйлі болсын, иманды болсын!...

Шіркін-ай біздің осы егеменді елімізде осындай ұлы ағамыздай ойшыл, ұлтжанды ғалым, қасиетті, мейірімді, рахымды, адал азаматтар көп болса ғой!...

*Ахметбек Әрінов, Ұлы Отан соғысының
Екінші топтағы мүгедегі, еңбек ардагері*

ТҰЛПАРДЫҢ ТҰЯҒЫ

*"Орталық Қазақстанда" (09.01.1993)
жарияланған естелік ықшамдалып алынды*

Біздің Қарқаралы бүгінде шағын қала болғанымен телегей-теңіз дерлік бай тарихқа ие. Оның соншалық мол тарихын зерттеп, қағаз бетіне түсіру, сөйтіп, бүгінгі ұрпақтың игілігіне айналдыру – барша қаламгер қауымның, біздер сияқты бүгінде аға ұрпақ атанып отырғандардың қасиетті парызы, орындауы - міндетті борышы. Бұл ретте білгенімізді, көргенімізді айтып, әңгімелеп бермесек, олардың соған лайықты-ау дегендерін қағаз бетіне түсіріп, тасқа басылуына жағдай жасамақ, мына біздерге, көне-көз қарттарға серт. Осы ретте әңгімемді Ақжаннан бастағалы тұрмын.

Осы өзіміз туып-өскен өңірде әлде Құнанбай, әлде Жамантай (Тұрсын) сұлтан айтты деген: "Машан, енді Машандай ұл туғанша қашан?!" қанатты сөз бар. Бұл сөз Қарқаралының аға сұлтаны, дуан басы болған Тұрсынның (Жамантайдың) ең сенімді серігі, ақылшысы, дуалы ауызды биі Машанға байланысты айтылған ғой. Сол Машан атты ғұламаның бүгінгі көзі тірі ұрпағы Ақжан Жақсыбекұлы, біздердің бұл күндегі даңқты жерлесіміз Ақаң осы Қарқаралы уезі, Берікқара болысының №1 ауылында, Кіші Қарақуыстың күншығыс жағында, қазіргі Нұркен атындағы және Жамбыл атындағы совхоздың шекарасындағы Сарыбұйрат (Қызылсиыр деп те атайды) қыстағында 1906 жылы Машанның бел балаларының шаруасы шағындалып қалған тұста, қатардағы шаруа отбасында дүниеге келген. Арғы бабалары Тотыдан бергі кең тараған ұрпақтары, солардың негізгі бөлігі, қазірде Нұркен атындағы кеншарында тұрады. Жақсы өсіп-өнген, тамырын кеңге жайған, осы өңірді – ата-мекендерін тұрақты қоныс еткен, айнала төңірегіндегі ағайын-туғандарына мейлінше сыйлы ұрпақ.

Егерде Тоты мен Машандарды шын тұлпарлар еді дейтін (бұған ешқандай да дау болмаса керек!) болсақ, сол тұлпарлардың бүгінгі шын тұяғы Ақаңа келетін болсақ, ол бүкіл әлемге әйгілі ғұлама ғалым, Қазақстан Республикасының ғылымға еңбегі сіңген қайраткері, Республикамыздың ұлттық ғылым академиясының шаңырағын құрысқан мүшесі, профессор бүкіл әлемге танымал фарабист ғалым. Негізгі қызметтеріне қоса көптеген және әр қилы ғылыми, педагогикалық, қоғамдық қызметтер атқару арқылы бүгінде бүкіл еліне жақсы танымал 86 жасқа толса да 63 жыл бойына қоғам мен халқына пайдалы еңбектен бір қол үзбестен келе жатыр.

Ақаң өз еңбек жолын осы Қарқаралыдағы Абай атындағы педагогикалық

училищені бітіргеннен кейін 1929 жылы жеті жылдық мектептің мұғалімі қызметімен бастаған болатын. Осыдан он жыл өткеннен соң, Қазақтың Кен институтын (қазіргі Қазақтың Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ҰТУ) бітірді. Содан жеті жыл өткен соң-ақ, 1946 жылы Қазақстан Республикасының ұлттық ғылым академиясының алғашқы корреспондент мүшесінің бірі болып сайланды. Ғылымдағы аса жоғары өнімді еңбегі ескеріліп, оған қырық жасында-ақ Қазақстанның ғылымға еңбегі сіңген қайраткері жоғары атағы берілді. Білікті ғалым, тәжірибелі педагог отыз жыл (1959-1988) бойына өзі білім алған политехникалық институтта маркшейдерлік іс кафедрасының меңгерушісі болып істеді. Оның жетекшілік етуімен мыңнан астам сапалы білімді, өз істеріне жетік инженерлер-маркшейдерлері, бірнеше ондаған ғылым кандидаттары дайындалды. Олар бүгінде еліміздің түрлі кен орындары мен жоғары білім мекемелерінде ұстаздарынан алған жоғары сапалы білімдеріне орай жемісті еңбектерін жалғастыруда.

Ақаңның жетекшілік етуімен геомеханика саласындағы ғылыми зерттеулер кең арнаға түсіп, тұрақты түрде дамып келеді. Ол бұрынғы Кеңес Одағы бойынша геомеханика ғылымының негізін қалаушылардың бірі, осы саладағы қазақстандық келешегі зор ғылымының ізін салушы.

Даңқты жерлесіміз сонымен бірге қазақстандық бай кен көздерін ашқан санаулы ғана геологтарымыздың бірі болып саналады.

Ол көптеген ғылыми фантастикалық еңбектердің иесі, қазақстандық фантастика негізін салушы, қазақ фантасттарының атасы, ғұлама ұстазы.

Біздің Ақаң бүкіл әлемнің, оның ішінде бүкіл Шығыстың ұлы ойшылы Әбунасыр әл-Фарабидің ғылыми мұрасын Қазақстан жерінде алғаш насихаттаушы, сонымен қатар осынау сан қырлы мейлінше мол ғылыми-әлеуметтік мұраны сарыла зерттеуші. Достастық елдеріндегі, көптеген шет мемлекеттердегі ойшыл-ғалымдардың барынша іскер, білікті, аса ғұлама кеңесшісі, шын мәнісіндегі іс үстіндегі ақылшысы болып келеді.

Жалпы қазан төңкерісі жүзеге асып, Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі мұсылман дініне қарсы жүргізілген әділетсіз "күресті" мойындамастан, діннен, мешіт пен құраннан сол қатерлі жетпіс жыл бойына қол үзбестен келе жатқан, сол "қылығы" мен "қылмысына" орай кеңестік заң мен тәртіптің сан соққысы мен қысасын бастан өткерген Ақаң мұсылман дінінің, жалпы мұсылманшылық тәртіптің, исламның Қазақстан жеріндегі бірден-бір дерлік шын берілген, фанатик уағыздаушысы, діндар насихатшысы атандырарлықтай адам. Осылардай "қылықтарына" қарамастан, Ақаң сол Кеңес өкіметін өзінің еңбегін тануға мәжбүр еткен сияқты - олардың ішінде Ленин, Еңбек Қызыл Ту ордендері бар.

Оның туған жерге деген асқақ махаббатын, туған елінің сәл қуанышы мен қызығына жас балаша шын қуанатынын қаламызда Құнанбай қажы мешіті қалпына келтіріліп, есігін айқара ашқан тұста ерекше байқап, куәсі болдық.

Қаламыздың рухани өміріндегі осы бір аса игі іске шектен тыс қуанып, бір жасап қалғанын көзіміз көрді. Сол жолы Ақан үлкен тебіреніс үсінде жазған хаты мен өзінің "Ғабдолла дәптері" деген атпен жазған араб тіліндегі қолжазба кітабын мешітке сыйға тартқан еді.

Осы "Ғабдолла дәптерін" бүгінгі емлемізге түсіріп, ұрпақтарымыздың игілігіне жарату үшін ұсынсақ деген ойымыз да жоқ емес. Құдай қаласа, бұл ниетіміз орындалып қалар да...

Ал осы тұста түйіндеп айтар ой-пікіріміз мынау болмақ: Данагөй балаларымыздың "Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар", - деп дәл тауып айтқандай, өз заманының озық кейіпкері, Дуанбасы Жамантай сұлтанның ақылшы биі болған, ел аузындағы Машанның немересі Ақанды ортамызда жүрген "Тұлпардың тұяғы" десем, мұның артық, қате жері бар ма?! Ортамыздан оза шыққан ғұламаға бүгінгі ұрпағымыздың болашағы үшін, бақыты үшін бойында барын аямастан еңбек еткен ерен еңбеккерлігін лайықты бағалауға тиістіміз. Мұның өзі қауым боп қолдап-құптарлық ізгі де игі іс болмас па еді?! Соның бастауы осы ауылда ашылған мешіттің Ақанның атымен аталуы дер едім.

Дуанбасы Құнанбай қажының негізгі мекені және қарауындағы елінің негізгі бөлігі сонау Көкше елі мен Шыңғыстау өңірі болғанмен дуанының орталығы осы Қарқаралы қаласы болған ғой. Архивтік деректерге сүйенсек, Құнанбай қажының иелігінде, яғни Қарқаралы дуанында 353 ауылнай, оларда 20,784 отбасы, 62,6200 ер адам, 83,496 әйел, барлығы 146,118 адам болған екен. Сол кездегі саяси-әлеуметтік, қоғамдық-экономикалық жағдайда осыншама халыққа иелік, басшылық жасау, барыс-келіс, қарым-қатынас істерін ұйымдастыру, "бір жеңнен қол бір жағадан бас шығарып" дегендей, Дуанбасының әмірі мен құзырында ұстау оңай шаруа еместігі бүгінде әркімге-ақ аян. Қарқаралыдай кен-байтақ жерді алып жатқан дуанды (округты), ондағы қыруар халықты ұстау Құнанбай қажыдай үлкен саясаткер, ақыл-парасаты мол білікті адамның ғана қолынан келетін іс екенін атап айтып, барша болып мойындаған жөн.

Сол Құнанбай қажы жайында ел аузында бір-біріне кереғар айтыла беретін әңгімелер көп-ақ.

Белгілі орыс ғалымдары сол Құнанбай қажының ерекше жаратылған жан ретіндегі бас сүйегін кезінде мұражайларға (музейлерге) алу жөнінде көп әрекет жасаған деген де лақап бар. Бұл әрекетке басқа балалары көніп, келісіп қалғанда, Абай қарсы болып ол ойларын жүзеге асыртпай тастапты деседі. (Бұл жайларды Абайтанушылардың анықтауы үшін әдейі жазып отырмын).

Сол дәуірде Құнанбайдың өз заманында "томпақ келетін" іске барып, төрелерден асып түскендігі, сол арқылы "қарадан шығып, хан болғаны" бүгінгі ұрпаққа мәлім, ал оның замандастары үшін адам нанғысыз, қиялға бергісіз ғаламат жай екендігі, баршаға аян жай... Осы жайға байланысты біздің өңірде мынандай да әңгіме айтылады: Қаракесек тайпасының әлтөбет атты

тармағынан тарайтын Гайшық деген белгілі, белді азамат осы өңірдегі Жарлы өзенінің бойында елдің игі жақсылары Жамантай, Машан, Саржан, Қарымқожа, Жаманбайлармен бас қосып отырғанда былай депті:

- Патша ағзам арнайы жарлық шығарып, қазақ даласын билеп-төстеудің жаңа жолдарын белгілепті де, хандықты құрбандыққа шалып "сұлтан" деген жаңа лауазым шығарды ғой. Солайша келіп, жаңаша ат алған бір "жемтікті", екі төре, орталарыңа тастай салып еді, сол жемтікті, Құсбек сен шығысқа тарттың, Жамантай, сен келдің де оған көне салмай, батысқа қарай сүйредің. Солайша келіп, олай-бұлай созғылап, сілкілесіп отырғандарыңда, орта жолдан бір соқыр арлан (Құнанбай өзін мезгеп отыр) келді де, сол жемтікті екеуіңе де бұйыртпастан әкеткен жоқ па?! Осы әңгімені естіген Жамантайлар "жұмған аузын ашпастан" қалыпты...

Ал бүгінде сол Құнанбай қажының ғажап ғимаратының-мешітінің ашылуына арнайы жіберген Ақаңның "Ғабдолла дәптерін" айтып отырмыз. Бұл да сол бір Алланың рақымы, бергені емес пе? Осы үшін де аудан жұртшылығы Аллаға разышылығын білдіріп, жаңа тәртіп пен өзіміздің өкіметімізге алғыстарын жаудыруда.

Ал сол Құнанбай қажыны, ғажап ғимаратты біздерге, бұрынғы-соңғы ұрпақтарына мұра етіп қалдырған әулие адамды - оның үзеңгілес серігі Машан би ұрпағы Ақаңды Асылдың сынығы дегеніміз, оларды мәңгілік ардақтап, құрмет тұтқанымыз ғой...

Жуырда ғұлама ғалым ағамызбен жайласа отырып сұхбаттасқанымызда, тереңнен толғайтын ардагер азаматтың былай дегені бар еді:

- Менің дәл бүгінгідей дәрежеге көтерілуіме әуел бастағы білім ұрығын бойыма еккен ұстаздарымның сол білім мен ғылымның іргетасын, негізін мықты етіп, берік етіп қалағанынан деп білемін. Бұл дүниеде қалдырар, ұрпақтарым өз игілігіне жаратар сәл де болса жемісім дерлік табыстарыма ең алдымен сол аяулы ұстаздарым иелік етуі керек дер едім, - деп толғанған. "Ұстаздарымнан оздым, болып-толдым", - деп отырған, осындайлық сәл де болса емеурін жасайтын Ақаң жоқ, әрине. Бірақ, өзіне дәріс оқыған сол бір кездерден кейін ұшыраспай кеткен мұғалім-ұстаздарын аса бір жылылықпен, ізетті шәкіртке ғана тән асқан ілтипатпен, ерекше құрметпен, ізгілікпен еске алып отырамы бар. Солардың арасынан Әлімхан Ермековты, семейлік Манан Тұрғанбаев пен қарқаралық Ыбыраш Бөкейхановты, сол кездегі аудандық ағарту бөлімінде хатшы болған ұстаз Калиакбар (кішкентай болған соң Жұдырық деп атайтын) олардың адамгершілігін, білімпаздығын, ерен еңбекқорлығын мақтап-марапаттай сөйлеп, ерекше атап айтты.

- Сол аудандық ағарту бөлімінде істеген Калиакбар ағайдың өте көркем мұбарак қолымен жазып берген Сенім қағазын осы күнге дейін бойтұмардай сақтап келемін. Ал Семейден кейінірек келген Манан Тұрғанбаев деген мұғаліміміз ерекше қасиеттерге ие, аса терең білімді, ұстаздық өнерді бойына

ана сүтімен дарытқан, шын мәнісіндегі ғажайып ұстаз еді ғой. Қояншы – Тоғай жігіттері Рақымбай Сапақов пен Имам Әлімбаевтерді сағалап, Карсон-Керней болысындағы атақты Дия қажы ақын-молда жиі келіп тұратын. Дия қажы бес Бошанның бірі Машай ұрпақтарынан тарайтын Керней Жарылғап Батырдың Жәнібек деген баласының шөбересі ғой. Сол Дия қажының жоғарыда өзім атаған зиялылар біздің ұстаздарымыз бас қосып, әңгіме-дүкен құрып отырғанда әлгі Мананның мұғалімге арнап айтқан ұзақ өлеңінің:

"... Манан абын (арабша ұлы деген) Тұрғанбай,

Сөз сөйлейді толғанбай.

Күле сөйлеп айтқаны,

Дәл төбеңнен ұрғандай", - деген жолдары күні бүгін есімде...

Осы арада мен де сөзге араласып:

-Аға, Мананды мен де білемін. Жасырақ кезімде біздің үйге, әкеме келіп жүретін... Менде, тіпті, фотосуреті де бар, - дедім.

Бұл сөзіме Ақан балаша қуанды. Сөйтіп әлгі суреттің көбейтілген даналарынан біреуін қалап алды. Ұстазының жастау кезіндегі суреті екенін айтып, үлкен олжаға кенеліп, жоғалтқан асылын қайыра тапқандай, сол жолы ұстазының өзімен кездескендей болып, шектен тыс қуанды.

Сондағы Ақанды аса тебіrentкен фотосуреттің бір данасын танитын, білетін, оны көріп Ақанша қуанатын оқырман кездесіп қалар деген үмітпен "Орталық Қазақстанға" да ұсынып отырмын. Манан Тұрғанбаев жайлы деректерді ортаға салған артық болмас деп ойлаймын. Ол деректерді кезінде Семейдегі өлкетану музейінен алған едім... Манан Тұрғанбаев Қарқаралы уезі, Абыралы болысының екінші аулында туған екен. Он жастан асқанша ауыл молдасынан оқып, арабша сауатын ашыпты. Әкесі жастай өліп, Шоден деген әке інісінің тәрбиесінде болған екен. Ол туысының да кедейлік тұрмысы жас Мананның кедейлік жағдайын оңалта алмаса керек. Жас бала оқу оқып, өз бетімен тіршілік ету үшін Семейге келеді ғой. Мұнда келген соң жұмыс істеп, күн көрерлік табыс таба жүріп, бас-аяғы алты жыл мөлшерінде Семей медреселерінде оқиды. Содан 1900-1910 жылдары медресені бітірген Манан еліне келіп, ауыл балаларын оқытады. Одан 1910-1916 жылдары Уфа қаласына барып, әйгілі Медіресе ғалияда оқиды. Оны тәмамдаған соң қайыра Абралыға келіп, бала оқытады.

Отыздан асқан шағында, 1917-1919 жылдары Алаш қаласындағы (сол кездегі Жаңа Семей осылай аталатын) Педагогикалық курстың мұғалімі әрі меңгерушісі болып істепті. Ал 1919-1924 жылдары сол тұстағы губерниялық газет ретіндегі "Қазақ тілінің" редакторының орынбасары, кейіннен редакторы болады. Сол кезде "Қазақ тілі" 2000 дана болып тарап, жұмасына екі рет шығып тұрады екен. Бұл жылдары "Қазақ тілінің" шығарушылар алқасында губпарткомның қаулысымен бекітілген Ж. Сәдуақасов, Н. Нұрмақов пен Н. Тұрғанбаевтар болыпты (Семей облыстық архиві, 415 қор, 01-іс, 153-а.).

Бұдан кейін губерниялық оқу бөліміне жұмысқа ауыстырылған Манан Семейдегі жылдарында губпарткомның Ақпарат секциясында, губерниялық сотта, тағы басқа мекемелерде жауапты қызметтерді қосымша атқарып отырыпты (ол кезде сауатты, іскер адамдардың бірнеше қызметті қоса атқаратыны үйреншікті іс болатын).

Кезінде қазақтың небір зиялыларының мекенжайы, қызмет орны болған Семейде істеп жүрген кезінде, әсіресе Қарқаралыға келетін 1925 жылдың алдында ол Мұхтар Әуезовпен, Қаныш Сәтбаевпен, Жүсіпбек Аймауытовпен, Нығымет Нұрмақовпен, Әлімхан Ермековпен серіктес, әріптес, ниеттес болып өте жақын араласқан.

Менде Мананның қолымен жазылып, мөрі басылған біраз құжаттар бар. Солардың бірі 1919 жылдың 26 мамырында, Манан Педагогикалық курстың меңгерушісі болып істеп жүрген кезде жазылыпты. Курс оқушыларының тізімінде Қарқаралыдан көптеген жастар оқығандығы айтылады.

1928 жылға дейін Ақандарды және басқаларды оқытқан Манан сол жылы Семейге қайтып барып, облыстық соттың орынбасары болып қызмет атқарған. Осы тұста басталып кеткен сапырылыстар кезінде, 1933 жылы Алтай өлкесіндегі Ойрат автономиялық облысындағы Тұрата жетіжылдық мектебінің, ал 1936 жылы Қазақстанның Ауылнай станциясында репрессияға ұшырап түрмеге камалады. Сол түрмеден жолдаған хатындағы: "Бізді күтпендер, енді біз жоқпыз. Үш қасқыр жабылды", - деген қайғылы сөздерді оқығандар бар. Сол жазғандағыдай, қарқаралық бір зиялы азамат, қайран ердің 1937 жылдың 17 тамызында сталиндік қасапханада қыршынынан қиылып, атылғандығын кейінде ғана естіп білдік...

Осындай арманда кеткен абзал ардагерлер, Ақаң сынды ағалардың бойына ізгілікті егіп үлгерді ғой. Бұрынғы ұстазының суретіне қарап ұзақ отырып қалған өз ағаның іштей тебіренісі осыны аңғартты маған.

Жүніс Сахиев
Қазақстанда сериялы ғылыми-фантастикалық
романдар жазуды бастаушы
жазушы-фантаст. Астрономия-геодезия қоғамының толық мүшесі

АЛЛАНЫҢ АҚ ЖОЛЫМЕН

Бір мың тоғыз жүз сексен бесінші жылдың мамыралы жаз айы болатын. Қазақ телевизиясы бірнеше жазушы-фантастармен сұхбат әңгіме ұйымдастырды. Бірнешеу болып студияға жиналды. Мен сол арада ерекше тұлғаға тап болдым. Ол кісіні мен одан бұрын тек сырттай естіп, теледидардан, энциклопедиялық кітаптардан көретінмін, оқитынмын. Хабардың негізгі ұйтқысы болып жүрген Абдул-Хамид Мархабаев ағамыз ол кісіні: "Ақжан Жақсыбекұлы Машанов" осы кісі болады, - деп сырттай таныстырды.

Үлкендер жағы да, жастар жағы да ол кісімен амандастық. Денелі келген қыр мұрынды, қырағы көз ғалым ойлы жүзімен бәрімізді көзімен шолып өтті. Сол мезетте Абдул-Хамид ағамыз қаз-қатар отырған біздерді айтып, ғылыми-фантастикалық жетістігімізден хабардар етті. Үлкен кісі жай ғана басын шұлғып қойып отырды. Содан сәл өтпей хабар басталып кетті. Негізгі мәселе, қазақ ғылыми-фантастикасының сол кездегі жай-күйі мен болашағы жайлы еді. Әуелгі сөзді Ақжан ағамыз бастады. Қазақ ғылыми фантастикасының қайнар көзі болған өзінің "Жер астына саяхат" шығармасының қалай туындағанын, оның геологиямен, оның болашағымен байланысты екенін айта келіп, ортаң бел шәкірттері мен кейінгі өніп-өсіп келе жатқан біздерге бір-екі ауыз тоқтады.

Одан кейін Талап Сұлтанбеков, Шәмшиден Әбдіраман, Абдул-Хамид Мархабаев сөйледі. Сөз бізге де тиді. Мен ғылыми фантастика жанрының күрделі екеніне, оны кез келген оқырманның түсіне бермейтініне, оны түсіну үшін қандай да бір ғылым саласынан, жалпы ғылымнан хабардар болуы керек екенін айта келе кейбір классикалық ғылыми-фантастикалық шығармаларға тоқталып, талдау жасадым. Ол сөздерімнің бәрін де экран сыртындағы әріптестерім, Ақжан аға мұқият тыңдап отырды. Хабар біткен бойда анадай жерде оқшау отырған үлкен ғалым маған қадала қарап:

- Қарағым, есімің кім еді, бері келші, - деді.

- Мен Жүніс Сахиев деген жазушы-фантаст ініңіз боламын, - деп мен ол кісінің жанына отырдым.

- Иә, қашаннан бері ғылыми-фантастикалық шығармалар жазып жүрсің? Мен енді барлық басылымдарды оқи бермеймін ғой. Ол жағын көңіліңе алма. Бірақ саған Абдул-Хамид аға арқылы біршама қанықпын, - деді.

- Рахмет, аға! – деп мен кәдімгідей толқып кеттім.

- Сенің жаңағы ғылыми-фантастика жөніндегі сөздерің маған қатты ұнап отыр. Сөздерің ширақ, ойларың нық екен. Сен менімен хабарласып тұр, - деді орнынан жайымен түргеле беріп.

- Жарайды, аға, - деп мен қала бердім.

Уақыт зымырап өтіп жатты. Өне-міне дегенше жаз өтіп, күз өтіп, қыс айының соңғы Ақпаны да келді. Сол келесі 1986 жылдың ақпанында мен Мәскеу сапарына жүретін болдым. Баспа саласында қызмет ететін болғандықтан бір жарым айлық мамандық деңгейін көтеру дейтін курсқа жіберетін баспа әкімшілігі. Сол тізімге енгенмін. Дәл соның алдында тағы да қазақ телевизиясы жазушы-фантастардың басын құрап, хабар жасады. Ақжан Жақсыбекұлы Машанов ағаммен екінші рет жүздесудің сәті түсті сөйтіп. Ол кісі әуелгідей емес, маған ерекше бөлек сеніммен, үмітпен қарады ол жолы. Хабар басталып кетті. Тағы да қазақ ғылыми фантастикасы жайындағы терең ойлар, пікірлер, пікірталастар.

Хабар түсіріліп біткеннен кейін әуелдегідей бір қатарға орындық үстінде отырдық. Жаңа ғана айтылған ойларымызды қорытындылады. Болашақ

жоспарымызды айттық. Әңгіме арасында мен күні ертең Мәскеуге жүретінімді айтып қалдым. Сол кезде Ақжан ағамыз сәл ойланып қалды да:

- Қарағым, сен онда қанша уақыт боласың? – деді.

- Бір жарым ай.

- Е, әжептәуір мерзім екен ғой. Менің ойыма бір нәрсе түсіп отыр, - деп ойлы көзімен студия ішін шолып өткен Ақжан аға сөзін әрі жалғады, - 1983 жылы осы Алматыға Кувейттен шығатын "Әл-Фараби" апталығының қызметкері Мұстафа Нәби деген кісі келген еді. Сол кісі фарабитанушы ретінде мені іздестіріпті. Сөйтіп, екеуіміз Алматы мейманханасында кездескенбіз. Ұлы ғалым Әбу-Насыр әл-Фараби жөнінде пікір толғадық. Ол менен көптеген ғылыми деректер мен суреттер алып кеткен Фараби жөнінен. Сол басылым қолыма жетпей жүр, шынымды айтсам. Сен, қарағым, Мәскеуде жүргенінде, қолың бір қалт еткенде, әлгі газетті қарап көресің бе? Ол мақала, болжауымша, 1984 жылдың бір айында жарыққа шыққан болар. Жобасы солай. Бұл менің ұстаздық өтінішім болсын, айып етпе, тек...

- Ол не дегеніңіз, Ақжан аға! Сізден мұндай тапсырма алу мен үшін үлкен бақыт емес пе? Бар уақытымды сарып етсем де оны тауып әкелуге тырысамын, аға! Ол жағынан еш қам жеменіз! Тек мақала жарияланған болса...

- Ол мақала әлдеқашан шықты! Мен сезіп отырмын. Ол бекер адам емес, сөзінде тұратын кісі!

- Жақсы, аға, мен іздеймін! – дедім.

Студиядағы әңгімеміз одан кейін де жалғасын тапты. Алдағы уақытты не мәселелерді қозғаймыз, қандай тақырыпта дөңгелек үстел ұйымдастырамыз деген мәселелер көкейімізде тұрды. Сөйтіп, санаулы әріптестер бір жасап қалғандай көңіл-күйде тарастық. Мен Ақжан ағаның үй телефонын, мекен-жайын жазып алдым. Ертеңіне әуе кемесімен Мәскеуге ұштым. әуеде кетіп бара жатып та ойлағаным Ақжан ағаның тапсырмасы болды. Баспа саласындағы мамандық көтеру оқуы жайына қалды. "Журналды, ондағы мақаланы тауып әкеле алмасам, не болғаным? Осы мақалада ұлы ғалым Әбу Насыр әл-Фараби бабамыз бар ғой? Жоқ, қалай дегенде де табуым керек" деген оймен Мәскеуге жеткенше асықтым.

Ол толқынысымды үш жүз елу адам алып ұшатын аэробустың жолсерігі-стюардессасы да байқап қалыпты. Ол маған газеттер мен журналдар ұсынды. Ал менің көз алдымда тек қана "Әл-Фараби" журналы еді. Сондықтан да жолсерік ұсынған журнал дәл сондай болып жылы ұшырап та кетті. Әуе кемесінің іші мейлінше кең, өзі екі қабаттан тұратындықтан жүріп-тұруға да жеңіл. Арнайы орынға басқа да газет-журналдар мен кітаптар қойған. Ал қарсы алдымыздағы қабырғада үлкен киноэкран. Солардың бәрі де менің алдағы мақсат-мүлдемнен арылта алмады.

Мәскеу мен үшін де өзге азаматтар мен азаматшалар үшін де таңсық емес. Жоқ дегенде, менің өзім онда бірнеше рет болғанмын. Сондықтан да ондағы

кітапхана атаулыны іздеп табу аса қиынға түсе қоймайтынын сезіп іштей үміт-отымды жандырдым. Аэробус Алматыдан Мәскеуге дейін тура үш сағат елу минут ұшады. Ол уақыт анау-мынаумен айналысып, көңіл аудармаған адамға ұзақ болып көрінеді. Солай болмас үшін мен Қазақтың әл-Фараби атындағы ұлттық мемлекеттік университетінде оқыған араб тілін есіме түсіруге тырыстым. Қойын дәптерімді алып, қысқа-қысқа сөйлемдер құраумен шұғылдандым. Онымның бәрі де "Әл-Фараби" журналынан әл-Фараби мен Ақжан Жаксыбекұлы Машанов жөніндегі мақаланы оқып табуға деген әрекетімнен туындаған еді. Расында да, ол басылым таза араб тілінде жазылған.

Мәскеудегі оқу барысында демалыс күндерімді мақала іздеуге арнадым. Әуелі ең мықты деген Ленин атындағы кітапханаға бардым. Әрине, Мәскеуде уақытша жүргендіктен, тіркеуде жоқ болғандықтан ол кітапханаға кіру оңай болмады. Содан әбүір болғанда, Ақжан ағаның әлгі мақала жөнінде қолымен жазып берген бір-екі ауыз қолтаңбасы бар еді. Бір жерінде Қазақстан ғылым академиясының корреспондент мүшесі деген жазу да бар, мен соны көрсетіп, үлкен ғалымның тапсырмасымен журнал іздеп келіп тұрғанымды айтып түсіндірдім. Тек содан соң ғана барып олар елен етіп, маған уақытша билет жазып берді.

Бірақ ол еңбегім ақталмады. Сондай үлкен, атакты, беделді, миллиондаған оқырманы бар кітапхана болса да әлгі басылым онда болмай шықты.

Содан кітапхана қызметкерлері маған Шығыс елдері кітапханасына баруым қажет екенін айтып шығарып салды. Кешікпей онда да болдым. Журналды табуға деген ынта-ықыласым күн санап арта түсті. Бір жағынан күдер үзе бастадым. Шығыс елдері кітапханасында "Әл-Фараби" басылымының әр жылдардағы нөмірлері түгел болмай шықты. "Шығыс елдері кітапханасында болмаған журнал енді қайдан табылмақ?" деген ауыр ойға келдім. Сөйтіп тұрғанымда кітапхананың бір қызметкері:

- Сіз бізді айыпқа бұйырманыз. Бұл біздің кінәміз емес. Кітапханамызға келіп түскен журнал түгілі бір парак қағаз да жоғалмайды ешқашан да. Не жібергенді сақтаймыз. Бірақ сіз әлі де үмітіңізді үзбеңіз. Қала үлкен. Мәскеуде "Шет елдер кітапханасы" дейтін де кітапхана бар. Соған бара қойыңыз. Бәлкім, содан табылар? – деді.

- Онда қайдан бола қойсын?

- Онда да шетел журналдары көп!

- Жарайды, барамын, - дедім мен.

Кітапхана қызметкері ол білім ордасының қай көшеде екенін айтып берді. Сөйтіп, сабақтан келесі бір қолым босаған сәтімде соған қарай тарттым. Кітапхана үлкен екен. Ленин атындағы кітапханадай қиындық болған жоқ. Жылы қарсы алып, қолымдағы құжатыммен уақытша билет жазып берді. Сол билетпен ол кітапхананың да оқырманы болып шыға келдім. Іздеу басталып кетті.

- Сіздерде Кувейттен шығатын "Әл-ғараби" дейтін журнал бар ма? – дедім билет жазылып біткен бойда аптығып.

Кітапханашы маған қадала қарап тұрды да:

- Ондай журнал бар. Бірақ нөмірлері түгел емес! – деді.

Төбе тұсымнан біреу мұздай суды құйып жібергендей болды. Қатты толқысам керек, кітапханашының "Бері жүріңіз" деген сөзін әрең естідім. Соңынан еріп отырып, арнайы бір залға келдім. Кітапханашы 1984 жылы шыққан санаулы нөмірлерді алдыма жайып салды. Сол сәтте-ақ мақаланың табылуы-табылмауы ойын картасының сәтті-сәтсіздігіне айналды. Ол нөмірлердің ішінде болмаса, біткені. Журналдарды шетінен парақтап отырмын. Қаптаған арабтың әсем әріптері. Оқи жөнелсең, әуенге айналып шыға келді. Уиверситетте оқып жүргенде оқытушымыз: "Араб тілі әуенді тіл" дейтін. Расында да солай. Шақырылатын азан, оқылатын құран қандай әуенді. Ал мен ол екеуі де емес, Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машанидің данышпан Әбу Насыр әл-Фараби хақында, оның айтқан ғылыми деректері хақында жазылған мақаланы тауып оқуға үңіліп отырмын. Дегенмен, оқи алады екенмін. Ең бастысы, әріптерін жақсы ажыратамын.

Содан бір кезде үміт оты жылт етті. Үлкен бір мақаланың Қазақстан турасында екенін аңғардым. Жүрегім тыз етіп, қаным ойнап жөнелді. Тездетіп парақтай бердім. Бір сәт - әл-Машани деген сөзге көзім түсті. Қуанып-ақ кеттім. Үңіліп оқи бастадым. Фараби деген сөз де бар. Содан бір кезде Әбу Насыр әл-Фарабидің бейнесі мен есептері де шыға келді!..

Ол кездесу 1983 жылдың қыркүйек айында болыпты. Ақжан ағамыздың 70 жастағы кезі. Кеңес Одағының мәңгілік деп саналған заманы. Ол кезде дін атаулыға, дінді ұстаған адамға үлкен шектеу бар. Сол шектеуге мойымаған Ақжан ағамыз мұсылман елінен келген адаммен ежелгі бір туыстарындай қауышып, тіпті, көз шараларына еріксіз жас алады. Алыстан келген мұсылман елінің өкілі де аң-таң болып, ғұмырында ұмытпайтындай әсер алады. Журнал тілшісі ол кездесуін әл-Фарабимен кездесумен тең санайды. "Ол кездесу Кеңестер Одағындағы мұсылман әлеміндегі ең әсерлі, ғұмырымда ұмытпайтын кездесуім болды" – деп жазыпты журналда Мұстафа Нәби.

- Менің геология ғылымына келуіме негізгі себеп болған Әбу Насыр әл-Фарабидің осы ғылымның негізін салған зерттеу еңбектері болды, - деп жалғастырады әңгімесін қазақ ғалымы өзін Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машани деп таныстырғаннан кейін, ол бұл ғылымды бұдан 1100 жыл бұрын ашты. Данышпан ғалымның әлі жарияланбай жатқан құнды дүниелері қаншама. Мен ислам әлемімен әл-Фарабидің шығармалары арқылы таныстым.

Мақала авторы екі арадағы әңгімені баяндай келе: "Мен ғалым мұсылманның соншалықты білімді, парасатты, ізденімпаз, нағыз халқының жанашыры екеніне қайран болдым. Оның портфелі толған зерттеу еңбектері екен. Ол бүкіл мұсылман дүниесі үшін де, бүкіл дүниежүзілік ғылым үшін де

таптырмас қазына емес пе?, - деп толғанады, - ол қазына адамзаттың кейбір кателіктері мен бейбіт өмірдегі көкейкесті мәселелерін шешуге де негіз".

Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машани, - дейді одан әрі қарай мақала авторы, - Әбу Насыр әл-Фарабидің еңбектері мен көзқарастарына арнап сегіз зерттеу кітаптарын жазған. Олардың бәрі де қазақ тілінде. Көрсеткендерінен бөлек толып жатқан қолжазбаларының бар екенін ол ерекше қуанышты сезіммен айтты. Фарабидің еңбектерінің бір бөлігінің жоғалғанын да өкінішпен есіне алды. Кейінірек ұлы ғалымның Братислав қаласынан осы кезге дейін белгісіз болып келген қолжазба еңбектерінің табылғанын тілге тиек етті. Әл-Машани әл-Фарабидің шығармаларының зор мәні бар екенін дәлелдейтін көптеген дәйектемелер айтты. Бұдан 1100 жыл бұрын әл-Фараби зерттеп, ғылыми тұрғыдан дәлелдеп кеткен жаңалықтардың бәрінің де бүгінгі ғалымдардың растап отырғанын үлкен ықыласпен атап өтті.

- Мысалы, - деді ол маған тура қарап отырып, - оның музыка жөніндегі орыс және француз тілдеріне аударылған теориясын немістің Кеплер есімді музыканты сөзбе сөз қайталаған. Әл-Фараби Галактикадағы аспан денелерінің қозғалыстарының музыка, музыкалық гаммамен байланысты еместігін ғылыми негізде дәлелдеген.

Осыны айтып әл-Машани қолындағы суреттер, қым-қуыт сызықтар мен әріптер арқылы дәлелдеп көрсетті. Одан кейін ғалым маған әл-Фарабидің математика, астрономия, музыка мен қасиетті Құранның арасында байланыстың бар екендігі жөніндегі тұжырымға қалай келгені жөнінде түсіндірді. Ол айтқандарының бәрі де мейлінше үйлесімді, мейлінше нанымды болды, маған қосып айтар ештеме де қалмады. Менің көз алдыма әл-Фарабидің өзі келіп еңбектерін түсіндіріп отырғандай да болып кетті.

Қоштасар сәтте әл-Машани менің қолымды қатты қысып алды, көз шарасына тағы да жас үйірді. Мен де қатты толқыдым. Ойламаған жерден көптен ажырап қайта табысқан туыскандардай бір-бірімізді қимай ұзақ тұрып та қалдық.

- Менің бұл бүкіл өмірімді арнаған еңбектерім жөнінде мұсылман еліне айта барыңыз, - деді содан соң сәл ширап, - ол жақта да, бүкіл әлемде де Әбу Насыр әл-Фараби жөнінде дұрыс мағлұмат алатын болсын. Әл-Фарабидің туған жерінің Қазақстандағы Отырар қаласы екенін білсін.

Мен сөзімде тұрдым. Осы мақаланы жаздым. Сол оқиға менің мұсылман ғалымдарын Орта Азияда ерекше құрмет тұтып, оларды зерттеп, қажет кезде олардан тәлім алатынын түсінуіме үлкен мүмкіндік тудырды. Кейбір мұсылман аймақтарында, дәлірек айтқанда, өзбекстанның құрамындағы Ферғанада адамдар әуелгі кездегі сияқты әуелі Ибн Синаның емін қолданады екен. Тек содан соң ғана барып дәрігерге жүгінеді.

Әрине, бұл картина үлкен картинаның бір бөлігі ғана. Мәдени қайта өрлеу қозғалысында ислам өркениетін жасаған ертедегі ғалымдардан көптеген


нәрсені үйреніп, соны қайталап келеді. Ешбір мұсылман өркениеті дәл Орта Азиядағы сияқты ғалымдар есімі мен еңбектерін бере алған жоқ. Ол есімдер шексіз: әл-Фараби, Ибн Сина, Имам әл-Бухари, әл-Насифиден Әбу Хаимди әл-Газалиге дейін жалғасып жатыр.

Журнал қызметкері мақаласын осылай аяқтайды. Мақаланы оқып шыққан Ақжан ағаның қуанышында шек болған жоқ. Ол бұл жөнінде Қазақстан ұлттық ғылым академиясында болған ғылыми конференцияда арнайы айтты. Мерзімді баспасөзде жазылды. Бірде Ақжан аға мені шақырып алып, мақаланың ксерокөшірмесін, орыс тіліндегі аудармасын табыс етті.

Ұлы ғалым Ақжан Жақсыбекұлы Машанов сол жаналықтан кейін фамилиясын "Әл-Фараби" журналының тілшісі жазғандай әл-Машани деп өзгертті.

Суреттер: 1. Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машани. 2. "Әл-Фараби" журналының мұқабасы. 3. Мақаланың мәтіні. 4. Әл-Фараби теориясы.





انما صرحنا بذلك لانه
 والاصول التي ايدى بها الاسلام الصادق والراعي في
 فروع اولئك الذين حفظوا كل امر ينهض الامم به
 لصفته من عظمته ابراراً

مقالة رجال الدين

وانما صرحنا بذلك لانه
 والاصول التي ايدى بها الاسلام الصادق والراعي في
 فروع اولئك الذين حفظوا كل امر ينهض الامم به
 لصفته من عظمته ابراراً

انما صرحنا بذلك لانه
 والاصول التي ايدى بها الاسلام الصادق والراعي في
 فروع اولئك الذين حفظوا كل امر ينهض الامم به
 لصفته من عظمته ابراراً

مقالة رجال الدين

وانما صرحنا بذلك لانه
 والاصول التي ايدى بها الاسلام الصادق والراعي في
 فروع اولئك الذين حفظوا كل امر ينهض الامم به
 لصفته من عظمته ابراراً

من الغارات بحيث من جديد على أيدي المسلمين المبرزين
ومن الغارات ضد على مر من مودعا ، وتركت حيا
مرد أخرى بالبرج وهو يردد ، لم يبدى المبرزين ،
ولمك تقبل ما أعطت بحسري في بيته ، ظهر عرف
التسوية حيلة لتأجيل لغيره ومنه الحيا في بعضهم وفي
الجماع كله .

وأكد لي هذا الشهد ما يده أهل آسيا الوسطى لازالة
التركيباء عن اتصال علماء المسلمين ، والاستناد بهم
واحتساب أعضائهم ، الذي حصل في بعض المناطق
الإسلامية مثل أرمينيا في أذربيجان ، إلى استمر أهلها
في تواج أغلب العلاج كما حدث في أعمال ابن سينا
قبل التفكير في دراسة الطبيب .

كما تبين أن الجهود التي سلطت من جزاء من طغمة
عامة ، وإن عرقة الاتصال الثقافي لتلمذ حيا من
حركها من علماء هذه المنطقة الذين أسروا المفسرا
الاسلامية ومن فائدة عظيمة بحساسة ، ولا يفتد بدها في
الفراد أن سلطة أخرى ، لقد التفتة من الغارات إلى ابن
سينا والحوار بين الإسلاميين والفرانج والفرسان وأولئك
بكت والاسام الفخرية والشمس من أن عهد الغارات

بعد ٦٧ سنة قورة

وحيثما تجد الفوت بدمشق الإسلامية ، أشرف من
دينا والفكر بأخسة المناجيد والمستوليين ، وأقول بعد
التزما الإسلامية طرافة ، كنت أسس الفوت على حيا
المسلمين ، والتسليم من عهد الرباطهم بالإسلام بعد
حزير ٦٧ سنة على أيام الثورة السوفيتية ، وبعد تواج
أصيل ، تعرفت سيرة الحكيم كسوف ، أيجت بما أنت
أله منطل لبت دورا بارزا في التاريخ الإسلامي
بناهم في عهد من يباري الخاتبة للمنطق الإسلامي
في الألف الفريقي ، حصل بين الزيارين بغير سنوات
عائلة بالتعبير .

وبداية لا أرض من توصلت إلى إجابات فاطمة ، بل
وما توصلت إلى مجموعة من الملاحظات والتطبيقات التي
ما تكون للفكر بشار بطن نظرات المصير وبمجلها ، فحين
بعض مصداق كقول المبدع ، من على الناس ومن على
المعاصر ، وأسلم أن ما للفت لا يتجاوز التوسيم ،
لقد عشتاد التجربة وأنا بيا بطن ووجدني ، لا
بطن الماسي من المعاصر ، ولا بطن من المودعا ،
الذي لظلمة وجدتها من ينظرون بداري ونسكرة
سنتهم ، أفتد ما وسعي ، اللغاتية والدعامة
المعاصرة ، في عباد الحيرة البارحة التي وجدت لي هذا

وقال الله ، أنا فاضلة بار استناد ، الفوت بداري
بغير والمعلم الثاني على من عباد ، لا يفتد أيد لهم
أشد وكثيرا بالألة خلال رحلتهم إلى عباد التفتة
لغرت ، التي عرقت بيا ضرورة بغير مدى التفتة
الإسلامية من التفتة السوفيتية .

بدأ التفتة حيا من على الفوت ، ووجدت كولا في
الغارات بداري بشار على أنت مسلم ، وهذا
أشد بالإجاب ، أيد يفتد على صبري ، ويتأمل ما
الذي جرى في الغارات ، ولا من بطن المسلمين في
علا بزم .

وأختمني الفاضلة ، وسكنت بزمية ، وكنت عرفت
بوعرفي ، أفتد من الفاضل ، وكنت استناد ،
التفتة من عشتاد الفوت ، استناد في عهد المودعا ،
فدني مراسي في تاريخ المودعا إلى مؤلفات الغارات
أول من وصفت أسس هذا العلم سنة ١١٠٠ سنة
وأختمني مؤلفات الغارات إلى عالم الإسلام فرجت ،
سكنت بأخبار المسلمين الذين لا يتفرد بفتد ما بين
أيد من كور ، الفوت دخل الفاضل لكل على الاستناد
وتسليم الفاضل .

وأشد بدمشق حيا من وصل إلى في لبتة
بدايته ، وبطلان على ما بدار بالفتة بداريات وصورة
على ما عشتد .

ربما كان المعروف من الغارات أيد من عشتاد بداري من
أفتد بداري ، إلا أن يؤكد أن الغارات من بداية أوزار
في ظهورها البار استناد ، وكان على مسجده من الفوت
بداية حيا ، وتواج إلى عشتاد من عشتاد والتفتة .

وكنت الأستاذ الماسي تانية كتبت ، التفتة المصدا
الغارات بداري ، كتبتا حيا بظلمة المصدا ، بظلمة
بطن من بطن بظلمة التي لا كحل ولا بظلمة ، وقد
بطن بظلمة من بداري بظلمة بظلمة على بظلمة
على بظلمة من بداري .

وأشد على من الأهمية الكبيرة مؤلفات الغارات ، حيا
كف من ١٢٠٠ سنة بدار الفوت المصدا ، عشتاد ما كتب
من المودعا من حيا إلى المودعا والمصدا ، وكنت
الموسمي الأيدي كتبت مؤلفا على عرفت بداري ، وكان
الغارات قد أنت عشتاد بداري بدار المودعا والتفتة ، بدار
الفوت الموسمي وعرقة الأضرار في الفوت ، وقد تم لي
فرجت الذي بين هذه العلة ، وأشد بداري في عشتاد
بداري الغارات في علة عشتاد بداري من الرباطية
والفتة والمودعا وبغيره الغارات الكوريم ، في صورة
حيا بداري بداري بالإجاب ، ولا بداري بداري أن أرض
بدايته بداري بداري .

Әбіл Ақынов
Инженер-өлке танушы.
Базарбай Мұстапа
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

АБЫЗ АТА АҚЖАН

Мақала "Қарқаралы" журналынан (№1-2, 1997)
ықшамдалып алынды

Өткен ғасырлар шежірелерінің беттерін парақтап отырсақ сол заманда дара туып, түрлі ғылым салаларынан арттарына мәңгі-бақи өшпес мұра қалдырған ұлы ғалім-хакімдер көз алдынан өтіп жатады. Әлбетте, табиғат ғылымдарының дүниеге келуі, олардың дамуы және өрлеуі солардың есімдеріне байланысты деп білеміз. Осындай дара ғылым жұлдыздары арасынан Аристотель, Платон, әл-Фараби, әл-Беруни, Ибн-Сина, Омар Хаям, Ұлықбек, Исаак Ньютон, Альберт Эйнштейндерді алдымен атар едік. Ал бүгін біздің әңгімемізге арқау болғалы отырған Арқа азаматы, қасиетті Қарқаралы топырағының тумасы Ақжан атаны, академик жерлесіміз марқұм Е.А. Бөкетовтың сөзімен айтқанда "Тірі жүрген ХХ-ғасыр әл-Фарабиін" оқырман қауымға кенірек таныстыруды мақсат тұттық.

1996 жылы қараша айының 4-і күні Алматыда Қазақтың ұлттық техникалық университетінің акт залында, Қазақстан Республикасының Оқу министрлігі, ғылым және жаңа технология министрлігі, Қазақтың ұлттық техникалық университеті ұйымдастырған Қазақстан ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, Республика ғылым академиясының корреспондент мүшесі, профессор Ақжан Жақсыбекұлы Машановтың туғанына 90 жыл, еңбек, ғылым, оқу-ағарту және қоғамдық жұмыстарына 67 жыл толуына байланысты үлкен салтанатты жиын өтті.

Сол салтанатты жиында Қазақстанның жер-жерлеріндегі кен орындарынан келген Ақанның шәкірттері және туған өлкесінен сағынып жеткен туыстары жүрек жарды қуанышпен айтып, сый-сияпаттарын табыс етті.

Бұлардың арасынан Қазақстан ҰҒА-ның мүше корреспонденті, профессор Д. Кішібековтің сөзі жиналған қауымға қатты әсер қалдырды.

- Мен сол тұста Қазақтың политехникалық институтында партия ұйымының хатшысы едім, - деп бастады сөзін. Ақан бірде:

- Әй, Досмұхамед! Мен "Қазақ әдебиеті" газетінің тапсыруымен жаңа жылдық бір қалжың-әжуа мақала жазып едім. Сен соны оқып көрші. Ұнатсаң оны институт газетіне бастырарсың, - деді. Мен мақаланы оқығанда шашым тік тұрды. Сөйттім де:

- Ойбай, Ақа! Мына мақалаңызды газетке берсек Сіздің де, менің де

Алматыда жер басып жүруімізге болмас, - дедім де қолжазбаны жариялауға болмайтынының себебін айттым.

Енді сонау жылдары баспасөз бетінен жарық көре алмаған сол қалжың-эжуаны тірілтіп көрелік. Ақаң осы қолжазбасына байланысты жайды былайша баяндайды:

- Адам баласына ұстаздық еткен ұлы ғалым-хәкім Имам Әбу Насыр әл-Фарабидің қазақ жерінен шыққан дана екенін өзінің туған еліне таныта алмай аласұрып ізденісте жүрген кезім болатын.

Сөйтіп шырылдап жүргенде маған жаны ашитын бір журналист (атын ұмыттым) "Қазақ әдебиеті" газетінен телефон шалып, жаңа жыл қарсаңында бір қалжың-эжуа мақала жазып беруімді өтінді, мен келісім бердім. Мақала бірер күнде дайын болды. Оған "Жаңа жылдағы түс" деген айдармен "Әл-Фараби Қазақ ғылым академиясында" деген тақырып қойдым. Бірақ газет оны жариялаған жоқ. Өйткені мен ашу үстінде бірқатар атақты адамдарды ашықтан-ашық қатты-қатты сынап, эжуа етсем керек. Ал редакциядағылар менің онсыз да дұшпандарымның көптігін ойлапты. Расында онысы бір жағынан дұрыс болған сияқты. (Жинақта сол әңгіме беріліп отыр. – Ш.А.).

Ақаңның осы қысқа-қайырым қалжың-эжуа әңгімесінде қаншама астарлы, мағынасы терең ой топшылаулары жатқанын бірден түсінуге болады. Нағыз шындықтың көкесі. Мұндай шындықты сонау қасаң саясат жылдары ешкімнің айта алмағаны ақиқат...

Ақаңның өмір жолына келетін болсақ, оны Қарқаралы тарихына байланыстыра баяндау келешек ұрпақтар үшін де, алтын қазыналы Қарқаралы шежіресі үшін де керек сияқты.

Тарихымызда айтылатындай 1815 жылы Орта жүз екі хандыққа бөлінген ғой. Бас Орда Көкшетауда қалып, оның ханы Абылай ұрпағы Уәли болса, екінші хандық Қарқаралы жерінде (Кентте) құрылып, оның ханы қазақта "қырық сан барақ" аталатын Барақтың ұлы Бөкей хан болды. Бөкей Сыр бойының төресі болатын. Ол Түркістанда, Самарқандта тұрған.

Қарқаралы өңірін жоңғар басқыншыларынан тазартуға байланысты Сыр бойының қалың Қаракесегінің сыпырыла көшіп, отырықшылдыққа бейімделе бастаған кезеңі еді. Сол заманның салты бойынша елді төре тұқымы билеуі керек. Сондықтан да ауыл ақсақалдары жиналып, ақылдаса келіп, 1748 жылы 22 жастағы Бөкейді алдырған. Оны көшіріп әкелушілер арасында Шекшек руы бабаларының бірі Нұралы болған. Сол жылы Бөкей төленгіттерінің ішінде Ақаңның бабасы 13 жасар Тоты есімді бала екі ағасымен (Бұлбұл, Шибек) бірге келген. Осы Тотыны Бөкей бала есебінде тәрбиелеп, үйлендіріп, енші беріп, бөлек отау шығарған. Бұлбұл мен Шибек Сыр бойына қайтып оралған.

Тоты үш әйел алған адам. Бір әйелі түрікпен қызы Гүлғақирадан Байтемір, одан Машан туған. Машанның анасының аты Желкідек. Машан Қарқаралының аға сұлтаны болған Жамантайдың (Тұрсын) үш биінің бірі екен. Жамантай

Машанды Жарас биім деп атаған. Өйткені ол кісі дау-дамайды ақылгөйлігімен жанжалсыз, ренішсіз шешіп отырған. Ал Сағындық биін – Сөзбұйда, Ералы биін – Кертартпа биім деп атапты.

Машан би туралы Ілияс Есенберлиннің "Қаһар" романында жан-жақты жазылған. Машан өзінің замандастары ақын Шөжемен, Шортанбаймен, Ағыбай батырмен дос болған. Құнанбай ауылынан тобықты Сағынтайдың апалы-сіңілі екі қызына үйленген. Осы құдалықтың жолы бертінге дейін жалғасып келген. Машанның үлкен баласы Құдабайдан туған Нөгербек Құдайбердінің Шәкәріммен қатты дос болған. Шәкәрім, Абай өлеңдерін көшіріп алып, ел арасына таратқан. Бұған қоса ол Нарманбеттің Орманбетімен де жақын араласып, оның да өлеңдерін жатқа білген. Соларға еліктеп өзі де өлең шығарған. Осылай өнер қууға Қоянды жәрменкесінің де ықпалы аз болмаған. Өйткені жылма-жыл әр тараптан келген әнші-жыршы, сал-серілер осында жиналып қызықты ойын-сауықтар құрған.

Нөгербек Қарқаралыдағы Ақтерек мектеп-интернатында Әлиханмен бірге оқыған. Осы интернаттан алғаш дәріс алғандардың ішінен қазақтың бірнеше белгілі адамдары – Жақып Ақбаев, Түлік Титақов, Жақай Байыров, Рақымбай Сапақов және басқалар шыққан. Кейініректе (1907-1911 жылдары) мұнда Ахмет Байтұрсынов сабақ берген.

Осы арада айта кететін бір жағдай, сол Нөгербекте екі үлкен қоңыр мес папка болыпты. Соның бірін 1947 жылы немересі Мұхтаров Әбіжат Қазақ ССР ғылым академиясының архивіне табыс еткен. Бірі бұрынғы жоғалса керек. Сол папкадан Шәкәрім мен Орманбеттің жарияланбаған, белгісіз өлеңдерінің табылуы мүмкін деген ой келеді. Екінші бір жағдай Шәкәрім қажының баласы Ахат Алматы қаласы жанындағы бұрынғы Калинин атындағы колхоздың орта мектебінде мұғалім болып істеген. Сонда жүріп Нөгербектің немересі Әбіжаттың інісі Шәкәріммен танысқан. Ол сол мектепте директор болып қызмет атқарған. Бір қызығы, Нөгербек немересінің атын Шәкәрім деп досының құрметіне қойған. Міне, Абай шыққан ортамен ертеден дос-жарандар болып араласып, ол атадан – балаға жалғасуынан, Ақанның Абай тақырыбымен жиі айналысуы. 1945 жылы Абайдың туғанына 100 жыл толуының қарсаңында Қаныш Сәтбаев пен Мұхтар Әуезов шақырып алып, "Абайдың ғылымы туралы" баяндама жазуды тапсырған. Сол өтінішті Ақан орындаған. Ал оның Абайға қайта оралуының қорытындысы кемеңгер Абайдың әлем көлемінде аталып өткен 150 жылдығы тойына арналған "Әл-Фараби және Абай" атты кітабы.

Осыдан тоқсан жыл бұрын жазиралы Қарқаралы жеріндегі заңғар таулардың бірі Кіші Қарақуыстың етегіндегі Сары бұйрат аталатын қыстақта Машанның кенже ұлы Жақсыбектің шаңырағында дүниеге келген сәбиге азан шақырылып, Ақжан деп ат қойылған. Зерек болып өсіп келе жатқан жас Ақжан сауатын өзінің немере ағаларының бірі Құлықбектің Хасені деген кісіден ашқан.

Әкесі Жақсыбектің өзі де сауатты болған. Ол кісі әрі жақсы домбырашы, шертпе күйлердің 60-қа тарта түрін білгендігі ел арасында белгілі екен.

Бүгінде көзі тірі 93 жастағы Қарқаралық Танаттың Разағының айтуына қарағанда Қоянды жәрмеңкесінде Қазақстанның автономия алған күні жыл сайын аталып өтіп отырған. Жәрмеңкеге 1928 жылы Алматыдан Семейге дейін Сәкен Сейфуллин, М. Тәтімов, Т. Жароков және осы әңгіме айтушы Р. Танатов бірге келген. Олар Қоянды жәрмеңкесіне соғып, одан кейін Қарқаралыға ат басын тіреген. Сөйтіп қазіргі Нұркен атындағы серіктестіктің Қопа қыстағына келген. Бұл қыстақта Мұхамедқали Тәтімовтың қайын жұрты, шалақазақ деп аталатын Құрман тұратын. Оның қарындасы Шәкітай Тәтімовтың жұбайы. Мұнда ағаш үйде орналасқан бастауыш мектеп болған. Қонақтар Құрманның үйіне жайғасқаннан кейін Сәкен отырып, ауылда домбыра, домбырашы бар ма? -деп сұраған. Ауылда домбырашы болмағандықтан кісі жіберіп, Сарыбұлақтан Жақсыбекті домбырасымен алдырған. Екі аралық 15 шақырым шамасы.

Жиналған жұртшылық ойын-сауық құрып, Жақана күй тарттырған. Сәкеннің де салған әнін айтып, өлеңдерін оқыған. Жақанның тартқан күйлерін тыңдап отырған Сәкен:

-Жақа, иәпірім-ай, біздің қазақтардың күйлерінің көпшілігі зарлы болады екен-ау, - депті.

Өйткені орындалған күйлердің дені Тәтімбеттің күйлері болса керек. Сәкен осы арадан Жаңаарқаға аттанып кеткен...

Ақжан Қарқаралыдағы мұғалімдер даярлайтын оқу орнына 1924 жылы түсіп, оны 1929 жылы үздік бағамен бітірген. Мектеп директоры Рахымбай Сапақов математикадан, Иманбек Тарабаев тіл-әдебиеттен орысша, қазақша және Мәскеу университетінің профессоры Вячеслав Павлович Колтинин мен Манан Тұрғанбаевтар түрлі пәндерден сабақ берген. Бұлармен қоса Ақан осы оқу орнын алғаш ұйымдастырушы Әлімхан Ермековты өзінің ұстазы санап, еске алып отырады.

Бүгінгі академиктер Әбілқас Сағынов, Шафиқ Шөкин, жазушы марқұм Әуесхан Көшімов онымен кластас болған. Бұрынғы оқу министрі Халит Сембаев бір класс жоғары оқыса, академик Орынбек Жәутіков, генерал Кәмел Бошаев бір класс төмен оқыған.

Осы оқу орнын 1929 жылы бітірген Ақжан еңбек жолын жеті жылдық мектепте математика пәнінің мұғалімі қызметінен бастайды. Бір жылдан кейін Семей қаласына оқу бөліміне инспектор болып ауысады. Сөйтіп жүріп Ақжан 1933-1934 оқу жылында Семей қаласындағы геология-барлау техникумы жанынан ашылған дайындық курсының негізінде Алматыда 1934 жылы ашылған тау-кен металлургия институтының геология-барлау факультетінің студенті атанып, 1939 жылы бітіріп шыққан тұңғыш кен мамандарының бірі болады.

Сол жылы институт бітірушілердің мемлекеттік емтихан комиссиясына Қаныш Сәтбаев төрағалық етті. Оның және институттың маркшейдер кафедрасын басқарушы П.А. Рыжовтың кеңесімен А. Машанов аспирантураға қалдырылады. Аспирантураға жетекшілік еткен Петр Рыжов ірі ғалым болған адам. Ал оның ұстазы Петр Константинович Соболевский кезінде Томск қаласында Қанышқа да дәріс берген. Осындай ғалымдарға Ақжанның кездесуі, олармен бір салада тізе қосып жұмыс жасауы оның келешегіне зор әсерін тигізбей қалған жоқ. Соның нәтижесінде ол П.А. Рыжов, П.К. Соболевскиймен бірге бұрынғы Кеңес елі бойынша "Жер асты механикасы" ғылымының негізін қаласып, Қазақстанда өз есіміне байланысты "Геомеханика" мектебін құрды. Осы мектеп түлектері М. Ержанов, Ж. Қанлыбаева, С. Шрубко, С. Базарбаев, К. Медведев, К. Макетов, К. Қалымбетов, С. Қажығалиева, тағы басқалардың есімдерін бүгінде мақтанышпен атауға болады.

Геомеханика саласындағы Ақаңның зерттеулері өзінің жаңалығымен халықаралық беделге ие. Мұның айғағы 1966 жылы немістердің Берлиндегі "Тау-кен" атты академиялық журналына Ақаңның арнайы жіберген мақаласы неміс тілінде басылып шықты. Журналдың редакторы беделді профессор Ақаңа аталмыш мақаланың мазмұны өте терең екенін, оны дамытуды бірігіп жүргізгісі келетін ниетін хабарлай келіп, "Сізді жақын танысу мақсатымен академияның ашылғанына 200 жыл толған тойына шақырамыз" деген хат жолдағаны. Ол Ақаңның мақаласы басылған журналдың (№8, 1966 ж.) санын, соған қоса кен гармониясы суретінің баспаға дайындалған әдемі көшірмесін де жіберген. Өкінішке орай сол кездегі солақай саясаттың шеңгелінен шығып, шетелге барудың ыңғайы болмай қалған.

Осы орайда фантаст-жазушы әрі Ақаңның шәкірті Шәмшиден Абдраманның пікірінше: "Ғылымда бірер диссертациялық зерттеулермен сарқылып қалатын идеялар кездесе береді. Бірақ та барлық ғалым пешенесіне жаңа ғылым саласын ашу бақыты жазыла бермейтіні анық. Бұл бақыт құсының Ақаңның басына қонуы, әсіресе ұрпақтың өнебойы айналысар жер ғылымы тармағының А. Машанов есімін еншіленуі тәңірдің таңдаулы пендесінің үлесіне тисе керек". Бұл қандай тауып айтылған сөз, Ақаңның ғұламалығына берілген әділ баға десеңізші...

Қолжазбамыздың желісіне сәл шегініс жасасақ, КСРО ғылым академиясының қазақстандық филиалында кіші ғылыми қызметкер дәрежесіндегі аспирант Ақжан Семей облысының Шұбартау ауданына геологиялық карта жасауға арналған экспедицияға жетекші геолог болып тағайындалады. Көмекшісі өзінің зайыбы, геолог Раиса Мұхамеджан қызы. Бұл 1939 жылдың екінші жартысы.

Экспедиция Шұбартауға келіп, геодезиялық, картографиялық жұмыстар жүргізе жүріп, Ақшатау мен Құсмұрын деп аталатын аласа адырлардан түсті металл мен алтын кенін тапқан. Осы кен орындарының барлау жұмыстары

қызу атқарылып жатқанда соғыс басталып, Ақанды кері шақырып алған. Бұл жердегі басталған жұмысты аяқтау Семейдің кен-барлау экспедициясына тапсырылған.

Ақаң мемлекеттік маңызды тапсырмаларды орындай жүріп, 1943 жылы "Торғай кенді алқабының құрылымы" тақырыбына кандидаттық диссертация қорғап, геология-минералогия ғылымдарының кандидаты дәрежесіне ие болады. Ал 1946 жылы сол тақырыпты кеңейте түсіп, докторлық ғылыми атақ алу үшін диссертация қорғайды. А. Машановтың бұл диссертациялық зерттеулері кейін тау-кен ғылымында өзін бүкіл Одақ көлеміне, қала берді дүние жүзіне танытқан "Жер механикасының" жеке салаға айналған тың бағыттың алғашқы бастамасы еді. Диссертация оппоненттері арасында теориялық механиканың ірі маманы Л.С. Лейбензон, Мәскеу геология институтының кафедра меңгерушісі, профессор Крейтер, жер қойнауын геометрлеудің негізін салған профессор П.К. Соболевский және кеңесші ретінде П.А. Рыжов болды. Мұның өзі тегін жай емес еді. Диссертация ойдағыдай қорғалды. Оған барлық оппоненттер өте жоғары баға берді. Бұл диссертация техникалық ғылымдар саласындағы докторлық дәрежеге қорғалған қазақ ұлтты өкілінің алғашқы ғылыми еңбегінің бірі.

Диссертациядағы жаңа бағыт – геомеханика бағыты. Мұнда қолданылған математикалық есептеулердің де жаңаша болуы, дәлірек айтқанда, жер асты кернеулерін анықтағанда Ақаңның жоғары математика ғылымының күрделі салаларының бірі экспоненттік теорияны қолдануы ЖАК (Жоғарғы аттестация комиссиясы) мүшелерінің тарапынан қарсылыққа да тап болған. Осы теория тіпті қырық жыл бойы ғалымдар арасында қолдау таппай келген. Өйткені тастардың беріктігін тригонометриялық (үш бұрыштық) әдіспен, оның тендеулерін комплекстік түрге келтіріп қарау тың жаңалық әкелген. Бұл тәсіл тау-кен ғылымында дүние жүзінде бұрын-соңды зерттелмесе, қолданылмаса керек.

Алайда Ақаң өзіне-өзі сенімді болып, қолданған теориясын жер асты механикасының қолданбалы құралы есебінде пайдалану бағытынан ауытқымай, осы саладағы зерттеулерін одан әрі табандылықпен жалғастыра берген...

Зиялы қауымға 1946 жылы маусым айында КСРО ғылым академиясының Қазақстандағы филиалы негізінде ҚазКСР ғылым академиясы шаңырақ көтергені белгілі. Академияның тұңғыш президенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаев, құрамы 13 толық мүше және 17 мүше-корреспондент болып сайланды. Онда жер ғылымы бөлімшесі бойынша төрт адамның бірі болып А.Ж. Машанов енген еді. Міне өткен жылы тоқсан жасқа толған Ақаңның 63 жылғы ғұмыры ұлттық ғылым академиясының алғаш ірге тасын қаласқан сол отыз мүшеден бүгінде арамызда жүрген жалғыз тірі көз осы Ақаң...

Академия сайлауы біткен кезде, театр сахнасына Күләш жүгіріп шығып: "22 болыс Қаракесек ішінен жалғыз іліккен екенсіз, өміріңіз ұзақ, жұмысыңыз

жемісті, отбасында бақытты болыңыз", - деп Ақанды құшақтап, бетінен сүйіп, қолын ұстап құттықтаған екен. Академия үйі ашылар қарсаңда көшеде Мұхтар Әуезов Ақаңа жолығып: "Әй, Ақжан! Сен Қанышқа айтшы. Ол Жазқазғанның ғана Қанышы болмасын", - депті. Оның бұл сәлемін Ақаң Қанышқа жеткізіпті. Сонда Қанекен одан: "сен мұны қалай түсіндің?", - деп сұраса керек. Ақаң іркілместен жауап беріпті. Оны Қаныш мойындапты. Мұхаңмен енді бір кездескенде оның сәлемін жеткізгенін айтып, "екеуіңіз тіл табысатын бажасыздар ғой" дегенде Мұхаң жылы жымыып, күлген де қойған...

Ақаңның ұлы ғұлама әл-Фарабидің мәңгі өшпес мұрасымен алғаш танысуы 1943 жылдан басталған. Соғыс жылдары болса да КСРО Ғылым академиясының Президиумы Алматыда Орта Азия мен Қазақстан ғұламаларының орта ғасырдағы ғылымға қосқан үлестері жөнінде салиқалы жиын өткізген. Осы жиынға бұрынғы-соңғы математика тарихын жақсы білетін Чехословакиядан келген профессор Э.Я.Кольман қатысып, баяндама жасаған. Оның көлемді баяндамасында әл-Фараби жөнінде де түрлі деректер келтірілген. Ол Ақжанға ерекше әсер еткен.

Оның ойынан енді бұл қалай? деген сұрақ кетпей қойды. Шарқ ұрған қиял ақыры Отырар – Фараби деген екі ауыз сөзге әкеп тіреді. Отырар Сыр бойындағы қала. әл-Фараби есімі содан шығып тұр емес пе екен, әлде?! Екінші ұстаз, Шығыстың Аристотелі атанған әл-Фарабиді туған елінің білмеуі қалай, ол неге зерттелмей келді, оның жазып қалдырған мұралары қайда? деген сияқты қатпары қалың ойлар Ақанды үнемі мазалай берген...

Сонымен елуінші жылға иек артқанда А. Машанов әл-Фараби мұрасын қауыштыруға біржола бекем бел буады. Енді жұмыс жоспары жасалып, іске білек сыбана кірісіп кетеді. КСРО-да, Қазақстанда демесек әл-Фараби есімі Батыс Еуропа мен дүние жүзінің дамыған елдерінің ғалымдар қауымына қашаннан таныс-тын. Енді осыны пайдаланып Лиссабон, Лондон, Париж, Рим, Берлин, Истамбол, Каир қалаларындағы ең ірі кітапханаларға бізде сирек саналатын кітаптардан сый-сияпат жіберіліп, хаттар жолдана басталады.

1968 жылы А. Машанов Сирияға барып, Дамаскі шаһарының белгілі адамдары жерленген зираттан бабамыздың қабірін тауып, дұға оқып, топырақ салып, оны суретке түсіреді. Және де ырым етіп қабырынан бір уыс топырақ алған. Зират аты Баб-ас-Сағир екен. Кейінде Ақаңның сұрауы бойынша бабамыздың қабірі тәртіпке келтіріліп, басына ескерткіш орнатылған. Осы орындалған жұмысты айтып, сириялықтар Ақаңа хат та жолдаған. Сол жолы Ливан еліндегі Антливан тауының етегіне жерленген Адам ата-Қауа ана зиратына да ол тағзым етіп, одан да бір уыс топырақ алған.

Осы арада мына бір оқиғаны еске сала кетудің артығы жоқ сияқты. Ақаң әкелген ұлы бабалардың топырағынан осы мақала авторларының бірінің бабасы – Абылай ханның атақты он батырының бірі Сеңкібай, екіншісінің әкесі Ақынов Мұттақидың (Ақаңның немере інісі) қабірлеріне себілген еді.

Мұның өзі біздің Қарқаралы жерінің тағы бір қасиеттілігін көрсетсе керек...

"Қаланың Солтүстік шығыс жағындағы бір биік қақпаның алдына келіп тоқтадық. Іздеген Баб-ас-Сағир осы – Кіші қақпа. Алдында шағын әдемі мешіт, оның бір жағында мрамор тастан жасалынған жуынатын орындар. Мешіт ішінде кітапхана сияқты қаланған папкалар, кітаптар... Күзетші бізге әл-Фараби қабырын көрсетті. Айналасы сәл ашықтау жерде жатқан жұпыны сұпы, сырты цементпен сыланған. Басқа еш нәрсе жоқ.

- Мұның әл-Фарабидікі екенін сіз қайдан білесіз? Ешбір белгі-жазу жоқ қой? - деп сұрадым.

Күзетшінің айтуынша, белгі оның басында бұрын болған. Жер сілкінген кезде құлап қалыпты. Одан кейін оны түзеткен кісі жоқ. Айналасында тұрған мынау қабырлардың бәрінің де белгілері құлаған. Бірақ сіз мұның әл-Фарабидікі екеніне ешбір шүбә келтірмеңіз, өйткені бұл зиратта жатқан адамдардың бәрі дәптерде тіркеулі, кімнің қай жерде жатқаны белгілі, - деді.

Баб-ас-Сағир зираты белгілі адамдарға арналған династиялық жай көрінеді. Онда тек патшалар, пайғамбар нәсілдері, халифа нәсілдері, әмірлер немесе солардың ұстаздары болған үлкен ғұламалар ғана қойылады екен. Сирия әмірі Сайф ад-Даула әл-Фарабиді өзіне ұстаз тұтқан. Сол себепті ол кісі оны өз қолымен осы жерге қойдырған. Олай болмаған күнде мың жылдан бұрынғы жалпы зираттар жермен жексен болып кеткен, оны табу мүмкін де емес. Баб-ас-Сағир бір кезде қаланың шетінде қоршау қақпада болған. Кейін қала өскен соң ол ортада қалып қойған. Содан кейін оның айналасын темір шарбақпен қоршап, бұрынғы қалпында сақтаған.

Әл-Фараби қабырын, зиратты дереу суретке түсірдік, өйткені ол кезде күн батуға жақын қалған еді.

Көңілім бір түрлі бұзылып, жаңағы назымды қойын дәптеріме түсірдім:

*Түркістан мен Шам арасын
жақындатқан бабамыз,
Басыңа келді ұрпағың, ақылды
дария данамыз.
Араб, парсы, түрікте Сізді білмес
жан бар ма,
Басқалар да таниды,
тарихқа көзін салғанда.
Зират айлап басына,
Елден іздеп келген ем.
Тәбәрік етіп бір уыс,
Топырақ алдым мен сенен.*

*Мағауия мешіті,
Сан гасыр бастан кешірген.*

*Қасында әлі тұр екен,
Дар-ас-Салам ол мекен.
Торқалы мекен тоғысқан,
Сізге де мекен болыпты,
Тоқсан тарау жол екен...
Сізге де мекен болыпты,
Ел басын қосқан сол мекен...*

Дамаск. 1968ж. 23 қыркүйек.

Бүкіл Шығыс әлемінің екінші ұстазы атанған әл-Фараби мұрасын зерттеумен жарты ғасырға жуық уақыт бойы білімдарлықпен, үлкен еңбекқорлықпен шұғылданып келе жатқан ғұлама ғалым Ақжан Жақсыбекұлы Машановтың бұл жылдар ішінде тындырған істері аса үлкен. Осыған байланысты Ақанның баспасөзде жарық көрген мақалаларын, әртүрлі дәрежедегі конференцияларда жасаған ғылыми баяндамаларын, мәжілістерде сөйлеген сөздерін тізіп шығудың өзі бір жолғы қолжазбамыздың көлеміне сыйа қоймас еді. Дегенмен соның басты-бастыларын атайтын болсақ – олар: Ақанның 1970 жылы Самарқанның 2500 жылдық мерекесі, 1973 жылы Берунидің 1000 жылдығы, одан кейін Н. Коперниктің 500 және И. Кеплердің 400 жылдығына арналған халықаралық жиындарға қатысып, әл-Фараби еңбектері туралы тың деректер келтірілген әрі ғылыми соны тұжырымдар жасаған баяндамалары.

Әл-Фараби мирастарын зерттеудегі халықаралық ресми бір кезең 1975 жылы қыркүйектің 8-12-де Мәскеу мен Алматыда әл-Фарабидің туғанына 1100 жыл толуына арналған ғылыми конференция. Бүгінде әл-Фараби мирастары Қазақстанда да, басқа елдерде де кеңінен зерттелуде. Ал әл-Фарабидің туған жері Отырарда оның есімімен аталатын мұражай жұмыс істейді.

Ақжан Машанов бір ұрпақтың өміріне пара-пар уақыт бойы ұлы бабаның мирасын зерттеп, зерделей келіп: "... бұл кісіден бұрын да, кейін де даналар болды. Бірақ олардың ішінде дәл Фарабидей геометрия, музыка, астрономия сияқты үш ғылым саласына бірдей үлес қосқан, аса ірі жаңалық ашқан ғалымдарды табу қиын... Платон, Аристотель, Птоломей сияқты ғұламалар музыканы жөнді меңгере алмағандарын өздері жазып кеткен..." деп тұжырымдады.

Қазақтан Жазушылар одағының мүшесі, профессор Шәмшиден Абдраман сөзімен айтқанда: осы жолдарды оқи отырып: "егер Ақанның жазушылық таланты геологтік, маркшейдерлік мамандықтармен ұштаспаған болса, егер ол замана ағымын күйттеп, ислам ғылымынан іргесін аулақ салған болса, қаншама тер төккенімен бабамызды өзі көтерген деңгейге жеткізе зерттей алмаған болар еді-ау деген ойға келесің. Рас, әл-Фарабидің математикалық, әсіресе философиялық трактаттарына зер салушылар жоқ емес. Бірақ ұлы

бабаның музыка теориясына арнаған еңбегін математикасымен өрнектеп, геометриясын аспан әлемімен астастыра қазақтың ежелгі аспантаным түсініктері тұрғысында тұжырымдап, бәр-бәрін табиғат болмысымен байланыстыра әл-Фараби тұлғасын сомдап, ұрпағына зерделеп берген Машановтан басқа зерттеуші әзірге арамыздан шыға қойған жоқ..."

Өмір бойы ұстаздық ету, оқулықтар жазу, әл-Фараби мұраларын және Құран Кәрімнің ғылымға байланысты сүрелерін зерттеу жұмыстарын қатар жүргізіп келе жатқан Ақанның қаламынан тоқсанның асуын асар алдында "Геомеханика", "Ай арысы", (ғылыми жаңалықтар) кітаптары тағы да баспадан шықты.

Иә, Ақанның ғылымдығы сегіз қырлығының бірі туған топырағымызда бірінші болып фантастика жанрына да қалам тартуы. Оның "Жанар таулар қалай құрылды" деген кітабы 1957 жылы қайта өңделіп, академик Қ.И. Сәтбаевтың алғы сөзімен "Жер сыры" деген атпен басылып шықты. Шығармаға көркем әдебиеттің ғылыми-фантастика жанры айдары тағылып, ол қазақ тіліндегі тума балауса жанр әдебиетіміздегі жаңа бастамасы болды. Ақанның осы жанрдағы үлкен еңбектері "Табу" (1982 ж.) және "Жер астына саяхат" (1957 ж.) кітаптары. Әдебиетімізде ол тарихи тақырыптарға да қалам сілтеп, көптеген құнды туындылар берді. Мысалы, Т. Ақышевпен бірігіп жазған "Қазақстанның тас-қола дәуір мирастары", бұдан кейінгі "Ғажайып от ошағында" және әрине, 1970 жылы жарық көрген "әл-Фараби кітабы".

Қаламгер Ақаң жазушы Сапарғали Бегалинмен жақсы сыйласқан дос болған. "Әл-Фараби" тарихи-деректі кітабы жарық көргеннен кейін бір күні Сапекең Ақаңа телефон шалып, Ғабит Мүсіреповтың өзіне телефонмен Ақанның кітабының өте сәтті шыққанын, әдетте оның біреудің жазған дүниесін онша мақтай қоймайтынын айтып, бұған өзінің де қатты қуанып тұрғанын білдірген. Ғабан сонда: "Біздің әдебиетшілеріміз қазақ тарихын бергі үш-төрт жүз жылдың маңынан іздеп жүрсе, әлгі әл-Фараби (Ақанды Ғабит солай деп атайды екен) әрі кетіп, тіпті 1000 жылдан да артық ашылмай жатқан Тұран қақпасын ашып, қазақ өмірін көрсетті. Мен әл-Фарабидің бұл еңбегін тарихи романға жатқыздым. Мұның өзі біздің әдебиетіміздегі үлкен жаңалық қой. Романның маған әсіресе ұнаған жері Тұран қақпасы, оған қоса Фараби нотасы. Демек, нота дегеніміз біздің қазақтікі екен. Бұрын біз нотаны әрісі қытайдан, берісі татардан үйренгенбіз деп қате пікірде жүріппіз. Мен осындай тұжырымға келдім", - депті.

Бұл күнге дейін Ақанның қаламынан туған он монографиялық еңбек, оннан астам оқулықтар мен фантастикалық кітаптар. Оған баспасөздерде жарияланған екі жүзден астам ғылыми-теориялық, тарихи және әдеби тақырыптардағы мақалаларын қосыңыз. Сондай-ақ оның жетекшілігімен даярланған 30-дан астам ғылым кандидаттары бар тағы бар. Олардың кейбірі қазір академиктер мен ғылым докторлары. Ал А. Машановтың "Әл-Фараби

және қазіргі ғылым" немесе "Табиғат матбуғат" атты еңбегінің бір өзі ғана 14 дәптер, бір мың бет шамасы. Осы аса үлкен дүниесін ол қазір ретке келтіру үстінде. Оның "Тұран қақпасы", "Әл-Фараби және музыка", "Өгізхан", "Ұлу мақамы", "Әл-Фараби және ислам", "Ай басы – ғылым басы", "Ғылымның ғажайып жауһарларына" соңғы нүкте қойылды.

Ғұлама ғалымның енді шұғылданып жүргендері: "Әл-Фараби және бүгінгі космонавтика", "Әл-Фарабидің жарық сәулесінің таралуына көзқарасы", "Ғылымның шамшырағы" тағы басқалар. Осы жерде оның "Заман-Қазақстан" газетінің жаңа жылдық санындағы "Ұрпаққа-ұрпақ үн қатып" деген жалпы тақырыппен берілген сауалға берген жауабын келтірейік:

- Мен өз басым бүгінгі студенттерге еш кінә қоя алмаймын және бұларды кешегі студентпен салыстыру мүмкін емес дер едім. Өйткені сол кезеңнің бар шындығы да, терең білімі де, бар болмыс-дүниесі де сол еді. Кез-келген жас жақсы студент атану үшін орыс тілінің қажеттігін түсінді. Еріксіз түрде мұны білсең нан жейсің, білмесең жемейсің, орыс тілін білсең ғана адам боласың деп оқыттық. Бірақ сол оқулықтың өзінде жалғандық көп еді. Өкініштісі сол, қазіргі жастар да сол заманғы көзқараспен жазылған оқулықтарды оқып жүр.

Құранның шындығын, Пайғамбардың хақтығын еске алып, мойындамай отырған сол студентті оқытқан ұстаз да, оқушысы да бұған дайын емес еді. Ғасырлар бойы ұмытылып кеткен арабтың тілін шарифағты олар қайдан бірден қабылдайды? әл-Фарабиді қайдан бірден қабылдасын?

Бүгінгі таңда уақыт күттірмейтін негізгі мәселе – Құранды басты бағытқа ала отырып, жас ұрпаққа барша оқулықтарды толығымен жаңартып ұсыну. Бұл Елбасынан бастап бәрімізді ойлантуға тиісті мәселе. Тағы бір айтарым – мұғалім мен мешіттегі имамның қарым-қатынасы өте тығыз болуы тиіс. Тіпті мықты деген мектептің директоры имам болса, намазын оқып, Құраны қолында жүрсе, әлде қайда сыйлы болар еді, деп ойлаймын. Бұрын да солай болмады ма? Ал қазіргі имам мұғалімнен, мұғалім діннен аулақ, бұлай болмайды. Біз осы уақытқа дейін дінді екі арнаға бөліп келдік. Бұл екеуін кім неге және не үшін екіге бөлгенін де кейін ұғындық...

Ақжан Машанидің (қазір өзінің аты-жөнін осылай жазады. Ред.) тоқсан жылғы өмірінде тындырған істеріне зер салатын болсақ, ол тіпті ұшан-теңіз. Оны тіпті бір ғылыми ұжымның жасаған жұмысына теңестіруге болар еді. Ендеше бір шағын мақалада оның бәріне жеке-жеке тоқтап, саралап сөз етудің мүмкіндігі болмағанын оқушы қауымның түсінікпен қарсы алатынына сенбекпіз.

Шамшиден Абдраман

ӘЛ-МИСАҚ

(Діни – фантастикалық деректі хикаят)

*Рухани ұстазым Ақжан әл-Машанидің
100 жылдық мерейтойына арнаймын*

Автор

Сан берген, сана берген, санат
берген,
Исан деп саналыға ол ат берген.
Жаратып жалғыз нұрдан барша
әлемді,
Жаухари Нұр сәулесін тарат деген

ӘЛ-ФАРАБИ

- Әлімсақтан белгілі деймісің?! – Ақжан әл-Машани сексеннің сегіріне аяқ басса да, әлі кәрілікке иықтата қоймаған шымыр тұлғасын кілт бұрып, маған тіктей қарады. Өнебойы мейірім шашып тұратын қой көзді қарашығын өңменіме қадаған күйі:

- Құранда әл-Мисақ сөзі бар. Бәлкім, сен де... – деп барып Ақаң бүтін денесін селкідетіп әкететін шынайы күлкісінің тізгінін бір сәт босатып алды да, байырғы байсалдылық арнасына түсіп еді:

- Қайсыбір шәйір шежіресымақтар "әлімсақты", "әлім" және "сақ" деп талдап, әлім атаны сақтың бел баласы еткісі бар. Сонда былайғы қазақ тумалары кірме болғаны да! – Ақаң мені сынағандай: - Шырақ, сенің әлімсағың осылардың қайсысына жатады? – деді.

Жұрт аузына жиі ілінетін әлімсағымыз Құран Кәрім әл-Мисағының қазақшасы болар...

- Е, бәсе! – ұстазым көтереліп қалды, бірақ сауалын әрі қарай суыртпақтай берді: - Хо-ош, әлімсақтың өзі не болды сонда? Ол қай кезден басталады?

"Е, бәсе" қошеметін ести сала, мен де қарманып жатырмын – ау:

- Ол со-о-нау атамзаманадан басталар, деп мұның тым әріге кететіндігінің дәлелін "сонау" сөзін соза айтып, жория аңғырттық танытуымның іштей есебі бар. Алғашқы жебем нысанаға дөп тиді білем, аузымды жиып үлгермей жатып-ақ ұстазым бастырмалата жөнелгені:

- Адам заманы бар... Ата заманы бар. Ал атамзаман атаңның заманы болса, неге оны әлімсақ дейміз?... сол атаңның заманы қай кезден басталады?

"Расында қазағымның "атамзаманы" не мағына береді? Адам заманы болды ма екен, онда адамзат атасы Хауа ананың Адам пайғамбардың жаралған шағы атамзаман да. Әлде атамзаман қазақ атасының туған дәуірін мезгей ме?

Жер планетасы өткерген соңғы Мұз дәуірінің сеңі сөгіліп, ұлтарактай Тұран жері құрлыққа айналғанына жиырма миллиондай жыл өтіпті. Бәлкім Қазақ атасының дүниеге келген дәуірі осы кезең шығар..." деген ой оралды маған, бірақ ойымды айтпай бүгіп қалдым.

Ақанды соны ой буып отырғандығын бағана келген бетте-ақ сезгенмін. Енді бажайласам, әл-Мисақты таспен байланыстырар сыңай байқатады. Бұл да күмансыз. Әйтпесе ұстаз шәкіртінің Құраннан мақұрым екендігін біледі, біле тұра, әл-Мисақ тұрғысындағы сұрақтармен сүріндіруді мақсат етпегендігі де маған аян. Соны білгендіктен атамзаманды әдейілеп ауызға алуын ұстазыма ойтүрткі жасау амалы, енді оным зая кетпеген тәрізді.

Оқу жылы аяқталысымен, Ақаң кіші бәйбішесі Жамалдан сүйген кенжесі Ғабдолды "апарып бір көрсетсем" деп жүрген үлкен шаһар Санкт-Петербург тартқан. Сонан бері екі-үш ай қараңғысы өтіп, ұстазды әбден сағынсам керек, іс сапардан оралған күннің ертеңінде-ақ Ақаң пәтерінің қоңырауын қақтым.

- Қарамат бар! – деді ұстаз амандық-саулық сұрасып болып жайғасып отырған соң. Ол тас атауымен қосарлана қолданылатын қазақ түсінігін түгелдей теріп шықты: айсыз бұлтты түнді – "тастай қараңғы", судың салқындығын "тастай суық" деп әсірелей айтатын қазақ сонда тастың ішіне кіріп шығып па, әлде тастың температурасын өлшеумен айналысқаны ма... тастың ағы да, көгі де бола тұра, тіптен тас көбіне сұрғылт болса да тас атаулыны жалпы "қара тас" дейміз. Неге? – дей келіп ұстаз үнсіз отырып қалып еді. Әрине, Ақаң айтар "қарамат" тасқа байланысты болғандығына, бірақ тасты талдау еместігіне күмәнданбағасын, әңгіме арқауын ширата түсу мақсатымен: "Әлімсақтан белгілі нәрсе ғой" деуім мұң екен Ақаңның қалай шаманданғанын әлгінде айттым.

- Әке, саған не болды... әнеугіден бері қара тас... қара тас деумен болдың ғой? – Еркебұлан ұлы Ғабдол әкесінің әнеугі ерсі қылығын көлденең тартты.

Үлкен шаһардың көрікті жерлерін түгендеп болған соң әке ұлын "эрмитажға" апарып, бірден минералдар қойылған бөлмеге бастады. Адам қиялына симайтын түр-түрпат беріп, табиғаттың өзі сомдаған минералдарды, асыл тастарды тамашалаумен жүрген Ғабдол Ақаңның "бері келші" деп шақырғанын естіген жоқтың, тек әкесі қолына алып жетелей жөнелгенде абыржып қалды:

- Ғабдеш, мына жазуда не депті, оқышы! – деді әке әлгінде өзі қырын да салмай өте шыққан дінкиген қара тастың алдына келгенде. Үрейі сейіле бастаған бала әкеге таңдана көз тастады да, тас жанындағы тақтадағы жазуды оқып шықты: "Паллас темірі" 1771. Енесай аңғарында табылған... Бұдан әрі мұны Палласқа табыс еткен ұста мен жасамыс солдаттың аты-жөні жазылыпты.

- Ка-арраа-мат!... әке өзімен-өзі сөйлесіп күбірлей берді: - Тәңір тасы... Тәңір иесі... То-о-ма-рис..

"Елу жылдан бері есіме бір түспеген" деп Ғабдолға ашпаған сырын Ақаң

өкіне отырып, шәкіртіне орыстың атақты геологы академик В.А. Обручевтен естіген "Паллас теміріне" қатысты құпияны есіне алды.

Обручев жазған оқулықты жастана жатып жертаным ілімін игерген Ақан енді ауылдан келген жастарға білім алуды жеңілдетпек болып оны қазақшалады. Қайсы бір атаулар қолданысын автормен келіспек болып Мәскеу барды. Сәтпаевтың жолдама хаты себебін тигізді ме, қарт ғалым оны жылы шырай көрсетіп қарсы алды. Жүзге аяқ басқанына қарамастан қарт қимылы ширақ, ойы жинақы екен. Аударған оқулығын желеу еткен шаруасын бітіріп, қонақ енді осында жетелеп келген ісіне көшті. Ол – академиктің "Плутония", "Сальников жері" тәрізді ғылыми – фантастикалық кітаптарына еліктеп өзі жазған шығармаларын көрсетіп алу болатын.

- Ә... Онда мәселе басқа, - деп қарт ойланып қалды. Жаз. Күні-түні жаз. Оған мәлімет жетеді өлкенде. Әрбір тасында тарих тұнып тұр, - әлде не есіне түсіп кетті білем, қарт қақпағы кілттеп жабылған қабырға шкабынан шағын қолсандықты алып, бөлме ортасында тұрған столға апарды. Сандық ішінен төрт бүктелген, жиегі жұқарып іри бастаған сарғыш тартқан екі парақ қағазды еппен алып, тақта бетіне жайып салды.

- Шырағым, мынаны мұқият оқып шық! – деді столға Машановты шақырып. – Мұны ешбір елдің архивінен таппайсың! – деп қосып қойды.

Бұл 1771 жылы Краснояр қаласынан Палластың сырлас досына жазған хаты екен. Қауырсын қаламмен славян тілінде жазылған хатты бірден түсініп кете алмаған Ақан екі рет оқып шықты. Паллас қарақошқыл тастың тарихын баяндаған. Бірақ тасты табуға себеп болған жайды баяндауға келгенде саяхатшы сөйлемдерінде нүктелер орнына сұрақ белгілерін көбірек қойыпты... "Ленинград барсаң, эрмитажға соғарсың" деген ғалымға уәдесін бергенімен, Ақан бір кезде Палласқа жұмбақ болып көрінген аспан тасының енді үйреншікті темір метеорит екендігін білгендігінен бе, ұмыт болып, әйтеуір, Ғабдолмен бірге барған жолы ғана сол оқиға есіне түсіп "Ах" ұрғызып еді.

Ұстаз орнынан тұрып бөлменің бір қабырғасында арнайы кесекке салынып кәспеттей ілінген бүтін ислам дінінің ғимараттарын қоршай салып, ортасында қара мауыт жабылған "Қағба қаратасы" орналасқан текше кескінің алдына келді.

Пәндәсінің Аллаға берген антынан айнымайтындығын қара тасты - әл-Мисақты айналып жүріп білдіру муминдағ ғадеті, Ақан суреттегі қара мауытпен көмкерілген алпауыт текшені көзімен нұсқады. Бұл рәсім Қағыбадан көп бұрын Тұран жұртында болған... – Мәссаған! Тас, - әл-Мисақ жайлы қандай қараматты көрсем де, дәл мұндай – бір кезде Тұрандықтарда да тас айналып тәңіріне табыну салты болады деген қараматты ойласамшы! Сілейіп отырып қалыппын. Ақан да манағыдай емес қазымыр сауалдарын көлденеңдетпейді, әдетінше, тоқыма тықыр тақиясын желкесіне қарай сыра түсіп, төбесіне көп жиырылған күйке қыртысын түгендегендей сипап қойып, әл-Мисақ қақындағы хикаяны Паллас темірімен тарата айтып берді.

- Сен осыларды жұрт түсінегіндей етіп жазатын бол! – деді ұстаз сөз соңында шәкіртіне тіктей қарап. – Жұрт білсін, тасты не себепті қаспеттеп айналатындығын.

"Жұртқа түсінікті етіп жазудың" астарында не жатқанын шәкірт бірден түсінді. Ол үшін алдымен деп түйді шәкірт жазуға отырарда: Палластың сол жолғы Сібір саяхатын қаз-қалпында елестетуге тиісті. Ал, әл-Мисақ мәніне Паллас тек әл-Машани лебізін естіп қана иланары қақ. Ол үшін...

* * *

1771 жылдың маужыраған мамырының бір күні.

- Байтақ Сібір өлкесінің сирек кезігетін қомақты елді мекенінің Краснояр өскери бекетінің бастығы әдеттегі мезгілінде екі қабат ағаш үйдің ішкі есігі арқылы екінші қабатта орналасқан жұмыс бөлмесіне беттеді.

Сымдай тартыла қалған адъютантына сәлемінді алдым дегендей оң қолын самарқау көтергені болмаса мойнын да бұрмастан басын тік ұстаған күйі пандана басып жұмыс бөлмесіне үнсіз өтті. Келген-кеткендердің есебінен жаңылып қалатындай, кірпігін қақпай ежірейген күйінде салынған патша ағзамның қақ төрде ілінген суретіне сәл бүгіліп тағзым етті де, бөлменің оң қапталындағы қабырғаға қапсыра ілінген Сібір жерінің картасын бір сүзіп өтті, терезе алдына келді. Қанша ай, неше апта болды, бұл оның әдетіне айналып еді.

Үй іргеснен-ақ ойдым-ойдым қотанданып барып әудем жерге жетпей-ақ ну орман болып басталып, осынау медиен даланы көз жетер көкжиекке дейін қайысқан қылқан жапырақты түкті кілемімен жаба салған тайга табиғаты да оны әбден мезі еткен сияқты, көзін жұмған күйі Сібірдің енді басталған ұзақ күнін қайтсе тез батырудың амалын ойластырып тұр.

Ол алтын жалатқан оқалы шен-шекпенінің жылтыраған түймелерін сипай тұра, өзін ұяда қалдыратын "садақа" жұмыртқадай сезініп, думанды дворян қауымынан жырақта өтіп жатқан мына мимырт тіршілігіне көңілі құлазып, ауыр күрсініп алды. Сырмінез адамның өзі генералдың мынау мұңлы кейпін көріп, елсіз иен өлкенің қамын жеп, жан күйзелісін кешкен жан ба деп қаралық. Бөгде адам түгіл күнбе-күн көлеңкесіндей көзден таса етпейтін адъютантына да генералдың осылай көрінгісі бар, ол көмекшісі келіп, түнгі оқиғаларды, бүгінгі күннің атқарылыр ісін баяндаған кезде де осы күйін тым сирек өзгертеді. Адъютант та бұған әбден үйреніп алды. Мысықша демін естіртпей кірді де, қай офицердің кіммен, қанша самогон ішкендігін, кімнің әйелі кіммен жезөкшелік жасағанына дейін тәптіштеп баяндап шығар еді. Бірақ бүгінгі ақпар басқаша басталды:

- Сіздің жоғары генералдық мәртебеңіз қаласа, Питербор академиясының академигі Паллас жолығуға рұқсат сұрайды.

Сонау астанадан келген академик түгіл ұшып өткен бөгде құстың өзі зор оқиға емес пе бұл өлке үшін. Ермек іздеумен елегізіп тұрған генерал: "Көкаршыным, манадан негіп тұрсың. Тез кіргіз" – деудің аз-ақ алдында қалып дер кезінде тілін тістей қойды. "Сап... сап... осынау қиырға бекет салдырып, қаражат жұмсағанда патша ағзамның көздегені қаңғыбас ғалымдарды күту үшін еместігін көмекшісіне ұқтырып қою керек".

Бүгінгі атқарылар істер қандай? – генерал алдымен мемлекеттік маңыз алатын істі ғана атқару қажеттігін ескерткендей, сыздана сөйледі. "Түсіндім" дегендей, әккі көмекші кімнің баласын шоқпындыратынын, офицер ханымдарының "Жазғы кеш" құрметіне шәй беретіндігіне шейін тәптіштей келіп, бәленше деген есаул дүздік аңшыны араққа жығып, бағалы аң терілерін алдап әкеткенін баяндап болғанша генерал қалпын өзгерткен жоқ, көмекшісіне көңілі толмағандай қыр көрсетіп тамағын құр қырнап қояды. Көмекшісі сасар емес, қазір-ақ елпең етерсің дегендей ту сыртын беріп тұрған генерал тұлғасына кекете көз тастай тұра көлгірсіп қояды:

- Сіздің жоғары мәртебеңізден кешірім өтінемін... Академик Палластың қолында Империя канцеляриясынан жолдама хаты бар екен.

- Көкаршыным, сөзді осыдан бастау керек еді!

Генерал кілт бұрылып орнына қарай беттеді. Даусында тіксіну бар. Ол отырып жатып әлдекімді есіне түсіргісі келгендей күбірлей берді.

- Паллас... Паллас...

Генералдың бағыныштылар ісінен ағаттық аңғарар болса бір жасап қалатын әдетіне қанық көмекші көбіне әдейілеп "аңғырттық" жасап алар да, одан соң бастығын жетелей береді. Бұл жолы да солай болды, академик қолындағы хатты көпе-көріне жанынан шығара тұрып, осыдан екі жетідей құпия бөлімнен келген "Паллас мағлұматын" бастығына баяндамай ұстап қалғанды. Енді міне нысанаға дөп тиіп жатыр, ол қолындағы дәптерді ашып жіберіп тақылдай жөнелді:

- Паллас Петр Семион – Германия, Голландия, Англияда ғылыми зерттеулермен шұғылданған ... Ресейге арнаулы шақырумен келген.

- Шетелдік те... неміс болды ғой ұлты... ым... – Орыс ғалымы болса білер едім дегендей, сыңай танытса да әскери шенді ғана қастерлейтін елдің генералы бола тұрып, өркениеттік мәдениеттен кедейлігіне онша уайым жемейтін сол кездегі орыс зиялыларының бірі еді, ол: - Кірсің, - деді ол шығуға бет алған көмекшісіне және "Мария Терентьевна түстікті бір кісіге артық жасасын" деген жарлығын да жеткізуді тапсырды.

Өнеркәсібін енді ғана дамытуға бет бұрған Ресейге сырттан маман жұмыскерлер келуі, әсіресе, ғалымдардың шақырылуы жаңалық емес-тін. Бір күннің тез өтетініне масайраған, әрі ғалымдарды патша ағзамның өзі қабылдайды-мыс дегеннен хабардар генералдың Палласқа сый-сияпат көрсетуге құлшынысының өз есебі де бартын.

Адьютантымен ере кірген жасы отыз-отыз бестер арасындағы ұзын бойлы, ат жақты, ақсары кісіні көрген бойда орнынан қалай атып тұрғанын генералдың өзі де сезбей қалды.

Мұндай кездерде айтыла беретін жаттанды амандық-саулық тамамдалып, сөз бұйымтай сұрауға көшкенде:

- Академик дегенге сақалы белуардан түскен қарт па деп қалсам, сыбызғыдай сидам жігіт екенсіз ғой, - деді қонағы ұсынған конвертті алып жатып.

Паллас берген хатты ол екі мәрте ішінен оқып шықты.

Біз мұнда Ресей империясының мүддесі үшін келгенімізді ұмытпаймыз. Егер сіздің сапарыңыз орыс елінің ғылымын күйттер болса, қолдан келер көмегіміз құзырыңызда, академик мырза, - деп іс осымен бітсін дегендей орнынан тұрды. Палласты көптен күткен құрметтейтін танысындай іш тарта сөйледі.

- Бүгінгі басты жұмысыңыз – сіз менің қонағым боласыз. Ал қазір Мария ханымның түстігі даяр болғанша, мұражайды тамашалайсыз.

Тілінде аздаған мүкісі ескермесе, орыс тілін жете меңгеріп қалған Паллас генерал пиғылын сөз саптасынан-ақ аңғарып, ұсынысына ризалықпен келісті.

Мұражай екінші қабатта, кеңседен генералдың отбасы орналасқан үйдің екінші басына қарай бұрылған мойнақ бойында орналасқан-ды. Кіре беріс есікке таяу бұрышта қойылған Сібірдің алып қоңыр аю тұлыбының сұсты көрінісі ғалым назарын өзіне бірден аударды.

- Тайганың қожасын құрметтемеске шарамыз жоқ, - деді генерал бұрышқа қойылған аю тұлыбын мақтаныш етіп, ол мұражай есігін ашып, ізет көрсетіп жатыр. – Рахым етіңіз.

Мұражай ішін жасауға білегін сыбанып кіріскен Мария ханым сібір өмірін жан-жақты көрсетуге тырысқанымен, бағалы аң терілерінің көрмесіне көбірек ұқсап кеткендігін өзі іштей мойындаушы еді. Осыларды сүзіп өткен ғалымды елтірілердің бағалығы ғана емес, Сібір жерінің жануарлар байлығы қайран қалдырды. Паллас дүздіктердің тұрмыс-салтын көрсететін экспонаттарын айналшықтап көп тұрды. Оның көзі шыға беріске таман ескерусіз жерге қойылған қарақошқыл тасқа түскен бетте оған жетіп барды. Қолымен о жер-бү жерлерін сипап түрткілеп қарап жатыр. Бұрын-сонды келушілердің жөнді назар салмай өте шығатындығын, бірінің де назарына ілінбей ескерусіз қала беретін қара тасты шығарып тастауды ойластырып жүрген генерал, енді соған мына академиктің шүқшия қалғанына қайран қалып тұр.

"Мынау аспан тасы болмасын" – ғалымға келген алғашқы ой осы болды. Осы кезде Еуропа зиялыларының арасында аспаннан түсетін тас жайлы айтылатын лақап төңірегінде айтыс өтіп жатқан-ды. Өзі айналысатын ғылым саласының бұған қатысы болмаса да, Паллас ертедегі Шумер, Египет, Ром елдерінде, Періғаун патшалар мүрдесінде кездесетін қасиетті "аспан тасы"

жайлы аңыздармен таныс болатын. Осыдан біраз бұрын Париж академиясының ғалымдары Лаплас пен Лавуазьенің "аспаннан тас түсуі мүмкін емес" деген үзілді-кесілді мәлімдемесін де оқыған. Аспаннан тас түспейтініне кәміл сене тұрса да, ғалым мынаның ерекше құрылымына күмәнданбады. Үшкір қырларында түскен дақ өткір жүзді сайман-дағы, жапырылған жиектері мұның темір мағданды тас екеніне шүбә туғызбады. Орал тауларындағы темір ерітетін зауыттан мынаны ит арқасы қиянға кім әкеледі? Мүмкін емес. Маңайда темір зауыты жоқ.

- Бұл құнды тас па? – деп сұрады генерал академиктің соншама шұқшия қалғанына алғашында танданса да, енді әлденеден секем алып. Генерал Ресей империясы жерінен табылған қандай да болсын асыл, бағалы тастар, археологиялық қазу кезінде табылатын – тарихи ескерткіш-қазына патша ағзам иелігі саналатындығы, ал оны орындамаушылар қатаң жазаланатындығы туралы күшін жоймаған Бірінші Петр жарлығы ойына сап ете қалды.

- Генерал мырза, бұл қай жерден табылғанын білетін боларсыз.

- Білмегенде ше, - деді генерал мана ғалыммен кездескелі бері екеуінің арасында орнаған жайдарлықты сақтауға тырысып. Ол бойын мендей бастаған үрейдің шындықпен ара қатынасын ажыратып алғанша өзі білетін қанды оқиғаны айтуды жөн деп таппай, жалпылама мәліметпен шектеледі - Енесейдің жоғары аңғарында, казактардың әскери мекенжайы маңынан жеткізілді мұнда.

- Генерал мырза, қарсы болмасаңыз, сол жерге барып қайтсам деп едім.

- О не дегеніңіз, Паллас мырза! Салт аттыға арақонып жететін жер. Әттең, уақыт күттірмейтін істің болып тұрғаны, әйтпесе өзім бастап-ақ апарар едім, - деп өкінішін білдірген болып, генерал ғалымның бір жетідей көзі таса болғанына қуанып кетті. Манадан бері көңілінде ала-бұртып тұрған үрей бұлты тарай бастағандай.

- Қаласаңыз, ертең ертемен жолға шыға аласыз. Жол басшыны, аттарды даярлатамын...

Генерал Палластың қолтығынан алды:

- Рахым етіңіз. Мария ханым асты телміртіп қоюды онша жақтырмайды. Сөгіс естімей тұрғанда жетейік, - деп ол қонағын шығар есікке қарай бастады.

Түстік ас желініп, кофе ішу рәсімі алдында шылым шегуге шыққанда генерал көңіліндегі күдігінің басын ашып алғысы келіп сөз арасында:

- Ана қаратасты император құзырына лайықтап жіберетіндей құнды мүлік деп санар ма едіңіз, академик мырза? – деп сұрады көпе-көріне аңғырттық көрсетіп.

- Шындығында, мұның қандай дәрежеде құнды дүние екенін дәл айта қою маған өте қиын. Десек те табиғаты ерекше дүние екен, мұны Петербор мұражайына жіберсеңіз ешқандай ұтылыста қалмайтыныңызға мен алдынала кепілдік берер едім.

- Осы ісбастылықтан кейде өз үйіңнің есігін де ұмытып қалатын кездерім

жиі болады. Әйтпегенде сонда-ақ жібертуім керек еді, - деп ақтала мүләйімсіп жатты генерал. – Тәнірім сізбен кездестірмеді ғой, оның сол күйінде жата берері анық. Осы кездесуіміздің ескерткіші болсын, байладым сізге оны. Абырой атағы да – бәрі-бәрі сіздікі болсын. – Генерал кесапатын да қоса байлайтынын айтқан жоқ.

Орыс тілінің әдеби тұрғысын біршама меңгерген ғалым соңғы сөздің астарын толық ұға қойған жоқ. Оны әншейінде ауызекі айтыла беретін сөз әрінің біріне санап мән бермеді. Бірақ генералдың іштей есебі бартын. Паллас жолға шыққан күні-ақ қарақошқыл тас арнайы жәшікке салынып, оған мынадай түсінікке құрылған хатты қоса аттандырды: маңайына өне бойы зер салып жүретін кәрі солдат Жакупов (Якубов) бір күні өзі тапқан ерекше тастан сындырып алған кесегін досы аңшы ұста Медведевке көрсетеді-міс. Ол шындап көргенде тас сынудың орнына жалпайып темірше иіліп шыңдалады-мыс. Мұны көрген Жакупов сол кезде Сібірді аралап жүрген ғалым Палласқа жолығып, тасты көрсетеді-міс. Сөйтіп шындыққа бетер жалған оқиғаға құрылған "классикалық" шығарма генерал мырзаның байыпты ескертпелері ескере отырылып енді адъютанттың шығармашылық шабытын сарқа пайдалану нәтижесінде туып, кейін "Паллас темірі" деген атпен тарихқа белгілі болған темір метеоритінің ресми түсінігіне айналған құжат Петерборға осылай жіберілді. Ал Обручев пәтерінде Ақжан танысқан хат осы оқиғадан бір жұма өткен соң Палластың өзі барып көзімен көріп, естіген жайдың нақты, бірақ тарихта беймәлім мағлұматы болатын...

Шағын елді мекеннен Жакупов атты кәрі солдатты тауып алу Палласқа онша қиындық тудырған жоқ. Ғалым мырзаның "Томарис" тасы туралы білгісі келетіндігіне құлақтанып қалған жұрт бұл кезде жаны жахнамға кеткен Матвей Медведев атаманның атқосшысы Прохорға да Жакуповпен бірге бар деп қолқа салды. Палластың олардан естіген оқиғасының ұзын ырғағы мынау еді.

- Про-о-хор... Про-о-хор... – Атаман Матвей бастықтырылғандай қара терге түсе булығып жатып айқайлағысы-ақ келді. Бірақ жұтқыншақтан қысып алған құрсау тарыла түскендей демі бітіп алмағайып жағдайда оянды. Екі күннен бері бас алмай сімірген самагонның уыты енді қайта бастағандай. Өзінің ұйқылы, әлде ояу күй аралығын біле алмай мең-зең күйінде жатыр еді. Мәңгірген басын біреулер суға салып соққылап-соққылап ісіндіріп әкеп іле салған тәрізді, құр қауақтай бос сезінеді, бөлме ішін жер мен көктің арасын күңіренетердей дыбыс кернеп кеткен... Түннің біраз уақыты болса керек, басқа тіршілікке тән дыбыс естілмейді. Атаман көзін ашып алғанда бөлме терезесіне қарсы қабырғаны қаптап алған алауға көзі түскенде шошып кетті, үйдің іші жалын орап алғандай үрей билеп, масандығының ізі қалмағандай қарманып жатыр. Бір-екі рет қарманып үйеленген орнынан тұрам дегенше есі әбден кіріп, үй ішін өрт алмағанына, жалын дегені қарсы қабырға терезеден түскен

сәуле екеніне көзі жетіп "Ух" деп шып-шып шыққан маңдай терін сүртті. Ауызғы бөлмеде атқосшы Прохордың шошқа қорсылына ұқсас қорылы естіледі. Кенет төңірек тағы да күңіреніп кетті.

Прохор... Прохор... Иттің баласы! – Бұл жолы атаманның даусы қаттырақ шықты. Үстінен ел көшіп жатса оянбайтын атқосшысының сыбырласа болды атып тұратын әдеті бар-ды. Екі тәулік бойы араққа битін салған атаманның енді бір уақыт ындыны кеуіп оянып, бас жазар сұрарын білетін Прохор қамсыз емес-тін, толтырып ішпесе де, аздап көмей жібіткені болмаса шиша толы самагонды, суаяқты даярлап қасына қойып жатқан-ды. "Прохорланған" қожасының даусын естіген бетте ол ұйқылы күйі шишаны ала сала төргі бөлмеге ұмтылды.

- Әкем-ау... Қара басып ұйықтап кетіппін... – Ол су-аяққа асығыс арақ құйып атаманға ұсынды. Атаман арақты алса да, оны әдеттегідей мұртының астына құныға құя салған жоқ.

- Мынау не алау... өрт пе... не ызың күңіреңткен... – Атаман тәлтіректеп терезе алдына келді.

Түн түнегін тесіп өткендей аспанға созыла көтерілген жалын сәулесі тым алыста болғанымен, былшық басқан кірпіктерінің арасынан өткенде тұтасып дүниенің төрт бұрышын жалын жауып кеткендей елес беріп, бүтін тайга жанып жатқандай көрініп еді атаманға.

- Өрт қой мынау!

Ол терезе жақтауын ашып жібергенде түнгі салқын ауа, күңіренген дауыс та сол тұстан шығатын сияқты. Енді байқаса күңіренген үн дегені көп адамның қосыла айтылған үзік-үзік сөзі сықылды... "То-ом-а-ар- и-с"... "Тоо-м-м...а-а-р...и-и". "Томарис... Томарис" – деп іштей әлденеше қайталап ештеңенің байыбына бара алмаған атаман есінеп қойып, әлі де ұйқысын күйттеумен тұрған атқосшысына қарады.

- Түздіктер ғой. "Тянгиртас" маңына жиналып алып, қолдарын көкке жайып табынып жатқанына екі тәулік болды. Түні бойы қалама от жағады, айналып жүріп "Томарис" деумен болады... Күндіз бұғы сойып тасқа қанын шашады...

Атаманның көңілі орнықты ғой деймін, ұстаған суаяқ толы арағын керіле тұрып көмекейді көме тастап жіберіп, мұртын жеңімен рахаттана сүртті:

- Таңертең Якуповты тауып әкелетін бол. Бар ұйықта...

Якупов атанып кеткен Жакупов деген татар жігіті жас кезінде казактар қосынының асбасшысы болып істеп, кейін күйеуі мас күйінде қыстың күні далада қалып үсіп өлген самагоншы жесірге үйленіп, осы жерде мәңгі қалып қойған түркі тумасы еді. Жиі болмаса да жергілікті халықпен сөйлескенде атаман оны тілмаш орнына пайдаланатын. Барлық сөздерін толық түсініп жеткізбесе де, айтылған жәйдің сонарын атаманға аударып істің мән-жайын бағдарлап беруге тілі жететін. Бұдан артықтың атаманға қажеті де шамалы, қалғанын ол күшпен-ақ өзі "түсіндіре" алады.

Жакуповтың түсіндіруінше, отаршы орыстардың "Тянгиртас" деп кеткені "Тәңір тасы", "Құдай тасы" деген мағына беретін жерді барлап келуге атаман ертесіне оның өзін жұмсады.

Сөздерін түсінуге боларлық түркі тілдес болғанымен, отырыс-тұрысындағы, үстеріндегі киімдерінің ерекшелігіне қарай жиналғандардың бірнеше ел өкілдері екендігіне Жакупов күмәнданбады. Тайгада өткізген ғұмырында жергілікті халықтың мұнша тобырын көріп тұрғаны бірінші рет. Әншейінде тоғышар, қайратсыз бос кеміктей көретін Сібір тұрғындарының жиналған кезде қаһарлы, сұсты болатынын алғаш сезді ол. Жиынға жақындауға жүрегі дауалап, батылы жетпеді. Оларды сырттай біраз бақылап отырды да, бір шетте бұғыларды қарап отырған бақташыға жақындады.

- Анау аң терілерін не істейсіндер? – деп сұрады шыдамсызданған барлаушы бақташының ұзақ сонарлай айтқан әңгімесінен атаманға қажет деген жайды анықтағысы келіп. Мана тас маңында қара тұмсығынан тізіліп іліп қойылған құйрығы жерге сүйретіліп тиіп жатқан қасқыр терісін анық аңғарғаны бар-ды.

- Оны да бүгін отқа жағамыз...

Манадан жирен мұрттын ширатумен үнсіз отырған атаман Жакуповтың аң терілерін ауызға алған кезде:

- Ненің терілері екен? – деп тесірейе қараған оған.

- Ненің терісі болушы еді, - деп едірең етті барлаушы да уыты енді ғана денесіне дари бастаған, келген бетте атаман ұсынған бір суаяқ самогон желігімен батылданып. – Тайганың аңы тұрғанда сайтанымның жарғағын жақсын ба? "Қасқыр терісінен басқа көзіме түспеді" деп шала жасаған барлауын әшкерлеп қайтеді, отқа тастаған тері ненікі болсын бәрі де күлге айналады емес пе?

- Прохор, бар есауылды тап дереу, қарауыл мұнарасына келсін! – деп атаман асығыс киіне бастады.

- Көріне ме?... Қара! – деп атаман Енесей аңғарындағы түбектен көтерілген түтін жақты мегзеп, қолындағы дүрбісін есауылға ұсынды.

- Былайша да сезіп тұрмын, дүздіктер үйітіп жатқан семіз бұғы майының көңірсігі танауымды жарып барады, - деп қалжындай тұра есауыл дүрбіні көзіне тақады.

- Ана жартасты әбден қарап ал. Неше верст болады шамамен? – Атаман үнсіз дүрбіні салып тұрған есауыл жауабын шапшаңдатқысы бар.

- Оқ жете ме өзіне?

Есауыл дүрбіден көзін алып атаманға таңырқай қарады, жүзінде кекесін бар, елу қадам жерге талықсып жететін пілте мылтықтың қорғасыны мына қашықтыққа жеткізгісі келген таза әумесерлік те! Ол түнерген атаман жүзінен түңілгендей тіл ұшына келіп қалған әзілін тежей қойды, қайта дүрбі салды:

- Зеңбірек оғы болмаса.

- Мейлі, сайтандікі болса да жете ме өзі?

- Зеңбірек оқпанын оқтама – дәріге толтырса, картеш жетіп қалар.

- Ендеше дәріні аяма! Оқ жететін болсын... – ол сөз бітті дегендей мұнарадан түсетін сатыға беттеді. – Жарықта зеңбіректерді нысаналап қойыңдар!

Қасқарая "Тәңіртасты" тұстан қалама жалыны лаулап лап етіп жанған сәтте түнгі тынық ауаны дірілдете зеңбірек даусы да гүрс-гүрс етіп, бүтін тайганы сілкіндіргендей болды. Мекен-жай іші азан-қазан болды, сиыр өкірді, шошқа қорсылдады, шу етіп шәуілдей жөнелген иттер үрісінен жылаған баланың, далаға үрпийсе жүгіре шыққан адамдардың үрейлі үндеріне, маңайға жайыла бастаған дәрі түтіні араласып ел қарбалас күйге түсті де қалды. Зеңбірек дүмпуін естіген бетте, атаман екі суаяқ самогонды тастап алып жатып қалды. Ертесіне ертелетіп Жакуповты жолбасшылыққа алып және алты солдатты ерітіп "Тәңіртасқа" келді.

- Басқа терілер қайда, кәрі төбет!

Қасқырдікінен басқа аң терісі кеше көзіне ұшырата алмағанымен Жакуповтың да сенгісі жоқ бұған. Атаманның айбатынан жан ұшырып шашылып жатқан көкбөрі терілері арасынан қажетін іздеп жүр. Егер кеше малшыдан сұрады ғой, мұндайда отқа тек көк бөрі терісінен басқа аң терісі жағылмайтындығын, тіптен оның себебін де білер еді-ау... Араққа ерте үйір болып, әбден салынып кеткен пенденің барлық ұлттық намыстан жұрдай, бұралқы иттей тек құлқынының құлына айналып кететіндігін осыдан екі ғасыр бұрын-ақ Жакупов ашқан "жаңалық" болатын. Әйтпесе көк бөрі жайлы аңызды бала кезінде ол әбзиінен естіген-ді. Сол кезде осы аңызды Сібір жұрты да жақсы білетін, қазір олардың ұрпағы айналма болған сиырша басын шайқаумен ғана тынады.

Байтақ Сібір ойпатынан бастап қазіргі қазақ даласынан әрі Орталық Азия асып, терістікке қарай Каспийден батыс бағытта таулы өлкені өрлей өтіп Жерорта теңізіне шейін аралықта ат тұяғының ізін қалдырған Тұран ұрпағы қандай тайпаға таралмасын, - бірде "скиф", бірде "сак", бірде "печенг", бірде "половцы", бірде "қыпшак" атанбасын, бәріне ортақ бір ғана аңыз – Көктен түскен көк бөрі сүтін емген атаның ұрпағымыз деген ұғым бар-тын.

Түрік атасын панасыз нәресте кезінде емізіп адам ету үшін оны тәңір көктен әдейілеп түсірді-міс. Көктің түсіне енді де, көк бөрі атануы да осыдан. Демек көк бөрінің көкке қарай ұлуы тәңірімен тілдескені-міс. Көк түркі ұрпағын өрбітіп, парызын орындағандықтан енді көкке қайтаруын тілеп жалбарынғандығы шығар онысы. Осылай деп ұғынатын Көк Түріктер Көк бөрі атаулыны қаспеттеп тиіспейді, тек ұлығандарын аулап жанын жаханамға жіберер еді де, терісін алпыс жыл сайын бір рет "Тәңіртасының" жанында жағылатын отқа салып өртеп алуға айналдырып, түтін түрінде әуеге көтерілуін көк бөрінің аспандағы иесіне оралуы деп санайтын. Сол Көк Түрік ұрпағының бір саласы - қазағымның айбарлы ақ патшасы тұрғанда, атылған бойда атан түйелерді де аударып тастайтын жолбарыс қайратына қайран қала тұра еті

тірі, жаужүрек жігіттерін "қасқыр", "қасқырын қарашы" деп көк бөріге балап марапаттайтындығы емшек сүтін берген ежелгі енесін іштартқандықтан болар-ау. Ежелгі тегіне сыбаға сойып беретін Көк Түріктің әубастағы әдеті барды, итті қолға үйреткендігінен бе, әлде қызыл дүниеге қызыққан пендешіліктен бе, келе-келе ол рәсім ұмыт болып, ризығын қолынан емес жолынан алған кездерде қасқырды ауызға алуға қымсынғандай, "ит-құсқа" жабатындығы қазағымның бөрі – анаға өз сыбағасын бермейтіндігіне ұялатындығынан болар дейсің. Бірақ, Көк бөрінің тәңірімен тілдескен кейпін бейнелеген байрағын Ақ Ордасының алдына тігіп, пір тұтуынан қазағым жығылып жатып сүрінгенді сүйе дегенге мәз болып, "өркениетті елмін" деп көкірегіне нан "піскенге" дейін жаңылған жоқтың.

Көк түріктің түбін Көк бөріден бастау алатындығын бәлкім сол зеңбірек оғы сонда "Тәңіртасын" талқандаған түннен ұмытыла бастады ма екен... "Тәңіртасын" соғып жарылған зеңбірек оғы сонда жиналғандарды Тәңірінің атқан оғындай – қияметтің кесепатындай бүтін Сібір өңіріне зеңбірек дүмпуінен тез тарап кетіп еді. Не қилы аңыз көпке дейін Сібір жерінде қалықтап жүрді де қойды. Бірақ барлық аңызда айтары бір-ақ нәрсеге әкеп саятын. Ол – пендесінің тәубасынан жаңылып аңға, отқа табына бастағанына, орыстардың жынды суына бой ұрып, суретке шоқынғандығына қаһарланып жіберген Тәңір жазасы-мыс... Қайткенмен де әр аңыздың артында Көк түрік ұрпағына кәдік зұлмат заман ызғары сезілгендей еді. Ол – жүнді ауыз шегір көздердің ата асы – жынды суына салынып адамдық абзалдықтан адаланып, хайуандықтың ең жиіркенішті доңыз қылыққа ұрындырар алмағайып қасаң заманның келетіні, қасбатырлық қасқыр қылықтан, түлкі бұлаң зымияндықтың күйткісі, ұлтым деген ұлдың омыртқасын үзетін, дін мұсылманы имандылығына сын заман түнегінің басталары еді...

Бұдан кейін жасаған саяхаттарында Сібір халықтарының қарақошқыл тастың түйіршегін тесіп мойын тұмар етіп тағатынын, не болмаса қаспеттеп үйде іліп қоятындығын Паллас жиі байқаған-ды. Ақжан: магнит тасын "тот тас" дейтін қазақ, оны бойтұмар етіп тағынатындығын және Көк бөрінің басы салынған байрағын ту еткен елінің "Бас бөріксіз болмас, тотсыз түрік болмас" деген мәтелін айтқанда, Палластың: "Сол зұлмат оқиға ішінде қазақ болды ма?" – деп сұраған еді. "Оның ішінде сақа, жақұт, туба, хақас, тұңғыз, шор және басқа да Кеңес империясы кезінде аты өшіп құрып кеткен ондаған Көк түрік нәсілі болды. Ал одан көп бұрын "Тәңіртасына" қазақтардың да баратындығына күмәнім жоқ, бірақ сол зұлмат болған түні менің ұлтымның өкілі барған жоқ" деген Машанов жауабына Паллас әдепкіде сенімсіздік білдіргенмен, кейін оған иланып еді. Хикаят барысында бұған оқушының да көзі жетер деп ойлаймын, ал әзірге әңгіме желісін жалғастыра берейік...

Беймезгіл атылған зеңбірек дүмпуі туралы генералға да жеткен-тін. Ол атаман Матвей Медведовты дереу алдырды:

- Тас атып патша ағзамның оқ-дәрісін ысыраптауға дәтің қалай барды? – деп зекірді генерал есіктен енді аттай берген атаманға. – Қырық қамшы ақылынды енгізер найсап!

- Сіздің жоғары мәртебеңіз, жасаған күнәма жеңілдік жасай көр! – деп ішке ала кірген қапшығының аузын асығыс шеше бастады. – Ана дүздіктер патша ағзамның мұншама байлығын отқа жағып жатқасын шыдай алмадым... – Атаман генералдың аяқ астына тайга тарғылының, аюдың, ақ түлкі, құндыз, сусар терілерін тастап жатыр. Генералдың көзі жайнап сала берді.

- Сенің патша ағзамға пәлен жыл адал қызметің, әйтпесе... – деп кіжінген болды ол. Даусында тіксінудің де ізі қалмапты. – Тайга ағашының да, аңның да, тасының да иесі патша ағзам. Атқан тасыңды жеткізетін бол осында көрейік.

Сол тастың үлкен бір бөлігі бір айдан соң Красноярға жеткізілді. Асыл, алтынды тас шығар деп үміттенген генерал қаратасты көрген бойда көңілі пәс түсіп кетіп еді, бірақ сырт көзге сыр бермей, дүниетанымдылығын көрсеткісі келді білем, оны Мария ханым жарақтаған мұражайына апарып қойдырған-ды.

- О, ғажап... ғажап... Сайтан алып кеткен бе?... - Жакупов "Тәңіртасы" тұрған жерді бірнеше рет айналып шықты. Түрінде таңданудан гөрі дәрменсіз дал болғандық байқалады. Аанада, екі жылдай бұрын генералға деп үлкендеу кесегін алуға келгенде әне бір жерден басқа сынықтары жатқан-тын. Ұсақ сынықтары түгіл, екі-үш адам әзер қозғалтатындай қойтас мұзша еріп ғайып болыпты.

"Осы жерде тұрған" деген маңды Паллас үнсіз асықпай қарап шықты. ұзындығы құлаш шамасындай, ені мен қалыңдығы екі-үш кез тақта тастардың жігін келтіріп қалануы табиғи емес, адам қолының әрекеті екендігіне шүбә келтірмеді. Бұрын-соңды өзі барып көрмеген, аңызға айналған Періғауын пирамидасы тастарына ұқсатты мыналарды.

Қалама тақта тастардың қырындағы түрлі бедерлерді бірден байқаған-ды Паллас. Көбісін мүк, қына басып кетіпті. Пышақ ұшымен аршып отырып, ұқсас кескіндердің әр жерде қайталанып отыратындығын байқады. Тақта тастың бір қырында біркелкі жеті белгілер сайын шеңбер тәрізді кескіннің кіндігіне шаршылай орналасқан басы иілген біркелкі сызықшасының он тоғыз болып шығатынына көзі жетті. Әрбір біркелкі белгілерден қайталанып салынған осынау белгінің айырмашылығы оны айналдыра салынатын нүкте-белгісінде ғана: шеткіде біреу, келесіде екеу, одан соңғыда төртінші – былайша қарағанда, дүниенің төрткүлі дерсің. Бірақ та дүние жаратылғанда төрт бұрышы бірден белгілі болса керек деген сенім Паллас болжамын теріске шығарған-ды бірден... Одан келесі қатардағы тақта қырында жыпырлата қашалған ұсақ таяқшалардың "Тәңіртасына" тәубалыққа келу санын көрсететіне күмәнданбады ол. Сонда тасқа табыну алты мың жылдың ар жағынан басталғаны ғой...

"Құранды ашсаңыз білер едіңіз, амал нешік сіз католиксіз", - деп сықылықтай күліп алды Ақжан. – Құранның әрбір сүресін бастарда, қақ мұсылманның іс бастарда, - әл-Фараби еңбегін жазбас бұрын "Бісмиллаһір-рахманір-рахім" деп

айтатын аят сөзі он тоғыз қаріптен екенін еске алды. –Тұран елі ол санды "Құран Кәрімді" Аллатағала жердегі елшісі Мұхамед Расулалаға жіберерден көп бұрын қолданған деп Машанов қос қолын көтерді: "Айың тусын оңыңнан, жұлдызың тусын солыңнан" – деп қазақ бата берерде алақанын аспанға жайып. Бас бармақтың үшінші, ал қалған саусақтардың алақан құрайтын төртінші буындарын қоссақ болады сол қасиетті он тоғыз. Көк Түрік Көк тәңіріне жалбарынып бата жасағанда Ай мен Күннің басын түйістіріп қосатын сол он тоғыз – Айлық пен Күндік, яғни жұлдызды жылнамаларды қабыстыратын дәуір санатында саналатын шығыс елінің "Мана" есебіне ертеде-ақ негіз болған бұл" деп келіп әл-Машани әрбір он екі айдан тұратын он екі жыл мен он үш айлық жеті жылдағы тәулік санын осыншама жұлдыздың жылнама тәулігімен бірдейлесетіндігін айтып берді. "Мынауыңыз Метон есебін еске салады ғой!" деп қуана құптаған Паллас біздің жыл санауымыздың 432 жыл бұрын Мана есебін Африкаға таратқан грек ғалымы Метонның жылнамасын есіне алып.

Ғылымда "Метон дәуірі" атанып кеткен жылнама бойынша, бастапқы сол 432 жыл шамасында созылған "Алтын дәуірі" сол мезгілдің екі еселенген уақытына жуық "Күміс дәуірі", мұнан соң "Қола дәуірі" басталып, енді 432-ні төрт еселеп алғанда "Темір дәуірі" туатындығын еске алды. "Ана күнді бейнелейтін шеңбердің төртінші тұсындағы белгі біз бен сіздің "Темір дәуіріне" келгендігімізді көрсеткендігі ғой. Төрт дәуір. Темір дәуірі – ақыр заман... "Төрттік дәуір... төрттік дүние... төрт, төрт..." – Ақжан өзімен-өзі сөйлескендей күбірлеп кетті – төрт құбыла, төрткүл дүниенің төрт бұрышы, төрт таған. Төрттік... – ақыры Темір дәуірі..." "Гәп темірде. Есінде ұста осыны Петр Семион" деген-ді Ақаң көп кейін қиял қанатында Палласпен кездескен жолы. Иә, екі жүз жылдай бұрын Паллас "Тәңіртасы" төңірегіндегі өзі көріп білген жұмбақ жайдың бірінің де ұшығын ұстай алмай, ол Красноярға оралған-ды. Тастың Петерборға аттандырғаны жайындағы хабар да оны селт еткізген жоқ. Сол түні өзіне жұмбақ көрінген тас оқиғасы туралы досына (Обручев үйінде Ақжан оқып шыққан) хатты жазған.

Хатта сол оқиға болған жаздың аяғына таман атаман Матвейдің өлі денесін үзеңгіге ілініп қалған аяғынан сүйретіп атқораға аты әкелгендігін, ал зеңбірек атқан есауылдың да аю тырнағынан қаза болғандығы бір жолмен ғана жазылыпты. Хат жазып отырған түннен көп кейін, араға сегіз жыл салып, Красноярға келгенде "Тәңіртасы" жанындағы елді мекеннің өртке ұшырап тамтығы қалмай жанып кеткенін, енді ол жерде ешкімнің тұрмайтындығын, оған баратын жолды шөп басып құр сорапқа айналатындығын еститінін де сол хат жазған кеште Паллас болжай алған жоқ-тын.

* * *

Бұл сапардан кейіндеу Паллас Сібірге бірнеше саяхаттарға шықты. Сол кездегі Ресей ғылымының этнография саласындағы кемістігі толғандай да еді.

Заманында аты әйгілі ғалым кіндік қаны тамған елінде дүние салғанға дейін Сібір ойпатын – Тұран даласының құпиясын ашуды армандаумен кетті.

Бірде Тобыл маңында қарт алтайлықтың үйінде адалбақанда ілулі тұрған қарақошқыл тас көзіне оттай басылды. Көзі көк, ақ нәсіл адамның әр қимылын қалт жібермей бағып отырған қарт әлденеден секем алып, тасты көлегейлей берді.

- Мырзаға тас таңсық болмас, - деді қарт тілмашқа тасты көргісі келетін ниет білдірген ақ адамға үрейлене кірпігін жыпылықтата қарап тұрып. – Таста туып, тауда өскен адам... ырым қыламыз. – Қарт қалтыраған қолын тас бауынан айырмаған күйі бермеске себеі тиер-ау деген жағдайын аптыға айтып жатты. – Әкемнің әкесінің ағасы "Тәңіртастан" әкелген екен. Жын-шайтаннан... кеселден... сақтайтын тот тасы бұл.

"Тәңіртасы" дегенді естігенде Паллас өзіне жаутандаған қартқа таңырқай қарады. Мұны өзінше ұғынған қартта зәре-құты қалмады, тілмашқа жалбарынып жатыр:

- Мырзаға айтшы, тасты алмасын, оның орнына мынау – атамнан қалған мұра еді, соны берейін, - деп жастығының астында ұстайтын сапыны қынымен Палласқа ұсынды.

Қошқар мүйізден айшықтай шытырланған сапы қынын таңырқай сипалап көрді де, ғалым пышақты суырды. Жарқ ете қалған алмас жүзінің екі жағында алты-алтыдан тізбектей салынған он екі түрлі хайуан кескіні, мүйіз сабының сағасында ойып, күміспен аптаған екі ай орағы, солардың ортасында салған дөңгелек Күн кескініне көзі бірден түсті. Паллас осынау кескіндердің аспан әлеміне байланыстыра есептеп – қайыратын мүшел есебі екенін білген жоқ, бірақ тегін еместігін сезіп, дереу қағаз қаламын алды да, сапыдағы кескінді түгелдей түсіріп алды. "Пышағымды да, "тотымды" да алып кетпесін" деп қауіптеніп отырған қарт ақ адамның қимылын қалт жібермей бағуда еді. Сапыдағы жануарлардың ақ қағазға айнымай көшіп жатқанына таңырқай отырып бір сәт ол үрейін ұмытқандай болды, бірақ ақ адам қалам-қағазын жинап салып болып, өзіне көк көзін тіккенде қауіп қайтадан демдеп кетті. Ақ адам алғысын айтқандай үнсіз басын изеп "тот тасты" да, сапыны да қартқа ұсынды, қоштасқандай тағы бір рет басын изеп шығуға бет алды. Сонда ғана қарт мән-жайға түсінгендей "тот тасын" маңдайына басты, екі қолын көкке жая тұрып күбірлеп бата жасады да, үйден ұзап бара жатқан ұзын тұра ақ адамға тағзым жасады...

Палластың екінші рет есте қалдырған "тот тасын" көруі ХІХ ғасырдың басында Сібірге жасаған соңғы сапары кезінде болып еді. Паллас осы өлкеге қанша келіп жүре, байырғы ел мәдениетіне куә - оба, қорған тәрізді ескерткіш іздерін кездестіре алмағанына пұшәйман күйде жүретін. Бұл сапарда ол елді мекен болды-ау деген манды мұқият зерттегенмен, көңіл көншітетін белгіні кездестірмеді. Шатырын жықтырып, жүру камында жүргенде атқосшысының үрейлі дауысын құлағы шалды.

- Ай-й... аю... аю...

Опырылған жерді қоғамдай топырақтың жоғарғы қыртысын аршып шыққанда-ақ оның үсті бөренемен өріле жабылған үңгір-үйшік екендігіне көзі жетті. Үстінгі топырақ алынған соң Паллас күректі өзі алды.

Бетағаштарды біртіндеп сақтықпен көтере бастады. Үшінші бөренені көтеріп жатып ішке көзі түскені сол еді, денесін мұздай тер басып кетті, жүрегі тас төбесіне шыққандай болды. Зәре-құты қалмай ап дегенде үрейден қолындағы бөренені тастай қашудың аз-ақ алдында қалды. Алысырақ барып, ақ мырзаның қылығын үнсіз бағып тұрған қызметкер – дүздіктер қожасының үрейден қуарып кеткен жүзін байқаған жоқ. Сәлден соң өзіне-өзі келген ғалым үйшік ішін байыппен қарай бастады: ұзындығы төрт-бес, ені екі-үш сажындай, биіктігі еркін тік тұратындай үйшік қабырғалары да бөренемен өрілген. Үйшіктің қабырғасына арқасын тірей малдас құрған күйі отырған мәйіттің оң жағында аңшы қаруы – садақ, мыс балта, кеспелтек шоқпар, жез пышақ жатыр. Мәйіт алдындағы ағаш ыдыс ішінде жатқан жұдырықтай қарақошқыл тас Палластың көзіне оттай басылды. Аң терісінен жасалған бөстек үстінде аң терісінен тігілген киімін иығына ілген күйі "Тәңіртасы" үзігіне қарап уәж айтып отырып, бір сәт дамыл алғандай, сәл шалқайып, көзін жұмып ойланып қалған кейпін сақтап қалғандай мәйіт. Палласты шошындырған осы көрініс еді. Бір қарағанда-ақ ғалым осынау пенденің екі-үш мыңдай жыл бұрын тұрмыс салтында да, бет-әліпетінде де қазіргі Сібір тұрғындарынан онша өзгеріс жоқ екендігін аңғарады. Мәйіттің ағып кетпей, сақталу сыры Сібір жерін жауып жатқан мәңгі тоны екендігіне шүбә келтірген жоқ, енді оның ұзақ сақталмайтындығына күмәні қалмаса да, үйшік-қабырдың ішін қағазға түсіріп болған соң оны мұқият жапты да, қайтадан көмдірді. Көне мәдениетін бір көрсе Тұран елінің тарихына қанығардай сезілетін Паллас үміті, үйшік-көрді көргеннен бері сағымдай буалдырланып алыстай түскендігін сезді. Қайғылы опатқа ұшыратқан "Тәңіртасының" осынау өлке тұрғындарының рухани өмірінде мыңдаған жыл бойы ерекше орын алған қара тас сырын өзі Тұран тарихының қатпарлы, сұңғыла тереңдігін аңғартқандай.

* * *

- Әл-Машани мырза, пайымдауымша, сен ғылымның бір саласын жағалаумен шектеліп қалмай, дүниетаным: түйер түйін жасағанда гуманитарлық ілім мен табиғат ғылымдарын зерделі ұштастыра алатындайсың. Осы тұрғыдан мен сені замандастарыма ұқсатамын, тіптен орта ғасыр ғұламаларының қасиеттерінен көрініс табатындаймын өзіңнен,- деп ә дегеннен, Паллас Ақжан жайлы хабардарлығын жасырмай, оны сынайтындай сынап танытты. - Айтшы, қазір қазақтың дейсің, менің Заманымнан көп бұрын сенің халқыңды "Қырғыз-Қайсақ" демеуші ме еді?

- Мен туған заманда Ресей бізді "қырғыз" дейтін.

- Білем, білем. Мәселен, мен өзімді алмандықпын деймін, басқалар неміс дейді бізді. Қытайдың аты "шина", қайта сіздер "шынмашын" деп шындыққа жуықтан атайсыздар. Ал еуропалықтар Американың байырғы тұрғындарын жалпылай "индейліктер" десе, орыс отаршылары сіздерді "қырғыз" деумен шектелмей "дүздік" – "жабайы" деп те мансұқ етеді.

- Десе де, біз қашаннан қазақ болып келеміз. "Қазақ" – атауы... – дей берген Ақанның сөзін аяқтатпай Паллас киіп кетті.

- "Қазақ" этнонимі тарихын қай саққа жүгіртесіздер, ырықтарыңыз білсін, - деді ол өз көзқарасын жақтайтын сыңай танытып.

- Әрине, отаршылардың тереңдеп бармай айтуға жеңіл "қырғыз" сөзін қолдана салғандығына күмәнданбаймын. Бірақ мұны таза ойдан шығарылды деуге де болмайды. Осыдан екі ғасыр бұрын сіздерді "Қырғыз-Қайсақ" деп атағаны анық. Осы сөздің қандай мағынасы барын қазақ қариясынан өз құлағымен естіген капитан Рычковтың өз аузынан естігенмін. Аңыздың мазмұны мынадай: өте ерте заманда күдіретті Қырым ханы Күндәуір дүние салып таққа таласып, биліктен құр қалған ұрпағы өкпелеп далаға кетеді де қарақшылық жасайды. Нәпақасын қолынан емес, жолынан алатын жау жүрек жігіттердің қарасы тез ұлғайып, атын айтқанда жылаған бала уанатындай айбарлы топқа айналады. Келе-келе олар үйлі-баранды болып ұрпақ өрбиді. Сол ұрпақты қырғыз-қайсақ деп атаған. Қазіргі "қазағың" сол.

- Петр Семион, егер бұл туралы өз ойымды айтсам ол сіздің досыңыз Рычковтың, ал Рычковтың кәрі құлақ шежірешіден естігендігіне күмәнданғаным емес. Шежіре қарт сөзін досыңызға жеткізген тілмаштан бір ағаттық кетті ме деп күдіктенем.

Күндәуір ханның ұрпақтарының таққа таласып өкпелеп далаға кеткеніне де күмәным жоқ. Ағайындылар қаншама қастасса да қантөгіске барып, жаулықпайтын Тұран ұрпақтарының ұлы қасиеті кейін ұмыт болды ғой. Қарақшылықты бірді-екі адам жасай алмайды, топ құрған жаужүрек жігіттердің қарекеті ол. Қазақта қарақшылар демей, "Қырық қарақшы" дейтін әдет және бар. Қайткенмен де, Күндәуір ханның кезінде "қырық қарақшы сақ" – келе-келе "Қырық қайсақ" аталынуы ғажап емес. Сөйтіп "қырық" – "қырғызды" туындатса, ал "қазақ" – "қайсақтың" бел баласы болғаны да.

- Жә... жә... әл-Машани, "Қырық-Қайсағың" да, "қырық қарақшы сағың" да қазақ екендігіне дауым жоқ, - деп Паллас білгісі келген мәселе түйіні басқада екендігін ашып айтты. Қазақтың жері мынау, қалай тартсаң да Сібір өлкесіне қабыспайды. Әлде мен қателесіп отырмын ба?

- Жо-жоқ, академик мырза, егер ежелгі Тұран жерін қазіргі Қазақ өлкесімен шектеледі десек, бұл сұрақтың туындауы даусыз. Гәп Тұран елінің иелігі Сібір өлкесінен басталатындығында ғой, - деп Ақжан ғалымға ойлы көзін қадады. – Өттең, "Қозы Көрпеш-Баян Сұлу" жырын оқи алсаңыз, Қарабай мен Сарыбай жаз жайлауы Сібір жері екенін бірден сезер едіңіз. Бастауын екі-үш мың жылдан

алатын жыр ғой ол. Қазіргі Сібірдің ұлы өзені Енесей қырғыз туысқанымыз мекен етіп Ене сай, Ене өзен – үлкен өзен деп атауынан шыққан. Байкал – Бай көл, тіптен Кемерованыз – қара кемерленіп жер бетіне шығып жатқан көмір жары – кемер деген сөздің атауы. Сібірде түрік атауын тағынған жер, су аттарының көптігін айтып қайтем, оны өзіңіз де жақсы білесіз. Егер Ене сай деп атаған үлкен өзен аңғарын бір кезде түрік тармағының бірі қырғыз ағайын иелік етсе, сол атты ойлап тапқан отаршылар демессіз. Сіздің "Тянгиртасыңыз" – Тәңіртас. Қазақта Хан-Тәңір аталатын тау бар дей бергенде оны Паллас дегбірсіздене киіп кетті.

- Сонда "Тянгиртас" ... жо-жоқ "Тәңіртас" та түрік атауы ма?

- Хан-Тәңір деп аталатын, түр-тұрпаты басқа шың-шоқыларға қарағанда қаһарлы көрініп, хандай оқшауланатын, төбесі көкпен таласқан сұңғыла да сұсты тау да бізде. Хан-Қахан болса – Тәңірді біздер – құдайды, Алла Тағаланы – жаратушы деп атаймыз. Тәңір түсінігінің түбі – Көк. – Ол үсік саусағымен төбені нұсқады.

- Байқаймын, әл-Машани мырза, Тұран түбіңіз тау-тасты тәңір етіп табынған екен ғой.

- Бәлкім, сіздің орныңызда мен де осылай ойлар ма едім. Тұран халқының да тотемдік ғұрыпы болды десек те, "Тәңіртас" немесе "Хан-Тәңір" атауы менің елімнің тауды құдайға балап табынды деген мағына бермейді, бұл жерде. – Машанов әр халықтың ойлау болмысына, тұрмыс – тіршілігін қоршаған ортасының етер ықпалын еске салды да, өз ойын былайша түйіндеді: - Тұран елін қашаннан Қахан-хан биледі. Қара халықтың түсінігінде ел билеушілік ақыл, қол бастайтын ерлік құдайдың сүйген құлына дарытқан ерекшелігі. Хан біреу, халық көп. Даралықты да, даналықты да әміршісіне еншілейтін елдің оқшау шынды ханға балап, көкке шаншыла шыққан бітіміне таңырқай Хан-Тәңір деп атады. Көк тәңіріне құрмет бұл.

- Ал мен бейбақ тасты айнала жүріп "Томарис" деп қосыла дауыстауын табынудың түрі деп ұқсам – деп Паллас өзіне беймәлім жайдың сырын қаныға түсуге емеурін білдірді.

- Егер мен де еуропалық болып, христиан дінін ұстап, құдайды қолдан жасап суретке шоқынатын болсам, "Томариске" салып адамдардың тасты айналуын өз түсінігіме сай табыну дер едім, – әл-Машани барлай қарады. Жүзінде күлкі ізі байқалады, - Петр Семион, сіз о дүниенің адамысыз. Құдайдың қак жолын сізден білуіміз керек еді. Бірақ сіз мына мен сықылды фанидың мұсылманын христиан тұтынушы пенде кейпіне келіп қабылдасаңыз екен. Христиандар да құдайдың қак, оның жалғыз екенін мойындай тұра, ғайса, пайғамбарды құдайдың бел баласы, ал Мәриям анамызды жұбай іспетінде қолдан құдай жасап, олардың суретіне табынып шоқынады. Айтыңызшы, күдіретінде шек жоқ бір балаға әке болғанда тағы басқа перзент сүйуге шамасы жетпегені ме? Ғайсаның інілері неге жоқ?

- Әл-Машани, күпірлік... күпірлік етпеңізші, құдай ақы... – Паллас бұрышқа қарап шоқынып алды. Сабасына түскендей: - Мұныңыз факт... Бірақ құдай жіберген "Інжілде" осылай делінген ғой. – Сондай кітаптың бірі, соңғысы, ақырдың пайғамбары Нұр-Мұхамедке түскен "Құран Кәрімде" Мәриям Алланың рухымен жүкті болды, ғайсса рухалла атануы осыдан делінбей ме?

- Сіз ғалымсыз. Ендеше айтыңызшы рухпен ана құрсағында адам нәсілі жаралды дегенді қалай түсіндірер едіңіз? – Палластың мына кебіне өз түсінігі қорғаштаудан гөрі әл-Машанидің діни түсінігін сынау сыңайы басым. Ал Ақжан болса әріптесінің о дүниелік аруақ екенін мүлдем ұмытқан. Ұстамды ұстаздың кейпіне еніп, сұраққа сұрақ қоя отырып айтарын шәкірт зердесіне шағып беретін әдетіне басты:

- Барлық болмысты, бүтін ғаламды жаратушы бір Алла – Құдай – Тәңір екендігіне күдігіңіз бар ма?

- О не дегеніңіз!... Құдай сақтасын... – Паллас тағы да шоқынып қойды.

- Ендеше он сегіз мың ғаламды жаратқан жан иесі Құдайдың Мәриям ананың құрсағында рухымен нәресте жаратқандығына құдыреті жетпейді деп қалай шек келтіресіз.

- !!!

- Енді сізге кәлимаға тіл келтіріп Исламда қабылдау ғана қалды.

- ... Десекте "Інжілде" басқаша айтылған ғой.

- Жалғыз "Інжілде" емес, көктен түскен төрт кітаптың авторы құдай бола тұрып, неге түрліше жазылған демексіз ғой, сірә?!

- Әлбетте.

- Айтыңызшы, Паллас мырза, "Інжілде" айтылған қағидалардың бәрі де ту бастағы мағына-мазмұнын өзгеріссіз сақтап келді деп ант іше аламысыз?

Паллас көпке дейін үнсіз қалды.

- Қаперімде жоқ жай бұл. Өзгеріске түсті, түспеді деп нақты айта алмаймын. Біздікі "Інжіл" ақиқаттығына сену. Бірақ ол кітаптың талай қатерге ұшырап, құрып кету қаупіне ұшырағанын семинария сабағында айтылғанын әлі ұмытқан жоқпын.

- Міне, гәп ту бастағы "Інжіл" қағидаларының қайсы біріне жұмыр басты пенденің кезіккен әр қилы апатты желеу етіп өзгеріс енгізіп ғайсаны Құдайдың белбаласы ету қажет болды.

- Енді сіз өз тарапыңыздан "Құран Кәрім" өзгеріссіз ту бастағысын сақтап келгеніне кепілдік бере аламысыз?

- Әлбетте, менің күмәнім жоқ оған. Неге дейсіз ғой. Біріншіден, бұл Інжілге қарағанда көп кейін түсті. Екіншіден, Алла-тағала жіберген үш кітабына пендешілікпен өзгеріс енгізілгендігін білді. Білді де, "Құранның" сөзін өзгерту түгіл аят орны ауысып кеткен басылымды түгелдей өртеп жіберуге үкімін айтты. Құдай сөзін кім түзете алады?

- Әлбетте, Құдай сөзін өзгерту күнә. Дегенмен қазақ тілінде астананда

шыққан "Құранның" аяттары орын ауысқан сүрелерін біле тұра сатып таратуға тиым болған жоқ. Бұл қалай?

- Әрине, "Құран" аяттары мағынасын адам санасына жеткізу үлкен сауап. Ал орын ауысқан аяттарды біле тұра оны халыққа таратуға жол берген күнә. Оған қандай жаза берілері бәрі Аллаға аян, - деп барып Ақжан дұға оқып бетін сипады.

- Енді "Томарис" жағдайына келейік.

Тұран елінде тотемдік ұғым қандай дәрежеде қалыптасты – бұл алысқа алып кететін әңгіме, бірақ қайсыбір жан-жануарларды, табиғат құбылысын киелі санайтын ғұрпы қазір де бар бізде. "Паллас теміріне" байланысты өзіңіз куә оқиға тотемдік ғадетпен тасқа табыну емес. Атынан көрініп тұрғандай "Тас – тәңір" емес "Тәңір тасы". Оны айналып жүріп, "Томарис" деп қосыла дауыс қосуы жиналғандардың тәңіріне сиынуы болар. Бәлкім, бұл сөз "Тәңірге сиын" деген сөзді қосыла айтқан кезде дауыс ұласуының естілу түрі болар. Тілі басқа, әрі самогонға шылқия қанып алған масаң адам түгіл, сонша қашықтықта тұрып ондаған кісінің өз тілінде қосыла айтылған сөзді де ажырата қоюың қиын емес пе? Мәселе олардың тәңірге не деп жалбарынғандығында емес, дәл сол тасқа – "Паллас теміріне", сіздің сөзіңізбен айтсақ, "табынуында".

Сіздің заманыңыздың өзінде, адамзаттың ерекше ұрпағына санап халықтың тәкаппарлана қарай бастаған Еуропа қауымы "аспаннан тас түседі" деушілерді күсталанап жатқанда, дүздіктердің көктен түсетін тастардың бәріне емес, тек біріне ғана әр алпыс жыл сайын жиналып "томарис" деп салатын зікір тек темір метеоритіне ғана бағышталатындығы сізді таңдандырмай ма?... Қазағымның нанымына байыздасам, шапағатын шашатын аспаннан Алланың адамзатқа арналған аманаты түседі деген ұғым бар. Сол аманат көктен түсетін тас та, тас-түйін түрінде болатынын жердегі құлдарына сездірсе керек жаратқан ием.

- "Тотсыз түрік болмас" ... мәтелі осыған саяды ғой, сонда.

Айтар ойын дәл басқандықтан ба, әлде әріптесінің ортақ түсінікке тоқайласа бастауын сезгендіктен бе, Ақжанның көңілі көтеріліп қалды, желпіне сөйледі:

- Петр Семон, көп елдің дәмін тата жүріп тіршілік тұрмысында қолданылатын сөздерінде таспен салыстыра, өлшей айтатын халықты кездестірген жеріңіз болды ма?... Сірә, аңғарғаныңыз аздау ғой, үндемейсіз. Егер қазақ арасында болды екенсіз: меңіреу түнекті – "тастай қараңғы", мұздай суды – "тастай суық" немесе бекемдікті білдірумен сараңдықты да "тастай қатты", дүдәмалсыз сенерлік сара анықтықты – "тасқа басқандай" деп нақтылықты сипаттау, тек менің елім ғана айтады.

- Тәңірі аманаты да тас-түйін түрінде көктен түседі деп отырсыз ғой. Тас қасиетін, адамзаттың тасқа түйілген тарихын геолог сіз тұрғанда басқаны емексу әбестік болар. – Паллас әл-Машанидің көңіл қылын әдейілеп шертіп, көтермелей, өзінің риясыз сенімін білдіре, оны тындағысы бар ниетін білдірді.

- Егер осыдан қырық миллиондай жыл бұрын соңғы мұз дәуірінде бос құрлық іздесең кейін Тұран жұрты жайлаған жерден басқаны кездестіруің қиын еді. (Бұл геология ілімінің тұжырымы). Бүтін құрлық дүниесімен салыстырсақ, ұлтарактай ғана құрылық еді ғой ол. Үскірік аязда көк мұз үстінде тіршілік иесі тұра алмайды десек, сол дәуірде адамзаттың жанын сақтаған жері тас үңгірі болды. Қауыздай қысылтаянда кешкен тылсым тіршілік тауқыметі қауымдастықты қалыптастырып, табиғаттың дүлей күшіне саналы әрекетін қарсы қоюға баулыған адамзаттың мыңдаған жылдарға созылған үңгірлік дәуірінің тұңғыш жұрты осынау Тұран жерінде қалды.

Ой дүниесі әзір қарабайыр, әрекеті тек тіршілік түйсігімен ғана түйінделетін, қылығы күнкөрісімен шектелетін мұз дәуірінің адамдары ызғардан ығыса-ығыса үңгірдің тас қараңғы түбіне де жетпеді деймісің... үңгір қабырғалары құлап та жататын. Құлаған тастар бір-біріне соққанда ұшқын шығаратыны байқалмай қалмады. Үрейленіп жүрді әдепкіде олар. Келе-келе еті үйренді. Енді ұшқынды шығаратын шақпақ тастарды тану дәрежесіне жетті... Оларды бір-бірімен ұрып көрді. Ұшқын түк басқан денесіне ұшып түсті. Көңірсіген иіс сезілді, ұшқын тиген жер үлбіреп қалатындығына көзі жетті, ауыратындығын сезді... Жылытатынын да білді... Келе-келе шақпақ тастан от тұтатуды үйренді. Тас от ұшқынын шығарса да, өзі отқа жанбайтындығын білді... Отты айнала отырып, қоламтаға піскен мамонттың балдай етіне бейқам болған үңгір иелері марқайып, тас қабырғаға арқасын сүйеп шалқая жайғасты. От жылуынан маужырап бара жатып, бір кезде ызғардан сақтап қалған үңгір қабырға тасының мұздай болатындығын сезіп еді енді... Тастың суық болатынын сонда сезінді.

- Әл-Машани мырза, өзіңіздей жернама – геология ілімін қумағаным өкініп те отырмын енді. Геология мен фантастика егіз бе деймін?! Айта түсіңізші, әңгіменізге әбден тәнтімін.

- О не дегеніңіз. Бұлтартпас айғақ шындықтың логикалық болмысын қалыптастыратын қиял қанаты ғана емес пе. Сіздің қуған ғылым саласының фантастикасы бір басқа жетіп жатыр. – Ақжан әзілге әзілдей отырып өз ойының түсінік тапқанына қуанышын жасырмады. – Басқасын маған байлаңыз. Тұран елі жайлаған өлкені мұз баспағаны ақиқат. Геология ілімінің түйіні бұл.

- "Ақыл ауысып, ырыс жұғысады" дейді емес пе сіздің ел. Кәне енді менің қуған ғылымның фантастикасына құлақ түріңіз. Тастай қараңғы үңгірде мұздай қабырғаға сүйеніп құяңы ұстаған үңгір адамының одан әрі ғұмыры былайша жалғасады, - деп Паллас екі алақанын ысқылап қуақылана күліп қойды. – Миллиондап жылдар өтіп жатты. Табиғат жұмсара бастады. Мұз құрсауы сөгіліп, ұлтарактай Тұран жері енді тоқымдай болды... Тағы да миллиондаған жылдар жылжып өтті. Тоқымдай жер туырлықтай... Осылайша терістік пен түстік кіндігіне қарай түріле түскен мәңгі мұз ұзай түсті, ұзай түсті. өріс кеңейді. Кешегі ғұмырының денін үңгірде өткізген ел енді денін иен далада өткізетін болды, өркендеді. Көшкен мұзға ілесе өрісін өзгертіп отырды, жұртын

жаңалай берді. Миллиондаған жылдар өтті. Тағы да. Жылжи-жылжи адам баласы Африка, Америка құрлығына жетті. Мұз артынан жылжи жайылым қуған қауым желге қалқан, ызғарға пана ежелгі тұрағын, тас үңгірін ұмытпады... Арман – аңсағанын, тұрмыс–күйін тасқа қашап салды... үңгір ғұмырының ортақ ұқсастығының өзі сол кескіндер арасынан мен мұңдалап тұрады қазір. Егер үңгір ғұмырының бастауы бір, тұғыры ортақ демесек, сіздің елдегі тасқа таңба салушылар сонау Африка, Америкаға әдейілеп барып өнерін үйреткен болып шығады емес пе?

- ... немесе олардың өнерпаздары біздерге келген болды. – Паллас болжамын қуаттай келіп әл-Машани өз түйінін айтты. – үңгір дәуірі, мейлі Америкадан, мейлі Еуропадан бастау алсын, арнасы ортақ. Мысалға, қазіргі қала өмірін алайықшы. Жер шарының түкпір-түкпіріндегі қалалар сәулеттік ерекшелігімен оқшаулана тұрғанымен қала өміріндегі бір-бірін қайталап жататын ортақ ұқсастығын ешкім де бекерге шығара алмайды. Қай қала бірінші салынды, бастауды қайсысынан алды – түгтеп, түгелдеп шығу қиын, мүмкін де емес. Бірақ қалалар бір-бірінен томаға-тұйық, оқшаулықта қалыптасқан жоқ, ұзақ мерзім ішінде бір-біріне мысқылдап жеткен, әншейінде көзге шалынбас көшірме жалғастық болды, ол қазір де үзілген жоқ.

- Үңгір дәуірі... қала дәуірі... Ара жігінде аспан мен жердей алшақтық бола тұра, адамзат мекен-жайының өзіндік үндестігінің сақталуын айтсайшы! – Паллас тебіреніп кетті. – Қалаңызда шатағым жоқ, бірақ тас дәуірінің тұғыры Тұран топырағында қалғанына зәредей де күмәнданбаймын.

- Тас дәуірінде алғашқы жағылған от орнын айтсақ, бағзы бір халыққа бәйге үйлестіру үшін емес, тарих таразысын таза ұстау мақсаты да, - деп сабақтады салиқалы ойын Ақжан. – Тұран топырағы – қазақ даласындағы тастағы таңбалардың мазмұны, түрі тұрғысында өте бай болумен қатар тас ана – балбал тәрізді тас мүсіндердің көптеген түрлері кездесетінін тілге тиек ете отырып тағы бір ойдың ұшығын шығарып еді ол. – Тынық мұхиттың "Аку аку" аралында да тас мүсіндер тұр. Бұлар: тас анаға қарама-қарсы бағытта қойылған, бірі – шығысқа, екіншісі – батысқа бет түзеген, бірінің бітімі шағын, екіншісінікі – алып, бірінің бет-жүзі – Күн тәрізді дөңгелек, екіншісінің беті – сопақ, ал құлағы епетейсіз ұзын. Ғалымдар бүгінге дейін соншама құлақтың ұзын болу сырын аша алмай әуре, ал біздің қазақ нендей бір қауесет-хабарды елден бұрын "ұзын құлақтан" естіп қояды.

- Ғажап екен! – Паллас сөз мәнісін ұққанда ғана бас шайқап танданып жатты... Ақжан екеуінің "ұзын құлақтар" жайлы философиялық толғауларын теріп оқушы уақытын алмай хикаят тақырыбына қатысты тұсын ғана келтіруді жөн көрдік.

- Жаңылыспасам, көкаршыным, мана түрік әулеті өкілдерінің "Тәңіртасын" айналып жүріп "Томариске" салуын тасқа табынуы емес, Тәңір аманаты түйілген тасты тануы дедіңіз. Қаншама санамда саралағаныммен, тәңір

аманатын тануды тұрандықтардың үңгір дәуірінің танымына таға алар емеспін. Сонда... – дей бергенде, айтарыңды аңғардым дегендей, Ақжан ойын аяқтауын күтпей Паллас оның сөзін жалғап әкетті.

- ... Сонда түрік жұртына ғана көктен Алла аманат түсетінін сездіргені ме демексіз ғой. – Ол академикке сынай қарап сәл үнсіз қалды. – Бәрі Аллаға ғана аян, асылық айтсам, тәңірім кеңшілік жасар. Менімше, Алла аманаты тасқа түйіліп түсірілетінін сездіру жасаған иемнің түрік жұртына деген ерекше ілтипат нышаны болар.

Тіліне үйіріле қалған сұрағына берер жауабы дәл осылай айтыларын күтпеген Паллас, әл-Машаниға сілейіп қарап қалыпты.

- Тек түрік жұрты емес, Тәңір аманаты көктен түсеріне тағы бір халық сенген... де.

"Құдай қак, құлдарына әділетті бола тұрып алалауы қалай? Неге?... Неге?..."

- "Құдай аузыма сөз салса да бәрін бірден айтып шығу мүмкін емес, сәл сабырлық жаса" дегендей, Ақжан сол қолын көтеріп ишара берді.

Бір кезде бүкіл түрік ұрпақтары өкілдерінің "Тәңіртасын" айнала жүріп тәңіріне сиынуы тасқа түйіліп түсетін Алла аманатын қаспеттеу көрінісі дедік қой... Дәлірек айтсақ, "алла аманаты" деп отырғанымыз адамзат рухының "Тәңірін танудан танбасқа" берген анты – "әл-Мисақ" болса керек.

- аль... аль... Мис-с... а... қ... – әлденені есіне түсіргісі келді білем, Паллас маңдайын сипалаған күйі үнсіз қалды. Әлден уақытта:

- Естісем тас керең болайын!... – деп ол нағыз ғалымға тән тазалықпен ағынан жарыла. Ақжанның әздігіне бас иетіндігін аңғартты: - Томарисім, өзің қол ұшын бермесең, мұны ұғуға өрем жетер емес!

- Қымбаттым, мен де соны қалар едім, - деді Ақжан әзілдей тұра шынын айтты. – "әл-Мисақ" дегенге қосарым да, аларым да жоқ, ол "Құран Кәрімде" жазылған ақиқат. Сіздер еуропалықтар, басқаларды мансұқ етіп нәсілдік тұрғыдан қарауға әдеттенгенсіздер. Ұстаған діндеріңіз де осыны қалжуыр еткендей. Әйтпесе сіз сықылды ғалымның "Құранда" жазылған "әл-Мисақтан" хабарсыз қалуын қалай ұғынуға бұйырасыз?! – Паллас кілт тоқтай қалды. Әңгіменің діни арнаға ауысатынын күтпесе керек. Жүзінде тандану бар, бір сәт жүзінен кекесін күлкі ізі байқалып қалды:

- Көкаршыным, мені пұсырмандыққа шоқындырудан саумысыз?!

- Қымбатты Петр Симон! Ақырдың діні ислам, ақырдың пайғамбары Мұхамет Расул екендігін жұмыр бас пенде дүниеге мұсылман болып келіп, сәбиліктен қашан шыққанша мұсылман болатындығы, одан кейін өз дініне тартатындығы сонау әл-Мисақтан белгілі ақиқат. О дүниеден келген сіз осы шындықты маған айтқызуыңыз жөн бе?!

Ақжан денесін селкілдете мейірлене күліп алды.

- О, әл-Машани, білместігіме ғафулық өтінемін, - деп ол да күліп жатыр. – Пендешілікке бас ұрдым ба қалай?!

- Жо, жоқ Петр Симон. Бәрі орынды! әруақ боп ақиқатты айтқаныңнан, жұмыр басты пенде боп сізбен пікір алысқаным қажет маған... Ту баста Алла-тағалам алдымен адам рухын жаратып, ақыл иесіне, бүкіл періштелерге бас игізіп, жаратқан иенің жалғыз екендігіне санамен сеніндер деген еді ғой. — Сондықтан да өз ақылымен игеретін шындықты алдына ала айтар болсақ, әрі кеткенде құр уағыздан аспауымыз қак, — деп Ақжан әріптесін креслоға отыруға ишарат жасады да, өзі оған қарсы орналасты.

- Біріншіден, ислам дінін ұстағандарды пұсырман демейді, мүсілім-мұсылман дейді. Екіншіден, мұсылмандар сіздер сияқты суретке табынбайды. Алланың жалғыз екенін Мұхамедтің, оның жердегі елшілігін айтып иман келтіреді. Ал, үшіншіден, - деп ол: дауың болса айтып қал дегендей, ортан саусағын бүкпей ұстаған күйі сәл кідірді де, өзін ерекше зейін қойып тындап отырған Паллас тағатсызданып "үшінші" деп қоштаған соң барып саусағын жұмды. — Алла-тағала түсірген бас төрт кітапты оқып, құдай сөзін білген кімге болса да сауап.

Сәл сабыр, әл-Машани! — Ол желпіне сөйлеп кетті. Мұсаға түскен — "Тауарт", Дәуітке түскен — "Забур", ғайсаға түскен — "Інжіл", Мұхамедке түскен — "Құран Кәрім" құдай сөзі болса, "Інжілдің" жолын қуған христиандықтың жазығы не?

Автордан: Осылай басталған екі ғұлама арасындағы әңгіменің ұзын-ырғағы жоғарыда айтылғандықтан, оқушыны мезі етпей, енді оның жалғасын ғана келтіруді қаладық:

- ... Жұмыр бас пенденің "Інжілге" салған суық қолының ізі христиандықты қабылдатуға қан төгуге дейін апаратын озбырлықты қолдайтындығы дер едім. Тарихта Исламға қарсы жасалған үш бірдей креш жорығын сіз жақсы білесіз. Ау, сонда сиынар құдайы бір, басқа діндегілердің қанын төгуге жаратушының жазғаны деуге қалай аузың барады... Отаршылдықтың қорқау саясатын дара ұстаған Еуропа мемлекеттерінің дүние жүзін бөліске салып жатқан кезеңі сіздің заманыңыз емес пе еді, Петр Симон. Бірі католик, енді бірі протестант не болмаса православный болса да бәрінің тоқайласар тұғыры христиандық дін ғой, отарлап озбырлыққа жол беру, басқаның байлығын тонау, нәсілдік артықшылық деп басқа ұлтты мансұқ ету, қанын төгу — барлық құдай жолын бұзу деп күнәні билеуші топқа артайық. Ал сонда шіркеу қандай бағыт ұстады? Оның қарекеті отарлаудың құралына айналды емес пе. Христиандықты тарату мақсатымен айланың жаманынан жиренген жоқ, алдау-арбау, мәжбүр ету, сатып алу, қажет болғанда қан да төкті. Басқаны айтып қайтем, дәл сондай кепті қазақ та басынан өткерді. Православын шіркеуі шоқынған қазаққа өз жерін — жайылымын өзіне сатты. Ашаршылықта Алтай ауып барғандардың шоқынғанына ас, басына үй берді, көнбеген қазақтар көк мұз аязда тауға кетті. Дені қырылды. Осының бәрі "Інжіл" атымен жасалынды.

Енді Құдай кітабының бірі, бірақ әлі өзгеріске ұшырамаған "Құран Кәрім"

айаттарына құлақ салыңыз. – Ақжан кітап сөрелерінің ең жоғарғы үйшігінен арабша әріптерінен айшықтай жазылған қызыл-қоңыр мұқабалы кітапты алып "Кәфирун сүресін" ашты.

- Бисмиллә ирахммә нирахим "әй кәпірлер! Сендердің табынғаныңа табынбаймын... Сондай-ақ сендер де менің құлшылық қылғаныма құлшылық қылушы емессіңдер. Сендердің діндерің өздеріңе, менің дінім өзіме тән делініп" дін ұстауды жұмыр бас пенденің өз ықтиярына беріп, "Насыр сүресінде" нағыз қақтың қасқа жолы ислам дініне енуді "Алланың жәрдемі және жеңісі келген кезде адамдардың Алланың дініне топ-тобымен кіретіндігі" айтылады. Ақжан "Құранды" жауып, бата қылып бетін сипады да, оны орнына қойды.

Паллас манадан әл-Машанидің бар қимылын қалт жібермей бағуда. Оның "Құранды" ерекше ыждаһаттықпен қолға алып, бетін ашуы, салмақпен бетін жауып бата қылуы, баппен қайта орнына қоюы, бәрі-бәрі арбап тастағандай одан көзін айырар емес. Құран айатын тұңғыш естуінен бе, Ақжан емес, оны жаратушы аузынан естігендей, елтіп қалған тәрізді үнсіз отыр.

- Орта ғасыр Еуропа тарихын, оның ішінде татар-монғол шапқыншылығынан сіздің мағлұматыңыз мол болар – деді Ақжан орнына келіп отырып жатып. – Ресей үш ғасыр бойы монғол боданы болып қалды емес пе?... Монғол шапқыншылығына нендей сорақылықты жапсырмайық, бірақ мына бір әділеттігін ұмыт қалдырмағанымыз жөн.

Үш ғасыр үстемдік құрған кезеңде олар орыстың мәдени ескерткішінің мұртын сындырды дегенді, діни құқын қорлайтындай қылықты, тіптен, шіркеудің қоңырауын беймезгіл соқтырған қылығын естідіңіз бе? Жоқ, ондай діни ғұрыпты қорлайтындай озбырлық жасамады олар. Рас алым-салығын алып тұрды. Сонда жаулаушылардың өз діні болмағаны ма? Болды.

Олар Орталық Азия елдері түрік тілдес елдерді де жаулап алды, үстемдігін құрды. Билеуші топ – төре болып қалыптасуымен қатар ислам дінін бірден қабылдауы қалай? Христиандықты – православныны қалаған жоқ бірақ монғолдар. Неге? әлгінде естіген "Насыр сүресінің" исламға топ-топ кіруінің бір көрінісі осы болар деймін!...

- Әл-Машани мырза, айтқаныңызға таласым болмағанымен, өз дінімнен безуден аулақпын әзірге, - деді Паллас байыпты байсалдықпен. – Тек осындай жайға кезінде жете мән бермегендігіме өкінемін. Әйтсе де адамзат мәдениетінің бастауы ақ нәсілдер еншісі емес пе?! Ертеде грек бастаған мәдени мұраны римдіктер жалғастырды, ол бүгінгі Еуропа елінің өркениетімен ұштасты. Осындай бұлтартпас айғақты да аттап өту қиянат қой.

Бөлме ішінде бір сәт үнсіздік орнай қалды. Паллас жауап күтетін тәрізді. Ақжан бұл үнсіздіктің әдейілеп ұзауын қалағандай. Тосылу емес, тыңдаушысына тосын жайды жеткізудің жолын іздестіру – толғаныс. Ақжан жүзінде біліне түсіп ғайып болған кекесін күлкі ізін Паллас байқап қалды.

- Қадірлі Петр, ғасыр сағатыңызға тағы да түзету енгізіп қойшы – деп, Ақжан

екеуінің арасында жатқан екі ғасырлық айырманы әзілдей отырып еске алды да, айтпақ ойын бастап кетті. – Оныңыз рас, адамзат тарихының үш мыңдық мәдениет тарихының бастауы Грецияда жатыр деген ұғым сіз түгілі менің заманымда, яки ХХ ғасырдың басына дейін үстем болып келген-ді. Бәлкім, бұл ұғым қалыптасқан күйінде қала берер ме еді, егер Шумердің үшкіл қыш жазуының кілті табылмағанда, - дей келіп Ақжан өзіне елендей қалған әріптесіне тікелей қарады... Өкініші сол, грек-рим мәдениеті деген "Қағида" "Еуропа үйі" деген ауқымы тар зиянды ұғымды қалыптастырып та үлгергендігі.

Көз қарытар ақиқат айғағын көре тұра қалыптасып қалған жалған ұғым жан күйзелтпей етпек емес. Үйдің ішін кезіп кеткен Паллас көңіл-күйін Ақжан түсініп тұр. Әлден уақытта ол Ақанның қарсы алдына келіп тұра қалды:

- Сонда менің елімнің ғылымға қосқан үлесі болмағаны ғой...

- О, Петр-шырақ, отырыңызшы құдай үшін! – Ақаң Палластың екі қарына қолын созды. – Орта ғасыр ғылымын одан әрі дамытуда сіздің ел ғалымдары қосқан үлесін кім бекер демек. Мәселе сол "Еуропа үйінің" табалдырығынан Шумер тәрізді шығыс елінің табыстарын нәсілдік менмендікпен аттатпай тастауында ғой. Тындағын, Петр шырақ, мен сізге өтірікке бергісіз бір шындық айтайын – бар-ды. Әлгінде, екі ғасырлық тарих белесінде қауымдастарының мен-мен тәкаппарлық астамшылығының көрінісі бірден көзге ұрып, соған өзін кінәлағандай Палластың жүні жығылып қалғандай-ды. Соны сезіп қалған Ақжан оны сөзі жарасар замандасындай іш тарта отырып, көңілсіздігін сейілткісі бар.

- Сол шумер тілінің жұрнақтары да, мәдени белгілері де дүниенің төрт бұрышынан кездесе бастады қазір. Әсіресе тіл үндестігі Кавказ, Африка, тіптен Полинезия елі мен Америка құрлығынан көптеп табылды. Ал Тұран елдеріне келсек ғалымдардың үлкен тобы Шумер мен түркі тілдері арасындағы ұқсастыққа шүбәланбайды. Мәселен, түркі тілдес халықтар күні бүгінге дейін ғалам иесі мағынасында, өзіңіз естіген "Томарис" түбірі – "Тәңір" Шумер түсінігінде де дәл осы мағынада айтылыпты. Ал аспаннамалық мағына алған "Табу" сөзі Шумер мен Полинезия елінде бірдей, бұл қазақ түсінігінде де соған келеді.

- Ғажап екен... Сізден өтінерім нені айтпайық оның ғылыми айғағын қосағынан қалдырмайықшы?! – Паллас ғалымға тән сарабдалықты жақтайтындығын ескерте отыра, әзілдеген болып әріптесін қоштап қойды. – Бәсе, Тұран еліне қайтіп соқпас деп отыр едім манадан. Бәлкім сол "Ғылым үйінде" Тұран ғылымының алар орнын да көрсете кетерсіз.

- Әзілге шын жауап дейді менің халқым, – Әл-Машани әңгімелесіп отырған еуропалық ғалым, табиғатында қалыптасып қалған менмендік "мінезден" әлі құлан-таза арыла қоймағанын сезді. Сондықтан да сөзді ол тым әріден бастауды жөн көрді.

- Қазақта "сана", "саналы" деген ұғым бар. Адамның табиғи ерекшелігіне

қарай көріп-білу, оқу-білімінен толысар ақыл деңгейінің мөлшері бұл. Бірақ ол сөздің түбірі "сан".

Адамның алғашқы дүние танымының қалыптасып, өрбуі алдымен өзі көріп кезіккен құбылыстарды бір-бірінен ажырата білуден, яғни әр заттың өз орнының өзгерісін, азайып-көбеюін санап барып аңғарып, түгендей жүріп танығандығы талас тудырмас деймін. Ендеше жыл мезгілінің қайталануын, күн мен түннің, апта мен айдың алмасуын санау арқылы ғана ажыратылып, белгіленеді десек, енді осының бәрі-бәрі аспан денелерінің орын ауыстыру нәтижесі екендігі санаға кеп сінді де ғой. Сөйтіп адам болмысында "сан" саналылықтың түп қазығы болған-ды. Ендеше, бұл өзіңіз қалаған "айғақ" емес дей аламысыз, қымбаттым!

Сібір еліне, Алтайға бара жүріп, тек орыстар ғана емес, еуропалықтар да "дүздік" деп мансұқ ететін сол халықтың аспан түсінігін аңғарған да боларсыз. Ну тоғай ішінде ақ тұнжырда, қараңғы түнде қартасыз ешқандай бағыт-бағдар берер аспапсыз жол таба алатындығы сол халықтың аспантаным деңгейінің қаншама жоғары екенін дәлелдесе керек. – Паллас үнсіз басын изеп құптаумен отыр.

- Дүниені түгендеп, санау арқылы саналыққа жетіп, көрмегенді көздеп, байқалмайтынды бағдарлау дәрежесіне көтерілген қазіргі ғылымның о бастағы көзін іздеп ұзаққа әкелер жолға түспес бұрын жедел дамып желек атқан Еуропа ілімінің бастау алған – орта ғасыр ғылымына көз салайықшы алдымен: Егер сол бастау шығыс елінен, дені араб ғылымынан десем "неге Тұраннан емес" демейсіз? – Ақжан әзілдеген боп Палластың сынайын байқағысы бар.

- Әл-Машани "шабулынан" "Еуропа үйін" қалай сақтасам деп отырған адам орта ғасырға ортақтасу не теңі... Қымбаттым, сізді шын пейіліммен тыңдап отырмын, алған бағыттан бұрыла көрмеңіз. Тәңір жар болғай! – Паллас та әзілмен жауап қатып, риясыз көңілін білдірді.

- ...Сол креш жорығынан кейінгі кезеңдегі еуропа ғылымына көз жіберелік. Ол исламға қарсы жасалған діни жорықтан гөрі шығыс ғылымын шоқындыруға бағытталған шапқыншылық па деп қаламын кейде мен.

Бір ғана аспантаным ғылымын алайық. Еуропаның креш жорығына дейінгі, одан кейінгі және араб елінің аспан шырақтары – жұлдыздар мен аттар салынған ортағасырлық карталарын қойып қарар болсаңыз, шоқындыру сырын өзіңіз де ұғар едіңіз. Дәлірек айтсақ, креш жорығынан кейінгі кезеңде шыққан еуропа аспан картасына араб елі картасындағы аспан шырақтары мен аттар белгілері айнытпай көшіріліп, тек оларға креш тағып "өзгертілген".

- Мұндай ұқсастық пен айырмашылықтарды өзім де байқағанмын. Бірақ мұны мен керісінше арабтар бізден... – дей беріп Паллас тұтығып қалды. "Ұрлады" – дей жаздап барып дер кезінде тілін тістей қалды, - бізден алмасқан болар деп ойлаған едім...

- Ғылыми тұжырым – болмыс шындығы. Екі шындық болмақ емес, ақиқат

жалқы. Сондықтанда шындық дін, ұлт талғамайды. Егер ғылыми шындық пен діни ұғым астасып жатса, ол діннің жаратушы иенің құдіретін танытын бірегей дін болғандығы да. Өйткені ғылыми шындығымыз Тәңірдің дүниені бір ғана жаухари нұрдан жаратқандығын танудың адамға берген еншісі. – Менің қандай дінді айтып отырғанымды сезерсіз дегендей Ақжан еуропалық әріптесіне қарап қойды. – Өкініші, сорақылық араб елінің аспантаным ғылымын шоқындырылуымен шектелмеді, сол ілімнің ақиқат тұжырымын шіркеудің бұрмалауы болды. Осының кесірінен еуропа ілімі кереғар бағыт ұстап келеді. Бұл жайт ғылымның өркендеуіне кесірін тигізбей қойған жоқ.

Шындықты айтқан Галилей, Коперник, Кеплер тәрізді "Інжіл" қағидасынан шашау шыққан, қайшы пікір ұстаған ғалымдарды шіркеу қудалады. Тіптен, Галилейді соттағаннан да хабардарсыз ғой деймін. Не үшін?

- Не үшін болушы еді... – Ол сәл кідіріп барып сөзін жалғай берді. – Ол ортада тұрған Жер емес Күн. Күнді Жер айналады деп дәлелдемекші болды ғой.

- Ғылым тілімен айтқанда, олар христиан діни уағызын геоорталық ұғымын емес, гелиоорталық – Күн жүйесі құрылымын қолдады емес пе? Ал Сіз қайсысын қолдар едіңіз? – Мұндай сұрақ қойылар деген ой қаперіне кірмесе керек, Паллас сасайын деді:

- Мен астрономия саласының маманы емеспін. – Ол тура жауаптан жалтарғандай сыңай танытты. Аспан әлемі жайында діни семинардан алған мағлұматым өзім құған ғылым саласымен айналысуыма кедергі жасай қойған жоқ әзірге.

- Петр Симон. Егер құпия болмаса, айтыңызшы, өзіңіз қандай қағиданы қолдайсыз? – деп Ақжан қадала қалды.

- Құдайдан жасырмағанымды, сізден несіне бүгіп қаламын. Әлде сізден "Інжіл" қағидасында адам қолымен жасалған өзгеріс бар дегенді ести сала жылдар бойы дарыған діни нанымды өзгерте қоюым керек пе?

- Маған қажеті осы еді. Онда мына бір істен хабардар болғаныңыз жөн. Бәлкім, осыны естіген соң... – деп Ақжан елп ете түсті. – Сөйтіп, жуырда – ХХ ғасырдың аяғына қарай шіркеу өзі соттаған Галилейге кешірім беріп, ақтаған-ды.

- Ақтады дейсіз бе?! Ғажап!...

- Ие, ғажаптың ғажабы бұл!

- Сонда Күнді айнала Жер қозғалады ғой...

- Жаңылысқан жоқсыз. Күнді айнала қозғалатын Жер ғана емес, Күннің өзі өне бойы қозғалыстағы аспан шырағы.

- Ғажап!... ғажап!... – Паллас қос шекесін ұстаған күйі төмен қарап отырып қалды.

- Осының өзі "Інжіл" қағидасы адам қолымен өзгертілмеді ме екен деген күдікті растай түсетін сияқты.

- Мына жай мен үшін күтпеген жаңалық! – Паллас амалы таусылған адамдай,

Ақжанға жалына қарады. – Құдай үшін өтінем, айтыңызшы, тағы қандай ауытқу бар "Інжілде"?

- Нақты білмегенімді "пәлен еді" деп күнәға батарым жоқ, ол бір жаратушы ием - Аллаға аян, - деп Ақжан қоңыржай дауысын өзгертпеген күйі салмақпен белгілі шындықты Паллас алдына жайып салды. – Егер ту бастағы – көктен Тәңір түсірген "Інжіл" нұсқасы болса бір сәрі, бар өзгерісті шағып айтып беруге болар еді. Өкініш – бастапқы "Інжіл" нұсқасының сақталмауында ғой. Ал "Құран Кәрімнің" әдепкі кітабы жоғалмаған, ол қазір Исламбол қаласында сақтаулы тұр. "Құранның" әрбір басылымы сол түнұсқасымен салыстырылып отырылады...

Петр шырақ, қаласаң айтар тағы бір "ғажабым" бар. – Ақжан дауысын көтере көңілдене сөйледі. үнжырғасы түсіп, төмен қарап отырып қалған Палластың көңілін басқаға аудармақ.

– Ғылымның гелеорталықтың құрылымын дәлелдеушінің бірі орта ғасырда ғұмыр кешкен шығыс ғалымы әбу Насыр әл-Фараби және оның ізін қушы ғұлама Беруни әбу Райхан...

- Әл-Фараби! – Паллас басын кілт көтеріп алды. – Оның философиялық трактаттарын неміс тілінде оқығанмын. Ол араб ғылымы ғой.

- Араб Шығыс елі емес пе?! Егер түстеп келсең, әл-Фараби тегі түрік - Дешті Қыпшақ, туған қаласы – Отырар. Беруни де Орта Азия түлегі – түрік. Осы ғұламалар көптеген табиғат ілімінің іргесін салып қана қойған жоқ, жекелеген ғылым салаларының бастауы да осы екеуінен тарайды. Еңбектерінің дені сол кездің өзінде-ақ Еуропа елдері тілдеріне аударылған-ды. Амал нешік, "Еуропа үйін" тігушілер осындай ғұламалардың есімін көпе-көріне атамай, нәсілдік үстемдікті уағыздауға ұмтылды. – Ақжан ауыр күрсінді. – Мәселен, Ньютонға өңгертіп қойған әлемнің тартылыс күші заңдылығын да, "Ньютон биномы" аталып кеткен есепті де Беруни одан алты жүз жыл бұрын дәлелдеген еді. Ал Галилей, Коперник, Кеплер сыбағасына тартылып жүрген Күн жүйесі құрылымын әл-Фараби, оған ілесе Беруни бес ғасыр бұрын дәлелдеп бергенді. Бұл жаңалық сол кезде-ақ Еуропа тіліне аударылған болатын.

- Е, мәселе қайда жатыр! – Паллас әлденені есіне түсірді. – Жерлестерімнің Коперникті "Сармат астрономы" деп мансұқ ету себебін енді түсіндім. Әл-Фараби қыпшақ болса, сармат Еділ бойын мекендеген түркі тілдес тайпа аты екендігінен хабардармын.

- Сіз ғылымның адамысыз, түсіндіңіз. Мен Галилейдің де, Кеплердің де, Коперниктің де ғұлама ғалымдығына бас иемін. Ғылымның қандай бір саласын алмаңыз, өне бойы даму үстінде – біреу бастайды, басқалар толықтыра, дамытады. Бірақ әр нәрсе өз атымен аталуға тиісті. Ғылым тарихында өз орнында тұру әділеттілік үшін қажет. Олар Күн жүйесі жайлы ілімнің кімнен бастау алатындығын жасырмағандығына күмәнім жоқ. Коперниктің "Сармат астрономы" аталынып күсталануы, шіркеудің Галилейді қуғындауының басты

себебі осында жатпасын! Бәрінен де "Еуропа үйін" жасаушы нәсілшілдік пиғылының сені әлі бұзылмай, үдей түскені өкінішті-ақ!

Мұндай әділетсіз тек аспантаным ғылымымен шектеліп қалса бірсәрі: Орта ғасырлық шығыс ғұламаларының басқа ғылым саласында ашқан заңдылықтарында "Еуропа үйінің" меншіктену "мінезінен" әлі жаңылған емес. Бір қызығы, егер Шығыста ашылған ғылым заңдылықтарына ие табылмай жатса, оны Архимедке, не болмаса Пифагорға тели салынады осы күні.

Мәселен, ойыс айна теориясын жасап, дәлелін жазып, сызып кеткен әл-Фараби екендігін жалтартпас құжаты бола тұра, оны Архимедке байлап келеді әлі. Ал Пифагордың асқан ғалымдығына кім шүбә келтіреді! Оның әрбір мектеп шәкіртіне таныс тік үшбұрыш ілімі Шумердің қыш жазуында келтірілген. Өйткені Пифагор ұзақ жылдар бойы Шумер елінде ғалымдыққа тәлім алды емес пе?

Енді, екінші мысал келтірейін. Коперниктің тұстасы Әмір Темір немересі Ұлықбек өз заманында теңдесі жоқ растыхана салдырды. Оның тұңғыш рет аспан әлемінің толық картасын жасағанын да ешкім бекер демейді... Егер Ұлықбек сіздің елде туып, мәселен, Ульбрихт болып атаса ғой, онда Еуропаның қақ төрінде Коперник емес, Ұлықбек тұрары қақ. – Ақжан күліп, Палластың тізесіне қолын салды. – Айтыңызшы қымбаттым, Тәңір пендесінің түр-түсін әртүрлі еткенмен, кеудесіндегі жанын бірдей етіп жаратқан жоқ па? – Манадан бері үнсіз күйінде ұйып тыңдап отырған Паллас бірдеме айтқысы келіп оқталып еді, оны "сөзің аузында" деп кешірім сұрай кідіртті де, Ақжан айтар ойын аяқтады:

- Жұрттың дені әл-Фарабиды ұлы флософ дейді. Ол ұлы сазгер – музыкашы. Тарихшылар оны философ – музыкашы деп дәріптеуі осыдан. Себебі, оның заманында философия барлық ғалымдарды қамтыған ғылым шұғыласы тұғын, ал өнер шұғыласы музыка саналатын. Ұлы бабам музыкалық дыбыстардың мәнін ғылыми талдаудан бастап, тарихын, әсерін, түрлерін, орындау шеберлігін, аспаптарын, композициясын, мақамын тағы басқа жақтарын тегіс қамтыды. Әр елдің тіршілік тұрмысының музыка мақамында көрініс беретіндігін дәлелдеді де. Қазір қолданылып жүрген нота бабамның жазып кеткен іліміне негізделген дүние ғой.

Алғашында әл-Фарабидың музыка ілімі Еуропа елдеріне дау тудырды, оған үзілді-кесілді қарсы да шықты. Бертін келе оның музыкасы шіркеу хорларында қолданыла бастады. Сіздің елде сурет өнері мен музыка бастауын шіркеуден алатындығы құпия емес. Мәселен, Салило, Хапиро тәрізді шіркеу хорын басқаратын атақты музыканттар әл-Фараби сазын қолданғанын біліп қалып, шіркеу оларды 14 жыл бойы айдауға жіберген-ді. – әл-Машани айтпағым осы еді, не ойыңыз бар дегендей, Палласқа қараған күйі үнсіз қалды.

- Машани мырза, сізді тыңдай отырып, көп дүниеден мақұрым екендігіме көзім жетті. Әсіресе, жарық дүниенің адамзатқа ортақ екендігін біле жүре,

қандастарымның нәсілдік тәкаппар қылығын ескермегенім үшін, әл-Машани, сізден ғафулық өтінемін! – Паллас тебіреніп кетті. – Аспантаным іліміндегі әділетсіздікті естіп отырғаным осы, бірақ сіздің ұлы бабаңыздан жүз жыл кейін дүниеге келген италия ғылымы Л. Пизанскийдің (Фибоначчи) әкесі араб елдерінде сауда ісімен айналысқан кезде мектепті сол жақта тамамдаған бала кейін арабтың "Алгебра" оқулығын италия тіліне аударып, еуропалықтар үшін "Абақ кітабын" жазып қалдырғанынан хабардар едім. Ал әл-Фараби сізге баба екендігін енді біліп отырмын. Тұран тұрғысындағы қалжыңым шындыққа шыққандығына шын қуанамын.

Әл-Фараби дегенде ішкен асын жерге қоятын жан Палластың мына лебізін естігенде мейманасы тасып жайнап сала берді.

- Мен сізге әлі ғажаптың ғаламатын айтқаным жоқ қой! – деп Ақжан желпіне сөйлеген күйі орнынан тұрып барып сөреден "Құранды" алды да, "Иа Син сүресін" ашты: "У күлу фи флаки иасбахун"... мағынасы: "Жер және Күн де, Ай да қозғалып жүр... әрқайсысы өз кіндігінде жүзеді де жүреді, өз өрісінде айналады".

Паллас "Құранға" бір, Ақжанға бір қарағыштап сілейіп отырып қалды. үнсіздік ұзаққа созылды.

Әл-Машани мырза, француз ойшылы Жан Жак Руссо есімі сізге таныс та болар. Ол менің замандасым. Христиан діні фанатиктерінің кейбір керітартпа қылықтарын әшкерлеп, адамдық әділеттікке, еркін тәрбиелікке шақырғаны үшін бүтін Еуропа қауымы оны мансұқ еткендігіне куәгер болдым. Сонда оған тағылған айып ислам ғалымы сіздің бабаңыз әл-Фарабидің "Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы" кітабында айтылған ойды қуаттауы, сол үшін оған исламды мадақтады-мыс деген айып тағылды.

- Білгенде қандай, Руссо шығармаларымен таныспын... Сізден көп кейін дүниеге келген "Орыстың Руссосы" аталған ұлы адам жайлы бәлкім сіз бейхабар боларсыз, - деп Ақжан орнына келіп отырған Палласқа ұрлана қарады. – Әрине, білмейсіз. Ол – орыстың ұлы жазушысы граф Лев Толстой.

Толстой Қазан университетінің Шығыс факультетінде оқып жүрген кезінде ақ христиандардың суретке табынуын жалғандыққа балады, патша үкіметінің өзіне бодан елді зорлап шоқындыру саясатына қарсы шығып, ислам дінінің ақырдың діні екендігін және оның артық жақтарын айтқандығы үшін графты шіркеу "орыстың Руссосы" деп мансұқ етті де.

Кейін граф Самар, Орынбор барып қазақ, башқұрт арасында болды. Толстойдың қымыздың емдік қасиетін тануы сол жолы болды. (Кейде қазағым қымызды мақтағысы келгенде Толстойдың айтқанына сілтеме жасауды ұнатады!). Қазанның муфтиі Уаис үйінде қонақта болды. Уаис та "Ясная полянаға" келіп қонақтап қайтты. Толстой өз иелігінде бие байлатып, қымыз ішті. Ислам дінін қабылдады. Сол үшін граф шіркеуден аластатылды, Уаис үрім бұтағымен Сібірге итжеккенге жер аударылды. Бірақ шіркеу Толстой

сынды адамды ашық аластау үлкен соққы екендігін олар білмеді емес. Сондықтан да оның сыртынан қатаң бақылау қойды. Шамасы граф Қырым арқылы Түркияға өтіп кетеді деп қауіптенсе керек. Десек те, өмірінің соңғы сағатында Толстой өз үйінен қашып шығып, Қазан бағытында жол өтетін Астапьев бекетінде көз жұмған-ды... Маған кейде дана Абайдың Толстой шығармаларын қасиеттеуінің және Шәкәрім қажының графпен хат алысуының бір себебі оның ислам дінін қабылдауынан ба екен деген ой келеді...

- Әрине, граф Толстойдың ислам дінін қабылдауы тегін емес. Дегенмен тарихта бір діннен шығып, басқа дінді қабылдау болып тұратын шындық. — Паллас өзі ұстаған христиан дінін қорғағысы бар ма, әлде ақиқаттың ақ жолын анықтай түскісі келді ме, Ақжанды әрі қарай ашық әңгімеге тартты. — Сондықтан да мұндай құбылысты артықшылығының нақты дәлеліне жатқызу қиын.

- Қадірлі Петр! Алдымен сізден көп-көп кешірім өтінгелі отырмын. Не үшін дейсіз ғой. Айтайын: манадан шерткен көп христиандықты күсталанып, мұсылмандықты мадақтаудан туындағандай арнаға түсіп кетеді ме деген дұдамал ой бой көрсетіп отырғаны.

- Сөз басы "Паллас темірі" болып сіздің атағыңызбен тарихқа енген қарасты айналып жүріп, дүздіктердің "Томариска" салу себебін түсіндіретін "әл-Мисак" жәйлы еді ғой. Егер мен "әл-Мисак" — құдай сөзі, "Құранда" бар, солай да... солай деп қысқа қайырсам, сіздің сеніміңізді селт еткізуім екі талай еді. Екі ғасырдай уақыт асуын аттап барып кездесуіміздің қажеті не онда. Манадан бері ғылыми ислами қақында шерткен көп зәредей болса да сізді құдай сөзіне сендіруге даярлау еді, енді бақсам, ол пиғылым басқаша түсінікке тартып кеткен сықылды. Кінәлі өзім бәріне... Ол үшін сізден тағы да кешірім өтінемін...

- Жо-жок, көкаршыным! Аруақ болып алдынды орағытпайыншы деп тура пенделік жасап отырған кінәнің бәрі менде болар, сірә! — Паллас риясыз кішіпейілділік көрсетті. — Ақжан, сізді тыңдау қандай ғанибет еді, айтарыңызды ірке көрмеңізші қатты өтінемін!

Паллас бөлме ішін кезіп жүр, өзімен-өзі сөйлесіп күңіренгендей болды. Әлде бұл өмір бойы өзегін өртеген өкінішінің өксігі ме екен? "Граф қандай бақытты жан едің! Сенің бақыттылығың — ақырдың діні — Құдайдың қақтығын қаспеттейтін исламды тануың. Жалғыз сол ма? Жоқ. Біле-білгенге соңғы демің таусыларда бекетке қашып барып жантәсілім етуің де бақыт... бақытты өлім! Ол — ата-бабаң түп-тұқияның ақиқат санап алдандырған рухани сенімнің жаңсақтығы мен жылымшы жалғандықтың құрсауын қаусатқан бұлқынысы, ғұмыр бойы қоршаған қауыммен іштей теке-тіресте егесіп өткерген майданның ашық алаңда мыңмен жалғыз алысып шәйт болуың. Ал мен ше?... Бос белбеулігіме өкінем қазір. Тіптен сонау жылдары Алтай елін аралап жүріп, әбден қаталап, дүздіктің үйіне келгенімде үй иесі құрметтеп ұсынған қымызды ішуден жирендім-ау. Бар айыбы жылқының сүтінен жасалғандығы оның. "Граф, сол үшін кешірім ет, кешірім ете көр мендей бейбағынды..."

Әрине, басқа дінді қабылдау сол діннің құдай жолы – қактығының басты дәлелі болмағанымен, граф Толстой сынды ойшылдың исламды қолдауы әшейінгі өмір құбылысына жатқыза салуға болмайды – Ақжан Палластың жан күйзелісіне түсінгендігін ашық аңғартты – Сіз түгіл, тіпті, граф заманында да исламды қабылдаушылар қадау-қадау кездесетін-ді. Ал, мына менің заманымда бүтін тайпа, ел болып мұсылмандықты қабылдауы жаңалық емес, ақырзаманда пенденің бәрі де исламға енеді деген "Құран" қағидасының нақты көрінісі болар бұл... Бұл айтқаным пенде Палласты уағызға жығу емес, тек ақпар ғана! – деп Ақжан қулана күлді. – Руссоның ізін қуған – менің замандасым, сіздің ұрпағыңыз католик Рожа Гардон алдымен діннің бәрін мансұқ етіп коммунист болды, одан соң исламды қабылдады. Ол қазір Батыс елдер университетінің бірінде "Ғайса – ислам пайғамбары" деген тақырыпта дәріс оқиды...

- Ақпарыңыздың ақиқатына күмәнім жоқ, бірақ ол мен үшін жаңалық емес, өткеннің жаңғырығы ғана бұл, әл-Машани мырза! Паллас әзілдей тұрып өкінішін білдірді де: - Ғайсаны мұсылман ету идеясын IV ғасырда Павел Самосатский, V-ғасырда Нестрой көтерген болатын... Кезінде оған мән беріп, зерттемегеніме енді өкініш етіп отырмын.

- Ал мен үшін бұл үлкен жаңалық! – Манадан бергі үнсіздігі сыпайылық сақтағандығы болар, ол айтқанымды дұрыс түсінсе еді деген дүдәмал ойдың жетегінен шыға алмай отырған Ақжан Палластың мына "ақпарынан" пиғылын танығандай қуанып кетті. Әзіліне әзілдей жауабын берді.

- Мұлттым бар. Айыбына Францияның әйгілі мұхит зерттеуші Жан Ив Кусто жәйлі мына бір тарихты айтып берейін. Кезінде бұл оқиға дүние жүзі ғалымдарын ғана емес, діни қауымдастықтарын да, бүтін жұртшылықты да бейтарап қалдырған емес-тін.

Жетпісінші жылдары Жан Ив Кусто Қызыл теңізде екі ағыс бар екенін ашқандығы жәйлі ғылыми хабарлама жарияланған-ды. Арналары бөлек өзен емес, тұтас бір теңізде екі түрлі ағыс болуы шын мәнінде сенсация еді. Көп ұзамай, Кусто араб елінің бірінен хат алды. Хатта ол ашқан жаңалық "Құран Кәрімде" айтылған аят екендігін хабарлап, сүре атын және аят саны көрсетіліп еді. Ғалым "Құрандағы" көрсетілген сүренің қажет аятын аудартады. Шынында да, өзінің жылдар бойы зерттеп, анықтаған айғақты жаңалығының "Құранда" жазылғандығына көзі жетті. Сөйтіп, ол өзі ашқан жаңалық Құранда айтылғандығын мойындап, өзінің исламды қабылдайтындығын әлемге жария етті, - деп Ақжан кітап сөресінен "Құран Кәрімді" барып алды да, "Қахар" сүресінің 61-аятын дауыстап оқып берді: Мұса пайғамбар жас қызметшісімен "... Қос теңіздің арнасына барғанда қоржынындағы таңғы тамаққа деп алған балығы сырғып түсіп суға жүзе жөнелді".

- Ғажап... Көзімді аштың, мың да бір алғысымды қабыл алғын! – Паллас тұрып келіп Ақжанды құшағына алып кеуде қағысты. Енді сізді, әз-Ақжан

дейінші өз халқының түсінігінде, әл-Машани мырза! – деп ол иегімен "Құранды" мегзеді. – Уағыз ба десем, ғылыми жағы да баршылық па, қалай?!

- Құдай аузына салды білем, шындық бұл, - Ақжанның мейманасы тасып, марқайып қалды. Қолындағы "Құранды" қос қолдап ұстаған күйі салмақтап қойды: - Кем айтсам, Аллаһ кешірім етсін, мұның бестен бір бөлігі ғана мұсылман ғұрпына бағышталған, ал қалғаны тұнып тұрған ғылым.

Паллас дәл мынандай жауап күтпесе керек, таңданғаннан шарасынан шығып кетудің аз-ақ алдында қалған көгілдір көзін бір Ақжанға, бір "Құранға" жаутандатып қараған күйі аузына сөз түспегендей тұрып қалып еді, әлден уақытта:

- Әл-Машани, ... жо-жоқ, әз-Ақжан мырза, сіздің сөзіңізге шүбәлану маған үлкен күнә, - деді Паллас әлі де ойын жинақтай алмай, әр ойдың басын шалып. – Адамзат болмысына қатысты ғылымның бәрі ана мұқаба арасына сиып тұр дегенге қаншама тырыссам да, мына жерге сидыра алар емеспін! – Ол еңбегін түрткілеп қойды.

Сізді жақсы түсінемін, Петр шырақ! - Ақжан "Құранды" стол үстіне қойды – Исламды бітіспес жау ретінде мансұқ етіп келген христиан қауымы, шынтуайтына келсек, "Құранның" Көктен түскен төртінші кітап екендігін де мойындағысы жоқ. "Құранды" құбыжық етіп келген қауымға енді онда шындық бар деп сендіріп көр...

Менің заманымда да коммунистік империя орыстарды православ сенімінен, мұсылмандарды исламнан адалай тұра, исламға тырнағын ерекше батырды. Олардың идеологиясы "Құран" – "Інжілдің" әр тұсынан ұрлап-жырлап алған, бір-бірімен байланыспайтын құр көшірмесі деп көкірді. Бірақ олар "Інжіл" кімнің "сандырағы" екенін ашық айтпады. Православия шіркеуін шеттетті, бірақ коммунист-көсемдерін орыс рәсімімен жерледі, әруаққа мұсылманша тәрбие жасағандарды қудалады... Жә, көктен түскен төрт бас кітап құдай жолын айтса, олардың авторы сол құдайдың өзі болса, неге ол ұқсас болмасқа! Десекте, сол төрт кітаптың өзіндік атқарар ісі, орындар мақсаты бар. Олардың айымашылығы да осында. Меніңше, Тәңірін танудан танбауға уәде берген әл-Мисақ шартына "қол" қойған адам рухының өздігінен өрбіп өсудің төрт кезеңіне шақтап түсірген қағидалар сол кітаптарда. Мәселен, "Құран Кәрім" ақырдың діні, исламның – ақыр заман ғылым заманының кітабы. Оның ғылымға тұнып тұруы да осыдан.

Бүкіл дүниенің иесі – Тәңір он сегіз мың ғаламды жарата тұра барлық заңдылықтар дәлелін "Құранда" жазуы қажет пе еді. Онда "Құран" неше мың том боларын білсеңіз, Петр! Одан оқып үйренбек түгіл, оны түгендеп шығуға сіз бен менің ғұмырымды қоссақта үлгермес едік, - Ақжан ұқтың ба дегендей, Палласты түртіп қояды. – "Құран" аяттарында айтылған қағида, тұжырымдардың түсінігін жазуға дүниедегі күллі ағашты қалам етіп алып, мұхиттар суын сия қылса жетпес еді деп ашып айтылған құдай сөзінде. Сондықтан да, Алла құлына "Құранды" толық меңгеруді емес, одан өз қажетінді

алуды ғана қосады. Ендеше "Құраннан" ғылымды пенделік психологиялық түсінікте іздестіретін болсақ оның ілімін танып, таба қоюымыз екі талай.

- Ойлаңызшы, Петр. Тәңірге өз жасағанын дәлелдеп берудің қажеті неменеге керек? Сіз бен біз құдіреттің мысқылдай құбылыс сырына қанығар болсақ оны көл-көсір етіп дәлелдеп жатамыз ғой. Мысалға, Жан Ив Кусто ашқан жаңалықты алайықшы. Ол "Құранда" – "қос теңіз арнасы" делінген. Екі теңізге ортақ бір арна болуы деген сөз әумесер атеистер түсінігінде "Құранның" сандырағы ғана, ал бұның ғылыми түсінік бір арнада екі түрлі ағыстың болуы. Қазақтар жүкті ананы көбіне "екі қабат" деп те айтады. Сонда оны бірінің үстінде бірі тұрған екі әйел деп түсіндіруіміз керек пе?! Мұның бәріне бір сәтте ұғынып қалай сеніп кете қою қиын әрине, - Ақжан сөзін мұқият тындап отырған Палласқа тағы бір рет барлай қарап алды да сөзін жалғай түсті.

- "Құранда жүз он төрт сүре бар. Солардың қақ ортасында – жүрегінде 57 сүре аты "әл-Хадид" аталынады. Бұл не деген сөз: "әл-Хадид" – арабша "Хадид" – темір. Осы сүренің орналасуы да, аталуы да кездейсоқтық деп ойламаймын мен.

Дүниеде, ғаламда ең көп тараған, ең мықты мағадан темір. Жер аттарының ішкі бөлігі – кіндігі темірден тұрады деп болжайды жер ілімі. Көктен түсіп жатқан метеориттердің дені темір, соның бірі сіздің есіміңізді тағынған "Паллас темірі" – Паллас ыңғайсызданып қозғалып қойды.

- Темірдің ғажайыптарының бірі магниттік қасиеті. Оны түрік жұрты – қазақ "тот тасы" деп атайтындығынан хабардарсыз. Қанның қызыл түр алуы да темірге байланысты. Қанның қызыл түйіршіктері гемоглабинді түзейтін "гемотит" темір тотығы болғандықтан, оны осылай атаған. Қанның тыныстық өзгеріс жасап жүрек тебіренісінің тууы екі және үш қарнақты темір атомының алмасып отыруынан. "әл-Хадид" сүресінің "Құранның" қақ ортасы – жүрегінде орналасуы осыны меңзесе керек. Бұл бір.

Ал, темірдің ең мықты мағына санатында болуы оның атом торының текше тұрпаты құрылысынан. Егер сол текшенің алты жағын, сегіз төбесін, он екі қырын қосар болсақ, темір элементінің реттік саны, яғни электрон саны – жиырма алты саны шығар еді. Бұл – "Құранның" тең ортасы – жүрегі саналатын "әл-Хадид" сүресі ғылыми астарының бір көрінісі ғана түсінгенге.

- Мұндай ғаламатты байымдап білу түгіл, оны естудің өзі Алла Тағаланың шапағатын сезінумен бірдей ме, қалай?! – Алпыс екі тамырды шымырлатып өн бойын меңдеп кеткен тебіреністен Палластың екі беті алау түске еніп қызып, дауысы дірілдеп кетті. Әу баста әңгімеге арқау болған қаратасты айнала жүріп "Томариске" басқан дүздіктер қылығын, тастан тұмар байлап қаспеттеу сырының ұшқынын әз-Ақжан айтқан әңгіме сонарынан ұққандай еді. – Сүйекпен сіңісіп қоса өскен сенім жаңсақтығын айдай айғақты біле тұра, одан бірден құлан-таза айығып кетуің қиындау, әрине. Сіздің сөзіңізде мысқылдай да жаңсақтық жоқ екендігіне күмәнданбаймын. Енді әл-Мисақ жайында айтып берсеңіз.

Ақжанның күткені де осы болатын. Аз-кем үнсіздіктен кейін ол: - Исламның иман шарттарында мынандай сауалдар бар – деп әріптесін барлай қарап алды.

Сұрақ: Қашаннан бері мұсылмансың?

Жауап: "Әл-Мисақтан" бері мұсылманмын.

Сұрақ: "Әл-Мисақ" деген сөздің ұғымы не?

Жауап: Алла – тағала бүкіл адам баласының рухынан "Мен сендерді жаратып, тәрбиелеуші Тәңірің – Раббың емеспін бе? Деп сұрағанда "әрине, сенсің" деп жауап берген. Сол берілген уәдені "Әл-Мисақ" деп атап кеткен.

Адам жылқы мінезді дейді, кейде таптырмастай көрінетін көкसेген кездейсоқ кезіккенде көктен күткенің жерден табылып таусылмастай қуанышқа кенейді, кейде арманыңдағы асқақ асқардай елестейтін болмыс шындығының қарабайырлығына көз жеткенде аңсаған асқарға емес, жайдақ төбеге шыққандай көңіл шіркін құлазып қалады... "Әл-Мисақтың" адам рухының Тәңірге берген уәдесі екендігін естігенде Паллас көңілі де құлазып сала берді. "... уәдені рухтан емес, адамның өз аузынан алмағаны несі?... Әл-Мисақтың "Тәңіртасына" қандай қатысы болды?... әлде... әл-Машани текке айтып отырған жоқ, сыр бар мұнда... Не сыр ол, қалай сұрасам екен..." үнсіздік ұзаққа созылды. Паллас әлгінде дел-сал күйінен тез арылды, үзіліп қалған әңгіме желісін жалғамақшы, босаңсып кеткен арқауды қайта ширатып, дүдәмал сұрақтарына жауап таппақ:

- "Құранда" айтылғанның бәрін білу мүмкін де емес, міндет те емес демеп пе едіңіз? – деді ол айлаға көшіп. – Егер Құдай сөзінен әр пенде өзіне қажетін ғана алар болса, менің "әл-Мисақ" жайлы, әсіресе, оның "Тәңіртасына" қатысты жерін білгім келеді. Мұны түсіндіріп беру сіздей Мұхамед үмбетіне парыз!

Әл-Машанидің де айтпағы осы еді, Палластың аузына сөз салғаны мейманасын тасытып, жігерлендіріп жіберді оны.

- "Тәңіртасын" айнала жүріп "Томариске" салу сырын, оның Алла алдында адам рухы уәде-антының арасындағы байланысын түсіндіруді маған парыз санауыңыз орынды талап, Петр Симон. Жаратқан ием – Раббым аузыма сөз салса айтып көрейін.

Бүтін дүние – ғалам, адам... барлық, барлық болмыс иесі тек Тәңір дедік. Бірақ ол даяр дүниеге иелік етпеді, оны өз құдыретімен жаратты да... Мына сіз бен бізге белгілі, белгісіз болмыстың бәрін бірден жаратты ма ол?... Ақаң ұзақ жылдар бойы ұстаздық ете жүріп, шәкірттеріне алдымен даралап, сұрақ қойып алып, сосын саралап жауап беру машығынан бұл жолы да танбады.

- Ту баста Алла – тағалам алдымен нұрды жаратты, яғни адам мен ғалам ғажайып нұр түрінде болды. Сол ғажайып Жаухар нұрдың кеңейіп, таралуынан барлық дүние туындады: миллиардтаған жылдар, не қилы замандар араға салып басқы нұр галактикалардан өтіп, Құс жолына жетіп, жұлдыздардан өтіп, Нұр шапағы Жерге де жеткен. Одан әрі: молекула, атом, электрон, протон..., тағы

ұсақ бөлшектер жаралды. Осының бәрі басқы нұрдың ғажайып ғаламаты, - деп әл-Машани ойын сабақтай берді.

- Иә, сол ғалам мен адамның басын қосқан ту бастағы жалғыз Нұрды жаратушы ием одан әрі кеңейтіп, көбейтіп қатаң заңдылыққа бағынатын өмір берді.

- Әлбетте, онан хабардармын. Бірақ пайғамбарларға қатысты жайларды тек діндарларға еншілеткендігімен бе, дәл осы сәтке дейін оған мән бермеппін, - дей келе Ақанды қағыта отырып, өз пікірін білдірді. – Құдай аузыма сөз салса, айтуыма болады енді. Егер "жоғарыны" – аспан-ғарыш десек, "төменгі" – адамзат мекені жер болса, Ыдырыс – Тот пайғамбар құлыптасындағы жазудың мәні болмыстың бір тұтас ортақтығын аңғартқаны да... Бәрінен де мен үшін әл-Машанидің айтары Құран шәриғаты, мадақтары Нұрмұхамед пе десем, басқа пайғамбарларды да марапаттауға ниетіңізді байқау зор мәртебе!

- Адамнан құдай жасап шоқынып, шіркеу қоңырауынан басқаны ести алмай қалған "бейкүнә" сізден сақтасын құдайым, - Ақжан әзілге әзілмен жауап бере отырып, Палласты шымшып алды. – Хауа Ана, Хауа Атадан бастап ақырдың пайғамбары Мұхамедке дейінгілердің бәрі де, соның бірі Ғайса да Аллаһтың құлы. Тек пайғамбарлардың жұмыр бас пенделерден артықшылығы – оларға жаратушы ием ерекше сенім артып, адамдар арасына жіберуінде. Солардың әрқайсысына Аллаға жүрекпен сеніп, оның құдіретін растайтын, қақ жолынан таймауына тірек етіп, қуат тұтар ерекше сенім – "сақина" еншіледі. Мәселен, Адам пайғамбарға – сана, Ыдырысқа – ғалами құрылым, Ибрагимге - өз қолымен өлтіріп, сүйегін араластырып жіберген құстарды тірілтіп, әрқайсысының өздерінің ұясына қарай ұшып кеткендігін көрсетті, Мұсаға көз алдында тауды ерітіп жібертті. Ғайса жарық дүниеге келген сәтте, өзінің атасыз екенін, Алланың рухынан жаралғанын айтты және оған өлгенді тірілтетіндей құдірет-сақина берді. Ал, Мұхамед расулға дәретсуы суып үлгергенше праққа мінгізіп, ғаламды аралатуды жазды, Исламият ғылымын – ислам дінін берді, аяттары ғылымға тұнып тұрған "Құранды" несіп етті. Нұрмұхамед ғаләйхі уәссалам дейміз оны, - деп ойын түйіндеп алып, Ақжан енді айтарын әріптесіне тікелей арнады. – "Құран Кәрімнің" ғылымдығын жақтасам менің діндарлығым емес, ғалымдығымнан деп ұққаныңыз абзал, Петр Симон. Білгіңіз келсе, айтайын, жігіт кезімде коммунистердің үгітші атеисі болып біраз шапқылағаным бар... Кейін жер ғылымымен айналыстым. Одан кейін Тұран ұрпағының бір тармағы қазақ миллатына ұлы бабасы Әбу Насыр әл-Фарабиді табыстыруды өмір мақсаты еттім. Әл-Фарабиді зерттеу үшін алдымен исламиат ғылымына құлай сеніп, құдай жолына қалтықсыз құлшылық етуім қажет еді. Себебі әл-Фараби ашқан жаңалық пен зерттеулер – кейін ғылыми қағидаларға айналған тұжырымдардың барлық бастауы "Құран Кәрімде" жатты. Бабамның мына бір сөзі әсте есімнен шыққан емес:

"Ғахли көзбен қарасаң,

Дүние хикмат сан есім.
Жахли көзбен қарасаң,
Дүние қоқыс сен мешін".

Кәне, Петр, енді екеуіміз ғалам мен адамның бұрынғы – ту бастағы жаухари нұр деген ұғымға ғақли көзбен қарап көрейікші.

Мысалға Күн сәулесін алайық. Мән-мағынасы жағынан жаухари Нұрды дәл қайталамады демесек, соны елестететіндей санамызда нұр ұғымын қалыптастырған Күн сәулесінің әсер-әрекетін талдар болсақ, көп шындыққа иланатын сияқтысың. Бір ғана жылдамдықтың шегі күн сәулесінің таралу шапшандығы екенінің өзі көп нәрсені аңғартса керек. Бүгінгі ғылым бүкіл болмыстың ұлы жарылыстан – Нұрдан алынғандығын дәлелдеді. Табиғатта сырттай бір-біріне ұқсамайтын құбылыстың бір ортақ заңдылыққа бағынуы да осыдан болса керек. Ендеше сіз бен біз, ғалымдар "Әл-Мисақты" сол ұлы жарылыс болмысы деп ұққанмыз ләзім.

Себебі Алла-тағала алдымен адамның тәнін жасап, оған жан бермес бұрын рухын жаратуы сол нұрды мегземей ме? Адам рухының "Тәңірінен таңбас" уәдені – нұр шапағатын мұқаракқа жинап "Әл-Мисақ" етіп түйді. Кейін тәні жасалып, жан иесіне айналған адам егер оның рухы берген уәдеден жаңылар болса, екі дүниеде де жазадан құтылмайтындығын ескертті. Оған мысал... дей бергенде Ақжан сөзін Паллас іліп әкетті.

- ... оған мысал етіп бабыл патшасы Нимрод пен Періғауын ұрпағы ұлықтарының дағдырын айтпақшысыз ғой э, бәсе солай, - деп Паллас өзіне белгілі тарихтың құпиясын енді ұққандай – ризалығын білдірді... – өзін құдаймын деп жариялаған Бабыл патшасы Ибрагим пайғамбарды "Құдай жалғыз, ол көкте" дегені үшін отқа жағуға үкім етіп, егер құдай мекені көкте болса, мен де сонда болайын деп көкпен таласқан мұнара салдырды. Нимрод патша салдырған мұнараны өрт шалды. Өрттің сұрапыл болғаны сондай, оның қышына дейін қау шөптей жанып, балқып кетті. Дәл осыған ұқсас оқиға Періғаун елінде де болып еді. Мейманасы әбден тасыған Періғауын билеушісі Тәңірдің көкте екендігін, дүние соның құдіретінде екендігін айтқан Мұса пайғамбарды мансұқ етіп, "Құдай көкте дейді, салындар биік саты, көрейін менен басқа құдайдың қандай болатынын" дейді. Биік саты пирамида қаңырап әлі тұр, ал періғауын ұрпағының жер бетінен мүлдем аты өшті.

- Адам астамшылығының немен аяқталарына осы екі жәйт те жеткілікті сияқты. Бірақ... – деп Ақжан ауыр күрсінді. – Сол аңызға айналып кеткен ақиқаттың айна қатесіз қайталанғандығын көрдім ғой мен, Петр Симон!

Алпысыншы жылдың басында ғарышкер Гагарин тұңғыш рет жерді бір рет айнала ұшып оралғанда Хрущев: Құдай аспанда дейді, ал біздің Юра еш құдайды кездестірмепті деп көкігенін құлағыммен естіген едім. Соның аяғы не болды. "Құдаймын, құдайдан да бұлаймын" деген генсектер дәуірі небәрі жетпіс жылға жетіп, тырапай асты ақыры.

- Япырай... ғажап екен... Басқа біреу айтса, сенбес едім, әз-Ақжан мырза... – Паллас таңдайын қағып, тамсана отырып үнсіз басын шайқай берді. Кенет ол дегбірсізденді де қалды, енді кешіктірсе, естілмей, ескерусіз қалатындай асыға сөйлеп кетті. – әл-Машани мырза, осы мысалдар тектен текке тілге тиек болмағанына бәсім бар, бірақ мұны менің... жо-жоқ ана "Паллас тасына", - "Томариске" қатысты жерін аңғара алмай отырмын, әрине, қатысы бар... бірақ...

- О, Петр шырақ, "Әл-Мисақ" пен "Томаристің" арасындағы байланысты ұқты ғой деп отырсам, сіз әлі бергі бетте тұр екенсіз ғой. Қой болмас. Бүйтіп жағада жалғыз қалдыру жараспас бізге! – Ақжан риясыз күліп, әзілдей отырып әріптесін кексіз келемеждеп алды. – "Тәңірге сенем", "Тәңірге сенем...", "Тәңір ісі... Тәңір ісі..." деп "Томариске" басып "Паллас темірін" айналып шықпай сол байланыс табиғатын тап баса қоюың қиын болар деймін.

- Ақжанның мейірлі жанары "Мүмкін... мүмкін..." деп бар ниетімен өзін құптап отырған әріптесін тағы бір "тінти" шығып, әдеттегі өзінің сабырлы күйіне түсіп, ой толғап кетті:

- "Бәрі Тәңірдің ықтиярында дегенді кейбір әумесерлер: ендеше сол Тәңір бізді күнәһарлыққа итермей-ақ жол ақиқатты атқарта салмай ма деп күпірлікке де баратынын көріп жүрміз. Егер Алла-тағала не істейтінімізді күнілгері айтып тұратын болса, ал мына сіз бен біз тек соны мүлтіксіз орындап тұрсақ, онда адамзатқа саналы ақыл иесі болудың қажеттігі қанша?! Жаратушы ием адам рухынан уәде алып қайтеді онда?"

Иә, адам рухы Тәңірінен танбауға уәде етіп, ал Алла адамзатты ақыл иесі етіп, өз бетімен саналы түрде өркен жайып өрбуге ерік берді. өмірдің әр қилы өткелдерін қойды, амалдарын кезіктірді. Осының бәрі саналы пендесіне заман ақырына дейін жасаған сынағы еді, - Ақжан "Құран Кәрімді" қолына алып, "Махида" сүресін ашты. – "... егер Аллах өзі қаласа сендерді, әрине, бір үмбет қана етер еді. Бірақ ол сендерді сынау үшін түрліше шарифат жасады. Жақсы істеуге ұмтыл" деп пендесінің осыны орындауда қандай күйге түсерін тексеріп сынамақ болып, түрлі өткелдер мен амалдарын кезіктірді. Осының бәрі, бәрі пенденің Тәңірінен танбауына сынақ еді! – әл-Машани "Құранды" стол үстіне қойды. – Сол сынақ ақырдың пайғамбары келгенше де, келгеннен соңғы кезеңде де, яғни заман ақыр туғанға дейін де кездесе бермек.

Адам рухы жан алып тәнге ие болғалы мың-миллиондаған жылдар өтті, ал қиямет қайымға енді қанша жыл қалды, ол тек бір Аллаға ғана аян. Бірақ бұл дүниенің жалған екендігіне, ал мына сіз бен біз ақырдың ұрпақтары екеніміздігін сендірген-ді бізге. Кәпір болайық, мұсылман болайық, оған шек келтірушілер көп пе арамызда? өте аз, жоқ та шығар бәлкім. Ендеше Тәңірім әубастағы адамзат Аманатын – "Әл-Мисақты" жерге жіберетінін пенделеріне сездірмеді деймісіз. Және де Тәңірім адам Аманатын тасқа түйіп түсіреріне, оған пендесін танытар ерекше қасиет береріне шек келтірудің өзі де күнә. "Дейді-дейдіге"

бас ұра бермейтін пенденің бірі бола тұра, ақырзаман болатындығын мойындау, Тәңірдің пендесіне мұны сездіруіне дәлел дей тұра өзің куәгер болған "Паллас темірінің" ғаламаттығын дүздіктердей сезінбегендігіне қайран қалатындығын білдіре келіп Паллас ойын: "Мен де құдайдың құлы емеспін бе?" деп түйді.

- О, не дегеніңіз Петр, менің бұған зәредей де күмәнім жоқ. Егер екі адамның бірі құдайдың құлы десе, сіз соның бірі болар едіңіз, – Ақжан әзілдей күлді. – Бірақ неге олай, бұлай емес деу күпірлік. Не істеймін десе бәрі Алланың ыркында, әрі әділ ол...

Қара тастың қасиетін неге маған білдіртпеді дейсіз. Егер біз, жұмыр басты пенделер Тәңір құдіретін үкімет жарлығынша ашық жарияланар десек, қателесеміз. Дүздіктерге де Алладан арнайы елші келмегені анық! Олар "әл-Мисақ" түйілген тас түсерінен нақтылы хабардар болған жоқ. Бірақ олар Көктен – Тәңірден ерекше қасиет дарыған тас түсетінін, сол тас алдында тек Тәңірін ғана танитынын, оны қалтықсыз мойындайтығын ашық әйгілеп, пендесін жебеуін, жасаған күнәсіне кешірім, кеңшілік жасауын тілеп ауық-ауық сол қаратасты айнала жүріп шын ниетімен тәубәсына келуін сезінді де.

- Бір сөзбен айтқанда, дүздіктердің тасты айналып жүріп құлшылық ету адам рухының бастапқы уәдесінен – "Әл-Мисақтан" танбайтындығын таныту болды ғой?!

- Түсінген адамға дәл солай! – Ақжанның мейманасы тасып көңілденіп қалды. – Ал, сіз болсаңыз, басқаға неге сездірмеді деп кейістенесіз. Мен болсам, оны неге сезгің келмеді деп өзіннен сұрар едім алдымен...

Тасты айнала "Томариске" басып жүрген дүздіктерден оның себебін білгісі келген жан шықты ма араларыңнан? Жоқ. Қайта, ешқандай жазықсыз жандарды оққа байлады. Сондағы олардың кінәсі көк бөрі терісін отқа жағып, түтінге айналдырып көкке – иесіне жеткізу еді. Тері қажет болса, оны атпай-ақ алуға болар еді ғой. Қан төгудің қажеті болды ма сол жолы. Жоқ... Жоқ... Нәсілдік дертке шалдыққан отаршылар адам тағдырын тәрік етті. "Әл-Мисақ" уәдесін бұзудың бір көрінісі бұл.

Иә, иә... нәсілдік, – Тәңір жолынан тайдырар ауыр дерт ол. Сіз естіп, көрген – куә болған "Тәңіртастағы" қанды оқиға Жаңа жерді ашқан Колумбия саяхатынан соңғы Орталық Америка құрлығы тұрғындарын қанға батырып, ғасырлар бойы қалыптасқан жергілікті халықтың мәдениетін тып-типыл еткен испан отаршылары жауыздығынан несі кем? Айырмашылығы ауқымында ғана, ұқсастығы ортақ, дерті – нәсілдік... Петр Симон! Сіз мені түсінесіз ғой деймін... Сізге қояр зәредей де кінәм жоқ, бірақ сөз реті келгенде айтуыма тағы да тура келеді: сол испан отаршыларының алдыңғы шебінде католик шіркеуінің діндарлары да жүрді емес пе? Адам ата ұрпағының бір тарамы – индеецтерге ара түспеді-ау, шіркіндер. Осыдан кейін оларды қалтықсыз құдай құзырында деуге бола ма, айтыңызшы?!

Паллас оған күмәнданбайын дегендей, Ақжанның қолын сырттай қапсыра ұстап, үнсіз қысып-қысып қойды.

- Сонымен, Петр шырақ, "Әл-Мисак" пен "Тәңіртасы" арасында қандай байланыс болуы мүмкін деген сауалыңызға жауап бердім ғой деймін, – Ақжан әріптесіне қулана сынай қарады. – Ал, сіз "Әл-Мисак" қандай тасқа түйілді деп ойлайсыз.

- Егер манадан естігендерімді ой таразысында түйіндесем, әрине, ол...

- ... Әрине, ол "Паллас темірінде" демекшісіз бе?

"Енді қайда болушы еді" дегендей, Паллас екі қолын жайды.

- Жо-жоқ, Петр Симон, таппадыңыз! – деді Ақжан сенімді түрде.

- Алла аузыма' сөз салса айтайын: ол тас Меккедегі Қағба мешітінде қойылған Хажар Асуд тасында, яғни Қағбаның қара тасында сақталған деп ойлаймын.

- Әл-Машани мырза! Жаңылысқан жоқсыз ба, қайталаңызшы.

- Иә, "Әл-Мисак" Қағбаның қара тасына түйілсе керек.

- Сонда "Тәңіртасына" келушілер алданған болды ғой!

- Петр шырақ, алдау бар, алданып қалу бар, алданыш ету бар. Бірақ "алданыш ету" анау екі сөз мағынасына қосылмайды. Дүздіктер көктен қасиетті тасты күтті, "Паллас темірін" сол тасқа балап, Тәңіріне тәубә келтіруде алданыш етті. Бірақ олар Тәңіріне деген шын ниетінен алданған жоқ, алданыш тапты. Ал, "Әл-Мисак" неге Қағба қара тасына түйілуі мүмкін? Алдымен бірер сөз оның тарихынан.

Топан уақытында Жибраил періште Хажар Асуд тасын Абу Қибис тауына апарып, аманат етіп қойған Қағба қара тасы да "Паллас темірі" тәрізді көктен түскен темір метеориті.

"... Темір... темір..." Гәп осында қой деймін, - Паллас өзімен-өзі сөйлескендей күбірледі. Бағана әл-Машани темір жайлы айтқандарын, "Әл-Хадид" сүресінен оқып берген аятты есіне алды: "... біз темірді жараттық... Темір жаратылысының өзі Тәңір құдіретінің зор ғибраты... "

- Әл-Машани мырза, сіз ұстаған діннің ғаламат ғылымдығына көзім енді жеткен сияқты.

- Әп, бәрекелді! – Ақжан шын қуанып кетті. – Ұлы бабам айтпақшы, ғылым-білім сол Тәңір жаратқан ғаламның заңдылығының хабары, дәйегі ғана. Ендеше сол Тәңір жаратқан дүниеден мына менің заманымда анықталған мәліметке құлақ түргін енді.

- Әл-Машани мырза, сіз дәлел түйіндеумен жүргенде, мен болсам, оған құлай сеніп те қалған сияқтымын!

- Әрине, Тәңірге деген тәубаңнан жаңылмай, бәрі-бәрі де жасаған иемнің ықтиярындағы іс екендігіне шын жүреппен сену Алланың қақтығының басты дәлелі. Иманың бұл. Айтқанымды азғыру, уәдемді уағызға баламассыз деп ойлаймын. Имандай шыным бұл.

О, не дегеніңіз, әл-Машани мырза, мен сықылды бейбақты құр үгіт-уағызбен азғыра қою сізге оңайға түспейді, - деп Паллас ақжарқын пейілімен ақтарыла сөйлеп кетті. – Сіз де, мен де ғалымбыз. Ал, сізден естіп білген ғылыми тұжырымдар көңілдің терең түкпірінде жатқан қайсыбір түткіілдердің шешуін тауып берді. Ол үшін зор рахмет. Әсіресе "Інжілдегі" қайсы бір қағидалар қайшылығы мазалаушы еді, бірақ оның "сырына" үңілуге мойын жар бермеді ме, әлде өзім қуған ғылым саласының оған келіп килікпегендігінен бе, сол бәз баяғы "оянбаған" күйі зердемде қалып қойыпты.

Ақырғы пайғамбар заманы – ғылым заманы болса, оған түскен "Құран Кәрім" сүрелерінде айтылған ғылымнан ат-тонымды ала қашар болсам, менің ғалымдығымның құны қандай болмақ сонда. Табиғат құбылысының қайсысын қарастырмағын оның бір ғана шындығы – бір ғана ғылыми шешімі бар. Егер ол шындықтан жалтарсаң, несіне ғалыммын деп марқаясың... Шынымды айтсам, сіз айтқан "уағыздарды" ести беруге жалықпас едім. Нансаңыз, егер Тәңір маған ғұмырымды қайтарар болса, сізге, әз-Ақжан мырза, ассистент болуға арланбас едім, – Паллас Ақжанға сұрана қарады. – Сібір жерін аралай жүріп, жергілікті халықтың ұқсастығы қанында ғой деуші едім, енді аңғарсам, олардың дені түркі тілдес "томарис" екен... Тотсыз түрік болмайтындығын өзіңіз айттыңыз. Сонда Тәңір Көктен түсіретін қасиетті тасты тек түрік нәсіліне ғана сездіргені ғой?!

Ойымыздың бір жерден шығуын қарашы, Петр! Менің де болжамым сондай, – деп Ақжан қуанып қалды. – Сіз бен біздің ісіміз "бұл қалай" деп Алла-тағаланың ісіне күмән келтіру емес, оған бой ұсынып, тек оның ғалами үндестігін табу.

Тәңірдің рахымы түсіп, құлы Мұхамедті пәнидегі елшісі етті, араб тілінде "Құран Кәрімді" түсірді. Неге олай, басқа ұлт тілінің несі кем дер болсақ, "Әл-Мисақ" шартын бұзар едік. Көк түрік тұқымына Алла тарапынан жасалынған ерекше ілтипатына сенетіндей айғақты аңғаруға тырысар болсақ, жаратушы иемнің құдіретін мойындағанымыз емес пе? Осы тұрғыдан мына бір жәйді айта кеткім бар.

Бүтін ғаламның айналып тұратын жалғыз кіндігі бар. Оны Күн де, мұнымен қоса оны айналып жүретін Аттар да, Күн жүйесі кіретін Құс жолы – Галактикамыз да айналады. Ол кіндіктің аты Темірқазық жұлдызы.

"Құран" сүрелерінің нақ ортасында орналасқан Сүре "Әл-Хадид" – "Темір" аталса, бүтін ғалам айналатын кіндік жұлдызы түрік елі ғана Темірқазық атады. Басқа елде, басқа жерде сол жұлдыздың жалқы екендігін, орын ауыстырмайтындығын бәрі біледі. Бірақ Тұран елдерінен басқа қандай халық затына атын сай оған ат бере білді. Түрікке Тәңірдің ерекше рахымы түскендігінің бұл белгісі емес деп дәлелдеп көрші!

Орта ғасырда ғұмыр кешкен ұлы бабаның бірі Махмұд Қашқари "Диуан лұғат түркі" кітабында: түркі – Нұқ ұлының аты... қасиетті, фазилатты, инсафты

деген мағынадағы есім дей келіп автор қашқарлық ғалым Халаф ұлы иман Шаих Хусайнның "Ақырзаман" атты кітабындағы хадистен келтірілген мынандай үзіндіні еске салады: "Пайғамбар расул Алла былай деген: "Ұғлут Тәңірі айтты: менің бір тайфа асқарым бар. Оларды "түрік" деп атадым. Оларды күн шығысқа орналастырдым. Бірер халықтан ғазалансам, түріктерді соған қарсы жолдаймын".

Бұл онша күдік тудырмасы ақиқат. Оның шындығын мынадан-ақ байқауға болады.

Бір кездегі ұлы Тұран елінің Қара шаңырағын ұстап қалған қазіргі қазақ жерінде Қара аспанда Нұх пайғамбардың кемесі қалған Қазығұрт тауы тұр. "Басында Қазығұрттың кеме қалған, ол әулие болмаса неге қалған" деген сол әулие орнынан онша жырақ кетпей Хожа Ахмет Иассауидің мекені Түркістан, оның ұстазы Мұхамед пайғамбардың сақабасы Арыстан-баб мазары, мұның маңында ұлы баба Әбу Насыр әл-Фараби кіндік қаны тамған топырақ Отырар қаласының жұрты жатыр. Осының бәрі, бәрі Мағжан айтқан "Түріктің Тәңірі берген несібесі". Ал ежелгі Тұранның орталығы Түркістан Меккеге – Қағбаға – "әл-Мисак" түйілген қасиетті қара тасқа апарар Қақпа. Мағжан айтқандай, екі дүниенің есігі ол.

Паллас орнынан тұрды, Ақжан да тұрды. Паллас кеп Ақжанды қапсыра құшағына алды, кеуде қағысты. Ол қолын екі иығынан алмаған күйі Ақжан жүзіне зор ризашылықпен қарады:

Тәңірдің рахымы түскен Тұранның сіздей ұланымен сұхбаттасу мен үшін қандай ғанибет десенші. Атадан қалған мұра, ғұрып, елдік... бәрі-бәрі білгенге ұлтыңыздың "Әл-Мисағы" емес пе. Қазіргі ұрпақтарың бағалай алар ма екен осыны?

Хикаят жалғасы

Жасамыс шәкірт "Әл-Мисак" қолжазбасының соңғы бетін оқып болып, көзін жұмған күйі төсекте сұлық жатқан ұстазына телміре қараған күйі отырып қалып еді.

Сол, Петербор сапарынан оралған жолы ұстазы айтқан "Паллас темірі" туралы кеб... Қағба қара тасы хақындағы пікір шәкірттің тынышын мүлдем кетірген. Жазу керек... Жазамын... ұстаз ойын шашып алмай, қаймағын бұзбай қаз қалпында жеткізу керек. Қайтіп... дейді, оқушысын жерітіп алмас үшін ... Әдебиеттендіреді... ұстаз дәлелі де болжаммен байыпталған ғой. Фантастикаға ер салады, екі жүз жылдық сапарға аттандырып Палластың өзін алдырады... Нағыз ғұламалар тосырқап тұрмас... Шәкірт толғағы оқушысы шіркін білсе деген ойын қағаз бетіне түсірген соң тарқап еді. Енді ұстазының "үкімін" есту қалды.

Бұл кезде сап-сау адам емханадан бір-ақ шықты. Кәрілікті жағалап жүретін дерт ұстазының шаужайына жармаса қалды. Кеуде-мүше кінәратсыз болғандығынан ба, басқа жердің шаншуын елетпеген. Сексенді қусырып қалған

адамға пышаққа түсу оңай ма, беті әрі қарап кетудің аз-ақ алдында қалды...
Үйге шықты. Дерт те мысқалдап шығып жатқандай. Ғалым жиі-жиі тыныстай
отырып, ислами ғылымы жайлы ойын жиі еске ала бастаған... Шәкірт үкімді
есту сәті енді туған шығар деп қолжазба "бетін ашты"...

- Қазақстанның шығысында, Алтай жерінде "Шаманайқы" деген жер, тау
бар...

Үкімді күтіп отырған шәкірт абдырап қалды:

- Иә, Шаманайқы ауданы...

Ұстаз ойын жалғай берді:

- Шаман... айқы... айқы... "Айқы" – ғибадат ету... – ұстаз сыбырлай сөйлеп
жатты. – Көк түріктердің ғибадат еткен "Тәңіртасының" сынығы сол жерде
болмасын... Зерттеу керек.

Шәкірт үнжазғыш шағын аспабын ұстазының аузына тақай берді.

*Желтоқсан-
Қаңтар, 1993-1994 жж.*

*Досмұхамед Кішібеков, профессор,
философия ғылымдарының докторы, академик.*

ПАТРИОТ-ҒАЛЫМ

Ақжан Жақсыбекұлы Машани (Машанов) Қазақ ұлттық техникалық университетінің көрнекті ұстаздарының бірегейі еді. Және ол осы оқу орнын бітірген алғашқы студенттерінің бірі. Кейін қалған өмірін осы университетте жұмыс істеуге арнады. Мен 1964 жылдан бастап, ол кісінің өмірінің соңғы күндеріне дейін бір ғимаратта - Қазақ ҰТУ-де (бұрынғы Қазақ политехникалық институтында) бірге жұмыс істедім. Ол кісі де, мен де кафедра меңгердік, ғылыми кеңестерде, түрлі жиындарда, студенттермен кездесулерде бірге болып жүрдік. Сонымен қатар 17 жылдай бір үйде көрші болып тұрдық. Ақжан ағамыз атқарған ісіне риза болса: "Бабамыз әл-Фараби аруағы қолдасын" деп бата беруші еді. Ақаң нағыз ғалым еді. Кездесе қалсаң, ғылымнан басқа әңгіме қозғамайтын. Біреуді сыртынан өсектеу ол кісі үшін жат қылыққа жататын. Әдетте сөз өзегі математика, Құранда келтірілген аяттардың математикалық дәйектері, әл-Фараби өмірі мен еңбектері жайында өрістейтін. Әрине ол кез қазіргідей емес, партияның атеистік қатал идеологиясы үстемдік құрып тұрған кез болатын. Әлі есімде, институт ұжымы қызметкерлері ішінен 4-5 қызметкерді орденмен марапаттайтын болыпты. Ішінде бір Ленин ордені болған. Институт сол орденді А.Ж. Машановқа беру керек деп ұйғарды. Бірақ Жоғары орындағылар, ол кісіге "Еңбек Қызыл ту" ордені лайықты деген болар, шешім солай болып шықты.

Кейінірек, Алматыда үкімет үйінде марапатталғандардың омырауына орден тағылып жатты. Рәсімді Қазақстан Жоғарғы кеңесінің төрағасы С.Н. Имашев атқарып тұрды. Ақаңның аты аталғанда, ол кісі де орнынан тұрып төрағаға жақындады. Орденді тағып жатқанда, төраға мен Ақаң арасында жылы әңгіме болғанын байқадым. Не айтқандарын біз білмейміз, бірақ анық естігеніміз С.Н. Имашевтің Ақаңа: "Қалжың ғой" деген сөзі болды. Кейін Ақаңа не жайында сөйлестіндер дегенімізде Ақаңның айтқаны: С.Н. Имашев орденді омырауыма тағып жатып, "Құдайдың үйіне барып тұрасыз ба?" деп сұрады, сонда мен "Барып тұрамын, бармағанда ше! Міндет қылып тұрғаның мынауың ба, алмаймын темірінді" дедім. Сонда С.Н. Имашев өздерің естіген сөзді айтты деген бар-тын.

Әрине, С.Н. Имашевтың жаңағы сөзі негізсіз емес еді. Ақжан Жақсыбекұлы мешітке де баратын, муфтимен де, имамдармен де араласып тұратын.

Ақжан Жақсыбекұлының мамандығы кен өндірісі бойынша маркшейдер болатын. Ол өзінің геолог мамандығы бойынша бірнеше кен орындарын ашты. 1946 жылы Қазақстан ғылым академиясын құрушылардың бірі болды. Академияның алғашқы мүше корреспонденті болып сайланды. Бұл ол кісінің ғылыми еңбектерінің жоғары бағасы болып табылатын.

Солай бола тұрса да 1953 жылдың сәуір ме, әлде мамыр айының бір жұлдызында шыққан "Правда" газетінде Қазақстан ғылым академиясында Сәтбаев қолдайтын Машанов деген "шарлатан" жүр деп жазды. Бірақ, артынша елдегі саяси жағдай күрт өзгеріп, Қаныш президенттік өз орнына қайта барып, Машанов мәселесі де ұмытылғандай болды. Әйтпесе "Правда" газеті сынынын Сәтбаев үшін де, Машанов үшін де немен бітерін кім білсін?!

Сонда, А.Ж. Машановтың "шарлатандығы" неде еді? Айыбы елінің руханияттығын өрбіту еді. Оның үстіне сын Ақаңның мамандығына қатысты емес, өз ағаның сол кездегі үстемдік алған ұлтсыздандыру идеологиясына томпақтау келетін әрекетіне тиым салса керек.

Ол әрекет әзірге еліміз біле бермейтін Аристотельден кейінгі әлемдегі екінші ұстаз аталған әл-Фарабиді өз Отанына қайтару үшін радиодан сөйлеген сөздері мен көпшілікке арналған ғылыми еңбектері үшін екен-ау!. Ол кезде әл-Фарабиді арабтар - араб деп, ирандықтар-иран деп, түркімендер-түркімен деп, өзбектер-өзбек деп таласып жатқан кез болатын. Сонда, А.Ж. Машанов әл-Фараби қыпшақ перзенті, дүниеге келген, өскен жері – Сыр бойындағы, кейін Фараб аталған – Отырар қаласы екендігін дәлелдеуге жан-тәнін салды.

Қазақстан ғылым академиясы Ш.Е. Есенов Президент болған кезде Философия және құқық институтында әл-Фараби бөлімі ашылып, оған А.Ж. Машанов кеңесші болып тағайындалды. Әл-Фарабидің философиялық, логикалық, әлеуметтік-этикалық, математикалық, жаратылыстану, музыкалық трактаттары, жеке-жеке кітап болып, қазақ және орыс тілдерінде жарық көрді. 1975 жылы Алматыда әл-Фарабидің 1100 жылдығына арналған халықаралық симпозиум өткізіліп, онда әл-Фарабиге арналған баяндаманы Ш.Е. Есенов жасады. Араб, Африка, Европа елдерінен келген ғалымдар да ой бөлісті. Мәскеу, Орта Азия республикасынан келгендер де бір ауыздан әл-Фараби қазақ жерінен шыққан ұлы тұлға, бүтін түркі еліне баба деп шешті. Сөйтіп, А.Ж. Машановтың патриоттық еңбегі жанды, қанша қиындықтардан соң бабамыз рухы өз еліне, туған топырағына оралды.

Айтылғандарға қоса тағы бір мәселеге тоқталғанды жөн көремін. Ол мынау: әл-Фараби мәселесі шешілді. Ендігі Ақжан ағамызды ойландырған мәселесі – ол әл-Фараби еңбек еткен Бағдат қаласы, соңғы өмірі, дүние салған жері Сириядағы Дамаск қаласына барып сол жерлерді көру, бейітін табу, оған тағзым ету.

Ақаң қанша талаптанса да, өтініш жазып құжаттар толтырса да, ешбір делегация құрамына ілінбей қала береді. Содан Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевқа барып, өтішін айтпақ болады.

Димекен (Д.А. Қонаев) Ақаңнан не үшін ол елдерді көруге ынтығып жүрсін десе керек. Сонда А.Ж. Машанов: "Зәм-зәм" суын ішейін деп едім деп, - Әзіл-шыны аралас жауап береді.

- Барсам Сізге де бір бөтелкесін арнап ала келемін деп қалжындайды.

әңгіменің төркініне түсінген Димекең рахаттана күліп алып, табан астында бір кісіге телефон шалып, А.Ж. Машановты араб еліне баратын бір топқа қосуын тапсырады.

Сөйтіп, Ақаңның бұл мақсаты да орындалды. Дамаск қаласы шетіндегі ескі қорымнан "әл-Фараби жатқан жерін таптым, басына құран оқыдым, бір уыс топырағын еліне ала келдім" деп отырушы еді әз-аға.

Әл-Фараби дана бабамыз болғаны белгілі, оны танып, тауып, рухын елге жеткізген А.Ж. Машановтың қандай зиялы адам екендігін айтпаса да түсінікті. Ол нағыз патриот - ғалым еді. Егер бәрімізде Ақжан ағадай патриот болсақ, қазақ халқының жұлдызы әлдеқашан жарқырап кетер ме еді?!

Болатбек Нәсенов
Шәкәрім атындағы Семей университетінің
құрметті профессоры,
экономика ғылымдарының
кандидаты, Абыралының тумасы.

АҚЖАН ӘЛ-МАШАНИДІҢ АБЫРАЛЫДАҒЫ "ҰМЫТЫЛҒАН" ҮШ ЖЫЛ ҒҰМЫРЫНАН ДЕРЕК

Ірі ғалымдарымен, мемлекет қайраткерлерімен, жазушы және ақын тәрізді басқа да көрнекті өнер тұлғаларымен мақтанбайтын ел-жұрт бола қоймас. Соның бірі 270 жыл бойы қиямет азаптарды басынан өткізген Абыралы өлкесі болатын. 1834 жылдары 200 мыңнан артық жылқысы, миллиондай қой мен сиырға өрісі ашық қазақ өмірінің тәтті күндерін де басынан өткізген өлке еді ғой ол.

Ақжан ағамыз патша заманындағы Темірші деп аталған, ал Кеңестің алғашқы кезінде 6-шы ауыл атанған Абыралы ауданына қарасты "Жамантайдың қарақуысы" деген елді мекенінде туып өскені белгілі. Бүгінде Абыралы ауданы атом сынағының кеселіне ұшыраған сол аймақ қазір Ақтоғай, Қарқаралы аудандарына қарасты бөлігі болып есептеледі.

Осыдан келіп Ақандай ұлы азаматты екі ел де "біздің түлегіміз" деуі осыдан. Әрине бұдан Ақжан ағамыздың абыройы артпаса төмендей қоймас.

Мен "Абыралы-Сарыарқаның кіндігі" деген кітаптарымның III томында (167-173 беттер) Абыралы елінен шыққан ірі ғалым туралы жазған едім. Сол кітабыма деректер жинап жүргенде ғалымның өмірбаянымен таныстым. Мені мына жәйт таңқалдырды. Ол - Ақаң жәйлі жазылған мағлұматтарда оның 1929-1932 жылдардағы өмірдерегі нақты көрсетілмегендігі. Бұған ағамызды қызметке алған мекемелер де мән бере қоймаған тәрізді...

Сөйтсе осы жылдары Ақжан аға Абыралы ауданында оқу бөлімінде инспектор, мектепте мұғалім, аудандық Атқару комитетінде жауапты хатшы болып еңбек еткен екен. Оған мұрағаттан табылған құжаттар арқылы көз жеткіздік.

"Неге жасырды? – деген сұрақ туады осындайда. Оған себеп болған "Абыралы көтерілісі" деген жорамалым бар. Сол жылдары Ақжан аға аудандық Атқару комитетінде жауапты хатшы болып қызмет еткен. Көтеріліске қатынасқан адамдар жайындағы құжаттар мен анықтама қағаздарға ағамыз бірде арабша, енді бірде орысша қол қойып отыруға мәжбүр болған.

Кеңес үкіметі құлағанға дейін "Абыралы" көтерілісіне қатынасқандар және оның ұрпақтары қуғын-сүргінге ұшырап отырды емес пе. 1931 жылы қызыл отрядтары 100-ге тарта көтерілісшілерді табан астында атып тастайды. Мындаған адамдар сотталады.

Міне, кешегі коммунистік зұлмат заманда Абыралыда қызмет атқарған

адамдарға да қара күйенің жағыла салуы қиын емес-тін. Ақжан ағамыздың одан сескенуі әбден орынды.

Екінші бір себеп, ол "Абыралы" көтерілісіне байланысты сол кездегі Қазақ Республикасы министрлер кеңесінің іс басқармасының бастығы Масанов деген азамат №6 Қамбар ауылының көтерілісшілерінде бір айға таяу тұтқында болған (архив деректері "Абыралы көтерілісі", 9 томда-Б.Н.). Жұртшылық "Масанов" пен "Машановты" шатастырып ғалым ағамызды тұтқында болған деп те өсек шығаруы да "занды" құбылыс. Одан ақталу сол заманда оңайға түспейтін-ді. Осы екі жағдайдың кесірінен Ақжан ағамыз "Абыралыны" аузына да алмай, қағаз бетіне де түсіре алмаған болар деп болжаймын.

Енді осы айтқандарымыз құр сөз болмас үшін мұрағаттың деректеріне жүгінейік (Сол деректерде Жақсыбекұлы деудің орнына Машан ұлы делініпті. Себебі ол кезде қазақ жерінде әкесінің атын атау дәстүрге айналмаған-Б.Н.) Алматының Орталық мемлекеттік мұрағатында 5-ші қор 12 опись, 239 істе "Қазақстан Орталығы. ұйымдастыру бөлімінің "Абыралы ауатком басқармасының мәжілісінде" (4.I.1931 ж.) мынадай деректер бар:

*"Мәжіліс ағасы: Күзейұлы
Хатшы: Машанұлы.*

Тыңдалды: *ауыл кеңестері сайлауы турасында сайлауком қорытындысын айтып өтті (Машанұлы).*

Тыңдалды: 6 бап.

4-ауыл кеңесімен сақтық кәссәсіне кісі тағайындау туралы (Машанұлы)."

Осы мазмұндас көптеген хаттамалар бар.

Сол мұрағатта аса құпия деген белгімен бір іс жатыр. Оны қарап шығуға Қауіпсіздік комитетінен рұқсат алу керек болды (ондай рәсім әлі де бар екен - Б.Н). Мен сол рұқсатты алу арқылы 4-ші қор 1 опись 420-шы іспен таныстым. Ол істің екінші бетінде 86 санды 1931 жылғы 7 шілдеде жазылған мына хатқа кез болдым. Сол хаттың 3 бетінде былай делініпті:

Қазатком төрағасына

Абыралы аудандық оқу бөлім
инспекторы Садықан Мұсаұлынан
тілек

...Сіздің алдыңызға төмендегі тілектерді қоямын:

Қарқар. Пед.техникумын.....Шекмарев әтірәтін.

- | | | | |
|-------------------------|----------------------|---------------------|-----------------------|
| <i>1. Бөдейұлы.</i> | <i>2. Сембіұлы.</i> | <i>3. Киршаұлы.</i> | <i>4. Қарабайұлы.</i> |
| <i>5. Құлмаханұлы.</i> | <i>6. Ақбөкеұлы.</i> | <i>7. Әмреұлы.</i> | <i>8. Есенжолұлы.</i> |
| <i>9. Ныйқамбайұлы.</i> | | | |

Осы адамдарды мұғалімдердің/ікке/ және нашар мұғалімдердің орнына пайдалануға ұрықсат етуіңізді.

II. Осы аудандағы ауатком хатшысы қызметін атқарып отырған Машанұлын хатшылық қызметінен босатуды Ауаткомге әмір етуіңізді. Бұл жолдас оқытушылар даярлайтын (Педтехникум) мектеп бітіріп 2 жыл мұғалімдік қызметін атқарған. Онымен қабат осы жылы Абыралы оқу бөлімінің инспекторы еді. Қенес сайлауының кезінде еріксіз хатшылыққа алып қойған [алынған].

Міне, жоғарыдағы хат және сол заманда өмір сүріп, бертінде арамыздан кеткен ағаларымыздың естеліктерінде Ақжан ағаның білімін Абыралылықтар жоғары бағалаған. Осы тұста есіме Пайзолла ұлы Нұрғали нағашымның (Академик Рымғали Нұрғалидың әкесі): "Ойбай, Ақжанның білімділігіне, ақылдылығына қазіргі ғалымдарың астар бола алмайды" - деп отыратыны түседі.

1931 жылғы Абыралы көтерілісіне байланысты Алматы қалалық қауіпсіздік комитетінде бірнеше істер жатыр (бұл туралы дерекпен менің "Абыралы көтерілісі" (9-шы том) кітабымнан толық танысасыздар). Сол істердің ішінде Ақжан ағаның қолымен Абыралылықтарға анықтама қағаздар көшірмелері берілген (Мен ондай құжаттың 100-ден астамын кездестірдім).

Қайғылы Абыралы көтерілісіне байланысты 171 адам ресми ату жазасына кесіледі. Оларға мінездемесі мен анықтама қағаздарына сол азаматтардың ауылдық Кеңестерінің төрағалары қол қойған. Сол қайғы-қасіретке жетелеп тұрған қағаздарға Ауаткомның хатшысына да "шындығына сендіремін" деп қол қойғызыпты. (Мұндайға қол қоюдан бас тартқандардың өзі де атылар еді-ау). Және хатшы қолы анықтамаға қойылса да, қойылмаса да көтерілісшілер атылған болар еді...

Осы қанды науқан кезінде Ақжан ағамыз шамасы келгенше жүздеген адамдарды "тақыр кедей", "еріксіз елігуші" - деп ату жазасынан қорғап та қалған екен.

Сол анықтамалардағы ағаның қолы былайша үш түрлі болып

Машанұлы, А, Машанұлы

Ақжан Жақсыбекұлы кейіннен ірі кен орындарын ашқан. Соның біразы Абыралыда. Мысалы Абыралыдан 1959 жылдары Ақбастау уран кенін, Құсмұрын алтын кенін, Мейзек алтын кендерін ашуға да өз аға үлкен еңбек сіңірді.

Демек, 100 жылдық мерейтойы бүкіл дүние жүзі атап өткелі отырған Ақжан ағамыздың сонау бір зұлмат замандағы 3-4 жылдық өмірі сырын ашу дұрыс болар деп есептеймін. Мысалы мен қазақ халқының тумасының Машанов Ақжан Жақсыбекұлының Абыралыдан еңбек жолын бастағанын мақтан етемін. Оны бұл ел "біздің дана ұл" - дейді. Осы арада Мағжан Жұмабаевтың

"Мен кім?" атты өлеңіндегі мына жолдары Ақжан ағамызға арналғандай:

Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?

Жолбарыспын маған қарсы кім тұрар?

Көкте бұлт, жерде – желмен гулеген

Жер еркесі – желдің жөнін кім сұрар?

Көкте – Күнмін, көпке нұрым шашамын,

Көңілге алсам, қазір ғарышқа асамын.

Шеті, түбі жоқ теңізбен каракөк,

Ерігемін – толқып, шалқып, тасамын.

Ойымды тұжырымдай келіп ЮНЕСКО шеңберінде аталғалы отырған Ақжан әл-Машанидың 100 жылдық тойына өз тартуым өз ағаның Абралы ғұмырын ашып беру деп білемін. Мерейтой құтты болсын!

*Көпбосын Панзабеков
Қазақстан Жазушылар
одағы және Журналистер
одағының мүшесі, ақын
"Білім-Образование"
журналының редакторы*

"ҚОРҒАУШЫМ МЕНІҢ... САҚТАУШЫМ МЕНІҢ..."

Қазақ ССР Министрлер Советінде істеп жүрген кезім. Жаңылыспасам, 1971 не 1972 жылдың жазы болатын. Дін жөніндегі Советтің басшысы Камал Құлымбетов ағай мені өз кабинетіне шақырды. (Ол уақытта мен мұсылман діні бөлімін басқаратынмын). Ол кісі бірден шақырған себебін түсіндірді: "Қазақ политехникалық институтының профессоры, Республика ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, техника ғылымдарының докторы, маркшейдер кафедрасының меңгерушісі Ақжан Машановтың үстінен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің үгіт және насихат бөліміне арыз түсіпті". Арызда "Ақжан Машанов өзі коммунист әрі үлкен ғалым, лауазым иесі бола тұрып, мешітке жұма намазға барады екен, үйінде айт кезінде ауызашар (ифтар) береді екен", – депті. Осы жағдайды тексеруді саған тапсырамын. Қазір Орталық Комитетке бар да арыздың мазмұнымен таныс. Түсте мешітке барып бақылап көр, Машанов барар ма екен. Сонан соң көрген-білгенінді жазбаша түрде Орталық Комитетке хабарлармыз! Мүмкіндігінше объективті бол".

Мен үгіт және насихат бөлімінің нұсқаушысы Н.-ге телефон соғып едім, ол осы бөлім меңгерушісінің орынбасары К. екеуі күтіп отырғанын айтты.

Барсам, екеуі де кеюлі қалыпта, бір-бірімен жарыса: "Алматы облысы бойынша Дін істері жөніндегі Советтің уәкілінен арыз түсті. Политехникалық институттың профессоры, коммунист Машанов намаз оқиды екен, діни әдет-ғұрыптарды ұстайды екен. Бұл не деген сұмдық?! Тексергенде осы деректер анықталса, оны партия қатарынан шығару керек, қызметі туралы да мәселе қоямыз. Соны тексеру сізге жүктеледі. Уақыт күтпейді. Тезірек кірісіңіз. Екі күн мерзім беріледі", - деді ашуға булығып.

Не керек, Орталық Комитеттен шықтым да мешітке жол тарттым. Барсам, жұма намазға адамдар жиналып жатыр екен. Бір-екі минуттай мешіт ауласын көзбен шолып шықтым. Ақжан ағамыз көрінбеді. Ішке кірдім де сол кездегі Қазі Байсенбаев Жахиямен амандастым. Екеуіміз сөйлесіп отырғанда жұпыны киінген Ақаң келіп сәлемдесті де намаз оқуға дайындалып жатқандардың қатарына барып отыра қалды.

Намаз біткен соң Ақжан ағамды қолтықтап далаға шықтым. Жүре сөйлестік.

Әңгімеміз аяқталмаған соң маған ол кісіні үйіне дейін шығарып салуға тура келді.

Есік алдына таяп қоштаспақ болғанымда, мені шайға шақырды. Дастархан басында әңгімені аяқтадық.

Мен Ақжан ағаға: "Сізді коммунист болғанмен атеист емес. Намаз оқып, діни ғұрыптарды ұстанады деп жазғыруда. Шыныңызды айтыңызшы, мешітке сол үшін барып жүрсіз бе? Жоқ, әлде басқа да бір шаруаңыз бар ма?" дегенімде ғұлама ойланбастан: "Мен әл-Фарабиді өзіме ұстаз санаймын. "Екінші Аристотель": "Бір жаратушының бары хақ" деген. Оған қалай сенбейін. Жұма намаздан қалмайтыным да шын, діни жол-жоралғылар мен дәстүрлерді де қалт жібермей орындайтынымды ешкімнен жасырмаймын, "ал сен бұған не дейсің?" дегендей маған тесіле қарады. Мен болсам, сыпайылық көрсетіп: "Ақа, үркітіп-қорқытуға келген жоқпын мүмкіндігін тауып, Сізге қол ұшын беруге, шенеуніктердің қаңарынан арашалауға келдім". "Оны қалай істемексің?" деп сұрамай-ақ қойыңыз. Арық сөйлеп, семіз шығайын. Алдымен сөзімде тұрып, айтқанымды орындап алайын. Сонан соң Сізге уәдемді қалай іске асырғанымды кейінірек баяндармын, - дедім де үйден шығып кеттім.

Ақаң болса, маған риза кейіппен қала берді.

Жұмысқа келсем, Камал ағай (бастығым) бір шаруамен шығып кеткен екен. Кабинетіне кірдім де ойланып, Ақанды өтірік айтсам да ебін тауып ақтаудың жолын іздестіре бастадым. Кенет көз алдыма әр жұма сайын мешітке барғанымда Ақжан ағамыздың сонда жүретінін елестеттім. "Ойды ой жетелейді" демекші, осыдан адам сенетін себеп іздеп тапқым келді. Ақыры таптым да. Отыра қалып партияның Орталық Комитеті үгіт және насихат бөлімінің атына мына мазмұндағы анықтама жаздым: "Ақжан Машановтың үстінен түскен арызды тікелей мешітке барып тексердім. Өзі де айт намазға келіпті. Сөйлесе келгенімде, ол кісі өзінің мұнда жиі келетінін былайша түсіндірді: "Қарағым, Көпбосын, менің Қазақстанда бірінші Фарабитанушы екенімнен хабардар боларсың. Оны шетелдердегі көп ұлт "біздікі" деп иемденіп жүргенде, республикаға, өзіміздің Қазақ жеріне алғаш алып келген мен емес пе ем? Ғылым, іздену деген бір күн я бір жылда біткен бе? Ғұлама жөніндегі бірінші кітабымнан кейін тағы бірнеше мақалалар мен кітаптар жаздым. "Екінші ұстаздың" еңбектерінің (трактаттарының) жарық көруіне атсалысып келемін. Осы себептен ел ішінде көпті көрген қариялар арасында әл-Фараби туралы мәліметтер бар ма екен, соны жинауға кеп жүрмін", - деп жауап берді. Намаз оқып, діни әдет-ғұрыптарды ұстануы жалған екен. Жазылған арыз негізсіз".

Ертеңіне анықтаманы Камал Құлымбетұлына оқып бердім. Аға өте адамгершілігі үлкен, байсалды, мейлінше қарапайым, қысылып-қымтылғандарға жаны ашығыш, тағлымы мол кісі болатын. Салған жерден: "Істің бұлай аяқталуы дұрыс болды. Ақанның да құдайы бар екен. Оның жанын жаралап, партиядан шығартып, қызметінен босатқанда не табар едік...

Енді анықтаманы машинкаға бастырып, бүгінгі датаны, өз қолыңды қой. Мен қатынас хат жазайын, соны Орталық Комитетке поштаға салмай-ақ, өз қолыңмен апарып бер", – деді. Айтқанын істедім.

Үгіт-насихат бөліміндегі идеологтар анықтаманы оқып көрді де, ләм-мим деп артық сөз айтпады. Маған тапсырманы жедел орындағаным үшін алғыс айтқан болды...

Осылайша Ақаң ақталды, коммунистік билеті мен биік лауазымы, бұрынғы абырой-атағы сақталды... Игі істерін ғалым ағамыз жалғастыра берді.

Сол сол екен, Ақаң кездескен сайын қолымды алып, кеудесін кеудеме тигізіп: "Қорғаушым менің, сақтаушым!" деп тағзым еткендей болатын. Міне біз сол Дархан Дария, Асқар Тау, үлкен Ғұлама-Энциклопедист ағамызсыз күн кешіп жатырмыз.

Еске түскенде, осы күнге дейін Ақаңның ақжарқын бала мінезін аңсаймын. Амал нешік...

Көңіліме медеу ("өтірік" айтсам да) – ол кісіні бәле-жаладан құтқарып, інілік борышымды адал атқарғаным. Өзім істеген ісіме қанағаттанғандық сезімдемін.

19.01.2006 ж

Салық Зиманов,
ҚР ұлттық ғылым академиясының
академигі

ӘЛ-ФАРАБИДІ ҚАЗАҚ ЖЕРІНЕ ҚАЙТА ӘКЕЛГЕН ҒАЛЫМ

Мен 1948 жылдан бүгінге дейін өзімді ҚР ұлттық ғылым академиясында үзіліссіз жұмыс істеушілердің бірі деп санаймын. Демек, алғашында Академия құрамында ұйымдастырылған Философия және құқық секторын басқарудан бастап, мұның институтқа яғни ғылымның осынау дара саласындағы үлкен ұжымына айналған кезде де оны басқару бақытына ие болған едім. Сол бақыттылықтың бір қыры А.әл-Машанимен қызметтес болу.

Ақжан Жақсыбекұлының әл-Фараби мұрасын игеруге мұрындық болған кезеңі, яғни ұлы бабаның есімін ұрпағына таныту бағытындағы зерттеушіге тәнті бастамалары мен ұсыныстары алғаш рет осы ғалымдар ұжымында тыңдалып, талқыланған-ды. Себебі әл-Фараби орта ғасырдың бас кезіндегі тек Шығыстың ғана емес, дүниежүзілік ерен ойшыл философы болғандықтан, оның шығармашылығын-мұрасын зерделеу мен басқаратын Философия және құқық институтының зерттеу жұмысының негізіне айналып еді. Демек, көзі тірісінде-ақ ұлы бабамызды "екінші Апплатон" деп, яғни араб елінің күні бүгінге дейін оны "біздің Платон" деп атағандығы тегін емес.

Қазақ қауымы әл-Фараби есімін және оның ілімі туралы деректі өткен ХХ ғасырдың 50 жылының соңына қарай, дәлірек айтсақ 60 жылдың басында ести бастаған-ды. Дей тұрсақта дәл сол кезеңде қазақ жерінен аты әлемге әйгілі осындай алыптың шығуы шындыққа жанасады деп ойлағандар бола қойған жоқ-ты. Себебі Кеңес идеологиясында қазақтың өткені даңғара-тағылық көшпенділер бірлестігі номадыларға тәнті сархиостикалық мәдениеттің жабайы өндірісті ел деген Орталық ұсынған ұғым үстем болатын. Тіптен ықылым заманда да қазақтың көшпенді және жартылай көшпенді тарихында қалалық мәдениет Орталығы болғандығын, яғни бір кезде бүтін халықтың өркениетке жанасуы жәйлі ойлау әбестік саналған еді. Осындай жағдайда әл-Фараби есімін қазақ ұлтымен байланыстыру, оның Қыпшақ нәсілінен таратып, ал ұлы ойшылдық ғұламаның қалыптасу кезеңін Қазақстанның Оңтүстік өлкесінің мәдениетімен сабақтастыру – бұл ғылымдағы жаңа ұғымды туындатып, тыңнан ашылған тарихи жаңалық екендігі талассыз. Шынтуайтында осынау ұлы жаналық Ақжан Жақсыбекұлының есімімен тікелей байланысты болды.

Осы кезеңде әл-Фараби есімі және оның мұралары Самарқанд, Бұхара және Тәшкент секілді шаһарларда Шығыс мәдениетінің кітаптары мен қолжазбаларына бай қоры шоғырланған туысқан өзбектің ғалымдарының да назарына іліне бастаған болатын-ды.

Олар әл-Фарабиді өзбектің ұлы данасы етуге ұмтылмады емес, тіптен өзбек ұрпағының ұлы бабасы, ұлт мақтанышы санатында атай да бастаған-ды. Бұл, Ақжан Жақсыбекұлынан әл-Фарабидің Қыпшақ - қазақ даласындағы автохтоникалық елдің, яғни байырғы халықтың ұрпағынан таралатын атақты рудың перзенті екендігін дәлелдейтін шындықтан бұлтартпас – мағлұматтарды жинаумен қатар, оны ешбір күдік тудыртып, шүбәланбастай түйіндеп елге жеткізуде де мейлінше белсенділік танытар әрекет жасауды талап етті. Егер сол, 60 жылдың бас кезінде өзбекстан тәрізді Кіндік Азиядағы елдер әл-Фарабиді Қыпшақ тумасы екендігін мойындағандығын ескерсек, бұл тек Ақаңның қажырлы қайратының жемісі деп білу керек.

Мысалы, сол кезеңде институт ғалым Кеңесіндегі, бұдан соң ғылым академиясының Қоғамдық ғылымдардың жалпы жиналысында Ақаңның қызына өте ыждаһатты сөз айтқан бейнесі бүгінге дейін көз алдыма елес береді.

Адам жанын тебіrentкен сол сөз мазмұны мен түрі жағынан әшейінде айтыла беретін жарыссөздерден мүлдем өзгеше, ұлттық афоризмге толы, намыс отына мейлінше қаныққан алпыс екі тамырынды иітетіндей әсерлі, сөзін ол шығыс ғұрпымен "Сіздерді әл-Фарабидің аруағы қолдасын" – деген батамен аяқтап еді. Бұл мүлдем басқаша, сол кезде кездеспейтін жәйт болатын, тіптен пәле болып жабысуы да ғажап еместін. Расында да, сол кезде бата беру болмысымыздан мүлдем шығып қалғандай еді ғой, ол діндарлықтың, мұсылмандықтың нышанына баланып, айтушы қудаланатын. Соған қарамай сол отырыста айтылған Ақаңның лебізі өте жылы қабылданды.

Ақжан Жақсыбекұлымен арамызда риясыз, әрі іскерлік қатынас қалыптасты. Әрбір кездескен сайын ол өзінің жаңа идеясына ерітіп, елтіп әкететіндей болатын, сендіретін. Оның-Шығыс, араб, парсы тарихын тереңнен меңгеруі таңдандырушы еді, ең бастысы әл-Фараби болмысы мен шығармашылық мұрасы жәйінде айтқандары ешкімді де бей-жәй қалдырмайтын-ды. Бірде мен, Философия және құқық институтының директоры іспетінде Ақжан Жақсыбекұлына институт құрылымында әл-Фараби мұрасын зерделеу мақсатымен алдымен шағын проблемалық топ құруды, ал өзіне негізгі жұмысына қоса аға ғылыми қызмет атқаруды ұсындым. Ол жік-жапар болып, бірден келісе кетті.

Бұл ХХ ғасырдың 50 жыл аяғы 60 жылдың бас кезеңі еді. Оның маңына әл-Фараби мұраларымен айналысқысы келетін араб және парсы тілдерінің білгір зерделі жас мамандары топтала бастады. Соның бірі талантты маман, кейін көрнекті ғалым ретінде танылған Ауданбек Көбесов те бар-тын. Әл-Фараби мұрасын зерттеуді мақсат етіп алғашқы шығармашылық топ кіндігі осылай құрылып еді, ал, оның ғылыми жетекшісі, әрі жігерлендіруші ҰҒА-ның тұңғыш мүше корреспонденті болған Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машани (Машанов) тарихқа енді.

Сол кезде Академияның президенті академик Қаныш Сәтбаев та, вице-президент С.Бәйішов те Ақанды жоғары бағалайтын. Сондықтан болар, олар Ақжан бастаған шығармашылық топты қолдаумен шектелмеді, топтың жұмысын үнемі қадағалап отырды, штат алу, оны қаржымен қамтамасыз ету тәрізді қажет көмектерін жасап, қамқорлықта ұстады.

Дей тұрсақта Ақан салған фарабитану "жолы" бастапқы кезде өте қиын болды. Осы ретте жадымда сақталған мынандай екі жәйтті сол адамның есімі жадымда сақталмаса да мысалға келтірмекпін.

Бұл 1961 немесе 1962 жыл болатын. Бірде мені вице-президент С. Бәйішов шақыртады деген соң Академияға бардым. Әр кез өзін байсалды ұстайтын, артық ештеңе айтпайтын Сақтаған Бәйішұлынан естігенім мынандай жәйсыз хабар еді. ЦК-ның ғылым және ЖОО-бөлім меңгерушісінің орынбасары деген: Академияда, яғни біздің институтта белгісіз бір "өзбек молдасы" - әл-Фараби деген біреудің төңірегіндегі "қарбалыстың" не үшін қажет болғандығы туралы "мәселені" қабырғасынан қояды. Сол кездегі Партия органдарының мұндай мәселе көтеруі әл-Фарабиді зерттеу тақырыбын жабумен пара-пар болатын. С. Бәйішов өзіне тән сабырлығын сақтай отырып, партия жетекшісіне әл-Фараби қазақ жерінің перзенті, қазақтың көне руынан, бекзада отбасында туып өскендігін, ол ешқандай ислам уағызшысы емес, Платон, Аристотель сықылды Шығыстың философы екендігін дәлелдеп бағады. Бірақ ол партия шенеунігінің көзқарасын бүтіндей өзгерте алмағанымен, оның бастапқы қаңарынан қайтқандығын көреді, нәтижесінде фарабитануды тоқтату керек деген райынан қайтқандай болады. Сақтаған осыны айта отырып ұлы ойшылдың мұрасын

зерттеушілердің ізденісінде маркстік ұсыныстың қолдануын қатты тапсырғанды. Бұл туралы "Машановтың өзі де білетіндігін" айтып еді сол жылы ол.

Осы оқиғадан 3-4 жыл өткен соң Философия және құқық институтының жылдық есебін талқылау кезінде ҒА-сының Қоғамдық ғылымдар бөлімінің академик-хатшысы М.С. Сильченко, бұрынырақ институтымызда істеген бір философ-тарихшының жазған арызынан үзінді оқыды. Онда арыз авторы мені институтта зерттелмекші революцияға дейінгі Қазақстандағы философиялық ойдың демократиялық тарихына арналған тақырыпты алып тастап, барлық қаржыны көкейкесті емес маңызы жоқ әл-Фараби мұрасын зерттеуге аударды деп айыптапты. Осы отырыста Ақаң өте толқу үстінде өзінің бұлтартпас дәлелімен фарабитанудың көкейкестілігіне тағы да тоқталды. Әсіресе Қазақстаннан шыққан ұлы тұлғалар жайлы сөз қозғағанда әрі кетсе XV ғасырдан, көбіне оны XIX ғасырдан бастаудың түбірімен қате екендігін айта келіп, қазақ жерінен Орта ғасырдың өзінде-ақ талай жайсаң тұлғалардың шыққандығын, олардың аты-жөнін, бүгінгі ғылым бастауында айналған қағидаларын тайға басылған таңбадай тізіп, дәлелдеп берді. Одан әрі сөзін Ақаң: өзінің КСРО-дағы Сирия елшілігінде болып, олардың баба мұрасы мен мүрдесін іздестіруге қолғабыс беретін уәдесін баса айтып шықты.

Міне, содан бері бірнеше ондаған жылдар өтіпті-ау... әл-Фараби мұрасы және оны зерделеу бұл күнде шын мәнінде қазақ ғылымының дара саласына айналып отыр. Ғылым академиясының Философия және құқық институтында әл-Фараби еңбектерінің оншақты томдары және жекеленген монографиялары жарық көрді. Олар қазақ халқының ғылымы мен тарихын байытумен қоса әл-Фарабиді ұлттық мақтанышы санатында көтерді. Сөйтіп фарабитанудың бастауында тұрған Ақжан Жақсыбекұлын бірінші болып оның ірге тасын қалаушысы және оның белсенді зерттеушісі екендігін біз мақтан етеміз. Демек, ол көрнекті геолог-ғалым емес, сонымен қатар ол өз ұлтының мәдени тарихын жаңа тұрғыда бағалай білген ірі зерттеуші де. Анықтай айтсам ол әл-Фарабиге лайық бірегей ұрпағы ғана емес, ұлы бабасын екінші рет ата-баба топырағында қайта "тудырған" фарабитанудың атасы деп мақтануға лайық тұлға. Бұған "Әл-Фараби және Абай" кесек зерттеуі куә.



1933 жыл. Студент




Солдан оңға қарай: Ө. Оспанов, Р. Мұхамеджанова, Ә. Марғұлан,
Қ. Сәтпаев, Н. Сауранбаев, А. Машанов




1961 жыл. Студент-шәкіртімен



1961 жыл. Жұмыс үстінде



1958 жыл. Шолпаната (Кыргызда)
демалыста



1961 жыл. Шортанды санаториясында
демалушылар арасында



1961 жыл. Алматы әуежайы алдындағы
іні-қарындастары:
Қосан, Базарайым, Файна және Қажытай



1991 жыл. Наурыз мейрамы




1996 жыл. Мұрасын жинақтаушы жазушы-ғалым
Шамшиден Абдраманмен кезекті кездесу кезі




1988 жыл. Қарқаралы.
Ауылдас-замандасымен қауышу




1988 жыл. Қарқаралыдағы Құнанбай мешіті ауласында
әл-Фарабидің “Күн сағатын” қоюды талқылау






1996 ЖЫЛ



1997 жыл. “Әл-Фараби” клубының мүшесі
Рәшид Ошақбаймен әңгіме





1996 жыл. Жұмыс бөлмесінде



КӨМЕКШІ КӨРСЕТКІШТЕР

ҒАЛЫМНЫҢ ӨМІРІ, ҚЫЗМЕТ КЕЗЕҢДЕРІ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ АТАҚТАРЫ МЕН МАРАПАТЫ

Ақжан Жақсыбекұлы Машанов Қарағанды облысының Қарқаралы ауданының Нұркен атындағы кеңшарында 1906 жылы қарашаның 2-де дүниеге келді.

1924-1929 жж. Қарқаралы педагогикалық техникумында оқыды.

1924-1930 жж. Қарқаралы ауданында ауылдық мектептің мұғалімі және мектеп меңгерушісі.

1930 ж. Мұғалім және Қарқаралы аудандық оқу бөлімінің нұсқаушысы.

1930-1931 жж. Абралы аудандық халыққа білім беру бөлімінің нұсқаушысы және мұғалім.

1931-1933 жж. Семей облыстық халыққа білім беру бөлімінің нұсқаушысы және мұғалім.

1933-1939 жж. Алматы қаласындағы Тау-кен институтының студенті және Қарағанды кен техникумының оқытушысы (қосымша).

1939-1942 жж. Кен-металлургия институтының аспиранты және КСРО ҒА-ның Қазақстандағы филиалының кіші ғылыми қызметкері.

1942 ж. Кен орындарын ашудағы еңбектері үшін Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің грамотасымен наградталды.

1942-1946 жж. КСРО ҒА Қазақстандағы филиалының аға ғылыми қызметкері.

1945 ж. ұлы Отан соғысы (1941-1945) жылдарында көрсеткен "Қажырлы еңбегі үшін" медалімен наградталды.

- "Ғылымдағы үздік еңбегі үшін" Құрмет грамотасымен марапатталды.

- Социалистік құрылысқа белсене араласқаны үшін Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

1946 ж. – ҚазССР ҒА-ның корреспондент мүшесі.

- Геология-минерология ғылымының кандидаты.

1946-1950 жж. КСРО ҒА-ның Қазақстандағы филиалының "Тау механика" секторының меңгерушісі.

1950-1959 жж. Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ҰТУ доценті.

1956 ж. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

1957 ж. Қазақ КСР саяси және ғылыми мағлұматтарды тарату қоғамы президиумының грамотасымен марапатталды.

- Қазақ ССР ЛКЖО комитетінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

1959-1988 жж. Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ҰТУ "Маркшейдерлік ісі" кафедрасының меңгерушісі.

1960 ж. Балалар баспасөзіне атсалысқаны үшін Қазақ КСР ЛКЖО Орталық Комитетінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

1960-1985 жж. "Білім" қоғамының мүшесі.

1961 ж. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

1966 ж. Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері.

1968 ж. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

- Профессор деген ғылыми атақ бекітілді.

- № 333383 авторлық куәлігі берілді.

1968-1994 жж. Фарабитану қоғамының мүшесі.

1969 ж. Қазақ КСР саяси және ғылыми мағлұматтар тарату қоғамының Қарағанды облыстық бөлімше басқармасының грамотасымен марапатталды.

1970 ж. Қазақ Совет энциклопедиясы Бас редакциясының мүшесі.

- "Еңбектегі ерлігі үшін В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толу құрметіне" мерекелік медалімен марапатталды.

- Шет елдермен достық қоғамының мүшесі (Араб елдерімен).

1971 ж. ғылым саласындағы жемісті еңбектері үшін мерекелік грамотасымен марапатталды.

1974-1992 жж. Тарихи ескерткіштерді қорғау қоғамының мүшесі.

1975 ж. - Ғылыми-зерттеу және саяси қызметтеріндегі табысты еңбектері үшін Құрмет грамотасымен марапатталды.

- Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ Құрмет грамотасымен марапатталды.

1975-1997 жж. Қазақстан Республикасы мен шет елдердегі әл-Фараби мирасын зерттеушілердің ғылыми кеңесшісі.

1978 ж. Кең орындарын алғашқы ашудағы еңбегі үшін дипломмен марапатталды.

1981 ж. Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды.

1982 ж. Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ грамотасымен марапатталды.

1985 ж. Ленин орденімен марапатталды.

1988-1997 жж. "Маркшейдерлік ісі және геодезия" кафедрасының профессоры.

1990 ж. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

АҚЖАН ӘЛ-МАШАНИДІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ ЖӘЙЛ ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абаханқызы Ә. А. әл-Машани үлгілеріне адалдық // РАС. - 2001. - № 6 (9). - 3 б.
2. Абдраман Ш. А. Ақаң намаз оқыған: ғалым, философ А. Ж. Машани туралы // Зерде. - 2001. - № 3. - 11-12 б.
3. Абдраман Ш. А. Ақиқаттан айнымаған Ақжан аға: А. Ж. Машанов // Түркістан. - 1996. - 2-8 қазан.
4. Абдраман Ш. А. әл-Машани бабалар мұрасының өзектілігі // әл-Фараби ғылым мен мәдениет тарихында: әл-Фарабидің 1130 жылдығына арналған республикалық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. - Қостанай, 2003. - С. 6-12.
5. Абдраман Ш. А. Әл-Фараби және Әл-Машани // Ақиқат. - 1996. - № 10. - 66-71 б.
6. Абдраман Ш. А. Әл-Фараби ұлылығын ұғындырған әл-Машани // Дала. - 2001. - № 5. - 13-17 б.
7. Абдраман Ш. А. Баба батасы: А. Машани еңбегі туралы // Жұлдыз. - 2003. - № 11. - 112-119 б.
8. Абдраман Ш. А. Бабалар мұрасы - ұлттық даму тұғырнамасы // Қазақ үні. - 1996. - № 11(305). - Қазан.
9. Абдраман Ш. А. Ғұлама ғұмыр: Әз аға Ақжан Машани хақында // Түркістан. - 1997. - 18-24 маусым.
10. Абдраман Ш. А. Ғылыми фантастика мәртебесінің өзегі – ұлттық құндылықтарды таныту // Әдебиет айдыны. - 2005. - 12 мамыр (№ 13).
11. Абдраман Ш. А. Дүниетанымы аспанмен астасқан ұлт: А. Машани – 100 // Жұлдыз. - 2004. - № 3. - 148 б.
12. Абдраман Ш. А. Инженер даярлаудың ісмері, Фараби танудың сардары // ҚазҰТУ хабаршысы. - 1995. - № 3. - 14-20 б.
13. Абдраман Ш. А. Инженерлік педагогиканың бастауы - тарихта // Проблемы геомеханики и рационального использования недр: Материалы научно-технической конференции, посвященной 90-летнему юбилею заслуженного деятеля науки Казахстана, члена-корреспондента НАН РК, профессора А.Ж. Машанова. - Алматы, 1996. - 117 б.
14. Абдраман Ш. А. Қайран Ақаң: А. Ж. Машанов туралы // Түркістан. - 1998. - 19-25 тамыз.
15. Абдраман Ш. А. Қудаланған әл-Машани емес... әл-Фараби // Түркістан. - 2004. - 8 шілде.
16. Абдраман Ш. А. Руханият тәрбиесінің темірқазығы // Проблемы геомеханики и рационального использования недр: Материалы научно-технической конференции, посвященной 90-летнему юбилею заслуженного

деятея науки Қазақстана, члена-корреспондента НАН РК, профессора А.Ж. Машанова. - Алматы, 1996. - 111 б.

17. Абдраман Ш. А. Тарих тұңғығынан сыр толғаған: Атақты ғалым А. Ж. Машанов туралы бір үзік сыр // Егемен Қазақстан. - 1996. - 20 маусым.

18. Абдраман Ш. А. Дегдар // Егемен Қазақстан. - 2005. - 17 мамыр.

19. Ақжан Жақсыбекович Машанов: Некролог // Вестн. МН и ВО НАН РК. - 1997. - № 3. - С. 91.

20. Ақжан Жақсыбекұлы Машанов: ҚР ҒА академигі, геомеханика ілімінің негізін қалаушы: 1906-1997 жж. Некролог. [Қол қойғандар: Тасмағамбетов И. Н., Школьник В. С., Храпунов В. В., Әбдіраманов Ш. Ә. т. б.] // Егемен Қазақстан. - 1997. - 5 мамыр; Түркістан. - 1997. - 7-13 мамыр; Қазақ әдебиеті. - 1997. - 6 мамыр.

21. Ақиқат - таным сыйы // Зерде. - 1986. - № 8.

22. Ақпанбек Ғ. Нұрлы жолды нұсқаушы: Ғалым А. Машанов - 90 жаста // Сарыарқа. - 1996. - 27 қыркүйек.

23. Ақпанбек Ғ. әл-Фараби мен Абай әлемі туралы: әл-Машани толғауы // Сарыарқа. - 1994. - 22 желтоқсан.

24. Ақынов Ә., Мұстафа Б. Абыз ата Ақжан // Қарқаралы. - 1997. - № 1-2. - 20-32 б.

25. Ақышев Т. А. Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машани - адам, ғалым және гуманист // Проблемы геомеханики и рационального использования недр: Материалы научно-технической конференции, посвященной 90-летию юбилею заслуженного деятеля науки Казахстана, члена-корреспондента НАН РК, профессора А.Ж. Машанова. - Алматы, 1996. - 108 б.

26. Әбдіраманов Ш. А. Ақжан Жақсыбекұлы Машановтың өмір асулары // Машанов А. Ж.: Биобиблиография. - Алматы, 1995. - 3-12 б.

27. Әбдіраманов Ш. А. Алғы сөз // Машанов А. Әл-Фараби және Абай. - Алматы: Қазақстан, 1994. - 3-11 б.

28. Әбіласан Ә. Тоқсанның толғауы: Фарабитанушы ғалым А. Машановпен сұхбат // Парасат. - 1997. - № 14-15. анықтау керек.

29. Әбіш Қ. Қазақ әлемдік өркениетке не берді: А. Ж. Машанов туралы // Егемен Қазақстан. - 1998. - 21 қазан.

30. Әл-Жезқазғани Ш.Ә. "Фарабиге барар жолда": А. Машанов 85 жасқа толуына орай // Жалын. - 1991. - № 5. - 7-10 б.

31. Әл-Фараби мұрасының көрнекті зерттеушісі А. Ж. Машанов 1997 жылы мамырдың 2 жұлдызында 91 жасқа қараған шағында дүние салды // Алматы ақшамы. - 1997. - 5 мамыр; Қазақ әдебиеті. - 1997. - 6 мамыр.

32. Әрінов А. Тұлпардың тұяғы: А. Ж. Машанов туралы // Орталық Қазақстан. - 1993. - 9 қаңтар.

33. Әрінұлы А. Жасай бер ғалым ата!: Ғалым А. Ж. Машанов туралы // Қарқаралы газеті. - 1997. - 21 қазан.

34. Бейбітұлы Р. Токсанның төрінде отыр тектілік: әл-Фарабидің зерттелуіне үлес қосқан А. Машанов туралы // Жас алаш. - 1996. - 15 қазан.
35. Бейсенова Ә. Жеті қат жерден сыр тартқан: А. Ж. Машанов туралы // Егемен Қазақстан. - 1996. - 19 қыркүйек.
36. Бердалинова Ғ. Жүз жасаңыз, ғалым ата!: Геология саласына 40 жыл қызмет еткен, қазақ тілінде оқулық жазған ғалым А. Ж. Машанов туралы // Қостанай таңы. - 1996. - 27 қыркүйек.
37. Бердибаев Р. Аль-Фараби "Аристотель Востока": об А. Ж. Машанове // Ленинская смена. - 1966. - 8 дек.
38. Бердібаев Р. Ғұлама мұраты: ғылым мүддесіне шын берілген азамат, профессор А. Ж. Машановтың еңбектері жайында // Жас алаш. - 1991. - 13 қараша.
39. Букринский В.А., Попов В.Н. Выдающийся исследователь недр Машанов А. Ж. // Вестн. КазНТУ. - 1996. - № 3. - С. 23-27.
40. Ғұлама ғалым Ақжан Машанидің 100 жылдығын қалай атап өтеміз?: Дөңгелек үстелді жүргізген Есдәулет Ұ. // Қазақ әдебиеті. - 2003. - 4 сәуір.
41. Дәуітқызы Г. Ұлт айнасы - Ақжан ата: А. Ж. Машанов туралы естелік // Қазақстан заман. - 2003. - 6 маусым.
42. Дербісәлі Ә. ғұламаның шапағаты: ғалым А. Ж. Машанов туралы естелік // Қазақ әдебиеті. - 2003. - 13 маусым.
43. Дербісәлиев Ә. Өнегелі ғұмыр: Ғалым А. Ж. Машанов - 90 жаста // Қазақ әдебиеті. - 1996. - 17 қыркүйек.
44. Донкушева А. С., Ибрагимова Т. И. Руханият және біліктілік азығы // Проблемы геомеханики и рационального использования недр: Материалы научно-технической конференции, посвященной 90-летию юбилею заслуженного деятеля науки Казахстана, члена-корреспондента НАН РК, профессора А.Ж. Машанова. - Алматы, 1996. - 123 б.
45. Есенов Ш. Е. Машанов Ақжан Жаксыбекович: член-корреспондент Академии наук КазССР, специалист в области механики горных пород // Академия наук КазССР. - Алма-Ата, 1970. - С. 81-84.
46. Жармагамбетов Н. Дорогое имя: член-корреспондент Академии наук КазССР Машанов А. Ж. // Наука Казахстана. - 1996. - 16 сент.
47. Зиманов С. Мерей той лебізі: А. Ж. Машанов туралы // Қазақ үні. - 1996. - 9 қазан.
48. Зиманов С. Он второй раз вернул аль-Фараби на казахскую землю: Машанов А. Ж. // Вечерний Алматы. - 1996. - 2 окт.
49. Қарамендітегі Т. Тақиялы аға: ғалым А. Ж. Машанов туралы естелік // Қазақ әдебиеті. - 2003. - 13 маусым.
50. Қаупынбайұлы Т. Токсанның толғауы (Наурыз мейрамы туралы): А. Ж. Машанов туралы // Жетісу. - 1996. - 22 наурыз.
51. Мархабаев А. әл-Фараби ізімен // Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі. - 2003. - № 17. - 1 қыркүйек.

52. Мархабаев А. Қиял құсының самғауы: [Рец. кітапқа] А. Машанов. Табу. Алматы: Қазақстан, 1982 // Қазақ әдебиеті. - 1983. - 15 июль.
53. Машанов Акжан Жаксыбекович // Вестник МН-АН РК. - 1997. - № 3. - С. 91-92.
54. Машанов Акжан Жаксыбекович // Академия наук Казахской ССР: Справочник. - Алма-Ата, 1987. - С. 42-44.
55. Машанов Акжан Жаксыбекұлы // Абай: Энциклопедия. - Алматы, 1995. - 401 б.
56. Машанов Акжан Жаксыбекұлы // Қазақ Совет энциклопедиясы. - Алматы: Қазақ Совет энциклопедиясының Бас редакциясы, 1975. - Т. 7. - 536 б.
57. Машанова Ж. Ш. "Қарлығаш ерлігін" қайталаған Әл-Машани // Әл-Фараби ғылым мен мәдениет тарихында: әл-Фарабидің 1130 жылдығына арналған республикалық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. - Қостанай, 2003. - 13-14 б.
58. Нәсенов Б. Абыралы - сұңқарлары. - Новосибирск, 2002. - III бөлім, 4-кітап. - 168-174 б.
59. Нұрпейісова М. Б. Ғұлама: Машанов А. Ж. // Қазақ әдебиеті. - 2004. - 1 қазан.
60. Нұрпейісова М. Б. Ұстаздардың ұстазы: Машанов А. Ж. туралы // ҚазҰТУ хабаршысы. - 1996. - № 3. - 20-23 б.
61. Обухова С. Просветитель: Машанов А. Ж. // Индустриальная Караганда. - 1989. - 29 авг.
62. Отарбаев Ж. О. Рухани дүниеміздің мақтанышы // Әл-Фараби ғылым мен мәдениет тарихында: әл-Фарабидің 1130 жылдығына арналған республикалық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. - Қостанай, 2003. - 4-5 б.; Вестн. КазНТУ. - 2001. - № 4. - 4 б.
63. Рақышев Ж. Ғұлама жайлы сөз: Әбу Насыр әл-Фарабидің өмірі мен еңбектерін зерттеуші А. Ж. әл-Машани жайлы естелік // Орталық Қазақстан. - 2000. - 18 қазан.
64. Сапаралин Б. Ақиқат таным сыйы: Ғалым А. Ж. Машанов 80 жаста // Білім және еңбек. - 1986. - № 8. - 36-37 б.
65. Сәулебектегі А. Акжан әл-Машани // Жас алаш. - 2003. - 19 маусым.
66. Сыдықов Ұ. Е. Ғұлама ғалым Акжан Машанидің 100 жылдығын қалай атап өтеміз?: Дөңгелек үстел // Қазақ әдебиеті. - 2003. - 4 сәуір.
67. Сыздықова Р. Ғылым асқарында: Көрнекті ғалым-ұстаз А. Ж. Машанов 80 жаста // Жетісу. - 1986. - 9 қыркүйек.
68. Тобаяқов Б. "Шындық іздеген заман жетті": Ғалым А. Машановпен әңгіме // Зерде. - 1989. - № 9. - 1-3 б.
69. Тобаяқов Ж. О. А. Машанов және ғылымның жаңа салалары // Проблемы геомеханики и рационального использования недр: Материалы научно-технической конференции, посвященной 90-летию юбилею

заслуженного деятеля науки Казахстана, члена-корреспондента НАН РК, профессора А.Ж. Машанова. - Алматы, 1996. - 129 б.

70. Тоқсанның толғауы: А. Ж. Машановпен сұхбат // Парасат. - 1997. - № 3. - 14 б.

71. Туякбаев Т. Машанов Акжан Жаксыбекович // Казахская ССР: Краткая энциклопедия. - Алма-Ата, 1989. - Т. 3. - С. 321.

72. Хасанов М. өмірдің мәні - күштарлықта!: Ғалым А. Машановпен әңгіме // Орталық Қазақстан. - 1989. - 29 авг.

**АҚЖАН ӘЛ-МАШАНИ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ
ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШІ
ХРОНОЛОГИЧЕСКИЙ УКАЗАТЕЛЬ ТРУДОВ
АКЖАН АЛЬ-МАШАНИ**

1939

1. Таулар қалай құрылған. - Алматы: Қазмембас, 1939. - 29 б. Текст латын әрпімен жазылған.

1942

2. Древние горные выработки в Казахстане // Древность Казахстана. - Алма-Ата: Наука, 1942.

1944

3. О древней истории Казахстана: О книге Семенова-Зусера / АН КазССР. - Алма-Ата, 1944.

4. Структура Тургайского рудного поля: Дис. ... канд. техн. наук / АН КазССР. - Алма-Ата, 1944.

1946

5. Основы новой методики изучения структуры рудных полей // Изв. КазФАН СССР. Сер. геол. - 1946. - Вып.8. - С. 21-27. - Библиогр.: 42 назв. (Тема докторской диссертации).

1947

6. Векторный метод изучения геологической структуры // Труды ВНИТО. - Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1947.

1948

7. Жер сыры. - Алматы: ҚазССР ҒА баспасы, 1948. - 183 б.

8. М.В. Ломоносовтың геология және металлургия жайындағы ұлы мирастары. - Алматы: ҚазССР ҒА баспасы, 1948. - 24 б.

9. Таулар қалай құрылған. - Алматы: ҚазССР ҒА баспасы, 1948. - 36 б.

10. Геометризация геологических структур. - Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1948.

11. Некоторые вопросы изучения трещинной тектоники. - Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1948.

12. Общий план деформации земной коры. - Алма-Ата: Наука, 1948.

1949

13. Жер сілкіну. - Алматы: Турксиб, 1949. - 28 б.: суретті.
14. Тіршіліктің шығуы және дамуы. – Алматы: Қаз. бірік. мем. бас, 1949. - 36 б.
15. Структура района горы Чертыбай // Изв. АН КазССР. Сер. геол. – 1949. – Вып. 11.
16. Структура рудного поля и метод ее изучения // Там же.
17. Структура Текелийского рудного поля // Там же.
18. Элементарные частицы структурных форм // Там же. - С. 143-147.

1950

19. Атылатын заттар / Ред. Ш. И. Ибраев. - Алматы, 1950.
20. О методике преподавания геолого-географических дисциплин на казахском языке: Рукопись / АН КазССР. - Алма-Ата, 1950.
21. Полезные ископаемые Казахстана. - Алма-Ата, 1950.- 20 с.
22. Терминологический русско-казахский словарь. Геология, горное дело и металлургия. – Алма-Ата: Наука, 1950

1952

23. К вопросу изучения структуры рудного поля // Изв. АН КазССР. Сер. геол. - 1952. - Вып. 12. - С. 53-59. – Библиогр.: 5 назв.
24. О некоторых принципах горной геометрии П.К. Соболевского // Там же. – С. 104-106.

1954

25. Жер құрылысы. - Алматы: Қазақ мем. ОПБ, 1954. – 184 б.: суретті.
26. О теоретической основе выбора места заложения шахты по методу П.К. Соболевского // Сборник научных трудов Казахского горнометаллургического института. - 1954. - № 7. Геология, горное дело, металлургия. - С. 335-350.

1955

27. О древних вулканах Казахстана // Сборник рефератов научных работ КазПТИ. – 1955. – Вып.6. – С. 55-58.
28. О современных взглядах на процессы формирования земной коры // Учен. зап. Алма-Ат. гос. пед. и учит. ин-та им. Абая. Сер. естеств.-геогр. - 1955. - Т. 7. - С. 79-88.

1957

29. Жер астына саяхат: Ғылыми-фантастикалық әңгімелер. - Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1957. - 231 б.: суретті.

1958

30. Аспан ертегілері // Жұлдыз. - 1958. - №7.
 31. Ғылыми фантазия әдебиеттің жанры // Сонда. - № 12.
 32. Ғылымның өрісі туралы // Лениншіл жас. - 1958. - № 1.
 33. Фантазия және шындық // Сонда. - № 11.
 34. Новая теория прочности материала. [Применительно к прочности массива горных пород] // Вестн. АН КазССР. - 1958. - № 7. - С. 13-27. - Библиогр.: 27 назв.
 35. Теоретическое и практическое определение коэффициентов поперечной деформации бокового давления и трения горных пород // Труды отдела горного дела и металлургии АН Киргизской ССР. - 1958. - Вып. 1. - С. 51-57. - Библиогр.: 14 назв.

1959

36. Аға ғалым // Жұлдыз. - 1959. - № 6. - 69-75 б.
 37. Ғылым ойдың әдеби жолы // Қазақ әдебиеті. - 1959. - № 17.
 38. Еңбек еңбекпен қатайсын // Лениншіл жас. - 1959. - 22 янв. (№ 16).
 39. Қазақстанның солтүстік облыстары // Сонда. - № 16-17.
 40. Қ. И. Сәтбаевтың 60 жылдығы // Жұлдыз. - 1959. - № 6.
 41. Влияние структуры массива на характер концентрации напряжений вокруг горных выработок // Сборник научных трудов Казахского горно-металлургического ин-та. - 1959. - № 20. - С. 286-298. - Библиогр.: 9 назв.
 42. Замечательные аналогии природных образов: [К доказательству аналогии между преобразованиями геометрических фигур, теориями прочности материалов и кристаллографических систем] // Вестн. АН КазССР. - 1959. - № 12. - С. 48-53.
 43. Краткий русско-казахский словарь терминов горного дела // Русско-казахский терминологический словарь. - Алма-Ата, 1959. - Т.1. - С. 107-140. (Соавт.: А.Ш. Мусин, Г.А. Айташев).
 44. Роль структуры массива при определении устойчивых форм свода выработок // Сборник научных трудов Казахского горно-металлургического ин-та. - 1959. - № 20. - С. 299-313. - Библиогр.: 11 назв.
 45. Теория прочности горных пород: Докл. на совещании по вопросу сдвига горных пород. - Усть-Каменогорск, 1959. - С. 133-145.
 46. Учет влияния структуры массива при расчете целиков // Сборник научных трудов Казахского горно-металлургического ин-та. - 1959. - № 20. - С. 314. - Библиогр.: 7 назв.

1960

47. Әйгілі астрономия // Қазақ әдебиеті. - 1960.
 48. Ғылым өрінде // Жұлдыз. - 1960. - № 11. - 129-132 б.

49. Орысша-қазақша терминология сөздігі. - Алматы: ҚазССР ҒА баспасы, 1960. - 3 т. Геология терминдері. - 201 б. (А. Әбдірахманов, Ж. Сыдықовпен бірге).

1961

50. Алтын бесік: Алтайдағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамыту жөнінде очерк // Восточно-Казахстанская правда. - 1961. - Окт.

51. әл-Фараби // ҚазССР ҒА Хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы. - 1961. - № 5. - 38 б.

52 әл-Фараби еңбектері туралы: Орта Азия ғалымдарының ең көрнектісі / ҚазССР ҒА-ның Хабаршысы. - 1961. - № 5. - 105-106 б.

53. Ғылым құпиясына аттану // Қазақ әдебиеті. - 1961. - 21 сәуір.

54. Жазудың пайда болуы // Білім және еңбек. - 1961. - № 8.

55. Механика массива горных пород. - Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1961. - 210 с.: ил., табл., 1 л. схем. – Библиогр.: 116 назв.

56. О полете в космос // Восточно-Казахстанская правда. - 1961.

1962

57. Әбу-Наср әл-Фараби еңбегі алғашқы рет қазақ тілінде // Білім және еңбек. - 1962. - № 1. - 4 б.

58. Әбу-Наср әл-Фараби философия үйрену үшін шарттар туралы қағида / Рисала // Сонда. - 5-6 б.

59. О роли маркшейдерской службы в охране недр // Материалы Республиканской научно-технической конференции по вопросам охраны недр, г. Караганда. – Караганда, 1962.

1963

60. Аспан баспалдағы // Соц. Қазақстан. - 1963. - 1 мамыр.

61. Баймен // Сонда. – 1 қаңтар.

62. Табиғат ұлы оқытушы // Білім және еңбек. - 1963. - № 9. - 8-11 б.

63. Аристотель Востока // Юный техник. - 1963. - № 8. - С. 57-59.

1964

64. Әбу Наср әл-Фараби // Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары. - Алматы, 1964. - 46-84 б.

65. Естественные блоки массива горных пород как характерные элементы // Сборник научных трудов КазПТИ. – 1964. - № 2. – С. 121-132.

66. Некоторые вопросы прикладной механики и статики с применением к маркшейдерскому делу // Материалы Уральской межобластной маркшейдерской конференции. – Свердловск, 1964.

67. О характерных углах между системами трещин // Сборник статей аспирантов и соискателей: Геология и горное дело. - 1964. - С. 98.

68. Эллипсоид деформаций для элементарного структурного блока горных пород // Там же. – С. 107-114.

1965

69. Сөздің әдемілігі оны түсінуде // Жұлдыз. - 1965. - № 12.

70. Табиғат жұлдыздан жоғары // Білім және еңбек. - 1965. - № 6.

71. Абунасыр Фараби // Великие ученые Средней Азии и Казахстана / VIII-XIX вв./ - Алма-Ата: Казахстан, 1965. - С. 25-42.

72. Гармония недр. (Закономерности развития трещин в условиях недр) // Научная конференция по механике горных пород. Алма-Ата, 30 сент.-5 окт. 1965 г.: Аннотации докл. - Алма-Ата, 1965. - С. 31-32.

73. Изучение структуры Акбастау-Кусмурунского рудного поля / КазПТИ. – Алма-Ата, 1965.

74. Трещинная тектоника как один из основных элементов структурных горных пород // Сборник научных трудов КазПТИ. – 1965. - № 25. – С. 400-410.

1966

75. Геологиялық жорық. - Алматы, 1966. - 24 б.

76. Аль-Фараби и математика // Международный конгресс математиков. - 1966.

77. Гармония недр: (Закономерности развития трещин в условиях недр) // Материалы Первой Всесоюзной конференции по механике горных пород. - Алма-Ата, 1966. - С. 24-29.

78. Закономерности развития систем трещин в скальных породах / горная механика // Горная академия. – 1966. - № 8. – С. 464-456.

79. К нормативам засорения и потери экибастузских углей // Горное дело. – 1966. – С. 156-160. (Соавт.: Б.И. Жумадильдинов, П.И. Левин, К.А. Мелехов, Т.К. Айткалиев).

80. Корреляционная связь с объемным весом и зольностью карагандинских углей // Сборник статей аспирантов и соискателей: Горное дело.-1966. -Т.2. (Соавт.: К.М. Макетов, Б.И. Жумадильдинов).

81. Минимальная ширина в трещиноватых скальных породах // Горное дело. – 1966. – Вып.2. – С. 166-171.

82. О распределении ценных компонентов на месторождении "Западный Каражал" // Горное дело. – 1966. – Вып. 2. – С. 144-154. (Соавт.: М.Б. Естаев, К.М. Макетов, Б.М. Жаркимбаев).

83. Über Gesetzmäßigkeiten der Entwicklung von Spaltensystemen in Felsgesteinen // Bergakademie.- 1966. - № 8. - P. 466.

1967

84. Фараби санаты // Білім және еңбек. - 1967. - № 12. - 1-3 б.

85. Абу Наср Фараби // Лен. смена. - 1967. – 12 янв.

86. Исчисление аль-Фараби // Знание - труд. - 1967.

87. Фараби // Лен. смена. - 1967. - 11 июля.

1968

88. К оценке устойчивости откосов по плоскостям ослабления // Гор-ное дело. – 1968. – Вып. 4. – С. 57-62.

1969

89. Көк өгіз. - Алматы, 1969.

90. Кристаллография, минерология, петрография: Студенттерге арн. оқу құралы. - Алматы: Мектеп, 1969. - 368 б.

91. Тоғыз жолдың торабы. Фараби зираты // Қазақ әдебиеті. - 1969. - 1 қаңтар.

92. Геомеханика как раздел геометрии недр // Результаты и перспективы геометризации месторождений минерального сырья. - М.: МГИ, 1969.

93. Казахстанская школа маркшейдеров-геометров // Сборник к 100- летию П.К. Соболевского. – М.: МГИ, 1969.

94. Некоторые результаты применения метода геометрии недр при изучении структуры месторождений полезных ископаемых // Результаты и перспективы геометризации месторождений минерального сырья. – М.: МГИ, 1969. – С. 52-54. (Соавт.: С.А. Базарбаев, Калимбетов, Ж.Г. Орманова).

95. Некоторые упрощения выбора места заложения ствола шахты по методу проф. П.К. Соболевского // Там же.

96. Развитие геометрии недр в Казахстане // Сборник к 100- летию П.К. Соболевского. – М.: МГИ, 1969.

1970

97. Әл-Фараби [870-1970]: Тарихи-деректі кітап. - Алматы: Жазушы, 1970. - 245 б.: суретті.

98. Әл-Фараби кітаптарын жинау туралы // Қазақ әдебиеті. - 1970.

99. Ғылыми фантастикалық әдебиеттер туралы // Білім және еңбек. - 1970. - № 10.

100. Тас тіркеудің геометриялық өлшемдерінің қатынасына қарай оның беріктігінің өзгеру заңдылығы // ҚазССР ҒА Хабаршысы. - 1970. - № 11. - 69-72 б. (У. Сәбденбековпен бірге).

101. Ұлы ғалым мұралары // Соц. Қазақстан. - 1970. - 2 желтоқсан. (О. Жәутіков, А. Көбесовтермен бірге).

102. Астрономическое наследие аль-Фараби // Вестн. АН КазССР. – 1970. - № 11. – С. 43-44.

103. Влияние фактора времени на механическую прочность пород при

разработке месторождений полезных ископаемых // Горное дело. Сб.1. – Алма-Ата: Наука, 1970. – С. 165-168. (Совместно с Ж.Г. Ормановой).

104. Некоторые структурные данные Акбастау-Кусмурунского поля // Геология. – 1970. – С. 70-75. (Соавт.: С.А. Базарбаев, Ш. Жаканов).

105. О закономерностях изменения прочности целиков с возрастанием их высоты // Вестн. АН КазССР. – 1970. – № 11. – С. 69-72. (Соавт. У. Сабденбеков).

1971

106. Алда атқарылар шаруа көп: [әл-Фараби еңбектерін зерттеу] // Білім және еңбек. - 1971. - № 3. - 26-27 б.

107. Ғылым тарихы жөніндегі келелі кеңес: [Ғылым тарихшыларының дүниежүзілік ХІІІ конгресі Фараби жайында] // Соц. Қазақстан. - 1971. - 2 қыркүйек.

108. Аль-Фараби: Исторический очерк. - Алма-Ата: Жазушы, 1971.

109. О методике исследования структурных элементов месторождения Аккарга // Геология и разведка недр. - 1971. - № 2. - С. 5-8.

110. Об устойчивой форме свода выработок // Вестн. АН КазССР. - 1971.

111. Основная черта механизма тектоники Акбастау-Кусмурунского рудного поля // Геология и разведка недр. - 1971. - № 2. - С. 9-14. (Соавт.: С.А.Базарбаев, У. Сабденбеков).

112. Основы горной геомеханики. - Алма-Ата, 1971. - 150 с.

1972

113. Календарь туралы // Білім және еңбек. - 1972. - № 5.

114.От-тас: Повесть-Буриме // Сонда. - № 1.-12-13б. (А-Х. Мархабаевпен бірге).

115. Аль-Фараби переводят геолог и математик // Веч. Алма-Ата. - 1972. - 28 окт.

116. Горный инженер-маркшейдер при современном развитии науки и техники // Материалы VII учебно-методической конференции профессорско-преподавательского состава КазПИИ. - Алма-Ата, 1972. - С. 3-4.

117. Изучение структурных особенностей мраморных месторождений как основа их рациональной разработки // Горное дело. - 1972. - Вып. 8. - С. 113-115. (Соавт.: Б.О. Орынбаев, М.Б. Естаев).

118. К подсчету объемов работ при стереофотограмметрической съемке карьеров // Там же. - С. 68-69. (Соавт.: Е.Б. Калмуратов, В.А. Антонов, М.Б. Естаев).

119. Математическое обоснование расчета деформации линейной складки в Талдыбулак-Джамантайском рудном районе. - Алма-Ата, 1972.

120. О влиянии положения выработок в массиве междуэтажного целика на его несущую способность // Проблемы разработки полезных ископаемых. - 1972. - Вып. 2. - С. 65-69. (Соавт.: У.С. Сабденбеков, А.Т. Махмутов).

121. Фараби и воспитание молодежи. - Алма-Ата: Казахстан, 1972.

1973

122. Біздің Фараби: [әл-Фарабидің туғанына 1100 жыл толуына] // Қазақстан әйелдері. - 1973. - № 9. - 7-8 б.
123. Екінші Аристотель: [әл-Фарабидің туғанына 1100 жыл толуына] // Жұлдыз. - 1973. - № 9. - 166-169 б.
124. Ол Беруни еді: [Берунидің туғанына 1000 жыл] // Білім және еңбек. - 1973. - № 10. - 12-13 б.
125. Он бес жылдан кейін...: [әл-Фараби еңбектерін зерттеу] // Сонда. - № 4. - 25-29 б.
126. Фараби // Шарапат. - Алматы, 1973. - 95-110 б.
127. Математическая постановка и решение одной горнотехнической задачи // Сборник по вопросам математики и механики. - 1973. - Вып. 2. - С. 268-273. (Соавт. Б. Орынбаев).

1974

128. Влияние трещиноватости массива на сдвигение горных пород месторождения Чулактау // Горное дело. - 1974. - Вып. 10. - С. 51-55. (Соавт.: М.Б. Нурпеисова, Ш.С. Бекбасаров).
129. [Рец. на кн.] Даирбеков О.Ж. Проблемы эффективности и рациональной разработки месторождения Казахстана // Народное хозяйство Казахстана. - 1974. - № 12. - С. 87-88. (Соавт.: О.К. Байконуров, К.М. Макетов).
130. К вопросу технико-экономической оценки качественных и количественных потерь // Материалы конференции, посвященной 110-й годовщине В.И. Ленина / КазПТИ. - Алма-Ата, 1974. - С. 195-198. (Соавт. К.М. Макетов).
131. Прогнозирование направлений смежных сопряженных плоскостей в массиве горных пород // Горное дело. - 1974. - Вып. 10. - С. 33-36. (Соавт.: К.М. Макетов, О. Т. Токмурзин, С.К. Кажғалиева).
132. Элементы прикладной геометрии в трудах ученых Средней Азии и Казахстана /средние века/ // Прикладная геометрия и инженерная графика. - Алма-Ата, 1974. - С. 3-11. (Соавт. Ж.М. Есмуханов).

1975

133. Космология кемеңгері // Соц. Қазақстан. - 1975. - 11 қыркүйек.
134. Көне Ефрат жағасында // Қазақ әдебиеті. - 1975. - 19 қыркүйек.
135. Өнер мен ғылымның тоғысқан шұғыласы: [әл-Фарабидің туғанына 1100 жыл толуына] // Жұлдыз. - 1975. - № 9. - 19-22 б.
136. Астрономические наследия аль-Фараби // Аль-Фараби и развитие науки и культуры Востока: Тез. докл. - Алма-Ата, 1975. - С. 43-44.
137. Геометрический способ построения сетки линии скольжения // Горное

дело. - 1975. - Вып. 11. - С. 131-134. (Соавт.: У.С. Сабденбеков, О.А. Сулейменов и др.).

138. Исследование трудов Фараби в Казахстане // Возвращение Учителя. О жизни и творчестве Фараби. - Алма-Ата, 1975. - С.105-106.

139. К вопросу определения коэффициента бокового распора // Горное дело. - 1975. - Вып. 11. - С. 128-131. (Соавт.: У. С. Сабденбеков, О. А. Сулейменов и др.).

140. К обработке замеров трещин способом параллельных сечений с применением ЭВМ "Минск-32", "Проминь" // Там же. - С. 156-157. (Соавт.: С. К. Кажгалиева, О. Т. Токмурзин, Б. О. Орынбаев).

141. Космология аль-Фараби и ее влияние на Западе // Историко-астрономические исследования. - М., 1975.

142. Мыслитель Востока // Казахстан. правда. - 1975. - 14 сент.

143. Основной элемент анализа структуры рудного поля – естественный блок // Горное дело. - 1975. - Вып. 11. - С. 155-156. (Соавт.: С. К. Кажгалиева, О. Т. Токмурзин, Б. О. Орынбаев).

144. Разработка защитных пластов – один из перспективных методов борьбы с внезапными выбросами угля и газа в Карагандинском угольном бассейне // Проблемы разработки полезных ископаемых. - 1975. - Вып. 3. - С. 107-113. (Соавт. П. В. Долгов).

1976

145. Ғылым жолы – қия жол // Соц. Қазақстан. - 1976. - 27 май.

146. Элемент прикладной геометрии в трудах ученых Средней Азии и Казахстана. (Сред. века). Часть 2, 3 (Единичный круг) // Прикладная геометрия и инженерная графика. - 1976. - Вып. 2. - С. 3-14. - Библиогр.: 12 назв.

1977

147. Аналитический способ построения в массиве горных пород сетки линии скольжения // Вестн. АН КазССР. - 1977. - № 4. - С. 36-40. (Соавт.: М. А. Нурлыбаев, У. С. Сабденбеков, Р. А. Андабасов).

1978

148. Әл-Фараби космологиясына түсініктеме // Білім және еңбек. - 1978. - № 2. - 18 б.

149. Ғажайып от ошағында. - Алматы: Қазақстан, 1978. - 144 б. (Ж. Машановамен бірге).

150. Ғалым-ғылым - прогресс: [Сұхбат] // Білім және еңбек. - 1978. - № 2. - 18 б.

151. Задачи на построение теней в трудах аль-Фараби // Прикладная геометрия и инженерная графика. - 1978. - Вып. 3. - С. 105-107. (Соавт.: Ж. М. Есмуханов, С. К. Кажгалиева).

152. К оценке сложности строения рудных полей // Пути повышения эффективности маркшейдерских работ при разведке эксплуатации месторождений цветных металлов: Тез. докл. науч.-исслед. семинара ЦАИИ информации и ТЭП цв. металлургии. - 1978. - С. 62-64. (Соавт.: Н. К. Баязитов, А. К. Курманкожаев, Ж. Е. Кокумбаев).

1979

153. Введение в геомеханику: Лекционный курс для спец. 0201 "Маркшейдерское дело". - Алма-Ата, 1979. - 60 с.

154. Прикладная геометрия и аль-Фараби // Начертательная геометрия и черчение / КазПТИ. - Алма-Ата, 1979. - С. 91. (Соавт.: Ж. М. Есмуханов, С. К. Кажгалиева).

155. Расчет линии скольжения в массиве горных пород на основе их паспортов прочности // Вестн. АН КазССР. - 1979. - № 12. - С. 25-30. (Соавт.: У. С. Сабденбеков, Р. А. Андабасов).

1980

156. Таужыныстары // Казак Совет энциклопедиясы: Энциклопедиялык анықтама. - Алматы, 1980. - 60-64 б. (С.Б. Бәкіровпен бірге).

157. Аль-Фараби один из первых основоположников математического естествознания // Тезисы докладов и сообщений XV научной конференции профессорско-преподавательского состава. 21-23 окт. 1980 г. / КазПТИ. - Алма-Ата, 1980. - С. 95-96.

158. О роли аль-Фараби в развитии мировой цивилизации // Там же. - С. 94-95.

1981

159. Аспаннан жалын жауған күн // От-тас. - Алматы, 1981. - 3-76.

160. Устойчивость уступов и бортов карьеров бассейна Каратау. - Алма-Ата: Наука, 1981. - 120 с.: ил., табл. - Библиогр.: 61 назв. (Соавт.: М. Е. Певзнер, Ш. С. Бекбасаров).

1982

161. Табу: ғылыми-фантастика. - Алматы: Қазақстан, 1982. - 144 б.

1983

162. Мұршид қыз: [ҚазССР ҒА корреспондент мүшесі Кен қазу технологиясының тұңғыш маманы Ж. Қанлыбаева туралы] // Қазақстан әйелдері. - 1983. - № 7. - 12-13 б.

1984

163. Жер механикасы: [Геология жайлы жазған өзінің "Геомеханика негіздері" деген еңбегі жайлы] // Білім және еңбек. - 1984. - № 5. - 6 б.

1985

164. Көз – таразы, көңіл қазы: Даналық өлшемнің түп-тамыры // Білім және еңбек. - 1985. - № 1. - 22-23 б.

165. К вопросу геомеханического анализа структуры рудных полей // Начертательная геометрия и инженерная графика. - Алма-Ата, 1985. - С. 45-48. (Соавт. К. Кажғалиева).

166. Основы геомеханики скально-трещиноватых пород / Отв. ред. В.И. Борд-Компониец. - Алма-Ата: Наука, 1985. - 192 с.: ил., табл. - Библиогр.: 103 назв. (Соавт. А. А. Машанов).

1986

167. Ғұлама ғалым әл-Фараби еңбектері хақында // Қазақстан мектебі. - 1986. - № 9. - 71-79 б.

1988

168. Фарабимен қауыштырған журнал: (Білім және еңбек) // Лениншіл жас. - 1988. - 30 сент.

1989

169. Өмірдің мәні - құштарлықта // Орталық Қазақстан. - 1989. - 20 тамыз.

1990

170. Әл-Фараби заманы жаңа басталды // Өркен. - 1990. - 17 сент.

171. Ұлы ғалымды түсіндіріп тарату // Қазақ әдебиеті. - 1990. - 6 ақпан.

1993

172. Әл-Фараби және ислам // Зерде. - 1993. - № 11. - 10-11 б.

173. Батыр – ғұлама: [Ислам діні жайында] // Сонда. - №2. - 22-24 б.

1994

174. Әл-Фараби және Абай. - Алматы: Қазақстан, 1994. - 192 б.

175. Әл-Фараби, Кеплер, Галилей және ислам ғылымы // Зерде. - 1994. - № 3. - 22-24 б.

176. Әл-Фарабидің нұрнамасы // Сонда. - № 2. - 22-24 б.

177. Әулие үшкілі: [Табиғи ғылымдағы кеңістік мәселесі] // Сонда. - № 7. - 26 б.

178. Ислам діні және ғылым // Шалқар. - 1994. - 28 шілде.

179. Исламға дейінгі діндерге қысқаша шолу // Зерде. - 1994. - № 1. - 23-24 б.
180. Қазығұрттың басында кеме қалған... // Сонда. - № 6. - 222 б.
181. Ұлттық дәстүр тұрғысынан: [Аты-жөннің жазылуы жөнінде] // Егемен Қазақстан. - 1994. - 17 тамыз.
182. Философия таласты майдан // Сонда. - № 5. - 22 б.
183. Геомеханика: Учебное пособие. - Алма-Ата: Білім, 1994. - 120 с. (Соавт. Т.Б. Толеубаев).

1995

184. Абай – ислам жолындағы дана // Сарыарқа. - 1995. - 8 тамыз.
185. Мүшел басы – доңыз: [Астрол. есептеу] // Ана тілі. - 1995. - 22 наурыз. (Ш. Әбдіраманмен бірге).
186. Сәуленің сыну заңы: [әл-Фараби бойынша] // Информатика - физика-математика. - 1995. - № 2. - 35-37б.

1996

187. Адами және ғалыми парыз: [Ақаңның барлық ғалым, зиялы қауымға толғау-үндеуі] / Ықшамдап ұсынған Ш. Әбдіраман // Ана тілі. - 1996. - 28 шілде.
188. Ай арысы ғалым жаңалықтары. – Алматы: Респ. баспа кабинеті, 1996. - 100 б.: ил. - Библиогр.: 26 атау.
189. Қазақстанның тас, қола дәуір мирастары. - Алматы, 1996. – 174 б. (Т.А. Ақышевпен бірге).
190. Наурыздың үш мың жылдық тарихы бар // Заң газеті. - 1996. - 20-26 наурыз.

1997

191. Сәуленің сыну заңы: [әл-Фараби бойынша] // Информатика-физика-математика. - 1997. - № 3. - 66 б.
192. Ұрпаққа ұрпақ үн қатып: [Жастар тәрбиесі жайында пікірлер] // Заман Қазақстан. - 1997. - 1 қаңтар. (З. Қабдолов. Н. Келімбетовтермен бірге).

1998

193. Үш бастау: [ғылыми тұжырымдар] // Алдаспан. - 1998. - № 1-2. - 28-29 б.

1999

194. Естен кетпес күндер // Заңғар: (Қ. Сәтбаев туралы естеліктер). - Алматы: Айкос, 1999. - 149-154 б.
195. Қанышпен болған сапар // Зерде. - 1999. - № 2. - 19 б.

2000

196. Жаратылыстың жеті жұмбағы / Дайындаған Т. Барласұлы // Жас Алаш. - 2000. - 17 маусым. ("Мыңнан бір мезет").

2001

197. Тұран аспаны: [Халқымыздың аспан әлемі жөніндегі түсініктері / Даярлап ұсынған Ш. Әбдіраман] // Зерде. - 2001. - № 3. - 12-13 б.; № 6. - 10-11 б.; № 10-11. - 22-23 б.

2004

198. Әл-Фараби және бүгінгі ғылым / Ауд. Ш. Әбдіраман. - Алматы: Алаш, 2004. - 216 б.

2005

199. Әл-Фараби және Абай. Көп томдық шығармалар жинағы. - Алматы: Алатау, 2005. - Т. 2. - 20 б.т.

200. Әл-Фараби көпірі. Көп томдық шығармалар жинағы. - Алматы: Алатау, 2005. - Т. 1. - 20 б.т.

**ПЕРЕВЕДЕННЫЕ НА КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК
И ОТРЕДАКТИРОВАННЫЕ РАБОТЫ
А.Ж. МАШАНОВА**

1. Болгожин Ш.А., Клиновницкий Ф.И. Геомеханические условия охраны подготовительных выработок при обработке угольных пластов /Отв. ред. А.Ж. Машанов. – Алма-Ата: Наука, 1982.- 88 с.
2. Гастеев В.Г. Выплавка свинца.–Алма-Ата:КазОГИЗ,1940.(на каз. яз.).
3. Ибраев. Взрывчатые вещества. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1949. (на каз. яз.).
4. Когтев Н.Н. Освещение шахты.–Алма-Ата:КазОГИЗ,1940.(на каз.яз.).
5. Мушкетов И.В. Краткий курс общей геологии. – Алма-Ата: Казиздат, 1940. (на каз. яз.).
6. Обручев В.А. Основы геологии. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1950. (на каз. яз.).
7. Пальгов. Очерки и картины Казахстана. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1949. (на каз. яз.).
8. Потемкин И. Геология и минералогия. – Алма-Ата: КазОГИЗ, 1940. (на каз. яз.).
9. Уразумбетов П. В помощь колхозному строительству. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1950. (на каз. яз.).
10. Физико-механические свойства горных пород и их влияние на процесс сдвижения массива. – Алма-Ата: Наука, 1972. – 88 с. (Совместно с К.Ш. Канлыбаевой, К. Бакитовым, К.М. Джанбуршиной).
11. Шахов И.И. Металлургия меди. – Алма-Ата: КазОГИЗ, 1940. (на каз. яз.).

ОТЧЕТЫ ПО НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОМ РАБОТЕ

1. Отчет о полевой работе Багазы-Джелтауского геологического отряда: Рукопись / Фонды АН КазССР. - Алма-Ата, 1939.
2. Отчет о работе геологического отряда в Чубартауском районе: Рукопись / Фонды АН КазССР. - Алма-Ата, 1939.
3. Отчет о работе на Лениногорском руднике: Рукопись / Фонды АН КазССР. - Алма-Ата, 1941.
4. Отчет о работе на Тургайском руднике: Рукопись / Фонды АН КазССР. - Алма-Ата, 1942.
5. Отчет о работе на Джекказганских рудниках: Рукопись / Фонды АН КазССР. - Алма-Ата, 1943.
6. Отчет о работе на полиметаллических месторождениях Каратау: Рукопись / Фонды АН КазССР. - Алма-Ата, 1944.
7. Отчет о работе на Текелийском руднике: Рукопись / Фонды АН КазССР. - Алма-Ата, 1948.

8. Предварительный отчет по геологическому изучению Коксуйского месторождения: Рукопись / Фонды АН КазССР. - Алма-Ата, 1950.

9. Исследование количественных и качественных показателей углей и установление норматива потерь и разубоживания на углерезах Экибастуза: Промежуточный отчет по теме №383. - Алма-Ата, 1965. - 97с.

10. Исследование потерь и разубоживание при разработке железорудных месторождений Атасу: Отчет КазПТИ им. В.И. Ленина. - Алма-Ата, 1965.

11. Исследование сдвижения горных пород и обрушивание вмещающих пород при обработке горизонтов рудника "Молодежный": Отчет по хоз. договорной теме КазПТИ. - Алма-Ата, 1967.

12. Исследование структуры и трещинной тектоники Джетыгорынского Хризотил-асбестового месторождения: Отчет по хоз. договорной теме № 573 / КазПТИ. - Алма-Ата, 1970.

13. Структура и вещественный состав пород и руд Аккаргинского золоторудного месторождения: Отчет по хоз. договорной теме №573 / КазПТИ. - Алма-Ата, 1970.

14. Установление направления горных работ по карьере "Южный" в условиях южно-кемперсайского месторождения: Отчет по хоз. договорной теме / КазПТИ. - Алма-Ата, 1972.

15. Исследование вопросов качества руд в условиях Карагайского месторождения: Отчет по хоз. договорной теме / КазПТИ. - Алма-Ата, 1974.

16. Обоснование углов устойчивости откосов борта Жейремского карьера: Отчет по хоз. договорной теме / КазПТИ. - Алма-Ата, 1974.

17. Установление границ имеющейся зоны сдвижения Текелийского рудника, включая участок "Западное Текели": Отчет (промежут.) Шифр темы 632/4 № Гр. 01830026125: Инв. № 0285. 089401. - Алма-Ата, 1985. - 80 с.

18. Установление границ, имеющейся зоны сдвижения Текелийского рудника, включая участок "Западное Текели". Усовершенствование методики маркшейдерских наблюдений за сдвижением горных пород с использованием гидрокомпаса МВТ-2-1 и светодальномера МСД-1 М: Отчет (промежуточный)- шифр темы № 632/4 / КазПТИ. - Алма-Ата, 1986. - 62 с.

19. Исследование удароопасности месторождений комбината "Каззолото" с разработкой рекомендаций по безопасному ведению горных работ: Отчет о НИР (заключительный). 4.74.86. ГР. 01860114710:0032116. - Алма-Ата, 1988. - 34 с.

20. Исследование сдвижения горных пород и земной поверхности на рудниках "Жолымбет" и "Бестюбе" комбината "Каззолото": Отчет о НИР (промежут.). - 4.196.88: Гр. 018900042906. Инв. № 0290.0.025057. - Алма-Ата, 1989. - 33 с.

**ДИССЕРТАЦИИ НА СОИСКАНИЕ УЧЕНОЙ СТЕПЕНИ КАНДИДАТА
ТЕХНИЧЕСКИХ НАУК, ВЫПОЛНЕННЫЕ ПОД НАУЧНЫМ
РУКОВОДСТВОМ А.Ж. МАШАНОВА**

1. Жаркимбаев Б.М. Исследование потерь и разубоживания при открытой разработке железорудных месторождений: На примере Западного Каражала / КазПТИ. - Алма-Ата, 1966. - 157 с.
2. Жумадильдинов В.И. Исследование потерь и разубоживание угля в условиях Экибастузского месторождения / КазПТИ. Алма-Ата, 1988. - 131 с.
3. Естаев М.Б. Исследование полноты и качества извлечения запасов железных руд при разработке месторождения Западный Каражал подземным способом / КазПТИ. - Алма-Ата, 1970. - 182 с.
4. Сабденбеков У.С. Исследование устойчивости потолочных целиков при этажнокамерной системе разработки с открытым выработанным пространством / КазПТИ. - Алма-Ата, 1972. - 145 с.
5. Кажгалиева С.К. Исследование путей усовершенствования методики съемки и обработки массовых замеров трещиноватости на примере Зырянского и Николаевского карьеров / КазПТИ. - Алма-Ата, 1973. - 147 с.
6. Нурпеисова М.Б. Исследование процесса сдвижения горных пород и поверхности под влияние подземных разработок. На примере месторождения "Чулактау" / КазПТИ. - Алма-Ата, 1974. - Т.1.-135 с.; Т.2. - 84 с.
7. Шмелев Н.П. Разработка методики нормирования и учета потерь и разубоживания для маломощных кимберлитовых месторождений сложного строения в условиях многолетней мерзлоты. На примере кимберлитовой трубки "Айхан" / КазПТИ. - Алма-Ата, 1974. - 140 с.
8. Орынбаев Б. Исследование трещинной анизотропии мраморных карьеров / КазПТИ. - Алма-Ата, 1974. - 121 с.
9. Итемгенов К.И. Исследование полноты и качества извлечения запасов железных руд в условиях Лисаковского месторождения. - Алма-Ата, 1975
10. Калмуратов Е.Б. Исследование применения наземной стереофотограмметрической съемки при оценке качества буровзрывных работ в условиях Николаевского карьера / КазПТИ. - Алма-Ата, 1975. - 145 с.
11. Бекбасаров Ш.С. Исследование структуры и прочности скальных трещиноватых пород для оценки устойчивости откосов. На примере карьера Аксай комбината Каратау / КазПТИ. - Алма-Ата, 1976 - 170 с.

ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ӘЛШЫЛІК КӨРСЕТКІШІ АЛФАВИТНЫЙ УКАЗАТЕЛЬ ТРУДОВ

- Абай – ислам жолындағы дана 184
 Аға ғалым 36
 Адами және ғалыми парыз 187
 Ай арысы ғалым жаңалықтары 188
 Алда атқарылар шаруа көп 106
 Алтын бесік 50
 Аспан баспалдағы 60
 Аспан ертегілері 30
 Аспаннан жалын жауған күн 159
 Атылатын заттар 19
 Әбу Насыр әл-Фараби 64
 Әбу-Насыр әл-Фараби еңбегі алғашқы рет қазақ тілінде 57
 Әбу-Насыр әл-Фараби философия үйрену үшін шарттар туралы қағида 58
 Әйгілі астрономия 47
 Әл-Фараби 51, 97
 Әл-Фараби еңбектері туралы 52
 Әл-Фараби және Абай 174, 199
 Әл-Фараби және бүгінгі ғылым 198
 Әл-Фараби және ислам 172
 Әл-Фараби заманы жаңа басталды 170
 Әл-Фараби, Кеплер, Галилей және ислам ғылымы 175
 Әл-Фараби космологиясына түсініктеме 148
 Әл-Фараби көпірі 200
 Әл-Фараби кітаптарын жинау туралы 98
 Әл-Фарабидің нұрнамасы 176
 Әулие үшкілі 177
 Баймен 61
 Батыр – ғұлама 173
 Біздің Фараби 122
 Геологиялық жорық 75
 Ғажайып от ошағында 149
 Ғалым-ғылым – прогресс 150
 Ғұлама ғалым әл-Фараби еңбектері хақында 167
 Ғылым жолы – қия жол 145
 Ғылым құпиясына аттаныс 53
 Ғылым ойдың әдеби жолы 37
 Ғылым өрінде 48

- Ғылым тарихы жөніндегі келелі кеңес 107
 Ғылыми фантазия әдебиеттің жанры 31
 Ғылыми фантастикалық әдебиеттер туралы 99
 Ғылымның өрісі туралы 32
 Екінші Аристотель 123
 Еңбек еңбекпен қатайсын 38
 Естен кетпес күндер 194
 Жазудың пайда болуы 54
 Жаратылыстың жеті жұмбағы 196
 Жер астына саяхат 29
 Жер құрылысы 25
 Жер механикасы 163
 Жер сыры 7
 Жер сілкіну 13
 Ислам діні және ғылым 178
 Исламға дейінгі діндерге қысқаша шолу 179
 Календарь туралы 113
 Космология кемеңгері 133
 Көз – таразы, көңіл қазы 164
 Көк өгіз 89
 Көне Ефрат жағасында 134
 Кристаллография, минералогия, петрография 90
 Қазақстанның солтүстік облыстары 39
 Қазақстанның тас, қола дәуір мирастары 189
 Қазығұрттың басында кеме қалған... 180
 Қанышпен болған сапар 195
 М. В. Ломоносовтың геология және металлургия жайындағы ұлы мирастары 8
 Мұршид қыз 162
 Мүшел басы – доңыз 185
 Наурыздың үш мың жылдық тарихы бар 190
 Ол Беруни еді 124
 Он бес жылдан кейін... 125
 Орысша-қазақша терминология сөздігі 49
 От-тас 114
 Өмірдің мәні - құштарлықта 169
 Өнер мен ғылымның тоғысқан шұғыласы 135
 Қ. И. Сәтбаевтың 60 жылдығы 40
 Сәуленің сыну заңы 186, 191
 Сөздің әдемілігі оны түсінуде 69
 Табиғат жұлдыздан жоғары 70

- Табиғат ұлы оқытушы 62
Табу 161
Тас тіркеудің геометриялық өлшемдерінің қатынасына қарай оның беріктігінің өзгеру заңдылығы 100
Тау жыныстары 156
Таулар қалай құрылған 1,9
Тоғыз жолдың торабы. Фараби зираты 91
Тұран аспаны 197
Тіршіліктің шығуы және дамуы 14
Ұлттық дәстүр тұрғысынан 181
Ұлы ғалым мұралары 101
Ұлы ғалымды түсіндіріп тарату 171
Ұрпаққа ұрпақ үн қатып 192
Үш бастау 193
Фантазия және шындық 33
Фараби 126
Фараби санаты 84
Фарабимен қауыштырған журнал 168
Философия таласты майдан 182
- Абу Наср Фараби 85
Абунасыр Фараби 71
Аль-Фараби 108
Аль-Фараби и математика 76
Аль-Фараби один из первых основоположников математического естествознания 157
Аль-Фараби переводят геолог и математик 115
Аналитический способ построения в массиве горных пород сетки линии скольжения 147
Аристотель Востока 63
Астрономические наследия аль-Фараби 136
Астрономическое наследие аль-Фараби 102
Введение в геомеханику 153
Векторный метод изучения геологической структуры 6
Влияние структуры массива на характер концентрации напряжений вокруг горных выработок 41
Влияние трещиноватости массива на сдвигение горных пород месторождения Чулактау 128
Влияние фактора времени на механическую прочность пород при разработке месторождений полезных ископаемых 103
Гармония недр 72, 77

- Геометризация геологических структур 10
- Геометрический способ построения сетки линии скольжения 137
- Геомеханика 183
- Геомеханика как раздел геометрии недр 92
- Горный инженер-маркшейдер при современном развитии науки и техники 116
- [Рец. на кн.] Даирбеков О.Ж. Проблемы эффективности и рациональной разработки месторождения Казахстана 129
- Древние горные выработки в Казахстане 2
- Естественные блоки массива горных пород как характерные элементы 65
- Задачи на построение теней в трудах аль-Фараби 151
- Закономерности развития систем трещин в скальных породах 78
- Замечательные аналогии природных образов 42
- Изучение структурных особенностей мраморных месторождений как основа их рациональной разработки 117
- Изучение структуры Акбастау-Кусмурунского рудного поля 73
- Исследование трудов Фараби в Казахстане 138
- Исчисление аль-Фараби 86
- К вопросу геомеханического анализа структуры рудных полей 165
- К вопросу изучения структуры рудного поля 23
- К вопросу определения коэффициента бокового распора 139
- К вопросу технико-экономической оценки качественных и количественных потерь 130
- К нормативам засорения и потери экибастузских углей 79
- К обработке замеров трещин способом параллельных сечений с применением ЭВМ "Минск-32", "Проминь" 140
- К оценке сложности строения рудных полей 152
- К оценке устойчивости откосов по плоскостям ослабления 88
- К подсчету объемов работ при стереофотограмметрической съемке карьеров 118
- Казахстанская школа маркшейдеров-геометров 93
- Корреляционная связь с объемным весом и зольностью карагандинских углей 80
- Космология аль-Фараби и ее влияние на Западе 141
- Краткий русско-казахский словарь терминов горного дела 43
- Математическая постановка и решение одной горнотехнической задачи 127
- Математическое обоснование расчета деформации линейной складки в Талдыбулак-Джамантайском рудном районе 119
- Механика массива горных пород 55

- Минимальная ширина в трещиноватых скальных породах 81
- Мыслитель Востока 142
- Некоторые вопросы изучения трещинной тектоники 11
- Некоторые вопросы прикладной механики и статики с применением к маркшейдерскому делу 66
- Некоторые результаты применения метода геометрии недр при изучении структуры месторождений полезных ископаемых 94
- Некоторые структурные данные Акбастау-Кусмурунского поля 104
- Некоторые упрощения выбора места заложения ствола шахты по методу проф. П.К. Соболевского 95
- Новая теория прочности материала 34
- О влиянии положения выработок в массиве междуэтажного целика на его несущую способность 120
- О древней истории Казахстана 3
- О древних вулканах Казахстана 27
- О закономерностях изменения прочности целиков с возрастанием их высоты 105
- О методике исследования структурных элементов месторождения Аккарга 109
- О методике преподавания геолого-географических дисциплин на казахском языке 20
- О некоторых принципах горной геометрии П.К. Соболевского 24
- О полете в космос 56
- О распределении ценных компонентов на месторождении "Западный Каражал" 82
- О роли аль-Фараби в развитии мировой цивилизации 158
- О роли маркшейдерской службы в охране недр 59
- О современных взглядах на процессы формирования земной коры 28
- О теоретической основе выбора места заложения шахты по методу П.К. Соболевского 26
- О характерных углах между системами трещин 67
- Об устойчивой форме свода выработок 110
- Общий план деформации земной коры 12
- Основная черта механизма тектоники Акбастау-Кусмурунского рудного поля 111
- Основной элемент анализа структуры рудного поля – естественный блок 143
- Основы геомеханики скально-трещиноватых пород 166
- Основы горной геомеханики 112
- Основы новой методики изучения структуры рудных полей 5

- Полезные ископаемые Казахстана 21
- Прикладная геометрия и аль-Фараби 154
- Прогнозирование направлений смежных сопряженных плоскостей в массиве горных пород 131
- Развитие геометрии недр в Казахстане 96
- Разработка защитных пластов – один из перспективных методов борьбы с внезапными выбросами угля и газа в Карагандинском угольном бассейне 144
- Расчет линии скольжения в массиве горных пород на основе их паспортов прочности 155
- Роль структуры массива при определении устойчивых форм свода выработок 44
- Структура района горы Чертыбай 15
- Структура рудного поля и метод ее изучения 16
- Структура Текелийского рудного поля 17
- Структура Тургайского рудного поля 4
- Теоретическое и практическое определение коэффициентов поперечной деформации бокового давления и трения горных пород 35
- Теория прочности горных пород 45
- Терминологический русско-казахский словарь 22
- Трещинная тектоника как один из основных элементов структурных горных пород 74
- Устойчивость уступов и бортов карьеров бассейна Каратау 160
- Учет влияния структуры массива при расчета целиков 46
- Фараби 87
- Фараби и воспитание молодежи 121
- Элемент прикладной геометрии в трудах ученых Средней Азии и Казахстана 146
- Элементарные частицы структурных форм 18
- Элементы прикладной геометрии в трудах ученых Средней Азии и Казахстана 132
- Эллипсоид деформаций для элементарного структурного блока горных пород 68
- Über Gesetzmäßigkeiten der Entwicklung von Spaltensystemen in Felsgesteinen 83

**БІРЛЕСІП ЖАЗҒАН АВТОРЛАР КӨРСЕТКІШІ
ИМЕННОЙ УКАЗАТЕЛЬ СОАВТОРОВ**

- | | |
|--|---|
| Айташев Г.А. 43 | Көкімбаев Ж. Е. 152 |
| Айтқалиев Т.К. 79 | Көбесов А. 101 |
| Ақышев Т.А. 189 | Құрманқожаев А. К. 152 |
| Андабасов Р.А. 147, 155 | |
| Антонов В.А. 118 | Левин П.И. 79 |
| Әбдіраман Ш. 185 | Макетов К.М. 80, 82, 129-131 |
| Әбдірахманов А. 49 | Мархабаев А-Х. 114 |
| Базарбаев С.А. 94, 104, 111 | Махмутов А.Т. 120 |
| Байқоңыров О.К. 129 | Машанов А. А. 166 |
| Баязитов Н. К. 152 | Машанова Ж. 149 |
| Бәкіров С.Б. 156 | Мелехов К.А. 79 |
| Бекбасаров Ш.С. 128, 160 | Мусин А.Ш. 43 |
| Долгов П. В. 144 | Нұрлыбаев М. А. 147 |
| Есмұханов Ж.М. 132, 151, 154 | Нұрпейісова М.Б. 128 |
| Естаев М.Б. 82, 117, 118 | Орманова Ж.Г. 94, 103 |
| Жақанов Ш. 104 | Орынбаев Б.О. 117, 127, 140, 143 |
| Жарқымбаев Б.М. 82 | Певзнер М.Е. 160 |
| Жәутіков О. 101 | Сәбденбеков О. 105, 111, 120, 137, 139,
147, 155 |
| Жұмаділдинов Б.И. 79, 80 | Сәбденбеков О. 100 |
| Қабдолов З. 192 | Сүлейменов О. А. 137, 139 |
| Қажығалиева С.К. 131, 140, 143, 151,
154, 165 | Сыдықов Ж. 49 |
| Қалымбетов 94 | Токмурзин О. Т. 131, 140, 143 |
| Қалмұратов Е.Б. 118 | Төлеубаев Т.Б. 183 |
| Келімбетов Н. 192 | |

МАЗМҰНЫ

Құрметті оқырман.....	3
А. әл-Машанидің ғұмырнамалық қысқаша деректері.....	4
Ш.Абдраман. Баба ғибратының шапағаты.....	5
I-БӨЛІМ	
<i>Атаның ақ жолы</i>	
Д.Сүлеев, Ш. Абдраман. <i>Ортаның өркен өсірер өркештері</i>	15
Тоты-Машан туралы.....	20
Дағдырдың таймас тағасы.....	26
Ұлы бабаға барар жолда.....	31
Әл-Фараби – Абай көпірі	35
Уақыттан оздырған дағдыр	38
II-БӨЛІМ	
<i>Әл-Фарабиді танытудағы А. әл-Машанидің таңдамалы еңбектері</i>	
Адами және ғалыми парыз.....	45
Қазақ ССР ҒА президенті академик Қ.Сәтбаевқа.....	56
Әл-Фараби еңбектері туралы.....	57
Әбу Насыр әл-Фараби еңбегі алғаш қазақ тілінде.....	59
Жаңа жыл түніндегі түс.....	66
Фараби санаты	69
Айдостың Ирем бағы.....	77
"Әл-Фараби" деректі романынан үзінді.....	82
Фарабитанудағы оқушының ұстанар бағыты.....	105
Мүшел есебінің тарихи-астрономиялық дәйектері.....	136
Әл-Фараби мен Абай	142
Батыр – ғұлама.....	149
Тұран аспаны	156
Табиғат матбуғат.....	167
Әл-Фараби және ислам.....	176
Әл-Фарабидің нұрнамасы.....	180
Қазығұрттың басында кеме қалған.....	185
III-БӨЛІМ	
<i>Ақжан әл-Машани туралы</i>	
Р. Бердібаев. Фарабитану осылай басталып еді.....	194
М. Қалдыбай. Нағыз ғалым мінезі.....	215
Ө. Құлатайұлы. Мұндай тұзды дүкеннен де алар едім.....	218
Ақжан аға мен Ақатай немесе намазға жығылған прокурордың сыры.....	220
Т. Қарамендітегі. Тақиялы ұстаз бен тақиялы шәкірт.....	221

А. Әрінов. Тұлпардың тұяғы.....	225
Ж. Сахиев. Алпанның ақ жолымен.....	230
А. Ақынов, Б. Мұстапа. Абыз ата Ақжан.....	239
Ш. Абдраман. әл-Мисақ (хикаят).....	250
Д. Кішібеков. Патриот ғалым.....	294
Б. Нәсінов. Ақжан әл-Машанидің Абыралыдағы "ұмытылған" үш жыл ғұмырынан дерек.....	297
К. Панзабеков. "Қорғаушым менің... сақтаушым менің.....	301
С. Зиманов. әл-Фарабиді қазақ жеріне қайта әкелген ғалым	303
Көмекші көрсеткіштер	
Ғалымның өмірі, қызмет кезеңдері және ғылыми атақтары мен марапаттары.....	308
Ақжан әл-Машанидің өмірі мен қызметі жәйлі әдебиеттер.....	310
Ақжан әл-Машани еңбектерінің хронологиялық көрсеткіштері.....	315
Переведенные и отредактированные работы А.Ж. Машанова.....	328
Отчеты по научно-исследовательской работе.....	328
Диссертации на соискание ученой степени кандидата технических наук, выполненные под научным руководством А.Ж. Машанова.....	330
Еңбектерінің әліпбилік көрсеткіші.....	331
Бірлесіп жазған авторлар көрсеткіші.....	337

**Фараби ғибратты ғалым
Фарабитанушы ғалым А.Ж. әл-Машаниге арналады**

"Ұлы тұлғалар" ғылыми-ғұмырнамалық сериясы

Қолжазба Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті жанында құрылған "Әл-Машани мен Шығыс ғұламаларының ғылыми-техникалық және руханияттық құндылықтары" оқу-әдістемелік және тәрбиетанымдық Орталықта даярланды.

Корректорлар:

Г. Садықова, Д. Маңғатаева.

Техникалық редактор және дизайнер:

Қ.Е. Қаймақбаева, А. Қастеева

Басылуға 03.09.09 ж. қол қойылды.

Көлемі 21.25 б.т.

Пішімі 60 x 84/16

Таралымы 200 дана.